

ЖАРЫЛҚАП
БЕЙСЕНБАЙҰЛЫ

ШЫҒАРМАЛАРЫ

I ТОМ



ЖАРЫЛҚАП БЕЙСЕНБАЙҰЛЫ

ШЫҒАРМАЛАРЫ

БІРІНШІ ТОМ

Эсселер,
сыпаттамалар,
жолжазбалар

Астана: «Өрнек» баспасы – 2022

*** БУЫРҚАНҒАН БОЯУЛАР**

*** ӘДЕП ӘЛЕМІ**

*** ЖОЛЖАЗБАЛАР**

ӘОЖ 821.512.122
КБЖ 84Қаз-44
Б 38

БЕЙСЕНБАЙҰЛЫ Ж.
Б 38 Шығармалары /Жарылқап Бейсенбайұлы. –
Астана: «Өрнек», 2022. – 408 бет+32 бет түрлі-түсті сурет.

ISBN 978-601-7379-54-4

1 том. Эсселер, сыпаттамалар, жолжазбалар. 2022. – 440 б.

Белгілі жазушы, журналшы, зерттеуші Жарылқап Бейсенбайұлының шығармалар жинағының бұл томына әлемдік бейнелеу өнері тарихындағы Жаңаша дәуірдің ұлы шеберлері мен қазақтың саңлақ суретшілері жайындағы эсселері, ұлтымыздың озық әдеп дәстүрлері мен халықаралық этикет ережелеріне қатысты сыпаттамалары, баба жұрттар ізімен шет елдерге барған жолсапар жазбалары автор тарапынан қайта өңделіп, толықтырылып еніп отыр.

ӘОЖ 821.512.122
КБЖ 84Қаз-44

ISBN 978-601-7379-54-4 (Т. 1)

Бейсенбайұлы Ж, 2022

ЖАРЫЛҚАПТЫҢ ЖОЛЫ

(Алғы сөз орнына)

Бүгінгі таңда қолыма алғаш қалам ұстап, көңілімнің көгіне мөлт етіп үйірілген ойларымды балғын жыр тамшыларына ұластырып, ақ қағаз бетіне түсіргеніме жарты ғасырдан асып кетіпті. Ол шынайы өлең болып мөлдіреп туды ма, жас жүректің алғаусыз да пәк сырларын қалтқысыз жеткізе алды ма, жоқ па, бұл – басқа мәселе. Біраз жыл өлең өрдім. Одан беріде ақиық ақын бола алмасымды мойындап, бұрын да ат ізін салған әдеби-көркем сын ауылына біржолата ауыстық. Аудандық газетте талапкер болып, тұсау кесіп, журналист атандық. Қалыптаса келе көсемсөзшілік қыр, әдеби-көркем сыншылық сыр адамдық-азаматтық басты болмыс-бітімімізге айналып, туған еліміз өмірінің, қазақ сөз өнерінің белгілі де белді бір сарбазы болып қанат қақтық десек, ақиқаттан алшақ қона қоймаспыз. Сол елмен етене, мәдениетпен егіз тер төгумен, жұртшылықпен шер бөлумен өткен ғұмыр жолымызда ашқан негізгі жаңалығымыз, білген-ұққан қастерлі шындығымыз немене дейтін болсақ, ол – дені дұрыс әрбір адам баласына, әрлі әдебиет пен нағыз өнер саласына әрқашан жетпейтіні, ең керегі – шынайы шындық пен кәдімгі, қарапайым әділеттілік екені. Тіпті, күнделікті өмірдегі адамдардың, абзал азаматтардың, журналист пен ақынның, балалар суретшісі мен сарабал сыншының, актер мен сазгердің жұрт мойындарлық сұры мен қатарластарынан оздырар құны да – халықтық шындықты айтуында, жеткілікті айта білуінде және әділеттілікті қорғап, орнықтыра білуінде екен. Өмірдің көгеріп өсуінің, өнердің өркенді өрлеуінің қияға бастырмас, қиянатқа астырмас өрелі өлшемі де осы.

Айтпақшы, бұл – ақиқаттан аттамау, билік пен бұқараға да ортақ шындықты табанға таптамау, қолдан келгенше қара қылды қақ жаратын әділеттілік, дүмді ірілер мен қатардағы тірілер түгіл, өлілерге де керек. Кеше ғана өмірден өткен емес, бағзы замандарда, қадым ғасырларда тіршіліктен кеткен өлілерге де! Өте керек. Мұның себебі, «Өлі арыстаннан тірі тышқан артық» деген мақал-таразы табиғатқа лайықты-ақ шығар; жаратушы Алла тағалаға да артықтық етпес бәлкім. Ал, кешегісіз бүгіні жоқ, өткенін біліп, болашағын да ойлайтын саналы адам баласы үшін еш жарамайды. Жарамайтыны – тамырсыз ағаш биыл қалай өсіп-өне алмаса, нақ сол сияқты тарихсыз да халық, ұлт құл болып қалары, басы салбырап, бодандыққа ғана барары анық; ал, келешексіз – отау тігіп үйленіп, бала сүйіп, көбейіп жетілмесі,

ағайынды-құдандалы ата-әулет – байтақ Бәйтерек болып бой түземесі ешқандай дәлел тілемесе керек.

Біз, сондықтан да, Адам Ата – Хауа Анадан өрбігенімізді еске алып, Атилла бабамызбен, Абай данамызбен мақтанбаймыз ба? Шопан Ата шарапатымен қой өсіріп, құйрық асап, Диқан Ата үлгісімен дән егіп, нан жеп жүргенімізді ұмытпаймыз. Алайда, алға зулаған уақыт өтіп, алуан замандар, аласапыран дәуірлер алмасқанда, бізге төрткүл дүниені төбеміз көк тіреп, билеп қана қоймай, аяққа басылып, балшықша иленгенімізді, сонау Шығыс пен Батыс арасындағы атамекен жер үшін, алып Алтынорда, Алашорда атты Ел үшін жаумен алысқанымызды, талай мәрте жеңіліп, ақырында жеңіп отырғанымызды да жадтан шығармау қажет. Өкінішке қарай, «ет пен сүйектен жаралған» адам емеспіз бе, оның ішінде (нешетүрлі озық қырларын, ордалы сырларын бұл жерде тізіп жату қажетсіз болғандықтан) ардалығынан, ақылдылығынан гөрі, ақжүрек адалдығы, аңғалдығы басым қазақ емеспіз бе, сондықтан да, ұзын тарих жүзінде қырағылықтан гөрі, қапы, қалт кетуіміз, айлалылықтан гөрі алдануымыз көп ретте-ақ басым түсіп жатыпты. Әйтпесе, қазіргі Қытай жеріндегі Сарыөзеннен сырт қалып, Ордостан ауып, қыран Орал тауы, ұлан Сібірден айрылып қалуымызды басқаша қалай түсіндірмекпіз? Әрине, бұл жерде біз жеке қазақ емес, баба түрк жұрттарын мысалға алып отырғанымыз түсінікті.

Сонымен, бір сәт нақты тарихқа жүгінелікші. Ұлы Мөде қаған кезінде қалың Қытай біздің бабаларымыздан артық па еді, әскери күшті ме еді? Ұлы Қытай қорғанын көшпелі ғұндардан қорғану үшін салдырған жоқ па? Үздік Ұрым империясын құлатқан Ер Еділді (Атилланы), төрткүл әлемді тізе бүктірген Шыңғыс қағанды айтпай-ақ қоялықшы. Ақ Орда ханы Тоқтамыс пен әйгілі Әмір Темір бір-бірін жойып-құртпаса, ойдағы орыс Қазан хандығын қанға бөктіріп, ханым Сүйінбикені өлтіре алар ма еді? Өзіміз аңғалдық көрсетпесек, Қырым хандығынан екі рет тырағайлап қашқан Бірінші Петр патша есін жия алар ма еді?! Басқасының бәрін жиып қойғанда, тарихи «Орақ батыр» жырындағы Қарабатырдың:

*Түрікмен мен гүржіні,
Терек бойлы естекті
Мұнарасы биік Мәскеуді,
Аузы түкті орысты,
Басы шоқты қалмақты,
Шүлдірлеген шүршітті
Ауызыма қараттым,
Кәпір болса, оқ аттым,
Мұсылман болса, жан тарттым,*

– дейтіні бекер емес қой.

Міне, бізге осындай тарихи шындықтарды білу, бойға сіңіру жетпей жатыр? Біріншіден, бұларды жаппай жақсы білуіміз керек. Екіншіден, осындай шындықтарды білу арқылы тарихи тұрғыдан Еуропаөктемшілердің арамзалығын, саяси алаяқтығын, орыс отаршылдарының жүзі шімірікпей, жүз жылдар бойғы айтқан өтіріктерін жоққа шығару шарт. Бізге шындыққа қоса, әсіресе, әділеттілік жетіспейтін себеп те осы. Үшіншіден, біз мұндай факті, оқиға деректерден тиісінше тағылым ала білуіміз абзал. Нақ осылай ету арқылы тарихымызды түгелдеп, тағдырымызды таразылап, өзіміздің мына өмірде кім, қандай ұлт екенімізді айқындап алсақ, өзгелерге де осындай шындықты мойындату арқылы жадымызды толықтырып қана қоймай, әлсіреген рухымызды сілкіктіп, бастан кешіп жатқан бүгінгі күн бедеріндегі төл Толық орнымызды иеленеміз.

Бұл үшін бірінші кезектегі баршамыз – жекелеген ұл мен қызымыз қам жеп қана қоймай, жетідегі баладан жетпістегі дараға дейін күллі Ұлт, керек десеңіз, күллі қазақстандықтар болып атқарар ұланғайыр ұлы Міндет – бүгініміз белгілі, бастан өткеріп жатырмыз; болашағымызды мүсіндеуге біраздан бері мұқият кірістік, алдағы уақытта еңселендіріп, нұрландыра түсерміз – оқулығы жұп-жұқа, олқылығы зор, ақтаңдақтары мол өткенімізді жедел түгелдеуге, түбегейлі танып-тауып, Толыққанды Тарих етіп түзіп, қалпына келтіруге тиіспіз.

1

Жә, жеке мемлекет, Қазақ Елі атты бай да барқадарлы ел болғандықтан, мәдени-рухани тұрғыдан алғанда, жалпақ жамиғат болып жұмылар бір абыройлы, ұланғайыр да ұлы міндет алдымызға қойылып отыр екен, енді, оны қалай орындаймыз? Жоғарыда өз басымыз оны атқаруға күллі ұлт, барлық қазақстандықтар болып кірісейік деп ұрандатқанымызбен, тікелей тарихты жазу, бұл міндетті нақты жүзеге асыру кез-келгеннің қолынан келмейді. Не жасыратыны бар, бұл ретте арнайы жоғары білімді мамандарың да көп нәрсе істей алмайды. Өйткені, бұл жердегі шешуші фактор – талант, тек тарихшылық қана емес, қаламгерлікке ұласқан қуатты тарихшылық талант. Сонда, бейтарап қалмайтын, жан салып көмектесер өзге көптің қолынан келері не? Әрине, ел ішінен дерек іздеу, тапқандарын ортаға салу, әртүрлі архив ақтару, шетелдерге шығып, тиісті, қажетті бұлақкөздерге қатысты мәлімет-мағлұматтарды табуға жәрдемдесу.

Ал біздің Кейіпкеріміздің әуелі жампоз журналист ретінде жалпақ жұртқа танылғаны мәлім. Ол кезде елімізде газет-журналдың аздығы да оңды әсер ететін шығар; алайда, жастар газеті «Лениншіл жастың» (бүгінгі «Жас Алаш») таралымы алғаш

200-300 мыңды еркін бағындырып, көп ұзамай, жарты миллионға жетеғабыл болғаны-ақ көп нәрсені байқатса керек. Мұндай шын мәнінде халықтық басылымның жетекші жұрналшысы түгілі, жай қызметкері болудың өзі абырой екенін ескерсек, Жарылқаптың әдеп тақырыбы саласындағы әрбір мақаласы дерлік оқырманды баурап, жұрт жүрегін жаулап, өнертануды өрелі қаузаған, «Тал түсте атылған тапанша», «Парижді дүрліктірген жалғыз алма» тәрізді мақалалары бір кездегі Франция астанасы сияқты Алматыны да бір сілкіндіріп, дүрліктіріп жатты...

Мақұл, тапаншаны қоя тұрайық, сонда Парижде өсе тұра, астанамыз Алматыны дүрліктірген қандай алма? Жарылқаптың жазғанына сүйенсек, 1861 жылы Парижге провинциядан жеткен жас жігіт Поль Сезанн осы атақты шаһарда ондаған жыл бойы тұрып, өзінің тамаша туындыларының бірінен соң бірін сала бастайды. Бірақ, оны кіді, кірпияз Париж сол кезде танып, түсіне қоймайды. Тіпті, өмірден өткенге шейін ол өзін суретші ретінде мойындатуға зар болады. Бәрібір, өзінің өзгеше талантты екеніне құдайдай сенген Поль Сезанн: *«Парижді жалғыз алмамен дүрліктіргім келеді»*, – деп жазады. Ақырында солай болады да. Ал, біз – алаш жұрты мұндай ұлы суретшіні Жарылқап жазуы арқылы алғаш білдік десек, асыра айтпаспыз, асылы. Ал, танысыңыз. «...Сезанн алмасы. Әдетте қайсыбір суретшілер туындыларындағы алманы көргенде: «Шіркін, мына алма дәмді шығар», – деп тамсануға бейім тұратынымыз бар. Ал, Сезанн салған алма туралы: «Мынау не деген құдірет!», – деп тәнті қалуға ыңғай бересіз. Оның алмаларының өн бойында санаға әсер етер мол танымдық қуаттар бар...». Міне, осы танымдық, тағылымдық қуаттар әлемдегі алманың отаны, айрықша апортымен атақты Алматыны бас идіріп, көрген «оқыған» адамдарды дүр сілкінтіп еді десек, біз тек сол уақыттың бір шындығын ғана жеткіземіз.

Жалпы, сол жылдардағы журналист-жазушы Жарылқап Бейсенбайұлының жақсы бір ерекшелігі – күнделікті күйбең тірлік көлеңкесінде қалып, бұйырғанын жаза бермей, бір нұрлы мақсат соңына түсіп, таңдаған тақырыбын жан-жақты да жүйелі игеріп, жемісті нәтижемен бітіруі. Мұның бір игі көрінісі – бейнелеу өнерінің сұлу шежіресі *«Буырқанған бояулар»* («Өнер» баспасы, 1981 жыл) атты кітабы болса, екінші бір жемісі – *«Әдеп әлемі»* («Жалын» баспасы, 1982 жыл) кітабы. Осы кітаптар танымал журналист Жарылқапты оқырман қауымға, зиялы ауылға бұрынғыдан да қатты әйгілеп қана қоймай, авторын журналистика саласы бойынша Қазақстан Жастар одағы сыйлығының мәртебелі иегері де етті. Оның осындай озық та жаңашылдық қасиеті үшінші бір іргелі ізденіспен қатар жүріп, бір-біріне сабақтаса жалғасып, тереңдете толықтырған, қазақтың ғылым аспанында шоқ жұлдыздай жарқыраған ұлы ғалымы

Ш.Уәлиханов тұлғасын тануымызды молықтырған, ерекше еңбектері: «*Шоқан ізімен*» («Жалын» баспасы, 1977 жыл) және «*Жасын-тағдыр жарқылы*» («Жалын» баспасы, 1987 жыл) жарық көрді.

Бұл еңбектердің дүниеге келуінің өзі қызық қана емес, өзгеше. Ол – атап айтқанда, 1975 жылы жастар газетінің тілшісі ретінде өзіне дейінгі 119 жыл бұрын болған, яғни, ұлы ғалым бабасы 1856 жылы жасаған «Ыстықкөл сапарының күнделігі» ізін қайталай жүріп өткендігі еді. Әрине, мұнда автордың өзі айтқандай: «Бәрі жастар газетінің журналшыға мол мүмкіндіктер ұсынатын өзіндік ерекшелігі мен сол кездерде оны басқарып отырған аса көрнекті редактор Сейдахмет Бердіқұлұлының әр жаңа ізденіске сергек қарайтын санаткерлігінен туындаған сәттілік» қана емес, жалындаған журналист Жарылқап Бейсенбайұлы көңілінің зерделі ояулығы, Шоқан сапарының бағыты бойынша жолсапар бағдарын сызып ұсынған ізденгіш тапқырлығы да жатыр. Бұған оның бірнеше ай бедерінде оны үш бөлек іссапар етіп, бірде көлікпен, бірде жаяу-жалпы Қазақстан мен Қырғызстан жерін талмай, шалдықпай аралаған сапарын қосыңыз. Сондықтан да, бұл ұзын із – ұлағатты іс – қазақ журналистикасы тарихындағы жаңалықты, жемісті сапар болып қана қалмай, дарынды деректі прозашы Жарылқап Бейсенбайұлының да өмір-өнердегі өз соқпағын, жарқын жолын бастап берген еді...

Содан кейін қызмет бабымен Ақмола – қазіргі Астанаға ауысуына және бір айрықша тарихи тақырыпты қаузауына байланысты, біраз уақыт осы жұлгеден ажырағанмен, ол ешуақытта ұлы Шоқаннан қол үзген емес. Шоқан – әрқашан көңілі төрінде. Қашан да Шоқан туралы, оның ортасы, айналасы, барған ел-көрген жерлері, заманы мен амалы туралы үнемі дерек, материал жинай жүрді. Байқап қараса, 30 жыл бойы. Орыстың ұлы жазушысы Федор Михайлович Достоевский Шоқанға қалай қайран қалып, дос болса, тіпті, өмірінің соңына дейін ғашық болып өтсе, Жарылқап та ұлы Шоқаннан бір сәт суынған, қашықтаған емес. Оның өмірдегі өзі қалап алған қос тақырыбының біріне айналып, жан тынысы – жалынды махаббаты болып, бүгін де жанып тұр десек жаңылыспаспыз. Сол себепті, ол Шоқанға 2006 жылы және бір оралып, екі-үш жылғы қалам тербеуі нәтижесінде жаңа «*Шоқан*» атты ғұмырнамалық деректі хикаят – көлемі 40 баспатабаққа жетіп жығылатын шоң кітап («Қазақстан» баспасы, 2009 жыл) жазып бітіріп, жариялады.

Енді, бұл жаңа эсселік-естелік кітаптың өзіндік ерекшеліктері, өзіне дейінгі Шоқантануды бастандырып, кеңейтіп қалыптастырған түрлі еңбектерден, 1983 жылы Мәскеудің әйгілі «Тамаша адамдар өмірі» (ЖЗЛ) сериясымен жарық көрген Ирина Стрелкованың «Уәлиханов» атты кітабынан

артықшылығы неде?

Ең бастысы – бұл кітап ұлы ғалым өміріндегі көптеген жаңа, тың деректерді тауып қамтуымен, ал, кейбіреулерін тұңғыш жеткізуімен қалыңдап қана қоймай, шабыттан туған көркемдік ділімен, жеңіл де жатық тілімен мойын оздырумен шектелмей, Тәуелсіздік талап-тынысына сай жазылуында. Сондықтан да, Жарылқап Бейсенбайұлының бұл кітабы өмірден құйрықты жұлдыздай жарқырап ағып өткенмен, айрықша талантты, бірнеше тіл білген, туған халқын шын перзенттік парызбен өлердей сүйген, қысқа ғұмырында таң қаларлықтай білімдік-ілімдік еңбектер бітірген, Адамзат Алыптарының қатарына қосылып үлгерген жан-жақты ғұлама ғалым, сол арқылы асыл Адам, абзал Азамат туралы толайым жаңа сөз ғана емес, сара сөз, Шоқантанудағы жаңа жарқын бет, биік белес деуге де болады.

Айтпақшы, біз жоғарыда алшын Нұрымбай ақын жырлаған тарихи «Орақ батыр» жырынан мысалға келтірген Қарабатырдың сөзі де Жарылқаптың осы «Шоқан» атты кітабынан алынып отыр. Сонымен, Жарылқап жүздестірген бұл Шоқан – қандай Шоқан? Біз бұрынғыдан гөрі кімдерді, нені біле түстік? Тікелей Жарылқап ашып, анықтаған қандай тарихи дерек, оқиға, халыққа керектер бар?

Мұның біріншісі – әрине, Шоқанның туған жерінің мектеп оқулығында бұрын айтылып жүргендей Құсмұрын бекінісі емес, бүгінгі Қостанай облысы, Сарыкөл ауданы аумағындағы Күнтимес ауылы екені анықталуы. Жарылқап, алғаш осылай екенін тапқанмен, ол көпке дейін даулы болып мойындалмағанын білеміз. Әрине, жаңа дерек дәлелденуі керек болса, Жарылқап бірнеше рет айғақтап, мұны тиянақтай білді. Біздің күні кеше дерлік, яғни, 19 ғасырда өткен жарық жұлдызымыздың туған жерін анық білмей, «адасып» жүруіміз – бәлкім бодандықта күн кешуімізден де шығар, бірақ, бұл зиялыларымыздың қамсыздығын аңғартып қана қоймай, ұлт-халық ретіндегі әлі қалыптаспаған қаперсіздігімізді: бейқамдығымызды, тарихтайталас, тіршілік айқастағы бәсеке-күреске дайын еместігімізді байқатса керек.

Кешегі кеңес заманы – жиырмамыншы ғасыр келмеске кетті, егемендік алдық, бас еркіміз өзімізде; нақ бүгін өткен тарихтағы, бүгінгі адамзат қоғамындағы, келешек замандағы төл тиісті орнымызды алуға әзірміз бе?! Шоқанымызды жақсы білмесек, ұлы перзентіміздің жолымен жүрмесек, рухымыз көтеріліп, осалдардың өзінен озып, алдыңғы лекте болуымыз қиын-ау.

Шың Шоқан Шыңғысұлы тұлғасы: ғасырынан озып туған танымы мен нақ бүгінгі күнге аса дару тағылымы не дейді?! Бұл тұрғыдағы бірінші ұғарымыз – тектілігі. Бабасы – атақты Абылай хан. Әкесі – өз уақытының озық, білімді, көшбасшы қазағы Шыңғыс, үлгісі зерек те білімді, орыс билеушілерімен тең

сөйлесіп, хат-хабар алысқан әже Айғаным тәрбиесі. Бұған өз басының айрықша таланттылығы, берік болмыс-бітімі, бекем мінез-құлқы қосылған соң, ол ШОҚАН болып қалыптасты. Жиырма жасында Ыстықкөл сапарына барып келуі, өз дәуіріндегі өте қиын да құпия Қашқар сапарына бірден-бір лайықты тұлға саналып, осы сапарды мүлтіксіз атқарып келуі – ер-азамат ретіндегі ерлік, ғылыми барлаушы ретіндегі батылдықы-біліктілік қана емес, Еуропа жұртын да таңғалдырған төтенше құбылыс еді.

Жалпы, тарихта жеке адам – кемеңгер болса, халыққа жетекшілік қабілет-қарымы зор болса, аса зор рөл атқарады. Ақиқаты: тарихты жасайтын жеке адамдар: көсемдер мен кемеңгерлер, алып ақындар мен ғұлама ғалымдар десек, қателесе қоймаспыз. Айталық, Шоқанның бабасы – Абылай. Тарихтағы Алтын Орданың жалғасы, мұрагері және ұқсасы Қазақ хандығы болса, Хақназардан кейінгі хандар сол қағанатты құлатып алмаса да, қожыратты; Тізгін Абылайға тигенде, сол хандықтың берекесі кетіп, жер бетінен жоғалудың алдында еді. Абылайдың ең басты еңбегі – қазақты аман сақтап қана қоймай, құдіретті қазақ хандығын қалпына келтіруі. Сорымызға қарай, одан кейінгі билеушілер де Абылайдай хан бола алмады, биік ақыл-парасат тұғырына қона алмады. Ашығын айтқанда, аралықтағы ұсақ, асып кетсе жүз, ру деңгейіндегі хандар екінші бір ұлы тұлға, заманынан кеш, бәлкім ерте туған қаһарман Кенесарыны қор етті. Ол да Абылайдай алып Ер еді, алайда, алауыз елі, нөкері әлсіреген оның соңына тастүйін бірігіп, тұтас ере алмады. Екіншіден, оны жеңген – тіпті де, қорқау, адам пішінді, хайуан бітімді орыс әскерлері, Сотниковтер емес, от мылтық, зеңбірек. Үшіншіден, ол бауыр еті халқын отырықшыландырып, білімдендіріп, мәдениетке келтіруіне, заманауи қорғана білуіне басқыншы Ресей ешбір мүмкіндік бермеді. Сондықтан да, оған көкжалдай арпалысып, азаттыққа – серт, бас-басына би рубасылар, бауырлас қырғыз манаптары опасыздығынан мерт болмаудан басқа жол қалмаған-ды.

Шоқан осы асыл бабаларынан лайық туған, ата жолын қуған, жаңа заманның білім-ғылым саласындағы Абылайы іспеттес тұлға еді. Оның заманында Абылай хан әлдеқашан өтіп кеткенмен, көкіректерде бұғып жатқан арман тұлға ғана емес, арқатірек аруақ рух-тын. Абылай өмірден өткенде, оған арналған ең атақты жоқтауды Бұқар жырау Қалқаманұлы шығарса, сол жоқтауды 20 жасында тұңғыш рет қағазға түсірген Шоқан Уәлиханов болды.

...Жер бетінде адам баласының жаралғанына 150 мың жыл толған екен. Және олар – негізінен, бір Адам Ата мен Хауа

ананың ұрпақтары. Біздің тұңғыш кіндік кескен атамекеніміз, өсіп-өніп көбейген соң, жан-жаққа таралған жеріміз – аса мол күншуақты Африка құрлығы, атап айтқанда, қазіргі Кения мемлекетінің аумағы екен. Айтпақшы, қаламгерлік қалыбыма салып, бүгінгі бітім-болмысты адам бұдан 150 жыл бұрын жаралды деп отырған – мен, әйтпесе, ғалымдар «ежелгі адамдар сорабын жалғаған қазіргі тұрпаттағы адам қалыптасты», дейді.

Мәселен, мен келтіріп отырған бұл сөздер ғалым-қаламгер Жарылқап Бейсенбайұлының *«Ұлы даланың ежелгі тарихының этномәдени төркіндері»* («Қазақпарат» баспасы, Алматы, 2017 ж.) атты зерттеу кітабынан алынып отыр. Ал, енді әуелде бір атамекенде тусақ, бір Адам Атадан тарасақ, адамның бүгінгі тандағы мыңдаған тілдерінің түбі де бір Ататіл екендігі де өзінен-өзі нобайланбай ма?! Екінші ұлық та, ұлы жаңалық – түрк халықтарының да батыс еуропалықтар мен орыстар айтып жүргендей, күні кеше ғана жаралған жас, жабайы халық емес, ең ежелгі қауымдардың бірі екені анықталып, олардың бұдан ең кемі 40-50 мың жыл бұрын жер басып жүргенінің ғылыми айғақталуы. Бұған дейін негізсіз алдап, бізді осылай болған, болуға тиіс деп басынып, төрткүл әлем халықтарының басын қатырып келген еуропаөктемшіл (еуропацентристік) ғалымдардың байлам-қағидалары бәтуасыз, былжырақ сөз болып шықты.

Мақаламыздың екінші бөлімінде осынау екі ұлы жаңалық, жойқын ашылымдарды хабарлаумен шектелейік. Өйткені, айтқан соң, алға тартқан соң, бұларды дәлелдеу керек қой. Көріп отырсыз, бұлар – шынында да, тарихта ғана емес, бүгінгі күнгі жалпы Адамтану ғылымында зор төңкеріс жасаған ашылым-жаңалықтар. Тіпті, адам баласы жаралғалы бері танылып-табылып, айтылып-мойындалып келе жатқан қоғамдық-әлеуметтік, биологиялық-саналық (гуманитарлық-табиғаттық) ілім-білімдердің осыған дейінгі жеткен жетістіктері мен тапқан-таянғандары, өрге басқан ғасырлары мен алған белес-асулары бір Мұхит болып түйілді, алып Асқартау болып үйілді десек, тап мына зор ашылым, жойқын жаңалықтар – сол Мұхитты, Асқартауды толайым-тұтас қайта байқап, тағынан тайдыра шайқап сілкіп-сілкіп қана қоймай, бейнелей байыптасақ, оларды ең кемі екі мың жылғы құла ағыстардан, теріс «табыс» – тұла ағыстардан жуып-қуып тазартар, адамның аяғын – Бас, басын – Аяқ етіп білдірген арамдық-надандықтардан көздегі шелді ашып, көңілге сәуле шашып таза айықтырар шын табиғи, шынайы тарихи өре-өлшем және анық білімі-ғылыми ұсталықтар мен ұстанымдар болып табылмай ма?!

Осы екі жойқын жаңалық, адам ғылымы мен санасындағы түбегейлі жаңа Төңкерістің басы тақылеттес ашылымның аттарын айтқан соң, заттарын да шамалы дәлелдеу керек қой.

Мен – байқалып отырғандай, тек қуана хабарлаушымын, сондықтан, бұларды тікелей өз басы археолог, тілші, химик, генетик болып зерттеп тауып-ашпағанмен, ондаған жылдар бойы сонау ежелгі дәуірлер, өте көне тарихи кезеңдер түкпір-қойнауларынан күні кешегі күндерге дейін ұлан сапар шегіп, бағзы замандардағы «баспаналар» мен тас құралдарды көзімен көріп, көңіл жанарымен керек тас, сүйек, қола, мыс, темір, күміс, алтын түйіршіктерін жинап, бұлардың «айтқандарын» тарихшы-қаламгер болып құрастырып, арғы түркілердің он мыңдаған жылдарға созылған көші-қоны сорабы сезілген Ордос – Орталық Азия – Сібір – Аляска жолының тін-деректерін қазіргі ДНҚ молекулаларының діл-керектеріне ұластырып, тіл бітіргенде – Адамзатты айтпай-ақ қояйық, бұдан 2, 3, 5 мың, бұрынғы сақ, ғұн, үйсін, қаңлы, қыпшақ, қазақтардың жүзі жылыұшырап, 20, 30, 40 мың жыл бұрынғы ағайын астектердің «балалары» мен 50, 70 мың жыл бұрынғы арғытүркілердің бабалары амандасса, қадірлі оқырман, Жарылқап Бейсенбайұлына бұдан артық не дейсіз. Сонда да, «мыңның атын білгенше, бірдің затын таныған» жөн дегенге бақсақ, бірер мысалдарға жүгінуіміз, жүдә жарасары даусыз.

Міне, бірінші мысал: «...Аляска бетке 30-40 мың жылдай бұрын алғаш қадам басқан адамдардың тікелей ұрпақтары ретінде саналып, бүгіндері Орталық және Оңтүстік Американы жайлайтын майя, астек, кечуа және т. б. халықтардың сөздік қорларында түрк тіліне жақын мысалдардың кездесетініне қоса, енді генетикалық туыстықтың табылуы олардың түп-тек төркінінің тарихы тым әріге, азиялық атамекендерде ғұмыр кешкен замандарға ұласатынын көрсеткен еді. Бұл ретте молекулалық генетика ғылымының кейінгі жылдардағы тағы бір ірі жетістігі ретінде алғашқы есті адамдардың (гомо сапиенстердің) пайда болған жалғыз кіндік мекені – күн нұрына малынған Африка екендігін атар едік. Осы аядағы ДНҚ-геналогиялық сараптаулардың нәтижесінде алғашқы адам қауымдарының алдыңғы лектерінің бұдан 100 мың жылдай бұрынғы шамада сол ыстық құрлықтан Азияға қарай беттегені, әуелде Оңтүстік-Батыс Азия мен оған іргелес аймақтардың тіршілікке жайлы құйқалы мекендеріне орныққаны, жаңа қоныстарында ғұмыр кешкен әлденеше мыңжылдықтардан кейін шығыс ностра тілдерінде сөйлейтін түп орал-алтай қауымдарының бірқатар топтарының Орталық Азияға қарай қоныс аудару үдерістеріне араласқаны пысықтала бастады» (аталған кітап, 10-11-беттер).

Байқадыңыз ба, түпкітүрк жұрттарының бір бұтағы – үндістер Аляскаға Беринг бұғазы арқылы бұдан 30-40 мың жыл бұрын өткен. Оның негізгі себебі – сол замандарда арғы бабаларымызды бас – қазан емес, асқазан көбірек билегені деп білсек, ол кездері

мұз боп қатқан мұхит деңгейі төмен түсіп, Беринг бұғаз емес, құрлықтың өткел-ортасы болып жатқан. Екінші жаңалық – ең алғашқы атақонысы Африкадан адам баласының бұдан 100 мың жылдай бұрын Азияға аяқ басып, жаңа құрлықты мекендей бастауы... Әлденеше мыңжылдықтардан кейін бұлардан тікелей біздің бабаларымыз – түпкі орал-алтай қауымдары бөліне бастапты... Ал осы басы ашық, тапжылмайтын мәліметтерді қалай біліп отырмыз? Адам ағзасының тірі клеткасы молекуласының ядросындағы ДНҚ (дезоксирибонуклейн қышқылы) ақпараты арқылы. Құдайдың қайран қаларлық құдіретін қойсаңызшы, көзге көрінбейтін, титтейдің титтейінің титтейіндей... нуклейн қышқылы өзіне дейінгі мыңдаған атаға созылған белгілі бір адам ұрпағының түзілімі, өсіп-өрбуі және өзіндік жекелік-биологиялық болмыс-бітімі туралы басты ақпараттарды сақтап, оларды жаңадан пайда болған клеткаларға (келесі зәуат – ұрпаққа) бұлжытпай жеткізіп-көшіріп отырады екен. Ғажап қой. Бұған бақсақ, бір тиесілі молекулалық-клеткалық нәубет-опатқа ұшырамасақ, Бақыт Сарбалаұлы өлсе де, оның адамдық дәні-мәні-сәні мәңгілік жойылмай, алдағы ғасырларға да беріліп, өмір сүріп отыратынына көз жеткізбейміз бе? Демек, бұл дүниеге қоса, о дүние де, керек десеніз, бұлардың ортасындағы дүние де бар болғаны ғой.

Олай болса, ДНҚ-генеалогиялық ақпараттарды танып-білудің айнымас ақиқаттары мен аса әділетті даму шындықтары бізді алдағы уақытта таңғалдырған үстіне таңғалдыра түсіп, Жаратушы осы арқылы қарақан басы құлқыны наһанданған жойқандар мен қазіргі адамзат қоғамын жұлмырлықпен жаһандандыру сойқандарын да тәубесіне келтіріп жатса, таңданатын түк жоқтай. Бұл байыптауымызға бұлтартпас дәлел керек пе? Жарылқап кітабының мына бір мысалына үңіліп көрейікші: «Мезолиттің соңына таман Тұран аумағында күллі Ұлы Дала мен оған жапсарлас өңірлердің генетикалық үдерістеріне зор әсер-ықпалы тиген кезекті табиғи-климаттық ахуал туындайды. Күннің жылынуынан тауларды құрсаған қалың мұз еріп, Әмудария мен Сырдария суының молаюынан Арал теңізінің ауқымы күрт тола бастайды. Ж. с. д. (жыл санауға дейінгі – Б.С.) 6000 жыл шамасында ол Үзбой дариясы арқылы Каспийге құяды. Бұдан 9000-8000 жылдай бұрын Аралдың тасуына байланысты, Үзбойдың Каспийге қайтадан құюы осы қос теңіз алабындағы табиғи-климаттық ахуалдың жаңаша өрбуінің басы болды. Аралдан жеткен мол су осыған дейінгі регрессия кезінде тым таяздап кеткен Каспийдің төмендеуін тоқтатып, теңіз деңгейінің көтерілуіне ықпал етті...» (50-51-беттер). Ары қарай кітап үзіндісін беруді созып, мақаламызды ұлғайта беруді тоқтатсақ, осы кезеңдерге дейін жер бетіндегі ең ұлы дариялардың бірі Еділдің 2000-3000 жыл бойы Солтүстік Мұзды

мұхитқа құйып жатқаны, одан соң тектоникалық өзгерістер ықпалынан қайтадан Каспийге ақтарылғаны баяндалады. Оқи отырып, жер бетіндегі сұмдық зор өзгерістер куәсі болмаймыз ба? Арал мен Каспий теңізі қойындасуы, Әмударияның қайтадан Аралға аунауы, Арал теңізі айдынының шарықтап тасуы алапат Топан су тасқынын тудырады. Ойпаттар мен жазықтарда отырған ел-жұрт шығыста Көпетдағ баурайына, Үстіртке дейін ауса, терістікте Еділ мен Жайықтың орта тұсына, Дон өңіріне дейін көтеріледі. Оңтүстік пен Батыста Гүржістан, Армян қыраттарын басып өтіп, Месопотамия өлкесіне дейін жетеді. Нақ осы себеп-салдарларды пайымдасақ, әдетте ежелгі Бабыл жері мен Арарат тауларына тән етіліп айтылатын жер жүзін қаптаған топан су аңызы оларға біздің Арал маңынан барғаны аңғарылады. Демек, Нұх пайғамбардың тіршілікті сақтап қалған кемесі қасиетті Бабылдың тасына да, Арараттың басына да емес, біздің қазық жұртымыз Қазығұрт тауы биігінің қылтасына келіп тоқтауы шындыққа көбірек қоңсы қонатын тәрізді.

Сонда, бабаларымыз түпкі түркілердің түпкі түлеп шыққан жері, алтын бесігі – қай жер?! Әдетте Алтай аталады. Алайда, іс жүзінде Алтай тайпалары деп аталатын бірлестікке енетін түпкі түркілердің енші алып, ең қоныстанған өлкесі – Алтайдан әлдеқайда кең, алып Азия мен Еуропаның Ұлы Даласына, ұлан саласына тең. Ал бұған дейінгі ресми ғылымда ол дұдамалдау түрде айтылатын. «Алтай тайпалары деген атаудың өзі шартты. Шын мәнінде ол бірлестікке жататын көне қауымдар Алтай тауларынан едәуір шығыс жақта, Енесай мен Тынық мұхит аралығындағы Оңтүстік Сібір, Моңғолия мен Мәнжүрия, сондай-ақ, Солтүстік Қытайды қамтитын зор аумақта қалыптасты. Ж. с. дейінгі II-I мыңжылдықтарда осы «алтай» тайпалары арасында біртіндеп арғы түрк-моңғол, арғы тұңғыс-мәнжүр тілдерінде сөйлейтін тайпалар жіктеле бастады. Арғы түрк жұрттары – Шығыс Орталық Азия мен Ішкі Моңғолияда, Байқалдан Ордосқа дейін мекендесе, арғы моңғолдар Мәнжүрия мен Солтүстік-шығыс Моңғолияда ұйысты. Олар кей аймақтарда араласа қоныстанды», деп қана жазылатын. Жалпы, Жарылқаптың «*Арғы түркілер ақиқатының ізімен*» («Қайнар» баспасы, 2006 ж.), «*Орталық Азиядағы арғытүрк сипатты мәдениеттер: этнотекстік аспектілер*» («Ғылым» баспасы, 2015 ж.) кітаптарының жалғасы, жаңа арнасы есепті мына жаңа шоң кітабында Ұлы Даланың ежелгі тарихының этномәдени төркіндерінің құнды да қымбат деректері, әрбір қазақ баласы түгіл, күллі түрк ұлт-ұлыстарының ұрпақтары білсе, артық емес керектері көл-көсір. Оның қайсыбірін айтарсың, тек оқу, оқу, оқу керек, көңілге тоқу, тоқу, тоқу керек. Сонда да, біз басты-маңызды базбір дәйектерді аттап өткіміз, айтпай кеткіміз келмейді.

Ғылымда «көнешұңқыр мәдениеті» (древнеямная) деп аталуы қабылданғанмен, американдық археолог Мария Гимбутас ханымның «биік оба үю мәдениеті» («курганная культура») деп атағаны көбірек көңілге қонатын осы мәдениет – біздің бабаларымыздың төл және ежелгі мәдениетіне саяды. «Неге биік оба үйіледі? Отырықшы жұрттардың зираттары мен қабірханалары әдетте өздері мекендейтін кенттердің ішінде немесе жақын төңіректе орналасатыны мәлім. Ал, көші-қонға бейім түздіктер болса, марқұмдардың басына биік зәулім обалар тұрғызып әспеттегенді мақұл көреді. Бір жағынан, ол маң дала төсінде алыстан көзге ілінетін көрнекті белгі, адастырмас бағдар қызметін де атқарар еді. Сондай-ақ, оны Алдыңғы Азия мен Месопотамия, Орта Шығыстағы әміршілерге арналып тұрғызылған пирамидалар мен ірі қабірханалардың далалық өңірдегі балама көрінісі десе де болады. Көнешұңқыр мәдениетінің дәстүрінде де көсемдер мен абыздарға арнап көтерілген обалар қатардағы адамдардың қабірін жапқан үймелерге қарағанда, зәулімдігімен, үлкен бітімімен ерекшеленеді» (59-бет). Сақ қорғандары, Берел обалары – міне, осының көріністері емес пе?! Мәселен, сондай «диаметрі 110 метр, биіктігі 3,5 метрдей обаны тұрғызу үшін 500 адамның 80 күндей жұмыс істеуі қажет» болғанын айтсақ та, сол замандағы елдік ауқым мен мәртебе-құрмет аңғарылмай ма?

Сондай-ақ «қазақстандық археолог В.Ф.Зайберт бастаған экспедиция 1981–1983 жылдары Көкшетау қыратының теріскей батысын қапталдай аққан Иманбұрлық өзені бойындағы Ботай қонысын ашқалы бері әлемдегі ең алғашқы жылқышыларға қатысты деректерге де айтулы өзгеріс енді. Өйткені, соған дейін Днепр бойындағы көнешұңқырлық үрдіс аясындағы Ортастог мәдениетінің соңғы кезеңіне жататын Деревка қонысынан (ж. с. д. 300 жылдың басы) 52 жылқы сүйегі табылғанына орай, ол әлемдегі ең байырғы жылқышылар отаны ретінде танылып келсе, бір өзінен 70 мың жылқының сүйегі табылған энеолиттік Ботай қонысының дәйектері – жылқыны ең алғашқы бас білдірушілер қатарында қазіргі қазақ жерін мекендеген қауымдардың да аса зор үлесі бар екендігі күллі әлемге паш етілді...» (82-83-беттер). Қазір, қысқасы, аумағы 15 гектардай, 200-300-дей үйі болған, мыңға жуық адам мекендеген Ботай – остеологиялық материалдардың көлемі, ат құрал-саймандарының көнелігі жөнінен де алға түсіп, «өз-өзінен еш дау-дамайсыз әлемде жылқыны ең алғаш қолға үйреткен ұйық мекен ретінде даралана танылып тұр» (83-бет). Тек осы ғана ма, жоқ, ары қарай осы Ботайға сабақтас Ертіс бойындағы Ақбауыр үңгір-қонысындағы ең көп бейне – шармық (крест) тектес белгілер сырын байыптасақ, оның Орталық Азия мәдениеттерінде арийлерге дейінгі сол Ботай заманында-ақ ғаламдық кеңістікке, жаратылыс

күдіретіне тағзым етудің басты бір амалы ретінде қолданылғанын көреміз. Тіпті, шармықтың тік сызығы «көктен құйылған Күн нұры мен жоғарыға шаншылған Отты – аталық таңбаны бейнелеп, көлденең сызығы – Кеңістіктің, Жердің, Судың – аналық нышанның белгісі» саналған. Ал, «айналып тұрған күнді, дөңгелекті, қозғалысты, жыл маусымдарының алмасуын көрсету» үшін «шармық сызықтарының ұштарын тік майыстырып, қас (свастика) кескінін шығарып, молшылық пен мәңгілікті» бедерлеген. Осыдан Ұлы Даланың ұлық сенімі Тәңіріге табыну туындаса, оның сарын-әсері Үндістанға да жетіп, «осы аймақта бүршік жарған будда мифологиясы мен космологиясының ғалам, кеңістік, дөңгеленген дүние, адамдар қауымы секілді санқилы ұғымдарды бір бойына тоқайластырған киелі символы – Мандала (квадратты қаусырған шеңбер) пішінінің дүниеге келуіне түрткі болыпты» (92-бет).

Жарылқап мұндай қастерлі шындықтарды тауып, қисынды жаңалықтарды жазғанда, мұндай бірде-бір пайым-байламдарды ойдан шығармай, тек өзгелердің айтқандарынан туындатып, түйіндететініне куә боламыз. Мұның үстіне, ол өзінің осы айтқандарына арғытүрк замандары түгіл, тіпті, берідегі қазақ салт-ғұрып, тұрмыс-тіршілік мәдениетінде мысалдар аса мол екенін де алға тартып отырады. Шармық таңбасы қола дәуірінде Сарыарқада өркен жайған Нұра-Атасу (ж. с. д. 16-12 ғасырлар), одан кейінгі Беғазы-Дәндібай мәдениеттері кезінде қолөнер бұйымдарында кеңінен қолданылса және бұлар Еуразияның өзге өңірлерінде кездеспесе, тек біздікі болмағанда, кімдікі болмақшы?! Қазіргі қазақ қол өнеріндегі негізгі ою түрлері – төртқұлақ, қос мүйіз де осы шындықты ажарлы айғақтай түспей ме?

«Атақты «Авестаның» отаны – Ұлы Дала». Жарылқап өзінің шоң еңбегінің «Арғытүрктер мен арилердің ортақ мәдени кеңістігі» атты үлкен бір бөлімінің бір тарауын бекерге осылай атап отырған жоқ. Және мұны солай жақсы айғақтап та шығады. Атақты Арқайым елді мекенін біздің бабаларымыз салғаны айдай анық ақиқат болса, Орда сөзі орап салу ұғымынан бастау алып, да жұрнағымен тиянақталып, ғалам – шеңбер, күмбез – Күн, Көк аспан, Тәңірі ұғымдарына ұласып қана қоймай, көсемдер мен абыздардың қасиетті тұрағы ретінде қалыптасқан. Мұны шумерлердің орталық қаласының Ур (ор, қорған, орда) аталуы айғақтап қана қоймай, «Авестада» кең баяндау тапқаны алға тартылады. Мұндағы жерұйық қоныс «Варды» (Орданы) салушы адамзаттың түп атасы Йима (ежелгі үндіирандық веда сарындарындағы Яма) біздің көне де қасиетті кие-иелеріміз Ұлы ана – Ұмайға, Ұлы баба – Майқымен де сабақтасып жатқаны да ақиқаттан алшақ қонбайды.

Ж. с. дейінгі 1122 жылы хатқа түсірілген Фан Сюаньлиннің

«Цзиң шу (Цзиң әулеті тарихы») шығармасының 103-тарауында төмендегідей жолдар бар: «Чжоусиң патша бастаған Шаң әскерін тас-талқан етіп жеңгеннен кейін Жыу (түрк – Б. С.) әулетінің негізін қалаушы У-ван астанаға кіріп, бұрынғы бодандарына берілгеннен гөрі, өзін-өзі отқа лақтырып өлгенді жөн көрген Чжоусиңнің мүрдесі жатқан жерге келді. Ол жауының мәйітіне үш жебе атқан соң, арбасынан түсіп, өліктің денесіне *қыңрағын* сұқты, айбалтамен Чжоу-сиңнің басын кесіп алды», – деп жазылған. Осындағы *қыңрақ* сөзі қытайлық шығармада «*циңлу*» деп жазылып, «жеңіл қылыш» мағынасында ұғындырылады. Оның түрк сөзінен енген атау екенін ең алғаш әйгілі неміс-американ синологы Ф. В. Харт (1845–1927) анықтаған еді. Ғалым бұл сөздің тілдік тегін қаузау барысында, оның қытайшаға «кыңғлу» естілімінде ауысқан, қытай тілінде жоқ «р» әрпі қосылып, қалпына келтірілгеннен кейін, түпнұсқалық «*қыңрақ*» атауы шығатын термин екенін тауып, оның түрк тілдерінде «*қос жүзді қылыш, қанжар*» мағынасында әлі де қолданылатынын нақтылады. Сөйтіп, оның ж. с. д. XII ғасырдың өзінде жазба ескерткіште таңбаланған ең ежелгі түрк сөзі ретінде дәлелдеді» (150-151-беттер).

«...Алып Такламақан шөлінің тұз аралас құрғақ құмының астында талай мыңжылдықтар бойы көміліп жатса да, жазда аптап ыстық, қыста қақаған суық боп тұратын жергілікті климаттың ерекшелігі арқасында киімдері де көп бүлінбей, еттері де ағып кетпей, кеуіп қалған жүздеген еуразиялық нәсілді мүрделердің кейінгі онжылдықтарда үсті-үстіне табылуы – ең елең еткізерлік оқиғалардың қатарында... Рим энциклопедияшысы Плиний жазбаларындағы Қытайдың батысын мекендеген «биік бойлы, ақсары шашты, көк көзді адамдар жайындағы деректің аңыз емес, дүниеде шын болғандығы (осылайша) айғақталды». Және олар Тарым сембелері (мумиялары) еуропаөктемшілдер өңмендеп айта беретіндей, үнді-ирандықтар емес, өзіміздің ежелгі ақ нәсілді түрк жұрттары болып шықты.

3

Жоғарыдағы тілге тиек етілген жайлардан жақсы көрінетіндей, жазушы, тарихшы, ғалым, журналшы қаламгер Жарылқап Бейсенбайұлының осы тарихи-ғұмырбаяндық «*Шоқан*» деректі роман-эссесі, «*Орталық Азиядағы арғытүрк сипатты мәдениеттер: этнотектік аспектілер*» және «*Ұлы даланың ежелгі тарихының этномәдени төркіндері*» атты үш кітабының ерекше еңбек, қазақ деректі прозасына, түрк халықтарының ежелгі замандардағы: палеолит (орта палеолит – ж. с. д. 100000–40000 жылдар аралығы), мезолит (орта тас дәуірі) – ж. с. д. 11000–6000 жылдар аралығы); неолит (жаңа тас дәуірі) –

ж. с. д. 8000–4000 жылдар аралығы; энеолит (ж. с. д. 4000–3000 жылдар аралығы), қола (ж. с. д. 3000–1000 жылдықтар басы) аралығы тарихына этномәдени дерек-дәйектерді тірілтіп, тіл бітіру арқылы үлкен үлес қосқан жаңа да толайым құнды кітаптар екеніне мерейленеміз. Мақтансақ та, артық емес. Бұл ірі де, іргелі еңбектерді сәтті бастандырып қана қоймай, пісіріп-жетілдірген, құбылыс кітаптарға айналдырған, із ашып, іздерді соны соқпақ, тіпті, **Жарылқаптың жолына** жалғаған, әрине, «*Шоқан*» жөнінен – «*Шоқан ізімен*», «*Жасын-тағдыр жарқылы*» кітаптары болса; «*Ұлы даланың ежелгі тарихының этномәдени аспектілері*» тұрғысынан – «*Арғытүркітер ақиқатының ізімен*» (2006), «*Орталық Азиядағы арғытүрк сипатты мәдениеттер: этнотектік аспектілер*» (2015) кітаптары. Байқайсыз ба, екі тақырыптың әлқиссасы да «... *ізімен*» деген сөзден басталған; ұлы ғалым-адам, жасын-азамат жарқылдарын жағып-жандыру арқылы жаңа Шоқан-Жалын жанса, ұлы халық – түркілердің мыңдаған іздерін, сораптарын соқпақтарға ұластырып, яғни, мыңдаған, жоқ, жүз мыңдаған археологиялық, антропологиялық, этнотектік, мәдениеттік, генеалогиялық дерек пен керектерді, мәндер мен мәліметтерді таразылап, түйіндеп тұтастыру нәтижесінде Жарқын жаңа Тарих түзумен тәмамдалған. Рас, оқулығы әлі де жұп-жұқа шығар, бірақ, бұл – тұңғыш рет үйсін-сақ, хұн-турлар дәуірлерінен ары аттап өтіп, жүз мыңжылдықтарға тамыр жіберген жаңа шындық Тарих, әділетті Тарих.

Бұл екі іргелі тақырып – Жарылқаптың туған жеріндегі көне Отырар қаласының ашылған тылсым сырындай, қияға қанат қаққан белі, Алматы іргесіндегі Алатаудың Талғар шыңындай бірден көзге көрініп, көңіл тартып тұрғандықтан, Жарылқап Бейсенбайұлы ғұмырбаяны мен шығармашылығындағы жемісті де жеңісті маңдайтерлік, еңбек-ерлік аянында өмір сынынан абыройлы өткізген, қазақ тарих ғылымы мен деректі әдебиетінде *Бейсенбайұлындық Биікке* жеткізген басқа да қырлар мен сырларын қоса айғақтайды. Тіпті, бұларсыз да Шоқантанушы, Арғытүрк ақиқатын ашушы Жарылқап Бейсенбайұлы жоқ.

Ендеше, жоғарыда мақаламыздың бас жағында оның жұрналшылық қалам қарекетін біраз қамти кетсек те, «Ана тілінің» Бас редакторы деген тағы бір тұғырлы *Бел-Белесі* барлығын айтпай кете алмаймыз. Бұл жерде оны толық тарқатып жатудың жөні жоқ, сондықтан, оның жұрналшылар толқындарын тәрбиелеп, көп сарбаздар мен бірлі-жарым сардарлар қанаттандырған «шекпенді» Шерхан Мұртаза мен «бешпенті» бар Сейдахмет Бердікүлұлындай Бас редактор, алаштың айбынды «Ана тіліндей» басылымын қалыптастырған, өз мектебі мен шәкірттері бар жұрналшы-қаламгер десек, қанағат шығар. Бұған қоса, Қазақ ақпарат агенттігіндегі қаламгерлік ұсталығын,

ұлағатты ұстаздығын хабарлай кетумен шектелейік.

Бұған қоса...

Жарылқап Бейсенбайұлы шығармашылығындағы үшінші бір үздік еңбегі, бергі түрк тарихында тусырап жатқан, бәлкім, ғасырлар бойы түрен тимеген тың – «Алтын Орданың түрк бектері» тақырыбын қозғап, игеруге кіріскені дер едік. Біз жалпы Алтын Ордадан жақсы (атынан, әрине) хабардармыз. Жошыны жыға танимыз, басқа да оның тұқымынан өрбіген хандарын естігенбіз. Ал, сол Жошы ұлысының затын қаншалықты білеміз? Оның өмір өзегіндегі өзімізді, өркеніндегі қандастарымызды шырамытамыз ба? Өкінішке қарай, жауап – жоқ, жоқ. Ал, бізге бейтаныс шындықты барлауға көшсек, қазақтарға қатысты дереккөздер, керек сөздер жеткілікті екен. Сонда бодандықтан құтылдық, бас еркіміз – өзімізде... Төрт құбыламыз теңдей бейқам жатуымыз қалай? Іргемізде сары алтын жатады, тарихи қазына жатады. Соны көріп, ашпаймыз ба, ақтарып оқып, көңілге тоқып, неге пайдаланбаймыз? Жалаңтөс патриотизмге салынып, әдемі қызыл сөздерді айтпай-ақ қояйын, көбімізге Жарылқаптың зейінділігі, зерделілігі, зеректігі жетпей жатқанын мойындасақ жөн.

Міне, «Ана тілі» газетінің 2012 жылғы мамыр айындағы №18, 19 сандары. Бұлардағы Жарылқаптың «Алтын Орданың түрк бектері» тақырыбында жарық көрген «Құтлықтемір ұлұғбек және оның інілері», «Нағанай бек және оның ұрпақтары» атты мақалалары – мүлдем тың тарих. Төл шежіре. Таңданарлық шежіре. «Ау, мынау Нағанай – тым таныс, қазақтың қабырғалы руы, ортақ шаңырағының мықты уықтарының бірі Қоңырат ұлысының түп атасы Нағанай емес пе? Ал, керек болса... Дәл солай болып шықты. Ендеше, еріксіз бірер үзінді – тапжылтпас тиянақтарға жүгінуге тура келеді: «Ел аузында тараған дәстүрлі қоңырат шежіресінің қай-қайсысы да әлқисса сөзін Қоңыраттың түп атасы Нағанай биден бастайды. «Қоңыраттың түп атасы Нағанай бабамыз екен, оның отыз баласы болыпты, қазіргі қазақ қоңыраттары оның Жығалы, Мелдеби, Орынби деген үш баласынан өрбіпті, қалғандары Жиделі Байсын жақта екен» делінеді. («Қазақ шежіресі», Алматы, «Атамұра – Қазақстан», 1994, 42-48-беттер). Қазақ шежіресіндегі «Нағанай бидің отыз баласы болыпты» деген бұл эпсана халқының жартысы қоңыраттардан тұратын қарақалпақтарда да бар. Олардағы ерекшелік Нағанайдың Нағадай деп аталуында ғана. Мәселен, қарақалпақтың ұлы ақыны Бердақ Қарғабайұлының (руы – қоңырат) «Шежіре» атты шығармасында:

*Нағадай бий йурт агасы,
Жумла Қоңыраттың бабасы.
Отыз уғылның атасы,
Улы отыз болған екен»,*

– дейтін жолдар бар. (Бердақ. Таңдамалы шығармалар жыйнағы. 162 б. – Нөкіс, Қарақалпақстан, 1977, 275-б.). Осы шығарманың тағы бір шумағындағы «Нағадайдың отыз ұғлы, Ебен-Себен деген еки құлы» деген жолдар да қазақ қоңыраттары шежіресіндегі: «Нағанайдың отыз ұлы және Емен, Семен деген екі құлы болған. Нағанай екеуін де өз балалары санағандықтан, отыз екі баласы бар..», делінетін қосымша тәптіштеулермен қабысып жатады».

Алайда, бұл ұқсастық, қоңырат руының тармақтары басқа түрк ұлт-ұлыстарында да кездесуі тек туыстықты, тарихтың нешетүрлі кезең, қатпарларын шынайы зерттеп, парықтауға тиіс екенімізді аңғартса керек. Ал, Жарылқаптың тапқан таңданарлық жаңалығы, сол – Нағанайдың аңыз ғана емес, тарихта болған адам, қанасына толған тұлға екенін анықтауы. «Нағанай есімінің тарихта алғаш рет қағазға түсіп, таңбалануы әйгілі араб саяхатшысы Әбу Абдаллах Ибн Баттутаның (1304-1377) арқасында жүзеге асқанын көреміз... Ол заман – Алтын Орданың аса дәуірлеп, ерекше байыған, сән-салтанаты артқан кезі. Жиһанкездің Өзбек хан ордасы мен оның төңірегіндегі берекелі де бақуатты тірлікті қаз-қалпында бейнелеуі этнографиялық тұрғыдан аса құнды материалдарды ортаға тартады. Баттутаның бұл жазбаларын Ұлық ұлыстың сол дәуірдегі дәулеті, мамыражай тыныс-тіршілігі туралы энциклопедиялық деңгейдегі дүние десе де болады...». Ары қарай: «Бұл – Нағадай бектің қызы, – деп жазады Баттута. – Әкесін көрдім. Зор денелі кісі. Аяғына тұз байлану дертімен ауырады екен. Аяғын баса алмайтын болған соң, көбіне арбамен жүреді». Баттута айтып отырған Нағанайдың қызы – Кебек белгілі Өзбек ханның екінші әйелі. Бұдан ары Жарылқап Өзбек ханның қайынатасы Нағанай осы Алтын Ордада – Жошы ұлысында ұлысбек, бектербек, яғни, бектердің бегі, ханнан кейінгі екінші адам болуға дейін жетіп, билеп тұрған, халық түгілі, ұлы мемлекеттің тағдырын шешіп, гүлденуге үлкен үлес қосқан Ұлы Би – Қайраткер болғанын жазба деректер арқылы дәйекті баяндайды.

Біз осымен, қадірлі оқырман, бабамыз Нағанай бекті таныстыруды, «әу бастан қоңырат бектерінің еншісіне тиген Хорезм ұлысын Алтын Ордадан бөліп алып, дербес мемлекет құрып билеген» оның балалары туралы әңгімені тоқтатайық. Қажет етсеңіздер, өздеріңіз оқып аларсыздар. Қысқасы, осы айтылғандардың өзі-ақ Жарылқаптың тапқан тарих, ашқан жаңалықтары, басқа да жазғандары жөнінде, оның асыл Адам, абзал Азамат, қоғам және қалам қайраткері ретіндегі қырлары мен сырлары жайында таратып әңгімелей беруге болатынын байқатса керек.

Құрдас қаламгер, жақсы араласқан азаматтың жеке басы,

бақытты шаңырағы әулетін ұлғайтқан, жары Нұрғайша, ұл-қыздары, 1967 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің механика-математика факультетін бітіріп келіп, біз оқыған Қызылордадағы Н.В.Гоголь атындағы пединститутта математикадан сабақ берген туған ағасы Есіркеп марқұм туралы да біраз нәрсе айта алар едім. Онсыз да Ол жөніндегі мақаланы созып алғандықтан, амандық болса, Аллатағала жазса, бұл реттегі сөзді кейінге қалдырайын.

Енді, осы жолғы мақаламды кейіпкерімнің тағы бір өз лебізімен тұздықтап, аяқтасам деймін: «Ана тілінің» 1990 жылғы шілденің 19-ы күнгі санында соған дейінгі бірер жыл бойы компартия қаһарынан ығатын баспасөз құралдары үшін жабық тақырыпқа айналып, еш елеусіз күй кешкен Дінмұхаммед Қонаевпен күллі республикалық газеттер арасында бірінші боп біз сұхбат жарияладық. «Дінмұхаммед Қонаев: «Мен халқыма қызмет еттім» деген тақырыппен дайындалған көлемді интервью жарық көрген (авторлары Бақыт Сарбалаұлы мен Бақтияр Тайжан) күнгі «Ана тілін» жұрт қолдан қолға тигізбей оқыды. «Қонаев туралы мақала шығыпты» деп, бір-біріне сыбырлай айтып жатқан елді көз көрді. Сәскеге қарай, ақсақалдың үйіне телефон шалдық. Ол кісі рақметін айтты. Біз де: «Қолыңызды алып қайтсақ...», – деп, өз бұйымтайымызды білдірдік. «Келіңіздер», – деді ақсақал. Редакциядағы тоғыз жігіт түгел бардық. Қонақ бөлмесін көрсетті, кабинетімен, кітаптарымен таныстырды. Бірге суретке түспек боп, жігіттер орындықтарды реттеп жатқан кезде есімімді сұрады. Айттым. «Ата-анаң атыңды дұрыс қойған екен, Жұртты жарылқап жүрсін дегені ғой», – деп арқамнан қақты...».

Абыз ақсақал Дінмұхаммед Қонаевтың аузына осы сөзді Алла тағала салған шығар. Қалай дегенмен, ол кісі дәл айтқан. Құрдас, дос, қаламгер Жарылқап Бейсенбайұлы ес біліп, елге қызмет еткелі өзінің өзгеге ұқсамайтын жарқын жолымен халқын жарылқап келеді, десек те ақиқаттан еш ауытқымаймыз...

Бақыт Сарбалаұлы,
сынишы

2017 жыл.

БІРІНШІ БӨЛІМ

БУЫРҚАНҒАН БОЯУЛАР

Эсселер



*

* В. Ван Гог. «Жұлдызды түн». 1889 ж.

**I. ПАРИЖДІ ДҮРЛІКТІРГЕН
ЖАЛҒЫЗ АЛМА**

II. ЭВКЛИД КЕҢІСТІГІ

III. ЗАМАН ЖӘНЕ СУРЕТКЕР

IV. АТАМЕКЕН НАҚЫШТАРЫ

I. ПАРИЖДІ ДҮРЛІКТІРГЕН ЖАЛҒЫЗ АЛМА



1. БУЫРҚАНҒАН БОЯУЛАР

«Мен бар болмыс-бітіммен табиғат қойнында еріп балқығым, онымен бірге тамырланғым, бұтақ жайғым келеді».

«Жаратылыста бәрі де шар, конус, цилиндр формасында сомдалған: алдымен осы қарапайым фигураларды салуды үйрену керек, егер сіз бұл формаларды игеруді әбден меңгере алсаңыз, онда не қалайсыз, соның бәрін жасай алатын боласыз».

Поль Сезанн

Оны сыртынан ғана танитын көршілері – осы бір өзімен-өзі елеусіз күн кешіп жүретін, тұйық мінезді егде кісінің ақиық туындылар сомдаған сырбаз суреткер екенін ол қайтыс болғанда барып бір-ақ білді. Күнде сәскеде үстіне айғыз-айғыз бояу ізі бар кең шекпенін киіп, түстік азығы

* П. Сезанн. «Бір себет алма бейнеленген натюрморт». 1894 ж.

салынған дорбасын мойнына асынып тауға қарай ілби бет алатын сақал-шашы қудай, ұзын бойлы қария олар үшін беймәлім тіршілік иесі ғана болатын. Әдетте, ол көшемен кетіп бара жатқанда, үстіне киген киімінен, ұсқынынан қорқынышты ертегілердің кейіпкерінің бірін көргендей әсер алатын жас балалар оның соңынан шулай еріп мазақтап, артынан тас лақтыратын.

Тіпті, бәз дүниенің бәрі белгілі деп саналатын әйдік Париждің өзінде де, көптеген суретшілер мен өнер сыншылары оның қаншалықты ұлы істер атқарып кеткендігін, тек ол көз жұмғаннан кейін ғана түбегейлі түсініп, Поль Сезанн есімді осы қылқалам шеберінің Монмартр мен Монпарнасты жайлаған қалың суретші әулеті үшін ғана емес, дүйім әлемдік өнер тарихындағы асқар шоқылардың бірі болып қалғандығын мойындауға мәжбүр еді.

* * *

Атақ-даңқ...

Адамдар атақ-даңқтың жалынан ұстау үшін тынымсыз тер төгіп, талмас ізденіс танытады, табандылықпен ілгері ұмтылады. Даңқтың биік тұғырына шықсам деп армандайды, көксейді.

Ал Поль Сезанн болса, сол дүбірлі дудан басын аулақ алып қашты. Ол ғұмырының соңғы күндеріне дейін өз даңқына елеусіз қарап, өз өмірінің әрбір сәтін, бар күш-жігерін табиғаттың тылсым күшін терең түсінуге, жасампаз ізденістерге бағыштады. Өзінің өзекжарды ойларын, сырлы толғаныстарын басқаларға ұқсамай еркін көсіліп, көркем бейнелеу үшін, ол суретшілер қауымынан, у-шуы мол үлкен шаһарлардан, көрмелерден, салондардан жырақ кетіп, көп жылдарын Францияның шуақты оңтүстігі Прованстегі тыншу ғана тірлігі бар Экс қаласында ғұмыр кешумен өткізді.

* * *

...Ол осы қалада 1839 жылдың қаңтарында дүниеге келген болатын. Маңдайында сұлу табиғаты: көкжасыл дөңестері, заңғар шоқылары, бұйра толқын ағаштары, аптыққан бұлақтары бар Эксте балалықтың шырын шағын өткізді. Мектепте оқып жүргенде, болашақта үлкен жазушыға айналатын Эмиль Золядай қимас дос тапты. Осында алғаш рет сурет салу мектебінің кешкілік

сабақтарына қатысып, қылқалам ұстаудың әліппесін үйренді, әуелгі әлжуаз туындыларын салды.

Басында қалпақ жасайтын шеберхана ұстаған, кейіннен жеке банк ашатын дәрежеге дейін өскен, ортанқолдай байлығы бар әкесі де ілкіде баласы Поль осы «бояушылық» өнердің етегінен ұстайды деп, сірә, ойламаған. Әуелде мұны әшейін балалықтың елтіме қызығушылығы деген де қойған. Бірақ Поль Сезанн лицейді тамамдағаннан кейін суретші болуға аңсары ауып жүргендігін үзілді-кесілді әке алдына ақтарып салды. «Жо-жоқ, асығы алшысынан түсіп тұрған банкирдің жалғыз мұрагеріне лайық кәсіп емес бұл». Қатал әке зорлағандай етіп, Польші Экс университетіндегі болашағы зор деп есептелетін адвокаттық оқуға түсірді.

Ал жұмбақ сырлы суретшілік өнерге құлай ынтыққан бозбаланың бар есіл-дерті – Париж, талайдан бейнелеу өнерінің қилы-қилы ұлы туындылары дүниеге келіп, айдай әлемге әйгіленіп жатқан, өзі үшін армандай болған Париж... Әрі бұл кезде астанада өмір сүріп жатқан жан жолдасы Эмиль Золя да әр хат жазған сайын оны Парижге шақырып, астанада ірі суретші болып кетуге мүмкіндіктердің мол екендігін айтып еліктіре, қызықтыра түседі.

Әке мен бала арасындағы тоңтеріс қабақтың туындағаны қашан. Әке қолдан келсе, сірә да, жібергісі жоқ. Ал баланың бар арманы қайткен күнде де Парижге жету. Әйткенмен де, бір күні жалғыз баланың жалынышты өтініші ақыры әкені жібіткендей болған. «Рұқсат, – деген ол. – Бірақ бейпіл өмір сүремін деп ойлама. Қаржыны шақтап қана беремін».

1861 жылы 22 жасар Поль Парижге келді. Сағынысқан Эмиль досымен қайта табысты. Тіпті, бір-бірінен енді ажырамасқа уәде де алысады. Бұл кезде әртүрлі газеттерге мақала жазып, күнкөріс қаражатын тауып жүрген Эмиль Золя жаңа ағымдағы суретшілермен жақсы таныс болып алған. Польші олармен өзі ертіп апарып кездестіреді.

Әйтсе де, шеттен келген жас жігітке ылдым-жылдымы мен даңғазасы көп Париждің тіршілігі аса ұнамды жағымен көріне қоймаған. Бойы үйрене алар емес. Тек бір ғана көңіл тоғайтар жері бар. Ол – Лувр музейі. Ұзақты күн сондағы ұлы туындылардың ортасында көз құмарын қандырып жүргенді ұнатады. Кескіндеме құпиясын тану, меңгеру ісіне уақыт өткен сайын жан-тәнімен ынтыға түскенін сезінгендей болады.

Көкейінде Бейнелеу өнері мектебіне түсіп кетсем деген ниет оянған. Алайда бұл ойы сәтсіз аяқталған. «Сурет

салуында үйлесімсіздік көп», – деген емтихан алушылардың бірі оған. Сезанн әрі-сәрі күйде. Енді әуелден біртоға мінезді Польді жан досы Золяның үгіттеуі де, бұрын қиялын еліктіріп жүрген Суретшілер академиясы да Парижде ұстап тұра алар түрі жоқ. Ол екі-үш айдан соң үйіне қайтып оралады да, әкесінің қарамағына қызметке орналасады. Банкир әке «адасқан ұлды» құшақ жая қарсы алады. Өзінің тез жеңіске жеткеніне әбден риза.

* * *

...Жаңа ашылған көркемөнер салонын көруге келген жұрт орта тұстағы залдардың біріне ілінген шағын суреттің алдында у-шу болды да қалды. Бір-бірінің сөздерін көме дабырласқан, ашынған дауыстар шықты. Цилиндр қалпақ киген сал-сері мырзалар мен сылқым келіншектер қарсы алдарындағы суретке төне түсіп, қоршап барады. Ақырында туындының көрермендер тарапынан зардапқа ұшырайтынын сезген көрме қызметкерлері оны кіжінген топтың түкірігі жетпесін, әлде бір ханымның ашумен сермеген қолшатыры тесіп кетпесін деп қайтадан жоғары көтеріп ілді.

Көпшілікті кейіткен жайт – суреттегі жалаңаш әйелдің бейнесі болатын. Шуға ұшыраған туындының астында «Олимпия», «Эдуард Мане» деген жазу тұрды.

Әлбетте, ондағы жұртты ашындырған нәрсе, тіптен әйелдің жалаңаш бейнеленуі емес-тін. Луврге бас сұққан әрбір адамның осы іспетті жалаңаш денені кескіндеген талай туындыға жолығары хақ. Оларды шошытқан жайт – суреттің талайдан бері даңғыл жүйе ретінде қалыптасқан академизм бағытынан ауытқып жасалынуы болатын. Талай замандар бойы тек өткен дәуір образдарынан ұзай алмай, діни тақырыптардың желісі бойынша жасалған шығармалардың қасында, мынау, осы күнгі өмірден ойып алынған сурет жұртқа төбеден жай түскендей әсер еткен.

Сондай-ақ махаббат тәңірісінің орнына бейнеленген әйел, тым болмаса текті ортадан шыққан ханым да емес, Монмартрде кір жуатын қыз екенін білгенде, «зиялы көрермен» тіптен шала бүлінді.

Маненің жаңа туындысының айтары айқын еді. Суретші әсемдік пен сұлулықты сонау көне дүние дәстүрлерін қайталаушылықтан емес, бүгінгі күннен табу керек деген жаңа эстетикалық мүддені көлденең тартқан.

Ал, суреттегі өзін лағнеттеп жатқан жұртқа жәудірей караған қыз жанарынан таза да мөлдір нұр төгіледі...

Жаңа туындыны алғашқылардың бірі болып көрген Поль Сезаннды Маненің шығармасындағы бейнелеу мәнерінің жаңа бедерлері таңқалдырды. Бірден жұрт кәріне ұшырап, ащы сынға іліккен суреттен ол соны ізденіс іздерін, бояуды қолданудағы сәтті тәсілдерді, болмысты танытудағы жаңа әдістерді байқады. Бұрын ешкімде ұшыраспаған тосын леп, соны әуез еді бұл.

Ешкімге ұқсамау... Сезаннды да талайдан толғандырып жанын жегідей жеп жүрген ой осы. Бірақ шоқтығы биік бұл мұратқа қалай жетпек, жолдары кәні?

Өзі жақсы түйсініп жүр. Суретшілік өнер ол үшін жылдан-жылға үлкен дертке айналып барады. Ана жылы ата-анасымен ұрысып-керісіп жүріп суретшілік өнерді дұрыстап үйрену үшін Парижге келсе де, ырду-дырдуы мол астанадағы тіршілік көңіліне жақпай қайтадан туған қаласына қашқандай боп оралғанымен, қылқаламы кенеп бетінде кібіртіктей бергенін байқаған. Үйрену жағы, таным жағының әлі аз екендігінен еді бұл. Сонан соң ата-анасымен тағы да арпалысып жүріп, астанаға қайта оралды. Содан бері таңның атысы, күннің батысына дейін Луврде ұлы туындыларды көшіреді немесе шеберханаға қамалып отырып тапжылмай жұмыс істейді.

Өз шығармашылығының алғашқы кезеңінде ол романтиканың айтулы тарланы Делакруаның лапыл ойға суарылған қолтаңбасы мен Курбенің сырбаз мәнеріне еліктеді. Одан кейін Маненің шұғылалы бояуына әуестенді. Бұның бәрі де оның өзіне тән дербес нақыш табу сапарындағы ізденісінің нұрлы сілемдері еді.

Сезанн сол кезде өнердегі академизмнің жаттанды қағидаларына қарсы шығып, өз үнін таныта бастаған – жаңа әдіс, импрессионизм ағымындағы суретшілермен жазушы досы Эмиль Золя арқылы жақсы танысса да, олардың арасында өзін бөгде сезінеді.

Гербуа кафесі... Бұл суретшілер мен жазушылардың әр кеш сайын жиналып бас қосатын, пікір таластыратын жері. Онда өрбитін әңгімелер кейде қызыл кеңірдек айтыстарға айналып, ақыр соңында жекпе-жекке шығып атысумен де түйінделетін. Кафе импрессионистердің де сүйікті орны. Бұл жерде олардың басшысы, заты ақсүйек текті, ылғи сәнді киініп, басынан цилиндрін тастамай жүретін кербез мырза Эдуард Манеден басқа, Ренуар, Писсарро, Дега, Моне сияқты суретшілерді де көруге болады.

Ара-тұра кафеге Сезанн да келеді. Ол кафеге кіргеннен кейін онда Маненің бар екенін көрсе, (ол оны ақсүйек тектілігі, менмендігі, мысқыл араластыра сөйлейтіндігі үшін жек көреді) басқа жұрттың бәрімен қол беріп амандасады да, оның алдына келгенде қалпағын алып басын иіп, сәл күңгірлеген үнмен: «Мане мырза, мен сізге қолымды бере алмаймын, өйткені жуынбағаным бұл күн аттай сегіз күн болды», дейді. Содан соң бір бұрыштан орын тауып, өзге жұрттың сөзін үн-түнсіз отырып тыңдайды. Егер де біреудің аузынан оның өзіне жақпайтын пікір шыға қалса, өзін-өзі игере алмастан орнынан атып тұрып, әлгі адаммен өңеш жыртысады. Немесе, ешкіммен де қоштаспастан бұлқан-талқан болып кафеден шығып кетеді. Басқалар оның бұндай қылықтарын ұната қоймайды.

Сезанн деген кім? «Дөкір, әдепсіз.»...

Ақырында, оның бұлықсыған дарын қуатын дөп басып танып, оны өзіне жақын тарта білетін адам табылады. Ол Камилл Писсарро. Франция мен Пруссия арасындағы соғыс кезінде туындылары түгел дерлік құрыған Писсарроның (ол босқын болып жүргенде үйінде қалдырып кеткен суреттерін пруссактар аяқ сүртетін кенеп ретінде пайдаланған), енді, міне қырық екі жасқа келген шағында бәрін қайтадан бастауға мәжбүр болған кезі еді бұл. Өзі он жылдан бері танитын, бірақ осы уақытқа дейін алабөтен қиялдың тар әлемінен көсіліп шыға алмай жүрген Сезаннды 1872 жылы ол өзімен бірге сурет салуға шақырды.

Екі шебердің бірлескен жұмысы бірден-ақ сәтті табыстар әкелген. Сезанн Писсарромен қатар жұмыс істеу арқасында ғана өзінде әлі де жетіспей жатқан кескіндемелік әдістерді тапқан еді. Оның бояу бедері күн өткен сайын нұрлы, жарқын сипатқа ауыса бастайды.

Осы кезде ол салған туындылар бойынан бұған дейін өзі еліктеумен келген импрессионистер мәнерінен алшақ әуез, бөлек тыныстың лебі еседі. «Сезанн әлі талайды таң қалдырады». Бұл әріптесінің тосын сырлы қолтаңбасына риза болған Писсарроның сөзі.

* * *

...Әйтсе де, Сезанның дербес бітімді өнерін жұрт танығанша алда әлі талай сергелдеңді жылдар жатты. Суретшінің туындыларын түсінушілер тым кем. Оны бағалағысы келмейді. Тіпті, сол дәуірдегі жаңалықтың асқан жаршыларының бірі Эдуард Мане үшін де оның қолтаңбасы

бөгде. Импрессионистердің мэтрі өзінің суреттерін Сезанн туындыларымен қатар ілуден ат-тонын ала қашады. «Сезанн мырзаның суреттерімен қатар тұрып, өз басымды төмендетер жайым жоқ. Мен үшін ол қалақпен лай жағатын сылақшы ғана».

Бірақ қаншама ащы сындарға ұшырап жатса да, Сезанн тынымсыз жұмыс істеуді, суретшілік өнердің азапты бейнетін титтей де тоқтатқан емес. Ол салондық сарапшылар алқасы суреттерін іске алғысыз деп тауып, мансұқ етіп тастағанда да; екі рет импрессионистер көрмесіне қатысып (1874, 1877), еш абырой таппағанда да (оны ашынған сыншылар бейнелеу өнеріне келген «жабайы» деп атады); туындылары қалың тобырдың тәлкегі мен мазағына ұшырағанда да (бірде оның суретін быт-шыт қып жыртайын деп жатқан жерінен құтқаруға тура келді); өзін түсінеді-ау дейтін жан досы Эмиль Золя «Творчество» атты роман жазып, ондағы бас кейіпкер, суретші Клод Лантьенің образынан өзін көргенде де (көксеген мүддесіне жете алмай, ақыр соңында өзін-өзі өлтіретін Лантье – Сезанның прототипі); дәуірінің, ғасырының өнерімен жеке дара шығып бет жыртысқанда да қылқаламды қолынан тастаған жоқ.

Ол өзінің өр рухты өнеріне сенімді еді.

Жұртқа жеккөрінішті болып, туындыларын ешкім керек қылмай жатса да, Сезанн жетпісінші жылдардың орта шенінде-ақ өз мәнерінің басқалардан ерек екендігін сезінеді. Сол кезде ол: «Мен өзімді қоршағандардың арасында ең мықты екендігімді түсіне бастағандаймын», – десе, кейіннен өз өнерінің қадір-қасиеті биік тұғырда деп пайымдаған шақта: «Қазіргі тірі суретшілердің ішіндегі нағыз саңлағы біреу-ақ – ол мен», – дейді үзілді-кесілді.

Он тоғызыншы ғасырдың соңғы жартысындағы бейнелеу өнері қадау-қадау ойлары мен андыздаған идеялық қақтығыстарымен әйгілі. Өмір құбылыстарын кескіндеу тәсілдеріне жаңа ажар, нұрлы әсер алып келген импрессионизм ағымы да осы кезде өз өрісін тауып, бедел ала бастаған-ды. Әрі ол бағзы Ренессанс кезеңінен бергі көп ғасыр өнерінің басын біріктіріп жатқан Жаңа дәуірдің соңғы перзенті де еді. Әйткенмен, көркемдік танымды жаңғыртып қанықтыру ісіне, қоршаған орта, адам тіршілігіне байыптап назар аударуға баға жетпес үлес қосқан осы әдіс тұсында болмысты таныту жолындағы ежелден келе жатқан *«суретші өмірді, дүниені қалай байқаса, солай бейнелеу керек»* деген қағида субъективтік әсердің тікелей жетегінде

кеткен. Импрессионистер табиғаттың тамаша мың құбылмалы лүпіл сәттеріне, өмірдің әсем құбылыстарына сырттай елітушілікке беріліп, болмыс пен кеңістік тынысын, дүниенің, тіршіліктің тепсініп буырқанған жойқын ағынын, күдіретін танытуды толайым ұмыт қалдырды. Уақыт рухын: бір сәттік сезімді көріністі, жылт етіп қылаң берер мөлдір әсерді бейнелеу басты мүддеге айналды.

Ақырында, импрессионизм кезінде – сонау он төртінші ғасырда Джотто тұсауын кескен, кейіннен Леонардо, Рафаэльдер байытып қанықтырған, бергі замандарда Тициан, Рембрандт секілді ұлылар зерлей түскен – суреттегі кеңістік концепциясы заңдылықтары да із-түссіз ғайып бола бастаған.

Алда не күтіп тұр? Бұл жолмен ілгері қарай жылжу – дүние, кеңістік туралы ғасырлар бойы тірнектеп жиналған ұлы жетістіктерді тәрк ету деген сөз. Импрессионизмді әрі қарай осы бағытпен жалғастыра берсе, онда өнер абстракцияның құрдымына кетері анық. Сондай-ақ, импрессионистердің сурет өнеріне әкеліп қосқан ғажап табыстарын талақ етіп, теріс айналу да – ат басындай саф алтыннан ада-күде айрылғанмен тең еді...

Олай болса өнерді апаттан құтқаратын жалғыз-ақ жол бар. Ол – кеңістікті де, уақытты да тұтас сомдап, өмірді, табиғатты тепсінген тынысымен, буырқанған бұлқынысымен бедерлеуге қабілеті бар танымның жаңа жүйесін жасау. Бірақ ол асқақ ерлік кімнің қолынан келеді? Кім?.. Кім?..

* * *

Ол адам – дербес қолтаңбасын ешкім түсінбей, қайта-қайта мазаққа, тәлкекке ұшырай берген соң, тұлан тұта ашуланып, Парижді тастап кетіп қалған, бұл кезде Эксте елеусіз күн кешіп жатқан – Поль Сезанн болатын.

Жетпісінші жылдары импрессионизмге еліктеп, олардың көрмелерінде бой көрсеткенімен, Сезанн бұл топта өзін бөтен сезінді. Осыдан кейінгі жылдар төңірегінде оның бейнелеу мәнерінде соңғы ұрпақтар постимпрессионизм деп атайтын тосын сымбатты жаңа өнердің негіздері айғақтала бастаған. Әлемдік көркемөнер тарихында негізінен жиырмасыншы ғасырдан бастап қана жыл қайыратын *Жаңаша дәуірдің* тұла бойы тұңғышы ретінде танылып, әуелде жұрт тосырқай қабылдаған бұл көркемдік әдістің алғашқы уығын Сезанн жападан-жалғыз жүріп шаншыды. Кейіннен қарқарадай боп постимпрессионизмге келіп ат

басын тірейтін болашақ әріптестері ол жылдары оның жанында бола алған жоқ. Винсент Ван Гог қолына қылқаламды жаңа ұстаған, Поль Гоген сурет салуды енді-енді ғана мұрат тұтып келе жатты. Тулуз-Лотрек әлі бозбала еді.

* * *

Жалғыздық...

Париждегілер оның бұл өмірде бар-жоғынан хабарсыз. Сезанн сырт дүниемен байланысын мүлде доғарған. 1886 жылы банкир әкесі қайтыс болғаннан кейін одан қалған мұраға иеленген. Енді алқымнан алатын жоқшылық азабын ойлаудың қажеті жоқ. Бар есіл-дерті – сурет,.. сурет... Күні бойы қала сыртында салынған шеберханасында жұмыс істейді, не тауды, орман-тоғайды кезіп, көрініс жазады. Бұл шақта ол қылқаламы төселіп, өзіндік қолтаңбасы қалыптасқан қылқаламшы.

Шығармашылығының негізгі өзегі – табиғат, туған мекеннің табиғаты, адамдары. Сезанн сомдаған туындыларда, мейлі ол табиғат көрінісі – тау, тас, ағаш; мейлі жансыз заттарды бейнелеген натюрморт болсын – солардың бәрінен де буырқанған күш-қуаттың, өмірдің жойқын тынысының рухы сезіледі. Сезанның кескіндеген таулары астынан лапылдаған от-жалын кернеп, булыққан жанартау іспеттес. Жартасты жарып шыққан қарағайлардан күре тамыры солқылдап соғып тұрған алапат тіршіліктің тыныс-дүрсілі естіледі. Оның пейзаждарында табиғат дүрлігіп, қимыл-қозғалысқа еніп дөңбекшиді, тербеледі, теңселеді. «*Әулие Виктория тауы*», «*Гарданна төңірегі*», «*Понтузадағы жол*», «*Марна жағалауы*» сияқты туындылардың тұла бойынан өмірдің бұлқынысты рухы, кеңістік пен уақыт бірлігі, жігі ыдырамас тұтастық символы атойлап көрініс береді.

Сезанн тек пейзаждарға ғана емес, XIX ғасырда елеусіз белең берген натюрмортқа да терең философиялық мән-мағына, дүние-танымдық зерделі толғаныс алып келді. «*Шабдалы мен алмұрттар*», «*Апельсин мен алмалары бар натюрморт*», «*Көк бокалды натюрморт*», «*Перделі натюрморт*», «*Қазоты мен жемістер*»... секілді жансыз заттар кескінделген суреттерге назар салғанда, көрерменді ырықсыз терең ойларға шомдыратын, әлдеқандай бір мазасыздық, мұнар-мұнар тебіреністер мен толғаныстардың дүмпүйі сезілетін жойқын қуаттың тепсінген серпіні

байқалады. Осындай сәттерде Сезанның: «*Бүкіл Парижді жалғыз алмамен дүрліктіргім келеді*», – деп айтуында да нендей мән бар екенін түйсінгендейсіз.

Сезанн алмасы. Әдетте қайсыбір сурет туындыларындағы алманы көргенде: «Шіркін, мына алма дәмді шығар», – деп тамсануға бейім тұратынымыз бар. Ал Сезанн салған алма туралы: «Мынау не деген құдірет», – деп тәнті қалуға ыңғай бересіз. Оның алмаларының өн бойында санаға әсер етер мол танымдық қуаттар бар.

Суретшінің Париждегі Импрессионистер музейінде тұрған «*Апельсин мен алмалары бар натюрморт*» деп аталатын туындысы оның осы жанрдағы ең жауһар дүниесі. Қылқалам шеберінің жемістерді жазудағы аса бір зерек байқампаздығына таңданбасқа шара жоқ. Сіз алмалар мен апельсиндерге қарау үстінде, олардан бүлк-бүлк соққан өмір дүрсілін, тіршілік тынысын сезінесіз. Уылжи піскен жемістер енді болмаса үсті еңіс үстел бетінен бері қарай домалап кетердей, бірақ олар көзге байқала бермейтін тылсым қасиеттердің арқасында өз орындарынан тапжылар емес. Бүктетілген орамал сырғып түсу алдында, бірақ оны әлдеқандай бір күш ұстап тұр.

Табиғаттың терең сырлы құпияларының бүлк-бүлк соққан тамырын тап басып, тани білген қылқалам құдіреттілігінің, ой мен өре биіктігінің көрінісі бұл.

Сезанн натюрморттарында бейнеленетін осынау алмалар мен алмұрттар, шабдалылар мен апельсиндер, құмыралар мен тәрелкелер... осы тұрғыдан алғанда да «өздерінің тілі», «түгесілмес тылсым құпиялары бар», «жанды заттар» ретінде пайымдалады.

Оның натюрморттары – бүкіл болмыс-бітімімен мәністі қимыл-қозғалысқа, тартылыс пен серпіліс күшіне, ширақ та шымыр ырғаққа толы әлем. Дәл осы, алып отырған нысанын солқылдаған тіршілік қуатына кенелдіріп, жаңа таным мен пайым рухына қанықтырып көлденең тартатын суреткер ерекшелігі – «бүкіл Парижді дүрліктірер Сезанн алмасы» ұғымының да түп қазығы осыдан келіп шыққан.

Суретшінің портрет жанрында сомдаған саңлақ толағай туындылары, өнер қуған кейінгі ұрпақ үшін ұлы үлгілердің қатарында саналады. Солардың бірі Мәскеудегі Бейнелеу өнері музейінің мүлкі – «*Автопортрет*». Сізді сырбаз бейнелілікке қол жеткізген тылсым тәсілдер қайран қалдырмай қоймайды. Кең маңдайда әжімдер жоқ – бірақ егделік бар. Көздердің ағы мен қарасы мұқият екшелмеген,

бірақ қадай, зерттей қараған назар бар. Портрет жер түстес, көкжасыл орман түстес бояумен араласа жазылған. Бұнда да, адам табиғаттың бір сынығы деген көкейтесті мүдде жатыр. Алдыңызда аса зерделілікпен табиғат танымының тұңғық құпияларын түйсіне біліп, бейнелеудің соны, күрделі заңдылықтарын ашқан дана ойшылдың портреті. Петербор Эрмитажындағы «Шылым шегуші», «Көгілдір киімді келіншек» секілді портреттерде де Поль Сезанн образ тұтастығын бейнелеуге аса назар аударып, соқталы образдар мүсіндейді.

* * *

...Сезанның көрмелерге қатыспағанына, бөгде жұртпен араласпағанына жиырма жылға жуық уақыт өтті. Бірақ оның аты-жөні бұл кезде біраз ортада белгілі бола бастаған. Сонау жылдары оны Писсарро, Ренуар, Моне сынды суретшілердің аз тобы ғана таныған еді. Қазір Сезанн есімді жұмбақ суретшіге қызығушылардың саны бір қаралы. Жұмбақ дейтіні – бір түкпірде хабарсыз жатқан оны көп жұрт өмірде жоқ, аты аңызға айналған адам деп ұғады. Одан қалған аз-кем із – Парижде бояу сатумен айналысатын Танги әкейдің дүкенінде шаң басып ілулі тұрған суреттер ғана. Бір кезде солардың бірнешеуін Поль Гоген деген әуесқой суретші қызығып сатып алған. Ана жылдары дүкенге келіп-кетіп жүретін Ван-Гог есімді, мінезі шадырлау саржағал жігіт осы суреттердің алдында көп айналсоқтайтын. Кейін-кейін, әсіресе жас суретшілер, Сезанның туындыларына ерекше қызыға үйірсектейтін әдет тапқан...

* * *

Өмірден әбден тауы қайтып запы болған Сезанн өз өнеріне көп жұрттың ынтық екеніне, өзінің әйгілі суретші дәрежесіне жеткеніне сенгісі келмейді. Бірде Экске жақын жерде сурет салумен айналысып жатқан әйгілі қылқаламшы Клод Моне оны бірнеше әріптестеріне қосып қонаққа шақырады. Сезанн жұрттың ең соңынан келген. Ол орнына отырғаннан кейін Моне өзінің ескі досының көңілін көтерем деген шынайы ниетпен, осы дастарқан басында отырғандардың бәрінің оны пір тұтатынын, оның суреттерінің теңдесі жоқ туындылар екенін айта бастаған...

Ол сөзін бітірген кезде манадан бері басын төмен салып отырған Сезанн оған қарайды. Қарайды да екі көзінен парлап аққан жасын тия алмай: «Енді сіз, Моне, сіз де мені

мазақтайын дедіңіз бе?» – деген сөзді кемсеңдеп әзер айтып, орнынан атып тұрып, суретшілерді аң-таң қалдырған күйі қоштаспастан кетіп қалады.

Сезанн бұл кезде елу бес жаста еді.

* * *

Ақырында, 1895 жылы Сезанн елу алты жасқа жеткенде ғана, суретшілер туындыларымен сауда жасауды кәсіп ететін Амбруз Воллар оны арнайы іздеп жүріп тауып алып, Париждегі шағын галереясында оның тұңғыш көрмесін ұйымдастырады. Мақтауы мен даттауы аралас пікір таласы ду етіп көтерілген. Дегенмен, көп жұрт үшін Сезан қолтаңбасының әлі түсініксіз күйде қала беретіні де байқалған.

Воллар Экске қайта келіп, әр үйдің қорасында, шоланында, шатырында қоқыстарға араласып жатқан оның суреттерін жиып-теріп, үш жылдан кейін екінші көрмені ұйымдастырады, сосын, арада бір жыл өткесін оны тағы да қайталайды.

Бұл кезде өнер сыншылары Сезанн жайлы азды-көпті сөз айта бастап, оның суреттерін сатып алушылар да көбейе түскен.

1904 жылы Күзгі салонның бір залына түгелдей Сезанн туындылары ілінді. Осыдан кейін-ақ, ол Париж жұрты үшін атақты суретшілер қатарына бірден көтеріліп шыға келді. Суретшілер мен өнертанушылар, коллекционерлер мен сурет саудагерлері енді Сезаннмен арнайы жолығу үшін Экске қарай ағылатынды шығарды. Әйтсе де, кешігіп жеткен даңғаза даңққа Сезанн аса еліге қоймайды.

Кейінгі жылдары тұла бойын ауру азабы меңдегеніне қарамастан, қарт суретші бар қызықты тек қылқаламнан тапқандай. Жұмыс... жұмыс... Зерделі ізденіске толы зейнетті жұмыс...

«Үздіксіз жұмыс істеу менің бастаған жолымның дұрыс екенін одан әрі дәлелдеуге тиіс», – дейді ол. Өзінің бау-шарбағына қарайтын бағбаны Вальенің портретін салуға кіріскенде. «Егер мен осы портретті ойымдағыдай жаза алсам, онда мен ұстанған теорияның тура болғаны» деп жазады. Біраз жылдар бұрын бастап қойып, бұған дейін әлденеше нұсқаларын салған, бірақ аяқтадым деп есептей алмаған «*Суға шомылушылар*» атты туындысына қайта-қайта ой көзімен оралады. «Мен мұны бітірдім деп түйіп айта алмаймын», – дейді суретші.

Науқасы күшейген сайын өзінің күні жақын қалғанын да іштей сезінеді. Бірақ жұмысынан қол үзбейді. Өзіне аса үлкен талап қоя отырып, алға қойған мақсатына, танымның асқар биігіне одан әрі жақындай, жуықтай түсуді көздейді. Қолы жеткен нұрлы табыстарды айқын сезіне отырып, әлі де көңіл көкжиегінде қол бұлғап тұрған мінсіздікті аңсайды. Бәлкім, ол бастап, ірге тасын өріп берген үлкен де өрелі істі болашақ ұрпақ әрі ұластырып әкететін болар. «Мен өзгермелі таным дамуы жолындағы өз соқпағы бар асумын. Оны әрі қарай басқалар жалғастыруға тиіс...», – дейді ол бірде өзімен жолығу үшін Экске арнайы келген суретшілерге.

Ол бір күні этюд жазып тауда жүргенінде қатты нәсерге ұрынады. Жол үстінде ессіз-түссіз жатқан суретшіні кездейсоқ ұшырасқан адамдар үйіне алып келеді. Ал, жеті күннен кейін, дәл айтқанда, 1906 жылдың 22 қазанында, суретшінің демі мәңгілікке үзілген.

* * *

Жаңаша дәуірдің бейнелеу өнеріне өзінің танымдық, зерделік тұрғыдағы терең ойлы, кең де кемел тынысты шығармашылығымен бастау болған Сезанның жиырмасыншы ғасырдың көркем ойына тигізген әсері орасан. Оны өздеріне бас ұстаз ретінде таныған суретшілердің арасынан, кейіннен жаңа ғасыр көгінде үркердей жарқырап көрінген Матисс, Пикассо, Брак, Леже, Гуттузо... сынды күрделі де күрескер рухтың асқақ иелері шықты...

1973 жыл.

2. ТАЛ ТҮСТЕ АТЫЛҒАН ТАПАНША

«Дүниеде адамды сүюден артық
шынайы көркемдік жоқ».
«Суретшілер жер қойнында жатып та,
кейінгі ұрпақпен тілдесе алады».

Винсент Ван Гог

Жаңбырдан кейінгі ауа қандай таза, мөлдір. Бар маң әлгінде ғана төгіп-төгіп өткен жауыннан соң кең тыныс алып, жаймашуақ бір күйге еніп тұр. Сонау көкжиекке дейін созылып, бірін-бірі қуалай жалғасып жатқан буы бұрқыраған тарау-тарау көкөніс жүйектерінен танау қытықтар әдемі бір иістің лебі ескендей. Қызыл шатырлы аппақ үйлер де жауын суына шомылғаннан кейін ерекше райланып, тұла бойымен сылана қалыпты. Мейірі қанған құнарлы жер бар шырайында. Мөлт-мөлт су тамшылары қонақтаған ағаш жапырақтары біресе көкжасылданып, біресе күреңітіп мың құбылады. Қалың шалғын арасынан шоқ-шоқ алқызыл гүлдер желкілдейді. Арғы тұста өтіп бара жатқан отарбадан шыққан түтін ақ мамық іспеттес. Ұлпа-ұлпа болып аспанда жеңіл қалықтап тұр. Бар маңнан шаттық әуенді тіршіліктің шадыман тынысы сезіледі...

Арада бірнеше күн өткенде, тал түс мезгілінде, дәл осы «*Овер даласындағы жаңбырдан кейінгі пейзаж*» атты туындыда бейнеленген тыныштықты қақ жара бұзып, шаңқ еткен тапанша даусы естілді. Ал екі тәуліктен кейін, 1890 жылдың 20 шілдесінде сол оқтың зардабынан Голландия топырағында туған ұлы суретшілердің бірі Винсент Ван Гог өмірден қайтты. Қасірет пен азапқа толы қысқа өмір еді бұл. Ол отыз жеті жасқа енді ғана шыққан болатын.

* * *

Нақұрыс...

Көп жұрт оны осындай адам деп ұғынды. Оның шығармашылығы есі ауысқандықтың белгісі ретінде бағаланып, барлық уақытта жұпыны, жүдеу, аш жүретін адамнан туысқандары ғана емес, суретшілер де араларын аулақ салуға тырысты. Оған, сен өзіңнің түкке тұрғысыз суреттеріңмен ешкімге керек емессің деген ой, талай рет

бүкпесіз айтылды да. Тіпті тілдерінен майы тамған, қолдары жеңіл делдалдар да оның бітімі бөлек туындыларын жұртқа өткізе алмады. Ван Гогтың көзі тірісінде оның тек бір ғана шығармасын сатуға мүмкіндік туған. Суретті сатып алушы адам өзін, бәлкім, ұлы суреткердің туындысын мүліктеп тұрмын деп, сірә, ойлай қоймаған да болар. Оны ең алдымен *«Арльдегі алқызыл жүзімдіктер»* деп аталатын шырайлы шығарманың арзанқол бағасы қызықтырған еді.

1890 жылдың басында Брюссельдегі көрмеде саудаға түскен осы суретті біз бүгіндері Мәскеудегі А. С. Пушкин атындағы Бейнелеу өнері музейі қалаулы мүліктерінің бірі ретінде білеміз. Ол Ресейге кейіннен – Ван Гог есімі көпке енді танылып, әлемнің аты шулы музейлері оның туындыларын меншіктеуді мақсатқа айналдыра бастаған шақта – коллекционер Шукин арқылы жеткен болатын.

* * *

Голландиядағы Гроот Зюндерт қаласындағы дін уағызшысының отбасында дүниеге келген Винсент еңбекке он алты жасынан бастап араласты. Үлкен ұлының тезірек өзімен-өзі болып, аяғын тең басып кетуін діттеген қарт әке оны сурет туындыларын сатумен айналысатын сауда фирмасына қызметке орналастырады. Дегенмен де, табиғатынан көңілі алай-түлей құштар ойларға толы, нәзік сезімді жігітті ә дегеннен-ақ, саудагерлік жұмыс аса үйіріп кете қоймаған. Алайда, ұлы суретшілердің шығармаларымен жақын таныстық, оның алдына сонау бала кезден армандап, қиялдап жүрген тылсымы мол іңкәр әлемді жақын алып келгендей. Ол сан түсті бояуларды өз еріктеріне бағындырып, көкейдегі ойлары мен сезімдерін кенеп бетінде мың құбылтып бейнелей алатын суретшілік өнерге қызыға бастайды.

Бірақ жас жігітке суретшілікті мұрат тұтқанға дейін әлі талай жылдар бар болатын. Винсент әзірше делдал. Бұл кезде одан тек басқа суретшілердің туындыларын мақтап, тігісін жатқызып, сылап-сипап жұртқа көбірек өткізу міндеті ғана талап етілмек.

Фирма сапарымен ол әуелі Гаагада, сосын Лондонда, біраз уақыт Парижде тұрып қызмет етеді, дегенмен қаншама жер көретін, ел көретін мүмкіндіктер көп болса да, өз қызметіне ырза емес. Оған жансыз, әрсіз суреттерді көпекөрнеу өтірік мақтаудан қиын нәрсе жоқ. Дәті шыдай

бермейді. Әрі бұл ойын жасырмайды да. Фирма басшыларының тіке бетіне айтады. Винсенттің өзін қоршаған дүниедегі қараулық пен әділетсіздік атаулыға алғашқы қарсылығы осылай басталған. Әйткенмен, ол көп ұзамай бұл қылықтарына кесімді жауап та алады. «Ақсүйектердің сән-салтанатты өмірін, бай-патшалардың тұрмысын бейнелеген суреттерді мақтап өткізе алмайды екенсің, сенің онда бізге қажетің жоқ», – деген оған...

Осы шақта ол махаббат тақсіретіне де ұшырайды. Винсент Лондондағы өзі тұрған пәтер иесінің сүйкімді, қылықты қызы Урсуланы «аспандағы айым, көктегі жұлдызым сен боларсың», деп сезінген. Бірақ Урсула жас жігіт жүрегінен лаулап шыққан өрт сезімді түсіне алмады. Ерке бойжеткен Голландиядан келген жұпыны өмірлі, саржағал жігіттің өзі күте қоймаған тосын қылығын мазақ етіп ұзақ күлген.

Әрі жұмыстан қуылып, әрі үміт еткен махаббаты сәтсіздікке ұшыраған, өзін бақытсыз, жалғыз сезінген Винсент бөтен қаланың тұманды көшелерін аралап жүріп ұзақ кезді. Ақыры, бір шешімге келгендей.

Бар тірлік: делдалдық та, мені сайқымазақ етіп күлген Урсула да қараң қалсын, мен енді әке жолын қуып дін уағызшысы боламын.

Енді оның Тәңірі іліміне жан-тәнімен беріле қызмет етіп, адам тақсіретін азайтуға араласпақ ойы бар. Сол мақсатпен Бельгияға келіп дін уағызы ісіне кіріседі. Бұнда да өз бойында ана сүтімен қалыптасқан, бар адамға жақсылық істесем деген адал ниеттен танбай Боринаж шахтерлерінің жүдеу, аянышты өміріне жанашырлық білдіріп, олардың жағдайын жақсарту жолдарын іздестіреді. Қасіреттерін бірге бөлісіп, қайғыларына ортақтасады.

Алайда, бұнда да оған өз қызметін «лайық атқара алмады» деген кінаға ұшыраған. «Жұртты, інжілде айтылғандай, қиыншылықтарға мойынсұнуды уағыздаудың орнына, шахтерлердің ереуілін қолдайтын адамның бізге қажеті шамалы», деп мін таққан оған дін басылары.

* * *

Винсенттің бұдан кейінгі «қылықтары» да оның туған-туысқандарын қатты ренішке ұшырата бастайды. Баласының сомадай жігіт болғанша, өмірден өз жолын таппағанына, кейінгі кездерде отбасы намысына тиетін кейбір түсініксіз тірліктерге де барып, қайдағы бір, ешкімге керегі де, қадірі

де жоқ «әсерсіз суреттер» салуға шын еліктей бастағанын байқаған қарт әке бір күні қатты ашуланып: «Сенің енді біздің үйден кеткенің дұрыс болар», дейді.

Туғандарының ортасында Винсентті түсінетін бір-ақ адам бар. Ол оның өзінен төрт жас кіші інісі Тео. Сонау балалық шақтан бірін-бірі қимас көңілмен жақсы көріп кеткен ағайындылардың осы қарым-қатынасы, кейіннен көпке белгілі жүрек тебіренер елжіреген қимастыққа айналады.

Туған үйден алғаш рет алысқа ұзап шыққаннан бастап Винсент інісіне хат жазуды әдетке алған болатын. Ол өзі жіберген сол хаттарды Теоның кішкентай сандықшаға салып, ұзақ жылдар бойы қастерлеп жинап жүргенін білмейтін. «Тео, айналайын, сүйікті інім менің...», – деп басталатын дәл сол хаттар кейіннен Ван Гог атты ұлы суретшіге қатысты ең қымбат қазынаның қатарынан саналып, оның дүниеге, өнерге қатысты өзекжарды ойларын, жалғыздықтың, елемеушіліктің тауқыметін тартқан адамның ышқынған үнін әлемге мәшһүр еткен асыл мұраларға айналып еді.

* * *

Ван Гог сурет салу өнеріне бой ұруды жиырма жетіге шыққанда ғана қолға алды. Әдетте, бұл жаста бейнелеу өнерін мұрат тұтқан адамдар көрмелерге қатысып, аттары аз да болса әйгіленіп жататыны белгілі. Ал Винсенттің осы соқтықпалы, соқпалы сапардағы тәй-тәй қадамы енді ғана басталғалы тұрды. Суреткерлік танымның күрделі бітімін санада түйсініп, терең байыптап ұғынғанша оның әлі талай қиын белестерді, ауыр жолды өтуіне тура келетін еді.

Оның Брюссельде, Антверпенде кескіндемешілік өнерді үйрену барысында, одан кейін туған үйінде жүргенде сомдаған алғашқы туындыларынан-ақ өзгеше бір сурет мәнерінің иісі аңқығандай. Әйгілі «*Картон жеушілер*» осы кезде дүниеге келеді.

«Тео, айналайын, сүйікті інім менің... Маған сурет салуды жақсы үйрену үшін ең алдымен қарындаш, көмір, қылқаламмен жұмыс істеуді әбден меңгеру керек. Осыған қолым жеткен кезде ғана, мен қайда да болса жақсы дүниелер жасай аламын... Боринажда да – көне Венеция, Арабия, Бретань, Нормандия, Пикердиядағыдай ғажап туындылар сомдауға болады...».

«...Қарындаш, акварель, офортты әбден меңгеріп алғаннан кейін, менің шахтерлер қаласына қайта оралып, осы уақытқа дейін дұрыстап кірісе алмаған жұмысымды қайта бастауыма мүмкіндік туады. Бірақ, ол үшін алдымен шеберлікке төселу керек», – деп ақтарылады ол інісіне жазған хаттарында.

Ақырында, осы шымыр шеберлікке үйренсем деген ынтықтық – оны сол шақтағы бейнелеу өнерін мұрат тұтушылардың бас орталығы Парижге алып келеді. Сурет туындыларын сатумен айналысуды қалаулы кәсіп қылып, біраз жылдардан бері осы қалада сурет галереясын ұстайтын інісі Теомен қайта қауышады.

Інісінің галереясындағы өзі бұрын естіп жүретін импрессионистер туындыларымен алғашқы таныстық, оны таң-тамаша қалдырған. Осында ол Мане, Ренуар, Моне, Писсарро, Дега сынды суретшілердің қолтаңбасын тұңғыш рет кеңінен зерделеуге мүмкіндік алады. Олардың сырлы ізденістерін пайымдауға тырысады. Осында ол болашақта өзімен бірге постимпрессионизм өнерінің белді қайраткерлері атанатын Гоген мен Тулуз-Лотрекке кездеседі. Әңгімелері жарасатын жақын достарға айналады.

Әлбетте, Винсент өзіне әлі де үйрене, іздене түсу керектігін сезінеді. Ол алдымен ресми өнер өкілдерінің бірі Фэликс Кормонның Монмартрдегі шеберханасында өтетін кескіндеме сабақтарына қатысып, қолтаңба қарымын шыңдау тәлімдерін алуды қажет деп тапқан.

Кормон өзіне келіп айналысуға тілек білдірген отыз үш жасар жирен жігіттің бояу жаққанына шошына қараған. Оның академиялық қағидаларды сақтау дегенімен жұмысы жоқ. Суретті сұмдық жылдам салады. Алдында тұрған нұсқаны дәл көшіру дегенді еш ескермейді. Кенеп бетіне басқаша сипаттағы бұрмаланған бейнелер туып жатады. Винсенттің бұл тірлігін шеберханадағы қалған шәкірттер де әжуа етіп күлген: «Жынды...»

Бірте-бірте Ван Гог өзін алғашқыда аса тәнті қалдырған импрессионизм өнерінің, әсерлі көріністер өнерінің – өзі көксеген айқын суреткерлік мүдде емес екендігін де сезіне бастағандай. Винсент олардан тек бояудың сиқырлы қасиеттерін ұтымды пайдаланудың, бейнелеудің бұрын өзіне белгісіз болып келген әдіс-тәсілдерін қарымды қолданудың жолдарын үйрене отырып жаңа мәнерлер табуға талпыныс жасайды.

Ол бар ынты-шынтымен зерделі ізденістерге: «көгілдір,

қызыл, жасыл, сары, күлгін түстерді» тереңдеп тануға кірісіп кеткен. Нәтиже де жоқ емес. Бедерлеу түзілістерінің күннен-күнге ажарлана, күрделілене, құнарлана түскенін байқайды. Винсенттің осы шақта сомдаған туындыларының қатарында *«Клиши бульвары»*, *«Кафедегі әйел»*, *«Тамбурин»*, *«Танги әкей»* секілді айтулы туындылар бар.

* * *

1888 жылдың ақпанында Францияның күнгеінде орналасқан Арль қалашығының тұрғындары көше-көшені кезіп, тұратын үй мен шеберхана іздеп жүрген, үстінде сүйретілген шапаны, басында ешкі терісінен жасаған құлақшыны, езуінде түтіндеген қорқоры бар бейтаныс адамды көре алатын еді.

Бұл «көгілдір реңктер мен айқын бояулар өлкесі» Прованске жетуді көптен аңсап күткен Винсент Ван Гог болатын. Ол осында, шырайлы оңтүстік табиғаты ортасында, өзі Парижде жүрген кезде ашқан ажарлы бояулар әлемінің құпияларын тереңірек сезіну мақсатымен келген еді. Және осы мекенде көптен бері көкейінде қоздап жүрген арманы – суретшілердің өзара қоян-қолтық бауырласа отырып жұмыс істеу мүддесін құнттайтын «Оңтүстік шеберханасын» ұйымдастыруды ойлайды.

«Менің есім кете қарағаным сонша, бұл нағыз Жапония емес не екен деп те ойладым», – деп жазады Винсент інісіне. Арль – суретшінің қиялында осының алдындағы жылдарда ғана Париж жұртының аса қызығушылығын тудырған Хокусай, Утаморо, Хиросиганың гравюраларында бейнеленетін сонау алыстағы жұмбақ Жапония секілді көрініс бергендей болған.

Арль кезеңі – суретші шығармашылығындағы ең жемісті әрі оның қиын ғұмырындағы ең дүрбелеңі көп мезеттер. Ван Гог бұл мекенде жүйке науқасы қозып, жұрттан оқшау жалғыздық күн кешсе де, аштық, жалаңаштыққа ұрынса да, олар суретші бойында лапылдап жанған шабыт отына бөгет бола алған жоқ. Таңғаларлық өнімді еңбек етті. Екі жылдай уақытқа созылған осы кезеңде Винсент екі жүзге жуық сурет салады. Әрі қандай туындылар! Олардың өмірге, дүниеге деген іңкәр құштарлық, тіршіліктің буырқанып тепсінген тынысын терең байыптай білу шеберлігі қадау-қадау күйде көрініс береді.

Әйгілі *«Пістелер»*, *«Түнгі кафе»*, *«Жасыл егістік»*, *«Прованстегі жол»*, *«Зәйтүн тоғайы»*, әлденеше

автопортреттер; осы күндері Мәскеудегі Бейнелеу өнері музейінің мүліктері болып отырған *«Арльдің алқызыл жүзімдіктері»*, *«Тұтқындардың бой жазуы»*, *«Сент-Меридегі теңіз»*, Эрмитаж қорындағы *«Арль ханымдары»*, *«Бұта»*, *«Арльдегі арена»*, *«Шатырлы үйлер»* секілді жауһар шығармалар сол кезеңнің жемістері.

Алайда, қаншама шырайлы, бітімді туындылар сомдап жатса да, оның шығармашылығын әлі ешкім дұрыстап түсінер емес. Ван-Гогтың суреттерін ешкімнің сатып алғысы жоқ. Ол бұрынғысынша Парижде тұратын інісі Теодан келетін қаржымен ғана ілдалап күн көреді.

* * *

Винсенттің қуанышында шек жоқ. Арльге оның талай айлар бойы асыға күткен адамы Поль Гоген келді. Ол Гогеннің жаңашылдық үрдістегі өнерін сырттай аса құрмет тұтады. Егер де екеуіміз бірлесе еңбек етсек, көптен ойда жүрген талай үлкен істерді тындырамыз анық деп сенеді. Сол мақсатпен оны қоярда-қоймай Арльге қайта-қайта шақырған да өзі. Енді, міне, өзі әу бастан ойлап жүрген *«Оңтүстік шеберханасы»* деп аталатын тамаша бірлестікті құру ісі ақыры жүзеге асатын болды, деп қуанған. Әлбетте, Гоген екеуіміздің оны аяғынан тік тұрғызатынымыз кәміл деп иланған.

Әйтсе де, алғашқы кезде бір-біріне деген жақсы ілтипатпен басталған, бұл серіктестік ұзаққа созылмады, мінездер қақтығысы басталған. Ван-Гогтың лапылдаған қиялилығы – Гогеннің салқынқандылығымен; мейірбандық пейіл – өркөкіректікпен; ақтарыла ағынан жарылу – өзін-өзі жоғары қоюшылықпен ұшырасқан. Шынымен-ақ, ол үміттенген *«Оңтүстік шеберханасы»* туралы қиялдың жүзеге аспағаны ма? Көптен көздеген ниеттің үзілгені ме бұл? Өзінше армандап жүрген шығармашылық достықтың ойдағыдай жүзеге аса қоймағаны Винсентті іштей қатты қиналыстарға да түсіреді. Осындай сәттерде ол өзін-өзі ұстай алмай да қалады.

Бір күні екеуі кафеде отырғанда ол шарап толы ыдысты Гогеннің бетіне лақтырды. Гоген әзер дегенде жалтарып үлгерген. Содан кейін ол шағын денелі Винсентті қаусыра құшақтап алған күйі кафеден алып шығып, үйге әкеліп жатқызған.

Тағы бірде кешқұрым көшеге қыдырыстауға шыққан

Гоген артынан жақындап келіп қалған, өзіне соншама таныс, асығыс аяқ дыбысын естіп жалт бұрылған. Сол сәтте өзіне жалаңаш ұстарамен ұмтылған Винсентті көрген. Бірақ ол мұның тесіле қараған жанарына шыдай алмады да қалт тұрып қалған. Сосын ләм деместен кілт бұрылып, кейін қарай жүгіре жөнелген.

Гоген бұдан кейін Винсентпен бір бөлмеде түнеуге жүрегі дауаламай, мейманханаға барып жайғасады. Ал бұл кезде олар мекендейтін шақшиған ыстық күн астында орналасқан сары үйде нағыз драмалық оқиға жүріп жатты. Үйге оралғаннан кейін әлгінде ғана сұмдық тірлік істей жаздағанына шошынған Винсент бар зілзала ашуды өзіне төгіп, қолындағы ұстарамен сол құлағын кеседі де тастайды...

Бұдан кейінгі оқиғаны Арль тұрғындарына жергілікті «Форюм републикен» газеті былай деп хабарлады: «Өткен жексенбі күні түнгі сағат он бір жарымда Голландиядан келген, кәсібі суретші, Винсент Ван Гог деген біреу № 1 көпшілік үйіне келіп, Рашель деген таныс әйелін сыртқа шақырып алады. Сосын оған қағазға мұқият оралған өзінің кесілген құлағын ұсынады да «Көзіңнің қарашығындай сақта» деп тапсырып кетіп қалады. Бұл оқиғаны естіген полиция азанда тіке сол адамның үйіне келіп, оны өз төсегінде ессіз-түссіз қанға бөгіп жатқан жерінен табады. Сорлы жан дереу ауруханаға жеткізілді».

Ван Гогтың есімі баспасөз бетінде тұңғыш рет осылай аталып еді.

Гоген болған жай туралы тез Теоға хабар береді де, өзі Арль қаласынан аттанып кетеді.

Бәрі бітті. «Оңтүстік шеберханасының» өмірі ұзақ болмады. Ол көксеген ұлы арман жүзеге аспады. Винсент ауруханаға келгеннен кейін қатты мазасызданып, долданып, айғай-шу көтеріп ешкімге көнбей қояды. Ақыры, дәрігерлер оны қояншық аурулардың қасына әкеп жатқызып, тыныштандырғыш дәрі салуға мәжбүр болады.

Олар Винсент Ван Гог есінен ауысты деп тапқан...

* * *

Суретшінің бұдан кейінгі өмірі негізінен емханаларда өтеді. Арль ауруханасының дәрігері Рей (Ван-Гогтың дәрігер Рейді бейнелеген портреті бұл күндері Мәскеудегі Бейнелеу өнері музейінің мүлкі) оның сауығып кетуіне қолдан келген көмегін аямайды. Алайда, Винсенттің қайта-қайта ұстап қала

беретін жүйке ауруынан құлан таза жазылып кетуінің де қиынға соғатын түрі бар. Арль тұрғындары да жақында өздерінің көз алдында өткен шулы оқиғадан кейін, бір құлағын таңып алған осы бір адамнан бойларын аулақ салуға тырысады. Бұрын да жұртқа түсініксіз «суретші» деген кәсібі бар, бас киіміне самсата орнатқан май шамның жарығымен түн ортасына дейін айғыз-айғыз бояу сызатын, мінезі шадыр, тірлігі түсініксіз жан, енді олар үшін есі дұрыс адам емес ретінде байқалған. Ол көшеге шыққанда артынан балалар тас лақтырып, «есалаң» деп мазақ етер еді.

Ақырында, бір күні Арль тұрғындары Винсент Ван Гогты қаладан аластату туралы отыз адам қол қойған арыздарын қала мәріне әкеліп тапсырады. Осыдан кейін-ақ Винсентке сол төңіректе орналасқан Сен-Поль монастырындағы есі ауысқандардың емханасына келіп байыз тапқаннан басқа шара қалмаған-ды. «Деганың нотариустік жұмысты қалағаны секілді, маған да саналы түрде жындының роліне ауысуға тура келіп тұр», – дейді ол інісіне жазған хатында.

Оқта-текте қайталап қалатын ұстамалы науқасынан сау кездерде ол тынымсыз еңбек етеді. Емханадағы қайырымды дәрігер Пейрон оған бір бөлмені шеберхана ретінде босатып берген. Винсенттің бойында сурет салуға деген жаңа бір құштарлық оянғандай. Ол егіс далаларын, жүзімдіктерді, зәйтүн ағаштарын, жұлдыздарды, гүлдерді, адам портреттерін жазады. Суреттердегі дөңбекшіген өршіл рух серпінін, шуаққа, өмірге деген іңкәрлікті, буырқанған шаттықты түйсіне отырып, осы бір туындылар аурудан азап шеккен қамкөңіл адамның қолынан шықты дегенге илану да қиын. Ол бейнелеген дүниелердің бәрі шамырқана шапшыған алапат қуатқа ие. Суреттер лаулаған өрт, жарқылдаған жай оғы іспеттес...

Ол Теоға жолдаған хаттарында былай деп жазады:

«...Өмірде және сонымен бірге өнерде мен құдайсыз тірлік кеше алуға дайынмын, бірақ мен ...одан зорырақ нәрсе, бар ғұмырымның мәні болып есептелетін сурет салу мүмкіндігінсіз өмір сүре алмаймын»...

«...Мен суретті адамдарды жалықтыру үшін емес, оларды пейілдендіру, олардың назарын көп жұртқа әлі де белгісіз жақтарға тереңірек аудару үшін саламын»...

«...Мен жұмыс кезінде жазуға тиіс көріністерімді әсірелей бейнелеймін, кейде оны өзгертемін, бірақ та бүкіл суретті түгелдей ойдан шығармаймын, керісінше, мен оны

табиғаттан дайын күйінде табамын. Барлық мәселенің түп-төркіні оны сол ортадан қалай қолға іліктіруде жатыр»...

Ван Гог – өз шығармашылығымен әлемдік бейнелеу өнері тарихындағы *Жаңаша дәуірдің* алғашқы перзенті болған постимпрессионизм ағымының көрнекті өкілдерінің бірі. Осынау жаңашыл өнердің басты ұраны болған *«Тек көргенімді ғана емес, сонымен бірге білгенімді, сезгенімді бейнелеймін»*, деген ұғым Ван Гогқа да тікелей қатысты. Өзінің он жылға ғана созылған қысқа шығармашылық өмірінің бастапқы кезеңінің өзінде, «мені кей суретшілердің белгілі бір нәрсені сол күйі фотографиялық дәлдікпен кескіндейтіні әбден жалықтырып бітті», – деп ащы шындықты ортаға тартқан ол өз туындыларында өмір мен тіршілікті бейнелеуде ізерлі суреткерлігімен танылды.

Винсент Ван Гог туындыларынан қоршаған дүниенің сан әуенді тынысын сезінесің. Табиғаттың, болмыстың үздіксіз қозғалысқа түсіп, ылғи да өзгеріп, құбылып отыратын қалпы оның шығармаларында жан-жақты сипатта ағыл-тегіл көрініс береді. Ван Гог суреттеріндегі егістік алқаптарының, ағаштардың, бұталардың, үйлердің теңіз толқындары іспеттес қозғалысқа түсіп, астарынан жанартаудың қуаты сезілгендей болуы тегін емес. Бұнда жер мен табиғат қойнауындағы солқылдап соғып тұрған алапат тіршіліктің тепсінген рухын тамаша түйсіне алған суреткердің тұңғыық біліктілігі жатыр. Оның осы уақытта салған *«Егін жинау»*, *«Арльдегі жазғы кеш»*, *«Жұлдызды түн»*, *«Кипаристі астық алқабы»*, *«Зәйтүн ағаштары»* және басқа да туындыларынан дәл осы шеберлік нақыштары айқын аңғарылады.

* * *

...Күн артынан күн, ай артынан ай өтіп жатыр. Бірақ оның шығармашылығын әлі ешкім таныр емес. Сол жалғыздық. Сол жүдеу тіршілік. Жұрт сияқты отбасы құру да әлдеқашан ұмыт қалған. Винсент талай жылдар бойғы азапты бейнетінің осы күнге дейін ешқандай мұратқа жеткізбегеніне өкінеді. Өзінің әлі де сол бұрынғыша інісі Теоның алақанына қарап отырғанына қамығады. Енді не істеген жөн? Осындай жан-дүниеге салмақ түсіретін күйзеліс сәттерінде оның ауруы қайта-қайта ұстап қала береді. Науқасы да сол күйі бері қарамай қойды. Мүмкін, оның денсаулығының жөнделуіне солтүстік ауасы қажет шығар.

Ақырында тағы да Теоның араласуымен ол елу үш апта

мекендеген Сен-Поль монастырын тастап 1890 жылдың көктемінде Францияның теріскейіндегі Овер өңіріне қоныс аударады. Бұл жерде жаңаша бейнелеу өнерінің білгірі, дәрігер Гашенің қарауында емделеді. Гаше оның суреттеріне жоғары баға берген алғашқы адамдардың бірі.

Солтүстік ауасы расында да Ван Гогке жаққан сияқты. Ол еш уақытта да дәл мұндай жұмыс істеген емес. Күн сайын далаға көрініс жазуға шығып, кем дегенде бір суретті бітіріп қайтады. *«Астық алқабы»*, *«Шоғыр ағаш»*, *«Овердегі шіркеу»*, *«Добиньи бауы»*, *«Гаше дәрігер»*, *«Овердегі жаңбырдан кейінгі пейзаж»*, *«Бидай алқабы үстіндегі қарғалар»*... Ол осында өткен тоғыз апта ішінде жетпіс туынды жазып бітіреді.

Бірақ не пайда, оларды керек етіп жүрген кім бар? Винсент кейінгі кездері өзін мазалап жүрген дүрбелең ойлар орманына тағы да қамалғандай, құтыла алар емес. Кім ол? Бақытсыз, сорлы біреу. Оның әлі күнге дейін Теоға артық салмақ болып жүргенінің өзі дұрыс емес. Байғұс Тео, бұл оған қанша әбігер алып келді, қаншама жүк болды. Інісі жақында ғана үйленген, енді ол жас жұбайлардың бақытына нұқсан келтіруі де мүмкін? Жоқ, бұлай бола бергені жөн емес?!...

Винсент 1890 жылғы шілденің 27-і күні де әдеттегіше, бояулары мен көрініс жазатын сүйеніш тақтасын арқалап далаға келген. Шілденің аптап ыстығы астында сандала ұзақ жүрді. Өзіне-өзі күбірлеп сөйлеген: «Мүмкін емес, мүмкін емес». Овер қорғанының жанына келген кезде кілт аялдады. Қолындағы мольбертін сабан үйіндісіне сүйеді. Сосын көп ойланбастан, қалтасына салып ала шыққан тапаншасын кеудесіне тақады да шүріппені тартып қалды. Бітті. Бәрі де бітті. Ол кешкен азапты өмір, қасірет, талай жылдар бойы бойғы меңдеген ауру, бәрі-бәрі енді жайына қалды.

Ол құлап бара жатып, жан қалтасындағы інісіне жіберіп үлгере алмаған хатты сипалады. Әдеттегіше, жолдар арасында салынған шағын суреттері бар ол хаттың бір жерінде былай деп жазылған еді: «...Сен *«Добиньи бауының»* суретіне назар саларсың. Бұл менің ең мықты жұмыстарымның бірі. Мен оған ескі сабан шатырлардың суреті және... жаңбырдан кейінгі даланың көрінісі бейнеленген пейзажды қосамын...»

Ол жүрегінен көздеген еді. Бірақ оқ жүректі жанап өтіп, сәл төмен тұстан тиді. Қансырап біраз жатқасын, ауыр жарақатына қарамастан орнынан сүйретіле тұрып, өзі

мекендейтін мейманханаға ілби жүріп әзер жетті. Ешкім оның даладан оралғанын байқамай да қалған. Мейманхана иесі іңір кезінде ғана ол кешкі тамаққа шықпағасын, не болғанын білмек боп бөлмеге кіргенде, Ван Гог төсегінде теріс қарап қанға бөгіп жатты. Қожайын дереу дәрігер Гашені шақыртады. Гаше келген кезде Винсент оған өзіне-өзі қол жұмсағанын айтып, Теоға хабар бере көрмеңіздер, деп жалынған. Бірақ дәрігер жараны көріп, оқты алуға өзінің шамасы келмейтінін сезгеннен кейін, тіке Теоға хабар жіберді. Інісі оны алысымен-ақ, ертеңіне Оверге жеткен. «Жылама, бәріміз үшін ең дұрысы осы», – деді Винсент оны көргенде. Сосын: «Бәрібір тірі қалсам да көңілім жарым боп жүрер еді», – деген. Дәл осылай санасы айқын күйде жатып, сол түні көз жұмды.

Ван Гогты өзі талай рет аса бір сүйсіне жазған биік төбенің басындағы бейітке, табытының үстіне хош иісті пістелерді қойып жерледі...

Арада төрт айдай уақыт өткен кезде ағасының сурет көрмесін ұйымдастырумен қызу айналысып жүрген Тео да күтпеген жерден жүйке ауруына шалдығып, бар-жоғы екі ай ғана қиналып, Голландияда дүниеден қайтты. Оның науқасының себебі көрсетілген анықтама қағазда: «Тұқым қуалаушылық, шамадан тыс шаршау мен қайғы-қасірет; өзін-өзі көп қинайтын жан-дүние күйзелістеріне толы өмір сүрген», – деп жазылды...

* * *

Ал арада бірнеше жыл өткеннен кейін бүкіл әлемнің ірі көрмелерінде Винсент Ван Гог суреттерінің салтанатты шеруі басталды да кетті. Көзі тірі кезінде ешкімге еленбей, көп жапа шеккен, жынды қатарында саналып, ақыр соңында өзіне-өзі оқ жұмсауға дейін барған қамкөңіл суретшінің ғұмыр бойы көксеген арманы ол өлгеннен кейін, осылайша, жүзеге асқан.

Қайран Винсент, Овер даласында қансырап жатқан кезде, бірер жылдан кейін дүниені дүрліктірер осы даңғаза атақ-даңқ туралы ойлауға шамасы келді ме екен!? Бәлкім, шілденің шіліңгір жексенбісі күні талтүсте атылған тапанша даусы, Ван Гогке тиесілі сол дулы атақ-даңқтың келуін жеделдеткен жаңғырық та болған шығар?

Кім білсін...

1974 жыл.

3. ТАҢСЫҚ МЕКЕН ТУРАЛЫ ТАҢСЫҚ СЫР

«Өзінің мольберті алдында
суретші – өткеннің де, бүгіннің де,
табиғаттың да, ортаның да құлы емес.
Ол – өзі, тағы да өзі, барлық уақытта өзі».
«Сурет салу дегеніміз – тек
мұнтаздай қылып қана салу емес».

Поль Гоген.
«Майлаушының жазбалары»

Басын сүйеіп, аузына су тамызатын адам да болмады. Талай жылдан бері қан қақсатып келе жатқан кеселден тұла бойы іріп-шіріген, көзі көр болудың аз-ақ алдындағы дәрменсіз адам өзінің бамбук сабағынан өрілген үйшігінде жападан жалғыз жатып көз жұмды. Алқымнан шенгелдеп алған ажалмен ғұмырының ақтық сәттерінде қалай арпалысқанын да бір тірі пенде көре алған жоқ.

Сүйекті көп сақтауға тропикалық ыстық мұрсат бермейді. Апыл-ғұпыл дөрекі жонылған табыт оның денесін аралдың қызғылт топырағы астына алып кетті. Жалғыздықтың, жалқылықтың белгісіндей оқшаулана жас мола томпиды. Бейіт басында табытты көтерісіп келген төрт жергілікті тұрғын мен оны өзіне жақын тартып жүретін жайма дүкені бар саудагер көршісінен басқа жан адам болған жоқ. Жаназа да шығарылмады, қоштасу сөздер де айтылмады.

Тек үш аптадан кейін ғана отаршылдардың аралдағы рухани уағызшысы, епископ Мартеннің Париждегі өз басқармасына жолдаған хатында ол туралы мынадай бір-екі жол ғана қоса жазылды: «Мұндағы жалғыз көрнекті уақиға сол – кәсібі суретші, тәңіріге және бар пәтуалы іске қарсы Гоген деген жексұрын адам қайтыс болды»...

* * *

Әрине, Полинезия теңіздеріндегі Маркиз аралдарына кіретін алақандай ғана Атуона тұрғындары дәл сол күні, 1903 жылдың 8 майында, аз мезгілден кейін-ақ есімі жұрт аузында ардақталатын Поль Гоген сынды ұлы суреткердің дүниеден қайтқанын сезген жоқ еді. Оның үйін сатып алған адам Гогеннің артында қалған суреттерін, гравюраларын,

ағаштан жонған мүсіндерін, жазған қағаздарын қоқыс төгетін шұңқырға тастап, өртеп жіберді. Үй иесі әлденеше жылдардан кейін осы дүниелердің өзін ырғын байытып жіберетін құдіреті барлығынан беймағлұм болатын.

* * *

Поль Гоген... XIX ғасырдың бейнелеу өнері тарихында жеке тағдыры мен шығармашылығы дәл осындай қоян-қолтық қабысқан, дәл осындай бөле-жарып атауға келмейтін сипатта көрініс беретін суретшіні табу қиын-ақ. Оның күрделі өмірбаяны жайлы сөз еткенде, тосын сырлы өнері, жарқын бояулы туындылары жайлы сөз еткенде, қиын-қыстау тағдырлы өмірбаяны қадау-қадау күйде қосқабат алға тартылады.

Әуелде туысқандары мен таныстары оны дәл осы суретшілік өнерді қуып кетеді деп, сірә да, ойлай қоймаған болатын. Шынында да, 23 жасқа жеткенше қолына қылқалам ұстап көрмеген адам туралы басқаша қалай жоруға керек.

Ол жиырма жасынан бастап сауда флотының теңізшісі болып мұхиттарды шарлады. Бірнеше жыл матростық өмірдің ащы-тұщысын татқаннан кейін, туған қаласы Парижге оралды. Өзінің алыстан қосылатын бай туысқандарының көмегімен биржаға орналасып, делдалдық қызметпен айналысты. Бірден өз әріптестері арасында жұмысқа ептілігімен, банкінің күрделі операцияларын дөңгелетіп алып кететін іскерлігімен көзге түскен. Соның арқасында тез арада-ақ жағдайын оңдап, тұрмысын түзеп алды. Қызметтестерінің біразы жұмысқа өзінің жеке пәуескесімен келіп-кетіп жүретін оған қызыға да, қызғана да қарайтын. Әркім үшін де Гоген өз жөнін, өзінің өмірлік бағдарын айқын тапқан адам секілді көрінетін.

Копенгагеннен Парижге қыдырып келген жас даниялық қыз Мэттенің оған құлай берілуінде де, Гогеннің банкідегі осы болашағы зор жұмысының әсері болмай қалған жоқ. Жас Мэтте бұл адаммен өз көкейінде арман болып ұялаған сән-салтанаты мол тіршілікті бірлесе жүріп кеше алатындығына әбден сенген еді. Сөйтіп, Гогенге тұрмысқа шығады. Бұл ретте ерінің бос уақыты табыла қалған сәттерде сурет салумен айналысатындығын әшейін бос ермек деп қана түсінген. Гогеннің есі кете тамсанып жүріп Маненің, Писсарроның, Сислейдің, Сезанның, Ренуардың, Моненің туындыларын сатып алып, үйге жинайтындығына да аса көңіл аударма бермейтін. Қаражат жетіп тұрғанда оның несі

сөкеттік. Құдайға шүкір, тұрмыстарына кінә арта алмайды. Баршылық. Дәл осы, өзі жай қызығушылық деп жүрген нәрсе – кейіннен ері үшін басты өмірлік мақсатқа айналып кете қояды деген ой үш ұйықтаса да түсіне кірмеген.

Ал бұл кезде Гоген бойында екі ұдай мүдде ұдайы шайқасумен жүр еді. Оның бір жағына шығу керектігі күннен-күнге сананы жегідей жейтін түйткіл мазасыздыққа айналған. Не – биржадағы делдалдық, не – суретшілік.

Гоген 1875 жылы өзі салған алғашқы туындыларының бірін қобалжи тұрып, импрессионистер көшбасшысы Эдуард Манеге көрсетті. «Сіздің дүниеніз маған тым ұнап тұр», – деген Мане. Сонда бұл: «Мен тек әуесқой суретші ғанамын», дегенде, ол: «Жо-жоқ, о не дегеніңіз, әуесқойлар деп әдетте нашар сурет салатындарды ғана айтар болар», – деп риза болғандығын білдірген.

Ол ақырындап Монмартрдегі суретшілер бас қосатын кафелерге келіп, импрессионистер арасындағы әңгіме-дүкендер мен пікір таластарына құлақ түргенді әдетке айналдыра бастайды. Писсарромен жақын танысып, оның үйіне бір барғанында Сезаннмен ұшырасады. Импрессионистер көрмелерінде алғашқы туындыларымен көрінеді. Солардың бірінде ол Эмиль Золяның үзеңгілес шәкірттерінің бірі, өнер білгірі Гюисманстың назарына іліккен. Ол Гогенді: «...шынайы бітімді шығарма сомдай алған тума талант», – деп бағалаған.

Бітті. Ол үшін енді екі ойлы боп жүрудің түкке де қажеті жоқ. Ол енді суретшілікті біржола қалады. Бүкіл туған-туысқандарын, әйелін бұлқан-талқан күйге түсіріп, он бір жыл бойы істеген биржадағы кеңқолтық жұмысын, ауқатты өмір сүргізіп отырған жағдайын тәрк етіп, түгел болмысымен жаңа кәсіпке ауды. Көп жұрт үшін оның бұл әрекеті есі дұрыс адам істейтін тірлік секілді көрінбеген. «Не жетпейді екен? Бақытты отағасы. Бес баланың әкесі. Жылдық табысы 40 мың франк, биржадағы жұмысы, эне! Қағанағы қарқ, сағанағы сарқ күн кешіп жүрген адам барлығын да осы бір айғыз-айғыз бояу сызатын майлаушылыққа бола талақ етіп тастап кетті. Айтуға да ұят»...

* * *

Алғашқы туындылары жөнінде айтылған аз-кем мақтау пікірлер көңілге демеу болып, жаңа кәсіпке күрт

ауысқанымен жолы ауыр басталды. Оны ешкім бірден көкке көтеріп әкеткен жоқ. Ол салған суреттерді танып бағалау жағы мардымсыз жүрді. Әсте, бұл сол кездегі жаңашыл өнерді мақсат тұтқан қылқалам иелерінің көбісіне тән қалып еді. Гогеннің суретшілікке түгелдей бет бұрғанын естігенде, оның ескі танысы Камилл Писсароның айтқаны да осыған саятын: «Гогенге жеткізіндер, – деген ол. – Менің сурет салумен айналысқаныма, міне, он үш жыл болды, бірақ әлі мұқтаждық шеңгелінен шыға алмай келемін. Осы жағын мықтап есте тұтсын».

Өз ұстазы сақтандырған дәл осы жай-күй көп ұзамай Гогеннің де басына түсіп еді. «Мен нағыз жоқшылық, аштық... дегеннің не екенін жақсы білемін, – деп жазды ол өмірінің соңғы жылдарында. – Дегенмен, олардың бәрі де ештеңе емес, оған да етің үйренеді. Егер сен басқа үйірілген бұл ауыртпалықтарға ырық бермей шыдай алар болсаң, түптеп келгенде, олардың бәрі де бір күндегідей болмай ұмытылады. Жоқшылықтың ең жаман зардабы сол – ол сенің беріліп жұмыс істеуіңе бөгет жасайды, ақыл-ойыңды тұсайды. Әсіресе, бұл ең алдымен, бір үзім нан үшін күрес, бүкіл өміріңнің жартысын, қияпат күш-қуатыңды алып кететін Париж немесе сол секілді үлкен қалалардағы беймаза тіршілікке қатысты. Талас жоқ, қиыншылық адамды одан әрі камшылай түсер. Бірақ өкініштісі сол – үсті-үстіне камшы тие бергесін ол адамға зорығып құлағаннан басқа шара да қалмайды».

Ауқатты тұрмыстан тез арада-ақ жоқшылыққа құлдилаған, суреттерін ешкім керек ете қоймаған Гоген отбасымен әйелінің төркіндері тұратын Копенгагенге келеді. Алайда, Францияда жұрт түсінбей жүрген қолтаңбамды теріскей елі ұғынар деген үмітті ой бұл жерде де опа таппайды. Оның әуірімімен ұйымдастырылған көрмесі академизм қағидаларын берік ұстанып қалған, әрі импрессионизмнің тосын мәнеріне көздері қанықпаған дат жұртшылығы тарапынан тас-талқан сынға ұшырайды. Бұдан кейін әйелінің бай төркіндері де, оны ашықтан-ашық шетқақпайлата бастайды. Олар Гогенді бар тірлігі өрескел «қарабайыр бояушы» өз орталарына тым үйлеспейтін, көзге шыққан сүйел іспетті пәтуасыз жан, деп ұғынады.

Гоген амал жоқ, бала-шағасын, әйелін Данияға тастап, қайыра Францияға кетеді. Сол шарасыз күн кешу қайта басталады. Әуелі Парижде, сосын суретшілер көп үйірсектейтін – табиғаты көрікті Бретань аймағында бір жаз

тұрып сурет салады. Өз жағдайымды түзеп алсам деген үміт, жаңа ізденістерге талпыныс оны қарындасы мен күйеу баласы тұратын Оңтүстік Америкаға жетелейді. Бір жағынан солардың көмегімен аяғынан тік тұрып, қаражат жинап алмақ та ниетте. Бірақ, онда да қайыр таба алмайды. Жарты жылдан кейін қайтар жолының қаражатын белшеден жер қазып, қара жұмыс атқарып жүріп, эзер дегенде тауып, Францияға оралады.

Оның Мартиника аралында тұрғанда күнкөріс қамымен арпалыса жүріп сомдаған туындыларында бұрынғы суреттеріне қарағанда жарқын леп, ашық рең бар. Бұл кезеңде жазылған шығармаларына оның өзі де өте риза. Дегенмен, бұл мерзім ішінде басқа импрессионистер Парижді тастамай-ақ үлкен табыстарға жетіп үлгерген еді. Гогеннің жаңа шығармалары жұрт назарынан тағы да қағыс қалады.

Бірақ ешкімге керек болмай, шетқақпай қалған осы кездің өзінде де оның сурет сомдаудағы өзгеше қолтаңбасын жоғары бағалайтын адамдар табылмай қалған жоқ. Солардың санатында, оның ескі таныстары – ағайынды Ван Гогтар да бар еді.

Гоген мен Ван Гог.

Өз өнерлерін әуел баста импрессионизм бастауынан суарып, одан жан-жақты үйрене, тәрбиелене отырып, жаңа із, соны соқпақ тапқан қос суретші. Бірі – болмысты психологиялық толғанысты халге қанықтырып, лапылдата бейнелеудің; екіншісі – экзотикалық тосын тіршілікті символдық-декоративтік реңкке малындырып бедерлеудің шебері. Олар Арльдегі шеберханада ортақ мүддеге бас біріктіріп, иықтаса жүріп ұлы істер тындырып тастауды ойлайды. Әйткенмен, екеуі де өз орталарының қатыңқы қабағына ұшырап таяқ жеген, екеуі де сол кезең танымындағы түсініспеушіліктің зілзала әсерінен қағажушылыққа ұшыраған, қасіреттері ұқсас суретшілердің көксеген үдеден шыға алмаған бұл достығының Ван Гогтың өз құлағын өзі кесіп тастаумен аяқталғаны белгілі.

Мәңгілік достасуға тағдыр жазбады...

* * *

Оның Винсентпен бірге тұрғанда сомдаған туындылары да күткендегідей қабылданбай, елеусіз күйде қалады. Іштей өзінің шарасыздығына күйінеді. Енді не істеу керек? Қайда

барып пана таппақ, қайда барып күн кешкен жөн?! Жас болса, міне, 41-ге келді. Ал бұл шығармалары өтпей жүрген, болашағы мәлімсіз біреу...

Парижде тап осы елдің мәдени өміріндегі аса зор үлес алатын ірі шара өтіп жатты. Қала көркіне өзгеше тосын бітім қосқан, Эйфель мұнарасының дүниеге келуіне бірден-бір себепкер болған, 1889 жылғы бүкіл дүниежүзілік көрме еді ол. Гоген көрменің әртүрлі елдерге арналған қилы-қилы бөліктерін аралап жүргенде, әсіресе, француз отарларының тұрмыс-тіршілігін көрсеткен павильондарындағы экспозицияға таң-тамаша қалған. Оны Шығыс өмірі, сонау Оңтүстік теңіздеріндегі ыстық күн шуағына малынған, сыны бұзылмаған мамыражай тіршілік салттары үйіріп әкеткен. «Міне, қайда кету керек. Суретші үшін нағыз жерұйық мекендер осы емес пе?»

«...Жан-дүниеде тағы да бүлік, тағы да жұлқыныс. «Көксегенім Океанияға, Таити аралдарына жету, – дейді ол өз таныстарына. – Еуропадан екі қолымды төбеке қойып кетіп қалғым келеді. Ақшаның құлдығына түскен әділетсіз ортада, жұрты да, өнері де іріп-шіріген жерде тұра алатын емеспін. Еуропа өркениетінің тұяғы тимеген, болмысы, табиғаты, адамдары да бұзылмаған пәк мекенге баруға ынтықпын... Ақша атаулының дым керегі болмайтын сол аралда тұрып, өзімнің бейшаралықпен өткен күндерімді ұмытып, атақ-даңқ туралы ойламай, тек сурет салумен айналыссам деймін...». Сөйтіп, ақыр соңында, Еуропадан қиыр алыста жатқан сол мекенде қара жердің қойнына кірсем деймін».

Ол өз шығармашылығындағы жаңа, соқталы кезең алдында тұр еді.

Гогеннің өркениеттен қашпақ ниеті оған тілектес достарының көмегі арқасында, сол кездегі Париж газеттерінің қызыға сөз ететін тақырыптарының біріне айналады. Сапар алдында оның туындыларын сатуға арналған аукцион ұйымдастырылады. Аукционға жұрт назарын көбірек үйіруді діттеген мақалалардың арасында, әсіресе, символистер басылымы «Меркюр де Франсте» жарияланған сыншы Альбер Орьеңнің көлемді эссесі ерекше көзге түскен. Ол Гогеннің Мартиника, Бретань, Арльде салған туындыларын жоғары бағалай келіп, былай деп тұжырған:

«...Алайда, Гоген шығармалары қаншама әсерлі, ажарлы, көркем болғанымен, олардың бәрі дәл осы суретшінің біздің

қоғамнан тыс жерде сала алатын мүмкіндігімен салыстырғанда түк те емес. Гоген ең алдымен ғажап декоратор... Иә, иә қазір соңғы онжылдығы өтіп жатқан осы ғасырда біз осы тұлға арқылы, әзірше тек бір ғана ұлы декораторды танимыз... Дегенмен біздің, мынау, қаншама банкирлері мен ғалым инженерлері бар малғұн қоғамымыз осы бір қайталанбас талантқа өзінің тамаша шабытын ең кішкентай сарай қабырғаларында болса да жарқыратып ашуға мүмкіндік жасай алмай отыр. Ал біздің классикалық пантеондардың қабырғалары... түгелімен академия дүмшелерінің нәрсіз бояуларымен айғыздалған.

О, билеушілер әулеті, келер заман ұрпағының, адамзаттың әсемдікті тануға көзі ашылған күні, сіздерді лағнаттап, мазақ етіп, күлкіге айналдыратынын білсеңіздер етті. Ес жиыңыздар, бір мысқал болса да дені дұрыс пікір танытыңыздар, сіздердің араларыңызда ұлы декоратор жүр. Кеңістік, кеңістік беріңіздер оған!»

Бірақ та әлеумет алдына ағыл-тегіл ақтарыла тартылған бұл пікірмен ешкімнің жұмысы болмағанын біз жақсы білеміз. Оған «кеңістік те берілмеді», жағдай да жасалмады. Тағдыр талқысымен отбасынан, бала-шағасынан, ортасынан қол үзген қамкөңіл суретшінің қалған ғұмыры да күйзелісті, запырланды сәттерге толы. Оның ізденістері, өнердегі нұрлы табыстары ұдайы түсініспеушілік пен бағаламаушылықтың тас қамалына соғылумен болды.

Ал әзірше ол үмітті. Символист достарының арқасында аукционға қойылған барлық туындылары сатылып, жол қаражатын шығарған. 1891 жылдың 23 марты. Латын орамындағы символистердің «бас штабы» «Вольтер» кафесінде Гоген өзін Таитиге шығарып салушыларға арнап қонақасы ұйымдастырды. Дәмді тамақ үстінде оған бағышталған қошемет сөздер, романтикалық сапарына қатысты игі тілектер айтылды.

Арада бір апта өткенде Гоген Марсель портына келіп, Таитиге бет алған кемеге отырды.

* * *

Гоген және Таити. Бұл екі сөз адамдар санасында, міне, талай уақыттан бері қатар күйде көрініс беріп келеді. Оңтүстік теңіздерінде жатқан осынау оқшау аралға Гогенге дейін Кук, Мелвилл, Стивенсон секілді әйгілі саяхатшылар барды, зерттеулер жүргізді, жазды. Сөйтсе де, Таити аралы туралы әңгіме бола қалса, жұрт сол сәт ол саяхатшыларды

емес, Гогенді еске түсіреді. Керісінше, Поль Гоген деген сөз естілсе, санаға ол күн кешкен басқа мекендер – Париж, Бретань, Арль емес, бірден Таити оралады...

Алыс Океаниядағы Таити аралы – Гоген шығармашылығының мәртебесін көтерген, ең жауһар туындылары дүниеге келген құтты мекен.

Сөйтіп, ол Еуропа өркениетінен тым жыраққа кетіп қалсам деген ойына жеткендей болады. Теңіз жағасында кокос пен банан ағаштарының ортасынан үйшік салып алып, Еуропа үшін беймағлұм жұрттың бет-бедерін, өмірін, тіршілік қалыптарын кенеп беттеріне түсіре бастайды. *«Мені мен аспанның екі ортасында пандан жапырақтарымен жабылған шатырдан басқа ештеңе де жоқ... Бамбуктен өрілген маори үйшігі адамды тамыры солқылдаған тіршілік тынысынан, кеңістік пен шексіздіктен бөлмейді... Мен жасандылықтан ада-күде алыстап барамын, мен табиғаттың тылсым сырларын түбегейлі түсінуге кірістім».*

Шығармашылық талабына тоят таптырған тағдырға риза. Бел шешіп сурет салуға кірісіп кеткен. Жаңа махаббат тапқан. Гоген он үш жасар таитяндық қыз Техураға үйленеді.

Таитяндар өмірімен, арал табиғатымен байыпты таныстықтан кейін салынған шығармалардан жаңа танымдық жетістіктерді игерген қарымды қолтаңба қуаты айқын байқалады. Бүгіндері Эрмитаждың мүлкі болып отырған *«Әңгіме-дүкен»*, *«Тау баурайында»*, *«Таити әуендері»*, *«Жеміс ұстаған әйел»*; Мәскеудегі А.С.Пушкин атындағы Бейнелеу өнері музейіндегі *«Сен қызғанасың ба?»*, *«Тотықұстары бар пейзаж»*; Базель музейіндегі *«Базар»*; америкалық бай коллекционер Гудьир әулетінің жеке меншігіндегі атақты *«Манао тупанау»* («Әруақтар рухы») іспетті ажарлы туындылар – осы алғашқы жылдар ауқымында сомдалған шырайлы дүниелер.

Бірақ олардың ұлы шығармалар ретінде танылуына әлі көп уақыттар бар болатын.

Ал Париж бұл кезде бірқатар импрессионистерді өздері көкसेген даңқ тұғырына көтеріп те қойған. Моненің жылдық табысы 100 000 франкке айналды. Ренуардың көрмесі үлкен табыспен өтіп, ол бірден ұлы суретші ретінде танылды...

Олардың ескі танысы, Таитиде екі жылға жуық уақыт тұрғаннан кейін Францияға қайта оралған Гоген болса, Марсель портына қалтасының түбінде қалған төрт франк

ақшамен ғана жетті. Бар байлығы өзімен бірге әкеле жатқан Таитиде дүниеге келген алпыс алты туынды ғана. Суреттерін көрмеге қойып, жұртшылыққа өзінің жаңа бітімді шығармашылығы жөнінде есеп бермек ниетте. Бар Парижді тәнті қалдырсам дейді.

* * *

«Балаларыңыздың көңілдерін көтергіңіз келсе, Гогеннің көрмесіне жіберіңіздер. Олар дәрекі матаның үстінде шалжиып жатқан төрт қолды әйел денелерін бейнелеген айғыз-айғыз суреттер алдында тұрып мәз боп күлсін...». Оның Париждегі Дюран-Рюэль галереясында ашылған көрмесіне өнер сыншылары осындай баға берді. Гоген Еуропа салондарына сурет салу мәнерімен де, объектіні табуымен де тосын құбылыс алып келіп еді. Академизмге көздері қанығып қалған өнер сыншыларын оның шығармалары тым түсініксіз сипаттарымен таңдандырды. Олар шалғай арал тұрғындарының тіршілігін бейнелеген суреткер қолтаңбасын, күрделі де құнарлы бояу түзілістерін жетік пайымдауды, зерделеуді қажет деп таба қоймаған. Гоген туындыларының ортаға тартары – адамзат пен табиғаттың бөлінбес біртұтастықта екенін дәлелдеу, болмыстың қаз-қалпында сыны бұзылмай тұрған әлемін көрсету еді. Оның суреттері – таңсық мекен туралы таңсық сыр, автор танымы мен сезімінің салтанатты гимні.

Бояу, бояу, бояу... Сымбатты, сындарлы, жалқын бояу. Құмдақ жағалауда жайғасқан, үйшіктер алдында отырған, жеміс ағаштарының арасында жүрген таитяндықтар. Қапырыққа мүлги, селт етпей тұрған тылсым табиғат, саулай төгілген нұрлы шуақ. Бәрі де осынау жерұйық мекен жайлы сазды сыр толғайды.

Әйтсе де, оның шығармашылығын түсініп, бағалап жатқан адам шамалы. Үміті орындалмады. Еуропа оны көкке көтеріп кеткен жоқ. Оның туындылары туралы мадақтау сөздерден гөрі, мазақтау сөздер басым. Керағар пікірлер таласы да толастар емес. Тағы да сергелдең, тағы да жоқшылық алқымынан алғысы бар. Оны түсінбеді. Бәрін көрген, бәрін бастан кешкен Еуропа үшін тосын жай да емес еді бұл. Кезінде Рембрандты көкірегінен итерген, Бетховен мен Шуберттің ұлылығынан теріс айналған, Сезанның сырбаз суреттерін жоққа шығарған Еуропа ғой ол.

Жолы болмаған Гоген қайтадан Полинезияға, енді мәңгілікке аттанады.

* * *

Ол тек қана суретші емес, жүрдек қалам иесі де болды. Таити аралында өткізген жылдары туралы ол «Ноа Ноа» мен «Бұған дейін және бұдан кейін» атты кітаптар жазды. («Ноа Ноа» таити тілінде «хош иісті мекен» деген мағынаны білдіреді.) Бұл кітаптар әуелде оның шығармашылық бағыт-бағдарының қыр-сырын, кескіндемелік ізденістерінің сипатын байыптатаатын дүниелер ретінде ойластырылды. Әйтсе де, жазылу барысында суретшінің жеке тағдырына қатысты қою оқиғаларды кеңінен қамтыған, бөлекше бір мәнерлі ырғақта шымыр орындалған дербес әдеби шығармалар дүниеге келіп еді. Гоген бұл шығармаларында Таити табиғаты, онда мекен ететін адамдар туралы шынайы көңілмен ақтарыла сыр толғайды.

Ол өз кітаптарында, достары мен туыстарына жазған хаттарында Оңтүстік теңіздерін жайлаған, осынау жаны таза, ақпейіл халыққа буржуазиялық өркениет әкелуге тиіс кері әсер, індетті ықпалдар туралы ашына сөз етеді: «Бұндағы адамдардың бәрі өздерінің көңілдері шапқан тірлікпен айналысады, барғылары келген жеріне барады, келгілері келген жеріне келеді, кез келген үйге қонады, кез-келген үйден тамақ ішеді... және оған рахмет айту, ақы төлеу дегеннің не екенін білмейді. Бір-біріне қастығы жоқ. Олар ән салып, көңіл көтергенді жақсы көреді, еш уақытта ұрлық істемейді. Менің есігім өмірі жабылған емес... Сонда да оларды «тағылар» деп атайды-ау!..»

Өзінің қоғамына, маңайындағы әділетсіздікке, ұсақ халықтардың ғасырлар бойғы дәстүрін жоқ етуді көздеген сырт дүние шабуылына жаны күйіп, ренжіген адамның сөзі бұл. Батыстан үлкен кемелерге мініп жеткен қалың нөпір жай келе қоймаған еді. Олар қалталарына арзан әшекейлі сәндік заттарды, сырғалар мен моншақтарды басып алып, бұл аймақта бұрын ұшыраспаған аурулар мен індеттерді, діндері мен заңдарын ала келді. Қыздар күн нұры еркін өпкен кеуделерін арзанқол шүберекпен жапты, еркектер шарап ішіп қырқысатынды шығарды, теңіз суына, ұлуға табынатын жұрт қалқиған крестерге мінәжат етуге ауысты...

Гоген Еуропа өркениетінің тұяғы тимеген жерді көретін шығармын деген әу бастағы ынтық ойының орындалмағанына өкінеді. Ол Таити аралының бас қаласы Папэте туралы былай деп жазады: «Бұл өзімізді әбден мезі қылған Еуропа ғана емес – одан да өткен жағымсыз

сипаттағы, біздің әдеттерімізге, кері қасиеттеріміз бен ессіздіктерімізге тұрпайы еліктеген отаршылдық көрсекызарлығы бар Еуропа еді».

* * *

Ол Францияда екі жылдай болып Таитиге қайтып оралғаннан кейін Папэтеден аулағырақ тыншу мекенде тұрғанды қалайды. Аралдың батыс беткейіндегі табиғаты әсем тұста жергілікті ұсталардың көмегімен бамбуктен қиылған кең үйшік тұрғызады. Гоген арада өткен біраз үзілістен кейін шығармашылық қызу еңбекке қайтадан кірісуге мүмкіндік алған. Жаңа сюжеттер тарқатып, пейзаждар сомдайды.

Алайда, оның бұл төрт құбыласы түгел халі де ұзаққа бармаған. Францияда жүрген кезінде бірде бұзақылардың таяғына ұшыраудың зардабынан пайда болған аяғындағы ауыр жарақаты асқынып сыр бере бастайды. Ісік жайлап солқылдап ауырған аяқ мольберт алдында көп тұрғызбауға айналған. Ол бұндай кездерде амалсыздан қылқаламы мен бояуын бір шетке қоя салып, ауруын басатын дәрі қабылдап төсекке қисаюға мәжбүр болады. Егер Гогеннің шығармашылық темпераментін, оның өзі айтқандай, «бір кіріскеннен кейін тез аяқтан тастауға тырысатын» жұмыс істеу мәнерін ескерсек, бұл шарасыз үзілістердің туындылар түзілісі барысына әсер етері анық-тын. Әйткенмен, ол осы кезде сомдаған дүниелерінде де тұтастыққа, құнарлы түйіндерге үмтылады.

Әсіресе, бұл ретте суретшінің *«Король әйелі»* деп аталатын, қазір Мәскеудегі Бейнелеу өнері музейінде тұрған шығармасы ерекше назар аудартады. Таити табиғатының көк-жасыл, алтын-сары фоны үстінде жалаңаш әйел дәл Маненің «Олимпиясы» секілді жантайып жатыр. (Сөз арасында айта кететін жәйт, Гоген Маненің бұл туындысын өте жоғары бағалайтын және оның бір көшірмесін Таитиге де ала келген болатын). «Король әйелі» – түзілімі жағынан тек этнографиялық тип қана емес, еуропалық өркениетке үйлесе қоймайтын символдық бейне. Суретші онда академиялық дәстүр заңдылықтарын, анатомиялық қағидаларды, кеңістіктің масштабы мен құрылымын түгелдей сақтап бедерлеуді қажет деп таппаған. Гоген әйел сұлулығының тәкәппар бітімін, тұнжыр сезімталдығын, экзотикалық болмысын ажарлы табиғат көрінісімен астастыра мүсіндейді. Хош иісті манго ағашының гүлдері,

күреңіткен жапырақтар, күлгін түсті құмдауыт жағалау, көк теңіз бейнесі сурет ажарын қоюландыра, қанықтыра түседі...

Осы музей қорындағы Гогеннің және бір атақты туындысы – «*Жеміс жинау*». Монументалды, кең тынысты ырғақ. Жер бетіндегі өмірдің, адамдардың шадыман тірлігі мен бейқұт тыныштығы баяндылығының, мәңгіліктігінің символы іспеттес төрт тұлға... Сол жақтағы мынау шырайлы табиғатқа үнсіз табынғандай басын сәл иіп тұрған әйелдің қолында аппақ гүл шоғы... Көрерменге тіке қараған екінші әйел қолында қып-қызыл боп піскен жеміс салынған ыдыс... Үстінде кісісі бар күрең ат майса шөпті ақырын ғана ернімен үйкелейді... Ағаш көлеңкесінде ыстықтан қорғаланып ұйықтап жатқан ит... Бар маң мамыражай тыныштыққа мүлгіп тұр.

Төрт тұлға шымыр ырғақпен сомдалған мүсіндердей көрініс береді. Олардың әрқайсысының бойындағы қимыл-қозғалысты пайымдау – сол ырғақтың сындарлы түзілісіне қанығудан басталған. Құлаққа бір ауық Гогеннің замандасы, музыка құдіреттерінің бірі Равель «Болеросындағы» нақ-нақ әуенді колоритті қайырымдар келгендей болады... Адамдардың ағаштан жеміс жұлуы – әлдеқандай бір қастерлі әдет-ғұрыптарды орындау үрдістеріне де ұқсап кететіндей. Олардың қимылы асқақ та салтанатты. Европалық таным тұрғысынан қарағанда тым үлкен боп көрінетін жалаңаш табандарымен қасиетті жер-ананың мейірімді жылуын, тамыр соғысын тұла бойларымен сезінген халде. Бұл жер – олардың кіндік қаны тамған, махаббаттары мен бақыттары табылған, ата-бабаларының нешеме ғұмырлары өткен мекен...

* * *

Бірте-бірте тұла бойын меңдеп, асқына түскен ауру, аяғының қақсауы, бас айналуы, ақырындап жанарының кеми беруі оны болашағына, шығармашылығына деген сенімнен алшақтата түскендей. Суретшілік кәсіп арқылы тым болмаса өзінің осынау бейшара тіршілігін де қамтамасыз ете алмауы – оны күннен-күнге қамықтыра, күйзелте түседі. «Мен қазірдің өзінде осындағы жұртқа мың франк қарыздар болдым және қашан ақшалы болатынымды да білмеймін. Жара қаптаған аяғым қақсап, сырқырайды, дұрыс тамақтансам денсаулығымға көмек болар ма еді, ал менің бар талғажау ететінім – тек қана қара нан мен су ғана... Жуырда елуге ғана толады екем, бірақ мен қазірдің өзінде әбден

біткен адаммын, күшім де, үмітім де қалған жоқ... Кей-кейде өзіме-өзім қол жұмсағым да келеді», – дейді ол достарына жолдаған хаттарында.

Жығылған үстіне жұдырық. Осындай күйзелісті шақта Копенгагенде тұратын әйелі Меттеден келген қайғылы хат оны одан әрі тұралатып кеткен. Сонау жылдардан бері күйеуіне суық қабақ танытып жүрген әйелі тым қатқыл түрде оған он тоғыз жасар қызы Алинаның кенеттен қайтыс болғанын хабарлаған...

Өз басына түскен осыншама көп тақсіреттерді көтере алуға шамасы жетпейтіндігін сезінгендей болады. Енді бір ғана жол қалды деп ойлаған. «Бұл дүниеден кету керек». Аяғының жараларын емдеп жүрген бір құты мышьяк дәрісін қалтасына салып, ешкім бөгет болмасын деп тауға кетеді. Қалың ағаш арасындағы дөңестеу тұстағы алаңқайға шыққасын, жұмсақ шөптің үстіне жайғаса отырып құтыдағы бар ұнтақты түгел жұтады. Мышьяқтың мөлшері шамадан тыс артық болған болу керек, ол енді ғана есінен айрылып, мүлгіп бара жатқан кезде, жүрегі көтеріліп құсып жібереді. Онымен бірге біраз дәрі сыртқа қайта шыққан. Үйіне қайыра барып ұнтақ әкелуге әл-дәрмені болмаған ол, со бойы тропикалық ыстық күннің астында қозғалуға шамасы келмей жата береді. Іш сарайы күйіп-өргеніп, басы сынып кетердей боп ауырады. Осы қалпында бір күн, бір түн қыбырсыз жатып, тек ертеңіне ғана эзер дегенде орнынан тұрып үйіне қарай ілби бет алады.

Гоген өзін-өзі өлтіргісі келердің алдында «*Біз қайданбыз, кімбіз, қайда барамыз?*» деген зор көлемді туындысын сомдаған еді. Суретші оны өзінің рухани өсиетім деп атаған. Әлденеше адам бітімдері бейнеленіп, өн бойынан меланхолиялық, пессимистік әуен есетін бояу үйлесімдеріне қанық шығарма Гогеннің сол кездегі қамырық көңілі мен күйзелісті творчестволық халін біршама анықтағандай болады. Әрі бұны автордың туынды эпиграфы ретінде ақын Поль Верленнен алған: «Төніп тұр менің басыма алапат қара көлеңке, ұйықтай ғой енді, үмітім, ұйықтай ғой енді, арманым», – деген екі жол өлеңі де нақтылай түседі.

Ол сәтсіз аяқталған әрекетінің зардабынан эзер дегенде беті бері қарап, сыртқа шығып қимылдауға шамасы келген шақта, сонау бұдан он бес жыл бұрын банкідегі қызметін суретшілікке айырбастап кеткеннен бері тұңғыш рет – осы кәсібін тастауға бел буады. Оны мұндай шешімге келуге алқымынан шенгелдеп алған күнкөріс тауқыметі мәжбүр

еткен еді. Ол Папезтедегі бір кеңсеге сызу сызатын жұмысқа орналасады. Енді Гоген қысқа жібі күрмеуге эзер келетін ұсақ клерк. Жұмыстан бос уақытында ғана сурет салуға мүмкіндігі бар. Дегенмен, тіршілік тепкісіне қарсы қаншама арпалыс үстінде жүрсе де, оның құнарлы қылқаламы сол сындарлы қалпынан, жауһар туындыларды сомдау қасиетінен бір танбайды. Бүгіндері Париждегі Импрессионистер музейінің Гоген залында тұрған әйгілі «Ақбоз ат» осы шақта дүниеге келген шығарма.

* * *

Өзін өнерден аулақтатып әкетпек болған кіріптар өмірдің созылғанына екі жылдай уақыт өткенде, оған Парижден осы тіршілігін күрт өзгертетін ұсыныс-хат келіп жеткен. Хатты жазған суреттермен сауда жасауды кәсіп ететін Амбруз Воллар есімді жас жігіт. Өзгермелі уақыт талабына қай суретшінің дәл үйлесетіндігін тап басып, тани білу қабілетіне жетік бұл сурет саудагері бұдан бұрып қалың жұртшылыққа 1895 жылы Поль Сезанн көрмесін тұңғыш рет ұйымдастырып, оны ресми түрде кеңінен таныстырған адам ретінде де жақсы таныс болатын. Содан бері оның шаруасы дөңгеленіп, бұл кезде қалтасы тоқ қауымның бел ортасына көтеріліп те үлгерген.

Ол қиян алыстағы аралда бітімі бөлек туындылар сомдап жатқан Гогеннің кезекті бір пайда көзі болатындығын жіті сезініп оған хат арқылы шарт ұсынады. «Сіз маған жылына жиырма бес туынды жіберіп тұратын боласыз, мен олардың әрқайсысын екі жүз франктен сатып аламын және ай сайын үш жүз франк жалақы беремін, оған қоса сізді сурет салуға керекті барлық материалмен қамтамасыз етемін». Гогеннің де өмір бойы көксегені осындай келісім емес пе?! Ол көп ойланып жатпастан ұсынысты қабылдайтындығын білдіреді.

Еш нәрсеге алаңдамастан бел шешіп сурет салуға кірісетін мүмкіндік туғанына ырза. Енді көптен көңілін мазалап жүрген – Таитиден де жырақ жатқан мекенге кетсем деген арманын орындауға кіріседі. Бұл ретте оны Таитиден кемемен жүзгенде бес күндік жердегі Маркиз аралдары ынтықтырған. Гогеннің ойынша – онда Полинезия табиғаты мен туземдіктердің шынайы мәдениеті сол бағзы замандардағыдай сыны бұзылмаған күйде тұр.

Бірақ бұл жерде де отаршылдар мен дін иелерінің ықпалы аралдықтардың дәстүрлі өміріне талай өзгерістер енгізіп үлгерген еді. Гоген оны архипелагтағы Атуона

портына келіп түскен заматта-ақ байқаған. Кемеңі қарсы алған адамдардың киген киімінің өзінен еуропалық өмір салтының бұл аралға да әлдеқашан жан-жақты сипатымен жетіп қойғандығы ап-анық көрінген. Солай бола тұрса да, Маркиз аралдарының табиғаты мен тіршілігі Таитиге қарағанда, көп бұліне қоймаған еді. Әрі мұнда Оңтүстік теңіздерін мекендейтін ең сұлу халық – маркиздіктер тұратын. Олардың көбі ескіден қалған ғұрып бойынша бүкіл денелерін әрқилы әшекейлі сызықтармен бояп тастайтын...

Қайткен күнде де Гоген өзінің мекен-жай ауыстырғанына ренішті емес, дұрыс қадам болды деп есептейді. Жаңа ортаны зерделей тануға қызу кірісіп кеткен. Төбесі пальма жапырақтарымен жабылған кең шеберхана тұрғызып алған. Жұмысқа белсене араласқан алғашқы айлардың өзінде жиырмаға жуық шырайлы туындылар сомдайды. Олардың арасында қазір Париждегі Импрессионистр музейінде тұрған *«Зер түстес денелер»* мен *«Жағалаудағы салт аттылар»* секілді айтулы дүниелер де бар.

Бірақ Гогеннің шығармашылық шабытына енді тоят таптым ба деген бұл тірлігі де ұзаққа созыла қоймаған еді. Аяғының ауруы мен жүрек қағуы қайта қозып, үйден шығудан қалады. Қан қақсатқан дерт ұйқыдан да айырады. Аз да болса денесін зарлатқан ауруды басқысы, көз шырымын алғысы келіп әр түрлі дәрілер қабылдайды, олардың да көмегі болмай қалған кезде апиын тұнбасын ішуге көшеді.

Іштей, бәлкім, Еуропаға қайта оралып мықты дәрігерлерге көрінсем, кеселімнен жазылармын деп те үміттенеді. Бұл ойын өзімен хат алысатын ескі досы, суретші Даниэль де Монфредке білдіреді. Ауруының тым асқынып, емделуден кеткендігіне сенгісі келмейді. Оның дертінен хабардар Даниэль Гогенге бұл ойынан қайту керектігін сыпайы түрде түсіндіре отырып, оған болашақта ақиқатқа саятын мына жолдарды жазған: «Егер сен дәл қазір оралар болсаң, жұртшылықтың саған деген қатынасында енді өрістеп келе жатқан жақсы нышандарды бүлдіруің мүмкін. Өйткені, сен бұл күнде алыстағы Оңтүстік теңіздерінен бізге бір қарағанда дүниеден баз кешіп кеткендей боп көрінетін үлкен суреткердің ала бөтен бітімді таңғажайып дүниелерін, толыққанды туындыларын жіберіп тұратын атың аңызға айналған ерекше тағдырлы суретшісің. Сенің жауларың да (барлық жаңашылдар секілді сен де өзіңе көп жау таптың емес пе) үнсіз тынып қалған, олардың саған қарсы сөз

айтуға, тіпті ол туралы ойлауға да дәрмені жоқ. Сен тым алыстасың... Сен бұл өмірден кеткен барлық ұлы тұлғалар секілді қол жетпейтін биікке айналдың; сен қазірдің өзінде өнер тарихынан өз орныңды ойып тұрып алып қойдың».

Бұл хатты алған кезде Гогеннің өзі де Еуропаға қайтудың қажет емес екендігін түйсінген халде болатын. Шамам келсе әрі қарай бастаған ісімді жалғастыра бергенім, оны көздегенімдей аяқтағаным жөн деген тұжырымға келген. Асқынған дерті сурет салуға мүмкіндік бермеген шақтарда қолына қалам алады. Өнер туралы, өмір туралы, ойларын қағазға түсіреді. «Майлаушының жазғандары» деп аталған ол эсселерді Гоген қобалжи отырып Парижге, «Меркюр де Франс» басылымына жіберген. (Бірақ ол өкінішке қарай, тек... елу жылдан кейін ғана жарық көрді).

Жергілікті тұрғындар құқығын ашықтан-ашық аяққа таптаған аралдағы отаршылдар әкімшілігі, дін уағызшылары тарапынан болған әділетсіздіктерге, заңсыздықтарға қарсылық білдіреді. Аралдың байырғы жұртын қорғап арашаға түседі. Әрине, Гогеннің бұл іс-әрекеті отаршыл билік орындарына жаға қоймаған. Олар Гогенге жақсылап сабақ үйрету керек деп табады. Суретшіге әкімшілік қызметіне жөнсіз қол сұқты деген айып тағылып, абақтыға жабу жөніндегі шешім қабылданады.

Онсыз да ауру азабы меңдеп, қамкөңіл күйде жүрген Гогенді бұл үкім қатты ашындырады. Тікелей Папәтедегі жандармерия бастығына өзіне жасалып отырған бар қиянаттың түп-төркіндерін ашып көрсететін ұзақ хат жазады: «Мені бейшара болған қорғансыз адамдарға ара түскеніме бола соттап отыр... Не деген әділетсіздік. Аңдар да арнайы заңдармен қорғалады емес пе?..»

Осы хатты жазудың өзі де әл-дәрмені қалмаған Гогенге көп күш болған еді. Ол хатты кемемен жібергеннен кейін бір апта бойы үйінен шықпай жатып алады. Бүкіл денесі қан қақсап, әлденеше рет есінен танады...

Гогеннің бұл дүниеден кеткенін бірінші боп білген адам, оған күнде келіп халін біліп тұратын көршісі Тиоко еді. Ол суретші досының үйіне әдеттегідей сәске кезінде келгенде, Гогеннің кереует үстінде бір аяғын жерге салбыратып жіберіп жатқанын көреді. Орнынан тұрсын деп дауыстап үн қатады. Жауап болмайды. Сол кезде ғана Тиоконың басына мүмкін Гоген өліп қалған шығар деген ой келеді. Сосын бұл күдігін тексеру үшін маркиздіктердің тәсілімен Гогеннің басынан қатты тістеп алады. Ол сонда да қыбырсыз қалған.

Осыдан кейін ғана барып Тиоко жіңішке даусымен жоқтау айта бастайды.

Гогеннің төсегі жанындағы жәшік үстінде апиын тұнбасының бос құтысы тұрды. Кейіннен талай әңгімеге өзек болған құты еді ол. «Бәлкім, ауру азабы қатты қинаған кезде тезірек өле салғысы кеп дәрінің көп дозасын әдейі ішкен де шығар», – десті бірқатар жұрт. Ал біраз адам: «Ол құтының бұған дейін бос тұруы да ғажап емес қой», – деген.

* * *

Гогеннің қайтыс болғанына үш жыл өткен кезде, оның екі жүзден астам суреттері қойылған Париждегі көрмеде марқұм суретшінің бар зәбір-жапалы өмірінде ұдайы көксеумен келген арманы жүзеге асқан. Оны сыншылар да, жұртшылық та бір ауыздан ұлы суретші ретінде таныған...

Париждегі Импрессионистер музейінде тұрған Гоген шығармалары аса көп емес. Ұлы суретшінің көп туындылары кезінде басқа елдердің мұражайлары мен жеке адамдардың меншігіне айналған. Осы ретте оның ең бай коллекцияларының бірі ХХ ғасыр басындағы орыстың көзі қарақты меценаттарының арқасында Ресей жерінде жинақталғанын айта кету керек.. Қазіргі кезде постимпрессионизм мәнеріне қатысты нұрлы түзілістер таркатқан үлкен суреткердің ең жауһар дүниелері қатарында саналатын он бес шығармасы Петербор Эрмитажының, он төрт шығармасы Мәскеудегі А. С. Пушкин атындағы Мемлекеттік Бейнелеу өнері музейінің қалаулы мүліктері болып отыр...

1973 жыл.

4. МҮСІН ПАТШАЛЫҒЫНЫҢ ПАДИШАСЫ

Ымыраға көнбес нағыз шыншыл болыңыз.
Өзіңіздің сезінген құбылысыңызды тіпті ол
көпшілік қабылдаған ойға қарсы болса да
бейнелеуден ешқашан қорықпаңыз. Мүмкін
сізді бірден түсінбес. Бірақ бұл жалғыздық
халіңіз ұзаққа бармайды. Сізде көп
кешікпей-ақ достар пайда болады.
Нағыз шындық бір адамға ғана емес,
көпке де әсер етуге тиіс».

(О. Роден. «Өсиеттер»)

Әке жалғыз ұлын осындай пәтуасыз тірлікке қызыға қояды деп сірә да ойламаған. Огюстің кішкентай кезінен қолына түскен ақ қағазға әлденелерді шимайлап салып отыруға әуестігін бұған дейін әшейін балалық ермек қой деп мән бермеуші еді. Енді, міне, «мүсінші боламын» деп алған бетінен қайтпай бедірейіп отырғанын қарашы. О, алдамшы дүние, адам да тас қашайтын кәсіпке қызығады екен-ау.

Полицияда курьер болып істейтін Жан Батист Роден он бес жасар баласына кейіп ұрсып отыр:

– Париждің өзінде сендей соғысқан суретшіден аяқ алып жүре алмайсың. Менің байқауымша, солардың тамағы тойып жүргендері шамалы. Сосын сол қалың нөпірдің арасынан дәл сенің жұлдызың жанып шыға қояды дегенге мен тіптен сенбеймін. Сендей миғұлалар ол ортада тышқан аулап қаңғып кетесіңдер. Одан да күн көре алатын кәсіп тап.

– Кешір әке, мен қайткенде де мүсінші болуға бел байладым.

– Маңдайдағы жалғыз ұл, – деді әке зығырданы қайнай сөйлеп, – оның өзі де есуас!

Сөйтті де, есікті тарс жауып бөлмеден шығып кетті.

Тіршіліктің ащы-тұщы дәмін көп татқан әке бекер айтпаған екен. Огюст Роденнің он тоғызыншы ғасырдың соңғы ширегіндегі шығармашылық өмірі шынында да бұралаңы мен бұлтаңы, қайшылығы мен қақтығысы мол ғұмыр болды. Оның алабөтен дарын күшін өнер ортасының тану үдерісі тым ұзаққа созылды. Тіпті әйгілі мүсінші атанғаннан кейін де оның туындылары төңірегінде өрбіген қым-қуыт айтыс-тартыстар толас таппады.

Мүсін өнерін соны әдіс-тәсілдермен байытқан Роден қолтаңбасы ә дегенде көп жұрт үшін бұрыннан қалыптасқан дәстүрден ауытқушылық, талғамға үйлеспейін тосын түзілістер ретінде танылып жатты.

Ал, шын мәнінде ол жаңаша дәуір пластикасына өрелі де өміршең қасиеттер алып келген өктем құбылыстардың бірі еді.

...Ақыры әкесін әрең дегенде көндіріп, мүсіншілікті үйренуге рұқсат алады. «Мейлі өзің біл, – деген әкесі шарасыздықпен. – Бірақ айтпады деме, ертең күнінді көре алмай жүрсең, маған ренжімейсің».

Огюст бар есіл-дертімен алдына қойған мақсатын орындауға кірісіп кетеді. Күні бойғы уақыты сурет салу бөлмелерінде, студияларда, мұражайларда өтеді. Ылғи қарны ашып, шаршап, сүрлігіп жүрсе де, ол үшін осынау күн сайынғы он төрт, он бес сағаттық жұмыс күні тым қызықты да тартымды.

Осы ынтықтық, өз қолтаңбасына деген күдік пен үміт араласқан ойлар оны Италияға, атақты мүсінші Микеланджело еліне сапар шектіреді. «Давид» пен «Моисейдің» түпнұсқалары оны айран-асыр күйге түсіреді. Не деген күдірет! Микеланджелоның Сикстин капелласындағы «Алапат жаза» фрескасы өзінің ғаламат бедерлі бітімімен үйіріп алған. Ол нағыз адам ойы мен толғанысының асқақ жеңісі, адамзат өмірі мен тіршілігі, замана тынысы жайлы тебіреністі ойлар түзетін эпикалық шығарма.

Огюст бұл сапардан өзі құлай ден қойған пластика өнерінің алда қандай бағыт-бағдармен даму керектігін ойша сезініп, көкейде терең түйіп қайтқандай. Оның осыдан кейін сомдаған туындыларында сол дәуірдегі әртүрлі ағымдар мен қағидаларға бой алдырып, тоқырау қалінде тұрған мүсін өнеріне жаңа да соны бітімді қасиеттер алып келген нұрлы ізденістер молдап көрініс бере бастайды. Алғашқы шығармашылық табыстар ретінде танылған «Қола дәуірі» (1877), «Жүргінші» (1877), «Иоанн әкей» (1880) атты туындыларындағы Роденнің қимыл-қозғалысты ырғақты бедерлеу тәсілі мәнді де әсерлі, олардан жас шеберге тән сындарлы қолтаңбаның қуат-қарымы байқалады.

Арада әлденеше жылдар өтеді. Роден есімі ақырындап көпке таныла бастаған. Оның кең қарымды суреткер екендігі – жұрт мойындайтын даусыз ақиқаттардың біріне айналған. Оған әрқилы тапсырыстар ықыластана беріледі.

1884 жылы ол өз шығармашылығындағы ең таңдаулы туындылардың бірі «*Кале азаматтары*» атты ауқымы зор монументалды композициялық ескерткішін сомдауға кіріседі. Роден бұл кезде қырық төрт жаста. Мүсінші Кале қалалық муниципалетінің өтініші бойынша он төртінші ғасырдағы жүз жылдық соғыс кезінде осы қалаға қатысты өткен бір қаһармандық сәтті бейнелеуге тиіс болатын.

Жүз жылдық соғыс туралы шежіреші Фруассере қалдырған жылнамада 1347 жылы ағылшын королі Эдуардтың Кале қаласын қоршап алып, оның тұрғындарына қатал шарт қойғандығы жазылыпты. Ол шарт бойынша қаланың беделді, сыйлы деген алты адамы үстеріне тек лыпа боларлық киім ғана киініп, мойындарына арқан салып, жалаң аяқ, жалаң бас күйі қала кілтін корольге әкеліп беруі керек. Содан соң, алтауы да өлім жазасына кесіледі. Егер бұл шарт орындалмаса, Кале жер үстінен жоқ етілмек.

Ақырында халық арасынан басын балтаға төсеуге дайын алты адам шығып, қаланы, халықты жөнсіз жазадан аман алып қалыпты...

Шежіредегі осы қысқаша дерекпен танысқаннан кейін Роден басын бәйгеге тіккен алты адамның қаһармандық ерлігінің ең шырқау биіктен көрінер сәтін ойша пайымдап, түйсінгендей болады. Ол – қаланың алты азаматының бұл өмірмен қинала қоштасып жауға қарай бет алған қасіретті шеруі.

...Ескі аңыз тіріліп шындыққа айналғандай. Алты азамат өз ойларының тұңғиығына сүңгіп, зіл батпан тартқан аяқтарын әрең көтеріп жылжып келеді. Елім, жұртым, кіндік кескен шәһарым аман болсын деп өлімге бет алған қайғылы, шерлі аяндау. Әрқайсысы басқа түскен азапты өзінше сезінеді, өзінше қайғырады. Алты тұлға сонымен бірге алты бөлек характер. Ескерткіштің басты қадір-қасиеті де осында.

Мүсінші ішкі әлемі аласапыран қиналыс иесін асқан шеберлікпен бейнелейді. Алдыңғы қатардағы оң қолын батылсыз ғана зор күшпен көтерген адамға назар тігіңіз. Өнтек кейін бұрылғандай. Әйтсе де ол бұл сәтте өздерінің артында қалып бара жатқан аяулы қаласына, не бұлар үшін езіле егілген елге, немесе қасындағы тағдырластарына емес, өзінің ішкі әлеміне, көкірек қойнауына үңілген. Саусақтарымен әлденедей белгі жасағандай болады. Бұл оның тіршілікпен бақұлдасуы. Өмірдегі әлі көрмегенімен, өзінде болып үлгермеген бақытымен, жақын да ғазиз жандарымен, өткені және бүгінімен, ұзақ, алыс уақыттардан

кейін келуге тиіс болатын ажалымен қоштасуы. Мүсіннің пластикалық қалпының өзі оның ішкі әлеміндегі алай-түлей буырқанған күйзелісті сезіндіруге соншама үйлесім тауып тұр.

Мүсінші – оның жанындағы екі қолын дәрменсіздіктің белгісіндей айқара жайып, мынау бастан өтіп жатқан зұлматқа шерлене күйінген ердің бейнесін шебер сомдайды.

Мүсіншінің ортадағы екі адамды қалай бейнелегеніне назар салайық. Біреуі бұл қорлық жағдайды көргісі келмегендей, қос қолымен көздерін жауып алыпты. Шыдай алар емес бұл халге, бұл төзгісіз мазаққа.

Ал оның бер жағындағы, іштеріндегі ең жасы үлкені, жүзінде шексіз шарасыздықтың белгісі бар, тұңғыық ойға көміліп, сіңірлі қолдарын салбырата ауыр аяндап келе жатқан тұлғаға қарайық. Оның бойында өлімнен сескенуден туған хал емес, қартайған шағында елінің амандығы үшін өлімге бас тіккен өз әрекетін ардақ тұту сезімі басым.

Мүсінші – бүкіл жан дүниесі азапқа, қайғы-қасіретке толы тағы екі адамды сомдаған. Әсіресе бергі қолына қаланың кілтін ұстап тұрған мүсінге көз салайық. Тұрған бойында, бет жүзінде алабөтен ыза, кек, көкірегі қарс айырылардай – жауына, елінің намысын таптап жатқан дұшпанына деген лағнет, қарғыс. Ұшқын шашқан көздері ерекше бір айбармен, өшпенділікпен тесіле қарайды. Тістенген еріндері зәрлі сұсқа, жеккөрініш сезіміне толы. Көкірегін кернеген бар ашулы сөздерін сол сәт алдындағы жауына лақ-лақ ақтара салғысы келетіндей. Бірақ ол осы сәтте бұлай істей алмақ емес. Туған қаласы, ондағы еңбектеген сәбиден, еңкейген кәріге дейінгі бауыр еті жұртының бұларға деген үмітті халі оған тоқтау айтады. Ол азаматтық борышын өтеу жолында не қиыншылық болса да баспен көтермек. Азаматтық – тек елім деген ерге айтылар қасиетті ұғым. Оның жанындағы адамның екі қолымен басын қыса ұстап шарасыздықтан теңселген күй кешуі де айрықша нанымды.

Мүсіндер композициясынан аңғарылар ерекшелік – бір бейнеден екінші бейнеге назар ауысқан сайын әртүрлі характерлерге ұшырасумен бірге күшейе, үдей түскен сезім толқындарына душар боласыз. Күйіну мен батырлық, мұңаю мен ерлік, торығу мен өшпенділік, күйзеліс мен асқақтық – бәрі-бәрі көз алдымызда көрініс береді. Әуелгі бейнеден басталған өрлік қасиет ұлғайып, өрши келе соңғы бейнеге жеткенде шамырқанған шырқау халге көтеріледі.

Қасіретті характерлердің өлім алдындағы бейнелері ерлікті мадақтайтын асқақ гимнге айналғандай. Басқалар өмірі үшін жандарын пайда еткен жандардың қаһармандық шеруінен адам бостандығы жолындағы күрес рухының салтанатты сарыны естілгендей болады.

Дегенмен Роденнің осы мүсіндік композициясы да кезінде әртүлі керағар пікірлердің туындауына негіз болыпты. Бұл жөнінде автордың өзі, кейіннен есімі әлемге әйгіленген саңлақ суреткер дәрежесіне көтерілген кезінде: «Мен өз мүсіндерім үшін көп қиыншылықтарды бастан кештім... Олардың арасынан шамалы болса да басыма күйзелісті сәттер алып келмеген бірде-бір жұмысты есіме түсіре алмаймын. Әрі бұл ретте ең көп машақатты «Кале азаматтарына» қатысты көрдім...», – деп айтқан еді.

Кале қаласының әкімшілігі де көпке дейін ескерткіштің жасалуы ойымыздан шықпады деп оны қабылдаудан бас тартыпты. Мүсіншіге туынды композициясы «босаң», «әлсіз», тұлғалар бітімінде «қаһармандық қасиеттер» айқын танылмайды, бейнелердің сомдалуы «солғын» деген айыптар тағылыпты.

Ақырында бұл ескерткіш тек көп жылдардан кейін, Роден даңқы дүниенің төрт құбылысына танымал болған шақта ғана Каледегі дума үйінің алдына орнатылыпты.

* * *

1898 жыл. Париждегі Әсемдік өнер салоны. Бұл жолы салон осыдан он жыл бұрын Бүкілдүниежүзілік көрме экспонаттары үшін Марс алаңында салынған галереяда орналасқан еді.

Салонға ағылған жұрттың көбі онда Огюст Роденнің жаңа шығармасы – әрбір француз үшін қастерлі есім Бальзакқа арналған мүсінді көргенше асық болған. Әрі олардың әрқайсысының көкейінде осыған дейін талай рет өнер сарапшыларын өзінің тосын шешімді туындыларымен дүрліктіріп келген мүсінші шығармашылығы енді қай қырынан көрінер екен деген пенделік қызығушылық та бар еді.

Айтқандай-ақ «Бальзак» бірден дау-дамайлы шу тудырды. Тұғырға орнатылған төртпақ тұлғаны көпшілік «Адамзат комедиясын» жазған заңғар жазушының бейнесі деп қабылдаудан бас тартты. Қызу пікірталас өршіген.

– Қайран, Франция, – делінген олардың бірінде: – Сені

не күйге түсірді бұл күні. Бальзактың өзі мына масқара мүсінін көрсе, қабірінде дөңбекшіп жата алмай, тұрып кететін шығар.

– «Бальзак» мүсіні Францияның ұлы адамын келеке етудің теңдесі жоқ үлгісі, – деді үшіншісі. – Не деген жөнсіздік! Не деген сандырақ шешім!

Мүсіншінің бұл туындыны сомдау барысында импрессионистік мәнерде тарқатқан әсерлі жетістіктері со бойы түсініксіз, көзден қағыс күйде қалған.

Әуелде Француз әдебиетшілері қоғамының тапсырысы бойынша сомдалуы тиіс бұл мүсіннің қола құймасын Роден көзі тірісінде көре алмай кетті. Ол мүсінші қайтыс болғаннан кейін ғана 1919 және 1929 жылдары көрмеге қайтадан шығарылып, сол кездегі жаңа толқын жас суретшілерді зор әсерге иелендірді. «Бальзак» ескерткіші Роденнің қайтыс болғанына жиырма екі жыл толғанда ғана, 1939 жылы қоладан құйылып, Париждегі Распай мен Монпарнас желекжолының қиылысында орнатылды.

...Зор денелі кісі етегі жерге сүйретілген ұзын шапанын қаусырынған күйі, мол кеудесін кере, қарсы алдындағы қала тіршілігіне, арылы-берілі өтіп жатқан адамдарға, ағылған машиналарға қарап тұр. Шалқая, асқақтай көз тігеді. Түксиген қабағы, қалың еріні, үлкен мұрны, кең де жалпақ жарала салған бет бітімі, кесек маңдайы, бәрі-бәрі де осы тұлғаға кеңдікті, шалқарлық пен ұлылық қасиеттерді телиді. Анау иығына қобырай төгіліп тұрған ретсіз шашы да оған өзгеше кейіп берер.

Данышпан жазушының барлық әлемді көзімен шолып, шабыттана буырқанған, өзге дүниені ұмытқан шағының суреті бұл. Кезінде қым-қиғаш әңгімелерге негіз болған – үстіне жамыла салған мол шапанына қараймыз. Ескерткіштен лек-лек ұлылық шапағаты, өршіл ойлы, рухты толғаныс еседі...

Осы бір өршіл ойды, өктем рухты, кемеңгерлік бітімді сомдаған еңбегін Роденнің «Шеберлігімнің бір шыңы», деп айтуының өзі де, сірә тегіннен тегін емес-ті.

* * *

Париждегі шырайлы сәулет ансамбльдерінің бірі Мүгедектер ғимаратына жақын тұстағы ың-шыңы аз Варенн көшесінде екі қабат сарғыш үй орналасқан. Жанында тап-тұйнақтай саябақ, қош иісі аңқыған гүл алаңшалары. Жасыл

майса үстінде жайғасқан әртүрлі үлкенді-кішілі мүсіндер. Бір шетте қолын иегіне сүйей терең ойған кеткен өзімізге әбден көзтанымас «*Ойшыл*» мүсіні...

Францияға жолы түскен, Роден шығармашылығына қызыққан кез-келген адамның бұл ғимаратқа соқпай кетпейтіні кемде-кем. Олардың әрқайсысы да осы Роден мұрайжайының табалдырығын аттайтын сәтті тағатсыздана күтеді.

Ұлы мүсінші кезінде өнер шығармаларын жинаумен де қызыға шұғылданған. Мұнда сіз Мысыр перғауындары заманынан, антикалық, ортағасырлық дәуірлерден жеткен нешеме қилы туындылармен ұшырасасыз. Делакруаның, Короның, Ван-Гогтың, Моненің, Ренуардың суреттерін тамашалайсыз. Әйткенмен сізді мүсіншінің өз шығармалары қойылған тұс үйіріп тарта береді. Мұнда оның 450-ге жуық жұмысы жинақталған. Олар – зергер ойлы мүсінші пайымдаған кең тынысты өмір дастаны, мәрмәр мен қолаға аударылған адам сезімдері жайлы телегей-теңіз ойлар толғайтын әуезді әлем.

«*Қола дәуір*» (1877), «*Хауа*» (1881), «*Ой*» (1886), «*Жаратушының қолы*» (1898), «*Кале азаматтары*» (1888), «*Адасқан ұл*» (1905), «*Данаида*» (1885), «*Ромео мен Джульетта*» (1905). Портреттер – *Виктор Гюго* (1883), *Бернард Шоу* (1906), *Фальгьер* (1897), *Клемансо* (1911), Роденнің іңкәр махаббатының иесі, өзі де мүсінші *Камилла Клодель* бейнелері... Сіз бір туындыдан келесісіне ауысқан сайын мүсіншінің құдіретті қолтаңбасының қадау-қадау сипаттарына жолығасыз.

...Қайтадан мұражай алдындағы саябаққа шығамыз. Тағы да терең ойға шомған «*Ойшылға*» көзіміз түседі. Ұлы мүсіншінің ең әйгілі туындысының бірі бұл. Оның өмір бойы сомдаса да аяқтадым деп есептей алмаған «*Тамұқ қақпасы*» (1880-1917) атты ірі монументалдық композициясының басты тұлғасы...

Мүсінші өмір сүрген заманының қайшылығын, қақтығысын да көрмей қалған жоқ. Ол сол дәуір тынысының терең, күрделі сырларын да ашуға ұмтылды. Бұл ой оның италиялық ұлы ақын Данте Алигьеридің (1265-1321) «*Құдіретті комедия*» поэмасының желісінен алынған, осы саябақта орналасқан «*Тамұқ қақпасы*» атты зор туындыда да айқын көрінеді. Қақпа бетіндегі әртүрлі сипаттағы 108 барельефтік мүсіннің сапырылыса ұйтқыған тамұқ құйыны іспетті фонда бейнеленуі – дүниенің, болмыстың арпалысқа

толы сипатын, адамзат қасіретінің, арманы мен үмітінің, өмірі мен өлімінің шарпысуын пайымдатады. Көрермен бір сәт тамұқ құйынының ортасына түскендей хал кешеді. Оның шырмауынан құтылып шыққысы-ақ келеді, алайда мүсіндік композиция оны тамұқтың тереңіне тарта бергендей әсерге иелендіреді. Өзінен-өзі ұлы Данте дастанындағы «Тамұқ» тарауының мына жолдары (аударған М. Мақатаев) ойға оралғандай әсер қалдырады:

Қараң қалған тұл мекенге — ұнтақтарға апарам,
Мәңгі-бақи күңіренген сырқаттарға апарам,
Күні бітіп опат болған ұрпақтарға апарам.
Данам менің ақиқатпен шабыттанған, нәр алған:
Күдіретті күш, ағыл-тегіл ұлы ілімнен сан алуан,
Мен осылай ең алғашқы махаббаттан жаралғам.
Жалғыз мәңгі жаратылыс менен көне, білгемін,
Мәңгілікпен де иықтасам, мәңгілікпен біргемін.
Сенімінді, үмітінді сөндіріп мұнда кіргенін.

Нешеме қилы мүсіндер қозғалысы үйлесімді астасқан (олардың дені жеке-жеке туындылар ретінде де белгілі) монументалды композицияның кеуде тұсында – осы ұйтқыған құйын толқынына қарап, тұңғыық ойға көмілген, мызғымас жартас секілді ерен күш иесі «*Ойшыл*» тұлғасы орналасқан. Мүсінші әуелі оған «Ақын» деп ат қойып, Дантенің өзін бейнелеуді жөн көріпті. Алайда тақырып аясы күрделілене келе, бастапқы ой – әлемнің бар ауыртпалығын иығымен көтеруге бейіл, бітімі де, болмысы да жойқын толағай тұлғаны сомдау мақсатына ауысыпты.

«*Ойшылдың*» «Тамұқ қақпасы» композициясынан тыс дербес ескерткіш түріндегі нұсқалары да бірсыпыра. Роден мұражайындағы дара мүсін оның ең әуелгі түпнұсқасы. Оның жетпіске жуық қола және ғаныш (гипс) көшірмелерін әлемнің әр қиырынан кездестіруге болады.

Бұлшық еттері денесін жарып жіберердей күдіретті күш иесі, кеудесін сәл еңкейте ұстап, иегін қолына сүйеген күйі қалың толғанысқа кеткен. Өз ойының шегіне жете алар емес, тебіреніс тереңіне сүңгіп шыға алмай отыр. Оның көкірек түкпірінде қоздаған ойлар қилы-қилы. Бұл дүниеге биіктен үңілген ойшыл жанды айнала өмір, адам тағдыры, адамзат болашағы, әлеумет, тіршілік мәселелері мазалағандай. Маңдайы жиырыла түскен. Күллі әлемнің ең сүбелі, күрделі, шешілуі қиын мәселелері оның желкесіне еміне мініп, жүйкесін талдырып орнығып алған, қашан жарыққа шығары

белгісіз. Бәлкім, әлі уақыты да келмеген шығар...

Алдыңызда тұлға бойы тылсым толғаныс пен қозғалысқа толы адам психологиясы, Огюст Роденнің атақты «*Ойшыл*» (1882) мүсіні.

Мүсіншінің бұл туындыны сомдаудағы шеберлігі, күдіреттілігі сол: ол тұлғаның бүкіл ішкі әлемін, көкірек-күйін – сыртқы тұрпаты, мүсіннің жайғасу қалпы, пластикасын дәл беру, тіпті әрбір бұлшық еттердің өте дәлдікпен, үндестікпен өз орнында үйлесімді орналасуы арқылы қимыл-әрекетке түсіріп сөйлете біледі.

Әсте Роден шығармашылығындағы айрықша байқалар ерекшеліктердің бірі – оның мүсіндерінің қимыл-қозғалыс үстінде көрінуі десек, бұл қасиет «*Ойшыл*» бейнесінде тым айқын аңғарылады. Әрі мұнда тұлға қозғалысымен бірге, іштегі сырдың, қалың ойдың тебіренісін сомдауға да терең мән берілгенін байқау еш қиын емес..

Бір тағы да «*Ойшыл*» ескерткішіне көз саламыз. Жансыз затты алуан сезімдер арпалысына кенелдіре алған мүсінші күдіретіне бас имеу мүмкін емес...

* * *

Атақты мүсінші тек қана асқақ ойлардың, терең драматизмнің ғана емес, нәзік сезім, көгершін көңілдің де жыршысы. Оның даңқы махаббат тақырыбына арналған әсем мүсіндерімен де әйгілі.

Саф сезімге толы «*Құштарлық*» (1882) солардың бірі. Бұл мүсінде құштар көңіл иелерінің кәусар сыры, жүрек лүпілі, ыстық құшағы, сұлу сағынышы, сезім дірілі, іңкәр құмарлығы, тасып-төгілген шаттық толқыны бар. Мүсіншінің бұл тақырыпқа арналған тағы да ерекше сезімталдыққа, әсем қимылға, нәзіктікке, дәлдікке толы «*Мәңгі көктем*» (1900), «*Ромео мен Джульетте*» (1905) секілді көптеген композициялық дүниелері бар екенін де айта кеткен жөн.

...Жиырмамыншы ғасырдың алғашқы онжылдығы. Бұл кезде Роденнің атағы дүрілдеп алысқа кеткен. Өз елінде, оқта-текте, әлі де оның шығармалары «Францияның абыройына нұқсан келтіреді» деген пікірлер айтылып қап жүрсе де, Франциядан тысқары жерлерде Роден есімі Үшінші республиканың ең әйгілі тұлғаларының қатарында аталады. Англия, Грекия корольдері оның туындыларын сатып алуға ынтық. Копенгаген, Филадельфия, Чикаго, Будапешт, Дрезден, Лондон мұражайлары оның мүсіндерін

таласа-тармаса қолға түсіргісі келеді. Оксфорд университеті оған өзінің құрметті докторы деген жоғары атағын берген...

Роден өнерінің құдіреті, Роден өнерінің асқақтығы; оның мүсін өнеріне соны да өміршең тынысты алып келгендігі, пластика бітімінің көкжиегін одан әрі кеңейтіп, оның адам психологиясының терең қайнарларын, алуан сырлы сезім толқындарын молайта, жандандыра түскендігі. Огюст Роденді мүсін өнерінің бүкіл бір дәуірінің жарқын жұлдызы ретінде танитынымыз да сондықтан.

Әбден шау тартқан шағында ғана «мүсін патшалығының падишасы», әлемнің ұлы мүсіншісі атанған, оған дейін сол кездегі уақыт талабы, заман тынысы теріс айналып түсінбей келген Роденнің шығармашылық тағдыры бір қарағанда, орасан зор рухани, тұлғалық қуатына тең келер қимыл-әрекеттің тылсым жүйесін таба алмай, мазасыз толғаныста отырған «*Ойшыл*» бейнесіне де ұқсар еді.

Кешігіп жеткен даңқ иесі 1917 жылы, 77 жасында о дүниеге озғанда, оның бейітінің басына тілектес достары осы «*Ойшылды*» қоладан құйып орнатты. Бұдан асқан қастерлі құрмет болар ма, сірә?!...

1980 жыл.

II. ЭВКЛИД КЕҢІСТІГІ



*

1. ДҮЛЕЙ РУХТЫ ДИЮ

Рояльда ойнайтын әрбір адам өзін музыкантпын деп ойлайтыны бар – бекер. Сурет салатын әрбір адам өзін суретшімін деп ойлайтыны бар – бекер».

М. Врубель.

(Зор суреткерлік қуат-қарымға ие «Демон» сериялары – бір ауық Лермонтов, Шоқан, Врубель сынды ұлы бітімдер арасындағы сырлы байланыстарға бастайды).

Сібір аязының сағы сынып, көктемнің жылымық лебі сезіле бастаған шақ еді.

Ресейдің орталығынан жырақтағы провинциялық шаһар – Батыс Сібір мен Жетісу өлкесін қоса қамтыған салқар аймақтың астанасы – Омбы қаласының тұрғындары өздеріне тән, әдеттегі тіршіліктерін кешіп жатты.

Генерал-губернатордың кеңсесі тұрған қалада әскери адамдар мен шенеуніктер көп. Олардың ең зиялы деп есептелетін «жарқын қауымының» өкілдері, сол өз

* К.С. Петров-Водкин. «Тал түс. Жаз». 1917 ж. (Суреттің бір бөлігі).

орталарында біраздан бері қалыптасқан дағды бойынша, Батыс Сібір аймағы бас басқармасының көрнекті төрелерінің бірі – бай кітапханасымен әйгілі Я.Ф.Капустиннің үйіне жиналады. Бас штабтың жас офицерлері мен жоғары мектептен тәлім алған шенеуніктерден... құралған бұл қауымды әдеттегідей үй иесінің зайыбы, аса мейірбанды, білімдар жан Екатерина Ивановна (әйгілі химик Д. И. Менделеевтің туған әпкесі) ашық-жарқын ықыласпен қарсы алады.

Дағдыдағыдай, осындай бас қосуларда әртүрлі зиялы әңгімелердің арнасы ағытылады. Чарльз Диккенстің шығармалары оқылып, Гейнениң адуынды рухқа толы өлеңдерінің аудармалары тыңдалады; «Современник» журналының жаңа санында жарияланған туындылар мен оның авторлары талқыланып; қоғам дамуы мен саясат мәселелері жайлы пікірлер қозғалады. Әрдайым осы іспетті қызу жиындарға ауық-ауық, бір жағынан экзотикалық шығыстың перзенті, екінші жағынан еуропалық жан-жақты білім иесі, жұртқа өзінің эрудициясының биіктігі, сөзге алғырлығы, әжуа-қалжыңға жүйріктігімен танымал жас жігіт – Батыс Сібір аймағы генерал-губернаторының адъютанты, әрі оның ерекше тапсырмаларын атқаратын офицері, корнет Шоқан Уәлиханов та қатысады.

Ол әр уақытта да сол әдеттегі өткір, әзір-оспақтың майын тамызатын ерек қалпымен жарқылдап жүргені. Өзінің ең жақын достарының бірі, осы үйдің баласы, Қазан университетінің заң факультетін бітірген, Омбыдағы аз ғана оқымысты, бекзат адамдардың қатарында саналатын Семен Яковлевич Капустиннің (Семаның) жанына жайғасып алып жиналғандарды аузына қартумен отырады...

Ал оны қызыға тыңдайтып жас офицерлер, өздері оңаша қалған сәттерде Шоқанның жақын күндерде поручик шенін алатынын, содан кейін генерал-губернатор Гасфорттың бұйрығымен жұмбағы мол Ыстықкөл жаққа, мұзарт тауларға қарай сапарға шығуға қамданып жүргенін сөз етер еді.

Капустиндер үйіндегі осындай жиынның бірінде Шоқан қонақтар арасынан, өз басы терең білімдарлығы үшін құрмет тұтатын офицер, әскери-заң ведомствосының заңгері Александр Михайлович Врубельдің байқалмағанына назар аударған. Жоқ екенін білгесін, Сема досынан сұраған.

– Сенің әріптесің, Александр Михайлович көрінбейді ғой?

– Сен естімеген бе едің, әйелі Анна Григорьевна босанып

ұл тапты ғой.

– Солай ма, мен естімеген едім, онда дүниеге декабрист Басаргиндердің жиені келген екен ғой.

– Дәл солай. Оған өз атасының есімін жаңғыртсын деген ниетпен Михаил деп ат қойды.

– Демек, түкпірдегі Омбыда туған Ресейдің кішкентай азаматының аты-жөні Михаил Александрович Врубель болады де...

Сібір аязының сағы сынып, көктемнің жылымық лебі сезіле бастаған шақ еді. 1856 жылдың наурыз айы енді ғана ортадан ауып бара жатты. Омбы тұрғындары дәл осы күндері өздерінің қаласында дүниеге келген сәбидің кейіннен сырбаз суретші Михаил Врубель деген атпен әйгіленетіндігін қайдан білсін.

Ал арада он шақты күн өткеннен кейін поручик шенін алған Шоқан Уәлиханов, өзінің алғашқы ғылыми маңызы зор саяхаты – Ыстықкөл сапарына аттанып кетті.

* * *

Михаил Врубель, Михаил Лермонтов... Олардың аттас болуларының кездейсоқтық екенінде дау жоқ. Дегенмен қандай сәтті үйлесім десеңізші. Осы екі ұлы бітім: он тоғызыншы ғасырдың соңы мен жиырмамыншы ғасырдың басындағы бейнелеу өнеріндегі ерек құбылыс – Врубель мен одан жарты ғасыр бұрын өмір сүрген поэзияның дарқан дарыны – Лермонтов өз араларында сырлы да нұрлы көпірлер арқылы байланысып жатыр.

Екі кезеңде ғұмыр кешкен екі ірі тұлғаны әдебиет пен өнер әлемінде әлденеше айшықты шығармаларға алтын арқау болған «Демон» тақырыбы жақындастырады. Ол Лермонтовта ақын поэзиясындағы інжу-маржандардың бірі – «Демон» («дауылпаз дию, мұңлы пері») поэмасы ретінде белгілі болса, суретші Врубель шығармашылығында алабөтен рухты туындылар – осы дастан әсерімен сомдалған әйгілі сериялар арқылы көпке танымал.

Осы ретте біз қаперге алмай кетпеуге болмайтын тағы бір жайт бар. Ол осы екі тұлға туралы сөз еткенде, Шоқанға да қатысы бар дәйектердің ойға орала беретіндігі. Суретші Врубельдің әкесі Александр Михайлұлымен Шоқанның әскери қызмет барысында жиі кездесіп тұрғандығы, бір-бірімен таныс-біліс болғандығы жөніндегі нанымды тұжырымға қоса, әйгілі суретшінің өмірі мен

шығармашылығына қатысты деректерге зерделей қарағанда, Мишаның гимназияда Петя Капустин ныспылы бозбаламен бірге оқығандығын, онымен көп уақыт жақын дос ретінде қарым-қатынаста болғанын ұшырастырар едік. Ал, осы бозбала бізге де тосын жан емес, ол Шоқанның ең қимас достарының бірі, әлгінде тілге тиек етілген Семен Капустиннің туған інісі...

М. Лермонтов пен Ш. Уәлиханов екеуі арасындағы байланыстарда да қызықты түйіндер мол. Шоқан туралы замандастары жазып қалдырған естеліктерге көңіл аударсақ, оларда Шоқанның Лермонтовты аса қадір тұтып, ақын поэзиясын құлай сүйгендігі, көп өлеңдерін жатқа білгендігі ғана емес, оның өзінің де сырт пішінімен, жүріс-тұрысымен Лермонтовқа еліктеуге тырысатындығы айтылады.

Уәлихановтың 1856 жылы күзде жазған «Қытай империясының батыс өлкесі және Құлжа қаласы» атты саяхатнама-күнделігінде жиырма жасар автор оқырманды дәл сол Лермонтов поэзиясымен тікелей ұшырастырады. Күнделікте Шоқанның Жоңғар Алатауының Үйгентас асуынан өтіп бара жатып, тау табиғаты мен дала табиғаты жөнінде толғап кететін тұсында ой ағымымен табиғи жымдасқан екі жол өлеңді келтіретіні бар: «Столпообразные раины, звонко-бегущие ручьи» («Теректер мұнарадай тұрған самсап, ырғиды бұлақтары шулап ән сап»). Дәл осы екі жол – «Демон» поэмасының бірінші бөліміндегі төртінші тараудан алынған үзінді...

Көзі қарақты оқырманға Лермонтовтың Мартынов оғынан қаза табар алдында ғана, 1841 жылы аяқталды, деп есептелетін бұл поэмасы Ресейде кітап болып, тек 1860 жылы ғана басылып шыққаны жақсы мәлім. Ол бұған дейін патша цензурасы рұқсат етпегендіктен, жұрт арасында негізінен қолжазба күйінде жасырын тарап келген еді. Демек, күнделіктен алынған екі жол – басылуға рұқсат етілмей жатқан шақтың өзінде «бүкіл оқи білетін Ресей жаттап алған», «адам бостандығы үшін күреске шақырған ұран іспетті дауылпаз рухты дастанды» Шоқанның да жатқа білгенін анық аңғартады.

Дәл осы «Тәңіріге қарсы шыққан тәкаппар рух» жайлы хикая шерткен поэма – кейіннен суретші Врубельдің мәртебесі биік «Демон» серияларының да нұрлы арқауына айналған еді.

* * *

«Демон» сериялары...

Осы бір тұла бойынан алабөтен шамырқанысты қолтаңбаның бедерлі сипаттары атойлап көрініс беретін зор суреткерлік қуат-қарымға ие туындыларды көрген сайын, әрдайым, сол үш ұлы тұлғаның қатар еске түсетіні бар. Олар – бірімен-бірі үйлесе қоймайтын үш кезеңде өмір сүріп, үш түрлі ортада күн кешсе де, толғамдары мен талаптары ғана емес, қилы тағдырлары мен дүлей рухты дарындары да ұқсас асқақ ой алыптары – Лермонтов, Уәлиханов, Врубель.

* * *

Врубельдің «Демон» тақырыбына қашан құлай берілгенін, қай кезде ынтыққанын кім білсін: алау жүректі бозбала шағында ма, әлде кейініректе ме, әйтеуір, суретші жүрегін Лермонтовтың адуын лепті дастаны ерекше әсерлендіргені, ақын толғаныстарын суреткерлік пайыммен зерделеуге аңсары ауғаны анық.

*Онда ол сүйе білген, сене білген...
Өр ойын шошытпаған үрейменен...
Көп заман қуылған жан қаңғып бақты,
Жаһаннан пана таппай жалғыз ақты...*

– деп келетін ой өрімдері оны осы тақырыпқа нақ Лермонтовтың өзінің аңсары ауа құлағанындай елти үйірткен еді. Поэмадағы «тұтасқан тұмандарды жарып байқап», «қастық, сенбеу дегенді білмей өскен», содан тәңірінің қаһарына ұшырап, «пейіштен қуылған», «күнаһар жер үстінде самғай ұшып шарлаған», «мұңлы пері, қуғын жан» бейнесінің тәкаппар рухының Врубельді ғажаптандырғаны сонша, оны графикада, суретте, мүсінде және кескіндемеде қайта сомдау – суретші шығармашылығының басты мән-мақсаттарының біріне, ардақты да аяулы тақырыбына айналады.

Врубель жөнінде сөз қозғай қалсақ, ә дегеннен «Демон» тақырыбының ойға оралатындығы, «Демон» туралы сөз саптағанда, Врубель нәмінің еске түсетіні де осыдан. Бұл Лермонтов сынды поэзия тарланы сомдап, ұлы Шоқан сынды дала қыраны құлай сүйген дауылпаз дастан тақырыбының – суретші шығармашылығындағы биік шыңдардың бірі ретінде кеңінен танылған ерек бітім-

болмысының да айқын белгісі.

* * *

Суретші шығармашылығы...

Бұл орайда ой байыптағанда, ең алдымен Михаил Врубельдің суреткерлік өмірінің негізінен ғасырлар алмасуы кезінде, өнер дүниесінде ескі мен жаңаның, көне дәстүрлер мен енді тамыр жая бастаған соны әдістер арасында қым-қуыт шайқастар жүріп жатқан кезде өткендігіне назар аудару абзал. Оның шығармасында дәл осы дүрбелең шақтың айнымалы, өтпелі сатысының сипаттары қадау-қадау күйде көрініс береді. Әрі бұл жайт, бір жағынан, осы қым-қиғаш қақтығыстар мен күйзелістер дәуірінде ешкімге ұқсамайтын тосын қолтаңбасымен танылған Врубельге деген көзқарас-пікірлердің көп уақыттар бойы әрқилы, керағар болып келуіне де әсер етті. Оның шығармашылығы бірде көкке кетеріліп, марапатталып жатса, енді бірде түкке тұрмайтын дүмбілез қолтаңба түрінде бағаланды. Біреулер оны даусыз көшбасшы ретінде таныса, енді бір қауым жұрт оны сын садақтарын еркін ататын нысанаға айналдырды. Суретші есімі төңірегінде өрбіген бұл қайшылық тек арада өткен әлденеше ондаған жылдардан кейін ғана өзінің күмәнсіз шешімін тапқан еді.

* * *

Врубельдің бейнелеу өнерінің шалқар айдынына құлаш ұрып келуіне дейінгі өмірінен артық-ауыс ерекшелік байқай қою қиын. Кәдімгі сол кездің зиялы өкілдеріне тән тіршілік. Тек олардың отбасылары, кейіннен генерал шеніне дейін өскен әкесі, Александр Михайлович әскери қызмет бабына байланысты, көшіп-қонып жүргенді көбірек бастан өткеріпті. Врубельдер Омбыдан басқа Астрахан, Петербор, Одесса, Саратов... сияқты қалаларды да мекен етіпті.

Болашақ суретші үш жасқа толғанда, анасынан айырылған. Оның бұдан кейінгі тәрбиесі негізінен жан-жақты білімге ие әкесі мен өнерді жан-тәнімен сүйетін өгей анасына қатысты өрбиді. Врубельдің сурет салуға әуестенуі оның бес-алты жасында байқала бастайды. Ал сегіз жасқа толғанда (олар бұл кезде Петерборда тұратын) әкесі оны суретшілер мектебіне алып келеді. Келесі жылы Саратовқа көшкенде оған сурет салудан дәріс үйрететін арнайы мұғалім

жалдайды. Әйтсе де, гимназияға барғаннан кейін ол сурет салудан біраз уақыт суып та кетеді.

Содан бұл ықылас Врубельдің бойында гимназияның соңғы сыныптарында, олардың отбасылары Одессада тұрған кезде ғана, қайта оянады. Бозбала осы шақта әдебиет пен өнердің әрқилы салаларын танып-білуге қызығушылық байқатады. Тургеневті, Гогольді, Гетені, Лермонтовты оқуға аса бір ынтамен кіріседі, италиялық операмен әуестенеді, шет тілдерін үйренуге ден қояды, философиямен айналыса бастайды. Одессада тұратын бейнелеу өнері өкілдерімен танысады, сурет салуға деген алғашқы талпыныстарын жасайды.

Алайда Михаил Врубель әке қалауымен Петербург университетінің заң факультетіне түседі. Сөйткенмен, көкейдегі арман сол бойы ұмыт қала қоймаған еді. Ол сурет салумен әуестенуді тоқтатпайды. Университеттің соңғы жылында Көркемсурет академиясында профессор П. Чистяковтың сырттан үйренушілер үшін өткізетін кешкі дәрістеріне қатыса бастайды. Дегенмен, университетті бітіргесін де ол бірден суретшілікке ауысып кете қоймайды. Әкесінің айтуымен біраз уақыт заң саласында қызмет істейді.

Тек, 1880 жылдың күзінде ғана болашақ суретші өз мақсатына түбегейлі оралғанды жөн деп тауып, жиырма төрт жасында Көркемсурет академиясына түседі. Сол әуелде өзі сәтімен ұшырастырған Чистяковтың класында тәлім алуға кіріседі.

Тәжірибелі ұстаз да шәкірт бойындағы сирек ұшырасатын дарын ұшқынын тез аңғарған еді... Жас суретшінің алғашқы туындыларынан-ақ қылаң берген өзгелерге ұқсай бермейтін шамырқанысты қолтаңба бедері, қою экспрессия, колорит шырайы профессорды тәнті қалдырып, риза етеді. «Врубель маған аса ұнап жүр, оның жұмыстарында ерекше нәзіктік, сонымен бірге зерделі тиянақтылық байқала бастағандай»,.. – дейді ол бірде.

Врубельдің Академияда оқып жүргеніне де үш жыл. Бір күні ол өзі салған суреттерді көрсетпек ниетпен, әдетінше, ұстазының шеберханасына келген. Есік қағып, ішке кіргені сол еді, профессоры мұны көргеніне қуанып кеткен рай танытып, жанында отырған салиқалы кісіге қарап тіл қатты.

– Міне, кімді іздесең, сол келеді деген. Саған керек суретші нақ осы жігіт. Сенің тапсырмаңды орындау үшін бұдан артық лайықты адамды табу қиын. Танысып

қойыңыздар: менің досым, профессор Адриан Викторович Прахов, мынау менің шәкіртім Михаил Александрович Врубель. Сен алдымен бұл жігіттің жұмыстарын көр, содан кейін оның қолынан не келетінін өзің-ақ сезесің...

Екі-үш күннен кейін Врубельдің туындыларын арнайы келіп көрген әйгілі өнер зерттеушісі, әрі суретші Прахов бірден өзінің ерекше дарын иесімен ұшырасқанын пайымдайды.

Ол Академияға Киевтегі көне Кириллов шіркеуінің кескіндемелік суреттері мен фрескаларын қайта қалпына келтіруді атқара алатын лайықты адам іздеп арнайы келген болатын. Осы бұйымтайын орындауға көмектесер деген ниет – оны ескі досы Чистяковқа әкеліп жолықтырған. Бұдан артық сәттілік болар ма, сірә? Досы оған нағыз өзі іздеп жүрген адамын тауып берген тәрізді.

Ол көп ойланбастан Врубельге қолқа салады.

Жас суретші де: «Қабырғаммен ақылдасайын», – деп көп толғанып жатпайды. Келер жылы, 1884 жылдың көктемінде, Киевке жететін болып келісімін береді.

Бұл жайда бір қарағанда ешқандай тосындық та жоқ сияқты. Академия студенттері қаражат табу ниетімен осы тектес әрқилы жұмыстарды атқара беретін. Бірақ мұндағы ерекшелік сол – Кириллов шіркеуінде жазылуға тиіс жұмыстар өзінің күрделілігімен айырықшаланатын және олар кейіннен Врубель шығармашылығындағы зерек шеберлікпен атқарылған алғашқы ірі туындылар ретінде танылған.

Көне орыс және византиялық мәдениет үлгілерінің сырлы іздерін, мәнер әдістерін терең пайымдау арқылы Кириллов шіркеуінде жасалған бұл жұмыстар суретшінің дербес бедерлі шығармашылығының арналы бастауы, құнарлы нәрі іспетті болған.

Суретшінің осы кезеңде сомдаған кескіндемелік дүниелері мен фрескаларында оның бұл салада алғыр зерделілік, шырайлы қолтаңба тапқандығы айқын көрінеді. Киев шіркеулері мен соборлары үшін арнайы жасалған туындылардағы кейіпкерлер сезімі, қайғысы мен күйзелісінің аса шынайы да терең берілуі – өнер зерттеушілерінің пайымдауынша, осы секілді монументальдық дүниелер арасында әлемдік деңгейдің өзінде сирек кездесетін құбылыстар қатарында.

Солардың ішінде, әсіресе, «Құдай ана», «Күнәдан арылу», «Әулие-әмбиелердің аян беруі», «Табыт үстіндегі

жоқтау» сияқты діни тақырыпқа құрылған монументальдық шығармалар мен эскиздердің шоқтығы ерекше биік. Олардың тіні мен түзілісінен Врубелдің болашақ шығармашылығына тән шамырқанысты таным, кейіпкер психологиясын үңги, кеулей ашып, бар бітімімен алға жайып салатын шеберлік іздері айқын танылады.

Сондай-ақ суретші Киевте өткізген жылдарында тек монументалді дүниелер сомдаумен ғана шектеліп қалмаған еді. Ол осы жұмыстармен қатар шағын суреттер, акварельдік натюрморттар жасаумен де шұғылданды. Бұл ретте әсіресе оның *«Парсы кілемінің алдындағы қыз»* (1886) деп аталатын туындысы сырбаз сипаттарымен көзге түседі. Суреттегі тұп-тұнық қара көздерінде сәл мұң ұялаған жас қыз бейнесінде аса бір сезімталдық, шынайы да зерек дәлдік бар.

* * *

Оның сексенінші жылдардың соңы мен тоқсаныншы жылдар басында сомдаған дүниелерінен бейнелеу өнерінде бұрын байқала қоймаған соны мәнер, айшықты әдіс көрініс бере бастағандай.

Суретші әрбір зат пен бейнені кескіндегенде оны тек сырт пішіні бойынша, кеңістіктің силуэттік сызықпен шектелген жеке бөлігі ретінде ғана, байыптап қоймайды. Ол сол назары ауған нысанын ұңғыл-шұңғылына дейін танығысы, оның бойындағы қилы-қилы түзілістердің, қозғалыстардың, ағыстардың тылсым байланыстарын пайымдағысы келеді. Бұлар Врубель туындыларына айрықша пластикалық реңк кіргізіп тұрған бедерлер.

Сондай-ақ суретші үшін өз идеясын ортаға тартудың дербес формасы ретінде танылған бейнелердің көптеген қырлардан құралып, әрқилы ыңғайда қайырылып, бүктетілген штрихтар арқылы бедерленуі Врубель шығармашылығына әу бастан тән тереңдей зерделеуге, үңги тануға, талдауға бейім қадір-қасиетінен өрбіген заңды түйін де еді.

Әрі суретші қолтаңбасындағы осы сипаттардың өрістей, дами келе, кей шығармаларда шарттылыққа ұласуы; кескіндемешінің фантастикалық образдарға, аллегориялық тұспалдарға көбірек ден қоюы; өз кезінде әрқилы пайымдардың тууына да себепкер болды.

Бірқатар жұрт оны декаденттік ағымның ауанына ауып кетті деп кінәласа; бірқатар жұрт үшін бұл туындылар

суретшінің алапат қуатты қарымы мен алабөтен шеберлігінің көрінісі ретінде танылды.

Ол бейнелеу өнері тарихындағы енді ғана жасқана есік ашып, әлі батыл қадамдар жасай алмай жатқан Жаңа дәуір тудырған өкілдердің бірі ғана болатын.

* * *

«...Міне, бір ай болды, мен Демонды жазып жатырмын. Бірақ ол әлі алда салынуға тиіс монументалды Демон емес, соның алғашқы нұсқасындай – денесі жартылай жалаңаш, қос қанаты бар, балғын жас. Ол тізесін құшақтап ойға шомған күйі батып бара жатқан күннің аясында, қарсы алдындағы жазыққа қарап отыр... Менің жұмыс істеуім үшін желтоқсан айынан бері тұрып жатқан Савва Иванович Мамонтовтың кең де жарық кабинетінде тамаша жағдайлар бар. Бұл үйде оның менімен жақсы дос студент баласынан басқа ешкім тұрмайды. Әрбір төрт-бес күнде біз Абрамцевоға қонаққа барып тұрамыз...»

Врубельдің 1890 жылдың 22 мамында, Орынборда тұратын әпкесі Анна Александровнаға жазған хатынан алынған дәл осы үзінді, бізге суретшінің Демон тақырыбын сомдауға кіріскен мезгілін көрсетеді.

Суретші шығармашылығындағы жаңа кезеңнің басталар шағын көрсететін дерек бұл.

Осыдан жарты жылдай уақыт бұрын ауыр науқастанып қалған әкесінің көңіл-күйін сұрауға келген Врубель Киевке қайтарында Мәскеуге соққан болатын. Сонда осы қалада тұратын суретші Валентин Серов оны ірі өнеркәсіпші, әйгілі меценат, өнер саласының белгілі қайраткері, Мәскеуде жеке орыс опера театрын құрған Мамонтовтың үйіне ертіп әкеледі. Әр нәрсеге көзі қарақты Мамонтов Врубельдің мол мүмкіндіктер иесі екенін аңғарып, оған өз үйінде тұруға ұсыныс жасайды. Мәскеудегі әртістер мен суретшілер қауымының молдығы – суретшіні де қызықтырған. Әрі бұл кезде Киевтегі жұмыстары да негізінен біткен болатын. Врубель ұсынысты құп алады.

Ол жаңа жағдайда өзін көптен толғанып жүрген Демон тақырыбына кіріскенді жөн көреді.

Осы тақырыпқа арналған алғашқы елеулі туындыларының бірі «*Отырған Демонды*» (1890 ж.) сомдайды.

Кеудесін мұң кернеген, тұла бойы алапат күшке толы

пері-кейіпкер екі қолын тізесінің үстіне тастай салып, терең толғанысқа кетіпті. Арғы фонда әлдеқандай бір таңғажайып көріністі фантастикалық пейзаж. Қызыл, алкүрең, жасыл, көк, қоңыр, сары, мұнартқан, алабұртқан түстер, «мозаикалық» бояу іздері.

Суретші өз ойын мүсіндеу үшін көлденеңі енді, биіктігі пәс кенепті әдейі таңдағандай. Бұлай ету Демонның еңсесін езіп, күйзелісті, қиналысты қалпын көрсетуге қолқабыс жасап тұр. Үстіне ілген көгілдір жамылғы сан сипатта қырланған кристалдық түзілістер арқылы жазылған. Бұлшық еттердің, қол қимылының бедерленуінде лажсыздық, күйзеліс бар. Демон тым мұңлы, тым толғанысты. Оған мынау әлемде бәрі де жат, суық... Бірақ арманшыл да алаулы көкірек болашаққа үміттенсе, аңсарлана қарайды...

Әсті, адам баласына, пендеге деген жанашырлық, оның тіршілігіне күйіну, ортақтасу – суреткерлер әулеті үшін көкейтесті тақырыптардың бірі. Дәл осы «Демонмен» қатар дүниеге келген Ван-Гогтың «Абақтыға қамалғандардың серуені», Эдвард Мунктің «Айқай» деп аталатын туындыларында да осындай сыры терең жайлар қозғалған. Біріншісінен, біз адам үшін азапты күйзелісті байыптасақ; екіншісінен адамзатқа бұлай өмір сүру енді мүмкін емес деген қасіретке толы зіл батпан лағнатты сезінеміз. Врубелдің «*Отырған Демон*» өзінің рухани жаратылысы жағынан осы шығармаларға жуықтайды.

* * *

Арада бір жыл өтті.

1891 жылдың жазында дүкендерде Кушнеревтер фирмасы басып шығарған Лермонтовтың шығармалар жинағы пайда болды. Оны безендіруге В.Суриков, И.Репин, В. Васнецов, В. Серов, И. Левитан, К. Коровин сынды сол кездегі бірқатар белгілі суретшілермен бірге Врубель де қатыстырылған еді. Ол негізінен «Демон» поэмасына арнап суреттер салған-ды.

Әйтсе де, сол шығармалар жинағындағы Врубель салған суреттер бірден өнер сыншыларының кәріне ілігеді. Олар «түсініксіз», «кұбыжық», «сұрқай» туындылар ретінде қабылданады. Газеттер «Врубель мырзаның безендіру суреттері шектен тыс сәтсіз, тым қойыртпақ сипатымен көрінеді», деп жазып жатты.

Тіпті осы шығармалар жинағының шыққанына жеті жыл

өткеннен кейін мақала жазған аса білгір, сарабдал өнер сыншыларының бірі В. Стасовтың өзі бұл туындылар туралы: «Өңшең Демон, қаптаған Демон, олар неге Врубель мырзаның талғамына ұнап қалды екен (оның Лермонтов шығармаларын көркемдеген құбыжық суреттерін тағы да еске түсіріңіздерші), неліктен олар оның шығармашылығына мәңгілік керек болып қалды екен? Не деген ынтықтық, не деген түсініксіз қажеттілік бұл... Мұндай Демондарды түске кіргізбесін деп тілеңіз. Шынында да, ең ары кеткен француз декаденттерінің өзінен де Врубель мырза ұсынып отырғаннан асатын жөнсіз әрі шатасқан нәрселерді көргеніңіз бар ма?» – деп күйіп-пісуге мәжбүр.

Врубель жұртты көзге тосын көрінетін түрлі ізденістердегі жаңалығымен, лек-лек ақтарылған сезім қуатымен шошындырған еді.

Ал олар шын мәнінде – орыс безендіру өнерінде тұңғыш рет Лермонтов поэзиясына тән қасиет-сапалармен сомдалған шынайы Демон, суретшінің дастан рухын тереңдей сезініп, оны бейнелеу құралдары арқылы жарқырата ашқан соқталы туындылар болатын.

Өткен ғасырдың соңғы он жылындағы Врубель өмірі алуан оқиғалар мен жемісті жетістіктерге толығымен ерекшеленеді. Ол – Мамонтов үйірмесінің белгілі мүшелерінің бірі, сырлы ізденістер мен айшықты туындыларының авторы. Сапарларға көп шығады. Екі рет Римге жолы түседі, екі рет сол кездерде әлем суретшілерінің Меккесі атанған Парижде болады; Испания, Швейцария, Грекияны аралап қайтады.

1896 жылы ол опера әншісі Надежда Забелаға үйленеді. Үйленгеннен кейінгі екі жыл – суретші өміріндегі ең шырайлы, нұрлы кезеңдердің бірі.

Осы онжылдықта ол өзінің ең елеулі шығармаларын сомдайды.

Ашық эмоционалдық характерлі «*Балгер әйел*» (1895), нұр сәулелі темпераментке толы «*Испания*» (1894), «*Венеция*» (1893), кейіпкер бітімін тап басып, дәл ашуымен ерекшеленетін «*К.Д.Арцыбушев портреті*», «*С.И.Мамонтов портреті*» (1897) эпостық тыныстағы тылсым сырлы символ-метафораларды бейнелейтін «*Батыр*», «*Пан*» (1890), «*БІмырт*» (1900), адам мен табиғат арасындағы нәзік байланыстарды шамырқанысты сезімге кенелдіріп көлденең тартатын «*Бозқараған*» (1900) тәрізді сом туындылар осы кезеңде дүниеге келеді.

Ғасырлар алмасуы алдындағы Врубель есімі жұрттың аузында. Оны білу, ол жөнінде сөз қозғау әдетке айнала бастаған. Алайда, оның шығармашылығы туралы әлі де түйінді бір пікір жоқ.

Академизм қағидаларына құлай ден қойған адамдар үшін ол орыс өнеріндегі декаденттік ағымның атасы, пәтуасыз мистик.

Ал осы тұста өмір сүрген өз құралпыластары оның өзінен кейін бейнелеу өнеріне келген суретшілер арасында ажарлы қылқалам, айшықты фантазия иесі болып танылды. Майталман суретшілер Суриков пен Коровин оған тәнті қалса, Бенуа мен Серов оның талантына құлай жығылады. Сол кезеңнің сырбаз да сыршыл ақындары Брюсов пен Блок оған арнап өлеңдер жазады, Петров-Водкин мен Кузнецов, Сарьян секілді өрелі ой мен мәнді формаға ынталы жас кескіндемешілер Врубельді: «Біздің дәуіріміздің туы, суретті алғаш рет академиялық шарттылықтан айырып, жаңа әдіс-тәсілдермен байытушылардың бірі», — деп жоғары бағалайды.

Оның күрделі қолтаңбасы туралы пікірлер қандай әрқилы болса, өмірі де сондай күрделі, алуан сырлы жұмбағы мен тылсымы мол жайларға толы.

Врубель өз заманында сирек ұшырасатын аса білімді де мәдениетті жан еді. Ол сегіз тілде сөйлей алатын. Бұл ретте оның әкесінің тегі пруссиялық поляк, шеше жағынан келетін әжесі дат ұлтынан екендігінің де әсері тиген болу керек. Замандастары оны жан-тәнімен орыс азаматы бола тұра, жүріс-тұрысы, киім киісі, өзін-өзі ұстауы шетелдікке ұқсайтын еді дегенді айтады.

Жаңашыл суретшілер әулеті он тоғызыншы ғасырдың соңғы онжылдығын «*Врубель дәуірі*» деп таныған. Алайда, осы кезеңде дүниеге келген айтулы туындылардан кейінгі оның өмірінде трагедиялық сәттер тым мол. Осы кезден бастап оның бойында бұған дейін оқта-текте белгі берумен келген психикалық дерт өрши бастайды.

Бұл орайда оның отбасына қуаныш әкелуге тиіс — үйленгендеріне бес жыл толғаннан кейін, 1901 жылы дүниеге келген ұлдары да, көңілге демеу болмай күйзеліске ұшыратқан. Оның үстіңгі ерні қоян-жырық болып туған.

Врубель осы шақта екі жылдан бері қайта айналып соққан Демон тақырыбының соңғы, ең елеулі туындысын

сомдау үстінде болатын. «Қанаты қайырылған Демон» деп аталатын бұл дүние суретшіден азапты да қиналысты еңбекті талап етті. Врубельге оның ұнауы тіптен қиынға түскен. Сурет композициясы талай рет бұзылып, талай рет қайта салынды. Суретшінің бар есіл-дерті осы пері-кейіпкер бейнесіне ауған. Ол таңның атысынан күннің батысына дейін тыныстауды да ұмытып, жаңа туындысының қасынан шықпай жұмыс істейді.

Суретші бұл шығармасын өзінің қайшылық пен күйзеліске толы шығармашылық азапты жолының квинтэссенциясы, түйіні, орыс өнеріндегі ерек бір құбылыс ретінде мүсінделуін көздегендей. Ол осы жұмыс жөнінде әңгіме бола қалғанда, енді бес жылдан кейін орыс өнері әлемдегі ең озық өнер ретінде белгілі болады деп қызына сөйлеуді ұнататын еді. Сосын «Демонды» Парижге апарып «Икон» деген атпен қойғысы келетінін айтатын.

Әйтсе де, бедерлену барысында Демон бейнесінде трагедиялық сипат бірте-бірте өрістей береді. Оның тұлғасынан зіл-батпан қайғы, мұң, азап еседі. Әуелде көкейге ұялаған асқақ та айбынды образ хақындағы суретші ойы кейін болмыстың дүрбелең шындығымен, автор көкірегіндегі жан дүние күйзелісімен астаса келіп, оны қанаты қайырылып құзға құлаған, сөйтсе де тауы қайтпаған рух қуатын бедерлеуге ден қояды.

Ол «Демонды» Петерборда ашылған «Өнер дүниесі» көрмесіне қойғаннан кейін де, жұрт назарына ұсынар сәтке дейін үстінен жөндеп, дұрыстауын тоқтатпайды. Күн сайын көрмеге ерте келіп, Демонның бет пішініндегі аза мен назаны тағы да қоюландыра түсуді жалғастыра береді. Енді оның қырық қырланған бедерлерден тұратын, қанаты қайырылған денесі түнеріңкі тұманға бөккен құз арасында жатыр. Басынан асыра қайырылған қолдары, әлем тапырақ мұңға толы бет-пішіні, ызалы да отты жанары туынды композициясының психологиялық қалпын одан әрі ширықтырып, күшейте түседі. Бояулар аласапыран қасірет табын, шапшыған сезім арпалысын танытады.

Ол сонау 1890 жылы сомдалған арманшыл да алаулы ойларға толы Демон емес, «бүлікшіл, тәкаппар рух», құлап, күйреп жатса да, асқақтығы мен айбындылығынан арылмаған бітім.

«Қанаты қайырылған Демонда» сол заманның ең көкейтесті мәселелерінің бірі – айтқанға көніп, айдауға жүрмейтін, езгіге жаны қас дүрбелең тұлғаның рухы еседі.

Әрі онда дербес майдан ашқан адам ұрынуға тиіс шарасыздық халі мен жалғыздықтың жабырқау трагедиясы да бар.

Врубельдің күрделі қолтаңбасынан туған бұл туынды көрме кезінде ә дегеннен қым-қиғаш пікірлер тудыруға себепкер болды. Осы кезде шыққан газеттердің бірінде ол туралы «соңғы жылдардағы көрмелерде бірде-бір сурет дәл мұндай шектен шыққан керағар пікірлерге ұшырай қоймаған еді. Көп адам оны мазаққа, күлкіге айналдырды, тіпті кейбіреулер түкіріп те жатты», – деп жазылды.

Әрине, жұртшылықтан мұндай пікір алған суретті Третьяков галереясының сарапшылары өздеріне сатып алуды қажет деп таба қоймады. Тіпті оның сарапшыларының бірі, Врубельге ылғи тәнті болып келген Серовтың өзі де: «Демонның анатомиясы маған түсініксіз», – деп дауыс беруден бас тартады.

«Демонды» салу кезінде суретшінің шаршап-шалдығып атқарған бейнеті, оның көптен сыр беріп жүрген кеселін асқындырып жіберді ме, әлде дерттің өрбіп, өрістеуі осы тұсқа дөп келді ме, Врубельдің кей мінездері мен қылықтары, түйеден түскендей қылып сөйлей салуы, түсініксіз пайымдары көп жұртты күдіктендіріп, мазасыздандыра бастайды.

Бірде ол өзімен тұстас суретшілермен бір дастарқан үстінде отырғанда, тек өзін-өзі мадақтап, «Демонның» ұлы шығарма екенін қайта-қайта айтумен болады. Бірте-бірте қызына сөйлеп, басқаларға сөз бермеуге айналады. Жұрттың бәрін түкке алғысыз ғып сыпыра сынап-мінеуге көшеді. Суретші Нестеров бұған назаланып, басқалармен бірге көрші бөлмеге шығып кетеді. «Біз өзіміздің одан нашар екенімізді білеміз, бірақ соны бетке айтпай-ақ қойса қайтеді...», – дейді ол.

Ал Врубель болса, бұл кезде қасындағы Серовқа тиісіп жатты... «Валентин, сен әлі құри қойған жоқсың. Менің «Демонымды» ал да қайтадан көшірме жаса, көп нәрсеге үйренесің. Осыған дейін Мәскеу көпестерінің етіктерін салып келгенің де жетер...».

Енді бірде ол үйінде достарымен отырған кезде пейілдене сөйлеп: «Мен тамаша бір портрет салдым, ұлымның портреті. Бірақ оны ешқайсыңа да көрсетпеймін», – дейді.

Бірақ тап осы сәтте сол портрет оның арт жағында беті ашық күйде тұр еді. Достары оның дерт меңдеп, жеңіле

бастағанын тым айқын сезінген.

Дәрігерлер оны есі ауысқан деп тауып психиатрлық ауруханаға салады. Жарты жылдай ем қабылдағаннан кейін ол біршама тәуір болып шыққан.

Бірақ осындай алмағайып жағдайда жүрген суретшіге тағы бір қасірет төтеннен киліккен. Оның бір жарым жасқа енді шыққан ұлы менингитпен екі күн ғана ауырып шетінеп кетеді. Врубельді тұтқиылдан келген бұл қайғы одан әрі күйзелтіп, әрі-сәрі күйге түсіреді. «Мені бір жаққа (емханаға дегені) алып кетіндерші, әйтпесе мен сендерді тағы да әуреге салармын», – дейді ол достарына шарасыздықпен.

Ол негізінен мәскеулік психиатр-дәрігер Ф. А. Усольцевтің қарауында емделеді. Арада бір жыл өткесін денсаулығы тағы да қайтадан бері қарайды. Үйіне оралады. Оның бұл кезеңде салған суреттерінің дені – әйелі Надежда Забеланың портреттері. Солардың бірі – шебер қолтаңбаның қарымды ізі айқын байқалатын «*Н.Забела-Врубельдің портреті*» (1898 ж.). Жалпы оны емдеген дәрігер Усольцевтің де, ол туралы естеліктер жазған замандастарының да пікірінше, Врубель қаншама ауру азабына ұшырап, ақыл-есінде психикалық кері ауытқулар жүріп жатса да, оның шығармашылығы өз әрі мен ажарын сірә жоғалтқан емес. Ол дерт азабы мендеп, қолына қылқалам ұстауға жарамай қалғанға дейін биік өрелі шығармалар сомдаудан таймайды. Бұған оның емханада жүргенде жазған терең пайымды жанрлық суреттері мысал бола алады.

Әсіресе, осы ретте Врубельдің 1905 жылы науқасы қайта асқынып, Усольцев емханасына екінші рет түскен кезде салған ақын «*В. Брюсов портретінің*» шоқтығы биік тұр.

Брюсов сеансты ұдайы емханаға келіп беріп жүрді. Жұмыс өте ауыр жылжыса да Врубель бұл туындысын ерекше ықыласпен салды. Суретші әйеліне жазған бір хатында осы портрет туралы: «Ол (Брюсов) өте бір соқталы қалпымен ұқсас шықты. Оның келісті де әдемі түрі маған түстік славяндарды, кейде Инсаровты елестеткендей болады», – деп бағалайды. Брюсов те жазған естеліктерінде, оны өте сәтті дүние деп есептеп, әзіл-шынын араластыра өзінің кейіннен осы портретке ұқсауға тырысатындығын жазады.

Суретте ақын екі қолын кеудесіне айқастыра ұстап, дүниеге байыптай, барлай қарап тұр. Көз жанарында пайымды толғаныс, салқар ұлылық бар. Ойшыл ақын,

сырбаз суреткер бейнесі бұл.

Врубельдің осы портреттен бір жыл бұрын жазған «*Теңіз ханшасы*» атты акварель туындысы Алматыдағы Қазақстанның мемлекеттік Өнер мұражайының (қазіргі Ә.Қастеев музейі. Ж. Б.) мүлкі. Музей қорына өнер зерттеушісі В. В. Теляковскийдің меншігінен келіп түскен бұл туындыдан да біз суреткердің зерделі қолтаңбасына тән көркем поэзиялық түзілісті, жартылай фантастикалық пейзаж фонында ширыға көрініс берер образ бітімін аңғарамыз.

* * *

Оның соңғы жылдардағы өмірі негізінен емханаларда өтуде. Аурудың беті қайтар түрі жоқ. Қайта күннен-күнге асқына түсетіндей. Врубельдің осы кездегі халін, оның көңілін сұрауға арнайы келген жас суретші С. Судейкин былай деп сипаттайды. «Ол мені қуана қарсы алды, қолтығымнан қыса ұстап, бау ішін аралай жүріп әлденелерді сұрастырды. Аса бір пейілді шабытпен сөз арасында жиі-жиі французшаны да араластырып қояды. Мен Врубельдің табиғи да үйлесімді шыққан әңгімесіне, шамырқанысты қалпына елти берілдім. Имандай шыным, бұдан кейін мен бүкіл өмірімде дәл одан ұнамды, дәл одан өресі биік адамды көрген де, кездестірген де жоқпын... Врубель менің ерекше әсерленіп тыңдағанымды сезініп, енді көп тіл білетіндігімен таңдандыруға кірісті. Ол «Илиада» мен «Одиссеяны» грекше, Вергилиді латынша, «Фаусты» немісше, «Гамлетті» ағылшынша, Дантені итальянша жатқа оқи бастады. Және олардың бәріне француз тілінде тамаша түсініктемелер береді. Энциклопедиялық калейдоскоп көз алдымда ғажайып жылдамдықпен ауысып, алмасып жатты...»

«*В. Брюсовтың портреті*» – Врубельдің соңғы туындысы. Осы портрет салынып бітісімен тағдыр суретшіге тағы бір қасірет әкелген. Ауру енді оның көз жанарына шабады. Ол өзі киініп, өзі жүріп-тұра алмайтын халге ұшырайды. Оның осыған дейін аса бір алғырлықпен зерделеген түстер мен бояулар әлемі, түпсіз құрдымға, мәңгілік қараңғылыққа айналып санадан тысқары қалады. Суретші амалсыздан тағдыр азабына мойынсұнады. Көру қабілетінен айырылған суретшінің соңғы төрт жыл өмірі Петербордағы жеке психиатрлық емханаларда өтеді. Оның ендігі бар көңіл жұбатары – біреудің дауыстап оқыған кітабы

мен ойнаған музыкасын ғана тыңдау.

Қамкөңіл суретші өзінің басқа жұртқа ауыр жүк болып, оларды артық қайғы-қасіретке ұшыратып жүргенін күйзеле сезінеді. Ол үшін ендігі ғұмырдың еш қызығы қалмағандай. Іштей бұдан артық өмір сүргенім кімге керек деп қамығады. Сөйтеді де бір күні ақпанның аязында ашық терезенің алдында әдейі тұрып, өкпесіне суық тигізеді. Ол жедел дамитын көкірек ауруына ұласқан...

Қайтыс болардан бір күн бұрын суретші ауруханада өзін күтуге бөлінген қызметшіге: «Николай, менің мұнда жатуым жеткен шығар, кеттік Академияға», – деген. Ал ертеңіне, 1910 жылдың 1 сәуірінде – Врубель сол Академияда қойылған табытта жатып ақтық, сапарға аттанды.

* * *

Врубельдің өткен ғасырдың соңы мен біздің ғасырдың басындағы әр түрлі жаңашыл әдіс-тәсілдер молынын көрініс берген бейнелеу өнеріндегі орны тым заңғар. Оның шығармашылығы сол кезеңнің көркемдік және рухани бет-бейнесі іспетті. Серов пен Левитан, Репин мен Суриков, Борисов-Мусатов пен Коровиндер өнімді еңбек етіп, жаңа бағыттар мен сырлы ізденістер дүниеге келіп; Петров-Водкин, Кузнецов, Сарьян секілді дарынды жас суретшілердің алғашқы қарымды қадамдары жасалып жатқан соқталы кезең еді бұл. Врубель сол ғасырлар алмасуы кезіндегі суреткерлер толқыны арасынан үзіліп шығып, өнер тарихындағы осы дүрбелең шақтың болмыс-бітімін бар қасиетімен айқара ашып берген ұлы тұлғалардың бірі болды.

Осы орайда Врубель шығармашылығының мән-мағынасы – орыс сурет өнері үшін Поль Сезанның француз кескіндемесіне тигізген нұрлы әсерлеріне де ұқсайды. Врубель де Сезанн тәрізді бейнелеудің жаңа, соны әдіс-тәсілдеріне деген ізденісін, ұлы классиктердің асқақ ұстанымдарынан таратты.

Ол ауру азабы мендеп емханада жатқан 1906 жылы Париждегі Күзгі салонда әйгілі көркемөнер қайраткері С.П.Дягилевтің ұйымдастыруымен орыс өнерінің кең ауқымды көрмесі ашылды. Орыс икондарынан бастап, кейінгі жаңаша дәуір өкілдерінің туындыларына дейін кеңінен қамтылған осы көрмеде Врубель негізінен толық күйінде жұрт назарына ұсынылды.

Алайда, жұрт көп аялдай қоймайтын Врубельдің залынан үнемі оның туындылары алдында бірнеше сағаттар бойы тапжылмай тұратын, пішіні Серовтың жас кезіне ұқсас, дембелше келген жігітті кездестіруге болар еді. Ол Врубельдің әр шығармасын аса бір ұқыптылықпен қайта-қайта үңіле, зерделей қараудан жалықпай ұзақ теңселіп жүретін...

Бұл сол кездің өзінде жаңашыл да айшықты туындыларымен көпке танымал болып үлгеріп, енді кубистік мәнерін тарқатқалы жүрген жас Пикассо еді...

1980 жыл.

2. ҚЫЗЫЛ АТ

«Өсер халықтың қанаты – оның өнері...
Өнерде адам жан дүниесінің құпияларын зерделей
танудан және оны жаратылыс құпияларына
салыстыра қараудан асар биік міндет жоқ».

К. С. Петров-Водкин.

Шағын қалашық тұрғындары осыған дейін дәл мұндай қызылды-жасылды боялған маңдайшаны көрген емес-тін. Қақпа үстіне қағылған жалпақ қаңылтырда денесі белуарына дейін жалаңаш, екі иығында салақұлаш қанаты бар, қолына бояу құйылған қапсырма мен қылқалам ұстаған еркектің бет пішіні бейнеленіп, оның астында әшекейлі әріптермен «Кескіндемеші – бояушы» деген жазу тұрды. Ал қақпаның өзіне баттита салынған сұқ саусақ онсыз да сол үйге кіретін жалғыз есікті нұсқайтын.

Еділ бойында елеусіздеу күн кешіп жатқан Хвалынк қалашығындағы маңдайшалық-жарнама жазу кәсібінің алғаш рет көрініс беруі еді бұл. Жаңа шеберхана иесі ә дегеннен тек базар жаймаларын, дүкендерді, қолөнершілер ұстаханаларын безендіретін жарнамалық жұмыстарға ғана емес, шіркеулер үшін әулие-әмбиелердің бейнелерін салуға, көпестер мен орта дәулетті адамдардың суреттерін кескіндеуге де бірдей құлшынып кірісе беретін «әмбебаптығымен» танылған. Сосын бір қызығы ол салған адамдардың бет-пішіндері тек бір бүйірден ғана бейнеленетін.

Бақалшыдан алған әртүрлі бояулармен қилы-қилы жарнамалар жазып, адамдарды өздеріне біршама ұқсатып сала алатын «кескіндемеші бояушыны» төңіректеуге, әсіресе, арықша келген саржағал бала құмар. Ол төрт қабырғасына журналдардан қиылып алынған түрлі-түрлі суреттердің көшірмелері ілінген шеберханаға келіп қаладағы бірден-бір ерекше кәсіп иесі Толкачевтің әңгімелерін тыңдауды жақсы көреді.

Ол осы шеберханада тұңғыш рет дүниеде суретші деген халық болатындығы туралы естіген. Толкачев, әсіресе,

Маковский, Айвазовскийлердің есімдерін атағанда, селдірей бастаған бұйра шашын сілкіп тастап, еңсесі көтеріліп, жанары нұрлана түсер еді.

Даусын жарқын-жарқын шығарып, сол бір нағыз өнермен айналысатын, «қылқаламдарын бір жүргізіп өткеннен тірі адамды айнытпай сала алатын», жылдар бойы, ал кейде о дүниеге аттанғанша жалғыз ғана ұлы туындыны, ат басындай алтынға лайық құны бар шығармаларды сомдаумен шұғылданатын суретшілер әулеті жайлы қызықты әңгімелерді пейілдене ағытатын. Ол тұла бойы ғажайып суреттермен безендіріліп, ішінде әрдайым оларды көруге келген жұрттан жыртылып-айырылып тұратын зәулім сарайлар туралы айтылатын. Бүкіл Ресейден ең таңдаулы адамдарды жиып алып, өнердің тылсым құпияларын талмай оқып-үйрететін көркемсурет мектептерін сөз ететін...

Әдетте, әңгіме осы жайларға тірелгенде Толкачев тіке ұнжырғасы түсіп, екі қолымен бетін басқан күйі қалың мұңға берілетін. Сосын күйзелісті үнмен ылғи да бір сөздерді қайталар еді: «Өліп кетсем де, суретші боламын, суретші боламын». Оның әрбір сөзін есі кете тыңдап отырған саржағал бала бұндай кездерде ерекше әсерленіп, ол да осы сөздерді іштей күбірлейтін. Толкачев басын көтергенде оның көзі жасқа шыланып тұрар еді. Бірақ ол көңілін тез демдеп алып, өзінің бояу қыратын шәкіртіне бұйрық беретін.

– Троша, бір жартылық әкел. Тұздалған қияр алуды да ұмытпа!..

* * *

Ал арада қырық жылдай уақыт өткенде, әлгі әсершіл бала ол туралы былай деп жазды:

«Мандайша жазушы маған өнердің мән-мағынасы туралы тәлім бере алмайтын еді. Өйткені, оның өзі де бұл мәселе туралы шала пайымдайтын. Әйтсе де, ол менің алдыма осындай әлем, бояу құдіретін бағындыратын кәсіп барлығын, онда шеберлігі жоғары, өнерге бүкіл өмірлерін бағыштайтын адамдар істейтіндігі туралы бірінші рет түсінік берген. Мен оның бояуларды тым ретсіз қолданатын берекетсіздігіне, пәтуасыздығына қынжылатынымын, бірақ осының өзімен де ол сурет өнерін мен үшін қиялымдағы қол жетпес биіктен жерге түсіріп, қарапайымдандырған еді, бұдан кейін менің әлім оны игере алуға әбден жететін секілді көрінді...»

Жиырмасыншы ғасырдың қаламы қарымды, айшықты, суретшілерінің бірі Кузьма Сергеевич Петров-Водкин өзінің «Хлыновск, Эвклид кеңістігі, Самарқандия» атты ғұмырнамалық кітабында бейнелеу өнері әлеміне әуелде қалай ынтық болғанын, оның тылсым қырлары мен сырларын тануға деген құмарлықтың қалай оянғанын осылайша еске түсіреді.

Оның повесінен алынған бұл үзінді, бізге әйгілі суретшінің сонау, балалық шағының өзінде болашақ мамандығына құлай ауған пейілін, осы жолда әбден үйренуге, тәлім алуға болатын сәттерді санадан тыс қалдырмауға талпынған арманшыл ықыласын шым-шымдап көлденең тартар еді.

* * *

Оның балалық шағы Еділ өзенінің оң қабағына жармаса орналасқан шағын қала Хвалынскіде өтті. (Өз кітабында ол мұны Хлыновск деп атайды). Өміртануды, дүниетануды, тіршіліктің тылсым құбылыстарына сәбилік аңсарлы байыппен қарауды ол осында, жасыл дөңестері мен алма бақтары, жұпар иісті шалғындары мен ойдым-ойдым ормандары бар аяулы мекенде бастады. Оның бүкіл шығармашылығында шымыр-шымыр сырлы толқындай ағып, суретші есімін бейнелеу өнерінің саңлақ суреткерлері қатарына алып шыққан нұрлы қайнарлар да осы Еділ-ананың бойындағы тіршілік түзілістерінен арна тартты. Ешкімге ұқсамайтын дербес қолтаңбалы суретші санасында бұл мекенде өткен жылдар, ең бір әсерлі де танымдық қуаты мол кезеңдер ретінде қалып қойды.

«Мен мұнда өсімдіктердің өсуі мен гүл жаруының заңдылықтарын, қызғалдақтардың қалай ырғала бой түзеп, шешек ату құпиясын қолмен ұстап көргендей, түйсініп, сезінгендеймін...

Мұнда адамзат махаббатына мейірленген күн шұғыласы да жапырақ өңіне, гүл бетіне қонақтап, соншама бір шырайлана, мың құлпырып шапақ шашатындай көрінетін...».

Суретшінің ғұмырнамалық кітабынан алынған осы бейнелі жолдар, бізге хвалынскілік етікші С.Ф.Водкиннің тұңғыш ұлы Кузьманың әуелден әр нәрсені білуге, тануға құмар әсершіл болмысын танытып, оның зерек дарынды қолтаңбасы сонау ілкі, балалық шақтың өзінде көңілде мықтап ұялап қалған қасиетті дәндерден бастау алғандығы

жайлы сыр байыптатқандай болады.

Дәл осы тұрғыдан алғанда, оның ерек талантының ажарлы белгілері – қасиетті Жер-ана үстінде аяғын ерекше бір салтанатпен сәндей басқан, ертегіден оралғандай қызыл ат бейнесі; сол Жер-ананың төсін жалаңаш аяқтарымен пейілдене басып, табиғат пен тіршіліктің байланысын өздерінің қарапайым да күдіретті ұлылықтарымен паш етіп, көк майсаның үстінде бала емізіп, атқан таңмен бірге Еділдің суына шомылып жүрген шаруа мадонналары; талай заманалар бойы салқар кеңістікте қалықтай айналумен жүрген, талай ғасырлар мен тағдырларды басынан өткерген сол Жер-ана бітімінің оның туындыларында әрдайым ғарыштан қарағандай жұмыр сомдалуы – бізге суретші қолтаңбасына тән зерделі айқындықтың, жарық пен шуаққа ынтық бояулар үйлесімінің (колоритінің) қанық көріністері ретінде ұғынылады.

Бірақ бұның бәрі де – кейіннен, оның шығармашылығы өзінің дербес қасиет-сапасымен жұрт талғамынан шығып, кең танылғаннан кейін ғана белгілі, әйгілі болатын ерекшеліктер еді.

* * *

Ал, әзірше ол – өзі дүниеге келген Хвалынскіде (Хлыновскіде) уақыт пен кеңістіктің заңдылықтарын ұғынудың алғашқы дәрістерін, табиғат ұсынған тәлімдерді үйрену үстінде. Он тоғызыншы ғасырдың ақырындағы шеткері тұста елеусіздеу жатқан провинциялық қалашықтың өзіне тән тіршілік пайымдары, жұпыны отбасы тәрбиесі оны сәби жасынан ширатып, шынықтырып өсірген. Ол жоқшылық пен баршылықтың, ащы мен тұщының арасын жақсы біледі. Бай үйлердің есігінде күң болып жүрген шешесі мен етікші әкесінің хал-ахуалдары оны осыған үйреткен.

Кузьма кішкене күнінен бастап бояулар түр-түсін сезінуге ерекше ықылас қояды. Осы ретте ол халық арасынан шыққан қарапайым өнер иелері, оның өзінің бесігін алқаракөк аспан түстес бояумен сырлаған Андрей Кондратыч пен икон жазушы Филипп Парфенычтардан алғашқы тәлімдер алады. Ал, хвалынскілік «кескіндемеші-бояушы» Толкачевті ол тұңғыш рет суретшілер туралы әңгімелер айтып, бала көңілге қанат бітірген адам ретінде бағалайды.

Әйтсе де, ол өзінің ең басты тәрбиені қоршаған ортаның тіршілік заңдылықтарынан, Еділ бойының табиғатынан алатынын күннен-күнге зерделей түскендей. «Мен мұнда адамдардың, құстар мен жануарлардың өмірдегі орны туралы ойладым. Мұнда мен жамандық пен жақсылықты, сұлулық пен сұрықсыздықты таныдым... Осында жүріп бірде дөңес басына шыққан кезімде, көкмайса үстіне аунап бара жатып, көз алдымда бұрын сезіне қоймаған жаңаша бір көріністі байқадым. Мен жерді планета тәрізді аңдаған едім. Жаңа ғарыштық әсер ашқанымға қуанғаным сонша, тағы да әлденеше рет осы құлауымды қайталап тексердім. Көз жанарыммен бүкіл көкжиекті тұтас шолу үстінде мен жұмыр шардың бір шетіне ілініп тұрғандай әсер алдым... Ең ғажабы сол – жер әдеттегідей жалпақ, тегіс боп көрінбеді, ал Еділ болса оның бүйіріне жабысып алып төгіліп кетпей тұрды, өзім жердің бір қабырғасында салбырап қалғандаймын».

Осылайша он бес жасар бозбала космос ғасыры басталудан әлденеше жыл бұрын Хвалынск түбінде өз танымымен ғарыштық құбылысты ашады. Сол кездің өзінде-ақ, болашақта оның шығармашылығына тән болатын – бейнелемек тақырыбына батыл келу, оны түгелдей игеру, ақыр соңында, оны мысқалдап өлшегендей артық-кемі жоқ кеңістікке әкеліп орналастыру секілді төл суреткерлік қасиеттерінің бастапқы көрініс беруі еді бұл.

* * *

Төрт сыныптық қалалық училищедегі оқу аяқталды. Хвалынскіде одан үлкен оқу орны да жоқ. Балалар өзара енді қайда бару жөнінде жиі-жиі ақылдаса бастайды. Әрқайсысы әр мамандықтың басын ұстағысы келер.

Мәскеуде көше сыпырсам да, Хвалынскіде қалмаймын, – дейді олардың бірі, өлең жазумен айналысатын Позднухов дейтін бала. – Тіпті болмаса жаяу кетемін. Әкететін жүгім де даяр: қоржыныма Пушкиннің томын, қыс бойы кептіріп жүрген нанымды саламын да тартып кетемін...

Мектепті бітіргендердің арасында үш түлек Самарадағы теміржол училищесіне түспек ниетте. Ал Кузьманың көкейінде – суретшілік. Әйткенмен, бұл өнерге оқытатын мектептің жақын маңда қай жерде бар екенін де білмейді.

– Мен де теміржол училищесіне барамын, – дейді ол жолдастарына қосылып.

Осы мақсат ақыры оны Самараға алып келді. Бірде

училищеге сынақ тапсыруға келе жатып, қала орталығындағы бір үйдің маңдайшасына ілінген жазуға көзі түседі: «Кескіндеме және сурет салу кластары»...

Ол училищеге емтихан тапсыруға кірісіп, екінші сынақтан құлап қалған кезінде аса ренжи де қойман жоқ. Өйткені көкейінде сол жазу тұрды.

...Есікке әшекейлі ұсақ әріптермен «Федор Емельянович Буров, императорлық көркемсурет академиясының бірінші дәрежелі суретшісі» деп жазылыпты. Міне, қазір ол теңдесі жоқ ғажайып сәтті бастан кешірімек. Бірақ та ол есікті қоңыраулатуға шамасы келместен сыртқа қайтадан ата жөнелді. Санада бір-ақ сөз: «бірінші дәрежелі императорлық суретші»...

Ол ертеңіне осы үйге тағы келді. Қобалжуын әзер басып, қоңыраудың тізгінін тартты. Есікті сақал-шашы ағара бастаған суретшінің өзі ашты. Кездесу бозбалаға ерекше әсер қалдырды. Буров онымен ықыластана сөйлесті. Суретші Кузьманың салғандарын көргеннен кейін, оны тіке өзінің сыныбында сабақ үйренуге шақырды. «Бұл менің тұңғыш рет нағыз суретшімен кездесуім еді».

...Ал арада бір жарым жыл уақыт өткеннен кейін ол Петербордағы барон Штиглицтің көркем кәсіпшілік училищесіне келіп түседі.

Штиглиц мектебі негізінен қолөнер мамандарын даярлап шығаруды көздейтін. Негізгі пәндер техникалық сурет салу жұмыстары, ою-өрнектерді сызу, ұсынылған үлгі-нұсқаларды дәл көшіруді үйрететін талаптармен шектелді. Бұған дейін осы тектес тиянақты білімді қажет ететін күрделі пәндерді кездестірмеген Кузьма бар ынта-ықыласын сабаққа арнайды. Оның алдында өнердің бұрын байқалмаған жаңа көкжиектері ашылғандай.

Әйтсе де, жас жігіттің көңілі бірте-бірте бұл сабақтарға қоңылтаси бастайды. Кузьманың көкірегінде жалаң техникалық тұрғыдағы сурет салумен ғана шектелу дегенге қарсылық оянады. Оны көбіне-көп бояулар сиқырына толы кескіндеме өнері еліктіре, үйіре түседі.

Ол Петербордағы қордалы өнер отаулары Эрмитажда, Көркемсурет академиясында, музейлерде жиі айналсоқтап, ұлы туындылардың қадір-қасиетін түсінгісі келеді. Сол кездегі орыс бейнелеу өнерінде саңлақ тұлғалар ретінде танылған кескіндемешілерге сырттан қызыға, құмарлана қарайды. Суреткерлер ортасында өнердің алдағы тағдыры туралы қым-қиғаш жүріп жатқан талас-тартыстарға зер

салады, байыптайды.

Ақыры, екі жылдан кейін ол Штиглиц мектебімен қош айтысуды жөн көріп, Мәскеудегі Кескіндеме, мүсін және сәулет училищесіне ауысады.

* * *

Кескіндеме, мүсін және сәулет училищесі. Сабаққа алғаш келген күннен-ақ оның назары жас шамасы өзі құралпылас. ұдайы жұптары жазылмай жүретін екі жас жігітке ауған. Біреуі – ұзын бойлы, арықша келген, қыр мұрынды, үнемі жинақы киініп жүрсе; екіншісі – оған қарама-қарсы, орта бойлы, шашы ылғи ұйпа-тұйпа күйінен бір аумайтын, дембелше жігіт.

Кузьма оларға бірден Дон Кихот пен Санчо Пансо деп ат қояды. Әрі өзін осы жігіттердің сөйлеу мәнері, жүріс-тұрыстары үйіре беретінін де сезінгендей. Бекер де емес екен, олардың екеуі де Еділ бойынан келген өз жерлестері болып шықты.

Пансо, әсіресе, емтихан кезінде бүкіл сыныпты өзінің дәл де батыл суреттерімен таңғалдырды. Ол қай жерге сызық тартпасын, қандай бояу жақпасын бәрі орын-орнына, артық-кемі жоқ, үйлесімді күйінде жарасып жатады. Әрі барлық қимылы, жылдам, ширақ...

Дон Кихот басқаша. Оның қылқалам ұстасының өзінен сырбаздық, әр нәрсеге терең зерделей, байыппен қараушылық сезіледі. Жұмбақ лирикаға бейім. Әр бояуды сәулелендіруге, нұрландыруға тырысады.

Санчо Пансо – кейіннен қазақ даласы туралы тамаша туындылар сомдаған Павел Кузнецов еді.

Дон Кихот – болашақта шырайлы пейзаждарымен, дербес қолтаңбалы шығармаларымен әйгіленетін Петр Уткин болатын.

Кузьма кейін өз жерлестерімен жақын танысқаннан кейін, достасып, үшеуі әрдайым бірге жүретін болды. Олардың өнерге, өмір құбылыстарын тануға деген көзқарастары да ұқсас, үшеуі де бейнелеу құралдарындағы соны ізденістерге, жаңашыл әдістерге құмар. Көп ұзамай бұл үш жігіттің қатарына қою бұйра шашты, тау ұлы Мартирос Сарьян келіп қосылды. Осы кезден бастап олардың ұзаққа созылған рәуішті достықтары басталады.

Училищедегі оқу үдерісі күннен-күнге қызықты, шұрайлы бола түскендей. Бұған сол кезде шәкірттерге

В.Серов, И.Левитан, П.Трубецкой, К.Коровин секілді суретшілердің сабақ беруінің де әсері бар болатын.

Жалпы орыс өнерінің дамуында осы тұста ерекше жарқын құбылыстар жүріп жатқанын байқау қиын емес еді. Мәскеудің өзінде әлденеше көрмелер ұйымдастырылып, жұрт талқысына қилы-қилы туындылар түсіп жатты. Петерборда – Врубельдің «Демоны», Мәскеуде – Малявиннің «Қызыл қатындары» мен «Мұжығы» қойылды. Кузьма бірде «Қызыл қатындардың» қасында тұрған кезде Антон Чеховтың сөзін естиді. Ол жанында тұрған достарының біріне: «Мынау Горькийден де дүлей күдірет қой!» – деп тұр екен.

* * *

Дүбірі мен дүрбелеңі, жаңалығы мен жасампаздығы мол жиырмасыншы ғасыр жаңа жүзжылдықтың есебін ашқан.

«Жиырмасыншы ғасыр жай ғана басталған жоқ еді. Өйткені, төрт санның үшеуі өз орнын ауыстырды: тоғыздықтардың біреуі алғашқы тұрған санның қасына аттап барып алмасты да, екі ноль аса бір ілтипатпен алда келе жатқан – ұшатын аппараттары, болат балықтары мен алып кемелері бар электромагнит ғасырына жол берді», – дейді Петров-Водкин өзінің «Эвклид кеңістігі» кітабында.

Сурет өнерімен бірге, әдебиетті, музыканы, ғылымды да қатар алып жүруге ұмтылған жас жігіттің түгесілмес жігері таңғалдырады. Ол күні бойы сурет салумен, скрипка үйренумен айналысса, түннің әлден уақытына дейін пьеса, әңгіме жазуға отырады. Оның бойында суретшілікпен қатар жазушылыққа деген қабілет, икем де мол еді. Енді бірде ол өзінің сүйген қызына физиканың, геометрияның, астрономияның қилы-қилы заңдылықтары туралы бар ықыласымен әңгімелеп тұрар еді.

Оның бойында әуелден қалыптасқан көп білуге, тануға деген құмарлық – жаңа көкжиектерге, танымның ашылмаған аралдарына қол бұлғап шақырғандай болады. Ол бұрын өзіне беймәлім жерлерді аралап көруге алыс елдерге баруға ынтығады. Суретші ретінде жаңа әсерлер алғысы, өнердің қызу көрігі күмпілдеп соғылып жатқан жерлерде болғысы, еуропалық қылқалам шеберлерінің кескіндемедегі бояу іздерін пайымдағысы келеді.

Бірақ ондай сапар үшін алдымен ақша, қаражат керек емес пе?! Оны қайдан таппақ? Ол велосипед фирмаларын

жағалайды: «Сіздер арзанға велосипед сатсаңыздар, мен онымен шетелге сапарға аттанып, сіздер үшін жақсы жарнама жасар едім». Ақыры, бір фирмаға бұл идея ұнайды да, жас суретшінің ұсынысын қабылдайды. Училищеде оған шетелдік паспорт алуға көмектеседі.

Аз күннен кейін ол Еуропа елдеріне аттанып та кетеді. Алдын-ала құрған маршрут бойынша ол Варшава, Прага, Мюнхен арқылы Генуяға дейін жетуді көздейді.

Бұл сапар Петров-Водкиннің алдына талай оқыс оқиғаларды ұшырастырса да, суретшіні мол әсерлерге кенелдіріп, бөтен жұрттардың өмір салттарымен тікелей таныстырған аса бір қызықты да пайдалы сапар болған еді. Кузьма Дрезден галереясын көреді, Мюнхеннің көрме залдарын аралайды, әрі осында жас орыс суретшілері ықылас қоя дәріс алатын Антон Ашбенің мектебінде екі айға жуық шеберлік тәлімін үйренеді...

* * *

Шағын денелі италиялық жігіт Пикколо әуелде дәл мұндай бола қояр деп тегі қаперге алсайшы. Әдеттегідей, Везувийдің жанына келгесін, тіке кері қайтатын шығармыз деп ойлаған. Ал, мына, орыс тіпті қорқып, үрейленуді білер емес. Әлгінде жанартаудан атқылаған күл мен күйе тұла бойын жауып қалса да тайсалар түрі жоқ, кратердің ернеуін барын көреміз дейді. Бұған дейін Везувийге қанша адамды ертіп келіп жүр, – бірақ дәл мұндайды, сірә, кездестірмейсің. «Синорье, онда көретін түк те жоқ, қап-қара шұңқыр, мына жердің өзінде аяқ астымыз былқылдап, жаман иіс мұңкіп тұр. Онда тіптен жаман», – деп те айтты.

Жоқ, тыңдар емес. «Ендеше өзім кетем, сен қала бер, екеуміз бірдей құрбан болмайық», – дейді. «Маған жауап беремін деп қорықпа, тілхат тастаймын», – дейді.

Пикколо бұл сөзден кейін күйіп кетті. «Жо-жоқ, синорье, сіз қай везувийліктің жолдасын қатерге тастап кеткенін көріп едіңіз. Қасыңыздан қалмаймын...»

Шынында, мына орыстың жүрегінің түгі бар екен. Әлгінде ғана жанартау құсып тастаған күлді тізеден кешіп, кратерге қарай өрмелеп барады. Өлімнен қорықпайтын не деген адам бұл.

Осы кезде жанартау кезекті атқылауын бастады. Аяқтарының асты теңселіп, шайқалып, айнала қап-қараңғы боп кетті. Везувий емес, бүкіл Пикколаның денесі, әрбір

бұлшық еті, миы, санасы атқылағандай болған. Қараңғылықты қақ жара қып-қызыл жалын көтеріліп, зор сілкініс оны ыстық күлге лақтырып жіберді.«О, Санта Мария! Сақтай көр!»

Әлден соң есін жиғанда, анадай жерде күл ішінен босанғысы келіп тырбанып жатқап серігін көрді. Үстіндегі пальтосы бықсып жана бастапты. Тұра ұмтылып қолынан тартып бойын тіктеуіне көмектесті. «Тірі екенсіз ғой, синорье, қатты қорқып едім», – деді даусы дір-дір етіп.

Пикколо Везувийге ертіп келген адам – училищені енді ғана бітіріп италиялық ұлы шеберлердің туындыларын көру мақсатымен 1905 жылы осы елге жолы түскен Кузьма Петров-Водкин еді. Венеция, Флоренция, Рим, Неаполь, Генуя, Милан қалалары арқылы өткен бұл сапарда ол Джованни Беллинидің, Леонардо да Винчидің асқақ шығармаларымен көзбе-көз жақын танысып, олардың ұлы құндылықтарын байыптайды.

Әйтсе де оған ең үлкен әсер еткен Везувий болған. Петров-Водкиннің өз тұжырымдауынша, осы жанартау атқылаған кезде ол бастан кешкен әсерлер – оның көркемдік пайымында төңкеріс жасап, оның өнердегі шәкірттік кезеңі мен енді ғана басталған дербес шығармашылық өмірі арасындағы аражік іспетті болған.

«Мені Эвклидтің көзге әбден қанық тура бағдарлы түзу сызықтарынан Везувийде бастан кешкен әсерлер құтқарып алды.

Алда салқар кеңістіктер ашылды».

* * *

Суретшіні өнердің жаңа танымдық қырлары одан әрі ынтықтыра түседі. Ол осы кезеңде бейнелеу өнерінің соны ағымдары көрініс беріп, жаңашылдықтың қызу көрігі басылып жатқан Парижге жетуді, сол дүбірлі ортада жүріп, жасампаз дамудың солқылдаған қан тамырын қолмен басып байқағанды жөн көреді.

Ол қарындашы мен дәптерін қолынан бір тастамай жүріп Монмартрды, Сена бойын аралайды, ұядай кафелерде отырады, музейлерде болады. Өзін ерекше тәнті қалдырған Матисспен кездеседі.

Парижде өткен екі жарым жыл Петров-Водкиннің бейнелеу өнер жөніндегі түсінігі мен танымын кеңейтуге елеулі үлес қосады. Оның француз символизмінің әдістеріне

орай жасаған суреттерінде жандүние құбылыстарын, психологияны бейнелеуге деген талпыныс аңғарылады. Жаңа пайымдарға, жаңалыққа құмар суретші осы Парижде жүрген кезінде Теріскей Африкадағы Алжир, Тунис елдеріне де екі айдай саяхат жасап қайтады. Бөтен жұрттар табиғатының бояу реңкімен, пейзажымен, әдет-салттарымен танысады.

Оның Парижде өткізген сол кезеңде салған туындыларында болашақ Петров-Водкинге тән бітім-бедер әлі көріне қоймайды. Әйтсе де өзіндік әдіс-тәсілдерінің түбегейлі қалыптаспауының әсері айқын байқалатын алғашқы шығармаларында суретшінің күнделікті күйбең тіршілік әуендерін шетке ысырып тастап, көрерменді өмір мен өнердің мәңгілік проблемалары хақында сырласуға, түсінісуге шақыратын ынтық қолтаңба анық аңғарылады. Ол өзін шынайы табыстарға бастайтын нұрлы ізденістерге толы тура жолға түскенін сезінгендей.

1908 жылы суретші Петерборға қайтады. Жанында Парижге келген кезде танысып көңілдері жарасқан, өзі бөлме жалдап тұрған пансион қожайынының қызы, шыққан тегі бойынша жартылай серб, жартылай бельгиялық Мары Иованович, кейіннен Мария Федоровна Петрова-Водкина атанған сүйікті жары. Суретшінің бұдан былайғы шығармашылығындағы зайыбына арнаған портреттерінен біз үлкен жүректің ақ-адал лүпілін, мол сыйластық сезімін түйсінгендей боламыз. Мария Федоровна да ерін өмір бойы қадірлеп өтті. Кейіннен жазған әсерлі естеліктерінде оны «Менің ұлы орыс күйеуім» деп үлкен мақтаныш тұта жазды.

* * *

«Ұйқы» – Петров-Водкиннің Парижден қайтып оралғаннан кейін сомдаған дүниесі.

Тұспалды-рәміздік сипатта жазылған «Ұйқы» ә дегеннен сыншылар назарын аударды. Туынды бітімінде, оның кескіндемелік тілінде жұмбақ сәттердің молдығы ол туралы әртүрлі пікірлер мен пайымдардың тууына түрткі болған. Оған берілген бағалар да қилы-қилы. Біреулер мақтауын асырса, екіншілері даттауға ұшыратты. Ең ащы пікірді әйгілі суретші Репин айтқан. Ол бұл туындыны декаденттік қолтаңбаның жемісі деп табады. Жас суретшіні бұл бағадан қорғауға Бенуа қызу араласады. Біраз уақытқа созылған талас-тартыс басталады.

Пікірталас қандай нәтижемен аяқталса да, оның бір нәрсені айқындағаны анық еді. Петров-Водкин осыдан кейін сол кезеңдегі өзгеге ұқсай қоймайтын ең батыл орыс суретшілерінің бірі ретінде танылған.

Ол сол шақта жаңадан құрылып, өз қатарына ел өнеріне тынысты туындылар әкеп қосып жүрген суретшілерді тартуды көздейтін «Өнер әлемі» бірлестігінің белді мүшесіне айналады. Осы бірлестік көрмелерінде ол өзінің шәкірттік кезіндегі тілектес, талғамдас достары П.Кузнецовпен, М.Сарьянмен, П.Уткиндермен қайта ұшырасады. Сол шақта өмірге келген әр түрлі ағымдар: «Көгілдір роза», «Валеттің қиығы» және басқа да топтардың өкілдерімен араласады.

Бұл әрқилы сипаттағы ізденістер мен тәжірибелердің тым көбейіп тұрған кезі болатын. Жаңа кескіндемелік әдістер, түрлік, композициялық құрылымдар, затты, натураны жіліктеп талдауға бейім талпыныстар – талай жас суретшілер үшін көкейтесті мәселелер болып алған. Осы қалың ағым мен әдістердің қалың ортасында жүрген Петров-Водкиннің олардан ерекшелігі сол – ол өз ізденістерінде басқалардай жалаң түрлік, формалық міндеттерді шешуге үйірсектемей, алып отырған объектісіне жоғары бейнелілік, образды мән-мағына беруді басты мақсат етіп алға қояды.

Бұл жас суретшінің болашақта өз қолтаңбасының ажарлы ерекшелігі ретінде танылатын – кең тынысты бейнелеу мәнерін, декоративтік ыңғайдағы әсерлі пластикалық түзілістерді құра білу қасиетін меңгеруге жақын, тым жақын қалған кезі еді.

Осы тұрғыдан алғанда, оның 1910 жылы сомдаған «Балалар» деп аталатын туындысының жөні бөлек. Онда су жағасындағы көк майса үстінде ойнаған, күнге әбден тотыққан екі бала бейнеленген. Сурет бірден ашық та айқын бояу қанықтығымен, сындарлы пластикалық бітімімен, тамаша астасқан жалқын түстерімен үйіріп алады.

Бір қарағанда, «Балалардың» әйгілі француз суретшісі Матистің Мәскеудегі А. С. Пушкин атындағы Бейнелеу өнері музейінде тұрған «Би» деп аталатын шығармасын еске түсіретіні бар. Әйтсе де, мұнда Матистегідей денелердің иіліп, бүгілуіне қосымша экспрессия телу, ритуалдық ырғаққа экзотикалық сипат беру жағы емес; онда байқала бермейтін психологиялық нюансқа, көңіл-күй ауанына тереңдей бару жүзеге асырылған.

* * *

Монтеньнің бірде: «Әрбір суреткердің нағыз абырой даңқы – оның шығармаларының атынан бастау табады», – дегені бар. Расында да біздің «Джоконданы» айтсақ – өзінен-өзі Леонардоны, «Давидті» сөз етсек – Микеланджелоны, «Ойшылды» еске алсақ – Роденді, «Демонды» қозғасақ – Врубельді, «Герниканы» ойласақ – Пикассоны еске алатынымыз бар емес пе? Бұл шығармалар осы суреткерлердің шығармашылық өмірбаянының ажырамас қан тамыры іспетті етене үйлесіп кеткен, көрерменге ең белгілі дүниелер.

Дәл осы қасиет Петров-Водкиннің 1912 жылы салған «Қызыл атты шомылдыру» деп аталатын туындысына да тән. Дүниеге келісімен бірден жиырмасыншы ғасыр басындағы орыс бейнелеу өнеріндегі ерек құбылыстардың бірі ретінде бағаланған, суретшінің ең танымал, ең әйгілі жұмысы бұл.

«Деревняда бір торы ат болды, әбден қартайып бар сұлдерінен айырылса да тұмсығы жақсы еді. ...Мен аттарды суға шомылдыру сәтін салуға кірістім. Әуелде менде үш нұсқа болды... Содан жұмыс барысында түр мен мазмұнды теңгеруге назар аударып, суретке әлеуметтік мән-мағына беретін таза кескіндемелік сипаттарға көбіне-көп ден қоя бастадым...», – дейді суретші кейіннен осы шығарманың туу тарихы туралы сөз еткенде.

...Өзен жағасында бітімі аса сұлу, тұла бойы салтанат пен айбынға толы, түсі көз қарықтырарлықтай қызыл ат жүр. Қылаусыз қызыл түс. Бар тұлғасында ертегілерде айтылатын арғымақтардың күш-қуаты, арыны бар. Бір қарағанда ақырын аяндап жүргендей болғанымен, оның шатынап кеткен көзі алапат бір дүбірге, шабысқа ширығып тұрғанын байқатқандай. Енді болмаса нақ асқар-асқар белдерден, айдын-шалқар көлдерден, «бес жүз құлаш жазылып» қарғып өтер Тайбурыл секілді аспанға атылардай халде. Оның үстінде отырған сары алтыннан сомдалған мүсін іспетті бозбала ауыздықпен алысқан аттың бұл қылығын байқап, тізгінді ірке ұстайды, әйтсе де, оның арғымақ екпінін тым тежегісі де жоқ.

Қызыл ат пен бозбаланың арғы фонында тік күйінде бейнеленсе де «төгіліп кетпей тұрған» өзен суы, «планета» сияқты жер бедері. Ерек үйлескен гармония. Айқын қызыл, айқын көк, айқын сары, айқын жасыл түстер. Бір-біріне араласпай, нақ-нақ бөлініп жатқан жалқын бояулар.

Қызыл ат. Әдетте, қызыл ат болмайды дейтініміз бар. Бірақ, сәл сәт балалық шақтың әсерлеріне қайта көз жіберелікші. Менің өз басым кішкентай кезімде кәдімгі қызыл түсті атты үлкендердің неге торы ат деп атайтынына таң қалатынымын. Өйткені, ол менің балалық санамда ылғи қызыл ат күйінде көрініс беретін. Әйтсе де, есейе келе мен де оны торы ат деуге көштім, солай қабылдайтын болдым. Осы тұрғыдан келгенде Петров-Водкин де суреткерлік зердемен торы атты қызыл ат күйінде бейнелегенді, сол балалық танымда қабылданған түс пайымын көлденең тартқанды жөн деп тапқан болуы керек. Нәтижесінде – қою колоритті ерек туынды сомдалған...

«Қызыл атты шомылдыру» – тұңғыш рет «Өнер әлемі» суретшілерінің көрмесінде жұртшылық назарына ұсынылады. Көрмені ұйымдастырушылар оның көрерменге айрықша әсер ететінін күні бұрын сезіне біліп, суретті кіре берістегі есік үстіне ілген. «Қызыл ат...» расында да көрермендерді айран-асыр қалдырды. Бұл уақытқа дейін жұртшылықтың суретшілер тарапынан туындап жататын талай оқыс жаңалықтарға: футуристердің ию-кию, даудамайлы шуларына, экспрессионистердің көзге ұратын өткір де батыл қолтаңбаларына, символистердің қисынын тауып киюластыратын шарттылықтарына біршама еттері үйрене бастаған еді. Ал, мұнда, бәрі де басқаша. Жай ғана «сюжет». Айқын да жарқын бояулар. Композиция түзілімінде де аса күрделілік жоқ, қайта қарапайым. Бірақ көрермен көкірегінде әлдеқандай бір мазасыз да дүрбелең сырлар ұялайды.

Ол қандай сырлар? Суретші туындысында нені айтпақ? Жұрт көкейін тескен бұл сауалдарға жауапты арада бірнеше жылдан кейін «дүниені дүр сілкіндірген» төңкеріс аласапыраны берген еді. «Қызыл ат» – нағыз шынайы суреткер бойынан ғана табылатын ерек сезімталдықтан, алда келе жатқан дүмпулі кезеңдер тынысын түйсіне білуден туған жауһар дүние болатын.

Петров-Водкиннің ең белгілі туындысының өмірге келгеннен кейінгі тарихы да қызық. 1912-13 жылдары Мәскеу мен Петерборда өткен «Өнер әлемі» көрмелерінде даңқы дүрілдеп, атағы алысқа кеткен «Қызыл ат...» 1911 жылдың жазында Швецияның Мальме қаласында ашылған Балтық бойы елдерінің көрмесіне аттандырылады. Бұдан кейін киіп кеткен әлденеше дүрбелең оқиғалар оған назар аударуға мұрша бере қоймайды да, «Қызыл атты

шомылдыру» ширек ғасыр бойы Мальме қаласының музейінде тұрып қалады. Тек суретші қайтыс болғаннан кейін ғана, әйелінің өтініші бойынша ол 1940 жылдың ақырында Ресейге қайтарылады. Бүгіндері бұл сурет Третьяков галереясындағы асыл мүліктердің бірі.

«Қызыл атты шомылдыру» – Петров-Водкин шығармашылығындағы көп жылдар бойы үзілмей жалғасқан тынымсыз ізденістердің, әлем музейлеріндегі ұлы шығармалардың биік қадір-қасиеттерін зерделей талдап, түйсінудің, қилы ағымдар мен дәстүрлер арасынан мұхиттан маржан сүзгендей таңдап, екшеп алып шыққан терең танымдық бейнелеу әдістерінің, нұрлы өзгерістердің басы.

Қылқалам зергері сомдаған суреттерге қарап отырғанда, оның осы тұрғыда жазған ой тұжырымдары, кескіндемелік заңдылықтар жөніндегі пікірлері еске түседі.

Сурет. «Керілген кенепке жазылған әрбір бояу ізі сурет беделін биіктете түсуге көмектесуі керек, әйтпесе, онда түсірілгендердің бәрі тек белгілі бір нәрсенің, заттың атауы, яғни натурализмнен басқа ештеңе де болмай қалады».

Түр мен түс. «Көз қаритын ашық, жүйкеге тиетін өткір түстер бар, ылғи бірімен-бірі келісіп тұратын жұмсақ, бірімен-бірі керісіп тұратын кереғар түстер бар – түстердің адамға әсері де осы тайталасулар мен үйлесімдерден тұрады». «Түр мен түс арасындағы тығыз байланыстар әсерінен өз қимыл-қозғалысы бар образдық мән туындайды. Түс – кескіндемешінің мәдениетін, талғамы мен қабілетін, жетістігі мен кемшілігін танытар таразы».

Натюрморт. «Натюрморттар – мен концертке кіріспестен бұрын, алдын-ала орындауға тиіс скрипкалық эпизодтар».

«Натюрморт – суретшінің натурамен, нұсқамен ең қызу қауышуының бірі. Онда сюжет пен психологизм сол заттың кеңістіктегі орнын анықтауға бөгет жасамайды. Натюрмортқа қойылар негізгі талаптар – ол қандай зат, қайда тұр, сол затты көруші мен қайда тұрмын деген мәселелердің басын ашу. Көрерменнің натюрморттан алар әсерінің басты танымдық, қуанышы да осында».

Оның зерделік-танымдық ойлары:

«Бәрі де жердің тартылыс күшіне бағынады. Жер – кіндік».

«Біз заттарды тануымызды Эвклид геометриясы мен еуропалық көрініске әбден арқа сүйеп алғандығымыздың әсерінен ғана бүлдіреміз».

«Олимпке шығу, одан түсуден оңай».

«Қиял – шынайы оқиғалармен байланыспаған жерде түпсіз құрдымға айналар».

«Менің іздейтінім – тамыры солқылдаған жанды өмір».

Мінеки, өмір мен құбылыстардың бейнелік мәнін тереңдей тануға, кескіндеменің жаңа проблемаларына қарай жол тартып, өрбіп, өрістей беретін ойлар тізбегі. «Ана» (1913 ж.), «Еділдегі қыздар» (1915), «Таң. Суға шомылушылар» (1917), «Талтүс. Жаз» (1917), – сол қызыл ат мандай түзей шапқан бағытта, бейнелемек тақырыбына өзі айтқандай, «Эвклид кеңістігі ережелерінен арылып», әлемге ғарыштан көз салғандай мәнде дүниеге келген сом туындылар.

Қызыл аттың сол арғымақ шабысы Петров-Водкинді ешбір түйткілсіз төңкеріс тақырыбына да алып келіп еді. «1918 жылғы Петроград» («Петроград мадоннасы») – осы тұрғыдағы туындылардың ең алғашқы төлбасысы. Онда суретші сол заман тынысын өзіне тән сыршыл қолтаңбамен асқақ мәнді ана образы арқылы көлденең тартады.

Суретшінің ана образына баруы да кездейсоқ емес-тін. Ана – әрқашанда жаңалықтың, ақ тілек армандардың символы. Петров-Водкиннің сәби ұстаған мадоннасы ауыр сәттерді бастан кешіп, Азамат соғысының қатулы күндері, аштық зардабы жайлаған Петроград қаласының фонында бейнеленген. Балконда тұрған жас жұмысшы әйелдің мынау дүмпүлі дүниеге аналық мазасыздықпен барлай қараған болмысында күдік пен үміт лебі қатар еседі.

Дүниені дүр сілкіндірген дүбірлі дәуір бұдан кейін де суретші шығармашылығында әлденеше туындылардың арқауына айналды. Олар: «1919 жыл. Үрей», «Шайқастан соң», «Қызыл орамалды қыз», «Фантазия»...

* * *

Оның төңкерістен кейінгі ден қоя шұғылданған салаларының бірі – портреттер. Оларда суретші кейіпкердің жан-дүние қозғалыстарын, психологиясын тереңдей тануды басты мақсат ретінде көздейді. Кең мандайлы Андрей Белый, шабыт құшағында тұрған Анна Ахматова, суретшінің өз зайыбы Мария Федоровна...

«Автопортрет». Бізге туынды бетінен тұла бойы жігерге, алған мақсатынан таймайтын қайсарлыққа толы, жанарын тіктей қадаған бейне қарап тұр. Қанша тар жол, тайғақ кешу қиыншылықтар болса да, оны бетінен қайтару

мүмкін емес тәрізді. Қайткенде де бәрін білуге, тануға тиіспін деген қайтпас, қайсар ұмтылыс бар онда.

Осы автопортретті салған 1921 жылы ол Музейлер мен көне өнер ескерткіштерін қорғау қоғамы ұйымдастырған экспедиция құрамында Орта Азияға аттанады. Суретшіні шығыс табиғаты мен шұғылалы аспаны таң-тамаша қалдырған. Ол мұнда бұрын байқамаған күн түстес, аспан түстес ашық бояуларға тап болады. Самарқандағы Шахи-Зинданың зеңгір түстес күмбезін көргенде: «Мынау, нағыз көк аспан ғой!» – дейді қатты әсерленіп.

1924 жылдың жазы. Петров-Водкин Көркемсурет академиясы тарапынан ұйымдастырылған тәжірибе алмасу мақсатын көздейтін іссапармен бір жылға Францияға келеді. Париж сол баяғы өзінің жас кезінде көрген «Әлем өнерінің орталығы» күйінде. Әйтсе де, өз басында бұл жолы дәл сондағыдай еліктеушілік жоқ. Қырық жеті жастағы суретші өзі таңдап алған таным сапарының туралығын пайымдағандай. Бұл тұста ол сурет айқындығына, түр мен түстің үйлесімділігіне, күрделі композициялар құруға әбден төселіп, кеңістік пен әр алуан қозғалыстарды еркін меңгеріп, өзіндік қолтаңбасы барынша айқындалған кезі болатын. Бірақ суретшіге өнердің шексіз де беймәлім көкжиектері шақырып тұрғанда жеттім, жетілдім деп, сірә, тоқмейілсуге болар ма?

Оның Франциядан оралғаннан кейін іле-шала сомдаған елеулі дүниесі – «*Фантазиядан*» шамырқанысты да мөлдір сезімдерге толы дарын қуатын көреміз. Онда суретші өзінің қызыл атына қайта оралғандай. Бірақ бұл суретте ол арғымаққа ат құлағында ойнайтын шабандоз жігітті отырғызып, оны «сеңгір-сеңгір таулар үстіне қарғытып» жіберген. Қызыл ат ғарышқа қарай қарғыған күйі, сол биіктен жер үстіне назар тіккісі келетіндей. Ойға суретшінің «қозғалыс траекториясының бағыты» арқылы қосмосқа көтеріліп алып, сол жақтан дүние мен кеңістікті барлап, бағдарлауды армандайтын ұшқыр қиялы оралады.

Ол шын мәнінде тек кескіндеме шебері ғана емес, ақын қиялды суреткер, болашақ жайлы пайымды толғаулар түзетін философ та еді. Оның «*Хлыновск. Эвклид кеңістігі. Самарқандия*» деп аталатын ғұмырнамалық повестері өзінің шымыр тілі, ширақ сюжет үйірімдерімен ерекшеленеді. Ол повестерді кезінде Андрей Белыйдың прозасымен қатар қойды, Сергей Аксаковтың «Отбасы шежіресімен» салыстырды, Юрий Тынянов жоғары бағалады.

Петров-Водкиннің зерек зерде, терең танымпаздығы – оның суреттерін көріп, кітаптарын оқыған әрбір адам үшін айқын күйде ортаға тартылады. Суретші есімінің жиырмамыншы ғасыр бейнелеу өнері саңлақ шеберлерінің кеуде тұсынан орын алып тұрғанының себептері де – оның осы өмір көріністерін, кеңістікті, заттар мен құбылыстарды бар болмыс-бітімімен терең байыптап, сындарлап бейнелей алуында болатын.

1979 жыл.

3. ДАЛА СЮИТАЛАРЫ

«Кімде-кім осынау таңғажайып дала
аспанын терең сезініп көре білсе,
онда оның өміртануды әлденеше
мың жыл алға басып озғаны».

Павел Кузнецов

«...Мен бала кезімнің өзінен Еділ өзенінің арғы бетінен тіке басталып кететін ұшы-қиыры жоқ салқар далаға аңсарлана көз салуды ұнатушы едім. Сол құпия сыры мен жұмбағы мол алыс қияндар мені ылғи да ынтықтырып, ол жақта қандай халық тұрады, табиғаты, тұрмыс-тіршіліктері қандай деген алуан сауалдарға берілетінмін...

Ақыры, осы ынтықтық кейін де мені тыныш қалдыра алмады. Қасыма інімді ерттім де, Еділдің арғы бетіне жол тарттым. Алдымен пойызға отырып, Таловка стансасына дейін жеттім, сол жерден арбаға ауысып мініп, дала түкпіріне қарай жүз елу шақырымға дейін тереңдедім.

Алдымен ұшырасқан ауылдан Қазан университетін бітірген қазақ дәрігерімен танысып, одан тіке сол дала төсінде, қазақтардың арасына үй тігіп, олар қалай күн кешсе, солай тіршілік құруға, олармен бірге жалпақ қырда көшіп жүруге болатынын білдім.

Түздіктердің тұрмысы мен киім киістері барлық жағынан ашық реңкті, сәнді әрі үйлесімді. Сағымы ойнап тұратын ауаның тазалығы мен тұнықтығы, даланың маң аққулары – түйелер, қымызға сауылатын жылқы үйірлері, қойлар, киіз үйлердің әсем де ажарлы жабдықтары, табиғатпен қоян-қолтық күн кешетін кеңпейіл де қонақжай халық өмірі – бәрі-бәрінің мен бұған дейін күткендегіден, қиялымдағыдан асып түсіп, теңдесі жоқ әсер еткені сонша, мен қырға осылайша қатарынан бес рет ұдайы шығып, осы бір таңғажайып елде, осы бір тамаша халықпен бірге әлденеше айлар бойы көшіп жүрдім.

Бұл халықтың өз тұрмысында бояуды, түсті түйсіну қабілеті тым ерек. Табиғатпен біте қайнаса өмір сүріп, оны тамаша сезіне білетін жұрттарға тән – поэзияға құштарлық пен сүйіспеншілік оларда халық поэзиясын айрықша

өркендетіп, ел аралап жүретін сал-серілерді, ақындарды тудырған, олар бір ауылдан екінші ауылға, бір үйден екінші үйге қыдырып жүріп, өздерінің жырларын айтады, әндерін шырқайды...».

Дала өміріне, қыр тіршілігіне деген соншама адал пейіл, риясыз көңілден шыққан бұл жолдардың авторы – жиырмасыншы ғасырдағы орыс бейнелеу өнерінің үлкен тұлғаларының бірі – Павел Кузнецов. Сол – қазақ елінің ажарлы табиғаты мен тұрмыс-тіршілігін тұңғыш рет жан-жақты сипатында әсерлі бояу тіліне көшіріп, Еуропа жұртының алдына тарту арқылы, олардың санасына Еділ дариясының арғы бетінде жатқан Салқар Дала туралы, онда мекендеген халық туралы биік пайымдар ұсынған, әрі қазақ өнері үшін де мәні мен мағынасы тым асқақ «Дала сюиталары» деп аталатын туындылар сериясының авторы – әйгілі қылқалам шебері Павел Варфоломеевич Кузнецов.

Оның өз өмірбаяны туралы жазған қолжазбасынан алынған жоғарыдағы үзіндіде қаншама құнды пікірлер мен бағалы деректер бар десеңізші.

...1908 жыл. Еділ мен Жайық арасында көсіліп жатқан далаға қарай арбамен бет алған суретші... Қазан университетін бітірген қазақ дәрігері... Қазақ тіршілігі туралы қанық бояулы түйіндер... Елмен бірге киіз үй тіккізіп, көшіп-қонып жүрген, қолынан қылқаламы мен қағазы түспейтін жасы отыздардан енді асқан орыс жігіті...

Ал бұл кездерде оның есімін Мәскеу мен Петербордың зиялы қауымы зерек те батыл қолтаңбалы суретші ретінде жақсы білетін. Ол бұған дейін жиырмасыншы ғасырдың бас кезіндегі орыс өнерінде көп белең берген әртүрлі ағымдар мен бағыттардың бел ортасында жүрген жан еді. Ол жұртқа өнердегі символизмнің көрнекті өкілдерінің бірі, суретшілердің «Алқызыл роза», «Алтын жабағы», «Көгілдір роза» деп аталатын шулы көрмелері мен топтарының ең белгілі мүшесі ретінде де кеңінен таныс болатын.

Павел Кузнецов – ақындар Брюсов пен Белыйдың жақын пікірлесі, орыс модернизмінің элегиялық бұтағын тарқатушы суреткер Борисов-Мусатовтың ең сүйікті шәкірті, Петров-Водкиннің түйдей құрдасы, Сарьянның бірге оқыған досы. Бұдан екі-үш жыл бұрын ғана Бенуа оны: «Біздің жастарымыздың ішіндегі ең талантты колорист...», – десе, Грабарь: «Оның жастарға жасар ықпалы тым үлкен», – деп жоғары бағалаған.

Сондай-ақ зиялы жұртшылық Кузнецовтың 1906 жылы

Парижге барып қайтқанын, сондағы Күзгі салонда Дягилевтің ұйымдастыруымен ашылған орыс өнерінің көрмесінде оның тоғыз туындысы қойылғанын, олардың арасында суретшінің символдық-декоративтік ыңғайда жазылған «*Көгілдір фонтан*», «*Таң*», «*Ана махаббаты*» секілді әйгілі шығармалары болғандығын, оның примитивизм мәнеріне бейім қолтаңбасы француз сыншыларының назарына ілігіп, тәуір баға алғанын да жақсы білетін.

Париж. 1906 жылдың күзі... Бұл – Жаңаша дәуір өнерінің ширақ дүмпулері айқын білініп тұрған шақ. Дәл осы Дягилев көрмесі өтіп жатқан кезде постимпрессионистердің ұлы көшбасшысы Сезанн көз жұмды... Бұдан бір жыл бұрын ғана өз туындыларымен талайды шошытып, талайды айран-асыр қалдырып дүниеге фовистер («жабайылар») – Матисс, Дерен, Марке, Вламинктер келген. Кузнецов сол Күзгі салонда солардың көрмесіне ұшырасады. Оған, әсіресе Матистің елден ерек алай-түлей бояулары айрықша ұнаған. Ал Алжир жұртының тоқыма бұйымдары – суретшіні өзінің ажарлы айшықтарымен, экзотикалық түзілістерімен тәнті еткен.

Бірақ бәрінен де оны таң-тамаша қалдырған жай осы кезде Күзгі салонда ашылған Поль Гоген туындыларының көрмесі еді. Кузнецов өнердегі «әйгілі бүлікшінің» бар бітім-болмысын анық танығандай. Оның алғашқы шақтағы импрессионистік суреттері, одан кейінгі символдық мәндегі жұмыстары, шұғылалы ізденістері мен ұлы кескіндемелік жетістіктері мол ұшырасатын сериялары – бәрі-бәрі де жас суретші зердесіне терең әсер ұялатқан.

Гогеннің Полинезияда салған шығармаларын көрген соң ол Шығыс тақырыбына бел шешіп кірісу керек деген пікірге келеді.

Дегенмен, осы ретте сырт үйлесімі ұқсас болғанымен, Гоген Шығысы мен Кузнецов Шығысы арасында еш ұқсамас айырмашылықтар да бар.

Оның өз Шығысымен, қазақ даласымен алғаш ұшырасуы, сонау, балалық шағынан басталады. Саратов қаласының икон жазушысы Варфоломей Кузнецовтың екінші ұлы, жаз бойы қала іргесінде тұратын бағбан атасы мен әжесінің үйінде жүргенде, әрдайым оның жеміс бауынан әрі қарай

бірте-бірте ұласып, биіктеп кететін төбе басына шығуды қалайтын. Төбе үстінен екі жағасын керней ағып жатқан мол сулы Еділге қарағанда, одан әріде көкжиекке барып ұласқан жалпақ далаға құмарлана көз салғанды ұнататын.

Ал қалада өз үйінде болғанда, сол өзеннің арғы бетінен Саратовқа (Сарытау базарына) мал айдап келетін, атқа, түйеге мінген, үстерінде ашық түсті киімдері бар адамдарды ұдайы көрер еді. Сонда оның балалық танымында әртүрлі түсініктер ұялап, қала ортасындағы фонтан үстінде тұрған, өзі ылғи көзі талғанша қарауды сүйетін, кішкентай сфинкс мүсіндер, бәлкім, сол беймәлім сырлы даладан келген шығар деп те ойлайтын.

Енді, міне, сол әу бастан көкейдің қылын шертіп, жақын болса да алыс, алыс болса да жақын күйде көлденең тартылуымен келген Шығысқа, қазақ даласына аттанар сәт те туғандай.

Әйтсе де, Кузнецов Парижден келе салысымен тіке осы сапарға шығып кете қоймаған еді.

Парижде ол өзі іспетті мәскеулік жас суретшілермен бірге француз өнертанушыларының назарына ілініп, жаңаша тұрғыда әсерлі сыр шерте білген есімдер қатарында аталды. Бұл баға Кузнецовты символистік мәнердегі өз қолтаңбасын одан әрі қарай зерделей, сырбаздандыра түсуге бұрынғыдан да құлшындырды. Сөйтіп ол еліне іштей мерейленіп қайтқан.

Франциядан оралған оларды Ресей өзінің қоғамдық болмысындағы дүрбелең де мазасыз қалпымен күтіп тұрды. Бірінші орыс революциясы жеңіліске ұшырап, Столыпин реакциясының аяусыз билеп-төстеушілігі күшейіп келе жатты. Бұл жай – осының алдында ғана орыс зиялыларының бойында пайда болған төңкерістік леп пен серпінді басып, трагедиялық көңіл-күйге, қамырық ойларға, бойкүйездікке ұрындырған. Олар өздерінің «жан-жақты бостандықты» аңсаған үміттерінің күйреуге бет алғанын сезінеді. Өз күйзелістерін ұмытуға, жабырқау күйлерін жұбатуға тырысып, «еркін ойлар» әлеміне беріліп оқшауланғысы, қилы-қилы қиялдарға берілісі келеді. Әртүрлі көрмелер, басқосулар мен жиындар ұйымдастырады...

1907 жылдың көктемінде Мәскеуге ашылған осындай көрмелердің бірі «Көгілдір роза» деп аталды. Оны

ұйымдастыруға қатысқан суретшілердің бел ортасында Павел Кузнецовты да көруге болатын. Ол мұнда өзінің тоғыз туындысын қояды... Алайда, зерделей көз салғанда, олардың кескіндемелік түзілістерінде суретші есімін осыған дейін көпке танымал еткен «*Көгілдір субұрқақ*», «*Таң*», «*Дүниеге келу*» деп аталатын шығармаларда айқын білінген декоративтік ыңғайдағы құнарлы бедерлердің, жүйелі сипаттардың аз көрініс бере бастағанын байқау қиынға түсе қоймас еді. Суреттерден әлдеқандай бір ауыр зілдің, мұңлы шарасыздықтың әсері сезіледі.

«Көгілдір роза» көрмесі туралы пікірлер де ала-құла. Символистік ағымның сол кездегі көрінісі ретінде танылған оны біреулер даттап, біреулер ақтап жатты. Кузнецов жайлы пайымдар да осы тектес.

Ол бұдан кейін де бірнеше көрмелерге қатысады. Бірақ оның бір кездегі зерек қолтаңбасына лайық туындылар көріне алмай жатты. Оны мәскеулік жас суретшілер әлі де өздерінің топ басшысы ретінде санайды. Бірақ та Кузнецовтың сол көрмелерге тосын да жарқын туындылар ұсынып жүрген өзіне шын тілектес достарынан кейіндей бастағанын сезіну аса қиын емес еді. Оның шығармалары негізінен солғындығымен, ұсақтығымен, мәнсіз әсерлерді күйттеуімен көзге түседі. Қырымға барып салған жұмыстарында өз қолтаңбасына тым үйлесе қоймаған шаруалар тақырыбына баруында, сәттіліктен гөрі, сәтсіздік басым болатын.

Бір шақта оған мақтау арнаған өнер сыншыларының, енді батыл-батыл сындар айтуға көшкені де осы кез. Олардың бірі: «Жас суретші мақтау сөздерден, табыстан басы айналып, құнарлы танымынан айрылды», – десе, екіншісі: «Кузнецов үмітті ақтамады», – деген ойды ортаға тартқан, үшіншісі: «Шамасы, бұл суретшінің шаруасы біткен шығар», – деп түңіліп жатты.

Ал 1911 жылдың соңында ашылған Мәскеу суретшілерінің «Өнер әлемі» көрмесінде жұрт мүлдем басқа Кузнецовқа қайта тап болды. Бұлар қылқалам иесінің бұрынғы символистік ыңғайдағы дүниелерінен тым бөлек, жаңа ырғаққа ие, жаңа нұсқалы туындылар еді. Көрмеге қойылған «*Киіз үйде дамылдап жатқан әйел*», «*Отбасы*», «*Даладағы жаңбыр*», «*Қазақтың портреті*», «*Дала*

көрінісі» деп аталатын жұмыстар бірден-ақ көрермендер назарын үйіріп алған.

Ол қазақ даласына барған сапарынан тек шығыс тақырыбының заңғар шебері ретінде ғана емес, сол өзінен бұрын да көрініс беріп келген осы саланың талассыз көшбасшысы, көсемі болып оралып еді. Әрі бұл ыңғайда онымен қолтаңба қарымы теңдесе алатын жалғыз Сарьяннан басқа суретші де жоқ-тын.

Осыдан кейін-ақ «Өнер әлемінің» әр көрмесінде Кузнецовтың қазақ даласы туралы сыр шерткен туындылары ұдайы қойылып жүрді. Әсіресе, Дала немесе Қазақ сюитасы деп аталған бұл сериялардың ең көрнектісі жұрт назарына 1912 жылы ұсынылған. Алдымен Мәскеуде, сосын Петерборда көрсетілген он сегіз шығарманың арасында көздің жауын алатын «*Киіз үй тігу*», «*Қой қырқу сәті*», «*Даладағы сағым*», «*Жауын*» секілді әйгілі жауһарлар болды.

Кузнецов даңқын күрт биікке көтеріп, өнердің асқақ талабына лайық туындылар ретінде танылған «*Дала сюиталарының*» салтанатты шеруі осылайша басталып кеткен. Бұл кезде ол отыз төрт жаста.

«Дала сюиталары».

Қандай жүрекке жақын дүниелер. Сізді ашық реңді, ажарлы суреттер бірден-ақ үйіріп алады. Өзімізге етене таныс болмыс пен тіршілік көріністері. Суреткерлік зерек зерде арқылы тамаша көркемдік шешімін тапқан қазақ өмірінің әуезді поэзиясы. Сымбатты да сырбаз бояулар.

Аттары қандай: «*Сағым*», «*Киіз үйде*», «*Дала жаңбыры*», «*Дала көктемі*», «*Дала кеші*», «*Қой қырқу сәті*», «*Киіз үйде дамылдап жатқан әйел*», «*Үй тігу*», «*Қырдағы түйелер*»...

Жиырмамыншы ғасыр басындағы қазақ өмірі туралы қастерлі сыр толғайтын тіні асыл туындылар бұлар.

Өз шығармашылығындағы асқақ биіктердің бірі ретінде танылған осы кезең шығармалары тұрғысындағы суретші пікірі де риза пейілдерге толы. «Еділдің арғы жағындағы далада жұмыс істеуім маған схематизмнен, өмірден алшақтаудан арылуыма мүмкіндік берді, мен шынайы сұлулықты мың құлпырып тұратын сағымдары мен кең тынысты табиғаты бар қыр төсінен таптым», – дейді ол.

Расында да Кузнецовтың дала туындыларынан оның ғасыр басындағы пләнерлік (ашық ауада салынған)

суреттерімен салыстырғанда, үлкен өсуді анық байқауға болады. Оның алғашқы туындыларында сол шақта «мәскеулік импрессионизм» деп аталған тәсіл ыңғайында табиғаттың бір сәттік көрінісін дәл, айна-қатесіз көшіруге тырысушылық сезілер болса, «Дала сюиталарында» бейнелік әдістердің тынысын кеңітетін сапалы ізденістер, декоративтік плэнердің заңдылықтарын сақтаушылық мол көрініс береді.

Кузнецов сюиталары тұңғыш рет қойылған «Өнер әлемі» көрмесінде олар жұртшылық тарапынан «ең бедерлі, ең үйлесімді сомдалған дүниелердің» қатарында бағаланған. «*Киіз үйде дамылдап жатқан әйел*» туындысын алалық. Бұл шығармада суретші өз шығармашылығында тұңғыш рет ақиқат пен астарлаудың, шындық пен әсірелеудің арасындағы тепе-теңдікті тамаша меңгереді. Көрпеше үстінде дамылдап жатқан әйел – автор сомдаған жүрекке жақын сол көптеген кейіпкерлердің, «үй тігіп, бие сауып, қой қырқып, қымыз дайындап» болғаннан кейін тыныс алуға кіріскен образдардың бірі. Ұйқыдағы әйел асқақ тынысты тіршілік үйлесімінің, келелі тыныштықтың символы.

Туынды бітімі айрықша тұтастығымен көзге түседі. Негізгі назарға алынған әйел бейнесі сындарлы сызық, тапқыр штрихтармен көмкерілген. Арғы фонға гүлі ажарлы сырмақтың ілінуі композицияны салмақтандыра, нақтыландыра түседі.

Бір қарағанда, суретшінің осы туындысы Гогеннің әйгілі «Манао тупапау» («Әруақтар рухы») деп аталатын шығармасына да ұқсап кеткендей болар еді. Әйтсе де, бұл кезінде өнер сыншылары «бірінші орыс гогениді» деп атаған Кузнецовтың өз әріптесіне тек тақырып жағынан ғана ұқсауы – екі туындыда да ұйықтап жатқан кейіпкерлер бейнеленеді. Әрі дәл осы қос сурет бізге мақсат-мүдделері сырттай ұқсас сипаттарымен көрінетін (шығысқа, экзотикалық тіршілікке, беймәлім өмір туралы тосын сыр тарқатуға ұмтылу; декоративтілік, бояуда жаңа музыкалық ырғақ табуға құштарлық) екі кескіндемешінің көркемдік концепциялары арасындағы едәуір айырмашылықтарды да байқатып өтеді.

Композициялық түзілісі жағынан бір-біріне жақын екі туынды. Бірақ бояу қолданыстарына қарасақ, Гогенде ол тым қою да ширақ, ал Кузнецовта бәсең әрі жұмсақ. Тропикалық ортада елегізіп жатқан үрейлі хал мен дала төсіндегі тыныш ұйқы. Гогеннің аралға келгесін үйленген

әйелі Техура күлгін фонды үйі қабырғасынан әруақтар бейнесін елестетсе, Кузнецовтың киіз үйде ұйықтаған кейіпкері түсінде «даланың маң аққулары – түйелерді» жасыл бұйра сағымдарды, енелерінің жанында ойнақтаған құлындарды көреді...Сондай-ақ, Гоген жоғарыда аталған туындысында жалқын бояуға ынтық, шамырқанысты сезімдерді түйдек-түйдек күйінде символдық пайымға орап ортаға тартатын жойқын қуатты қолтаңба танытса, Кузнецовтың өз шығармаларында – бір кездегі символдық танымнан арылып, шынайылыққа ұмтылған, тыныштық салтанатын, нәзіктікті, өмірдің шадыман ұлылығын, дала романтикасын жырлады.

Оның «*Kuiz үйде дамылдап жатқан әйелден*» кейінгі шығармашылығы, негізінен, екі тармақта дамиды. Олардың бірі – Кузнецовты тәнті қалдырған «түздіктер тұрмысының» ажарлы суреттерін, үй жабдықтары мен бұйымдарды бейнелейтін декоративтік ыңғайда тарқатылса, екіншісі – лирикалық әуендегі дала пейзаждары.

Суретші «*Kuiz үйде*» деп аталатын шығармасында үй мүліктерін аса бір ықылас-ынтамен, ұқыптылықпен жазуға көңіл аударады. Текемет үстінде іс тігіп, ұршық иіріп отырған әйелдер. Олардың ашық реңкті көйлектерінің түсі үй ішіндегі бұйымдардың түсімен астасып, ұласып кеткен. Бетіне өрнек салған қызыл сандық, жерге жайылған оюлы сырмақ, текшеленіп жиналған көрпе-жастық, кереге, уық, басқұр. Әртүрлі бояулар, астасқан түстер...

«*Сағым*» – Кузнецов пейзаждарының арасында ғана емес, оның бүкіл шығармашылығындағы шоқтығы биік туындыларының бірі.

...Көз алдымызда кең тынысты шалқар кеңістік. Бүкіл суреттің үштен екі бөлігінде аспан күмбезі бейнеленген. Сол күмбез бетін көкжиектен доға тәрізденіп екі жаққа шашырай шыққан аппақ сағым көмкеріп тұр. Композицияның бергі екі жақ бүйірінен екі киіз үйдің шеті көрінеді. Олардың ортасындағы жасыл майса үстіне текемет төселген. Қақ ортада – туындының ең бояуы қою тұсы – ошақ қасында бірі көк, бірі сары қоңыр көйлек киген екі әйел отыр. Бірақ олардың қанық бояуы оң жақтағы екі әйел мен сол жақтағы көрпеше үстінде қисайған әйел бейнесі арқылы бәсең тартылған. Одан әріректегі екі аруана. Олар симметрия

ретінде танылып тұр. Көкжиекке ұласа түскен арғы тұста тағы да қос үй.

Суретшінің композиция құрудағы шеберлігін байыптамасқа лаж жоқ. Оның киіз үйлерді әртүрлі нүктелерге орнын тауып орналастыруы, жарық пен түсті әдемі үйлестіре білуінің арқасында байтақ көкжиек, шалқар тыныс ашылған. Уақыт жүрісі баяулап, анау сағым сол күйінде мың құбылып тұра беретіндей. Мезгіл ағынына мойынсұнбайтын сындарлы да салтанатты әлем бұл.

«Дала кеіштері» циклы – суретшінің сол «таңғажайып қыр елі» туралы шамырқанысты поэзияға малындыра сомдаған ең шабытты да шымыр туындыларының бірі. Өзінің әуезділігі мен шырайлы қасиеттері жағынан ерекшеленетін бұл цикл, негізінен, үш нұсқадан тұрады. Оларда суретші өзінің бояу реңктерін қолданудағы классикалық тепе-теңдікке ұмтылысын одан әрі дамыта түсіп, түстерді бірімен-бірі үйлестіру мен астастыруда жаңа жетістіктерге жетеді. Жеңіл де нәзік қабысқан бояу ырғақтары көрерменге жұмсақ әуенді, әсерлі эмоция ұсынады.

«Қырдағы жаңбыр» – суретші шығармашылығындағы ең көп қайталанатын сюжеттердің ортақ атауы. Оның осы тақырыпқа арнаған онға жуық туындылары бар. Солардың ішінде, әсіресе, бүгінде Петербордағы Орыс музейінің мүлкі болып отырған нұсқаның еңсесі биік. Айқын әуен, асқақ поэзия, жалқын бояулар түзілісінен тұратын бұл шығарма әрдайым заңды түрде Кузнецовтың жауһар сипатты дүниелерінің қатарында аталады.

«Қой қырқу сәті» – өмірдің басты мәні, дүниенің төрт құлағын ұстап тұрған ұлы мәртебелі еңбек құдіреті туралы шабытты жыр толғайтын тынысты дүниенің тап өзі. Туынды болмысы айрықша бір сындарлы салтанатқа толы. Қыр әйелдерінің қой қырқуға кіріскен сәті. Мынау, өтіп жатқан ағынды уақыттан тыс, шартты кеңістікте орындалып жатқан шартты қарым-қатынас. Суретші үшін бұл ретте ең басты мақсат – таза ұлттық характерлі бейнелердің шақтап өлшенген қимылдары арқылы декоративтік композиция құруға ұмтылу, тұтастыққа, монументалдыққа жету.

Назар тігіңіз: сурет композициясы қандай сырбаз тепе-теңдікке құрылған, тізе бүгіп отырған, қойдың мойнынан ұстап еңкейген әйелдер тұлғасы қандай еркін де жеңіл сызықтармен көмкерілген, олардың арғы бетіндегі кеңістік қандай айқын да нақты, бояулар реңкі, түзілісі, қасиеті

жағынан қандай қанық, бай...

Суретші есімі әр көрме сайын кеңінен таныла, әйгілене түсуде. Оның қыр өмірі туралы сыр шертетін таңсық бітімді шығармалары әрдайым жұртшылықтың қызыға, құмарта көретін дүниелеріне айналған.

Өнер сыншылары оны осыған дейін шығыс тақырыбына барған Верещагиннен әлдеқайда бөлек қолтаңбалы кескіндемеші деп таныған. Верещагинде шеберлік те, еңбекқорлық та бар, бірақ оның шығыс туралы шығармалары бейнелеу өнерінің үлкен табысы ретінде санала қоймаған еді. Оның қолтаңбасында Азияны, Даланы терең мәнінде түсіну қасиеті аз болатын. Верещагин туындыларында оның өз басын білімді, мәдениетті, еуропалық ретінде санайтындығы. Осынау артта қалған азиялық елдерге тек саяхатшы ретінде келгендігін сезінуге тырысушылық байқалатын.

Ал Кузнецов болса Далаға етене таныс, біліс, сол қыр елінің жақын досы, тамыры ретінде келді. Олармен бірге тұрып, бірге жүріп, түздік тіршіліктің дәмін татты, өз шығармаларында жан-жақты сомдалған дала өмірінің солқылдаған қан тамырын қолмен ұстап сезінді, тынысына зерделеп құлақ түрді. Бұған дейін өз қолтаңбасында берік қалыптасқан еуропалық бейнелеу мәнеріне шығыстық сарындарды сәтті де әсерлі байланыстыру арқылы еңсесі биік туындыларды дүниеге алып келді.

Ол өзінің *«Дала сюиталары»* арқылы шығыстануда жаңа жол, соны ізденістер ашқан қылқалам шебері ретінде танылды.

Алайда, ол осы табыстарымен шектеліп қалған жоқ. Көкейінде шығыс тақырыбына тағы да тереңдей ену ниеті болды.

«Мен Шығысты тануымды одан әрі жалғастырғым келіп, Азияның тереңіне: Ташкент, Самарқанд, Бұхараға қарай астым. Екі жылдай осы аймақтың табиғаты мен тіршілігін жазумен айналыстым.

Ондағы мен байыптаған – біздер, орыстар үшін тосын колорит пен таңсық орта менің бейнелеу әдістеріме жаңа әсерлер мен сілкіністер ұсынды».

Өзінің 1912-1913 жылдары Орта Азияға барған сапары жөнінде ол кейіннен осылай жазды.

Жаңа таным жаңа шығармалар туғызды. Олар: «Шайхана», «Әуіз қасында», «Құс базары», «Бұхара тауларында», «Бал ашу», «Таудағы таң»...

Әйтсе де, біз «Бұхара сериялары» деп жинақталып аталатын бұл туындылардан өзімізге таныс қылқалам іздерін көргендей болар едік. Расында, бұл кезеңде де суретші өзінің дала өмірін бейнелеу кезінде тапқан кескіндемелік жаңалықтары мен сарындарын одан әрі дамыта, жандандыра түседі. Қыр төсіндегі мамыражай тыншу қалып – қызылды-жасылды қою реңкке, «Дала сюиталарындағы» тынысы кең көкжиек, биік аспан, шымыр-шымыр ағысты жұмсақ ырғақ – бүкіл туынды бетін тұтас алатын формаларға, ширақ қозғалысқа ауысады. Бояулар үйлесімінде де әрқилы түстердің кереғар астасуы бар.

Бұлардың бәрі суретші бейнелеп отырған сол ортаның қасиет-сипаттарына, ортаазиялық көне шаһар үйлерінің біріне-бірі мінгесе жайғасқан бітіміне, шығарманың түпқазығы – натураға байланысты енген өзгерістер болатын. Әрі осы серия туындыларында Кузнецов әртүрлі кескіндемелік түзілістерді молынан пайдалануға көңіл аударады. Ол декоративтік бедерлеу әдістерін әртүрлі ыңғайда қолдана отырып, суреттердің арғы фонындағы заттарды, шаһар үйлерін бейнелеуде «кубистік» кескіндеуге жуық тәсілдерді қолданады. Және осы «кубизм» элементтері оның Бұхарада сомдалған «Құс базары», «Орта Азия шаһары» секілді туындыларына шығыс ертегілеріндей қиял-ғажайыбы мол тылсым да жұмбақ әсерлерді телір еді. Бұл біз жақсы танитын Кузнецовқа тән ерекшелік.

Натюрморт. Бұл оның әйгілі «Дала» және «Бұхара» туындыларын сомдау кезінде қос өрім ретінде қатар алып жүріп, көзден таса қылмаған қимас салаларының бірі.

Оның осы саладағы көрнекті дүниелерінің маңдай тұсынан табылатын: «Жапон гравюрасымен тұрған натюрморт» (1912) бізге өнердегі бұл жанр бедері қай принципте сомдалмақ керек, жалпы өмір құбылыстары қалай бейнеленгені жөн деген суретші көзқарасын ұғындырғандай болса; «Бұхара натюрморты» (1913) – Кузнецов шығармаларындағы кубистік тәсілдерді нақтылайды; сындарлы динамизммен жазылған «Гүлдер мен қауындар» (1913) – суретші танымында қалыптасқан шығыс болмысын тұжырымдаса; романтикалық әсерлерге малынған «Таң» (1916) – оның кейінгі туындыларында байқалатын жаңа бейнелеу әдістеріне мензейді.

1917 жылғы төңкеріс дүмпуін Кузнецов әскер қатарында жүріп қарсы алды. Сол он жетінші жылдың өзінде прапорщик Кузнецов әскерден арнайы шақыртылып алынып, солдат депутаттары кеңесінің көркемдік ағарту комиссиясына секция меңгерушісі етіп сайланады. Комиссияның міндетіне солдат бұқарасына мәдениет пен өнерді кеңінен таныстыру, насихаттау кіретін.

Ол Мәскеу солдат депутаттары кеңесінің органы – «Бостандық жолы» деп аталатын әдеби-көркем журналды шығару ісіне белсене араласады. Өзі сол басылымның көркемдік жағының редакторы болады. Қазан төңкерісінен кейін Кузнецов атқаратын қоғамдық жұмыстар одан әрі көбейе түседі. Ол – өнер ескерткіштерін қорғау комиссиясының мүшесі, Третьяков галереясы көркемдік кеңесінің мүшесі, Кескіндеме, мүсін және сурет училищесінің оқытушысы, Строганов училищесінің профессоры...

1918 жылы Кузнецов өміріндегі елеулі оқиғалардың бірі өтеді. Ол суретші Елена Михайлқызы Бебутоваға үйленеді. Әйгілі генерал В. Бебутовтың шөбересі, көрнекті жол инженерінің қызы Елена терең еуропалық білімге ие, орыс пен армян өнерінің биік дәстүрлерінде тәрбиеленген, талантты суретші болатын. Олар бұдан кейін де елу жыл бойы жұптарын жазбай ғұмыр кешті. Елена Михайлқызы сүйікті ерінің өмірін әрдайым жарқын да бақытты сәттермен толтыруға тырысты. Ері оны өзінің тамаша портреттік шығармаларында бейнеледі.

Азамат соғысы аяқталды. Елде халық шаруашылығын қайта қалпына келтіру қызу қарқынмен жүргізіліп жатыр. Бірақ осы кезде кейбір батыс елдерінде Ресей жерінде көркем ескерткіштердің тып-типыл қиратылғаны, орыс мәдениетінің күні біткендігі туралы әңгімелер тарап кеткен. Халық ағарту комиссариатында осы сөздердің жалған екенін дәлелдеу үшін Парижде ірі кеңес суретшісінің көрмесін ұйымдастыру қажеттігі туралы мәселе қозғалған. Комиссариат басшысы А. В. Луначарский бұл мәртебелі міндетті Кузнецов пен Бебутоваға жүктегенді жөн деп

табады.

Ол көрме алдымен Мәскеуде ұйымдастырылады. «Суретшілердің шетелдерге шығатын сапарына байланысты ашылып отыр» деген атпен ашылған бұл көрме сонымен бірге Кузнецовтың осыған дейінгі он жыл кезеңіндегі шығармашылығына тұтастай барлау жасауға да мүмкіндік әперген еді. Тұңғыш рет оның тамаша *«Дала сюиталарын»*, *«Бұхара сериясымен»* салыстыруға, Кузнецов портреттері, натюрморттары, литографияларындағы зерделі ізденістері мен жетістіктерін байыптауға мүмкіндік туған.

Көрме, шын мәнінде, оны лирика-романтикалық бағыттағы ірі суреткер, жаңа кескіндемелік міндеттерді дөп тауып, соны формаларда бедерлей алған, оларды бұдан бұрынғы ұлы дәстүрлермен үйлесімді сабақтастыра білген, айтулы шебер екенін айқын танытқан.

Суретші Мәскеуде қойылған туындыларының тең жартысын (қырық суретті) ғана Парижге апаруға іріктеп алады. Олардың арасында *«Сағым»*, *«Дала таңы»*, *«Дала кеші»*, *«Бал ашу»*, *«Құс базары»*, *«Бебутованың құмырамен тұрған портреті»* іспетті сапасы биік туындылар, бірнеше натюрморттар, соңғы жылдардағы заман шындығын бейнелейтін жаңа сюжетті *«Орақшылар»*, *«Еңбек»* секілді шығармалар бар еді. Сондай-ақ олармен бірге Франция астанасына Бебутованың көптеген туындылары жіберілді.

1923 жылдың күзінде Париждегі Барбазанж галереясында ашылған екі суретшінің көрмесі француз жұртшылығынан жақсы баға алады. «Сіздердің суреттеріңізде жарқын қасиет пен шадыман қуаныш көп екен», – деген олар. Баспасөз тарапынан да мақтаулы пікірлер айтылады. Суретшілер Парижде көрме ұйымдастырумен ғана шектеліп қалған жоқ. Олар француз өнеріндегі жаңалықтармен, соны ізденістермен танысады, өздері де сурет салуды ұмыт қалдырмайды. Осы кездері кубизмнен аулақтап, шамырқанысты қуатқа толы жаңа дүниелер сомдауға кіріскен Пикассо қылқаламының жойқын күшін бағдарлайды, бейнелеу өнерінің үлкен шебері Дереннің шеберханасында болып, оның табиғатты терең сезіне білуден туған әуезді пейзаждарын көреді, суретшінің өзімен рәуішті әңгімелер құрады, Парижде тұратын орыс суретшілерімен кездеседі...

Дәл осы көрме Кузнецовтың ұзақ суреткерлік өмірін екіге бөліп жатқан аражік ретінде де танылған еді. Париж сапарынан кейін суретші шығармашылығының жиырма

жылдай уақытты қамтыған алғашқы жартысы тұйықталып, түзілісі мен бітімі бұрынғыдан мүлдем бөлек екінші жартысы басталады. Оның бұдан кейінгі қырық бес жылға созылған ұзақ та шабытты шығармашылығы жөнінде, бейнелеу өнеріндегі ең шежірелі ғұмырлардың бірі ретінде танылатын сырлы өмірі туралы әңгімені (Кузнецов 1968 жылы тоқсан жасында көз жұмған) одан әрі қарай қадау-қадау қасиеттерімен жалғастыра беруге де әбден болар еді. Әйтсе де, біз оның сонау жиырмамыншы ғасырдың алғашқы кезеңдеріндегі қазақ өмірін, шығыс табиғаты мен тіршілігін аса бір шабыттана жырлаған ғажайып туындыларына қатысты жайларды ғана бөліп алып, сөз еткенді жөн көрдік. Сол жүрекке жылы тиетін тақырып ауанында ой тарқаттық. Біз үшін халқымыздың өмірі мен өнеріне, ең алдымен, қастерлі де пайдалы жағы – суретшінің сол әсерлі сюиталары мен сериялары хақында әңгімелеу деп түсіндік.

Жиырмамыншы ғасырдың зергер кескіндемешілерінің бірі П. В. Кузнецовтың өмірі мен шығармашылығы туралы зерттеулер кейінгі онжылдықтар беделінде ғана жан-жақты қолға алынып отыр. Ол туралы монографиялар, толық каталогтар, альбомдар шықты. Оның Шығыс тақырыбына арнап сомдаған көптеген туындылары да жұртшылық назарына, негізінен, осы кезеңде танылды.

Суретшінің *«Дала сюиталарындағы»* шырайлы кескіндемелік жетістіктері бұл күндері кейінгі толқын қазақ суретшілерінің аса бір ықыластана үйренетін тәлімдеріне айналып отыр. Бұл жөнінде осы жолдар авторы әйгілі суретші Салихитдин Айтбаевпен кездескен кезде осы біртуар қылқаламшының өзі де ақ жарыла айтып берген болатын. «Бізге Сезаннан кейін ең күшті әсер еткен суретші Кузнецов болды. Алдымыздағы Әли Жүсіпов, менімен қатарлас жүрген Шаймардан Сариев, Бақтияр Тәбиев болсын, бәріміз оның *«Дала сюиталарынан»* көп нәрсе үйрендік. Ол құнарлы тәлімдер алдағы уақыттарда да кейінгі толқын суретшілердің қанық қолтаңба табудағы ізденістеріне әрдайым көмектесе берері кәміл», – деген еді...

1979 жыл.

III. ЗАМАН ЖӘНЕ СУРЕТКЕР



1. АҚ КӨГЕРШІН

«Мәселе, суретшінің не салуында емес, оның өз басының қандай екенінде. Егер Сезанн нақ Жак Эмиль Бланш секілді тіршілік жасап, ойлайтын болса, мейлі, оның салған алмасы он есе артық болсын, мені еш уақытта да қызықтырмас еді. Сезанның мазасыздығы – бізді үйіре тартар құдірет. Міне, ол бізге нені тағлым етеді! Және Ван-Гогтың азаптары – онда адамның шынайы драмасы бар! Қалғанның бәрі – алдамшы нәрсе...».

Пабло Пикассо.

Оны білетін адамдар тарихта өзінің көзі тірі кезінде дәл осындай атақ-даңққа жеткен суретші бұрынды-соңды болған емес деп түйіп айтады.

Көзі тірі кезінде-ақ ол туралы мыңдаған мақалалар, қалың-қалың зерттеулер жазылды; оның әрдайым жұрт кернеп кететін көрмелері әлемнің ірі қалаларында болып өтетін елеулі оқиғалар қатарында саналды. Оған арнап

Францияның дүлдүл ақындары өлеңдер шығарды, әйгілі режиссерлері кинолар түсірді.

Оның өмірі мен шығармашылығы төңірегінде өрбіген аңыздардың өзі лек-лек. Олардың бірінде – суретші өзін сырт дүниеден таза бөліп, әлденеше күндер бойы шеберханасында қамалып отыратын тұйық та томырық адам ретінде бейнеленсе, енді бірінде – ол өз ортасында әзілі мен қалжыңы таусылмайтын аса көңілді жан болып көрінеді. Келесісінде, егер ол шын қаласа дүниедегі бай адамдардың біріне айналар еді деген пікір сабақталады. Өйткені, ол үшін ақша «жасау» ең оңай қарекет делінетін. Оның бір жапырақ қағазға түсірген қолтаңбасы ірі сомалы франктер мен долларлардан да қымбат саналар еді.

Оның есімі жаһанның төрт құбыласына түгел танымал. Тіпті, суретші туындыларын көрмеген адамның өзі біледі. Пикассо... XX ғасырдың ең атақты суретшісі, белгілі қоғам қайраткері, халықтар арасындағы бейбітшілікті нығайтқаны үшін Халықаралық Лениндік сыйлықтың лауреаты.

* * *

Суретшінің ұзақ шығармашылық – бейнелеу өнеріндегі ерек құбылыстардың бірі. Өртүрлі идеялар, ағымдар қақтығысымен басталған XX ғасырдың көркемдік ойы дамуының әуелгі қымқуыт тірлігінің басы-қасында жүріп, сол аласапыран ортадан өзінің сан-сипатты сырлы бедердегі қолтаңбасын мұқалтпастан, өткір күйінде алып шығып, дәуірмен үндесе өскен суреткер шығармашылығы жан-жақтылығымен, кең қарымдылығымен айрықшалаанады.

Пикассо туындыларының арасынан классикалық ыңғайда салынған суреттер де, ғасыр басында белең берген әлденеше «измдердің» әсері де, «көкшіл, қызғылт» кезеңдердің толқымалы сыр-сипаты да, жүз бүктетіліп, сексен қырланған «кубизм» элементтері, модернистік ізденістер мен неоклассицизм көріністері де, дүлей рухты шабыт толқынынан туындаған шынайы реалистік шығармалар да, бәрі-бәрі де кездеседі. Бірақ, осыншама жан-жақтылыққа қарамастан ол тұрақты қолтаңбаның адамы. Оның сан сырлы туындыларының кез келгенінен тек Пикассоның өзіне тән дербес бедерлі нақыштың атой салып, көрініс беріп тұратынын байқау қиын емес.

Пикассо шығармашылығы ылғи да жаңарып, жасарып отыратын ізденіске толы әлем. Талай уақыттар бойы суретші есімі төңірегінде мақтау сөздермен бірге даттау пікірлердің

қат-қабат майдандасып келгендігінің де түп-төркіні осында жатыр. Соны нәрсенің әр уақытта да өзіне тосырқай қарататыны бесенеден белгілі. Үнемі жаңарып, күтпеген шешімдер тауып құбылып отыратын Пикассо өнері кей сәттерде көп жұртқа түсініксіз көрініп жатар еді...

Пикассоның ұзақ суреткерлік өмірі атақ-даңқтың тұғырына тікелей тартқан даңғыл жол ғана емес. Онда суретшіні кей кездерде түкке тұрғысыз деп тұқырта сынаған нешеме қилы бағалар да қатар жүріп отырды. Бір сыншы Пикассоны «шатасқан проблемалардың тамұқ қазаны» деп сипаттаса, екіншісі оны «қорқынышты образдар мэтрі», «хамелеон», «әр ағымдардың басын шатқан – эклектик», деп атады. Суретшіні тіптен миы қозғалған адам ретінде түсіндірушілік те кездесті. Бірде Пикассо өзі туралы жазылған осындай бір кітапты оқып шығып: «Мен, немене, сонша Марстан келдім бе?» — деп таңданған да екен.

* * *

Пабло Пикассоның барлық шығармашылық өмірі Франциямен тығыз байланысты. Ол осы елдің заңғар суретшісі. Сөйткенмен де, Пикассоны өзінің туған отаны – Испаниядан да бөле-жара қарауға келмейді. Ол өзін француз суретшісі болумен бірге, құйып қойған испандықпын деп те сезінеді.

Ол 1881 жылы осы елдің күнгеіндегі Малага қаласында дүниеге келген. Әкесі Хоса Руис – суретшілікпен айналысатын. Өнер қадірін қастерлей түсінетін ол ұлын әуел бастан-ақ өз мамандығына икемдей бастайды. Пабло бала жасынан ерекше қабілеттілігімен көзге түседі. Өнер зерттеушілері оның осы уақытта салған суреттерінің өзінде қолы жаттыққан профессионалдық сипат анық байқалатын дегенді айтады.

Әйтеуір, олардың отбасысы Барселонаға көшіп келіп, он төрт жасар Пикассоны Бейнелеу өнері мектебіне бергенде, жас баладан сынақ алған мұғалімдердің айран-асыр қалғаны рас. Мектепке түсу үшін емтихан тапсырарда шәкірттерге жалаңаш дененің үлгісін салуға әдетте бір ай уақыт берілетін. Пикассо осы тапсырманы бір-ақ күнде, әрі үздік бағаға орындап шығады. Бірақ ол артынша профессорлардың үмітін «ақтамай» жаттанды сабақтардан жалығып, мектепті тастап кетеді.

Бұдан кейін Пикассо Мадридтегі Көркемөнер академиясына түскенімен, одан да тез жериді. Жеткіншек

суретші жаңалық атаулыдан үрейі қалмайтын академиялық дәрістен өзін өсірер пайда таба алмайтынын сезінген еді.

Бір маусым оқымай жатып Барселонаға қайта оралған Пабло басқа мектепке тап болған. Ол – өмір мектебі, қым-қуыт тіршілік мектебі. Оның бұл кездегі туындылары – бұқалар шайқасын, кедей-кепшіктердің жүдеу тірлігін, қала өмірінің әрқилы көріністерін, адамдардың жабырқаулы жалғыздық қалін бейнелейді. Осынау суреттер – оның бүкіл шығармашылығының өн бойында арқауы үзілмей ұласып жататын өзекжарды махаббаты, өз Испаниясы туралы сыр тарқатар әуезді саздың әу бастағы белең берген көріністері еді.

Бірақ, осы Испания суретшіге «жерұйық» бола алмады. Бұл кез – испан бейнелеу өнерінің тоқырау халде, суретшілерінің әскери монархизм тепкісінде жатқан өз отанын тастап, Жаңаша дәуір көркем ойының көрігі күмпілдеп, қаруы шындалып жатқан Парижге бірінен соң бірі ауа бастаған шағы. 1900 жылы Пикассо да буырқанған қылқалам қайратына дауа іздеп Парижге келген кезде, мұнда ол өзінің көптеген отандастарының жайғасып үлгергенін көреді.

Ғасырлар ауысуы кезіндегі Париж – әртүрлі елдерден келген қилы ағымдар мен бағыттардың түйіскен кіндігі, қайнаған қазаны, «суретшілер Меккесі». Андыздаған идеялардың қызу ортасына түскен суретшілердің қай кеменің құйрығын ұстарын білмей арпалысып жүргенде, өз туындыларында ұлттық сипаттарын жоғалтып, дербес қолтаңбаларынан айрылып қалуы да қиын емес еді. Дарыны шамалы суретшілердің көбі тез арада осындай күйге ұшырап, Париждің көмейлі кеңірдегіне жұтылып та жатты.

Ал, Пикассоның құдіреттілігі сол – ол Парижге бағынбаған, керісінше, Парижді өзіне бағындырып алған. Оның испандық дәстүрді француз өнерінің шұрайлы топырағына әкеліп егуінен кескіндемедегі жаңа дәуірдің келбетіне айтулы ажар болып қосылар әлемдік маңызы бар сындарлы өнер өркен жайып, керегесі қаланған.

Петроград Эрмитажы мен Мәскеудегі А. С. Пушкин атындағы Бейнелеу өнері музейінде Пабло Пикассо шығармашылығының алғашқы кезеңдеріне қатысты туындылар кең қамтылған. Осы ретте сонау ғасыр басында әлі жұрт дұрыстап тани алмай, дау-дамайға негіз болып жатқан Пикассоның суреттерін сатып алып Ресейге әкелген орыс коллекционер-меценаттары Шукин мен Морозовтың

үлкен талғампаздығы мен көрегендігіне ғажап қалудан басқа шараңыз жоқ. Олар таңдаған суреттерден сол кезде жас та болса қалыптасып үлгерген Пикассоның нағыз бет-бедері айқын танылады.

Пикассо шығармашылығының алғашқы «көкшіл» кезеңіне жататын – «*Сабартестің портреті*», «*Әйелдің басы*», «*Шарапқұмар әйел*», «*Қайықшы шал мен бала*», «*Бүлдіршін мен көгершін*» сияқты туындыларына көз салғанда, ондағы образдардан өмір таукіметіне ұшырап қасірет шеккен қарапайым адамдардың тірлігі айқын елес береді. Мұнарта байқалатын көкшіл түс адам кескіндері мен бейнелерін әлдеқандай бір қамырық көлеңкеге қымтап, еңсені басып кетердей. «*Бүлдіршін мен көгершін*» туындысында ол 1895 жылы күл (дифтерия) кеселінен шетінеп кеткен кіші қарындасы Кончитаның мұңлы қалпын бейнелейді.

Оның осы кезеңге тиесілі басқа да туындыларынан адамзат бойындағы назалы күйге ерекше көңіл бөлінетінін түйсіну қиын емес. Олардың бірінде қалжыраған кейіптегі әйел өзінің баласымен тұрса, енді бірінде – жалаңаш қыз үлкен шылапшында шомылып жатыр, келесінде – дастарқан үстіне еңкейген адам бейнеленген... Сюжеттік жағынан алғанда Пикассо дәстүрлі тұрмыстық көріністерді жазғандай боп көрінеді. Бірақ назар сала қарасаңыз, туындылардан еш жайдарылықты, қуанышты көңіл-күйді байқамайсыз. Олардан трагизмнің лебі есіп, жандүние сергелдеңдері өзінше тұжырымдалып жатады; өмір сүру – торығу мен азапқа толы бейнет; сұлу дене – қайғыға душар етер тақсірет; ал дастарқан басындағы адамның бейнесі – аштық пен жүдеу тіршілікті паш етер көрініс...

* * *

Тынымсыз еңбек студің арқасында Пикассо жаңа ортада екі-үш жылдың өзінде-ақ басқалардан оқшауланып, таныла бастайды. Оның соны кескіндемелік тәсілдері жұрт назарына іліккен. Ол Парижге, Париж оған көндігіп келеді. Суретшілердің терсінді мекені Монмартрде жұпыны шеберханасы бар. Оның ішін қыста аяз қусырып, жазда аптап буып тұрса да Пикассо күні-түні осында сурет салумен күн кешеді. Есігінің маңдайшасына: «Ақындардың қауышар орны» деген жазу іліп қояды. Францияның сол кездегі жаңашыл ізденіске ынтық ақындары Макс Жакоб, Гийом

Аполлинер, Альфред Жаррилермен достасқан. Олар Пикассо шеберханасына жиі келер қонақтар.

Осы шақта суретші шығармашылығындағы «қызылт» кезең деп аталатын екі жылдай уақытқа созылған сырлы мәннер белең берген. Бұрынғы мұнарлы көгілдір түске енді ашық шырайлы нұр қосылған.

Пикассо көбіне цирк адамдарын, актерлерді, акробаттарды бейнелеуге ден қойғандай. «Екі акробат», «Шар үстіндегі қыз», «Жалаңаш жасөспірім», «Ит ерткен бала», «Акробаттар отбасысы» сияқты туындылар сол «қызылт» кезеңге қатысты дүниелер.

Бұл кезең туындылары оның алдындағы «көкшіл» мәннер шығармаларымен салыстырғанда, кәдімгідей жұмсақ тартып, майса самал ескендей әсер қалдырады. Бұрынғы сәл тұнжыр қалып – қимыл-қозғалыспен, ауыр түстер – жеңіл бояулармен алмасқан. Солай бола тұрғанымен адамдардың өңдерінен сол бұрынғы туындыларда байқалған сезімдер мен көңіл-күйлер сілемін тану қиын емес.

Суретшінің жас кезіндегі туындылары оның өнердегі Жаңаша дәуірдің есігін еркін ашып, аршындай басып кіргенін паш етеді. Ол ашқан «көкшіл», «қызылт» кезеңдер бұрын байқалмаған тосын нақышты сырлар. Ілкіде жұрт оларға тосырқай қарағанмен, кейіннен көз үйренген соң мақтауларға негіз болып, кескіндемедегі үлкен табыстардың бірі ретінде санала бастаған. Пикассо әйгілі суреткер дәрежесіне көтерілген. Енді оған осы тәсілдерді әрі қарай дамытып, сырбаздандыра түсу ғана қалғандай.

Бірақ, осы кезде Пикассо өзіне айтыла бастаған бұл мақтау сөздерден, кескіндемедегі нұрлы табыстарынан теріс айналып, бәрін қайтадан бастауды жөн көреді. Ол оқыс тірлікке бел буған...

«Авиньон қыздары»...

Ашық күнде жай түскендей оқиға. Пикассоның жаңа туындысы жұртшылыққа тосын әсер етті. «Бұл не сұмдық!»

Ол тіпті Пикассоның ең жақын достары мен тілектес жаңашыл суретшілерді де айран-асыр қалдырып, ренішке ұшыратқандай...

Матисс бұл туындыдан жаңа кескіндемелік ізденістерді мазақ еткен мазақ пародияны көргендей болады. Брак: «Бұл дәмді тамақтың орнына кендір мен парафин шайнағанмен

бірдей дүние», – дейді. Пикассоны жақсы ұғынатын адамның бірі, жаңашыл ақын Аполлинердің өзі де: «Суреттен мәнсіз адасулардан басқа ештеңені көре алмай отырмын», – деуге мәжбүр болады. Орыс коллекционері Шукин болса оны «Француз өнері үшін орны толмас ұлы өкініш!» ретінде бағалайды.

1907 жылдың көктемінде салынған «Авиньон қыздары» атты үлкен сурет дүниеге келген замат осындай пікірлерге негіз болған еді.

Шынында да, туындыдан бұрынғы Пикассоны тани қою қиын еді. Бояу қолданысында, суретші нақышында да айтарлықтай суреткерлік байқалмайды. Суретті тұтас алып тұрған әйелдердің бейнесін кескіндеу тәсілі тіптен тосын. Бейнелер мен фонның арасалмағында үйлесім жоқ. Денелер фонмен араласып кеткен. Көзге әлдеқандай геометриялық бөлшектер елестегендей болады. Туынды кескіндемелік тәсілден гөрі мозаикалық әдіспен орындалғандай. Кеңістік пен форманың байланысы үндеспей жатыр...

Бірақ зерде қадай қарау барысында, кескіндеме заңдылықтары тас-талқан бұзылған осы туындыдан әлдеқандай бір қимыл динамикасын, тепсінген қуатты байқауға болар еді. Бейнелерді бедерлеу тәсілінде, сонау, Мысыр мен Ассирия храмдарындағы шекіліп салынған кескіндер мен африкандық мүсіндерге ұқсастық бар. Көне халық өнеріндегі кей элементтер сурет ырқына бағынғандай. Бір сәтте Сезанн мәнерінің де әсері сезілгендей.

Дәл осы суреттің үрдісінен арқау тауып, әрі қарай өркен жайған кескіндемелік ізденістер өнердегі жаңа ағым, кейіннен формалистік бағыттардың түп-төркініне айналған *кубизмге* әкеліп маңдай тіреген. Жаңа ағымның басында Пикассо тұрды. Бірақ Пикассо бұл ретте жалғыз емес-тін. Оның қасында кубизмді ашуға септесіп, ғасыр басындағы айтулы суретшілер – Брак, Дерен, Глез, Лежелер жүрді...

* * *

Кубизм...

Өнерде геометризммен әуестеніп, шығармаларды куб, шар, конус секілді геометриялық денелерге құруды діттеген модернистік ағым.

Шығармашылығын классикалық сипатта бастап, ол

жолда соншама тұрлаулы жетістіктерге жетіп, айқын гуманистік бағыт-бағдар алған Пикассоның кенеттен осынау тиянақты толғаныстардан аулақ жатқан тұсқа, адам пайымынан оқшау дүниені бейнелеуге еңсеріле ауып кетуі неліктен?

Бұл сауалға жауап іздеу барысында сол кездегі дәуірдің рухани жағдайына көңіл аударар едік...

XX ғасырдың басы. Адам ойының үлкен жетістіктерге жеткен әйгілі кезеңі. Техника мен ғылым салаларында зор табыстар дүниеге келіп, ғажайып жаңалықтар ашылып жатты. Электр қуаты кең ауқымда пайдаланыла бастады... Құрылыста темірбетоннан өрілген санқилы инженерлік ойдың жемістері туды... Адам тұңғыш рет аспанға көтеріліп, авиация дәуірі басталды... Ерлі-зайыпты Кюрилер радиоактивтілік құбылысын ашты... Эйнштейн физикада төңкеріс жасап, «Салыстырмалық теориясын» ойлап тапты... Адамзат өркениетіне жаңа дәуір аршынды қадаммен еніп келе жатты..

Пикассо бастаған суретшілердің кубизмге келіп маңдай тіреуі де осы дүрбелең шақта жүзеге асты. Жаңа дәуірдің қарышты дамуына үйлесер өнер осы болмағай. (Кубизм – техникалық ойдың қозғау салуы арқасында дүниеге келген ағым.)

Өртүрлі жансыз заттардың негізін қазбалағандай, жілік-жілік бөлшектеп, бейнелеу арқылы Пикассо олардың қасиетін, құрылымын, сипатын талдауға кірісіп кеткендей. Олардың құпиясын, заңдылықтарын танымақ ниетте. Басты назарда – форма...

Бірақ шын көркемөнерге мәнсіздік жүрмек емес. Пикассоның алапат дарыны кубизм төңірегінде әрқилы құнды ізденістерге барғанымен, ол ағым өз көкжиегін кеңейте алмаған. Ақырындап өшуге бет алған.

Алайда, Пикассо шығармашылығы аясындағы аналитикалық, синтетикалық кубизм кезеңдері деп аталатын уақыттарда дүниеге келген көп туындылардан да оған тән құдіретті қолтаңбаның бедері айқын байқалады. Гитаралар мен скрипкаларды бөлшектеп бейнелеген сан түрлі суреттер мен жекелеген адам образдарын («*Воллардың портреті*», «*Мандолинді қыз*», «*Желтуіш ұстаған әйел*», «*Шаво ханым*», «*Темекіші*», «*Арлекин*», «*Гитара ойнаушы*») кескіндеген бірқатар шығармаларда Пикассо өзінің батыл сызықтарымен, қарымды қуатымен көлденең тартылады.

...Жиырмасыншы жылдардың бас кезінде кубизм

абстракция құрдымына тіке бет алды.

Бірақ бұл кезде Пикассо одан бойын әбден аулақтап алған болатын.

* * *

Оның бұдан кейінгі шығармашылығы жеке-жеке ағымдарға жіктеліп, сараланбайды. Суретші туындылары неоклассика, сюрреалистік ыңғайда жасалғанымен, ендігі Пикассо үнемі өзгеріп, құбылып, жаңарып отыратын әлем. Ол кубизм кезіндегідей форманың тұрақты сипатта белең беруін қадағаламайды. Суретші туындыларындағы сан-салалы түрлік ізденістер – енді мазмұнға бой ұруға, дәуірдің бет-бейнесін кескіндеуге ыңғай танытады. Оның әрбір жаңа шығармасынан жаңашылдықтың дауылды рухы атой салады.

Осы кезеңнен бастап біз бүкіл ұзақ ғұмырлы ұланғайыр шығармашылығының өн бойында ылғи да бір қалыптан табылмайтын, ылғи да соны шешімдер биігінен көрінумен келе жатқан Пикассоға кезігіміз. Оның туындыларынан ХХ ғасыр суретшілерінің арасында тек Пикассоның ғана қолынан келетін сан қилы образдар дүниесі ұшыраса бастайды. Олардың арасынан кей сәт сонау антикалық дәуір өнерімен де үйлесіп жататын классикалық туындылар, түрлерінен қорқынышты үрей азабына малтығып, аласапыран қасірет шеккендіктің ізі байқалатын бейнелер, бөлек-бөлек болып бөлшектенген адам денелері, санаға, миға үйлесе бермейтін ауыр тақсірет рухы қадау-қадау күйінде көрініс береді.

* * *

Пикассо қырық бес жаста. Ол бұл кезде аты әйгілі суретші. Оның туындыларын жермен-жексен етіп сынайтын шақтар артта қалған. Енді ол жұртшылық үшін ең танымал адам. Пикассо – мода!!! Суретшіні Париждің ауқатты адамдары таласып-тармасып думанды орталарына, тойларына шақырады. Еркін. Бірде суретші өзін қонаққа шақырған зиялылар бас қосатын сауыққа матадордың жалтылдаған киімімен де келеді. Қаланың ең тәуір жерінде тамаша шеберханасы бар.

Бірақ та «текті» орта адамдарының арасында осыншама мақтау, марапаттауға кенеліп, құрметтеліп жатса да, ол өзінің күрескер өнерінің рухын жоғалту туралы ойдан аулақ.

Зор атақ-даңққа ие болып, кең танылғанымен де ол буржуазиялық салондардың ыңғайына ере алмақ емес.

Ол – нағыз суреткер. Ал шынайы суреткерлер өздерінің жүрекжарды ойларын ашық бейнелемек...

Пикассоның өнердегі концепциясы – оның өзі айтқан, мына төмендегі пайымдарда атылған оқтай дәл түйінделеді: «Импрессионистер өмірді өздері қалай көргеніндей бейнелеуге тырысты. Мені бұл әдіс қызықтырмайды. Мен өмірді қалай түйсінгенімдей бейнелегім келеді...»

Сосын тағы да былай деп тұжырымдайды: «Суретші дегеніміз – өзі жауап беруге тиіс дәуір талаптарымен үнемі қатар жүретін саясат адамы...»

Оның шығармашылығы – үнемі заманның ділгір талаптары ұсынған биік тұғырдан табылу мұратымен тыныстаған, көкжиегі кең әлем. Онда қайраткерлік рухқа толы күрескер өнер мен күрескер өмірдің айшықты іздері аса мол.

Осы ретте суретшінің «Герника» атты туындысының алар орны ерекше.

1937 жылдың 26 сәуірінде фашистік авиация бір түнде республикалық Испаниядағы баск елінің кішкене қалашығы Герниканы бомбылап тып-типыл етті.

Испаниядан жырақта жүрген Пикассоға генерал Франко мен Гитлердің тізесінде кеткен өз елінен жеткен бұл хабар үлкен ашу-ыза тудырады. Ол осының алдында ғана республикалық өкіметтен Париждегі Халықаралық көрменің испан павильонында ілінуге тиіс панноға заказ алған болатын. Суретші оны қай тұрғыда орындасам деп толғанып жүрген. Герника трагедиясы Пикассоға оқыс тақырыпты көлденең тартты.

Фашизм зұлымдығын суреткерлік көзбен аяусыз әшкерелеген бұл зор туынды сол жылы Халықаралық көрмеге ілініп, әлемге әйгіленді...

...«Герника» – соғыс азабы, соғыс тақсіреті, оның адамзатқа әкелер сұмдықтарын паш ететін аласапыран азаға толы гимн іспеттес. Онда ұшақтар да, бомбалар да жоқ... Суретші композициясы мүлдем тосын сипаттарда құрылған. Апат жан-жағы бітеу кеңістікте өтіп жатқандай. Бәрі де сапырылысып кеткен. Төбеде ілінген шамның әлсіз жарығы астында әлемтапырақ болып бүлінген, бөлшектенген адам денелері, шұрқырай қиналған жылқы, шетінеген сәби, аңыраған ана... Олардың бейнелерінен алапат қорқыныш пен үрей сәтін, өлім азабы, алқымнан алған ажал алдындағы

дәрменсіздік қасіреті атой салып көрініс береді.

«Герника» – тек испан оқиғалары төңірегінде сыр тарқатар сурет қана емес, Пикассо қылқаламының құдіреті арқасында адамзат тарихында алдағы уақыттарда кездесер қасіретті апаттарды пайымдаған экспрессивті символикаға толы, терең қатпарлы туынды. Суретші адамдардың кінәсізден-кінәсіз қазаға ұшырауы, алапат азабы болашақта да ұшырасуы кәдік деген түйінді ойды мезгеп тұрғандай.

Расында да, суреттен аз жылдан кейін әлемді астанкестен қылған екінші дүние жүзілік соғыстың аласапыраны мен атом бомбасының жарылысында күйреген Хиросима тақсіреті де елес берердей.

* * *

«Герниканың» Батыс елдерінде бейнелеу өнеріндегі фашизмге, соғысқа қарсы көзқарастардың қалыптасуындағы рөлі ерекше.

Оның кішкентай көшірмесін фашизм басқыншылығы кезінде Еуропа елдеріндегі Қарсыласу қозғалысына қатысушылар әрдайым жандарына салып жүрді. Ал «Герниканы» дүниеге алып келген Пикассо есімі азаттық үшін күрес ардагерлерінің алдыңғы сапында аталып, ардақталып кетті.

Бірақ суретшіге барлық жұрттың ықыласы бірдей ауа бермеген.

Испанияда Пикассоның атын атаған адамды генерал Франко абақтыға жабатын.

Гитлер бүкіл музейлерден Пикассоның туындыларын лақтырып тастауға бұйрық берді...

...Соғыс кезінде Парижде қалған Пикассо гестапоның бақылауында болған еді. Бір күні оның шеберханасын кезекті тінту кезінде фашистік офицер «Герниканың» көшірмесін қарап тұрып, суретшіге мысқылды кейіппен сұрақ қойған:

– Мынаны да сіз істедіңіз бе?

Оған сол сәт жауап алынды:

– Жоқ, оны істеген сіздер...

* * *

Париж 1944 жылы тамызда азат етілгеннен кейін арада екі-үш ай өтпей жатып, «Бостандық салоны» деп аталатын Күзгі салонда Пикассоның жеке көрмесі ашылды.

Жұртшылық көрмені аса ықыласпен қабылдап, оған лек-лек болып ағылды. Неміс басқыншылығы жылдарында азаматтық намыс биігінен көрініп, өз қылқаламымен фашизмге қарсы аяусыз күрес жүргізген суретші есіміне олар өздерінің үлкен құрметтерін осылай білдірген.

* * *

...Соғыстан кейінгі жылдар қоғам қайраткері, бейбітшілік жолындағы белсенді күрескер Пикассо шығармашылығында жаңа кезең ретінде есептелінеді. Өмірге, дүниеге суреткерлік кең қарыммен үңіліп, өзін дәуірмен бірге сезінген оның зергер қолынан сан-салалы туындылар дүниеге келе бастайды. Ол сонымен бірге бұл кезде бейнелеу өнерінің басқа да салаларымен кең ауқымда айналысады. Мүсіншілікке, зергерлікке, графикаға бой ұрады...

«Қозы көтерген адам» – Пикассо қолтаңбасындағы жаңа да жарқын кезеңнің басы іспеттес мүсін. Бейқұт тіршілік, аялы мейірімнің шырайлы сазы сыр шертер ол мүсін кейіннен Валлорис қалашығындағы кішкене алаңға орнатылып, сол мекеннің әдемі ажары ретінде танылып кетті...

Суретшінің бейбітшілік эмблемасы – «Ақ көгершіні» туындысын салғаны да бүкіл әлемге белгілі. Ол Бейбітшілік конгрестерінің қалаулы плакатына айналды.

«Кореядағы зұлымдық» – басқыншылар тепкісінде қалған елде өтіп жатқан оқиғалар туралы жазылған кескіндемедегі памфлет іспеттес. Онда автоматтар мен роботтар соғысы туралы дүрбелең сыр тарқатылады. Темір құрсаңған адам кейпіндегі қорқынышты бейнелер қолдарына ұстаған әрқилы қарулардан қорғаусыз әйелдер мен балаларға қарап оқ шашады...

«Бейбітшілік храмы» (1952 ж.) – Пикассоның ең зор туындыларының бірі, жасы жетпістен асқан суреткердің нағыз ерлігі. Францияның оңтүстігінде жатқан Валлорис мекеніндегі ғибадатхана қабырғасына салынған кескіндемелік шығарма. Ол «Соғыс» және «Бейбітшілік» деп аталатын екі паннодан тұрады. Ұзындығы 10, биіктігі 5 метр екі зор туындының шарапаты арқасында көпке танымал болған бұл ғибадатхана 1954 жылдан мұражай мәртебесін алып, Пикассоның «Соғыс және бейбітшілік» Ұлттық музейі деп аталады.

«Соғыс» туындысының композициясында оның дүниеге

ұсынар қаратүнек сипаты бейнеленген. Қара аттар жегілген арба – соғыстың қайғылы қара жолы. Аттар лапылдай жанған кітаптарды таптайды. Арғы фонда қолдарында қылыш, найза, айбалталар ұстаған бейнелер силуэті. Арба үстінде соғыстың өзі келеді: бір қолында – бактериялар салынған тор, екіншісінде – қаны сорғалаған пышақ. Оның алдын қолына найза мен көгершін бейнесі бар қалқан ұстаған бейбітшілік сақшысы бөгеп тұр.

Ол соғыс атаулыны дүниеден қуып, аластатқан кезде не болмақ? Бұл ой екінші паннодан айқын көрінеді. «Бейбітшілік» – адамзатты соғыс қаупі үрейлендірмейтін, бақытты шақты бейнелеген. Ол бір сәт ертегілердегі мәңгілік бақыт орнап тұратын жерұйық мекенге де ұқсап кетер еді. Не жоқ десеңізші мұнда? Суретте айналасында масақ өскен күн де, соқа сүйреткен қанатты ат та, әйнек шардың ішінде ұшып жүрген құстар да, соншама шадыман шаттыққа, қуанышқа, рақатқа малынған адамдар өмірі де, аналар бақыты да кескінделген.

Бұл – бейбітшілік туралы әдемі әуезді дастан.

Бұл – бүкіл әлемде орнауға тиіс мамыражай тыныштық туралы сыр...

* * *

1971 жылы Пикассоның тоқсан жасқа толу мерекесі тойланарда Францияның көркем ой тарихында бұрын-соңды кездеспеген үлкен уақиға болып өтті. Лувр музейіне тұңғыш рет әлі көзі тірі суретшінің шығармалары қойылған. Ол – Пикассо еді. Суретші шығармашылығының елеулі кезеңдерін көрсететін ең белгілі туындылары жинақталған бұл көрме әрі Луврдің маңдайындағы бас жауһарлардың бірі – «Джоконданың» залында ашылды. Дәл осы жайдың өзі-ақ Франция жұртының ұлы суреткерге деген үлкен құрметіне айқын дәлел болатын.

...Арада бір жарым жылдай уақыт өткен. 1973 жылдың 8 сәуір. Жексенбі. Алдында сенбі күні өз шеберханасында жұмыс істеп келген Пикассо бұл күні де азанда сол жұмысын жалғастырмақ болып (оның өмірінің барлық күндері жұмыс күні ретінде саналатын) қылқаламын қолына алған кезде кенет өзін нашар сезінеді.

Іле-шала шақыртылған дәрігер Пабло Пикассоның үлкен суреткерлік жүрегінің тоқтағанын естірткен.

Бейбітшілік эмблемасы – «...Ақ көгершіннің» авторы

тоқсан екі жаста еді...

«Мен өзімнің бар уақытымды өнерге арнамасам, өмір сүре де алмаған болар едім. Мен оны бүкіл өмірімнің ең басты мақсаты деп білемін...»

Ұлы суреткердің өзі туралы айтқан осы сөзі – шынайы көңілден шыққан қастерлі ақиқат. Бір қарағанда Пикассо шығармашылығын бар ықыласпен құлай беріле сүйеге де; не оны пендешілікпен кей реттерде түсініксіз деп бағалауға да болар. Бірақ та оның өз ғұмырының соңғы сәттеріне дейін түгел болмысымен, еш бүкпесіз тек өнер жолына бағыштаған ерлікке парапар ғұмырына бас имеске шараңыз жоқ.

1977 жыл.

2. ҒАСЫРДЫҢ ЕҢ ҰЛЫ ҺӘМ ЕҢ... ҰНАМСЫЗ СӘУЛЕТШІСІ

«Құрылысшының міндеті – беріктікті; сәулетшінің міндеті – көркемдікті қамтамасыз ету».

«Архитектура – дәуірдің ақыл-ойының көрінісі болуға тиіс».

Ле Корбюзье

Дамудың ала-құлалығына мойынсынбасқа лажыңыз жоқ.

Әдебиет пен өнер саласында жаңаша үнді сан қилы ағымдарымен, асқақ та ақиық туындыларымен айдай әлемге әйгілі болған он тоғызыншы ғасырда архитектура өзінің соны бедерлі, дербес рухты мектебін құра алмады. Архитекторлар қанша ізденіс, талпыныс талабына берілгенімен де сол көне дәуірлерде дүниеге келген классикалық сәулет келісімдеріне қайта айналып соғып, бір заманда Эгей теңізінің жағасында туған антикалық нұсқадан көп алысқа ұзай алмай жатты.

Тіпті ақыр соңында, олар амалсыздан одан-бұдан құралып, әр түрлі сәулет әдістерінің басын шалған эклектизмге келіп пәтуа табуға мәжбүр болды. Бұл ретте ғасырдың орта тұсынан бастап өндірісте жасалынған техникалық төңкеріс те сол көне замандардан тастүйін боп қалыптасқан архитектура негіздерін бұзуға еш әсер етпейтіндей көрінген. Ал оның есесіне сәулет өнері теріс айналып қабылдамай тастаған темірбетон құрылымдары, берік әйнек, шынылар инженерлік ойдың үдесінен шығып – заңғар мұнаралар, алып көпірлер тұрғызылуға пайдаланылып жатты.

Әйтсе де, архитектура бітімінің еңсесі көтерілер күннің тууына да көп мерзім қалған жоқ еді. Ол әні-міні деп иектеп тұрды.

* * *

Инженер Эйфель көне Париждің нақ төрінде өзінің әйгілі темір мұнарасын салуға кіріскен, 1887 жылдың сары күзінде

Франция Швейцариясындағы Ля-Шо-де-Фон қалашығында тұратын сағат шебері Эдуард Жаннеренің үйінде көп жұртқа елеусіздеу қуаныш аталып өтті. Ол дүниеге енді ғана інгәләп енген Шарль- Эдуард есімді сәбидің шілдеханасы болатын.

Он тоғызыншы ғасырдың соңғы жылдары. Алда тұла бойы ағыл-тегіл андыздаған идеялар қақтығысына, әрқилы ғаламат өзгерістерге толы дәуір – ХХ ғасыр табалдырықтан аттап келе жатты. Әлеуметтік өмірде болып жатқан сан алуан алақұйын төңкерістер, адамзат болмысында қалыптасқан қағидалы тіршілікке өз ықпалын тигізе бастағаны анық байқалады. Сан салалы бұлқынысты ағымдар, толғанысты ойлар көшкінінің ішінен дәуір талабынан табыла білгендері дербес көрініп, әдебиет пен өнердің өрісті дамуына жолбасшы болуға бейіл. Осы бір дүрбелең өтпелі дәуір ауқымында көптен өз сәтін күткен қазіргі заманғы архитектураның да керегесі керіліп, шаңырағы көтерілді...

Ал жаңа бағытты архитектураның мығым уығын шаншуға араласқан алғашқы көштің бел ортасында – сонау сары күзде Юра тауы баурайындағы шағын қалашықта дүниеге келген сол Шарль Ле Корбюзье есімді сәулетші жүрген еді.

Ле Корбюзье?.. Шарль-Эдуар Жаннере есейгеннен кейін өз анасы әулетінің нәмінде бар осы текті лақап ат ретінде қабылдап, оны әлемнің төрт құбыласына мәшһүр етті.

* * *

Дүниеде жеке адамдар хақында мифтер мен аңыздар көп-ақ. Ле Корбюзье туралы аңыз солардың бірі. Жиырмамыншы ғасырдағы әйгілі көркем ой иелерінің дабылды есімдерінің ішінде дәл осы архитекторға қатысты болған қым-қуыт таластардай қызу айтыс сирек ұшырасса керек. Ол «ғасырдың ең ұлы және ең... ұнамсыз сәулетшісі». Корбюзье өзінің атақтылығы жағынан әйгілі саясат адамдары, атышулы киножұлдыздардың даңқымен теңдесе алады. Өйткені, ол өзінің сан-салалы төңкерісшіл рухқа толы шығармашылығымен архитектура тарихында жаңа тыныс, соны парақ ашқан адам еді. Ол ХХ ғасырдың көркем мәдениетіндегі аса ірі құбылыстардың бірі.

Ле Корбюзье ұлы суреткерге тән дарын қуатымен өз дәуіріндегі уақыт тынысын тап басып, заманының көкейтесті талаптарына жауап беруді алдына басты мақсат етіп қойды. Ол бір қарағанда өнерге кереғар сипаты бар секілді

көрінетін, үздіксіз даму үстінде отырған техникалық дамуды өз мүддесіне бағындырып, жаңа сәулет эстетикасына негіз етті. Міне, дәл осы – архитектураны ілгері бастыратын соны поэтикалық таным, оның шығармашылығының шырқау биіктен танылуының шұрайлы негізі де болды.

Әйтсе де, осынау ұлы суреткерді замандастары әрқилы қабылдады.

Біраз жұрт оның шығармашылығы туралы: «Өмірде сирек ұшырасатын вандализм; сұрқай қайталаушылық; рухани және материалдық кембағалдықтың айқын көрінісі; тарихи һәм көркем дәстүрлерге деген жеккөрініштілік», – деп ащы пікірлерге ерік берсе; бірқатар адамдар: «Корбюзье бізді осы дәуірдің көкейтесті проблемаларын лайықты шешуге толық мүмкіндіктер әперетін архитектура мен қала құрылысы жайлы іліммен таныстырды», «...ол планетаның түкпір-түкпірінде біздің заманымыздың бетке ұстар ғимараттарын салды», «...бізге ерлік пен табандылықтың нағыз ғаламат үлгісін көрсетті», – деп жоғары бағалап жатты.

Алжир қаласының мэрі, француз әкімі – өзі басқарып отырған қала құрылысын қайта жоспарлаудағы Ле Корбюзьенің ұсынысынан ала бөтен шошынғаны сонша, дереу оны тұтқындауды талап етті. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде гитлершілдер өздері басып алған жерлерде Корбюзьенің кітаптарын «коммунистік архитектураны насихаттау» деп бағалап, басуға, сатуға тыйым салды.

Архитектура теориясын зерттеушілер: «Корбюзье бүкіл бір ұрпаққа, тұтас дәуірге ықпал жасады», «ол бұл дүниеде бар архитекторлардың ішіндегі ең саңлағы», «оның шығармашылығының жемістілігі, жасампаздығы, биік мәнділігі, сонша, әлі де талай ұрпақ ол бастап берген ізбен жол тартады», – деп тұжырымдады.

Бір-бірімен қайшыласып, шайнасып жатқан пікірлер. Осының өзі-ақ ол суреткердің сан-салалы ойлары – жаңалыққа, сонылыққа негізделгендігінің айғағы.

Алғашқы архитектуралық білімді туған қаласында алған Жаннера өзінің сәулет өнеріндегі тұңғыш жұмысын 17 жасында жасайды. Кейіннен оның өз басы бұл үйді «Өте нашар туынды» деп бағалаған. Болашақ Ле Корбюзье осы жас кезінен бастап-ақ архитектурады тосын, төтен соқпақтар іздестіре бастайды. Бірақ осынау мүддеге қалай жетпек керек? Әрине, бұл ретте бар сәулет өнерінің мұраларын көзбен көріп, танығанға, зерттегенге не жетсін.

Ол он тоғыз жасында арқасына жол қапшығын асынып, Еуропаны кезуге шығады. Италия сапары: Флоренция, Верона, Венеция... Саяхат кездеріндегі түрлі қиындықтар оны алған бетінен қайтара алар емес. Тану, білу, үйрену... Будапешт, Вена... ол осы қалада жарты жылдай аялдайды.

Ақыр соңында – Париж. Сол дәуірдің әр ныспылы өнерінің тоқайласа бас қосқан нөпір ортасы – Париж. Нотр-Дам, Эйфель мұнарасы, Лувр музейі... Жаннера көп уақытын музейлерде өткізуге арнайды. Бір рет «Еріктілер салонының» көрмесіне тап болып, қатты ренішке де ұшырайды. Ондағы Матисс суреттерімен алғашқы таныстық жас жігітті қатты шошындырып тастаған. «Осыны да өнер туындысы деп ілгені ме?».

Шарль-Эдуардың қатып қалған қағидамен білім беретін академиялық оқуға зауқы соқпайды. Ол ең негізгі тәлім алар мектебін – сол кездегі қарымды ойлы архитекторлардың шеберханаларынан іздейді. Бұл орайда сәті түседі. Ол Парижде тұңғыш рет 1903 жылы темірбетоннан үй тұрғызған Огюст Перренің қол астына жұмысқа кіреді.

Шеберханадағы жұмыстан кейін бос уақыттарын ол өз білімін көтеруге, кітапханаларда отыруға жұмсайды. Париждің архитектуралық ескерткіштерін аралап көреді, Сорбоннада лекциялар тыңдайды. Өнердегі жаңа ағымдарды зерттеп үйренуге ден қояды. Өзі үшін әуелде тосын көрінген мүсінші Бурдельді, суретшілер Дениді, Сезаннды жаңадан ашады. Жуырда ғана тым шошылған Матисты да енді түсінгендей.

Перренің шеберханасында бір жарым жылдай қызмет істегесін, Шарль-Эдуар Берлинде, сосын өзінің туған қаласына келіп еңбек етеді. Осы 1911 жылы ол жаңа таным сапарына аттанады. Болгария, Түркия, Грекия... Ыстамбұлда өткен 21 күн византиялық сурет өнерін зерттеуге арналады. Алты апта Афины мен Акропольді аралауға кетеді. Парфенонның қыштары қирап шашылып жатыр. Бірақ сол қалдықтардың өзінен, сонау, замандардағы заңғар құрылыстың сырлы бедерлерін саусақпен сипай отырып тануға болар.

Туған қаласына қайтып оралғасын ол өзінің алғашқы ұстазы Шарль Л'Эплатенье екеуі көркем-декоративтік өнер мектебінің жұмысын қайта құру ісіне қызу кірісіп кетеді. Бірақ та көңілде басқа мүдде. Өзімді түгелдей архитектураға арнасам деген ниет оны қайта-қайта мазалай береді. Алайда, ұстазы бұған қарсы. Оған Жаннередей суретші-декоратор,

дарынды қолөнер мұғалімі ауадай қажет. Ұстаз бен шәкірт арасында кикілжің өрбиді.

1917 жылдың соңына таман Шарль-Эдуар Жаннере Швейцарияның төлқұжат бюросына келді. «Маған Парижге баруға паспорт алу керек еді», «Қанша мерзімге?» «Мүлдем кетем».

* * *

Парижде жаңа достар табылды. Пабло Пикассо, Анри Лоран, Фернан Леже. Өңшең жасампаздық рухты мұрат тұтқан жаңашыл суретшілер. Жиырмасыншы жылдардан бастап Корбюзье Париждің төңірегінде композициясы, формасы жағынан тіптен тосын, соны үрдістегі бірнеше үйлер салды.

Сол кезден-ақ ол тұрғызған ғимараттардың өмірлік, жасампаздық қасиеттері бар жаңа архитектуралық эстетиканың лебі еседі. Ле Корбюзьенің әрбір жаңа туындысы өнер әлеміндегі соны рух ретінде қабылдана бастайды. Оның шығармалары мен жобалары барлық архитектуралық басылымдардың беттерінде жарияланады. Ол үнемі сәулет өнерінің жаңа бітімі тұрғысында пікірлер толғайды. Ал 1923 жылы оның «Архитектура мүддесі» деген кітабы шыққанда қалың жұрт Ле Корбюзьені ХХ ғасыр сәулет өнерінің маңдайалды білгірі деп таныды.

Корбюзье үнемі үлкен істердің басы-қасында. Осы жылдары ол жаңа архитектураның көкейтесті мәселелерін қозғайтын «Экспри Нуво» («Жаңа рух») атты халықаралық журнал шығаруды қолға алады. Жақын інісі Пьер Жаннере екеуі Парижде әр елдердің жас архитекторларының оқып-үйренер мектебі болған шеберхана ашады. Қала құрылысының ірі жобалары дүниеге келе бастайды. Үш миллион адамға арналған қала, Париждің орталығын қайта құруға арналған «Буазен жоспары», Барселона, Алжир, Стокгольм қалалары үшін жобалар, қоғамдық үйлер – Париждегі Швейцария студенттерінің жатақханасы, Мәскеудегі Орталық одақ үйі...

Корбюзье бұл жұмыстарын өзінің «Қазіргі архитектураның бес негізі» деген еңбегінде айтылған қағидаларға сай жобалаған еді. Сәулетші қазіргі заманғы архитектураның бес негізі мыналар деп тұжырымдайды: *бірінші* – үй тіреулерге орналасады. Бұрын үй жерге сұғынып, ылғалды бойына тартып тұрушы еді. Енді темірбетонды қолданудың арқасында үй жерден жоғары,

биікте қалқып тұрады. Үйдің асты бос. *Екінші* – шатырдағы баулар. Үйдің шатыры жайдақ. Онда бау өсіруге, бассейндер орнатуға, демалыс орнын жасауға болады. *Үшінші* – еркін жоспарлау. Бұрын үйлердің қабырғалары оның іргесін ұстап тұратын негіз еді. Темірбетонды қолданудың арқасында ол бұл қызметтен арылады. Біз әр қабатты әр бөлек жоспарлауға мүмкіндік аламыз. *Төртінші* – терезелердің қабырғаның өн бойына орналасуы. Темірбетонның арқасында терезелердің тарихында төңкеріс жасалады. *Бесінші* – қабырғалар жеңіл. Негіз тіреулер үйдің ішкі жағында болғандықтан, енді қабырғалар салмақтан ада, әрі жұқа, әрі әсем.

Бұл элементтердің бәрі де Корбюзьеге дейінгі архитекторлар еңбегінде жеке-дара күйінде қылаң беріп жүретін. Сәулетші олардың басын біріктіріп, бір идеяға бағындырды. Сөйтіп, осы қағидаға негізделіп, дүниеге келген саңлақ жобалары, бірегей туындылары арқасында жаңа архитектураның әйгілі суреткері дәрежесіне көтеріліп, бүкіл бір сәулет өнері дәуірінің желбіреген жалауына айналды.

Парижден онша қашық емес жердегі Пуасси мекенінде 1928 жылы құрылысы басталған ерлі-зайыпты Савойлардың тапсырысы бойынша тұрғызылған қала сыртындағы үйдің сәулеттік құрылымында да осы қағидалар ескерілген. Мұнда да сол самсаған тіреулер үстінде орналасып, жеп-жеңіл сезіліп, қалықтап тұрғандай әсер қалдыратын ғимарат, қабырға орнына ұзына бойы созылған терезелер, жайдақ шатыр, оның үстінде бақ. «*Савойлар вилласы*» атауымен әлемге әйгілі бұл сәулеттік мұраны өнертанушылар әдетте Ле Корбюзьенің мүсін іспетті туындысы деп те бағалайды.

* * *

Тағдыр тәлкек етуге де, мақтауға да шебер.

Тағдыр талқысынан қазіргі заманғы сәулет өнерінің туын тігушілер де сырт қала алған жоқ. Архитектурадағы американдық неоклассицизм бағытының қалыптасуына бастау болған жобалардың бірі Нью-Йорктегі «Сигрэм» зәулімін тұрғызған әйгілі сәулетші Мис ван дер Роэге осы «Сигрэмнен» кейін архитектуралық білімің жоқ деп кінә тағылды. Біріккен Ұлттар Ұйымы үйінің бас жобасын жасаған Ле Корбюзьеге авторлық құқық берілген жоқ. Женевада ірге көтермек Ұлттар Лигасы сарайының жобасы

бойынша 1928 жылы өткен конкурста Корбюзье ең үздік жұмыс ұсынды, бірақ ол қабылданбай тасталынды.

Конкурста 337 жоба түскен. Сарапшылар олардың арасында ең шоқтығы биік дүние Корбюзье жасаған жоба деп тауып, оған бірауыздан бірінші орынды береді. Бірақ соңғы сәттерде жобаға – ол конкурс ережесінде көрсетілгендей, қытай тушымен емес, жай баспахана бояуымен салыныпты деген кінә қойылған. Құрамында бес елдің қарқарадай елшілері бар төрешілер алқасы жобаны екінші рет тағы дауысқа салады. Бұл жолы да Корбюзьеге ешкім тең келмеген. Алайда, бәрі зая тірлік: оның жаңа рухты өнеріне қарсы адамдардың ықпалы зор еді. Сарапшылар шешімі үшінші мәрте қайта қаралып, Корбюзьенің ойы мен жобасы шетқақпай қалған.

Ол жасаған көптеген тамаша жұмыстар, Париж, Барселона, Буэнос-Айрес, Алжир... қалаларына арналған жобалар да дәл осылай жеме-жемге келгенде қараулық пен аярлық пікірлерге байланысты іс жүзіне аспай жатты.

Әрбір өнер адамының өзі қолға алған жұмысы хақында оны қашан жүзеге асырып үделі жеріне жеткізгенше асық болатыны белгілі ақиқат. Ал Корбюзье болса өзі тапқан идеяларды басқа архитекторлардың шаш-етектен пайдаланып жатқанын көрді. 1947 жылы Нью-Йоркке барған сапарында оған бір америка сәулетшісі тұрғызған әкімшілік үйін көрсеткен. Сонда ол қасындағыларға: «Ле Корбюзьеге 100 пайыз еліктеу – өте жақсы, бірақ 110 пайызға еліктеу – тым артық», – деді.

1925 жылы Корбюзье Париж келбетін жаңартудың жаңа жобасын ұсынды. Егер ол жоба жүзеге асар болса, «әлем астанасының» 2000 жылға дейін тынысы тарылмай өмір сүрері кәміл еді. Алайда, жаңа Париж құрылысына орын табу үшін қаланың теріскей батыс шетіндегі көне орамдарды бұзу керек болатын. Оларды әдетте «Париж бетіндегі іріңді жара» деп кемсіте атау қалыптасса да, бұзу жөнінде сөз қозғау көп әкімдердің төбе шашын тік тұрғызған. Оның есесіне осы идеяны ұсынған Корбюзьеге «варвар» деген ат тағылады...

Ал қазіргі кезде Парижге жолы түскен әрбір адам қаланың теріскей батысында самаладай боп сән түзеген кілең осы заманғы биік үйлерді көрер еді. Дефанс орамы деп аталатын ол аудан бір жылдары сол Корбюзье діттеген тұста, екі арада жарты ғасырдай уақыт өткеннен кейін ғана, бірақ басқа сәулетшілер жобасымен бой көтерді...

Оның екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Марсельде тұрғызған өн бойында болашақта дүниеге келуге тиіс қалалар түзілісіне лайық ерекшеліктер ең алғаш рет қамтылған «Біртұтас тұрғынжай кешені» деп аталатын жобасы да әуелде көптеген сарапшылар тарапынан ащы сындарға ілікті. Жоба жөнінде: «бір үйде бір жарым мыңнан астам адамның мекен етуі, онда ұдайы ызыңдап тұратын шу тудырары анық. Ал бұл жайдың тұрғындарды жүйке ауруларына ұшыратуы мүмкін..», «санитарлық жағдайлары талапқа сай емес», «кешен – қалтарыстарында сүрініп-жығылып мойын үзетін үңгір іспетті мекенге айналмасын», – деген айыптар тағылды.

Ал қазір осы он жеті қабат тұрғын үй Марсельдің ең елеулі мақтаныштарының бірі ретінде танылып отыр. Ол қалаға келген қонақтарды міндетті түрде ертіп апарып көрсететін, туристік анықтамаларда марапаттала сипатталатын, ең басты сәулет ғимаратына айналды. Марсельдіктер сізге ол жөнінде: «бұл үйді Ле Корбюзье тұрғызды», – деп пейілдене таныстырады...

Кешендегі үш жүзден астам пәтерде тұратын адамдар үшін тұрмыстық жағдайлар түгелдей жасалынған. Бүкіл үйдің тұла бойын кесіп өткен бес көлденең «көшеде» магазиндер, тұрмыстық қызмет көрсету дүкендері, мейманхана орналасқан. Шатыр үстінде – балалар ойнайтын алаң, жүзу бассейні, гимнастика залы, күнге қыздырынатын солярий, ресторан. Үйдің айналасы мәуелі бақ...

Оның архитектуралық жобаларының көздейтіні – адамзат тіршілігін ақжарқын табиғатпен етене жақындастыру. Корбюзьенің «Шуақты қала» терминін ойлап тауып, сәулетшілер алдына көлденең тартуының да себебі осында. Алайда, «Шуақты қала» теориясының элементтері оның өзі жобалаған Марсельдегі тұрғын үй секілді жеке мекен-жайларда мол байқалып отырса да, олардың сәулетшінің көзі тірісінде ең кең масштабта көрініс беруі, бір ғана елде жүзеге асты. Ол ел – сол кезде тәуелсіздік алған Үндістан болатын. Гималай тауларының бөктерінде Пенджаб штатының жаңа астанасы Чандигарх қаласын көркейтуді президент Нерудің өзі бас болып, Ле Корбюзьеге сеніп тапсырды. Аз жылдардан кейін архитектуралық ойдың тамаша жемісі дүниеге келген. Тыныштық салтанатына мүлгіген көлдің жағасында сәулет өнерінің үздік үйлесімі – табиғат пен адам тіршілігінің ажарлы астасуының көрінісіндей әсем ансамбль бой көтерді. Солардың бірі

«Әділет сарайы» деп аталатын сымбатты ғимарат.

Оның шығармашылығының Ресейге қатысты тұстары да мән қоя тоқталып өтуді қажет ететін әңгіме арнасы. Бұл ретте Корбюзьенің алғаш рет өзі жасаған ірі жобалардың бірін осы елде тұрғызуды жүзеге асырғаны назар аудартар еді. Ол 1928-1933 жылдары Мәскеуде Орталық одақ үйінің құрылысын салды. Кейіннен Орталық статистика басқармасы орналасқан бұл үй сонымен бірге жаңа мәнерлі әдіспен тұрғызылған тұңғыш әкімшілік ғимараты да болатын. 3500 қызметкер жұмыс істеуге лайықталып, сол кездің өзінде-ақ олардың барлық қажетті жағдайлары толық ескеріліп тұрғызылған үйде соны шешімдер тым мол көрініс берген. Ішкі кеңістіктерді құрудың тосындығы, еркін жоспарлау әдістері, сырт қабырғалардың тұжырымды түзілістері... бәрі-бәрі соған дейін сәулет өнерінде байқала қоймаған жаңалықтар еді. Корбюзьенің осы туындысының құрылысы бітісімен, ол заңды түрде әлемдік архитектураның дамуы барысындағы көрнекті уақиғалардың бірі ретінде танылды.

Әрине, Ресейге сол отызыншы жылдар төңірегінде үш рет жолы түскен әйгілі архитектордың кеңес сәулетшілеріне әсер, ықпалы тимеуі де мүмкін емес-тін. Оның Мәскеу үшін жасаған жобалары, Политехникалық музейдің үлкен аудиториясында өзі ұстанған архитектуралық мүдделер тұрғысында жүргізген дәрістері жас сәулетшілердің ойына құнарлы қозғау салып, олардың шығармашылығында жаңа да озық үрдістердің өрістеуіне қолқабыс жасады. Корбюзье осы сапарларынан кейін де көп жылдар бойы жаңашыл бағыттағы кеңес архитекторлары – ағайынды Весниндермен, М. Я. Гинзбургпен, Н. Д. Коллимен достық рәуішті хаттар алысып тұрды.

Корбюзье бірінші рет 1928 жылы Мәскеуге келген кезде, кеңес архитектурасында ең бір жарқын сәттер өтіп жатыр еді. Жаңашыл архитекторлар талайдан таптаурын болып қалған көпестік эклектика мен мәнсіздікті күйттейтін күйреуік модерннің уақыты өткенін, енді қалалар мен мекен-жайларды салуда жарқын заман талабымен үйлесетін, бұрын байқалмаған мүлдем жаңа бедерлі әдіс-тәсілдердің молынан көрініс беруі қажет екендігін айқын түсінген еді. Бұл ретте академизм қағидаларының қарсылығын жеңуге барынша

көмектесіп, жаңа дәуір өнерінің қалыптасуына кең жол ашылған. Әрі ол жаңа заман архитектурасының өркен жаюы жолында Батыста әлденеше ондаған жылдарға дейін ащы ішектей созылған даму үдерісін, төңкерістен кейінгі бірнеше жыл ішінде ғана жүзеге асыруға мүмкіндік берген. Сәулет өнерінің жасампаз шығармашылық күштеріне қала құрылыстарын, көпшілікке арналған тұрғын үйлерді, әкімшілік мекемелерін салу жан-жақты түрде сеніп тапсырыла бастады.

Осы жарқын өзгерістер Корбюзье бойында ризашылық пейіл тудырғаны анық. «Қазіргі кезде Мәскеу ең жанды архитектуралық орталыққа айналды. Мен бұл күндері мұнда [Парижде] Сіз туралы және Сіздің жолдастарыңыз туралы көптеген жақсы пікірлер айтып жүрмін», – деп жазды ол Александр Веснинге Ресейден оралғаннан кейін жолдаған хатында.

Бұл ықыласты көзқарасын ол Веснинге жазған тағы бір хатында одан әрі былай деп жалғастырады: «Мен Сіздердің жобаларыңызды тағы да қарап, оларды орындаудағы талғамдарыңызға қайран қалып отырмын. Сіздердің алдарыңызға тамаша, бұрын болып көрмеген кең мүмкіндіктер ашылып отыр және осы ретте қазіргі заман архитектурасы Сіздерде тек өз орнын ғана емес, сонымен бірге нағыз өз келбетін де табуы қажет. Сіз бұл орайда барлық ниеті түзу, батыл, риясыз атқарылар істерге – қоғамның ілгері дамуына қолқабыс жасайтын, адамдарға бақыт әкелуді көздейтін істерге, менің тарапымнан әр уақытта қызу мақұлдау болатындығына сеніңіз...». Бұл – заңғар сәулетшінің қоғамның ілгерішіл даму бағыты – архитектураға шарықтап өсу әкелуге тиіс екендігін терең сезіне білген шынайы гуманистік болмысын шын мәнінде ортаға тартар ой толғамдары.

Корбюзьенің өрісті жаңалықтарын тез түйсіне, пайымдай біліп, оның озық үрдістерін іле өз шығармашылығында жан-жақты тұрғыда ұластырып әкетіп, сындарлы үйлер жобалаған архитекторлардың біраз жұмыстарын, біз сол кезде енді ғана Қазақстан астанасы боп жарияланған Алматы өңінен де көре алар едік. Олардың арасында, әсіресе 1930-1931 жылдары, Корбюзьенің талантты үзеңгілесі М. Я. Гинзбург тұрғызған республика Үкімет үйінің ғимараты (кейіннен Қазақ мемлекеттік университетінің бас корпусы, қазір Т.Жүргенов атындағы қазақ ұлттық өнер академиясының ғимараты. – *автор.*) ерекше көзге түседі.

Алматыдағы Түрксіб темір жол басқармасының бұрынғы үйі, Бас пошта, Ішкі істер министрлігінің әкімшілік корпусы іспетті өн бойларында Корбюзье негіздеген жаңа заман архитектурасына тән басты белгілер көптеп көрініс беретін құрылыстар да негізінен сол жылдар ауқымында дүниеге келді.

Корбюзье тек сәулетшілікпен ғана емес сурет салумен, мүсіншілікпен, кілем тоқумен де айналысты. «Ле Корбюзьенің кескіндеме және мүсін шығармалары көрмелері» 1918 жылдан бастап 1952 жылға дейін әлемнің көптеген қалаларының мұражайлары мен галереяларында әлденеше рет арнайы ұйымдастырылды. 1957-60 жылдары оның қысқа ғана «Нақтылық» деп аталатын сурет туындыларының көрмесі Цюрих, Берлин, Мюнхен, Гаага, Стокгольм, Лондон, Рим, Милан музейлерінде жұрт кернеп кететін үлкен оқиғалар қатарында аталып өтті. Корбюзьенің кескіндеме туындыларының бойынан да дәл оның архитектура жобаларындағы тосын түзілістердей жанашыл таным рухы қадау-қадау күйде атойлап көрініс береді.

Оның архитектура мен қала құрылысы жөнінде жазған «Соборлар боз болған кез», «Шуақты қала», «Афины жарғысы», «Модулер» секілді кітаптары ширақ та шымыр тілімен, әуезді публицистикалық стилімен ерекшеленеді. Ол жазу мәнерінде оқыс әсірелеу әдістеріне, жорта қайталаушылықтарға, қайшы пікірлерге жиі-жиі әдейі баратындай. Бұл ретте Корбюзье үшін ең басты мақсат – өз ой-толғаныстарын оқырманға қысқа да айқын жолмен, есте қаларлықтай түрде жеткізу. Ол қызу пікірлесуге шақырады, тұтқыр тұжырымдарға барады, өткір сындар айтады. Әдетте, Ле Корбюзье талас тудыратын жайларды ортаға тартқан кезде, оқырманның ол айтқан ойлардың логикалық барысына тереңдеп қанығып, өзін сол пікірталасқа тікелей араласып отырғандай сезінетіні бар.

Ле Корбюзье өз шығармашылығында нақ Пикассо тәрізді антиабстракционист болды. Ол барлық жобаларында өзі қайта-қайта еске салып отыруды ұнататын: «Адамның көз жанары бастың тек бір жағына ғана орналасқандықтан, оның заттар мен дүние туралы көзқарасы шектеулі» деген аксиомадан алшақтаған жоқ. Ол әрдайым айқын да қарапайым, адам болмысына үйлесетін шешімдерге жетуге ұмтылды.

Ол техникалық эстетикамен қызығып жүрген жас кезінде: «Үй дегеніміз – адам мекендейтін машина», – десе;

кемеліне келген шағында бұл формуласын біршама өзгертіп: «Үй дегеніміз – тіршілік дүкені, бақыт машинасы», – деді; өмірінің соңғы жағында: «Мен өз жұмыстарымда бүгінгі күн адамдары үшін ең үлкен қажеттілік болып отырған мамыражай тыныштықты іздеймін», – деп түйді.

«Қазіргі заман қоғамы адам бақыты үшін түк те керегі жоқ «Зеңбірек, қарулану!» деген айғайларға көп үйір боп барады. Оған: «Рахмет, қажеті жоқ, одан да бізге мекен-жай беріңіздер деген өмірдің ділгір талаптарын қарсы қою керек», – дейді ол тағы бірде.

Корбюзье дйттеген мүдде бойынша сәулет өнері туындысының маңайындағы қоршаған ортаға әсері құйқылжыған симфонияның әуеніндей асқақ есуі тиіс. Айналадағы бар табиғат – дүрлігіп, сезімденіп, толқып, адам қолымен тұрғызылған өнер туындысына әуезді үйлесіп жатса ғана – архитектуралық ойдың шырқау мұратына жеткені.

Ле Корбюзье өзінің әрбір жобасын әрдайым әуезді шығарма, көркем туынды деңгейіне дейін көтеруді мақсат тұтты. Бұл орайда оның Францияның шығысындағы шағын Роншан мекенінде тұрғызған «Нотр-Дам-дю-о-ғибадатханасы» («*Роншан капелласы*») сәулет туындысының алар орны ерекше. Жұмыртқадай жұтынған аппақ үй. Қабырғалар бір жерде тіп-тік, бір тұста еңіс, енді бірде дөңес. Нақ бір олардың бетінде жұмсақ үнді музыка әуені тербеліп жатқандай. Сіз өзіңізден өзіңіз айналадағы мүлгіген тыныштыққа елтіп, әрқилы ойларға берілгендей, өтпелі өмір, болмыс заңдылықтары туралы тебіреністерге шомғандай боласыз.

Сәулетші осы ғибадатхананы салған кезде, ол көп жұрт үшін тосын шешім ретінде танылды. Әуелде оны тіптен сәулетшінің өзіндік концепцияларының бүлініп, күйреуінің айқын белгісі деген бағалаулар да ұшырасып жатты. Алайда, бұл капелла суреткердің жан-жақты, кең ауқымда ойлай білетіндігінің, нақтылы жағдайларда жаңа, соны шешімдерге бара алатындығының шынайы көрінісі болатын. Корбюзье бұл ретте алдына жеке көңіл-күйге, психологиялық нюанстарға байланысты ерекшеліктерді нысана етті, табиғатпен біте қайнасқан сындарлы оралымдылық танытты. Адам да табиғаттың бір сынығы деген толғаныс жатыр мұнда.

Ұлы сәулетшінің сырбаз архитектуралық мәнерлері үрдісімен әдіптеліп салынған «*Роншан капелласының*»

құрылысы 1954 жылы бітіп, даңқы әлемге аян болған кезде, ол әр ел сәулетшілерінің шығармашылық ізденістеріне арқау болар басты тыныс-тіршілігінің біріне айналды.

* * *

Корбюзьенің сәулет өнеріне әкеліп енгізген жарқын нышандары, қала құрылысына арналған саңлақ жобалары, оны заңды түрде бүтін бір архитектуралық дәуірдің жол сілтер жалауы ретінде әйгіледі. Әйтсе де, шаһарлар құрылысы теориясына «Шуақты қала» атты өресі кең жаңа ұғым енгізген сәулетшінің өз басы өмір бойы көкейінде қоздап жүрген үлкен арманы – жеке қала тұрғызуды орындай алмай кетті. Бұл ретте Корбюзье шығармашылығындағы ең ауқымды құрылыс ретінде көрініс берген Чандигарх – ол көксегендегідей тұтас қала емес, ірі ансамбль ғана болатын.

Ал бұл кезде оның архитектураға әкелген тың да тосын құбылысты идеяларымен қанаттанған сәулетшілер дүниенің түкпір-түкпірінде соны кейіптегі сымбатты шаһарлар салуға кірісіп кетіп еді. Солардың қатарында Корбюзьенің ең етжақын шәкірттерінің бірі – Оскар Нимейер Бразилия мемлекетінің нақ ортасындағы джунгли қойнауында, елдің жаңа астанасы, тұла бойы осы заманғы архитектураның айшықты үрдістерімен көмкерілген «Шуақты қала» – Бразилианы тұрғызып жатты...

Ұлы сәулетші өмірінің соңғы жылдарында көп уақытын Париждегі Себр көшесінде орналасқан шеберханасында емес, Жерорта теңізінің Мартен мүйісіндегі шағын ғана саяжай үйінде елден елеусіз, тұйық тіршілікпен өткізгенді жөн көреді. Осында ол талай қиын сәттерді өзімен бірге бөлісе білген өмірлік жан жары Ивоннаны жерлейді. Осында өзі де 1965 жылдың 25 тамызы күні о дүниеге озады. Жетпістің сегізіне шықса да қайраты көп тая қоймаған архитектор бұл күні де теңіздің барқыт суына түсуге келіп, әдеттегіше, алысқа құлаш ұрып кеткен. Алайда, талай ұлы туындылардың дүниеге келу ауыртпалығына көп күш-қуаты жұмсалып, қажыған жүрек осы жолы сыр білдірген...

Екі күннен кейін Луврдің әйгілі шаршы сарайында Корбюзьені ақырғы сапарға шығарып салу рәсімі өтті. Құрметті қарауыл сап түзеп, Францияның мәдениет министрі Анрэ Мальро қоштасу сөзін айтты. Ол: «Бүгін Сіздің сүйегіңіздің қасына, Сізді кезінде көп ретте

шетқақпай қылуға тырысқан, бірақ Сіз өмір бойы жүрегіңізде алаулата жоғары көтеріп өткен Франция тайлы-таяғы қалмай қара тұтып тағзым етуге келді», – деген.

Ұлы сәулеткердің табытының жанында, оның грекиялық әріптестері әкелген Акрополь топырағы салынған; екіншісінде – Үндістан архитекторлары жеткізген Гангтың қасиетті суы құйылған қос көзе тұрды...

1973 жыл.

3. ГУТТУЗОНЫҢ КҮРЕСКЕР ӨНЕРІ

Егер маған сан заманалар көшінен өзің ұнататын
тарихи дәуір мен мамандықты таңда дейтін болса,
мен дәл осы заманды және өзім мұрат тұтқан
суретші кәсібін тандар едім».

Ренато Гуттузо

Жиырмамыншы ғасырдың көрнекті суретшілерінің бірі Ренато Гуттузо 1976 жылы Алматыда үш күн болып қайтты.

Әуелі италиялық әйгілі суреткер Алматыға соғатын болыпты деген хабар келді.

Содан соң суретшілер қауымы бұл сапардың жай-жапсарына қаныққан.

Гуттузо сол жылдың күзінде өз елінде өтуге тиіс мәдениет күндеріне Қазақстанның қатысуы туралы келісім жүргізу үшін Италия делегациясы құрамында арнайы келе жатыр екен.

Осы хабарды алғанда Қазақстан Суретшілер одағының төрағасы Сабыр Мәмбеевтің есіне осыдан бір жылдай бұрын өзінің кеңес суретшілері құрамында Италияда болып қайтқан күндері оралды. Сонда, Римде, қазіргі заманның ұлы суретшілерінің бірі, «Халықтар арасындағы бейбітшілікті нығайтқаны үшін» Халықаралық Лениндік сыйлықтың лауреаты Ренато Гуттузомен жолығысудың сәті түскен еді. Әйгілі неореалист-суреткер қазақстандық әріптесімен әңгіме барысында өзінің бұрын Орта Азияда болғанын, оған Самарқанд пен Бұхара шаһарларының ерекше ұнағанын әсерлене айтқан. Сабырдың: «Қазақстанға қонақ болып келіңіз», – деген ұсынысын ықыластана қабылдаған. «Реті келсе барып қайтармын», – деп қалған еді.

...Таң алагеуімде Алматы әуежайына Мәскеуден келіп қонған ұшақтан түскен топ адамдардың ортасынан суретшіні бірден таныды. Түнімен көлік үстінде отырып, ұйқысы шала болып қалжырап келсе де, ол өзін күтіп тұрған адамдармен шырайлана амандасып жатыр. Мәмбеевті ұмытпапты: «О, коллега», – деп қолын құшырлана қысты.

Сол күні түстен кейін Гуттузо Қазақстан бейнелеу өнері шеберлерінің жұмыстарымен таныстықты бастады. Әуелі Суретшілер одағының залында ұйымдасқан көрмені аралап,

суретшілер ізденістеріне, қолтаңбалар бедерлеріне көңіл аударды.

Көрмені шолу үстінде өз назарын үйірген шығармаларға аялдап, пікір айтып қояды. Гуттузо жанарына ілінген сондай туындылардың бірі Тоқболат Тоғысбаевтың «Жетіқат көк» деп аталатын суреті болған. Жас қылқалам иесінің шабытты еңбек дүбірін – үйлесімді ұласып жатқан қимыл, әртүрлі қарекет иелерінің тірлігі, ширақ та шымыр қозғалысы арқылы берудегі ізденіс сәттерінің өзіне ұнағанын қадірлі қонақ ашық айтты: «Мына автордың қолтаңба қарымы маған ұнап тұр. Суретші әлі де үйрене, іздене түссе алдағы уақытта көп нәрсені тындыруы әбден мүмкін».

Содан кейін ол жеке суретшілердің шеберханаларын аралауға кіріскен. Нағымбек Нұрмұхамедовта болғанда, оның Қазақстанның көне өнері жайлы зерттеп жүрген еңбектеріне назар аударды. Байырғы заманның аты белгісіз өнер шеберлерінің қолынан шыққан көркем ойдың айшықты үлгілеріне айрықша зер салды. Сахи Романовта болғанда шеберханадағы құрметті қонақтар пікір қалдыратын журналға белгі түсірді. Гүлфайруз Исмаилова мен Евгений Сидоркиннің шеберханасына келгенде қазіргі графикалық өнер туралы әңгіме қозғалды. Салахеддин Айтбаевтың шеберханасында бірнеше жас кескіндемешілердің қосылып салған құрама суретіне қолтаңбасын қалдырды.

* * *

Мүсінші Еркін Мергенов өзінің шеберханасында Гуттузонның келетінін естігенде әрі қуанды, әрі қобалжыды. Қуанғаны – әлемге әйгілі суретшіге өз өнерін көрсететіндігі; қобалжығаны – оған бұның өнері ұнай ма, ұнамай ма деген түйткіл ой. Шағын мүсіндерді рет-ретімен қойып, қымбатты қонақтың назарына ұсынуға дайындап жүргенде де осы екі ұдай қалып бойынан тарамай қойған.

Әлгінде қадірлі мейманның қасына ерген бір топ адаммен бірге шеберханаларды аралауға кіріскенін естіген. Өзі тізімнің ең соңында болса да қонақтың әне-міне дегенше келіп қалуы әбден мүмкін. Ол шеберхана ішіне тағы да бір барлай көз салды да, дәлізге шықты. Айтқандай-ақ жұрт басқыштан саулап түсіп, бұл жаққа беттеп келеді екен.

Гуттузо есіктен кірген замат бөлме ішін бір шолып өтті. Оны шеберхана иесімен таныстырғаннан кейін жағалай тұрған мүсіндерді байыппен қарай бастады.

Еркін өзінің туындыларын оған таныстыра жүріп, оның

әр қас-қабағын, қимылын қалт жібермеуге тырысқан. Байқайды, суретші бұның әр мүсініне іждағатпен көз салатын секілді. Кейде қалың қабағы жиырыла түсіп, үңіле назар аударады. Әсіресе, ол «*Омашевтің портреті*», «*Жамал*», «*Махамбет*», «*Хиросима*» мүсіндеріне ерекше жанар тікті. Танысып өткеннен кейін Еркінге қарап:

– Сіз италиялық мүсіншілердің туындыларын білесіз бе?
– деп бір-екі есімдерді атады.

Еркін аса хабардар еместігін айтқан. Гуттузо таңданып қалды.

«Мен сіздің шығармаларыңызға қарап, олардың өнерімен таныс шығар деп ойлап едім. Бізде қазір көпке танымал болған сол екі-үш мүсіншіміз бен сіздің қолтаңбаңызда ұқсастық бар секілді. Мынадай дүниелер тудырған мүсіншінің оларды білуге тиіс деп жатқаным сондықтан».

Еркін ойлаған: «Демек менің туындыларым ұнаған ғой».

Гуттузо тағы сұрақ қойды.

– Білімің қандай?

– Мәскеудің Суриков атындағы көркемөнер институтын бітірдім.

...Әңгіме ауаны ақырындап, жалпы өнер, өнердің мақсаты, мүддесі, ізденістер сипаты төңірегіндегі мәселелерге ойыса берген. Сөйлеп отырған қонақ.

Ол әңгіме бастауын Еркін Мергеновтың мүсіндерінен тарқатып, әрі қарай өрбітіп әкетті.

– Мәселен, мына, мүсіндерден мен бұрыннан белгілі тақырыптарға жаңаша шешіммен келудің тәуір үлгісіп көріп отырмын. Бұл – автордың қабілетін, ізденісін танытатын қасиеттер. Асылы, өнерді өрістететін ең басты нәрсе – ізденіс, тапқырлық. Әдетте, ылғи да қайталанып жүретін тақырыптар үшін жаңа шешім табу дегеннің өзі – сол өнерде сенің өз қолтаңбаң болады деген сөз.

Әрбір суреткер осыған ұмтылуы қажет. Өзінен бұрынғыны қайталап, бір ізбен жүру – еш уақытта өнер өрісін кеңейтпейді, қайта ол байқалмай елеусіз қалады. Игі дәстүрлерді алға дамытатын ең басты нәрсе – суреткердің өз беті, дербес қолтаңбасы болуы. Ал бұл қасиеттер бар жерде, шеберлік те бар...

Гуттузо сол жолы мүсінші шеберханасында жарты сағаттай уақыт өткізді. (Үлкен суреткердің жанында отырып, өнердің нұрлы әлемі туралы әсерлі әңгіме естіген осы бір жарқын минуттарды Еркін қастерлей еске алады). Суретші қоштасарда Еркіннің өтініші бойынша қолтаңба қалдырды.

Ол алдымен қағаз бетіне: «*Мүсініші Еркін Мергеновке*» деген сөздер түсірді. Сосын қаламының ұшын қағаз бетінен көтерместен жүректің бейнесін салды да, соңынан «*Алматы. Ренато Гуттузо*» деп қол қойды.

«Жүректен шықпаса, жүрекке жетпейді». Гуттузонның бұл ойды суретшілер алдына көлденең тастауында ешқандай да жұмбақ сыр, құпиялық сипат жоқ. Ол – Гуттузонның нақ өзі. Оған суреткердің өз шығармашылығында ылғи да алға тұтып, жалаулатып келе жатқан айқын мақсатты, жарқын мүддесі дәлел. Әйгілі суретшінің өмірі мен туындыларына пайымдай қарағанда, біз мұның қаны тамып тұрған шындық екендігіне ақиқат ден қоямыз.

* * *

Италия... Осы елдің оңтүстігінде жиектерін Жерорта теңізінің суы шайып, сиырдың тілі секілді арал жатыр. Ол – Ренато Гуттузонның туып-өскен мекені – Сицилия. Италия халқы өмірінің талай-талай сырлы көріністері, тірлігі, тұрмысы, тылсымы мен құпиясы осы аралдың бойынан табылар еді. Сицилия – Италия үшін әрқилы бедері мен жұмбағы молынан сапырылысып жатқан аймақ.

Ренато Гуттузонның өмірі оның 1968 жылы сомдап бітірген, отыздан астам туындыдан құралатын әйгілі «*Ғұмырнамалық*» сериясында жүйе-жүйесімен айшықты бедерленген...

1912 жылы көне Багерия қаласында 47 жасар жер өлшеуші Джоакино Гуттузонның үйінде жаңа туған нәрестенің інгәлаған даусы естілді. Ол дүниеге болашақ суретші Ренатонның келгенін паш еткен. Ренато жастайынан суретшілік өнерге бой ұрады. Бұған Гуттузолар үйінің дәл қарама-қарсысында тұратын суретші Эмилио Мурдолонның да өзіндік әсері тигені анық. Ол арбаларды әшекейлеуді кәсіп ететін. Сицилияда бұрыннан жалғасқан әдет бойынша арбалардың бүйір және артқы қабырғаларын әр түрлі ашық бояулармен бояп, орта тұстарына қилы-қилы бейнелерді салатын дәстүр бар. Әртүрлі тарихи оқиғаларды, діни аңыздар ауанын арбалардың қабырғасына түсіретін осы кәсіп, Ренато үшін кескіндеме өнерімен алғашқы ұшырасу болған. Сондықтан да ол Эмилионы өзінің тұңғыш ұстазым деп есептейді.

Гуттузо өзінің «*Ғұмырнамалық*» сериясындағы «*Кеме Неапольға бет алды*» атты туындысына түсініктемеде: «Сицилияны әдетте неапол кемесімен тастап шығады.

Кемеңің жүріп кетуі барлық уақытта да адамдардың қоштасу рәсімі іспеттес», – деп жазады. Осы кемемен Палермо университетінің заң факультетіндегі оқуын тастап, алғаш рет Сицилиядан жас Ренато да аттанған. Бала кезінен сурет салуға үйірсектеген ол, осының алдында Римде суретшілердің көрмесі ашылғанын естіп, оған екі шығармасын аттандырғанда, екеуінің де көрмеге қабылданған хабарын алған еді.

Бітті. Ренато үшін енді оның алдында тек бір ғана мақсат бар. Ол – суретшілік. Бұл жолда оған ата-ананың қарсылығы да, университеттегі болашағы зор адвокаттық оқу да бөгет бола алмайды. Тек, Рим... Рим..

Суретшілікке құлай ден қойған жас жігіт астанада қиыншылықтармен қолтықтаса жүріп, кескіндеме өнерінің қыр-сырларын терең түйсінуге кіріседі. Ол бұл тұрғыдағы дәрістерді ұлы ұстаздар Тицианнан, Микеланджелодан, Рафаэльден, Берниниден «алған». Ұлылардың қолтаңбасын зерделеу жолында көп іздену, үйренуді бастан кешіреді. Ренатоны Курбенің шыншылдығы, Делакруаның романтикасы, Жериконың қою оқиғасы, Сезанның салмақты сырбаздығы, Ван Гогтың дүрбелең сырлары ғажаптандырады. Оны осы кезде, дәуірдің аласапыран тынысын танытатын шығармалар сомдап жүрген Пикассо тәнті етеді.

Осынау, зор тұлғалардың дәстүрінен тәлім алған Гуттузо әуелден-ақ кең тынысты шығармалар тудыруға бой ұра бастайды. Оның алғашқы суреттерінің өзінен батыл да, адуынды өнердің иісі аңқығандай.

Міне, дәл осы батылдық пен адуындылық – Гуттузонның күрделі шығармашылығына айқын жауап берер анықтамалардың бірі ретінде саналып келеді. Бұған суретшінің өзіндік дербес сипаттары қанық, сан қырлы жеке тұлғасы да үстеме қасиет қосар еді.

Ол – антифашист, бейбітшілік пен әлеуметтік теңдік үшін күрестің әйгілі қайраткері.

Гуттузо сонау 1932 жылдың өзінде-ақ Италия өнеріндегі Муссолини қамқор болған ресми бағытқа қарсы ымырасыз күрес ашқан жастардың тобына жетекшілік жасайды. 1937 жылы фашистердің қолынан қаза тапқан бекзат ақын Гарсиа Лоркаға арнап «*Жендеттер қылмысы*» атты ащы кекке толы туынды кескіндейді. Италияндық Қарсыласу қозғалысына қатысады. Суретші әмиянының ішінде әрдайым Пикассо «Герникасының» шағын көшірмесі жүретін. Осы жылдары

Гуттузо гитлершілдердің 300 итальяндық патриоттарды атқан ауыр қылмысына орай «Құдай бізбен бірге» атты ортақ тақырыппен фашизм жендеттерін әшкерелейтін сериялы суреттер салады. (Гитлер солдаттары белдігінің тоғасына «Құдай бізбен бірге» деген сөз жазылатын болған.)

Әйгілі «*Дарға асу*» да сол соғыс кезінде дүниеге келді. Бір қарағанда көне діни тақырыптардан алынғандай классикалық сюжет. Дарға асылған бейкүнә жандар... Алайда, бергі тұстағы үстел үстінде осы заманғы жазалау құралдары қойылған. Одан фашизм жауыздығына қарсы бетке айтылған ащы лағнат, жендеттер қылмысына деген қатулы кекті аңғару қиын емес.

Соғыстан кейін Гуттузо өз еліндегі шығармашылық иелерінің прогрессивтік күштерін біріктіретін – «Өнердің жаңа майданы» ұйымының негізін қалайды. Бұл Италиядағы сол кез көркемдік ойының дамуы барысында уақыт қажет етіп отырған талаптардың бірі еді. Халықтың соғыстан кейінгі әлеуметтік жағдайы, өмірі, өнерден жаңа ізденістерді, жаңа формаларды керек ете бастаған. Гуттузо өнерге енді басқаша көзбен қарайтын шақтың туғанын түсінеді. Суретші өз қолтаңбасының бүкіл образдық, кескіндемелік жүйесін өзгертуге тікелей кіріседі.

Гуттузо шығармашылығындағы ең күрделі де соқталы бетбұрыстардың басталған кезеңі бұл.

* * *

Суретші әуелде ден қойған сырт экспрессияға, бейнелердің шарттылығына құрылған бағыттан қайта бастағандай. Оның шығармаларынан адамдардың, еңбек иелерінің – Сицилия шаруалары мен жұмысшыларының, кеншілерінің шынайы образдары қадау-қадау көрініс береді. Ол бейнелер – Италияның, бостандық, теңдік үшін күресті сонау фашизмге қарсы шайқасқан партизан отрядтарында бастаған Италия халқының кейінгі кезеңдегі образдары.

Суретшінің осы шақтағы көлемді шығармаларының бірі «*Сицилиядағы шаруалардың бос жерлерді иемденуі*». Бұл туынды кейін «*Шаруалар Марсельезасы*» деп те аталды. Кең тынысты шығармада алақандай жер қадірін қасиет тұта түсінетін, бар тіршілігі жермен етене байланысты диқан жұрттың адуынды қимылға кіріскен шағы бейнеленген. Қолдарына кетпен, күрек ұстаған жұрттың қозғалысы шымыр, қимылы жігерлі. Композиция ширақ.

Жылдар жылжыған сайын Гуттузо қолтаңбасы

қоюланып, қаныға түседі. Италия болмысының күрделі әлеуметтік ерекшеліктері, өмір ағымының ділгір қажеттіліктері де суреткерлер алдына жаңа талаптарды көлденең тартып отырған шақ басталған. Елде қым-қуыт оқиғалар өтіп жатыр. Экономикалық дағдарыс – жұмыссыздықпен; алпауыттардың қанауы – мафия қылмыскерлігімен; бас көтерулер – дүмпулі ереуілдермен ұласып жатыр. Адам қоғамда өзінің панасыз, жалғыз екендігін сезінетіндей. Халық пен қоғам арасында жік туған.

Осы болмыс көріністері суретшілер туындыларында қалай көрінбек керек? Бұл кездегі Гуттузо шығармашылығы осы сауалға лайықты жауап берер сипатта. Оның қолтаңбасында түйдек-түйдек құнарлы ойлар, жаңа образдың шешімдер, соны кескіндемелік құрылымдар кездеседі. Суретші оқыс композиция құру, шағын нәрседен зор масштабтағы толғаныс тарқату тұрғысында кең құлашты шеберлік танытады. Оның *«Батырақтар»*, *«Адмирал көпіріндегі шайқас»*, *«Калабрия балықшылары»*, *«Римдегі буги-вуги»*, *«Ән салушы әйел»*, *«Жағажай»*, *«Көшені кесіп өткен адам»*, *«Рокконның ұлымен бірге портреті»* сияқты туындыларына халық өмірінің қат-қабат қалтарыстары, еңбеккер жұрт тіршілігінің қадау-қадау бедерлі сәттері нағыз шыншылдықпен бейнеленген.

* * *

1972 жылы күзде Мәскеудегі Көркемөнер академиясының залында сол жылы «Халықтар арасындағы бейбітшілікті нығайтқаны үшін» Халықаралық Лениндік сыйлықтың лауреаты атанған Ренато Гуттузонның жеке көрмесі болып өтті. Ол көрерменге алпыс жасар суретші шығармашылығының елеулі кезеңдеріне барлау жасауға жан-жақты мүмкіндіктер әперген. Көрме негізінен екі бөлімнен тұрады: бірінші бөлім – суретші шығармашылығының алғашқы екі он жылдығы мен «Ғұмырнамалық» сериясын қамтыды да; екіншісі – кейінгі кезеңдерде дүниеге келген туындыларды біріктірді.

Суреткердің соңғы жылдардағы шығармашылығына назар салғанда, олардың бойынан бейбітшілік пен бостандық жолындағы күрескерлер қатарында ұдайы келе жатқан адамның, мынау, дүрбелеңі мол дәуірдің көкейтесті, ділгір мәселелеріне қылқалам құдіретімен кеңінен үн қосып, араласып отырғаны аңғарылар еді. Оның қазіргі заман

көркемөнерінің маңдай тұсынан табылатын көп туынды бойынан лапылдаған публицистиканың отты рухы алаулайды...

«Әйелдер, бөлмелер, пейзаждар, заттар». Тамаша әйел образдары,... сұлу денелердің маңайдағы дүние, мәнсіз тіршілік алдындағы салтанаты. Қуанышқа, нұрлы кеңістікке, шуаққа іңкәрлік...

«Джибелинадағы түн». 1970 жылдың 12 ақпанында жер сілкінуден жермен-жексен болып қирап қалған Сицилиядағы Джибелина қалашығының орнында оның тұрғындарының шеруі болып өтті. Үкіметтің дұрыс көмек көрсетпеуі салдарынан ол жерде жұрт әлі күнге дейін уақытша үйшіктерде тұрып келген еді. Осы шеруді өз көзімен көрген Гуттузо Римге қайтып оралғасын, тіке көкейдегі әсерін жазуға кіріседі. Халық қозғалысына суретші қосқан үлес ретінде танылған бұл шығармадан біз тағы да публицистикалық толғаныстағы сарынды сезінеміз. Адамдар бұрын өздері мекендеген үйлердің қираған орнында кезіп жүр. Осынау қаңқиған қабырғалар қалдығы олардың бұрынғы ошақ басының жылуын еске түсіретіндей. Сол бір кездегі жылы лепті пештер орнында лаулай жанып жатқан оттар; қираған үйлердің арасында өткен күндерін ойлап, қимас көңілмен шарасыз сандалған адамдар, олардың қолдарындағы алаулар осынау тас-талқан боп бүлінген мекенде алдағы кезде жалғасуға тиіс өмірді, сол өмір үшін бел шешіп кірісер күресті танытады.

«Жаңалықтар»... Бұл шығарманың композициялық идеясы суретшіге кездейсоқ келген. Ол бірде журналдардың мұқабаларын коллаж әдісімен (сурет бетіне әртүрлі түстегі қағаз бен мата қиындыларын жапсыру) жинақтамақ ниетте болып отырады да, әр мұқаба беттерінен атойлап көрініс беріп жатқан оқиғалардың көптігіне таң қалады. Оның көз алдына жаңа шығарма кескіні қалт тұра қалған... Суретші көшенің бұрылысындағы газет-журнал дүңгіршегінің түнгі көрінісін бейнелейді. Жай ғана дүңгіршек емес – қилы-қилы жайларды түйіп жатқан драмалық образ. Оған ілінген журналдардың мұқабалары адамның ғарышқа ұшқан ерлігін де, жердегі азапты қорлығын да баян етеді. Киоскі алдында өз өмірлерін тәуелсіздік, бейбітшілік, бостандық үшін құрбан етіп, оққа ұшқан адамдардың тұлғалары. Олардың бірі – Гуттузонның «Құдай бізбен бірге» атты суреттеріндегі итальян партизанының бейнесі болса, екіншісі – француз қарсыласу қозғалысының күрескері (оны суретші нақтылай

түсу үшін әдейі фотографиялық ыңғайда береді), сосын кеудесін оқ паршалап, жерге сылқ түскен грек патриоты, бағанаға байланып мойнына нысана ілінген вьетнамдық...

Шығарманың драмалық эффектісі – әртүрлі елдер мен ұрпақтардың бостандық жолындағы күресі үшін өлімге кесілген адамдарын топтастырып ату көрінісіне; жанарды алдап мың құбылған неон шамдары, көше бұрышында тұрған жезөкше әйелдер бейнесін қарама-қарсы қою арқасында ерекше күшейе түседі.

Бұл туындыда үлкен айыптаушылық рух бар. Суретші бостандық үшін күрес қай жерде өтпесін, ол жер бетінде өмір сүрген әрбір адамға қатысты деген тұжырымды тағы да қайталағандай болады.

* * *

Италияның қазіргі заманғы бейнелеу өнерінде Ренато Гуттузонның алар орны аса зор. Мұнда негізгі мәселе тек оның терең образдық пайымдарға, жаңашыл ізденістерге толы кәсіби шеберлігінде ғана емес – оның алдыңғы қатарлы дүниетанымында. Гуттузонның шығармашылық мүддесінің ең көкейтесті діттегені – адам, адам өмірін бар қырынан таныту, адам психологиясын, сезімі мен көңіл-күйін, әлеуметтік келбетін көлденең тарту. Мұны оның 1974 жылы сомдаған «*Вуччирия базары*» атты туындысынан да байқауға болады. Өзінің туған өңірі Сицилияның Палермо қаласындағы әйгілі көше базарының қым-қуыт тыныс-тіршілігін бейнелеу арқылы, ол адамдардың өмір сүру жолында қаншама қиыншылықтарға төзе білетін көнбістігін, үнемі еңсені езер таукімет рухын, оң жақта салбырап тұрған тұтас мал етінің қанды қабырғалары іспетті ащы реализмге малындырып көрсетуге ұмтылады. Әрдайым дәуірінің адуынды толқындарының жалында жүретін Гуттузо әр уақытта да заман тартыстарының, дүмпулі оқиғалардың қызулы ортасында болғанды немесе дәл арасында жүргендей сезінгенді қалайтын суреткер. Бұған оның жарқын да жігерлі күрескер өмірі, неореализм отына суарылған тамаша дәстүрлі шығармашылығы куә. Және бұны оның өмір мен өнер туралы толғаған шымыр бітімді ойлары одан әрі нақтылай түседі:

«Өнердің міндеті – адам бітімін көркемдік пен поэзияға қанықтыра жырлау, оның алға қарай ұмтылысына көмектесу».

«Өнердегі ең қиын жол – шындық жолы. Шындық дегеніміз – өткен күндердің мәдени тәжірибелерінің жинақталған түйіні: ол ұғымға бізге уақыт жағынан ілгеріде ғана емес, жуық кезеңдерде сомдалған өнердің де ең жарқын табыстарының бәрі кіреді».

«Нағыз шынайы өнер жолындағы қиын сапарлармен қатар көптеген оңай орындалатын жолдар да кездеседі. Сол оңай жолдардың бірі – абстракцияға, қасиетсіз өнерге, болмысқа көпе-көрнеу зомбылық жасап, қаралайтын, адам мен оның болашағына сенбейтін өнерге кету. Тағы бір жеңіл жол – әр нәрсені сол көзге көрінген күйде, қарабайыр, талғаусыз бейнелейтін натуралистік жол».

«Біздің ғасырымыздың алғашқы отыз жылындағы Еуропа өнері түгелдей жеке проблемаларды шешуге бағыттталып кетті де, ол суретшілерді формамен көбірек айналысуға итермелеуді, форманың жеке түзілістеріне дербес қызығушылықты, «өнер өнер үшін» ағымын тудырды. Адамды тану санадан тысқары қалып, одан теріс айналды. Қазіргі күндер шындығының проблемасы – сол адамды қайтадан іздеп табу, бейнелеу мен нақтылық бірлігін, жаңа сипаттармен қаныққан бірлікті қайта қалпына келтіру. Бұл суретшіні шынайы болмыстың өмірлік мәнін тану мен зерделеу жолындағы үздіксіз ізденістерге, пайымды талпыныстарға міндеттейді».

* * *

...Ренато Гуттузо Алматыда болған күндерінде қазақ халқының үлкен экономикалық жетістіктерімен, мәдени өмірімен танысты. Ол өзіне бұрын беймағлұм болып келген әр нәрсеге қызыға, құмарта қарап, зерделі назар аударған еді.

Әсіресе, суретшіге қазақтың қолөнер музейінде болған сәттер ерекше ұнаған.

Гуттузо қолөнер музейіне (музей ол кезде Фурманов көшесіндегі көп қабатты үйдің астында болатын) қасына ерген екі-үш адаммен бірге жексенбі күні келді. Ың-шыңсыз тыныш зал ішінде Гуттузо едәуір аялдады. Әрбір мүлікке іждаһатпен зер сала қарады.

Шамасы, Гуттузоны қызықтырған да оған бұрын беймағлұм халықтың көнеден келе жатқан қолөнер дәстүрлеріндегі осы сырбаз дербестік қасиет болса керек. Ол көрмедегі әрбір бұйымға, ұлттық өрнек-оюларға, әшекейлерге назар тіге қарады. Ат әбзелдерінің тұсына

келгенде – әсемдеп әшекейленіп, жақтауларына оюлап сүйек сіңірген ер-тұрманға жақын тұрып, байыптай көз салды; сәндік заттар – шолпылар, шашбау, тана, алқаларға көңіл аударды; қабырғада ілулі тұрған текемет, сырмақтарға қызықты. Олардың өзіне ұнаған біреуін қолымен ұстап, аударып-төңкеріп сипап көрді. Қазіргі кәсіби шеберлердің киізден, ағаштан, сүйектен жасаған бұйымдарына: «Бұл ұлттық сипаттағы туындыларды Италияға апарып суретшілерге көрсетуге әбден болады», – деп пікір білдірді.

Ал, мына бір заттың оған ерекше әсер еткені айна-қатесіз еді. Әйнек астында жатқан шағын ғана кестелі бұйым. Жібек жіптермен алуан өрнекте кестеленген орамалдың бір шеті. Гуттузо соның үстіне төнді де қалды.

Қонаққа көрмені таныстырып жүрген музей қызметкері анықтама беріп жатыр. «Осы ғасырдың басында жасалынған бұйым...» Суретші тағы да әлден уақыт бойы нақ бір жіпсіз байланғандай кесте бетіне тесіле қараумен тұрды.

Үлкен суреткердің назарын ерекше тартқан бұйымда не күдірет бар?

Жібек кесте... Сан құбылған түстер... Әртүрлі оюлар... Шынында да, дәл осы бұйымның әрленуінде көрмедегі басқа мүліктер әшекейіне ұқсамайтын ажарлы қасиеттердің бары рас. Белгісіз шебердің фантазиясы қою-ақ. Кесте іздері біресе жапыраққа, біресе көбелек қанатына немесе гүлге ұқсап кетер еді, әйтпесе әлдеқайдағы қиялда туындаған бейнелер іспетті. Әдемі үйлесіп жатқан әртүрлі реңктердің астасуы соншама табиғи, нанымды. Кесте бедерлері қолөнер бұйымдарының ерекшеліктеріне сай симметриялық ыңғайда түзілген.

Гуттузоны тәнті қылған нәрсе – ол бұрын көзтаныс бола қоймаған дербес дәстүрлі халықтық өнердің шебер атқарылған туындысындағы тосын сипаттар екендігінде дау жоқ. Бәлкім, ол өзін соншама үйіріп алған осы қанық бояулы жұмсақ та сырбаз әуез шертетін шағын ғана тұрмыс бұйымынан өз қолтаңбасы үшін сымбатты әсерлер, бедерлі колорит іздерін ұстаған болар? Әдемі де шымыр бояу астасуларын сезінген шығар?

Ол кестеге әлі көз тігумен тұр.

Бір уақытта барып бұйымды қолмен ұстап көргісі келетіндігін айтты.

Әйнек астынан алынған орамалға жақыннан тағы да байыптай қараған. Кесте іздерін қолымен сипап, арлы-берлі аударыстырып біраз тұрды.

Сосын кайырып беріп жатып, ризашылық, пейілмен бірақ ауыз сөз айтты: «Тамаша өнер!».

* * *

Алматыда үш күндей болып, еліне қайтар алдында Гуттузо өзіне жолыққан баспасөз қызметкерінің қойған сауалдарына жауап бере отырып, өзі бағдарлаған қазақ өнерінің болмыс-бітімі, келбеті жайлы мынадай пікірлер білдірді:

«Шұғыл өркендеп келе жатқан қазақ бейнелеу өнерінің шынайылықпен үйлесімді өркен жайған ұлттың айқын, нақыштары бар...»

«Қазақ суретшілері өздерінің туындылары арқылы болмысты пайымдауға жаңа бір леп қосуда. Олардың ең басты тақырыбы – республика өмірін бейнелеу, әрі бұл өте орынды да. Туған жерді, адамдардың жасампаз еңбегін бояу тілімен жырлау әр суретшінің ізгі парызы».

«Мен жеке тақырып шеңберінен шығуға ұмтылған және мұның өзінде өмірді академизм мен риторикаға бой ұрмай бейнелеуге ұмтылған сәтті талпыныстарды көрдім...»

«Қазақтың қолөнер музейін аралағаным ұзақ есте сақталады. Оның экспозициялары – халық шеберлері дәстүріндегі терең тамырлы тамаша сабақтастың дәлелі...»

«Музейдегі ою-өрнегі бай кілемдер, сырмақтар, сондай-ақ басқа да сирек кездесетін бұйымдар халық шеберлерінің көркемдік талғамы биік болғандығынан айқын түсінік береді...»

1976 жыл.

ІҮ. АТАМЕКЕН НАҚЫШТАРЫ



*

1. ШЕБЕРХАНАДА ШЕРТІЛГЕН СЫР

«Сурет салуды таудың бұлағынан,
қойдың құлағынан, апамның киізінен,
ешкінің мүйізінен үйрендім».

Әбілхан Қастеев

Қазақ халқының атақты суретшісі Әбілхан Қастеевтің ғажайып туындыларымен танысу барысында, олардың авторының жиырма жасқа жуықтағанша хат танымағанына, өз ауылынан алысқа ұзап шықпағанына, тіпті қағаз бен қарындаштың өзін алғаш рет он сегіз жасында, 1922 жылы ауылда тұңғыш рет мектеп ашылғанда ғана барып ұстағанына сене қоюыңыз қиын.

Алайда көзін тырнап ашқаннан жоқ-жітік өмірдің құрсауына ілігіп, табаны шыт-шыт жарыла жүріп, бай ағайындарының қойын баққан қара баланың көңілі көреген, көкірегі зерек еді. Өзі туып өскен Жаркент маңы Шежін аймағының сұлу табиғаты, сарқырап аққан тау өзендері, көк

* Ә. Қастеев. «Қымыз фермасы». 1967 ж.

жасыл ормандары, жұпар шалғыны оның ең алғашқы ұстаздары, өміртану, дүниетану мектебі болды.

Ұзақты күнге қой соңында салпақтайтын бала түс әлетінде бұлақ басына қойларын жусатар еді. Содан кейін ол су түбінде жалтырап жатқан әртүрлі малта тастарға қызыға көз салар. Аздап байқап отырса, олардың бірі аң-құстардың бейнесіне жақындаса, енді бірі адамның бет пішініне келетіндей. Оларға көз, құлақ, ауыз, мұрын салса, тәп-тәуір ұқсап шыға келмей ме? – деп ойлайды қойшы бала. Сөйтеді де саусақтары майысып, тастар бетіне әртүрлі сызықтар сыза бастайды. Олары бірде ұқсап, бірде ұқсамай жатады. Бірақ бала бірте-бірте қолының төселе бастағанын сезінеді. Оның қойны-қонышы әрдайым алуан түсті тастардан жасалған түймелерге, моншақтарға, алқаларға толып жүреді. Ауыл балалары оған үйірсек. Бәрі оның өнеріне қызыға, таңдана қарайды.

Шежін маңындағы құз-қияларда бағзы замандарда қашалып салынған әртүрлі суреттерді кездестіруге болады. Оларға қарап Әбілханның да сондай бейнелерді салғысы келеді. Жартас бетіне аңдардың, малдардың пішіндерін шекиді. Басқа дүниенің бәрін ұмытып, бұл тірлігіне есі шыға беріліп кеткен кей шағында қойлары өріп кетіп, олардың бас-аяғын жинай алмай талай рет мал иесінен таяқ та жеді. «Адам бейнесін салу құран бойынша харам іс, оны бұзған адам күнәһар болады», – деп молда кәрленді бір жағынан. Алайда олардың бәрі, мына дүниеден сұлулық, көркемдік іздеген зерек көңілге тосқауыл бола алмаған еді. Оның үстіне заман өзгеріп, қойшы баланың оқу-білімнің ұмтылуына жол ашылды. Қағаз-қарындаштың өзін есейген шағында ғана ұстау мүмкіндігіне ие болып, бейнелеу өнері мектебінің арнайы дәрістерінен өтпесе де, туа біткен сом дарынының арқасында Әбілхан халқы сүйген қабырғалы суреткерге, тамаша қылқалам шеберіне айналды.

Бейнелеу өнері мектебінің дәрістерін арнайы өтпеді десек те, оның 1929 жылы Алматыға келіп, қазақ жерінде біраздан тұратын сарабдал суретші Н. Хлудовтың көркемсурет студиясында тәлім алғанының өзі тума талант көзін ашуға едәуір пайдасы тигенін де айту ләзім. Әбілхан Қастеев алғашқы туындыларының өзінен-ақ халық өмірі мен тарихын зерделей байыптай алатын құнарлы қолтаңбасымен көрінді...

Ол ұлттық өнер дәстүріне тән көркемдік нақыштарды, халықтық қолөнер шығармаларында жүйеленген суреткерлік пайымдарды қылқалам тіліне үйлесімді алып келе білген шебер қолтаңба иесі еді. Оның туындыларындағы айқындық пен дәлдік, бейнелеу құралдарының қарапайым көрерменнің өзіне түсінікті болуының бір себебі де осында жатыр. Сондай-ақ Қастеев туындыларының бойынан халық музыкасы мен поэзиясына жақын келетін көптеген үндестіктерді де табуға болады. Оның салқар дала, жасыл жайлау көріністерін салған пейзаждары бір қарағанда, қазақ әндері мен жырларының кең тынысты саздарын да құлаққа әкелгендей әсер қалдырады. Мұндай артықшылықтар әдетте өз халқының қалың ортасынан шығып, оның рухымен тыныстап, толғана білетін суреткердің бағына ғана жазылса керек.

Ә. Қастеевтің отызыншы жылдары салған *«Мектепке»*, *«Автопортрет»*, *«Қарындасымның портреті»* атты туындыларына, *«Ескі және жаңа тұрмыс»* сериясымен сомдаған соқталы шығармалары, қырқыншы жылдардың орта шенінде дүниеге келген *«Анамның портреті»*, *«Жас Абай»*, *«Амангелді»* портреттеріне назар аударайық. Бәрінен де дербес суреткерлік нақышты, характерлерді ашудың өзіндік әдіс-тәсілдерін, бояулардың жұмсақ түзілісін тамаша игерген сырлы қолтаңба ізі айқын көрініс береді. Олар суретшінің тума талантын айшықты аңғартатын жәуһарлар.

...1969 жылдың көктемінде Кіші Алматы өзенінің бойында орналасқан суретші үйінде болған кез естен кетпейді. Үйге іргелес салынған кең де жарық шеберханада отырып, Әбілхан аға жастар газетінің арнайы тапсырмасымен келген маған, өз өмірі, шығармашылығы, кейінгі жылдары атқарып жатқан жұмыстары туралы сыр шерткені бар еді. Суретші балалық шақ әсерлерін еске алудан бастаған әңгіме барысында оқу-үйрену кезеңдеріндегі ізденіс сәттерін де, ол жолдағы қиыншылықтарды да, қылқалам өнеріндегі алғашқы қуаныштарды да тілге тиек етті, сурет өнерінің сол кездегі жеткен биіктері жайлы пікірлер білдірді. Сонда Әбекеңнің әсіресе Амангелді образын қалай сомдағаны жөнінде ерекше қимас көңілмен сөз ететіндігі аңғарылған.

– Дүниедегі фотосуреті, бейнесі қалмаған адамды дәл халық жадындағыдай, замандастары, туыстары, мойындайтындай етіп салып шығудан қиын шаруа жоқ екен, – деген еді суретші. – Ол жолда қаншама ауыртпалық, шығармашылық тауқыметті бастан кешірдім десейші. Бірақ жұмыс ойдағыдай біткеннен кейінгі рақат сезім олардың бәрін әп-сәтте ұмыт қылады. Амангелді бейнесін өзім көңілім толатындай деңгейде сомдағанша, талай жыл уақытым да кетті. Алайда ол жылдар менің қолтаңбамның қуат-қарымын кеңейткен, суретші ретінде халық алдындағы борышты қалай өтеу керектігін ұғындырған кезеңдер ретінде де бағалы», – деген еді.

Амангелді образын сомдасам деген ой Қастеев көкірегінде өзі алғашқы туындыларымен жұрт арасында енді танылып, «Ескі және жаңа тұрмыс» атты серияларын жасап жүрген отызыншы жылдардың екінші жартысынан бастап ұялаған көрінеді. Алдында қазақтың өткендегі әнші-өнерпаздарының, сондай-ақ сол кезде бірі жырымен, бірі күйімен ел жүрегін баурап алып жүрген Жамбыл мен Динаның бейнелерін салу барысында, көңілінің бір түкпірінде халық батыры Амангелдінің тұлғасын сомдасам ба деген ой ауық-ауық оралып қоятын. Оған бір жағынан сол кезде Амангелді есімінің ел аузында көп аталып жүргенінің де әсері тигені анық. 1937 жылдың 8 қыркүйегі күні газет бетінде Жамбыл Жабаеттың Амангелдіге арнаған өлеңі жарық көрді. Ұлы ақын Қастек ауданында (қазіргі Жамбыл ауданы) «Амангелді» көркем фильміне түсіп жатқан киноактерлермен кездесіп, олардың алдында осы өлеңін жырлаған екен.

*Ардагер Амангелді ердің ері,
Кең өріс, жалпақ дала туған жері.
Елі мен мекенінің туын ұстап,
Қол бастап, қан майданда аққан тері,*

– деген сол жыр жолдары көп ұзамай халық арасына кеңінен тарап кеткен.

Арада жыл өткенде «Ленфильм» киностудиясы түсірген фильмнің өзі де экранға шықты. Қазақ көркем фильмінің алғашқы қарлығашы бірден-ақ жоғары бағасын алды. Әсіресе, Амангелді образының халық бостандығы үшін күрескен батыр тұлғасына лайық жасалғандығы, қазақ актерлерінің ойыны биік талапқа сай шыққандығына назар аударылып жатты...

Амангелді бейнесі Әбілханның да ойын баурап алды. Білек сыбана кірісіп кеткісі келеді. Бірақ, қаншама архив ақтарды, қаншама іздестіру салды, еш жерден батырдың фотосуреті табылмады. Оның қалай ұлт азаттығы үшін қан майданға шыққаны, өткізген шайқастары, қолбасшылық қызметі туралы деректер баршылық, ал батырдың шын кескіні еш жерде жоқ болып шықты. Халықтың ардагер ұлының портретін қиялмен жобалап салуға қолы бармады. Әрі бұл батырды жақсы танитын, онымен замандас адамдардан да ыңғайсыз болары анық.

«Ал егер портретті сол адамдардан батырдың түркелбетін сұрастыра отырып жасаса, қайтер еді». Әрине, ол мақсаттың батырдың туған жеріне, оның жорықтары өткен аймаққа арнайы баруды қажет ететіні даусыз. Ол осы ойын өзінің суретші достарына айтып еті, бәрі қуаттай кетті. «Шынында да жақсы нәрсе екен, үлкен іс болғалы тұр-ау», – деп ырзалықтарын білдірді.

Содан 1939 жылдың қараша айында Әбілхан жолға шығып кетеді. Бағыт – 1916 жыл оқиғалары өтіп, Амангелді сарбаздары аттарының тұяғы дүбірлеген аймақ – Торғай өңірі. Ол барған кезде Арқада кәдімгідей қыс түсіп, ақ түтек борандар басталып кеткен шақ екен. Ауа райының қолайсыздығы, ауылдар арасының шалғайлығына қарамастан суретші бүкіл Торғай даласын, шайқастар өткен Батпаққара, Татыр, Шошқалы-қопа, Доғалүрпек маңын аралады, Амангелдімен бірге болған сарбаздармен, үзеңгілес достарымен, ағайын-туғандарымен жолықты. Батырға түскелбеті ұқсайды деген адамдармен кездесті, кескіндерін көшіріп салды. Осылайша үш ай дегенде барып бір жинақталған бейненің жобасы шыққандай болған. Жұрттың сипаттауы бойынша жасалған ол суретті Амангелді сарбаздары мен туыстарының басын бір жерге қосып көрсеткен кезде, олардың бәрі де портретті бірауыздан: «Құйып қойғандай батырдың тура өзі», – деп бағалады. «Өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз жанғандай болды-ау», – деп көздеріне жас алды. Батырмен қайта табысқандарына қуаныштарын білдірді.

Сөйтіп, қайтыс болғанына жиырма жылдай уақыт өткенде барып сөзпортрет арқылы Амангелдінің кескін-келбеті жасалынды. Алайда, ол әлі батыр образы емес, оған баратын алғашқы баспалдақ қана еді. Суретші алдында кейіпкер тұлғасын жан-жақты ашып көрсетуге қатысты қыруар еңбек күтіп тұрды.

Алматыға көктемге салым орала салысымен Әбілхан осы жұмысқа қызу кірісіп кетті. Әрі сол 1940 жылы Қазақстан жұртшылығы республикамыздың 20 жылдық мерекесін тойлауға дайындалып жатты. Өнер қайраткерлері айтулы датаға арналған жаңа туындыларын қамдады. Әбілхан да Амангелді портретін сол мерекелік көрмеге дейін салып бітіруді көздейді.

Бір қырынан бейнеленген батыр тұлғасымен жұртшылық сол көрмеде тұңғыш рет қауышуға мүмкіндік алды. Халық ұлт-азаттық көтерілісі басшысының портретін көрермен жылы қабылдады. Алайда өз шығармашылығына жоғары талаппен қарайтын Әбекең батыр бейнесін одан әрі қанықтыра түсуді ойлайды. 1941 жылы ол Амангелдінің екінші портретін жасайды. Бұл жолы суретші образ келбетіне табанды да жігерлі күрескерге тән сипаттарды көбірек жинақтауға ұмтылған.

Образ құпиясына терең бойлаған сайын оның жаңа қыр-сырлары ашыла беретіні бар. Әбекең тақырыпты әрі қарай тереңдете түседі. Енді ол Амангелдінің ұлт-азаттық көтеріліс басшысы ретіндегі алымды ойға, алғыр қиялға толы психологиялық болмысын сомдауға кіріседі. Ақырында 1944 жылы суретші Амангелдінің үшінші портретін жасайды. Жаңа туынды бірден-ақ кейіпкердің жан дүниесіне терең бойлай алған бейнелілігімен назар аудартып, жұртшылық тарапынан тәуір бағасын алды.

Екінші дүниежүзілік соғыс та аяқталды. Ел бейбіт еңбекке кірісті. Суретші халқымыздың жасампаз өмірін бейнелейтін жаңа шығармалар сомдауға кірісіп кеткен. Алайда оның көкейіне тағы да Амангелді образы төңірегіндегі ойлар мазалай беретіндей. Өзіне үлкен талап қоятын суреткер батыр тұлғасы әлі де толыққанды ашылмай жатыр деп түйеді. Осы жолы жаңа барлауларға барады. Торғай өңірін тағы да аралап, соны материалдар жинап қайтады. Ақырында солардың негізінде 1947 жылы Амангелдінің төртінші портретін салады. Алайда ол да суретшіні толық қанағаттандырмайды. Тағы да ізденістерге кіріседі.

Қазақтың ұлт-азаттық қозғалысы қаһарманының сом тұлғасын жасау жолындағы тынымсыз еңбек ақыры өз зейнетін берді. 1950 жылы Амангелдінің жаңа портретін аяқтады. Онда халықтың қақ ортасынан шыққан батыр бойына тән сипаттардың бәрі: терең ақыл-ой да, күш-қуат та,

жігер де, биік парасат та бар. Туынды дүниеге келісімен өнертанушылардан жоғары бағасын алып, суретші даңқына даңқ қосты. «Амангелді» портреті сол жылы республика бейнелеу өнері үздік туындыларының бірі ретінде Мәскеуде ашылған бүкілодақтық көркемсурет көрмесіне қойылды. Сондағы орталық баспадан сан-мың таралыммен түрлі-түсті көшірмелері жасалынып, бүкіл ел аумағына кеңінен тарап кетті.

Бір сәт осы портретке назар салайық.

...Тұла бойы қайратқа, намысқа толы, нағыз батырға тән тұлғалы бейне. Оның нық, мығым отырысында, қиыр кеңістікті барлай қараған жанарында – томағасы алынған дала қыранының қырағылығы, өз ісіне тас-түйін сенімділігі айқын байқалады. Портреттің арғы фонында батыр сарбаздары көрінеді. Өз бостандығы жолындағы ұлы күреске дүр сілкіне көтерілген ел және сол ұлт-азаттық қозғалысының басшысы Амангелді Иманов. Халық қуатынан нәр алған қайратты тұлға, кесек бейне.

Суретшіні он жылдан астам уақыт бойы тебіrentіп, көкейінде ұзақ мезгіл пісіп-жетіліп келген түйінді образ да тура осы еді.

Төрт құбыласы түгел туынды дүниеге келісімен халық жүрегінен терең орын алды. Ол нақ бір шынайы фотобейне іспетті қабылданып, Амангелдінің басқа өнер салаларында тұлғаланған образдарына негіз болды. Бұл батыр бейнесінің дәл осы сом қалпында туған халқымен қылаусыз қауышып кеткенінің айқын көрінісі болатын. Ұзаққа, мәңгілікке қауышу еді ол.

Халқымыздың ардақты суретшісі Әбілхан Қастеев те осы портреттен кейін өз «Амангелдісіне» көңілі толды. Оны біз кейіннен 1970 жылы, суретші қайтыс болардан үш жыл бұрын жасалған «Амангелді сарбаздары» атты үлкен туынды бойынан да көреміз. Онда батыр бейнесі сол 1950 жылғы сомдалған портрет нұсқасынан өрби келе, тынысы кең монументалдық шығармадағы бүкіл композициялық құрылымның толыққанды бас тұлғасына айналды.

Қазақстанның халық суретшісі (1944) тума дарын Ә.Қастеевтің бұдан өзге де халқымыздың ұлы перзенттерін бейнелеген «Жас Абай» (1945), «Абай» (1954), «Шоқан»

(1951), «Жамбыл» (1973) портреттері де халық жүрегіне терең ұялаған жарқын қолтаңбалы туындылар ретінде танылды.

Әбекең шеберханасында өткен сол кездесуіміз барысында «Жас Абай» портретінің де қалай жасалғаны жөнінде сыр шерткен еді.

– Бұл шығарманы жасау туралы ой ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» романының алғашқы кітабын оқығаннан кейін туды. Жас Абайды бейнелеуге құлқым ауды. Осы ойымды айтып Мұқаңа телефон соқтым. Екеуміз әуелден бір-бірімізге сыйластығымыз бар жақын жандармыз. Білімі ұшан-теңіз ол кісі бейнелеу өнерін өте қатты ұнататын. Әлемге белгілі үздік өнер туындылары туралы ұзақтан толғай отырып, талай қызықты әңгімелер айтып беретін. Ол мен сияқты арнайы суретшілік білім алмаған адам үшін қаншама тәлім, тәрбие десейші. Жас Абайды сомдасам деген ойымды естігеннен кейін:

– Бәлі, шығара алсаң, тіпті ғанибет емес пе!, – деп қуанып қалды. – Өзің білесің, жас Абайдың фотосуреті жоқ. Ересек Абайдың қолда бар жалғыз фотосынан жас Абайды көре алсаң, жасап шыға алсаң, қанеки. Іске сәт, – деді ұлы Мұқаң.

Бұл портретті жасау жолында да Әбекең көп ізденеді. Семейге, Шыңғыстауға арнайы барады. Абайдың туған ортасы, балалық шағы өткен жерлерді аралайды. Бәрін суреткерлік пайым елегінен өткізеді. Алматыға оралған соң, туындының әлденеше нұсқасын жасайды. Өзінің көңілінен шығатын бейнені тапқанша, ізденісін жалғастыра береді. Ақырында акварель тәсілімен салынған портрет дүниеге келеді.

...Қолына кітап ұстап, дүниеге ойлы көзбен қарап тұрған бозбала Абай портреті – болашақта ұлы данышпан дәрежесінде танылатын зерек тұлғаның, сол кездің өзінде «ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұстаған», толық адамға тән кісілік болмысы паш етілгендей әсер қалдырады. Оның поэзиясының ғажайып жолдары құлаққа келгендей болады.

Сурет салынып біткеннен кейін Әбекең Мұхтар ағасын арнайы ертіп әкеліп көрсетіпті. Ұлы қаламгер: «Міне, пәлі, мынауың асыл дүние боп шығыпты ғой!», – деп балаша қуанып, ерекше сүйсіне тұрып ұзақ қарапты.

...Ғұмырының соңына дейін (суретші 1973 жылы қайтыс болған) қажымай-талмай еңбек етіп, туған жер, оның сұлулығы, адамдар ерлігі жайында бояу құдіретімен сыр толғап кеткен ұлы суреткер шығармашылығы – халық өмірінің көркем шежіресі іспетті. Ол шежіренің лайықты жалғасын бүгіндері суретшінің сенімді ізбасарлары, Қастеев шәкірттері жазып жатыр...

1978 жыл.

2. ДӘУІР, ҚОҒАМ, ҰЛТ РУХЫ

«Көкейтесті ойды жүзеге асыру барысында суретші үшін – ұлттық сипатқа етене бейнелеу құрылымдарын жүйелі түсінудің маңызы өте зор. Қай дәуірде болмасын философиялық тереңдікке, эпикалық кеңдікке, халықтық дәстүрге сүйену секілді өнердің жалпылама қағидалары суреткерге ешқашан залалын тигізбек емес».

Қанапия Телжанов.

...Дүние не деген шырайлы, нұрлы еді. Бар маң тазалық пен тұнықтықтың, пәктік пен мөлдірліктің рухына балбырап тұр. Жасыл майсалы көгілжім кеңістік үстінде жұп-жұмсақ жібек самал еседі. Сол саумал ауалы, сабат әлемнің аясында тұла бойы ақық армандарға, ақ тілек сезімдерге малынып жап-жас қыз отыр. Тізесін құшақтаған күйі ошақтағы отқа тесіле көз тіккен қыз бейнесі ерекше әсерлі. Өңінен әлі балалықтың табы кете қоймаған оның кіршіксіз көңілінде туындаған көбелек қанатты армандар қандай алаулы еді. Сіз кішкене көкіректе үлбіреген әсем қиялдардың оны түү алыстарға, аңсаулы да асыл мақсаттарға әкетіп, бақыт туралы ардақты ойларға қол создыртатынын сезінгендей халдесіз. Өмір мен тіршіліктің шадыман сәттері туралы нәзік толғаған жүрекжарды сырларды, қастерлі тебіреністерді түйсінесіз.

Көз алдыңызда тұла бойы нұрлы үміттер мен жарқын армандарға толы сырбаз келісім. Мәскеудегі Мемлекеттік Третьяков галереясының қалаулы мүлкі болып отырған осы шағын туындыны – Қанапия Телжанов шығармашылық ғұмырының алғашқы кезеңінде сомдапты. Одан бері де суретші шығармашылығындағы көркемдік сапасы жоғары, келбет-кескіні бап үйлескен әлденеше туындылар дүниеге келді. Жұртшылықтан биік баға алғандары қаншама. Әйтсе де Телжановпен әңгіме-дүкен сәттерінде әрдайым байқалар бір жайт – оның осы сурет төңірегінде ерекше ықыластана сөз ететіндігі, өн бойынан жібек самал ескендей жұмсақ реңді шығармаға деген суретші пейілінің бөлекшелігі.

Туындының аты – «*Жамал*». Көбімізге бұл сурет Телжанов есімін бейнелеу өнері әлемінде тұңғыш рет

кеңінен танымал еткен кескіндемелік дүние ретінде жақсы таныс. Дегенмен де суретші үшін оның ерекше мәністілігі – тек бұл қасиет-сипаттармен ғана өлшенбейді.

Ол – сонымен бірге Қанапия Телжановтың қылқалам қарымын таныта бастаған жас шағында аяулы анасына ардақтай бағыштаған еңбегі еді. Әрі оны суретші өзі үшін ең қастерлі де қымбат есім – анасының есімімен «*Жамал*» деп атаған.

«*Жамал*». Өзиз анаға арналған қимас сезім ескерткіші бұл. Сондықтан да, «*Жамал*» туралы әңгіме қозғала қалса, суретшінің есіне анасы түсер, анасын ойлағанда балалық шағы келер көз алдына.

Қандай тәтті де шырын уақыттар еді ол кез. Қанапия 1927 жылы Омбы қаласында дүниеге келіпті. Бес жасында анасымен бірге үлкен шаһар Ленинградқа (қазіргі Петербор. – *автор*) тұңғыш келгені еміс-еміс жадында. Әкесі Темірболат әуелі политехникалық, сосын қызыл профессура институтын бітіргеннен кейін қызмет бабымен осы қалада қалып, отбасын қасына көшіріп алған-ды. Көзі қарақты, көңілі сергек әке ұлының сурет салуға деген талпынысын ерте байқап, оны мектеп жасына жетісімен Көркемсурет академиясының жанындағы суретшілер мектебіне береді. Балалық шақ сан-салалы қызығымен, мақсатты тәлім-тәрбиемен әсерлі-ақ басталғандай. Бірақ көп ұзамай жеке адамға табыну жылдарының қатулы жылдары иектейді де, әкесі «халық жауы» деген жалаға ілініп, Қанапия бір үйде тек анасымен екеуі ғана қалады. Балалар бақшасында тәрбиеші болып істейтін Жамал енді бар үміті мен тілегін ері аманат еткендей ұлын оқытып шығаруға арнайды.

Бірақ бір соққыға бір соққы жалғасып, іле-шала соғыс басталып кетеді. Жау Нева жағалауындағы әсем қалаға қауіп төндірген кезде, тылға бірінші кезекте балаларды аттандыру туралы шешім қабылданады.

Анасымен соңғы сәтте қалай қоштасқаны сол күйі есінде сақталып қалыпты. Өзін жолға дайындап жүрген анасының көзінде мөлтілдеген жас. Бірақ көңілі босағанын ұлына білдіргісі келмейді. Теріс айналып жасын сығып-сығып алады. Қанапияны есіктің алдына дейін шығарып салады да, көзінен, бетінен сүйіп, қолын бұлғап қоштасып қала береді.

Қаладан көшірілген балаларды әуелі көп алысқа ұзатпай,

сол төңіректегі Демьяновск деп аталатын селодағы интернатқа орналастырады. Тез арада жаудың беті қайтар, содан кейін Ленинградқа қайта оралатын шығармыз, деп те ойлаған балалар. Әлі алда талай қиын кезеңдер бар екендігі, қаланың құрсауда қалып, 900 күн бойы қиыншылық азап шегетіні, дәл ол кезде кімнің қаперіне келді дейсіз. Қауіпсіз шет деп есептелген Демьяновскиге де фашистердің жететінін кім білген. Содан кейін балалар тағы да шығысқа қарай көшірілген еді.

...Жаудың әуе құзғындары олардың эшалонына Демьяновскіден көп ұзамай жатып-ақ шүйлікті. Бомбалар жарылып, айнала тарсыл-гүрсіл аласапыран күйге көшті. Ащы шиқыл шығара күрт тоқтаған пойыздан түскен балалар жапырлай жақын жердегі орманға ұмтылды. Осы кезде қайта қайырыла соққан ұшақтар балалардың үстінен оқ себелеуге кірісті. Қанапияны бір кезде әлдебір зор күш шетке қарай лақтырып жіберді. Орнынан тұрғысы келіп еді, дәл жанынан кара жерді бұрқылдатып пулемет оғы осып өтті... Сәлден соң маңай тыншығасын басын көтерсе, бауырында қызыл жұлдызы бар жойғыш ұшақтар жау құзғындарын қуып барады екен.

Бомбалаудан аман қалған балаларды Киров облысының бір түкпіріндегі Русанов селосының тұрғындары өздерінің туғандарындай қарсы алды. Бір үйді интернат ретінде бөліп беріп, бар қамқор көңілдерін ұсынды. Балалардың көз алдынан сол бомба мен жаңбарша жауған оқ астында қалған сұрапыл сәттер кете қоймағандай. Олардың балалыққа тән қылықпен жарқырай күлуі де, ойнауы да аз. Көбіне жанарларын бір нүктеге қадап, тұнжыр отырады. Интернат балаларына тапқан-таянған тамақтарын әкеліп беретін жергілікті тұрғындар да әр келген сайын көздерінің жасын бір-бір сығып алады. «Байғұстар-ай», – дейді аяушылық сезіммен. Сондайда олар түрі басқалардан бөлектеу қара көзді ақсары нәзік баланы байқайтын. Ол көбіне келген-кеткен адамдарды елең қылмастан нәзік саусақтары майысып, қарындашпен сурет салып отырар еді.

Осы интернатта жүргенде Қанапияға Ленинградтан хабар жетті. Анасы 1942 жылдың көктемінде құрсау кезіндегі азапты өмір тауқыметінен көз жұмыпты. Енді ол әзиз анасынан да айырылған еді. Қаршадай баланы бұл хабар талай күн іштей қамықтырып, күйзеліс қалге душар етті. Оңашада ешкімге білдіртпей жылап та алатын. Қағазға ойша анасының суретін салады. Мейірімге толы жанарын, аялы

алақанын еске түсіреді. Парақтарға балалық шағының бақытты күндері өткен қала көріністерін бейнелейді.

Майданға барып жаудан кек алғысы келеді. Бірнеше баланы ұйымдастырып, майданға қашпақ та болды. Бірақ оларды пойызға міну үшін стансаға келген жергілікті тұрғын байқап қалып, интернатқа қайтарды. Екінші рет қашқан еді, тағы да ұсталды. Үшінші мәрте қырық екінші жылдың бораны ұлыған желтоқсанында тағы төрт бала бірге қашқан. Бұл жолы аласапыран суық денелерін әбден сірестіріп енді үси бастаған шақта, эзер дегенде стансаға жетіп, кезекшінің темір кеш жаққан бөлмесінде жан шақырған...

Майданға бармақ ниеті жүзеге аспағаннан кейін, Қанапия бір кездегі әке аманаты – суретші болу арманына қайта оралады. Бірақ бұл да соғыстың ауыр жылдарында орындалуы аса қиын жайлардың бірі еді. Училищелердің бәрі жабылып қалған-ды. Дегенмен сұрастырып жүріп білді, сонау алыстағы Алматыда ғана бір суретшілер училищесі жұмыс істейді екен.

Әйтсе де, Алматыға жетудің өзі де қиынның қиыны болатын. Әлі он алтыға толмағандықан, Қанапияға жол жүру рұқсатнамасын (пропуск) бермейтін еді. Ал онысы жоқ адамның пойызбен жол жүруі сірә мүмкін емес, бірінші тексерілген жерден-ақ түсіріп тастайды. Ол енді жергілікті милиция бөлімшесі бастығының табалдырығын тоздыруға кірісті. «Пропуск аламын деген ой қаперіңе кірмесін, – деген оған. – Соғыс кезі. Ал сен он алтыға толған жоқсың. Қайқай, интернатыңа». Әйтсе де Қанапия мақсатынан таймады. Қайта-қайта сұрана берді. Бесінші мәрте келгенінде, милиция бастығы оның бетіне қадала қарап біраз отырды да бір уақытта барып басын шайқап: «Қайсар екенсің, мақсатыңнан қайтпайды екенсің», – деді. – «Мақұл, мені көндірдің, саған рұқсатнама беремін».

Интернаттағы балалар оған өз қалдері келгенше жол азығын, азын-аулақ тиын-тебен жинап берді.

Алматыға жетудің өзі де оңай болған жоқ. Айнала соғыс тауқыметіне ұшырап, қиналған ел, аштық, жалаңаштық еді. Он бес жасар бала осы қиыншылықтардың бәрін ұзақ жол бойында бастан кешті. Бірақ солардың арасында көңілге рәуішті сезімдер ұялататын, әдемі әсері көп уақыт естен кете қоймайтын сәттер де ұшыраспай қалған жоқ.

Жаңасібір қаласы маңында бір пойыздан екінші пойызға ауысып мінгесін ең жоғарыдағы сөреден бос орын тауып жайғасты да, қатты қалжырағандықтан бірден ұйқыға кетті.

Вагондағы барлық жолаушыны сыртқа шығарып, санитарлық тазартуға әкетіп бара жатқанда да оянбады. Түс көріпті. Анасы қасында жүр екен дейді. Мейірлене үн қатып, мұны сол сәби кезіндегідей жұмсақ алақанымен бетінен сипап, еркелеткендей болады. Көзін ашқысы, ояңғысы келмеген. Оянса, көкірегіне керней толып кеткен осы қуаныштан айрылып қалатындай көрінген. Кенет дәл жанынан қыздың нәзік даусын естіді; «Бала, әй, бала!». Көзін қинала ашқан еді, дәл сөренің тұсынан өзіне қарап тұрған мөлдіреген екі жанарды көрді. Сосын: «Жарайды, тұрмай-ақ қой, ұйықтай бер», – деді де қыз төмен түсіп кетті.

Бар болғаны осы. Дәл осы қамқор үн көңілі жарым боп жүрген баланың есінде ұзақ сақталып қалыпты. Дәл осы рәуішті сәт кейіннен сол анасына бағыштаған «Жамал» туындысын салуға кіріскенде де санасында сол қастерлі қалпымен елестеді де тұрды.

Ақырында әлденеше күндерден кейін ол Алматыға да жетеді. Алыс тылда жатқан қала болғанымен, оның өңінен де соғыс дүмпуінің зәрлі әсерін көруге болатын еді. Жағдай ауыр, күнкөріс қиын. Алматының байырғы тұрғындарының да, эвакуациямен келгендердің де шеккен қиыншылықтары шамалас.

Алдында бейнелеу өнерінің әліпшесін тәп-тәуір меңгеріп келген Қанапия тіке Суретшілер училищесінің екінші курсына қабылданды. Ақсары бозбала аңсап келген оқуына бар ниетімен кірісіп кетеді.

Осыдан аз-ақ бұрын – 1935 жылы ашылғанына қарамастан, училищеде ұстаздардың сапалық құрамы тәп-тәуір еді. Мұғалімдердің арасында Украинадан арнайы шақыртылған әйгілі суретші, Петербор Көркемсурет академиясының түлегі А. Черкасский, осының алдында ғана Бүкілресейлік Көркемсурет академиясын бітіріп келген Л. Леонтьев секілді өз ісінің білгірлері бар болатын. Олардан алған нұрлы тәлімдер Қанапияның кең тынысты композиция құра білуге деген қабілеті мен қолтаңбасын өсіруге көп септігін тигізді.

Училищеде жүргенде асыға күткен Жеңіс тойы да келіп жетті. Ел қайтадан бейбіт өмірін бастаған. Қанапияның ендігі арманы – Ленинградтағы Көркемсурет академиясына түсіп оқу. 1946 жылы училищені бітіргеннен кейін бағын

сынап, кескіндеме факультетіне түсуге ниет еткенімен конкурстан өте алмады. Өйткені бұл жылы академияға негізінен соғыстың ауыр жүгін иықтарымен көтеріп өткен жауынгерлер келген еді. Қайтадан Қазақстанға оралған Қанапия бір жылдай Семей театрында суретшілік қызмет атқарады.

Келесі 1947 жылы тағы да Нева жағалауындағы ақ түндер қаласына аттанған. Бұл ретте жолы болды. Осының алдында ғана И. Е. Репин атындағы Кескіндеме, мүсін және архитектура институты болып өзгертілген бұрынғы Бүкілресейлік Көркемсурет академиясының жанынан Кавказ, Қазақстан және Орта Азия елдерінен келген студенттерді қабылдайтын ұлттық студия ашылып жатыр екен. Қанапия тікелей соған қабылданады.

Сөйтіп, тағы бір көксеген арманы орындалған. Өзінің балалық шағының бал күндері өткен, аяулы да аңсаулы сәттері мол Ленинградты оны ыстық құшағына қайта алған. Жас жігіт бір кездері ата-анасымен бірге тұрған, балалығы өткен жерлерді қайта-қайта аралайды. Өзі қылқалам әліппесін үйренген суретшілер мектебіне де ынтыға кірген. Сол кездерде бірге оқыған, құлын-тайдай тебісіп өскен достарын еске алған...

Сүйікті қаласының көшелерін жалықпай аралай бергісі келер еді. Нева проспектісі, Исакий соборы, Мыс салт атты ескерткіші, Марс алаңы, Эрмитаж... Өздері оқитын Көркемсурет академиясы тұрған Васильев аралында да сырлы әсерге толы мекендер көп-ақ. Балалық шағында академия жанындағы сфинкс тұғырлары бар айлаққа көп келгенді ұнатушы еді. Сонда денелері арыстан, бет пішіндері адам кейпіндегі жұмбақ бейнелерге әрі таңдана, әрі қызыға қарайтын. Сәбилік танымда ұялап қалған сол әсерлер оны тағы да өзіне үйіре, ынтықтыра тартқандай болады. Көкіректе аңсарлы, аялы ойлар ұялайды.

Сурет өнеріне құлай ден қойған Қанапия Академия ұстаздары – тәжірибелік педагогтар П. И. Ивановский, Н. С. Платунов, В. Л. Анисовичтердің және өзіне тікелей тәлім берген академик М. И. Авиловтың дәрістерін зерделей тыңдайды. Олардан әлемдік бейнелеу өнерінің классикалық мұраларын терең қастерлеу, шығармашылық еңбекке адалдықпен, сүйіспеншілікпен қарау қасиеттерін үйренеді.

Француздың ұлы суретшісі Сезанның «Лувр музейі – біз оқып, тәлім алатын ең басты кітап», – дейтіні бар. Қанапияның да ең ардақты ұстаздары Эрмитаж бен Орыс

музейі болған. Әлемдік бейнелеу өнері шеберлерінің, орыстың дүлдүл суретшілерінің жауһар туындылары қойылған залдарда ол көп уақытын өткізгенді ұнататын. Шығармалардағы көркем нақыштардың, келісті композициялардың, айшықты бояу-бедерлерінің сырсипаттарын, қасиеттерін аңдауды үйрететін нұрлы сабақтар еді олар.

Алғашқы курстардың өзінде-ақ ол сюжеті қою туындылар жасауға ықылас аударады. Сәтті композициялар табу қабілетімен көрінеді. Ақырындап республикалық көрмелерге қатыса бастайды. Оның «Жайлауда» деп аталатын алғашқы жанрлық суреті көрермендер тарапынан тәуір баға алады.

Жас суретшінің тақырып ауқымын кеңейту, ізденуінде әсіресе оның академик М. Авилов басқаратын баталистер (әскери сюжетті бейнелеушілер) даярлайтын шеберханада алған тәлімдердің әсері мол болды. Осы шеберханада ол бұдан былайғы шығармашылығында ерекше бір үйлесімді нанымдылықпен, жанды экспрессиямен бейнеленетін қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін, ұлттық характерді танытудағы өзіндік елеулі үлес-қатысы бар нысан – жылқыларды сомдауды терең меңгереді. Расында Телжановтың «Атамекен», «Көкпар», «Қыз қуу», «Бақыттылар», секілді композициялық түзілімдерінде жылқылар бейнеленетін туындыларға назар аударғанда, суретшінің бұл ыңғайда мол қарымы, айқын қолтаңбасы бар екендігін аңғару қиын емес.

Әлемдік бейнелеу өнерінде Делакруа мен Васнецов, Фальконе мен Клодт сынды саңлақ шеберлердің туындыларында аса білгірлікпен, біліктілікпен сомдалған жылқыларды еске алғанда, Телжановтың да бұл орайдағы айтулы табыстары назар аударарлық. Оларды бір жағынан – әдебиетте аса бір шебер жырланған Тайбурыл және Байшұбар, Құлагер мен Ақбоз аттарға қатысты сындарлы тақырыптың қазақ бейнелеу өнеріне келісті көрініс табуының ажарлы дәлелі десе де болады.

Қанапия төртінші курста жүргенде тарихи тақырыпқа арналған тұңғыш композицияларын салуды бастайды. Бұл бағыт-бағдар ақырында оның «Амангелді Иманов» деп аталатын диплом жұмысына ұласады. Ұстаздар тарапынан жоғары бағаланатын бұл сурет Мәскеудегі үздік дипломдық жұмыстар қойылған бүкілодақтық көрмеге жіберіледі. Ә дегеннен татымды туындысымен көрінген жас суретшіге деген ұстаздар ықыласы ерекше. Оған аспирантураға қалу

туралы ұсыныс жасайды. Бірақ академия түлегі өзін туған жер топырағы, салқар дала, аңсенгір таулар көбіне-көп ынтықтырып тарта беретінін сезінгендей. Қанапия Алматыға оралады.

Ол бір кезде өзі дәріс алған Суретшілер училищесіне мұғалім болып орналасады. Бос уақытының әр минутын шығармашылыққа бағыштауға ынтық. Ізденеді, талдайды, өзіндік қолтаңба бедерін зерделейді.

«*Алғашқы сынақ*» – суретшінің Алматыға келгеннен кейін сомдаған бірінші туындысы. Қарапайым ғана сюжет. Рояль жанында ән пәнінен сабақ беретін мұғалім отыр. Оның алдында қабырғаға тақала ерекше қысылып, қымтырылған кішкентай ұяң қыз. Ол бірінші рет ән сабағынан сынақ тапсыруға келіп тұр. Үстінде анасы әсемдеп тігіп берген, ашық бояулы әшекейлі камзол, басында зерленген үкілі тақия. Саңылаулата ашылған есіктен оның тілеулес құрбы-достары сығалайды. Ауылда өскен ұяң қыздың үлкен өнер әлеміндегі алғашқы қадамын имене аттаған беті бұл.

Суретші бір қарағанда елеусіздеу жайдан әлеуметтік мәні бар тақырып тарқатады. Ол халқымыздың көптеген әнші-өнерпаздарына тән өмірбаянның бір үзігі тәрізді. Расында да есімі елге танымал талай ән дүлдүлдерінің, талай Күләштар мен Бибігүлдердің өнердегі алғашқы қадамдары осындай ұяң сәттерден басталған жоқ па еді.

1954 жылы бүкілодақтық көрмеге қойылған бұл туынды көпшіліктен жоғары баға алды. Әйгілі суретші Б.В.Иогансон оны көргеннен кейін Телжановты бейнелеу өнерінің асқақ туын алға лайықты жалғастыратын жас толқынның көрнекті өкілдерінің бірі ретінде атайды.

1955 жылдың көктемінде Қанапия бір топ суретшілермен бірге Текелі маңындағы Қора деп аталатын табиғаты әсем тау жазығына этюдтер жазу үшін арнайы келеді. Бұл сапардың жас суретші үшін ең мәністілігі сол – ол осы сапарында қазақ өмірінің, дала тіршілігінің сыры мен сыны бұзылмаған қадау-қадау шынайы көріністерімен бірінші рет етене жақын ұшырасқан еді. Тау басындағы жер жәннатындай сұлу жайлау, жайқалған жасыл шалғын, кәусар бұлақтар, малшылар тіршілігі, жер ошақтан көтерілген түтін иісі, сүт дәмі, тұп-тұнық саумал ауа: бәрі-бәрі жас суретші көкірегінде айрықша бір асыл сезімдерді қаулатар шабытқа

кенелдіргендей. Аса бір жүрекжарды ықыласпен, ынта-ниетпен кескінделген, табиғаттың төл перзенті іспеттес шопан қызы оның көкейінде көптен ұялап жүрген аяулы да ардақты тақырыпқа қозғау салған еді.

Алматыға келгеннен кейін суретші сол этюдін туындыға айналдыруға кіріседі. Көп ұзамай дүниеге өн бойы жарқын да шадыман сезімдерге, аңсарлы сағынышқа толы шығарма келген.

Біз «ә» деп сөз бастағанда тілге тиек болған «Жамал» (1955) осылай дүниеге келген еді. Бұл сәулелі туындының кейіннен қазақ бейнелеу өнерінің үздік туындыларының бірі ретінде Мәскеудегі мемлекеттік Третьяков галереясының мүлкіне айналуы да оның биік кескіндемелік сапасы биік дүние екендігінің айғағы болатын.

Тау жайлауында алған мол әсерлер, «Жамал» туындысы суретші шығармашылығын жаңа, бағдарлы арналарға бастайды. Дала табиғаты мен халықтың таным-тіршілігіне етене жақындасу Телжановты ел өміріне, оның тарихы мен тағдырына, бүгінгі болмыс келбетіне, тұрмыс қалыптарына зерделей көз салуға, терең толғаныстарға баруына қозғау салады. Ол әлеуметтік мәндегі кең құлашты сюжеттерге ден қоя отырып, халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық характерін қанық бояулы қалпында ашуды, сол арқылы салиқалы да сындарлы ойларды ортаға тастауды, кешегі мен бүгінгінің арақатынасын, үзбей ұласқан жарқын дәстүрлерінің жүйелі сабақтастығын әр алуан қырынан бейнелеуді шығармашылығының басты мақсатын ретінде ұстанады.

Халық өміріндегі елеулі оқиғаларға зерделі назар аударып отыру, олардың мәні мен мақсатын көркем пайымдап, образды түрде шеше білуге ұмтылыс – суретшінің әрдайым алға қойып келе жатқан басты мақсат-мүдделерінің бірі.

Осы ретте Телжанов шығармашылығында оның 1958 жылы сомдаған «Атамекен» туындысының алар орны ерекше.

Тың жерлерді игеру қазақ халқының өміріне, оның ғасырлар бойы қалыптасқан тіршілігіне, тұрмыс-дағдысына көптеген өзгерістер алып келген ауқымы зор алпауыт шара еді. Әр тосын нәрсенің тосырката қарататыны секілді бұл

тұрғыда адамдар психологиясындағы күрделі үдерістер, тереңде жатқан ішкі қайшылықтар, қилы-қилы пайымдар да мол болды. Қанапия да осы тақырыпқа арналған туындысын сомдауға кіріскенде, осы қадау-қадау ойларды, тебіреністерді қылқалам тілімен ашуға ұмтылды.

Ниет бар да, оның атқарылуы бар. Туындының кілті бірден табыла қойған жоқ. Әуелі діттелген сюжеттер көңілден шықпады. Олар халық өміріндегі елеулі оқиғаға айналған тың көтерудің қатпарлы тынысын ашып көрсетуге қауқарсыз боп көрінген. Табылған композициялар жемешемге келіп, талғам таразысына түскенде, кей кілттипандары көкейге қонбай жатты.

Ақырында бір сюжеттің түйіні ой тұрақтатқандай болған. Суретші оны алдын-ала эскизге де түсіріп пысықтауға көп уақытын жұмсамай, тікелей үлкен кенеп бетіне бейнелеуге кірісіп, жұмыс барысында туындаған кей ойларды жол-жөнекей ширатқанды мақұл көреді. Әйткенмен, эскиз жасала қоймады десек те, суретшінің осы шығармасының аяқталмай қалған алғашқы нұсқасы да жұмыстың қалай өрбігендігін, автордың көздеген мақсатын ашып көрсету үшін бейнелеу құралдары әдіс-тәсілдерін қай тұрғыда пайдаланғандығын байыптауға мүмкіндік береді.

Ол алғашқы нұсқада жалғыз салт аттыны шеткеріректегі дөңесті тұстан қарсы алдында қыртысы аударылып жатқан жерге көз тастап тұрған қалпында кескіндеген болатын. Алайда суретшінің бұл шешімге көңілі толмайды. Өйткені сюжеттің бұлай өрбуі, басты кейіпкер – салт аттыны назардан қиыстау қалдырып, оның толымды сипатын солғындатып жіберетін еді. Әрі ол нұсқада құйыла төгілген ай сәулесінің бейнеленуі – адам толғаныстарына лирикалық рең теліп, суретші көздеген ауқымды ойдың мән-мағынасын толық аша алмайтын.

Сюжетті одан әрі дамыту, тереңдету нәтижесінде туындыдағы образдар бітімі тұлғалана түсті. Дүниеге композициялық құрылымы сәтті табылған, өн бойында эпикалық кең тыныс рухы айқын атойлаған шығарма келді. Бұл ақтық нұсқада дөңес басындағы кейіпкер суреттің қақ ортасына, басты назарға көшірілді. Соқа түренімен төңкеріле аударылған, қалың көделі, биік боз бен селеулі алқаптың шетінде қоладан құйылғандай мығым тұлғалы салт атты тұр. Басынан өмірдің ыстық-суығын мол өткерген айбарлы тұлға, мынау маң дүзге, қаншама ата-бабасының кіндік қаны тамған, сан мың жорықтар мен шайқастарға куә болған

шежірелі даладағы күрт өзгеріске аңтарыла қарап қалған. Талай асауды ауыздықтап, талай тұлпарға құрық салған салалы саусақтарын тізесінің үстіне тастай салып, салқар дүздің ұшы-қиырсыз кеңістігіне қимастықпен көз жібереді.

Туындыны зерделеу үстінде, оның өң-бедерінен көзге аса байқалып іліне бермейтін нәзік толқыныстар лебін де аңғарғандай болар едіңіз. Ол – кейіпкер жан дүниесіндегі дүрбелең тебіреніс, күдік пен үміттің шарпысуы. Көнекөз қарттың арда даласына, атамекен жазирасына аңтарыла қарауының арғы қалтарысында – сол байтақ дүздің тез арада басқаша сипатқа ауысқанына деген оқыс таңданыс, туған жердің болашағына деген алаңдаушылық сезім бұлқынысы жатқаны да пайымдалғандай болады.

Бұл – қазақ бейнелеу өнеріндегі тың тақырыбына арналған бірегей туындының толғар сыры, халық өміріне қатпарлы өзгерістер алып келген зор оқиғаны соны кескіндемелік әдіс-тәсілдермен шешудің бедерлі үлгісі ретінде танылған, қадау-қадау ойларға, тебіреністерге толы, эпикалық сарындағы тұлғалы дүниенің ортаға тартары...

Жаз шығысымен этюд іздеп, сапарға кеткенді мақұл көреді. Ел аралай, жер көре жүріп, болашақ туындыларының дүниеге келуіне қозғау салатын сюжет іздейді, халық өмірімен қоян-қолтық араласады, тақырып байыптайды. Бірде осындай көп сапарларының бірінде думанды тойдың үстінен шығады. Сонда тойдағы дүйім жұрттың делебесін қоздырған көкпар додасы суретшіге ерекше әсер қалдырады. Алматыға қайтып оралысымен, осынау жүректілер мен білектілердің тартысты ойынын қылқалам тіліне көшіруге қызу кірісіп кетеді. Екі жылдай уақыттан кейін дүниеге «Көкпар» атты кең тынысты, монументалды шығарма келген.

...Тура көрермендерге қарай салт аттылар арындап келеді. Сәл болмаса таптап кетердей. Жойқын шабыстың екпіні алапат. Туынды бетінен жылқы тұяқтарының дүбірі, көкпаршылардың сүреңіткен айқайы құлаққа келгендей. Уай, шіркін! Көкпар десе ішкен асын жерге қоятын қазаққа одан артық қиқулы дода бар ма, сірә. Дәл осы ойды – суреттегі бүкіл тұла бойымен шамырқанып, тасқындап келе жатқан ортадағы қызыл көйлекті кісінің болмыс-бітімі айқын аңғартар еді. Бүкіл туындыдағы қою қозғалыстың,

шымыр да ширақ әрекеттің эмоциялық төркіні де осы сіңір білекті көкпаршыдан тарап жатыр.

Бұл оның өзімен тізе қағысып, тақымдаса жұлқыласқан қарсыласының қолынан ақ серкені сығымдай жұлып алып, қаумалаған топтан сытылып дербес шыққан беті. Мәртебелі жеңіс сәті. Астындағы көз ұясы адырайып, танауы делдие ауыздығымен алысқан арғымақтың аяқтарын көсіле тастап алға қарай атылуын-ай. Ол да қызу тартысқа елігіп, елеуреп кеткен.

Дала бетіндегі жұмсақ шаңды ұйтқытып, басын шұлғи арындай шапқан ақбоздың үстіндегі көкпаршы шаттығында шек жоқ. Осынау атан жілікті марқасқалардың арасынан серкені алып шыққанына алабөтен қуанышты. Екі қолын көкке сермей асып-тасып барады. Әйтсе де тартыс әлі саябырсымақ емес. Оның тақымындағы олжаға ұмтылушылар көп-ақ. Әсіресе оң жағынан бастырмалатып таяп қалған жирен аттының екпіні тым адуынды. Бүкіл денесімен алға қарай еңсеріле ұмтылып, қарсыласының тақымындағы серкені жұлып алуға, тайталасты доданы қайтадан жалғастыруға құлшынып, арындап келеді.

«Көкпар» – кең қарымды композициялық құрылымымен, әрлі колоритімен ерекшеленеді. Суретшінің бейнелеу өнеріндегі бұл компоненттерді қою да қанық сипатта орындауы халық арасында сонау замандардан бері өмір сүріп келе жатқан батылдар мен батырлар ойынының ерекше тасып-төгілген қалпын шапшыған эмоциялық сипатта кескіндеуіне көп септігін тигізген. Және осы қасиеттер – туындыны тек ұлттық ойынға қатысты жайларды этнографиялық ыңғайда тарқатқан шығарма ретінде шектемей, халықтың түгесілмес қажыр-күші мен қайратты рухы тұрғысында ой толғайтын кең тынысты дүние дәрежесіне көтереді.

Дәуір, қоғам, ұлт рухы...

Бұлар Қанапия Телжанов шығармашылығындағы төл тақырыптар мен сырлы желілер. Қазақ жеріндегі дүбірлі оқиғалар дүмпуін, тарихи даму барысындағы халық ролін, ұлтымыздың әрқилы кезеңдер келбетіндегі тіршілік-тынысын, рухын көрсету, ел өмірінің әрқилы қырларына үңілу, адам характері, оларды сан қырынан ашып, көркемдік нақышпен бейнелеп отыру – суретшінің кескіндеме өнерінде әу бастан алға қойған негізгі бағдар-мүдделерінің қатарына.

Телжановтың біз бұған дейін тоқталып өткен

шығармаларынан басқа да көптеген туындыларының тініне осы келелі тақырыптар ауаны алтын арқау болып өріледі. Мейлі ол тарихи оқиғалар мен фактілер төңірегінде сыр тарқататын туындылар болсын; мейлі бүгінгі заманның сансалалы кескін-бедері, адам тіршілігінің әрқилы сипаттары, шадыман сәттері мен шұғылалы үміттері, мерейлі еңбектері мен мәртебелі тұлғалары, арналы ойлар ауқымында бейнеленетін «Домбыра әуендері» (1958), «Қарлығаш» (1958), «Тыныштық» (1964), «Сырластар» (1966), «Бозаралдықтар» триптихы (1972), «Бақыттылар» (1977) секілді шығармалар болсын; бәрінде де суретші халық өмірін әр қырынан көрсетуді мақсат тұтады, ел тіршілігіне қатысты жайларды символдық мәнге көтеріп, кескіндемелік-пластикалық ыңғайда, жоғары көркем-образдық деңгейде сомдайды.

Қ. Телжановтың жетпісінші жылдары кескіндеген көрнекті туындыларының бірі – «Бозаралдықтар» (1972). Ол суретшінің Балқаш көлінің жағасындағы балықшылар ауылында арнайы өткізген шығармашылық сапарының жемісі. Триптихтың оң жақ бөлігінде балықшы анасы бейнеленген. Оның желқақты боп, терең әжімдер торлаған жүзі – ғұмырының көбін асау теңіз төріне балықшыларды шығарып салу мен тосуға арнаған, өзі де талай күндер мен түндерді қайық үстінде өткізген жан екенін танытады. Триптихтың ортаңғы бөлігінен теңізге аттанып бара жатқан жас балықшы мен оны шығарып салып тұрған жарын көреміз. Олардың қарсы алдындағы толқындары буырқанған көкшіл теңіз – мол иірімді өмірдің рәмізі іспеттес. Оны бағындырар қуатты күш – өмірге деген алаулы да іңкәр махаббат, бұла қайратты жастық, әлем әміршісі еңбек деген суретші тұжырымы пайымдалады.

Қылқаламшының «Бақыттылар» (1977) деп аталатын туындысы да осы ойды әрмен қарай өрбітеді. Асқар таулар баурайында тұла бойлары аса зор шадыман сезімге толы қыз бен жігіт атпен қатар шауып келеді. Олардың бүкіл болмыс-бітімінен, асыр салған шабыстарынан кемерінен асқан шаттық түйдек-түйдек төгіледі. Қуаныш пен бақытқа толы сәттер бұл. Жастық пен махаббат атты қастерлі сезімдердің әсем астасуы...

Оның қолы бос сәтін табу – қиынның қиыны. Суретшіні қай уақытта да қарбалас іс, қауырт жұмыс үстінде кездестіресіз. Өзінің тікелей қызметі – Қазақстанның Өнер музейі секілді үлкен отаудың басшысы ретінде атқаратын жұмыстарынан тыс оны асыға күтіп отыратын басқа жерлер де біршама. Қанекеннің бірде Театр-сурет өнері институтындағы бейнелеу өнері пәнінен беретін дәрісіне кеткенін естісең, енді бірде Суретшілер одағында өтетін басқосулар мен жиналыстарда жүргенін айтады. Жұмыс қарбаласы сәл саябыр тапқан кезде ол шеберханасына асығар. Көкейде жүрген ойларын қылқалам тіліне аударуды жалғастырар.

Міне бүгін де ол шеберханасына асыға жетті. Әлденеше күн бойы қолы босай қоймаған. Музейде Аргентина бейнелеу өнерінің көрмесі ашылатын болды да, соны дайындау мен ұйымдастырудың машақатынан шыға алмады.

Сырт киімін шешінді де, орта тұстағы сәкі үстінде аз-кем тыныс алды. Сосын мольбертте тап-таза боп керіліп тұрған аппақ мата алдына жақындады. Әйтсе де бірден жұмысқа кірісіп кете алмады. Қылқаламын оңтайлап ұстаған күйі тапжылмастан әлдене уақыт ойға шомып тұрып қалды. (Дүниеде жазушы үшін – бірінші сөйлемнен, суретші үшін – бірінші бояу жүргізуден артық қиын не бар екен, сірә). Сәлден кейін ғана мата бетіне бояу ізі түсті. Одан кейін екінші, үшінші... Қылқалам қимылы бірте-бірте жылдамдай берді.

Жаңа туындының ә дегендегі тәй-тәй қадамы еді бұл.

КСРО халық суретшісі, КСРО Көркемсурет академиясының корреспондент мүшесі, Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Қанапия Темірболатұлы Телжанов біраздан бері көкейде сурет боп қонған ойын ақ мата бетіне көркем ажарлап көшіре бастады...

1979 жыл.

3. МАҢДАЙ ТЕР

«Өнердің қай түрі болмасын, әр ұлттың сана ағымымен, тіршілік-тынысымен тығыз байланысты өркендеуі керек. Ұлттық, халықтық топырақтан ажыраған өнер туындысы ешуақытта да төрт аяғын тең басар жорғаға айнала алмайды».

Ескен Сіргебаев

Бала сол жылы өзіне жаңа бір ермек тапты.

Таңертең ұйқыдан тұрысымен, апасы құйып берген бір тостаған айранға нан турап жеп тойып алғасын, есік алдына шығады. Темір жол бойындағы аядай бекеттің күнделікті тіршілігіне сәл көз тастап тұрады да іргедегі суы тоспа-тоспа боп шымырлап ағып жатқан Қарасуға беттейді. Су жағасындағы өзінің үйреншікті орны бар. Балшығы ширатылған әдемі бір түс. Аяғын суға салып жайғасып отырып алады да, алақанымен қара сазды көсіп-көсіп жиекке шығарады. Қолымен біраз жентектесе болды, сыртына майы теуіп, иленіп шыға келеді. Сосын кішкентай саусақтары майысып, іске кірісіп кетеді. Біраздан кейін баланың маңайы самсаған әртүрлі саз мүсіндерге толады. Не жоқ десеңізші олардың арасында. Ауылдағы бар жан-жануарды айна-қатесіз мүсіндеп қойғандай сезінер еді өзі. Ат, сиыр, қой, ешкіні жасап біткен кезде, өздері тұратын разъезд үстімен ерсілі-қарсылы ағылып жататын пойыздарды бейнелеуге кіріседі. Алдымен паровозды жасайды, содан соң оған ұзыннан-ұзақ вагондарды тізеді.

Осылайша, күнұзаққа өз қолынан туындаған ойыншықтар әлемінің ортасында отыра беруден сірә жалықпайды. Әке-шешесі дауыстап шақырғанда, иә болмаса қарны ашқанда ғана сол өзін үйірген әлемді эзер қиып орнынан тұрады. Үйде де көп орнығып отырғаны шамалы. Тамақтанысымен, су жаққа қара алаңдай бастайды. Тіпті бұл ретте оны шағын бекеттегі өзі құралпылас аз баланың қыздырып асық ойнап жатқаны не доп қуғаны да көп еліктіре қоймайды. Көз алдына жиекте қалған балшық мүсіндері қайта-қайта оралып, жаңадан жасалмақ ойыншықтарын ойша сомдайды. Қарасудың май батпағына жетуге асығады.

Шағын ауыл үшін кейде өзі құралпылас балаларға қосылып ойнағаннан гөрі, көбіне оқшауланып, оңаша жүргенге бейіл арық қара баланың мінезі қызық көрінетіні де бар. Ертеден қара кешке дейін су жағасында шекеден шақырайған күнді елеместен мойны қылқиып саз балшықты ермек етіп отырған баланы: «Аманжол қарияның осы ұлы қиялылау ма, қалай өзі?», – дейтіндер де жоқ емес. Ол сөздер бар өмірі еңбекпен өтіп, мынау дүниеге тек ақ жүрек, адал пейілмен қарауды қасиет тұтатын Аманжол ақсақалдың құлағына да шалынбай қалмайды. Дегенмен, шау тарта бастаған шағында көрген жалғызына әке ниеті әрдайым тұзу. Әдеттегі сабырлы қалпынан бір танбастан: «Өзі осыны қызық көрсе қайтесіндер, сәбидің бар ынты-шынтымен құлай ермек тапқанының несі айып, тірі болса әйтеуір бір жерден шығар», – дер еді ұлының бетінен қақпайтын шуақ мінезіне салып.

Олар тұрған алпыс сегізінші теміржол бекетінде екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі жылдары бастауыш мектеп ашылған-ды. Ескен – соның алғашқы оқушыларының бірі болды. Оның саз балшықтан мүсін жасауға үйірсектігі де үшінші сыныпқа өткен жазда оянған. Жаз бітіп, жана оқу жылы басталғанда, баланың мұғалімі алғашқы сыныптарда сабаққа тәп-тәуір ниеті бар оны танымай қалғандай болды. Оның күллі есіл-дерті суретке ауыпты. Қолы қалт етсе, тіке қарындашқа жармасып сурет салады да отырады. Және оған бір емес, бірнеше дәптерді жұмсаған. Тіпті кітаптарының ашық тұстарын да сау қалдырмайды. Сабақтан бос уақытында барар жері – сол Қарасу жағасы. Суы суығанша осы дағдысынан бір танған жоқ.

...Бүгінде әйгілі мүсінші, Қазақстанның Мемлекеттік сыйлығы лауреаты Ескен Сіргебаевтан өнерге әу баста қалай ден қойғаны жөнінде сыр суыртпақтай қалсаңыз, ол ең әуелі сол бір оқшау бекетте өткен балалық шағын, Қарасудың жиегінде күнұзаққа жалықпастан балшықтан ойыншықтар жасап отыратын бала кезін еске алар еді. «Менің мүсіншілікке келуіме су жағасында өткерген сол күндердің де өзі әсері болған сияқты», – дейді көз алдына сол жылдар суреттері оралып.

Әрине, ол шақта он жасар Ескеннің мүсінші деген кәсіптің барлығынан хабары да болған жоқ. Бәрі де әуелі балалық қызығушылықтан туындаған ынтықтық қана. Сөйтсе сол қызығушылық оның бойында бар бейімділікті оятыпты ғой. Ол балаң құштарлықтың әлдебір себептермен

орта жолда шорт үзілуі де әбден мүмкін еді. Дегенмен, сәттілікке орай, бала көкірегіндегі сол қабілет ұшқыны бәсеңсіп қалмады, қайта өз мүмкіндіктеріне оған септесіп, бағдар жасаған жандардың арқасында, жылдан-жылға көзі ашылып, лаулай берді...

Теміржол бекетіндегі бастауыш мектепті бітіргеннен кейін Ескенді іргеде тұрған Алматыдағы темір жол бойының балаларына арналған мектеп-интернатқа орналастырды. Интернаттағылардың бәрі де өзі сияқты жан-жақтан келген балалар. Елуінші жылдардың бас кезінің әлі де жоқ-жітіктеу жағдайы. Көппен тез араласып кетуге бұрыннан бейімі аз Ескенді алғашқы мерзімде интернат тіршілігі біраз тосырқатып та жүрді. Бірақ көп ұзамай ол бұл қалден арылды. Оған мектептегі сурет пәнінің де өзі әсері тиген. Өзі сүйетін осы пәнді арнайы маманданған мұғалімнің бергені, одан қажетті ақыл-кеңестерді алғаны Ескеннің қызығушылығын одан әрі өсіре түсті. Сыныптың, мектептің қабырға газеттерін көркемдеуге араласа бастады. Аз уақытта-ақ ол оқушылардың арасында суретші бала ретінде танылды.

Бірақ, дәл осы бейімділігі болашақ мамандығының негізі бола қояр деген ой оның қаперінде әлі де жоқ-тын. Бұл жөніндегі оған алғаш рет кәдімгідей ой салған адам – сол кезде Алматыдағы мұғалімдер институтында оқитын немере ағасы Қадірбек болды. Алтыншыда оқып жүрген кезі. Бір күні Ескеннің жағдайын білуге соққан студент ағасы оның дәптерлерін қарап отырып, көбі әрқилы суреттерге толы екенін көрді. Содан соң: «Сен өзің нағыз суретші екенсің ғой», – деген. – Егер сурет салуды жақсы көрсең, осында суретшілер училищесі бар, соған түссең қайтеді». Бала қапелімде оған не десін, баяғы тұйықтығына салып, иығын бір қозғады да қойды.

Қадірбек ағасы осы жайтты Ескен жетінші сыныпты бітірер алдында тағы да еске салған. Бұл жолы олар тез ұғынысты. Ескен ағасымен бірге құжаттарын жинап көркемсурет училищесіне келді. Сурет салудан тәп-тәуір ебі бар бала көп те қиналған жоқ. Сынақтан сүрінбей өтіп, училищеге қабылданды.

...Жалғыз баласының «оқуға түсіп келдім» деген хабарына Аманжол ақсақал әуелі қатты қуанды. Бірақ оның сурет салуды үйрететін оқу екенін білгенде көңілі шынымен

пәсейіп қалған. «Япырай, сондай да оқу болғаны ма, онсыз да кішкентайыңнан әурелеп жүргенің сол емес пе? Мен оқуға түсті дегенге, басқа бірдеңе екен десем», – деп қоңылтақсыды. Содан соң жай ғана: «Сурет салғанды да кәдімгідей кәсіп қылғаны да бұл жұрттың. Адам тер төгіп еңбек етпегесін, сірә тірлік бола ма? Дастарқанға маңдай термен келген дәм ғана тәтті, ал қалғанның бәрі әшейін нәрсе, сенің пейілің ауған кәсіп де соның бірі шығар», – деген ренжіңкірей отырып. Бар ғұмырын еңбекпен өткізген, шау тартқан шағында да үйде қарап отыра алмай, ауыл малын бағып жүретін, өмірдің ыстық-суығын бастан кешірген ақжүрек адамның имандай шын сөзі еді бұл.

«Содан әкемнің мен қалаған мамандыққа деген көзқарасы үшінші курста жүрген кезімде ғана бермен қарағандай болды, – дейді Ескеннің өзі. – Алдында «Қой, сен бұл оқуды таста, әйтпесе өзім барып ауылға алып кетемін», – дегенді ауық-ауық айтып жүретін. Бір күні училище шеберханасында үлкен астауға мүсін жасауға керек балшықты терлеп-тепшіп илеуін қандырып жатыр едім, курстасым келіп, «Сені сыртта бір ақсақал шақырып тұр», деді. Қолымды сүртініп тысқа шықсам, әкем екен. Борша-борша болып терлеген түрімді көріп: «Әп, бәрекелді, жұмысты осылай істер болар, әсте, тер көккен еңбек қана адам мерейін өсіреді», – деді райланып. – Әйтеуір, сол жолы мені оқудан шығарып әкетпек ниетпен келген әкем, ол ойынан күрт қайтып, үйге менің кәсібіме деген сенімі артып оралды».

«Тер төге еңбек ету». Әкесінің адам қарекетінің өлшеміне қойылар ең биік талап осы деп кішкентайынан құлаққа құюмен келе жатқан осы өсиет сөзін Ескен де сол жолы шын ұққандай қал кешкен. Әрі содан бері мүсін өнерінің күрделі жолын қуған жас оны санасына мықтап орныққан қастерлі қағидалардың бірі ретінде ұстанумен келеді. Мұны біз мүсінші шығармашылығына ой шолғанда да айқын байыптап жатамыз.

Білікті де сенімді қолтаңба – талмай іздену, тынымсыз еңбек арқылы келмек. Ескен алғашқы курстардан-ақ мүсін өнерінің табиғатын терең тану, оның қыр-сырларын, құпияларын жетік меңгеру ісіне бел шеше кірісіп кетеді. Училищедегі жылдар бұрынғы әуестіктен туған балаң қолтаңбаның өз бағдарларына талпынған, ізденіске, зерде

байытуға толы кезең. Бейнелеу өнері әлемінің қатпар-қатпар тарихтарына көз жіберу, оның талай дәуірлерді жіктеп жатқан өсу-өркендеу сатыларын тану, көңілге тоқу, білгір ұстаздардың ақыл-кеңеске мол тәлімдері, бәрі-бәрі әуелден бойында дарын оты бар жеткіншектің көкірек көзін ашып, көңіл саясын кеңітуге жәрдемдесті. Әсті, оқу, үйренуге бар пейілмен қызыға кіріссең, оның тылсым құпияларын тану да соғұрлым оңай болмақ.

Осылайша училище жылдары да артта қалды. Ескен оны үздік бітіріп шықты. Еңбекке араласты. Бірақ жұмыс барысында байқайды, бұл алған білімінің өз басына аздық ететін түрі бар. Мамандығын терең меңгеруге ұмтылған сайын, оның игеруге қиын жаңа қырлары, күрделі мәністері де көлденеңдей беретіндей. Білімімді әрі қарай жетілдіре түссем деп ойлайды ол. Ақыры осы жігерлі талап оны бейнелеу өнері шеберлерін дайындайтын әйгілі отау, Петербордағы (мақаланың алғаш жарық көрген нұсқасында сол кездегі атауымен Ленинград деп жазылды. – *автор*) И. Е. Репин атындағы Кескіндеме, мүсін және архитектура институтына алып келді.

Ақ түндер қаласы – Петербор... Көркем музейлері, көрікті де салтанатты ғимараттары мол, сыланған тұла-бойымен-ақ өнер әлемінің бірегей туындысы, ашық аспан астындағы мұражай іспетті сұлу шәһар. Бұрын Көркемсурет академиясы деп аталған, талай саңлақ суреткерлер түлеп ұшқан қастерлі ұя, бүгіндері – Репин атындағы институтқа айналған үлкен өнер шаңырағындағы өз ісінің білгір ұстаздарынан алған жан-жақты тәлімді былай қойғанда, атышулы музейлердегі ұлы шығармалардың танымдық әсерінің өзі неге тұрады. Ескен Нева жағалауындағы қалада өткерген сол жылдары Эрмитаж мен Орыс музейін өзіне ардақты ұстаздардың қатарында санайды. Сонау антикалық дәуірлердегі сырбаз мінсіздікке түзілген ақшаңқан мүсіндерден бастап, Қайта өрлеу заманының заңғары Микеланджелоның ғажайып туындылары, Роден мен Майольдың жаңашыл рухта сомдаған дүниелері, дәуір тынысына жарыса үн қосқан қазіргі заман мүсіншілерінің шығармалары ұсынған нұрлы сабақтардың әсері қандай телегей-теңіз десеңізші. Олар сан-қырлы пластикалық түзілістерден, бедерлер мен нақыштар әлемінен молынан хабардар етеді, ізденіске, зерде биігіне жетелейді.

Институт қабырғасындағы жылдар Ескеннің таным мен

білім көкжиегін одан әрі кеңейтті. Ол өз қолтаңбасының құнарлы негіздерін сол Нева жағасындағы қалада одан әрі тиянақтап, байыта түсті. Өнердің қайсы түрі болмасын, әр елдің, әр халықтың сана ағымымен, тіршілік-тынысымен тығыз байланысты өркендеуі керектігін ұғынды. Ұлттық, халықтық топырақтан ажыраған өнер туындысы ешуақытта да төрт аяғын тең басар жорғаға айнала алмайтынын көңілге түйді. Ол мұны диплом жұмысының тақырыбына қазақтың ұлы ақыны Абайдың жас шағын бейнелеуді мақсат еткен кезінде де мықтап жадында тұтты.

Әрі бала кезінен сүйікті шығармаларының бірі болған «Абай жолы» эпопеясын оқығалы бері көкейін мазалап жүрген образ еді бұл. Мүсінді жасау барысында ол романды тағы зерделеп оқып шықты. Көз алдына болашақта «мыңмен жалғыз алысатын» тұңғық ақынның бозбала шағындағы келбеті көлденеңдейді. Ол жас Абайды малдас құрған күйі, айнала дүниеге ойлы да ақылды жанар тіккен қалпында бейнеледі. Дипломдық жұмыс институт ұстаздары тарапынан да жоғары бағаланды...

1969 жылы Репин атындағы Кескіндеме, мүсін және архитектура институтын енді бітіріп Алматыға оралған жас маман бір кезде өзі бітірген көркемсурет училищесіне оқытушы болып орналасты. Осы жылдардан бастап біз Ескен Сіргебаев сомдаған мүсіндерді әртүрлі көрмелерден, музей залдарынан жиі-жиі көретін болдық. Әртүрлі ыңғайдағы тақырыптар. Әртүрлі материалдар. Ағаш, мәрмәр, шамот, гальваника, қола, мыс, гранит. Әртүрлі мүсіндер: «*Ой*», «*Студенттің портреті*», «*Бойжеткеннің портреті*», «*Абайдың кеуде мүсіні*», «*Қызымның портреті*», «*Әлия Молдағұлова*», «*Күту*», «*1941 жыл*»...

...Сомдалып бітісімен Қазақстанның Өнер музейінің қалаулы мүлкіне айналған «*1941 жыл*» мүсіні біздің көз алдымызға сонау бір сұрапыл жылдар елесін еріксіз алып келгендей болады. Ұлын майданға аттандырған ішқұса әке баласы мініп жүрген кеудесі есік пен төрдей жылқының қасына келгенде шыдай алмады, көңілі босап кетті. Иесін іздеп оқыранған жылқының жалынан сипай, алақанымен маңдайын тірей, ат арқасына сүйене тұрып қалған. Мұңға, азаға толы психологиялық хал. Бір сәт бауыр еті баласынан ажыратқан тағдырға қамыққан кәрі жүректің ауыр күрсінісі

құлаққа келгендей, көрермен көңілін алай-түлей дүрбелең сезім толқындары ұйтқытып-ұйтқытып өткендей болады.

Мүсінші ел басына зобалаң шақтарды тудырған сол бір сұсты жылдар бейнесін осындай қарапайым сюжетпен де шынайы, дәл бейнелейді. Ер-азамат түгелдей көтеріліп майданға аттанғанда, арттарында запыран ойдың құрсауында қалған ата-аналар бейнесі келер көз алдымызға. Қартайған шақтарында оқыстан өзектерін қайғы кемірген талай бәйтерек әкелер тұлғасы елестейді.

Осы мүсін дүниеге келген 1974 жылы Е. Сіргебаев «Күту» деп аталатын және бір шығармасын аяқтады. Одан біз көзін қолымен көлегейлеп алға ұмсына қарап тұрған ана бейнесін көреміз. Ол мүсіншінің өз анасына бағыштаған ескерткіші. «Анам марқұм менің студент кезімде ауыл жанындағы дөң басына шығып, жол үстінде балам келе жатқан жоқ па екен, деп ылғи да қала жаққа қарағыштап жүруші еді. Анамның сол кейпін мүсіндегім келді», – дейді Ескен.

Сол жылдары мүсінші жұртшылық назарына «Әкемнің портреті» (ағаш), «Абайдың портреті» (мыс), «С. Айтбаевтың портреті» (гальванопластика) секілді пластикалық иірімдері қанық туындыларын да ұсынды.

Мүсінші студенттік кездерінен бастап өзі әр тұрғыда сомдаумен келген ұлы Абай бейнесіне бұл жолы тағы да оралған еді. Абай бейнесі Ескен үшін төл тақырыпқа айналғандай. Ол ұлы тұлғаның бір қырын аштым дегенмен, келесі бір құпиялары тағы да көрініс беріп, бұрын байқалмаған ажарымен көлденең тартылып жататын тұңғиығы мен тылсымы мол әлем екенін осы жұмыстар барысында түсінгендей.

Бәлкім, осы Абай образына етене жақындығы болар, Қазақ академиялық драма театрының жаңа үйі алдына қойылуы тиіс Мұхтар Әуезовтің ескерткішіне конкурс жарияланғанда, оны Ескен бірден өзіне қанық тақырып ретінде қабылдады. Себебі, ол үшін Абай мен Әуезов бір-біріне жақын, жігі ажырамас, сыралғы ұғымдар еді.

Ескен әлемге әйгілі «Абай жолы» эпопеясының ұлы авторына арналған конкурсқа қатысқанды жөн көреді. Осы орайда көп ізденеді. Әуезов туралы мол материалдармен, фотосуреттермен, замандастары қалдырған естеліктермен танысады. Ескерткіш орнатылуы тиіс театр алды алаңының архитектуралық құрылымын байыптайды.

Жаңа театр Абай даңғылына жақын орналасқан, демек,

ескерткішті тік тұрған күйі сомдауға ол кеңістік аздық етеді. Сондықтан да мүсін композициясын отырған қалыпқа құру ең жөн шешім болмақ. Және Әуезовтың өз есімі атындағы театр алдында орындыққа жайғасып отырғаны да оның бітіміне көрерменмен бірге спектакльдерді көруге келгендей сипат телуге тиіс. Сіргебаевтың осы мүдделі ойларды діттеп жасаған эскиз-үлгісі конкурсқа түскен он бес шақты туындының ішінен үздігі деп танылып, оған Әуезовтың ескерткішін сомдау сенім тапсырылды.

Қазір Қазақтың М. Әуезов атындағы академиялық драма театрының алдындағы биіктігі төрт метрлік ескерткіш Ескен мүсіншінің үш жылдай уақытқа созылған сол шығармашылық еңбегінің жемісі.

Ескерткіш алыстан көз тартады. Әсіресе оның сол жақ тұстан, Орталық стадион жақтан беттеп келе жатқан кезде байқалар бітімі ерекше. Алға, ақ басты Алатаудың асқар шыңдарына қарай ойлы да пайымды жанар тіккен алып жазушы тұлғасынан телегей-теңіз толғаныс лебі еседі. Сол қолымен орындықтың таянышына сүйенген күйі кеудесін жоғары ұстап, еңсесін әнтек көтере түскені, иығына желбегей жамылған мол шапанының етегі орындық арқасынан асып түсіп, төгіле салбырап жатқанының өзі мүсінге кең тыныс пен ой шалқарлығын ұсынады.

Әдетте мүсін мерейін арттыратын қадір-қасиеттердің бірі, оның қозғалыс үстінде көрінуі десек, Әуезов ескерткішінің бітімінде де дәл осы сипаттар молдап ұшырасады. Сол жақтан басталған қозғалысты әрі қарай дамыта түсіп, мүсіннің қарсы алдына келгенде, тұлға бойынан өзі мақсат етіп ұстанған бағытынан қандай қиындықтар кездесе де таймайтын тастүйін сенім рухын аңғарамыз. Оның алысқа көз тіккен бейнесінде алғыр зерде толғаныстары мен ұлылық айбыны бар.

Енді ескерткіштің оң жағына шығамыз. Әлгінде алға ұмсына түскендей қалыпта байқалған мүсін енді мына дүниеге шалқалай, паң қарайтын кейіпке ауысыпты. Басы да әнтек оңға бұрыла түскендей. Кітап ұстаған оң қолының шынтағы орындық таянышының үстінде нығыз жайғасқан. Айқастыра отырған аяқтары да тұғыр үстінде тамырлы тиянақ, мығым негіз тапқан...

Алдыңызда төрт құбылысы түгел келісім... Бүкіл әлем таныған ұлы суреткер, заңғар қаламгер Мұхтар Омарханұлы Әуезов тұлғасы.

1980 жылдың күзінде салтанатты түрде ашылған бұл

ескерткіш қазір Алматыдағы монументалды өнер туындыларының ең елеулілерінің біріне айналып кетті.

Ескен Аманжолұлы Сіргебаевқа 1982 жылы осы ескерткішті сомдағаны үшін Қазақстанның Мемлекеттік сыйлығы лауреаты атағы берілуі де осы еңбектің биік мәртебесін танытқан еді.

Мүсіншінің Әуезов тұлғасынан кейін зерделей бастаған тағы бір үлкен тақырыбы – орта ғасыр ғылымындағы жарық жұлдыздардың бірі, қазақ топырағының ұлы перзенті – Әбунасыр әл-Фараби образы еді. Оның мүсінделуіне де арнайы конкурс шарттары себепкер болды. Алматыда орнатылуға тиіс Әл-Фараби ескерткішінің авторы атануға еліміздің талай мүсіншілері ықылас білдірді. Сонда бәйгеге түскен көптеген жұмыстардың арасында Ескен Сіргебаев жасаған эскиз сарапшылар алқасының назарын ерекше аударып, ол конкурс жеңімпазы атанды.

Мүсінші бұл туындысында да пластикалық шешімдерді сәтті құра білгендігімен байқалады. Автор ұлы ғалымды екі қолымен кітап ұстап, терең ойға шомып жүріп келе жатқан күйінде бейнелейді. Бүкіл тұлға бойынан тереңдіктің, ұлылықтың лебі ескен заңғар ғұламаны басқа бітіммен шатастыру да қиын. Мүсін түзілісіндегі жойқын толғаныс пен телегей-теңіз ой қуаты тек шығыстың тұңғыық санаткері Әл-Фарабиге ғана лайық, әл-Фарабидің асқар тұлғасына ғана үйлесімді. Және оның келбетінен осыған дейін ғұламаны бейнелеуге атсалысқан шығармашылық иелері толық жеткізе алмай жүрген бір құнды сыпатты да байқау қиын емес.

Ол Әбунасыр образының нағыз толыққанды қыр перзенті ретінде көрінуі. Мүсіншінің ғұламаны тынысты қимыл-қарекет үстінде бере білу шеберлігімен қатар көзге түсетін бір толымды табысы да дәл осы жайға қатысты. Образдың сыртқы нышанды пішіні ғана емес, көкірек күмбірі, маңайына есіп тұрған қою ой-сана ағысының өзінен кіндік қаны тамған атамекенінің, білім мен тәлім нәрін алған төл жұртының сырлы әсер-ықпалы сезінеді.

Әбунасыр әл-Фараби қалың ойға шома ілгері жүріп келеді. Автордың бұл шешімі – ұлы ғалым есімінің ғасырдан ғасырға, ұрпақтан ұрпаққа ұласып, біздің заманымызда туған Отанына сол асқақ даңқымен қайта оралғанын, өзінің бауыр еті халқымен қайта қауышу рухын меңзейді.

Шеберлігі толысқан шақта қолға алған Әуезов пен Әл-

Фараби мүсіндері сәтті нәтижелермен аяқталды. Монументалды ескерткіштерді сомдау барысында қол жеткен бұл табыстар мүсіншіні осы жанрдағы жаңа көкжиектерге қол создырар еді. Мәселен, оны бұл орайда Алматы қаласына лайық символ-ескерткіштің жоқтығы да біраздан толғандырып жүр. Расында да үлкен шаһарға мұндай символ керек-ақ. «Мыс салт аттыны» көргенде Петерборды қаперге алатынымыз бар емес пе? Сол сияқты «Давид Сасунскийдің» арынды екпіні – Ереванды, «Салауат Юлайдың» алып тұлғасы – Уфаны, «Грузия-Ана» монументі – Тбилисиді көз алдыға әкеледі ғой. Алматыға да қаланың, бүкіл республиканың келбеті мен қасиетін бойына топтаған саңлақ дүние көтерудің реті келгендей. Бұған қала орналасқан аймақ рельефі де әдемі үйлеседі. Мәселен, ол монументті Көктөбенің басына орнатса, қаланың қай бұрышынан да анық көрініп тұрады емес пе?

Ескен ол символды оң қолына масақ, сол қолына қымыз құйған тостаған ұстап тұрған ана бейнесінде өрбіткен мақұл дер еді. Және бұл ойын эскиздік, жобалық ыңғайға түсіріп те қойған. «Қазақстан» деп аталатын ол ана бейнесінің биіктігі автордың шамалауы бойынша жетпіс метрге дейін жетпек керек. Әрі ол Көктөбенің басында дара тұрмайды, – дейді мүсінші. – Ескерткіш айналасы басқа да көптеген мүсіндік, архитектуралық туындылармен толықтырылады. Сонда ол ескерткіш қана емес, зор ескерткіш-ансамбльге, монументалды кешенге айналады.

...Алматыда суретшілерге арнап салынған тұтас бір тұрғынжай бар. Сол үйдің астыңғы қабатына Суретшілер одағы мүшелерінің шеберханалары орналасқан. Солардың бірі – Ескен Сіргебаевтікі. Осында мүсіншімен әңгіме-дүкен құрып отырғанымызға біраз уақыт. Төрт қабырғаны түгел алып тұрған қатар-қатар сөрелер әртүрлі мүсіндерге толы. Ол аз болғандай, үй ортасындағы үлкенді-кішілі станок-тұғырлар үстінде де алуан жұмыстар қойылған. Біразы жамылғы астында. Олар әлі бітпегендері. Ал біткен жұмыстардың көп нұсқалары қабырғадағы сөрелерде. Сол сөрелерге қарап-ақ мүсінші шығармашылығының өне бойына кәдімгідей көз жібергендей де болар едіңіз. Мына бір еңбектер – оның институттан кейінгі алғашқы жылдарда сомдағаны, мыналар одан соң, ал мына шығармалар кейінгі кез жемістері

Соңғы жұмыстарды байыптау үстінде автордың бір образ бітіміне әлденеше мәрте оралғаны назарға ілінер еді. Кесек

тұлғалы қазақ ақсақалының тұлғасы. Ол біресе екі қолын артына салып, ой мұхитына батып тұрса, енді бірде малдас құрған бойы терең толғаныстарға беріліп кетіпті (екеуі де ағаш). Шикі материалдар сомдалу үстіндегі тағы бір мүсінде ол ат үстінде ойға шомған.

– Бұлар менің кейінгі кездерде әкеме арнап жүрген серияларым, – дейді Ескен. – Әке образы менің шығармашылығымда үзілместен ұласып келе жатқан аяулы тақырып. Мен оны алғаш рет училищені бітірерде диплом жұмысы ретінде «Шопан» деген атпен сомдаған едім. Содан бері оған қайта-қайта оралумен келемін. Әкем тек еңбектен ғана рақат тапқан қарапайым адам еді. Ылғи: «Әркімге қанағат керек, адам еңбекпен күн көріп, тер төгіп тапқан ас қана сіңімді болады» деп өсиет айтуымен отыратын. Ол кісінің «ұрлық қылма, өтірік айтпа, үлкенді сыйла, ағаға – іні, ініге – аға бола біл, біреуге арамдық ойлама, адамның күні адаммен, бәріміз бұл дүниеге келген мейманбыз, сондықтан адамдар аз ғұмырында бірін-бірі ренжітпей өтуі керек» деген сөздеріне бала кезімізде мән бермеуші едік. Сөйтсек ол нағыз кісілік қағидалары екен ғой. Әкемнің табиғатқа деген көзқарасы да өзінше бір бөлек еді.

Мен бала кезімде ауылға каникулға барғанымда әкеммен бірге өріске шығып, көмектесіп жүремін. Сонда далада жыланға, шаянға, кесіртке мен тасбақаға ұшырасып қалған кезде, менің оларды түртпектеуіме еш рұқсат бермеуші еді. «Олар да жаратылыстың бір пендесі, обал болады», – дейтін. Үйге жылан кіріп кетсе, өлтіртпей, басына ақ құйып, сыртқа ұзатып салатын. «Жәндіктердің жазығы не, бәлкім, ол бізді қорғалап келіп тұрған шығар», – деуші еді. Қазір ойлап қарасам, бүгінгі күні үлкен проблемаға айналып отырған табиғатты қорғау, экология деп жүргеніміздің бәрін сол кісілер соншама терең білген екен-ау.

Әкем ұзақ жасап, өз қолымда тұрып, 1975 жылы тоқсан жасында қайтыс болды. Көз жұмғанша өзінің өмірден түйгенін, ақыл-өсиетін құлағыма құюмен өтті. Қазіргі кезде сол сөздерді үнемі еске алып отырамын. Ұлтымызға тән характерлік белгілерді іздесем, әке бейнесі оралады ойыма. Сосын мүсін жасауға отырамын. Соңғы кездері «Әке», «Күз», «Ой» секілді мынадай шағын туындыларды бітіріп тастадым.

Мүсінші оларды монументалды ескерткіштер тұрғысынан ғана шағын деп атап отыр ғой. Әйтпесе, шағын көлемді шығармалар мүсін өнерінде орындалуы күрделі

салалардың бірі. Авторды көрмелерге қатыстырып, жұрт талқысына салатын да негізінен сол шағын мүсіндер. Көрмелер демекші, Ескеннің әлгі ағаштан жонған «Әке» атты туындысының бір нұсқасы Мәскеуде өткен бүкілодақтық мүсін көрмесінде «Гүлнара» атты мәрмәр туындымен бірге назарға ілігіп, екеуін де үлкен Мәдениет министрлігінің көркем көрмелер дирекциясы сатып алыпты. Сондай-ақ республиканың әртүрлі көрмелерге де үзбей қатысып келеді.

Бір кездері су жағасында күнұзаққа отырып, балшықтан ойыншықтар жасаудан жалықпайтын қиялшыл бала мен бүгіндері Қазақстанның Мемлекеттік сыйлығының лауреаты дәрежесіне көтерілген әйгілі мүсіншінің өмір соқпақтары арасында отыз бес жылдай уақыт жатыр. Осы екі арада оның шәкірттік, балаңдық жылдары, өсу, есею кезеңдері өтті. Бір кездері басқалардан қызыға, құштарлана тәлім алған ол, қазір өзіне талапты ізбасарлар дайындап отырған білгір тәрбиеші. Ескен Сіргебаев біраз жыл Алматы театр-көркемөнер институтының сурет кафедрасында ұстаздық етті. Қазір сонда арнайы барып сабақ беріп тұрады. Шәкірттер демекші, онымен бірге бұл кафедрада ірі қалаларда оқып, терең білім алып келген бір топ талантты жастар да еңбектенуде.

– Олардың білімі мен жігері дұрыс бағыттала білсе, зор күш, – дейді Ескен. – Бұл орайда біз ұстанған мақсат, дербес шығармашылығымызды дамыту ғана емес, шәкірттерге қолғабыс беру, ертеңгі күнгі өз кәсібінің шеберлерін тәрбиелеу. Олардың бойындағы дарын-қайнарлардың көзін ашу. Студенттер арасында да болашағынан зор үміт күттіретін талай өнер иелері жүр емес пе...

Өнерге жаңадан келген жас күштерді қадағалау – оның ұстаздық тұрғыдан ғана емес, Суретшілер одағы тарапынан да атқарар міндетінің бір саласы. Е.Сіргебаев – Қазақстан Суретшілер одағы басқармасының жауапты хатшысы, мүсін секциясының жетекшісі.

Одақтағы, институттағы қызметтің шығармашылыққа біршама бөгесін болып, бірталай уақыт алатыны да бар кейде. Сондықтан да ол әрбір қалт еткен бос сәтінде шеберханасына жетуге асығады. Оны мұнда күтіп тұрған істер біршама. Өзімен біраздан бері бірлесе жұмыс істеп жүрген мүсінші, Жеңіс Молдабаев екеуінің Екібастұздағы Энергетиктердің Мәдениет сарайы қабырғасына орнатуға дайындап жүрген рельефтерді аяқтауы қажет. Шәуілдірдегі

«Отырар» өлкетану музейі Әл-Фараби кеуде мүсінін жасап беруді өтінген еді, соны да бітірмесе, кешеуілдеп барады. Көкейінде композитор Нұрғиса Тілендиевті сомдасам ба деген ой туындағанына да біраз уақыт, соған қай қырынан келгенім жөн болар екен деген ой бір жағынан мазалайды, оған да кірісуі керек еді... Мүсінші Ескен Сіргебаев қызметтен қолы босаған бүгінгі жарты күндік уақытын тиімді пайдаланып қалу мақсатымен шеберханасына қарай асыға басып келе жатты...


1983 жыл.



П. Сезанн.
«Алмалары мен апельсиндері
бар натюрморт». 1900 ж.



П. Сезанн.
«Автопортрет». 1880 ж.



П. Сезанн. «Әулие Виктория тауы». 1887 ж.



П. Сезанн. «Майлық сүлгі және жемістер». 1900 ж.




П. Сезанн.
«Марна жағалауы». 1888 ж.



В. Ван Гог.
«Автопортрет». 1889 ж.




В. Ван Гог. «Пістелер». 1888 ж.



В. Ван Гог. «Арльдің алқызыл жүзімдіктері». 1888 ж.



В. Ван Гог. «Егін жинау». 1888 ж.




В. Ван Гог. «Овердегі жаңбырдан кейінгі пейзаж». 1890 ж.


В. Ван Гог.
«Дәрігер Гаше». 1890 ж.



П. Гоген.
«Таити әуендері». 1892 ж.



П. Гоген.
«Тауыс құсы бар пейзаж».
1892 ж.



П. Гоген.
«Тэтти қиялдар».
1894 ж.




П. Гоген.
«Той қашан?».
1892 ж.



*П. Гоген.
«Ақбоз ат».
1898 ж.*

*П. Гоген.
«Жеміс жинау».
1899 ж.*






О. Роден.
«Кале азаматтары».
1888 ж.



О. Роден.
«Ойшыл». 1882 ж.



О. Роден. «Тамұқ қақпасы». 1880-1917 ж.

О. Роден. «Бальзак ескерткіші». 1898 ж.

О. Роден. «Виктор Гюго мүсіні». 1885 ж.



М. Врубель.
«Отырған Демон».
1890 ж.



М. Врубель.
**«Парсы кілемі
алдындағы қыз».**
1886 ж.



М. Врубель.
«Н.Забела-Врубельдің
портреті». 1898 ж.

М. Врубель.
«Бозқараған».
1900 ж.





К. Петров-Водкин. «Қызыл атты шомылдыру». 1912 ж.



К. Петров-Водкин. «Балалар». 1911 ж.



***К. Петров-Водкин.
«1919 жыл. Үрей».
1934 ж.***

***П. Кузнецов. «Киіз
үйде дамылдап
жатқан әйел».
1911 ж.***





П. Кузнецов. «Сағым». 1912 ж.



П. Кузнецов. «Даладағы жаңбыр». 1912 ж.



П. Кузнецов.
«Қой қырку сәті». 1912 ж.



П. Кузнецов.
«Дала кештері». 1912 ж.



П. Пикассо. «Герника». 1937 ж.



П. Пикассо. «Екі акробат». 1901 ж.



П. Пикассо. «Бүлдіршін мен көгершін». 1901 ж.



П. Пикассо. «Бейбітшілік». Панно. 1952 ж.



Ле Корбюзье. «Савойлардың сая қонысы (вилла)». 1928 ж..



Ле Корбюзье. «Роншандағы ғибадатхана». 1950 ж.



Ле Корбюзье.
**«Чандигархтағы
Әділет сарайы».**
1956 ж.



Р. Гуттузо.
**«Рокконың
ұлымен бірге
портреті».**
1960 ж.



Р. Гуттузо. «Батырақтар». 1949 ж.



Р. Гуттузо. «Вуччурия базары». 1974 ж.



Ә. Қастеев. «Мектепке». 1930 ж.



Ә. Қастеев. «Автопортрет». 1931 ж.



Ә. Қастеев. «Кізіз үйдің ішкі көрінісі». 1934 ж.



Ә. Қастеев. «Талас жазығы». 1970 ж. (Толық түрі және фрагменті)



Ә. Қастеев.
«Амангелді Имановтың
портреті». 1950 ж.

Ә. Қастеев.
«Жас Абайдың
портреті». 1945 ж.



Ә. Қастеев.
«Жамбылдың портреті».
1973 ж.



Қ. Телжанов.
«Жамал». 1955 ж.



Қ. Телжанов. «Домбыра
әуендері». 1958 ж.



Қ. Телжанов. «Атамекен». 1958 ж.



Қ. Телжанов. «Көкпар». 1960 ж.



Қ. Телжанов. «Бозаралдықтар». 1972 ж.



Қ. Телжанов. «Бақыттылар». 1977 ж.



Е. Сіргебаев.
«Күту». 1974 ж.

Е. Сіргебаев.
«1941 жыл». 1974 ж.





Е. Сіргебаев.
«М. Әуезов ескерткіші».
1980 ж.



Е. Сіргебаев. ***«Әке».***



Е. Сіргебаев.
«Әл-Фараби мүсіні».




Е. Сіргебаев.
«С.Айтбаев мүсіні».

ЕКІНШІ БӨЛІМ

ӘДЕП ӘЛЕМІ



ЭТИКЕТ ЖӘНЕ ӘДЕП САЛТТАРЫ ТУРАЛЫ БАСТАУ СӨЗ



Біздің күнделікті өміріміз адамдар арасындағы сан-салалы байланыстар мен қарым-қатынастарға толы. Егер осы байланыстарға ой көзбен қарап, талдап, саралар болсақ, олар адамдардың әртүрлі жағдайларда өзін-өзі ұстау, мінез-құлық пен жүріс-тұрыс қағидаларын сақтау тәртібіне, яғни, бір сөзбен айтқанда, этикет пен әдеп мәселелеріне келіп маңдай тірер еді.

Зерттеушілер «этикет» сөзі халықаралық тілдік қорға француз королі ХІҮ Людовиктің кезінен бастап еніп, әуелде оның мағынасы бұйымға жапсырылған затбелгі (этикетка) немесе салтанат думандарын өткізудің ресми тәртібі деген ұғымды білдіргендігін айтады. Бертін келе ол атау патшалар мен императорлар сарайына лайықталған жүріс-тұрыс салттарының анықтамасы ретінде танылған. Алайда этикет сөзінің түп-төркіні француз тілінен шықты десек те, ол ұғымның қазіргі мән-мағынасына келіп саятын адамдар арасындағы қарым-қатынас қағидалары тым әріден басталады. Ол адамзат тарихының дамуымен бірге өрістеп, қанаттаса, қабаттаса келе жатқан түсінік. Этикеттің қалыптасуына халықтар арасындағы сан алуан байланыстардың, әдет-ғұрып пен дәстүрлер алмасуының да өзіндік әсері болмай қалған жоқ. Бұл ретте әртүрлі әдеп нормаларының заңдастырылған ережелер түрінде байқалуы, әсіресе әміршілер сарайларында ерекше көрініс берді.

Әрине, өздерін ерекше текті тұқым, Тәңірінің нұры жауған адамдар ретінде есептеген Мысыр перғауындары мен көне Рим императорларының, Ғұн қағандарының, Франция корольдері мен мұсылман хандарының сарайларындағы әдет пеп әдеп тәртібі жалпы халық ұстанған салттардан өзгеше болды. Сарай, орда маңдарындағы этикет өзінің қалтқысыз орындалуға тиіс қатаң талаптарымен ерекшеленді. Оның ережелері бойынша монархтар мен билеушілер отбасының мүшелері белгіленген бір уақытта ғана төсектен тұруға тиіс болды. Олардың әрқайсысын кімнің киіндіретіні, кімнің қолға су құятыны, кімнің сүлгі ұстап тұратыны, кімнің тамақ әкелетіні, қандай ретпен тамақтану керектігі... бәрі-бәрі дәл нұсқалатын. Ресми салтанаттар кезінде императорлар мен патшаларға нөкерлерінің қалай еріп жүретіні, ол қатысқан тойлар мен бал кештерінің қалай басталып, қалай аяқталу керектігі де белгіленген ережеден әсте ауытқымайтын. Хандардың алдына кіргенде, олардың аяғына жығылу, кетерде есікке арқасын беріп, тағзым еткен күйі шығу тәртібі де сол сарай мен ордалар маңында жүйеленген этикет талаптары еді.

Кейде осылар тектес міндетті түрде орындалуға тиіс, қатаң заңдастырылған этикет қағидалары өрескел, үйлесімсіз жайттарға да ұшырастырып тұрды. Шежіреші де Ольнуй (XVIII ғасыр) өзінің «Испан сарайы туралы естеліктерінде» король II Филипптің сарайында өткен мынадай уақиғаны жазады. Бірде патшайым ақсүйектер қауымы алдында өзінің атқа жақсы мініп жүре алатынын көрсеткісі келіпті. Ол құйрық-жалы төгілген бірнеше арғымақтың ішінен біреуін таңдайды. Сөйтсе, ол асау екен. Үстіне ханымның мінгенін сезе салысымен, тіке аспанға шапшиды. Ол өзін-өзі игере алмай, құлап бара жатқанда аяғы үзеңгіге ілініп қалады. Ат тулаған күйі оны сүйретіп ала жөнеледі. Бұл уақиға дәл сарай алдында король мен дүйім ақсүйектер қауымының көз алдында өтіп жатқандықтан, ешкімнің де патшайымға қол ұшын беруге дәті шыдамайды, өйткені этикет тәртібі бойынша ұлы мәртебелі ханымның аяғына бөтен адамның қол тигізуі қылмыспен пара-пар өрескелдік саналатын. Ақырында сарай маңындағы екі адам патшайымды ажалдан құтқаруға бекінеді. Олар аттың бауырында өлі мен тірінің арасында сүйретіліп жүрген ханымды жерге түсірген замат, аттарына қайта қарғып міне салып, корольдің қаһарына ұшырамас үшін ол жерден безе қашады. Сарай маңындағылар ол екеуінің ерлігі патшайымды асау аттан

түсіріп алғандықтарында емес, этикет тәртібін сескенбей бұзғандықтарында деп қабылдаған.

Ғасырлар мен қоғамдық формациялар ауысқан сайын әдеп, этикет салттары да жаңа қағида, ережелермен толығып, адамдар арасындағы қарым-қатынас қағидалары белгілі бір жүйеге түсе бастады. Олар әр қауымның ғұмыр кешкен, күн кешкен ортасына, заманға, уақыт талаптарына үйлесім табатын даму, өрістеу сатыларып бастан өткеріп жатты.

Жоғарыда айтқандай, заңдастырылған этикет қағидалары әу баста негізінен билеушілер табы, ақсүйектер қауымы ортасында туып өрістеді. Алайда бұдан қарапайым халық арасындағы қарым-қатынастар жүйесіз болды деген ұғым тумасқа керек. Әр халықта өздерінің тарихына, әдет-ғұрпына, тіршілік дағдыларына байланысты әртүрлі әдеп ережелері қалыптасты. Ұласпалы өмір көші, қоғам мен мораль дамуы, ел мен ел, жұрт пен жұрт арасындағы байланыстардың, туысқандық, бауырмалдық қатынастардың өрбуі – әртүрлі салттар мен дәстүрлердің ірге қалап, қанат жаюына септігін тигізді. Адамдар қауымы арасында белгілі бір ортаға лайық өзін-өзі ұстау, жүріс-тұрыс мәнерлері жүйеленді. Мәселен, әр халыққа тән бір-бірімен сыйласу, үлкенді құрмет тұту, келген қонақты ардақтап күту, қуаныш-қайғыға ортақтаса білу сияқты қасиеттер ежелден келе жатқан адамгершілік қағидаларына саяды.

Әрине, ақсүйектер мен қарапайым халықтардың әдеп нормаларының арасында көп айырмашылықтар болды. Билеуші әулеттердің этикеті көбінесе шарттылыққа, мәнсіз сыпайылыққа, сырт көз үшін алдамшы мәнерлерге құрылды. Ол бойынша адамдарды тану – оның тек сырт пішінімен, қалай киінгенімен, қандай жүріс-тұрыс мәнерлерін меңгергендігімен ғана шектелді. Ал оның жан дүниесін, қоғамдық бітімін, болмысын байыптау көбіне шетқақпай қалды. Өз орталарында соншама әдепті, соншама сыпайы ақсүйектер өкілінің төменгі тап адамдарына айғайлауы, ұрсып-зекуі, ұрып-соғуы қалыптағы жағдай ретінде саналды. Жарлы-жақыбай жандардың оларға қарсылық білдіруі, өз құқығын қорғауы этикет тәртібіне лайықсыз деп қаралды.

Этикет ережелерін білуге, үйренуге деген ықылас жұртшылық арасында әрдайым қызығушылық тудырады. Ол заңды да. Адамдардың мәдени тұрмыстық, дәрежесі өсіп, рухани және материалдық байлықтары артқан, елдер мен халықтар арасындағы байланыстар айрықша кеңінен дамыған қазіргі шақта адамдар қарым-қатынасында әдеп

нормаларын жан-жақты сақтай білу қажеттігі уақыт талабына айналып отыр. Бұл бір жағынан, өміріміз бен тұрмысымызда қалыптасқан мінез-құлық, жүріс-тұрыс, әдеп дағдыларымыздың бар адамзатқа ортақ мәдени мұралардың құрамдас бөлігі, олардың дәстүрлі ұласқан жүйесі халықаралық этикет салттарымен тығыз қабысу үстінде дами бастағандығын бағамдатады.

Біздің халқымыздың әдепті де сыйластық қарым-қатынастарға ежелден-ақ көңіл бөліп келгендігі баршамызға белгілі. Ұрпақтан ұрпаққа ауысқан бұл өнегені біз қазақтың мақал-мәтелдері мен нақыл сөздерінен-ақ молдап ұшырастырар едік. «Ұлық болсаң – кішік бол», «Сыйластық екі жаққа бірдей», «Сыпайылық жоқ жерде, сыйласу да жоқ», «Әдепті бала өсірсең, ауылдың абыройы», «Кішіпейілділік – кішілік емес, кісілік», «Жібек мінезді жігіт жұртқа жағады», – деп ой тарқататын сөз маржандары халқымыз ұстанған тәлім-тәрбиенің жүйелі бағдарын меңзейді. Қазақ халқына тән дарқан қонақжайлылық, үлкенді құрметтеу, ағайын-туғанға бауырмалдық, аталы сөзді қадір тұтып, уәжге тұра білу: жас ұрпақты әдептілікке, кішіпейілділікке тәрбиелеу тұрғысындағы озық дәстүрлер қазіргі кезде де ұнасымды жалғасып, бүгінгі өмірімізбен жарасты үйлесім тауып отыр.

Халқымыздың әдет-ғұрып дағдылары мен әдеп нормаларын жақсы біліп, олардың ішінен бүгінгі күн талабына жауап беретін лайықтыларын күнделікті өмірімізде қолдана білу – әр адамның, әр жастың байыбы мен пайымына, талғам-тәліміне, көрген өнегесіне байланысты. Әрине, бұл ретте халықтың озық әдеп дәстүрлерін этикет талаптарымен үйлестіре, байланыстыра білу де біліктілікті, білімділікті қажет етеді. Алайда бір аңғаратын жайт, біздің кей замандастарымыздың әдептілік пен сыпайылық мәселелеріне келгенде, көбіне-көп кемшіліктер жіберіп алатын тұстары да жоқ емес. Олардың дені әр ортаға лайық өзін-өзі ұстау, жүріс-тұрыс ережелерін дұрыс меңгеруді жетік біле бермейтіндіктерін аңғартады.

Ал әртүрлі жағдайлар кезіндегі қарым-қатынас, жүріс-тұрыс ережелерін нақтылайтын этикет тәртібі, ең алдымен, әрбір адам бойына үздік моральдық қасиеттерді – қарапайымдылықты, кішіпейілділікті, биязылықты; әр ортада, үйде, жұмыста, достар арасында өзін-өзі ұстай білуді; сөйлесу, әңгімелесу ретін, әзіл-қалжыңды түсінушілікті; қателесіп кеткендерге кешіріммен қарауды; өз

жөнімен, ыңғайымен таласа білуді; басқа адамның намысына, арына тимеу дағдыларын қалыптастырады.

Қазіргі кезде ел мен ел арасындағы байланыстар айрықша молайды. Жұрт сапарларға көп шығатын болды, алыс-беріс қатынастар артты. Әдетте біздің бөтен елдерден келгендерді басқа мәдениеттің, басқа өркениеттің немесе басқа нәсілдің адамы ретінде қабылдайтынымыз бар емес пе? Демек, өзіміз бөтен елге барғанда да, бізді басқа елдің, басқа мемлекеттің өкілі деп таниды. Сыртымыздан байыптайды, пікір түйеді. Осындай ситуацияларда бізге шын мәнінде Отанымыздың абыройы, беделі үшін күресу міндеті жүктелері де даусыз. Алайда кейде біз басқа елдер, халықтар өкілімен кездескенде жарасты үйлесім табуға көмектесетін этикет қағидаларын жете білеміз бе?

Өміріміз бен тұрмысымызда осы тектес қаншама жағдайлар кездеседі десеңізші. Иә, өзін-өзі үйде, көшеде, жұмыста, көпшілік арасында ұстай білу, жарасымды киіну мен жүріп-тұру әдебі, сыйластық салттарын сақтау... бір қарағанда оңай сияқты көрінгенмен, олардың әр ыңғайдағы талаптарына қанық болмаған жағдайда, кей түйткілдері кездесіп қалатын, салаласып, сабақтасып жатқан тұтас бір әлем.

...Сыртынан қарағанда көрікті де әдемі жігіт. Киімі де жарасымды. Бірақ көпшілік арасында, қонақта болған кездерінде қолын сермеп даурығып сөйлейтіні, басқалардың назарын аударғысы келетіндей тамақты сораптап ішетіні бар. Қыздар өздері ұсынбаса да, олардың қолдарын тартып алғандай боп сілкілей амандасады. Үй иесінің немесе қасындағы қыздардың рұқсатын сұрамастан темекісін будақтатады.

...Әп-әдемі келісті қыз. Алайда ол сөйлеу мәнерін тәрбиелеуге көңіл бөлмеген. Даусы дөрекі, сөзі ірі. Қарқылдап күледі. Бір қарағанда нәп-нәзік, биязы боп көрінген бойжеткен көз алдыңызда біртіндеп, әуелде көңілде ұялаған әдемі сипатынан айырылып жүре береді.

...Өз мамандығын жетік білетін дарынды инженер. Бірақ ол ұжым арасында сыйлы емес. Себебі, адамдармен дөрекі сөйлеседі, өзін басқалардан артық санауға бейім, менмендігі бар.


...Балаларына тәртіпті бол, үлкендерді сыйла, әдептілікке үйрен деп ақыл айтудан алдарына жан салмайтын ата-аналар бар. Ал өздері сол балаларының көзінше ұрыс-керіс ашады. Бірін-бірі балағаттайтын дөрекі сөздерге дейін барады.

...Бір қарағанда таныс-біліс, жылы қабақ көршілер. Әйтсе де бірінің үйінде болып жатқан қуанышты жағдайларға, не қайғылы сәттерге екіншісінің көңіл ортақтығын білдіруді ұмытып кететін реттері де жоқ емес. Немесе мейрам, той күндері астыңғы қабатта тұратын көршісінің, не іргедегі қонсысының жағдайын елеместен, түннің әлден уағына дейін тарсылдатып билегенді сөкет көре қоймайды...

Бұл айтылғандардың бәрі де, бізді әр адам өзі жүрген ортаға лайық әдеп нормаларын таразының екі басын тең ұстағандай сақтай білсе кәніки деген қорытындыға әкелері кәміл. Ал ол мүддеге қалай қол жетпек керек. Бұл орайда сөз жоқ, жастарға этикет пен әдеп ережелерін үйретуді арнайы тәлімдік әдебиеттердің көмегі арқылы жүзеге асыру мәселесі бірінші кезекке қойылар еді.

Бұл кітапта автор өз мүмкін-қадерінше қазіргі этикет салттары мен қазақ халқының әдеп тәрбиесіндегі ежелден жалғасқан озық дәстүрлерін өзара байланыстыра, сабақтастыра қарауға ден қойды. Әртүрлі халықтардың салт-саналары, әдептілік пен сыпайылық дағдыларының заманалар қойнауына кететін тарихына барлау жасалынды. Халықаралық этикет туралы жазылған қолда бар әдебиеттердің бүгінгі өскелең өмірімізге лайық келетін ережелері мен қағидалары сұрыпталып, екшеліп пайдаланылды.

СӘЛЕМ – СӨЗДІҢ АНАСЫ



**Ассалаумағалайкүм! Бонжур! Чао!
Хау ду ю ду! Сәлеметсіз бе!**

Бұрыннан бір-бірімен алақөзденіп келген Игілік пен Жұман арасындағы ширыққан дау-жанжал бұдан кейін де одан әрі өрши түсуге бет алғандай. Әр жерде наразылық, ілік-қағыстар тұтана бастаған. Екі жақты дереу бітімге шақырмаса, істің насырға шабатын түрі бар. Осы ниетпен Күреңкөз қожа қасына бір топ адамды ертіп Жұман байдың үйіне келді.

- « – Ассалаумағалайкүм!..
- Уағалайкүмассалам!..
- Салаумалайкум... салаумалайкум!
- Әлік салам... Салаумалайкум, әлік салам...
- Е, Жүмеке, мал-жан, бала-шағаңыз түгел аман ба?
- Шүкір Аллаға, аман... өз үй-ішіңіз де есен бе түгел?
- Ауыл-аймақ, ел-жұрт тегіс есендікте ме?
- Тегіс есен, Қожеке... Отырмыз Алла деп...
- Ит-құстан, одан-бұдан халас болдыңыздар ма?
- Шүкір, Қожеке... Өзіңіздің жүрген жерлеріңіз де аманшылықта ма екен?..
- Шүкір. Жүмеке, шүкір... Көпей бәйбішенің дені-қарны сау ма?
- Сау... Өзіңіздің де бәйбішеңіз күйлі ме?..
- Күйлі-күйлі, Жүмеке... Келін-кепшек, бала-шағалар

есен ғой?

- Есен, Қожеке....
- Ауру-сырқау, өлім-жітімнен түгел есенсіздер ме?..
- Қожаның көңілі үшін аллалап отырған Жүмекең бұл

жолы:

- Құдай деп отырмыз, – дей салды.
- Шыққан шығын жоқ па?
- Жоқ... Енді «Қожекені» де қоспай кетті.

Көп сәлемдесулер, ұзақ амандасулар енді ғана қысқара бастады. Дүние жүзінде қазақтан ұзақ амандасатын ел кемде-кем-ақ болар. Әсіресе осындай дау-жанжалдың арасында жүретіндер езіп-созып, тіпті ұзақ амандасады. Мал-жан, ауру-сырқау, ит-құсқа дейін қалдырмай сұрасады. Келген жерінің қандай қабақпен отырғанын да осы амандасу үстінде болжасып қалады. Келген жұмысының жайын аңғарту үшін де жапсарлас бір амандық сұрау керек... Қожекең осыны ескеріп:

- Тыныштық па, әйтеуір?.. – деді...»

Жазушы Ғабит Мүсіреповтың «Оянған өлке» романындағы осы үзіндінің өзі-ақ бізге қазақ дәстүріндегі амандасу, сәлемдесудің алар орны, атқарар мүддесі туралы біраз мағлұматтар ұсынғандай болар еді. Әрі бұл жерде сәлемдесу тек амандық-саулық сұрасу ғана емес, ел ішінде татулық орнату, қырғи қабақ жұртты бітістіру мақсатын көздейтін келелі әңгіменің әуелгі арқауына айналып кеткен.

Иә, «Сәлем – сөздің анасы», – деп халқымыз бекер айтпаған. Сәлемдесу, амандасу адамның бір-біріне ізет, сый-құрмет көрсетуі. Күнделікті өмірдің өзінде біз қанша адаммен кездесіп, қанша жұртпен ұшырасамыз. Солардың бәрінде де бірінші кезекте арамызда сәлемдесу, амандасу жүреді.

Жұмыр жер үстінде күн сайын адамдар бір-біріне әртүрлі тілдерде сәлемдесу сөздерін айтады: *Ассалаумағалайкум! Бонжур! Чао! Хау ду ю ду! Сәлеметсіз бе!..*

Амандық-саулық сұрасудың түп-төркіндері мен тарихы тым әріден басталады. Адамзат тарихы өзінің ұзақ даму сапарында қадау-қадау дәуірлер мен жүздеген ғасырларды бастан кешті, қаншама қоғамдық формацияларды артта қалдырды десеңізші. Бірақ жер бетінде сапырылысып өтіп жатқан сол ұлан-ғайыр ұзақ тарихтың өн бойында әр халыққа да адамдардың бір-бірімен амандасу, сәлемдесу салттары тән болып келді.

Көне дәуірлерде адамдар өзара кездескен сәттерінде бір-

бірлеріне ең алдымен сол күнделікті тіршіліктеріне қажет нәрселерді тілеген тәрізді. Және ол барлық уақытта да денсаулық жайын сұраумен шектеле бермесе керек. Мәселен, қазір адамдар бір-біріне ұшырасқан сәттерінде: «Сен тамақ іштің бе?» – деп хал-жағдай сұрасса, аң-таң қалатыныңыз ақиқат. Ал императорлық Қытайда бұл дағдыдағы амандасу салты болған. Көне парсылар болса, алдымен адамның көңіл-күйіне назар аудару жағын бірінші кезекке қойыпты. Олар сәлемдескен кезде: «Пейілің ашылсын!» – деп тілек тілейді екен.

Түздік жұрттар бірін-бірі көргенде әуелі өздерінің өмірлеріне тірек болып отырған нәрселерді сұрар еді. Амандық-саулық барысында «Ел-жұртың, мал-жаның, қора-қопсың аман ба?» – деп сәлемдесу негізгі кәсібі мал бағып, дала төсінде ғұмыр кешуге негізделген қазақ халқына да тән салт екенін біз жақсы білеміз.

Үш құрлыққа тереңдей енген мұсылман діні жолай кездескен елдер мен халықтарды қылыштың жүзімен, найзаның ұшымен бағындырды. Бірақ Мұхаммед іліміне мойынсұнған осынау аймақтарда бейбіт тыныштық орнай қоймады. Сансыз соғыстар мен шапқыншылықтар халықтарды күйзелтумен болды. Сол замандарда бейбітшілік пен тыныштық – халықтар көксеген ең мұратты армандардың бірі болып еді. Адамдар да өзара кездескен сәттерінде бір-біріне осыны тіледі.

– Ассалаумағалайкүм!

– Уағалайкүмассалам!

Араб тілінен аударғанда «Сізге тыныштық тілеймін», «Сізге де бейбітшілік болсын» деген мағынаны білдіреді бұлар. Күн сайын, жылдар, ғасырлар бойы адамдар бір-бірімен кездескенде осы сөздерді сансыз қайталар еді. Бірақ халық аңсаған ол тілек әрдайым орындала бермейтін. Ауық-ауық шайқастар тұтанып, шаһарлар мен ауылдар шапқыншылыққа ұшырап, егінжайлар мен жайылымдар тапталып жатты.

Бәлкім, төбелеріне үздіксіз қылыш үйіріле бергеннен кейін, өздері қанша бейбітшілік тілегенімен, оның орнай қоймайтынына көздері әбден жеткендіктен, африкандық зұлыстардың бірін-бірі көрген кезде қарапайым ғана мынадай сөзбен тілдесуі туындаған шығар.

– Мен сені көріп тұрмын.

Екіншісі де оған осылай жауап берер еді.

– Мен де сені көріп тұрмын.

Әрине, амандық-саулық сұрасудан да бұрын туған салттардың бірі қолмен ишара, белгі жасау болғаны ақиқат. Алғашқы неандертал адамы аң аулап жүрген кезде, алдынан өзі тектес екі аяқтыны кездестіргенде оған өзінің шабуыл жасауға ниеті жоқтығын көрсету үшін оң қолын жоғары көтерер еді. Бұл оның: «Көріп тұрсың ғой, мен қарусызбын», – дегені. Бұл ишара көне Мысырда да белгілі болыпты. Онда адамдар бірімен-бірі кездескенде, қолдарын иықтарының тұсына дейін көтеріп, алақандарын ашып көрсетеді екен. «Мен қарусызбын, қолымда ештеме жоқ, саған адал ниетпен келдім». Мұны біздің қазіргі қол алысуымыздың бастапқы көріністері десе де болады. Ал қоштасу кезіндегі қол алысу, әу баста, осы кездесу кезінде бір-бірімізді ренжіткен жоқпыз, алдағы уақытта да пейілдеріміз адал күйінде қалсын дегенді білдірді.

Амандасқанда, үйге кіргенде бас киімді алу дағдысы да ежелден ұласқан салт. Орта ғасырлар кезінде ел кезген сері-рыцарьлар үйдің босағасынан аттай бере темір дулығаларын шешіп, өздерінің үй иесіне сенетіндігін, оны құрмет тұтатынын көрсетеді екен. Мұздай қару асынған рыцарьлар әлдеқашан жоғалса да, бұл дағды біздің сәлемдесу салтымыздың бір белгісі ретінде қалып қойды.

Дүние жүзінде нешеме түрлі амандасу салттары бар. Мәселен, тибеттіктердің бір-бірімен сәлемдесуі, оң қолымен бас киімін шешіп, сол қолын құлағының артына ұстап, тілдерін шығару арқылы жүзеге асады екен. Жапондардың амандасу салтында үш түрлі иіліп сәлемдесу рәсімі бар. Төмен, орташа және жеңіл иілу. Жапон студенті өзінің профессорын таңертең бірінші кездестіргенде, оған орташа иіліп сәлемдеседі. Бұдан кейін де сол күні онымен әр ұшырасқан сайын жеңіл иіліп амандасуы керек. Және бұндай реттерде олардың екеуі де бір сәтте иілуі шарт. Бірақ жасы кішісі үлкеннің алдында төменірек иілуге тырысады. Ал әйгілі саяхатшы Давид Ливингстон Африкада жүрген кезінде бір елді мекен тұрғындарының оларды қиқулап, шыңғырып шығарып салғанына таңданғанын жазады. Сөйтсе, ол сол тайпаның қонақтарға ең үлкен қошемет жасаған түрі екен.

Иә, адамзат тарихына көз жүгірткен сайын сәлемдесудің түр-түрлерін, әрқилы ерекшеліктерін кездестіреміз. Мушкетерлер сәлемдесетін адамның алдына денелерін сәнді иіп жіберіп, қауырсын қадаған қалпақтарын желпіді. Король сарайы маңындағы келіншектер екі қолымен көйлектерінің

етектерін демей тізе бүкті. Орта Азия халықтарында сол жақ кеудесіне қолын қойып, басын иіп амандасу салты қалыптасқан.

Үнділер екі алақанды біріктіре маңдайына тигізіп бас иеді. Түрк тектес кейбір халықтардың дәстүрінде келіндер өздерінің жолы үлкен қайын жұртына сол тізесін бүгіп, ал қайын аға, қайын атаның үйіне енгенде оң тізесіне екі қолын тигізіп, сол аяғын бүгіп үш рет сәлем береді. Қазір де қазақ отбасыларында жас келіндер қайын ағалары мен енелеріне сол дәстүрдің оңайланған, жеңілденген түрі – екі қолын қусырып, иіліп ізет жасайды. Бұл үлкенге деген ілтипаттың, қадірлеудің белгісі. Мұндай сәттерде оларға: «Көп жаса, қарағым», – деп рақмет айтады.

Алайда әр халық дәстүрінде, әр ыңғайда орындалып, әр тілде айтылғаны – әрқилы ұғымды білдіргенімен бұл орайдағы мүдде біреу-ақ. Ол бір-бірінің саулығын сұрасу, өздерінің аман-есен кездесіп тұрғанына қуаныш білдіру, ниеттері ақ, адал екендіктерін сездіру. Барлық замандар мен барлық халықтарда сәлемге сәлеммен жауап бермеу әдепсіздіктің ең нашар түрі, сол ортаны, жұртты сыйламаушылық болып табылды. Өйткені, амандасудың қысқа ғана қайырылған сөздері мен тіркестерінде үлкен де мәнді мағына жатар еді.

«Сәлеметсіз бе!» Бір ауыз ғана сөз. Бірақ: «Мен сені аман-есен ұшырастырып тұрмын, ағайын. Пейілің шырайлы, жүзің жарқын болсын, мен сені сыйлаймын, сені де сыйластық танытады деп білемін. Өз басым саған саулық, амандық, бақыт тілеймін», – деген бір қауым ойларды меңзейді ол...

Кішіпейілділік – кішілік емес, кісілік

Енді сөз арнасын қазіргі кезде күнделікті өміріміздің бөлінбес бір бөлшегіне айналып кеткен осы сәлемдесу салттары – әр ортада этикет талаптарына лайық қалай жарасымды атқарылуға тиіс деген мәселеге бұрайық.

Бұл ретте, ең әуелі: «Қалай амандасқан жөн?» – деген сауалдың басын ашып алған мақұл. Өйткені, ол бір қарағанда қарапайым ғана нәрсе болып көрінгенімен, әдеп және тәлім мәселелерімен тығыз сабақтасып жататын кішіпейілділік қағидаларына қатысты келелі мәселе. Халқымыздың мақал-мәтелдеріндегі: «Ұлық болсаң – кішік бол», «Кішіпейілділік – кішілік емес, кісілік», «Ағадан –

ақыл, ініден – ізет», – деп ой тарқататын әдеп үрдістері де бір жағынан осы сәлемдесу реттеріне келіп сайып жатады.

Қалай амандасқан жөн? Бұл орайда ең бірінші ескеретін жайт, сіз амандасқалы тұрған адамға жарқын жүз, райлы пейіл танытуыңыз болса керек. Оны менсінбей тұрғандай, қолды селсоқ, сұлық ұсына салу тәрбиелімін деген адамға еш жараспас. Әдетте жігіттер амандасқан кезде жеңіл ғана иілу ишаратын қоса жасайды. Ал қыздар мұндайда сәл ғана ба-сын изейді. Әрі жастар өздерінен үлкен, қадірлі адамдармен амандасқан кезде олардан гөрі төменірек иілгені жөн. Сондай-ақ халқымыздың дәстүрі бойынша кішілер үлкендерге сәлем бергенде қос қолдап амандасқаны дұрыс. Бірақ бұл қазіргі кезде әр ортаның өз ерекшелігіне, әр жағдайдың ретіне байланысты жүзеге асуға тиіс.

Жарқын жүзді, жылы шырайлы сәлемдесулерге сол ыңғайда жауап қайтарылары кәміл. Әрине, бұл орайда жақын таныстармен, көңілі ортақ достармен қауышқан кездегі амандасу ретінің бұрын танымайтын адамдармен кездескеннен гөрі ашық-жарқын, шын пейілде атқарылатыны да түсінікті.

Әлбетте, амандасу «Сәлеметсіз бе?» деген сөзбен қатар жүреді. Және қазақ дәстүрінде осы орайда бірнеше амандасу реттері қалыптасқан. Мәселен, жасы кішілер үлкендермен, ақсақалдармен кездескенде, әдетте «Ассалаумағалайкүм», – деп қол алысады. Ал өз қатарларымен амандасқанда бір-бірінен «Сәлеметсіз бе?» – деп саулық сұрайды. Жасы үлкен аналарға, әжелерге, кейуаналарға сәлем бергенде «Амансыз ба?» – деп айту қалыптасқан. Бұл оларға деген ізет пен ілтипаттың белгісі. Сондай-ақ, тәулік мезгілдеріне орай кей реттерде «Қайырлы таң», «Кеш жарық», – деп те сәлемдеседі.

Жақын таныстармен амандасқан сәттерде олардың аты-жөндерінің де «Сәлеметсіз бе, Әшірбек», «Сәлемет пе, Бақыт», – деп қоса айтылып жататыны бар. Жасы үлкен адамдарға: «Ассалаумағалайкүм, Сәке!», «Сәлеметсіз бе, Бәке!» немесе ресми қарым-қатынастар барысында: «Сәлемет сіз бе, Жұмабай Асанұлы!» – деген ыңғайда айту қалыптасқан.

Көпшілік орындарда сәлемдесу кезінде даурығу, орынсыз дауыс көтеру, өзімсініп сөйлеу жұрт үшін кері әсер ететінін ұмытпау керек. Ең жақын достың өзіне де көшенің бергі бетінде тұрып «Ой, қасқа, амансың ба?!» немесе

«Сәлемет пе, шал!» деп айғайлап, қол бұлғап жату жараса қоймайды. Әдетте көшеде өзіне қарсы кездескен адаммен оған дейін үш-төрт метр қалғанда амандасады. Ал сәлемдесетін адамыңыз сіздің алдыңызда келе жатса, онымен қатарласып барып тіл қатысқан жөн.

Көпшілік отырған жерге кіргенде, олармен ауызша жалпылай бір рет амандасады да, өз орнына жайғасқасын, қасындағы көршісімен бас изеседі, не қол алысады. Егер асхана, мейрамханада басқа адамдар отырған үстелге жайғасар болса, олармен ауызша сәлемдесіп, кетерде бас изесіп қана қоштасқан мақұл. Пойыздың купесіне, мекеменің қабылдау бөлмесіне кірген кезде онда отырғандармен жалпылай сәлемдеседі. Таксиге не алыс қашықтыққа жүретін автобуска мінерде де әуелі оның жүргізушісімен амандасады.

Сәлемдескен кездерде орнынан тұрып, ізет білдіру – сыпайылықтың белгісі. Жасы үлкенді, әйелдерді сыйлау әрбір мәдениеттімін деген адам бойынан табылуға тиіс қасиеттер десек, олар осы әу бастан, сәлемдесу барысынан-ақ көрінуге тиіс.

- Жас жігіттер жандарынан өтіп бара жатқан әйелмен не өздерінен үлкен кісімен амандасқанда орнынан тұрып ізет білдіреді. Ал жас қыздар қастарынан егде адам амандасып өткен кезде ғана орнынан сәл түрегеліп, әдеп танытады. Жасы өзінен көп үлкен емес әйел немесе ер кісі өткен кезде қыздың орнынан тұруы шарт емес. Егде тартқан ер адамдар да қасынан өткендермен отырған күйі бас изесіп қана амандасады. Егерде ол өзінен жасы үлкен әйел немесе ер кісімен сәлемдесе, сәл ғана түрегелу ишаратын жасайды.

- Қызмет орнына, бөлмеге келген адамдармен ер кісі түрегеліп амандасады. Ал оның кабинетінде көпшілік бас қосқан кезде ол әрбір әйел адам кірген сайын түрегеліп, ол жайғасқаннан кейін ғана орнына отыруға тиіс. Жасы егде, қадірлі адам енген кезде де осы ізет қайталанылады.

- Қол алысып амандасқан реттерде ер кісі кірген адамның жынысы мен жасына қарамастан орнынан тұруға міндетті. Қыздар мен келіншектер де бөлмеге өздерінен үлкен әйел кіргенде орындарынан тұрады. Бұл оның жасына деген ілтипаттың белгісі. Ал ер адам бөлмеге кірген кезде, егер ол егде кісі болмаса, қыздардың орнынан тұруы қажет емес. Қызметте әйелдер ер кісі өзінің бастығы болған кезде ғана орнынан тұрып ізет танытады. Түрегеліп сәлемдесу қасындағылар үшін ыңғайсыз болатын көпшілік орындарда

(театр, кино, кафе, т. б.) ер кісілер таныстарымен сол отырған күйі басын изеп амандасады.

Кімнің бірінші сәлемдесуі керек? Бар халықтардың әдеп-салттарына тән, ортақ нәрсе: бірінші болып жасы кішілер үлкендермен, ер кісілер әйелдермен, қызметкерлер бастықтарымен, балалар ересектермен амандасады. Сондай-ақ жас қыздардың егде тартқан ер кісілермен бірінші болып амандасуы жарасымды.

Әрине, біз қазір өзімізден үлкен, қадірлі адамдармен амандасып тұрған кезде, көне Үндістанда бұдан екі мың жылдай бұрын дүниеге келген, адамзат тарихындағы алғашқы жүйеленген моральдық-этикалық кодекстердің бірі «Ману заңдары» деп аталатын еңбекті білмеуіміз де мүмкін. Ал осы заңдардың бір тармағынан: «Кім үлкенді құрметтеп сәлем берсе, оған төрт қасиет: ұзақ өмір сүру, көп білу, даңқ және саулық рухының нұры жауады», – деген өсиет сөзді оқуға болар еді.

Қазіргі этикет заңдары бойынша үйге, бөлмеге кірген адам өзіне дейін онда отырғандармен бірінші болып амандасады, ал шығып бара жатқанда қалғандармен бірінші болып қоштасады. Қонаққа келген кезде, ең алдымен үй иелерімен, содан кейін ғана басқа кісілермен сәлемдеседі. Қонақтармен әдетте олардың жасы мен жолына қарай емес, қандай ретпен отырғанына қарай амандасады.

Этикет салттары бірінші болып кім амандасуы керек деген сауалға осылай жауап береді. Бірақ мұны қатып қалған қағида деп те ұқпаған жөн. Ол әр ортаның, әр жағдайдың ыңғайына байланысты өзгеріп отырады. Біздің оған қосарымыз, мұндай реттерде екі адамның қайсысы кішіпейіл болса, бірінші сәлемді сол берер.

Қол алысу. Халқымыздың дәстүрінде қол алысып амандасуға ерекше көңіл бөлінген. Әрбір қазақ отбасында жас баланы сәби кезінен үлкендермен қол алысып амандаса білу дағдысына тәрбиелейді. «Атаңа екі қолыңды беріп амандас», «Көкеңмен сәлемдес», «Ағаңның қолын ал», – деп жатады ата-ана. Ондай кездерде үлкендер де баланың қол алуға деген ықыласын арттыра түседі. «Таудай бол!», «Үлкен жігіт болып өс!», «Ой, азамат болыпты ғой!» – деп жас баланың мерейін өсіріп тастайды. Осындай тәрбие аясында өскен жас ұрпақ кішкентайынан үлкен адамдармен, ақсақалдармен қос қолдап амандасу керектігін ұғынады, әрдайым сол тәртіпті сақтауға тырысады. Бұның үлкендерге деген құрмет, оларды сыйлау, қадірлеу екендігіне жастай

қанық болып өседі. Осы тәлімді ұстанған қазақ жұртында әдетте бірінші болып жасы кішілердің үлкендерге қол беру дағдысы қалыптасқан. Бұл өз реті мен орайында үйлесімді де жарасымды.

Халықаралық этикет салты бойынша бірінші болып жасы үлкен – кішісіне, әйел – еркекке, ұстаз – шәкіртіне, бастық – қызметкеріне қол ұсыну жүйеленген. Бұл әсте жасы кішілермен ізет жасауға тиіс жандардың ресми, көпшілік орталарда жастар орынсыз қысылмасын, өздерін еркін сезінсін деген көңілден туған болса керек. «Міне, мен саған бірінші болып қолымды ұсынып отырмын, бұл саған деген ниетімнің дұрыс екенін көрсетеді», деген пейіл табы бар онда.

Сәлемдесу кездерінде қыздар өздері ұсынбаса, жігіттердің олардың қолдарын тартып алғандай боп сілкілеп жатуы дұрыс емес. Бұл ретте ең жөні, жай ғана бас изесіп амандық-саулық сұрасу. Егер қос жұп (мәселен, ерлі-зайыптылар) кездессе, алдымен әйелдер өзара, ерлер өзара қол алысады, содан кейін ғана әйелдер ерлермен амандасады.

Тамақтанып отырған кезде, үстел арқылы ас үстінен қол алысу дұрыс емес. Қолды қатты қысып жұлқылау немесе сұлық тастай салу да тәрбиелі кісіге жараспайды. Созған қолды алмау – адамның намысына тию болып саналады. Егер белгілі бір себептермен қолыңызды бере алмайтын болсаңыз, оны түсіндіріп айту шарт.

Қолғаппен жүрген кезде оны әдетте шешіп амандасады. Жалаңаш қол алысу – сол адамға деген сыйластықтың, оны қадір тұтудың белгісі. Әдеп қағидасы әйелдерге, егер олардың қолғаптарының қайтып киілуі қиын болса, оны шешпей-ақ амандасуға рұқсат береді. Солай бола тұрса да жас қыздар мен әйелдер өздерінен әлдеқайда егде, қадірлі адамдарға қолғабын шешіп амандасқаны мақұл.

Келіңіздер, танысайық! Ал енді адамдардың бір-бірімен танысу реттері туралы тоқталайық. Бір қарағанда мұның еш күрделілігі жоқ секілді көрінуі мүмкін. Расында да жастардың студенттік кеште, тойда, жол үстінде танысып, білісуі еш қиындық тудыра қоймайды. Оларға думанды ортаның табиғи ерекшелігі мен жас мөлшерінің бір құралпы болғаны көп әсер етеді. Алайда сіздің біреумен танысқыңыз келгенімен, оның ретін таба алмайтын сәттеріңіз де кездесіп тұрады. Бұндай кезде не істеу керек? Сол танысу кезінде қандай әдеп қағидаларына сүйенген жөн?

Ең бірінші ескеретін жайт, әлбетте жасы кіші үлкенге өзі келіп танысады. Екіншіден, қыздар жігіттерге өздері келіп таныспайды. Әрине, бұл ретте студент қыздың профессор ер кісіге барып оған өзін таныстырып, емтихан алуын өтіруді айтып тұрғанымыз жоқ.

Әдетте бұрын бірін-бірі білмейтін екі адамды олардың екеуіне де сыралғы үшінші адам таныстырады. Бұл орайда негізгі ұстанар ереже: алдымен жасы кішіні – үлкенге, жігітті – қызға, қызметкерді – бастығына таныстыру шарт. Егер олардың бірі жасы егде тартқан ер кісі, екіншісі бойжеткен не жас келіншек болса, онда бірінші кезекте ер кісінің аты-жөні айтылады.

Жас жігітті қадірлі, үлкен адаммен таныстыру кезінде одан бір жағынан рұқсат сұрау түрінде тіл қатысады: «Бәке (немесе Балтабай Асанұлы), сізді жас маманымыз Нұрланмен таныстыруға рұқсат етіңіз? Ол биыл ғана техникалық университетті бітіріп келді...». Жасы үлкен кісі жоғары қызметте істейтін адам не белгілі ғалым болса, оның жұмысын, жөнін айтып таныстырып жату үйлесімсіз. Басқа жағдайларға «Мына кісі біздің ауылымыздың қадір тұтар үлкені, көбіміз осы кісінің тәрбиесінде өстік», – деп жасы үлкенді де екінші кезекте нақтылы таныстырып өтеді.

Қазақтың әдет-ғұрып дәстүріндегі бір жарасты дағды – үлкендерді жасы кішілер: «Ата, әже, көке, ағай, апай, жеңгей, әпке, аға»; кішілерді үлкендер: «інішек, шырақ, қарындас, келін, қалқам», деп атайды. Бұның ең бір үйлесімді жағы, оның адамдар арасындағы қарым-қатынастар барысында едәуір жеңілдіктер ұсынатындығы. Мәселен, біздің танымайтын үлкен адамға: «ақсақал, ағай, апай» деп тіл қатып жөн сұрауымыз әдепті де сыпайы шығады. Сол сияқты халқымызда жасы үлкен адамдарды олардың есімдерінің бастапқы буындарымен құрметтеп айту дәстүрі де қалыптасқан. Мәселен, «Жақыпты – Жақа, Маханбетті – Мәке, Ержанды – Ереке»... деп атауымыз біздің оларды құрмет тұтатынымызды, ізет танытатынымызды өзара әңгіме, сөз, жұмыс барысында әрдайым байқатып, аңғартып отырады. Бұл үлкенді сыйлап, қадірлеуді дәстүрге айналдырған халқымыздың әдеп салтындағы жарасты ерекшеліктердің бірі.

Осы тектес әдеп тармақтарын адамдар арасындағы таныстықтар барысында да кездестіруге болады. Мәселен, жасы кішілерді олардан жасы үлкен ерлі-зайыптылармен таныстыру кезінде: «Мына кісінің аты Нағима, Серік

ағайдың әйелі», – деп айту үйлесе қоймас еді. Ал осыны халқымыздың әдептілік салтына салсаң: «Мына кісі – Серік ағайдың үйіндегі Нағима жеңгей (апай)», – деп айту алдыңғыдан әлдеқайда сыпайы шығады. Сондай-ақ жас жігіттің жасы үлкен адамдарға өзінің келіншегін таныстырғанда: «Менің әйелім, Сәуле», – деп жатуы ұтымды бола қоймас. Бұндайда халқымыздың сыпайылық салтында қалыптасқан: «Біздің үйдегі Сәуле келініңіз (қарындасыңыз)», – деп айту одан гөрі ұнасымды шығады.

Адамдар қонақта не әртүрлі бас қосуларда отырған шақтарда, оларды әдетте үй иесі немесе сол отырысты ұйымдастырушы адам өзара таныстырады. Егер қонақ өзімен бірге бөтен адам ертіп келсе, оны ең әуелі үй иелеріне таныстыру керек.

Қонақ жұрт дастарқан басына жайғасып қойған кезде келді делік. Мұндайда үй иесі оны қарсы алып, басқа қонақтарға таныстырады. Ал қонақтар көп болса, оған дастарқан басындағылардың бәрін тізіп жатпайды, тек қасына отыратын көршілерін ғана таныстырумен шектеледі. Егер қонақтарды сол үйдің ұлы не қызы шақырған болса, онда жұрт жиналған бөлмеге ата-аналары кірген кезде, оларға міндетті түрде келген меймандарды таныстырып шығу шарт.

Қонақтарды бір-бірімен таныстыру барысында олардың жеке қасиеттеріне үйлесетін сөздерді қоса айту да артықтық болмайды. Мәселен, танысқалы тұрған екі мейманға: «Қасым, мына Ертай да өзің сияқты әдебиетті жақсы көреді», – деген сөз, өзінен-өзі енді ғана жүздесіп отырған адамдардың еркін әңгіме-дүкен құруы үшін алғашқы тақырып ұсынар еді. Әсіресе мұндай тәсіл ұяң, көп сөйлемейтін адамдардың сол ортаға бейімделуі үшін аса керек-ақ.

Әрине, басқа адамға жас жігіттің жеке өзінің барып танысуы қиындау. Бұл ретте, мәселе ең әуелі сол жастың әдептілігі мен көргенділігіне байланысты. Кішіпейіл де сыпайы адам қай уақытта болсын танысудың орайын таба алады. Көпшілік орындарда өзін-өзі ұстай білетін адам өзінің жарасты биязылығымен, инабаттылығымен-ақ танысар адамның көңілінен шыға білері хақ. Жігіттің қыз алдында есік ашу, ілтипатпен жол беру, түсіп кеткен заттарын алып беру сияқты кішкене ғана инабатының өзі, алғашқы тіл қатысулардың басталуына, содан оның таныстыққа ұласуына септігін тигізуі әбден мүмкін.

АДАМНЫҢ КҮНІ АДАММЕН



Әдептен озбайық...

Бірде көп жылдар бойы ауыл мектебінде мұғалім болып істейтін кісі өз басынан өткен мынадай уақиғаны айтып еді.

«Жуырда бір жұмыспен облыс орталығына бардым, – дейді ол. – Көшеде келе жатқанымда кенет ана жылдары институтта бірге оқыған ескі танысым кездесе кетті. «Мәссаған, мынау сенсің бе, ей?» – деді ол мені анадай жерден көргеннен гүжілдеп. Сөйтті де менің иығымнан екі қолымен қаусыра ұстап тұрып, басымнан аяғыма дейін сүзе қарап өтті. Сосын: «Қалай арықтап, қалай қартайып кеткенсің?» – деді өкінішті үнмен.

Шынын айту керек, мен сол жерде кілт бұрылып жүріп кеткім де келді. Бірақ өзімді-өзім әзер тежедім... Кейін ауылға қайтып келе жатып тағы ойладым. «Мен оған сонша несіне ренжідім? Қартайғаным өтірік емес қой». Сөйтсе де оның мені кездестіргендегі қылығы, оның сөзі сол күнгі көңіл-күйіме кәдімгідей әсер етті. «Ойпырмай, «Көңіл бір атым насыбайдан қалады» деген осы екен-ау», – деп ойладым. Бәлкім, оның мінезі дәл осындай көкейіне келгеннің бәрін тоқтатпай айтып салатын «аңқылдақ» шығар. Бірақ қанша дегенмен де адамның көңілін сыйлау, әдептен озбау деген бар емес пе? Шынында да, біз кей реттерде адамдар қарым-қатынасында ізеттілік, сыпайылыққа көп көңіл аударма бермейтін сияқтымыз. Ал

мен әрқайсымыздың да ең бірінші ескеретін нәрсеміз осы жайлар болуы керек дер едім...».

Ал мынадай жайт жоғары оқу орнында оқитын студент қыздың басынан өтіпті.

«Жақында оқудан автобуспен қайтып келе жатыр едім, аялдамадан екі-үш жігіт мінді. Әп-әдемі жігіттер. Өздеріне өздері ұқыптап қарайтын жандар екені бірден байқалады. Олар автобуска мінген бойда орта тұстағы мен отырған орындықтың қасына келіп тұра-тұра қалды. Байқауымша, ішіп алған болулары керек, өздерін көңілді сезінеді. Қарап тұрған жоқ, аздан соң маған сөзбен тиісе бастады. «Қарындас, есіміңіз кім? Таныс болайық...». Әр нәрсені бір айтады. Орынсыз күледі.

Мен өз аялдамама жеткен соң түсіп қалдым. Сөйтсем, әлгі жігіттер менімен бірге ілесе түсіпті. «Баратын жеріміз бір екен ғой, қарындас», – дейді. Айнала қараңғылық бүркеп қалған кез. Үйге қарай жүре берейін деп едім, жолымды кескестеп жіберер емес. «Бізбен бірге жүріңіз, сізді қонаққа шақырамыз, – дейді. – Бәріміз жас адам емеспіз бе, көңіл көтеруге қарсы болмассыз, музыкамыз, ішімдігіміз бар». Біреуі білегімнен қатты ұстап алыпты.

«Рақмет, бармаймын, жіберіңіздер», – дедім. Бірақ олардың босататын ыңғайы жоқ. Шыдай алмадым, қыстығып жылап жібердім. Содан кейін ғана олар қолымды босатты. Үйге қарай жүгіре жөнелдім. Артымнан қарқылдап күліп жатыр.

Бұл бір мысал ғана емес. Жігіттеріміздің көшеде дөрекі сөйлеп, орынсыз даурығып тұратындарын, автобуста үлкендерге, әйелдерге орын бермейтінін, көпшілік орындарда өздерін-өздері дұрыстап ұстай алмайтынын, әдептілік, кішіпейілділіктері кенже жататынын ауық-ауық көріп жүреміз. Сондайда өзіңнен-өзің ыңғайсыз күйге түсіп қысыласың да...».

Екі дерек. Алайда екеуінің де ортаға тартар ойлары біреу. Екеуі де күнделікті өміріміздегі ізетті де сыйлас қарым-қатынастар туралы мәселені қозғайды. Бір қарағанда аңғарыла да бермейтін, алайда байыптап назар аударар болсақ, әр ортада өзін-өзі ұстай білу мен сыпайылық қағидаларына қатысты әңгіме тақырыбына жетелейді.

Осындайда бірауық халқымыздың тәрбиелік, тәлімдік дәстүріне көз жіберер едік. Үлкенді құрметтеп қадір тұту, адамдар арасындағы ілтипатты қарым-қатынастар, екі жақты сыйласа білу – қазақ жұртының ежелден-ақ берік ұстанған

әдеп-тәлімдерінің болғаны бізге аян. Мұны ғасырлардан ғасырларға ауысып келген мол нақыл сөздердің өзінен-ақ байқауға болар еді. Олардың бірі: «Үлкенді сен сыйласаң, кіші сені сыйлайды, кіші сені сыйласа, кісі сені сыйлайды», – десе, екіншісі: «Аға әдепті болса, іні әдепті. Әпке әдепті болса, сіңлі әдепті», – деп ой қайырады; үшіншісі: «Әдептің не екенін, әдепсіз адамды көргенде ұғарсың», – десе, төртіншілері: «Әдепті жігіт өсірсең, ауылдың абыройы», – деп пікір түйеді...

Осы тектес мақал-мәтелдердің бәрі де бізге жұртымыздың әр уақытта да әдептілікті құрметтегенін, сыпайы, кішіпейіл адамды басқаларға үлгі-өнеге ете білгендігін, жас ұрпақтың тәлімді, тәрбиелі болып өсуіне ерекше назар аударатындығын айқын көрсеткендей болады. Халық адамдар арасында сыйлас қарым-қатынастар жүрген кезде, әрдайым тіршіліктің де пейілді, райлы өтетіндігіне ден қойды. «Бінтымақ жүрген жерде – ырыс жүреді», «Сіз» деген – әдеп, «біз» деген – көмек», – деп түйетін нақыл сөздер ел ұстанған сол тілек, мүдделерден туындаған.

Қазақ дәстүрінде жастардың үлкендер алдына адуындап кіріп, асқақтай сөйлеуі сөкеттік ден саналды. Ауыл ақсақалының қолын алу үшін, алыстан келген азамат атынан аулағырақ тұста түсіп, үйге дейін жаяу аяндар еді. Сырттан жасы үлкен адам кірген кезде орнынан тұрып сәлем беру, атқа қолтығынан демеп мінгізу, онымен сөйлесу, әңгімелесу барысында ізет пен ілтипат танытып отыру жасы кішілерге тән әдеп салттары болды.

Қыз балаларды қадірлеу де қазақтың қастерлі ұғымдарына сайды. «Қыз – жат жұрттық», демек ол өз үйінде жүрген кезде көңіліне нала ұяламай өсуі керек. Ертеңгі барар жері қандай болады? Бәлкім, әлпештеп өсірген осы алтын ұясы оның ең бір бақытты, әсем жылдары шығар деген ниет жатыр мұнда.

Әйелдер мен балаларға қорғаныш бола білу, оларға құрметтей қарау барша халықтар салттарында да талайдан көрініс беріп келе жатқан сипаттардың бірі. Бұл ретте назарға алынар әуелгі нәрсе – әйелдердің задыда өздеріне арқа сүйер қорғаныш іздейтін нәзік жандар екендігі, ал балалардың оған қоса бар қызығы мен болашағы алдан күтілетіндігі.

...1912 жылы Атлант мұхитында сойқан апат болды. Аса зор «Титаник» деп аталатын жолаушылар кемесі Еуропадан Америкаға алғашқы сапармен келе жатқан-ды. «Титаниктің»

қожалары кеменің капитанына мұхитты басқа кемелерге қарағанда жылдам кесіп өтуге тапсырма берген еді. Олар мұнысымен аты көпке мәлім кемеге қалтасы қалың, бай жолаушыларды көбірек тартуды ойлаған. Бірақ екі арадағы қашықтықты қысқарту үшін кәдуілгі маршрутпен емес, одан солтүстік тұсқа қарай өтетін төте жолмен жүру керек болатын. Ал солтүстік бойлықта мұзтаулар (айсбергтер) жиі ұшырасатындықтан, бұл жол қауіпті еді.

Қожайындардың нұсқауын «Титаниктің» капитаны, амал жоқ, орындауы керек болған. Ол жылдары қараңғылық пен тұман кезінде де көруге мүмкіндік әперетін арнайы радарлар шыға қоймаған еді. Сондай түндердің бірінде үлкен жылдамдықпен келе жатқан кеменің түбі айсбергке соғылды. Мұз тескен ойықтың үлкендігі сонша, оны бітеу де еш мүмкін еместін. «Титаник» біртіндеп суға бата бастаған. Капитан:

– Қайықтарды түсіріңдер! – деп бұйрық берді. Алайда қайықтар барлық жұртқа жете бермейтін.

Оларға жолаушылардың жартысы ғана сиятын еді. Енді бір сәтте:

– Әйелдер мен балалар, баспалдақпен төмен түсіп, қайықтарға мініңдер. Еркектер құтқарғыш белбеу байлаңдар! – деген келесі бұйрық айтылды.

Еркектер үн-түнсіз күйі кеменің жақтауынан кейін сырғыды.

Кеме ақырындап мұздай суға батып бара жатты. Апатқа ұшыраған кемеден бірінен соң бірі әйелдер мен балаларға лық толы қайықтар ақырындап ажырап жатты.

Соңғы қайыққа отырғызу басталғанда, бет-жүзінде зәре-құт қалмай, үрей жеңген бір жуан мырза баспалдаққа қарай тұра жүгірді. Жолай кездескен әйелдер мен балаларды қағамаға, матростарға бума-бума ақша тықпалап, қайыққа секіргісі келген. Сол замат капитан тапаншасының шаңқ еткен даусы шықты. Қорқақ тіл тартпай палубаға құлап түсті. Бірақ ешкім де ол жатқан тұсқа аяушылықпен қараған жоқ. Еркектер капитан мінбесін қоршалай сабырлы күйде үнсіз тұрды...

* * *

Күнделікті өмірде, әрқилы ортада өзін-өзі дұрыс ұстай білу, әдеп пен өнеге сақтау әр адамның алған тәліміне, ненің жөн, ненің теріс екенін сезіне, түйсіне білу қасиетіне байланысты.

Мынадай бір көз көрген жай еске түседі. Вокзал іші. Жағалай орындықтарда пойыз күткен жолаушылар. Он бір, он екі жасар бала қарсы алдында отырған, бет-аузының сиқын күйік пен тыртық бұзып кеткен мосқал адамның жүзіне кірпік қақпай тесіле қарайды. Ана кісі ыңғайсызданып бетін басқа жаққа бұрады. Бірақ бала қымсынуды білмейді, одан әрі үңіле түседі. Оның қасында отырған әке-шешесі баланың бұл қылығын байқар емес, өзара қызу әңгімеге кірісіп кеткен. Жасы егде тартқан ана кісі не сезінді екен осы сәтте? Лапылдап жанған өрт ішіндегі алапат ыстықты еске алды ма? Жоқ әлде, ауруханадағы операция үстелінде құйқасы шымырлап жатқан кездерін ойлады ма? Кім білсін. Бірақ оның дәл осы кезде мына баланың беймаза көзқарасынан ығыр болғаны, қысылғаны, қиналғаны рас.

Басқа жұрттың өздерін әбден ығыр ететін көзқарасына, әсіресе әйгілі адамдар, жазушылар, әртістер, спортшылар көп ұшырайды. Мұндайда біз кейде оларды ыңғайсыз күйге түсіріп тұрғанымызды ойлай бермеуіміз де мүмкін. Кезінде өзге жұрттың осындай қызығушылығынан Пушкин де көп қысылыс көрсе керек. «Менің оған соншама өрескел тесіле қарағаным, оған тым ұнамсыз әсер еткен болуы керек, – деп жазды ұлы ақынды қаза табарынан бірнеше күн бұрын көрген бір адам. – Ол иығын бір қозғады да шетке ығысып кетті». Кейіннен осы адамның өзі де бөгде жұрттың әй-шәй жоқ ығыр көзқарастарына көп душар болып, мұның қаншама ыңғайсыз екендігіне көзі жеткен еді. Ол – болашақ жазушы И. С. Тургенев болатын.

Ал классикалық жапон этикеті басқа елден келген адамдармен ұшырасқан кезде, оларға арқасын беріп теріс айналу керектігіне нұсқау береді. Бұрын мұндай әдеп салтынан хабары жоқ адамға осы қылық оны сыйламаушылық ретінде де танылуы мүмкін. Ал жапондар болса, мұны танымайтын адамды беймаза көзқарастармен ыңғайсыз күйге түсіргіміз келмейді деп ұғындырады.

Біз күн сайын қанша адаммен кездесіп, қанша адаммен амандасамыз, қатынасамыз. Біреумен сегіз сағат бойы жұмыста бірге болсаң, біреумен екі минут қана тілдесуіміз мүмкін. Қанша адаммен көшеде, көлікте көзқарас алмасып қана өтеміз. Алайда барлық уақытта да адамдардың көңіл күйі, өзін-өзі сезінуі, жұмысқа деген қабілеті, сол кездескен адамдардың саған қалай әсер еткеніне де қатысты боп жатады. Таңертең үйден көңілсіз шыққаныңыз, не дүкенге

кіргенде сатушыдан дәрежелік естігеніңіз, не қызметке келісімен бастықтың ренжіткені, сіздің сол күнгі жұмысыңызға ықпалын тигізері де кәміл. Демек, осы жерден, адам мен ортаның бір-біріне дұрыс та ұнасымды қатыса білу реті келіп шығар еді.

Ұнасымды қатыса білудің тіршіліктегі алар орны ерекше. Өйткені әр адамның мінез-құлқы әртүрлі емес пе? Осы орайда итальян жазушысы Джанни Родаридің саяхатшы Джованнино Периджорно туралы ертегісі еске түседі. Джованнино өзінің саяхаттарының бірінде Сабан адамдар еліне тап болады. Олар өздеріне өткір сөз айтылған кезде де, дәл от тигендей лап ете қалады екен. Саяхатшының екінші бір сапарында жолы түскен Балауыз адамдар еліндегі тұрғындардың мінезі жұмсақ, икемге көнгіш, келісімпаз болып шықты. Ал Әйнек адамдардың нәзіктігі сонша, олар сәл абайсыз қимылдың өзінен күл-талқан боп сынып кететіндігімен ерекшеленіпті.

Әрине, бұл жерде ертегінің тұспалдап айтып отырғанын түсінудің еш қиындығы жоқ. Мұндай адамдарды кездестіру үшін басқа жаққа сапар шегудің де қажеті шамалы. Әрқайсымыздың да бір сөзге бола шарт етіп тұтана қалатын, не айтқанның бәріне бас шұлғи беретін немесе қызыл кеңірдек боп таласуға дайын тұратын таныстарымыз бар. Сәл нәрсеге бола ренжитін, не өзін-өзі жоғары ұстайтын, менмен, мақтаншақ адамдарды да ауық-ауық кездестіріп тұрамыз. Таныстарымыздың арасында тау қозғалса да қозғалмайтын сабырлылары, ұшып-қонба жеңілтектері де жоқ емес. Әрине, біз олардың әрқайсысына оның мінез-құлқына, жүріс-тұрысына сай келетін байланыс жасауға, яғни ұнасымды қатынасуға тырысып жүреміз.

Ұнасымды қатынас жасай білу. Бұл – адамзат баласының әу бастан өз өмірлеріне серік етіп, ұғыныса, сыйласа тіршілік құру сапарларында алға ұстанып келе жатқан әдеп салттарының ең көкейтестісі. Адамдар өздерінің арасында тату, кішіпейіл, өресі деңгейлес қатынастардың болғаны жөн екендігіне ежелден-ақ ден қойған.

Көне Үндістанда дүниеге келген этикет кодекстері – «Ману заңдарының» өзінде мынадай жолдар жазылған екен. «Ол өзінің ұстазына төсек үстінде, не тамақтанып отырған кезде, немесе одан қашықта тұрып, иә болмаса бетін басқа жаққа бұрған күйі жауап бермеуі, әңгімелеспейуі керек. Егер ұстазы түрегеліп тұрса, ол да тік тұрып ілтипат білдіруге тиіс...».

Ғұндар мемлекетінің айбарлы көсемі Аттила өзінің ақ ордасына басқа мемлекеттердің елшілері кірген кезде оларды орнынан тұрып қарсы алуды қажет деп санап қоймайды екен. Бұл оның өз басының басқалардан айбыны артық екенін көрсеткендегісі еді. Ал бірде Византия дипломаттары мен ғұн елшілері арасындағы келіссөздер кезінде, бұған керісінше жағдай өтіпті. Ғұндар бәтуаны жерде емес, ат үстінде отырып жасағысы келетінін айтып шарт қойыпты. Сонда қарсы жақты өздеріне жоғарыдан қаратып, жүздерін төмендеткісі келмеген византиялықтар да үзеңгіге аяқ салғанды мақұл көрген екен. Сөйтіп, ақыры келіссөздерді тең дәрежелі жағдайда өткізудің осылай орайы келіпті.

Адамзат тарихының өн бойында әр заман, әр халыққа тән әдеттер мен дәстүрлер өмірге келіп, соларға сай әдеп қағидалары туындап, ғасырлардан ғасырларға жалғасып, ұласып жатты. Өзінің ұзақ даму жолында елдер мен халықтар арасында үздіксіз жүретін әрқилы байланыстардың әсерінен үнемі құбылып отырғанымен, олар негізінен адамдар арасындағы сыйлас, тату қатынастарды діттеген еді. Ал әлеуметтік өзгерістер, нешеме ұрпақтардың талқысы мен өмір тәжірибелері оларды әр ортаға, дәуір талабына лайық сұрыптап, екшеп, жүйелеп отырды.

«Ата-ата! Сарқыраманың ар жағында, сылдыраманың бер жағында, маңыраманы ұлыма жеп жатыр, жанымаңызды білемеге білеп-білеп алып тез жетіңіз!»

Көпке белгілі осы бір тапқыр жолдар бізге қазақ тұрмысында көп ғасырлар бойы қалыптасқан, ауылдағы үлкен қариялардың аттарын жас келіндердің атамауы керектігі жөніндегі – әдеп салтын көлденең тартады. Жас келін атасына «бұлақтың ар жағында, қамыстың бер жағында қойды қасқыр жеп жатыр, соны сою үшін пышақты қайраққа жанып-жанып алып келіңіз», деген тіркесті айтуы керек болатын. Бірақ сол ауылдағы Бұлақбай, Қамысбай, Қойшыбай, Қасқырбай, Пышақбай, Қайрақбай деген кісілердің аттарын атауға құқы жоқ келін, оны қандай поэтикалық тұрғыда әсерлі жеткізе білді десеңізші!

Қазақ ғұрпындағы жасы кішілердің үлкендерді сыйлау және оларды қадірлеуді, жастарды ізеттілікке, кішіпейілділікке тәрбиелеуді көздеген әдеп салттарының бірі – осы жанама ат қою дәстүрі болған еді. Көп ғасыр бойы қалыптасқан қазақ халқының әлеуметтік, отбасылық жосыны бойынша жасы үлкен кісілерді олардың өз атымен

бақырайтып атау – әдеп салтымыз бойынша өрескел, ерсі болып көрінді. Халық жорасында өз ойынан жанама ат қою, әсіресе жаңа түскен жас келіншектердің сыпайы, әдепті мінезін меңзеді. Жаңа түскен келіндерге қойылар әуелгі талаптардың бірі – күйеуінің ауылындағы адамдардың: үлкен-кішілерінің аттарын еш уақытта атамауы, олардың барлығына жанама ат қою міндеті болды. Бұл салт бойынша олар тек өздері түскеннен кейін ғана туған балаларды ата-анасы қойған атпен атауға тиіс-тін. Жанама ат негізінен адамның түріне, мінезіне, кәсібіне қарай қойылды. Үлкендерді «ұста қайнаға, сынықшы ата»; қайындарын «аңшы жігіт, сал жігіт, молда жігіт, төрежан»; қайын сіңлілерін «еркежан, бикеш, үкіліжан, тетелес», – деді. Қайын ініге қойылатын есімдер көбінесе әзілге де орайластырылып «қалқан құлақ, жирен сары, қара бала, көзі ашық» деген аттар түрінде де келді. Жанама ат қою кезінде келіндер, әсіресе жаратылыс құбылыстарына, жан-жануарларға, тұрмысқа байланысты аттарды өзгертіп алуда ерекше тапқыштық танытты. Тіпті ауылдағы қариялардың ішінде «ай, күн, боран, тау, қасқыр, жылқы» сөздерімен басталатын аттар болса, оларды келіндер еш уақытта тіке атамай жанама ат қоятын. Осындайда олар айды – түнгі жарық, күнді – сәуле шашқан, жұманы – ауыр күн, бейсенбіні – атам аттас күн, жексенбіні – аты теріс күн, көрпені – жуырқан, қасқырды – ұлыма, боранды – шаңғыт, жолды – соқпақ, тасты – қиыршық деп басқа, бірақ соған ұқсас ұғымдармен де атар еді. Себебі, бұл сол келіндердің ауылында Айтуған, Күнтуған, Боранбай, Көрпебай, Жолдыбай, Тасболат деген кісілердің болғандығын корсетеді. Кейде келіндер қайнағаларының аттарын басқаша орайда, олардың тек бас әріптерін ғана алмастырып: «Боранбайды – Соранбай, Жолдыбайды – Молдыбай, Мәмбетті – Сәмбет, Жақыпты – Мақып», – деп отырар еді.

Қазақ әйелдері күйеулерінің де атын атамай, оларды «отағасы, біздің үйдің кісісі, бәленнің көкесі, ағасы» деді. Күйеуінің құрдастарын да атамай, оларды «құрдас» дейтін.

Қазақ дәстүрінде үлкеннің атын атамау, оған арнайы ат қойып, оны өле-өлгенше есінде сақтауды үлкен әдептілік, көргенділік деп есептейтін де, ондай адамдарға жұртшылық дән ризалықпен қарайтын. Өйткені кіші үлкенді сыйласа, үлкеннің өз тарапынан кішінің кісілігін сыйлауы – халқымыздың қанына сіңісті болған абзал ғұрып.

Әлеуметтік өзгерістер, елдің мәдени, білім дәрежесінің

өсуі қазақ халқының әдептілік, сыпайылық салттарының одан әрі байып, құнарлана түсуіне кең жол ашты. Адамдар арасындағы сыйлас, бауырмал қатынастарға бұрыннан да ерекше көңіл бөліп келген халқымыздың тәлімді дәстүрлері халықаралық этикет қағидаларымен жарасты үйлесіп кетті. Солардың бірі – халық тұрмысындағы жасампаз өзгерістерге байланысты туындаған, адамдардың көпшілік орындарда, көлікте, көшеде, қызметте өзін-өзі ұстай білуіне қатысты әдеп салттарының жүйеленуі.

Қазіргі заман адамы өзінің көп уақытын үйден тысқары жерлерде – жұмыста, қызметте, оқуда, жұрт арасында өткізеді. Сол күнделікті тіршілік барысында нешеме қилы байланыстар мен қарым-қатынастар жасайды. Қаншама адамдармен ұшырасады, сөйлеседі, пікір алысады. Сол бірімен-бірі алмасып, ұласып жатқан өмір ағымында ол бір қарағанда өзі де байқай бермейтін әртүрлі әдеп дағдыларын жасар еді.

Таңертең үйден шығып бара жатып көршісімен амандасып, қал-жағдай сұрасты, автобуста егде кісіге орын берді, сегіз сағат қызметте отырды, бастығына кірді, өзіне келген адамдардың бұйымтайларын тыңдады, кешке театрға келіп жаңа спектакль көрді, немесе қонаққа барды... Әрқайсымыздың да басымыздан өтіп жататын ұқсас жағдайлар бұлар. Алайда кей реттерде біз соларды өзіне лайық тәртіп пен әдеп деңгейінде орындамай жатуымыз да мүмкін. Әр туындаған жағдаятқа байланысты өзімізді қалай ұстап, қалай қарым-қатынас жасайтынымызды дұрыс біле бермеуіміз немесе аңғармауымыз да кәміл. Демек, адамдар арасындағы әдепті қарым-қатынастар сақтала қоймаған кездерде, әлгінде тараудың басында келтірілген екі деректе айтылатын жайларға ұқсас ренішті сәттер де көрініс беріп жатар еді.

Әрине, олардағы сын талқысына ұшырап отырған адамдар өздері тарапынан еш реніш тудыратын жағдай болған жоқ деп есептеуі де кәдік. Онда тұрған не бар: «Көп жылдар бойы көрмеген танысымды ұшырастырғаннан кейін, баяғы студенттік кезіміздегі әдетімізше өзімізді, еркін сөйлеген шығармын: немесе автобуста отырған қыз көңілімізге ұнап, онымен танысымыз, әзілдескіміз келген болар, кім олай етпей жатыр», – деп ойлаулары да мүмкін. Алайда осы бір аз ғана қылықтарымен-ақ олардың адамдар көңіліне қаяу түсіріп кеткені анық.

Ал егер сол жандар көпшілік орындарда, адамдар

қатынасында өзін-өзі ұстау мәдениеті мен ізеттілік қағидаларынан жақсы хабардар болып, әдептен озбауды алдын ала ойласа, олар өздерінің бұл қылықтары басқалардың көңілінде қаяу қалдыратынын білер еді.

Біздің ендігі сөз еткелі отырғанымыз да, сол сан-салалы өмір толқынында әрқайсымыздың көшеде, жұмыста, жұрт арасында қалай жүріп тұруымыздың мақұл екендігі, осы тұрғыда этикет ережелерінің нендей талаптар ұсынатындығы туралы.

Көшеде, жұмыста, жұрт арасында

Этикет салттарында әсіресе ер кісілерге көп міндеттер жүктеледі. Олар қай реттерде де болмасын әйелдер алдында жарасты ізет пен ілтипат таныта білуі шарт. Әрине, көшеде жүрген кезде де олар атқаруға тиіс әдеп қағидалары бірқыдыру.

Жігіт көшеде келе жатқанда әдетте қыздың сол жағында жүруге тиіс. Өйткені бұрыннан қалыптасқан дағды бойынша оң жақ әр уақытта сыйлы, қадірлі деп есептеледі. Ілгері замандарда жиекжолдары жоқ көшелерде ат жеккен арбалар жүрген кездерде ер кісі қасындағы құрбысын көлік қағып кетпесін деген ниетпен қорғаныш боп «қауіпті жақта» өзі жүреді екен. Қазіргі кезде көлікпен жүру ережелері жүйеленіп, жиекжолдар пайда болса да, осы әдет бүгінге дейін жетіп, этикеттің бір дағдысына айналып кетті.

Көп жұрт арасында, жігіт екі қызбен келе жатқанда олардың ортасында жүруі керек деген көзқарас қалыптасқан. Алайда бұның келісе қоймайтын жақтары да бар. Себебі, біріншіден, ортадағы орын әр уақытта қадірлі, сыйлы, сондықтан да оны жігіттің алғаны жөн емес. Екіншіден, ортадан орын алған жігіт екі жаққа да тең ілтипат жасаймын деп ыңғайсыз күйге түсер еді. Расында да ол қыздардың біріне бұрылған кезде, екіншісіне теріс қарайды емес пе. Сондықтан да жігітке сол жақ тұстағы шеткі орынды алған ұна- сымды болмақ. Сонда ол екі қызға да бірдей ортақ ілтипат жасай алады.

Жігіт автобустан, троллейбустан, пойыз вагонынан бірінші шығып қызға қол созып, оның түсуіне сүйемел жасайды. Сондай-ақ мекемеге, үйге кірер кездерде жігіт ілгері өтіп есік ашады да өзі қыздың соңынан кіреді.

Таксиге отырар кезде жігіт машинаның оң жақ артқы есігін ашып, қызды бірінші енгізеді. Мұндайда жігіт

жүргізушінің қасындағы алдыңғы орынға отырмайды. Онда бұл оның қызға деген ілтипатының жетпегендігі. Этикет салты бойынша жеңіл автокөліктегі ең сыйлы орын көп адам ойлайтындай, жүргізушінің қасында емес, оң жақтағы артқы орындық. Алайда көшеде тоқтаған автомашинаға қауіпсіздік ережесі бойынша оң жақтан отыру жүйеленгендіктен, бұл қағида сәл ғана өзгеріске түседі. Қыз бірінші кіріп жүргізушінің арқасындағы сол жақ орынға жайғасады да, жігіт оның соңынан еніп оң жаққа отырады. Егер де таксиден басқа автомашинаға отыру мекемелердің алдындағы арнайы аялдамада, немесе үйдің ауласында жүзеге асса, онда жігіт машинаға артқы сол есіктен кіріп, жүргізушінің арқасына жайғасады. Ал таксиге төрт адам отырған кезде арадағы сыйлы кісіні, артқы үш адамның бірі етіп сығылыстырмай-ақ, алдыңғы орынды ұсынған мақұл.

Егер де жігіт көлікті өзі айдаса, ол бірінші кезекте қызға алдыңғы орынға отыруға көмектесіп, содан кейін ғана өз орнына жайғасады.

Сізді досыңыз не танысыңыз өзінің көлігімен алып жүрсе, оның қасындағы алдыңғы орынға отыру керек, өйткені оның жалғыз өзін алда тастап кету сыпайылық емес.

Баспалдақтан түсіп келе жатқанда, жігіт қыздан бір-екі саты ілгері, ал көтерілерде бір-екі саты кейін жүреді. Мұндайда этикет салты бойынша жігіт қызға кез келген уақытта көмекке келуге дайын болуға тиіс деген ілтипат жатыр. Қыз сәл ғана сүрініп не тайып кеткендей болса, жігіт оны дереу сүйемелдей алады.

● **Киноға, театрға** келген кезде жігіт билеттерді тексеруші көретіндей етіп ұстап, қызды ілгері өткізеді. Ішке кіргесін жігіт бас киімін шешіп қолына алады. Оны ол шығар кезде ғана есік алдында киюі керек. Киім ілетін жерде жігіт алдымен қыздың сырт киімін шешуге көмектеседі. Нөмірлерді жігіт алады.

Жігіт билетте көрсетілген орынға қарай өзі бастап жүреді. Адамдар жайғасып үлгерген қатар аралығымен өз орындарына өтетін кездерде, бетті көрермендерге беріп жылжу керек. Алайда мұндай сәттерде қыз бірінші, жігіт екінші боп өтеді. Егер кино, театрға бірнеше жігіттер мен қыздар келсе, онда қатарлар аралығынан бірінші боп жігіт, олардан кейін қыздар, соңдарынан тағы да жігіт өтеді. Бұл қыздардың спектакль не киносеанс кезінде танымайтын адамдармен қатар отырмауын көздейді.

● **Кафе, ресторанда** егер үстел алдын ала таңдалып не

келісіліп қойылған болса, жігіт өзі жолды көрсетіп бастап жүреді. Қалған барлық жағдайларда жүріс тәртібі мынадай: даяшы, қыз, жігіт.

Үстелге келгесін жігіт орындықты кейін тартып қызды дастарқанға өткізеді де, ол жайғасарда орындықты үстелге қайта жақындатады. Жігіт қыздың сол жағына, ал егер үстел шағын болса оның қарсы алдына жайғасады. Үстелге отырғасын жігіт қызға дастарқан мәзірін беріп тамақ таңдауды ұсынады. Егер жігіт ол ресторанның дәм мәзірін жақсы білетін болса, бірнеше тағам түрлеріне өзі ұсыныс жасайды. Кейде қыз өзіне тамақ таңдауды жігітке толық сеніп тапсырады. Бірақ даяшыға тапсырысты әр уақытта да жігіт береді.

● **Жұмыста:** Әдептілік дегеніміз тек қонақта отырғанда, қызбен бірге жүрген кезде ғана сақтайтын ізет белгісі емес. Ол өмірдің барлық салаларына да қатысты, әр уақытта да адам бойынан табылуға тиіс қасиет. Әдептілік ұғымымен астасып жататын ілтипаттылық, ізеттілік, кішіпейілділік, сыпайылық, жолдастық, достық сезімдері әрбір еңбек ұжымына да тән болуға керек. Әдепті қызметкер – ұжымның құрметті мүшесі. Егер біз бір-бірімізбен кішіпейіл бола білсек, егер біз жақсы ұжым аясында жүрсек, жұмыс та өнеді, көңіл де көтеріледі, қиындықтар да оңай игеріледі.

Жұмыста әркім де өзін барлық жердегідей сабырлы, салмақты ұстауы керек. Айқайлап, зекіп, ұрсып, сынап, мінеп істеген іс адамдардың көңіліне қаяу түсіруі мүмкін. Егер жұмыс барысында кемшіліктер мен қателіктер кездесе, оны достық пейілмен сыпайы түрде жеткізіңіз. Егер сізден көмек сұраса, қолдан келген мүмкіндігіңізді аямаңыз.

Басқа мекемеге жұмыспен келген адам, алдымен онда істейтін қызметкерлермен сәлемдесуі шарт. Ер адам есіктен кірісімен бас киімін шешу арқылы осы мекемеге, кеңсеге, ұжымға деген өз ізетін білдіреді.

Өзінің жұмысы біткеннен кейін ол мекемеде көп аялдап, қызметкерлердің ісіне бөгет жасайтын бос әңгімелер айтып жүріп алудың қажеті жоқ. Қайтар кезде өзінің бұйымтайының біткені, не жұмысын аяқтағаны үшін рақмет айту парыз. Бұндайда: «Рақмет айтып керегі не, ол жұмысты орындау сол қызметкердің жеке міндеті емес пе?» – деген ойлардың да болуы мүмкін. Бірақ бұл дұрыс емес. Егер сізді ізетпен қарсы алып, өтінішіңізді құлақ қоя тыңдап, қолдан келгенін жасап жатса, қалайша оған разылық білдірмейсіз. Және, осы орайда, әркімге атқарған жұмыстың жақсы

бағаланғанын есту оның кәдімгідей мәртебесін өсіріп тастайтындығын ұмытпаған абзал.

● «Алло! Алло!» Қазіргі кезде телефон адамдар арасындағы ең көп тараған байланыс құралына айналды. (Өсіресе ұялы байланыс желісі өмірге кеңінен енгелі бері телефон арқылы күн сайын талай іс бітіп, талай нұсқаулар беріліп, талай келісімдер жасалатын болды. Жеке қатынастарда да телефон хат жазысу дәстүрін барынша ығыстырды. Адамзат ақылының бұл зор жетістігі адамдар арасындағы байланыстарды соншама кеңітті, алыс қашықтықтарды қысқартты, елдер мен құрлықтарды жақындатты. Бір сөзбен айтқанда, ұялы байланыс телефоны біздің тұрмысымызға ең қажетті қатынас құралы ретінде танылып отыр...)

Алайда бізге соншама мол мүмкіндіктер әперген осы байланыс құралын дұрыс пайдалана білмеушіліктің де кездесіп қалатыны күнделікті тұрмысымызда бар жайттар.

...Түн ортасы. Сіз шырт ұйқыда жатырсыз. Кенет тыныш тұрған бөлмені телефон қоңырауының ащы үні бұзады. Ұйқылы-ояу күйі телефонды құлаққа тосасыз. Сөйтсеңіз, ол бір жерде думанды бас қосуда отырған танысыңыз екен. Көңіл-күйі көтерілгеннен кейін сізге хабарласу идеясы ойға түсіпті.

...Қызметте отырсыз. Кеңсе телефоны шылдырады. Алдыңыз. Ар жағынан әлдекім сізбен өзіңізге сәлемдесті де ай-шай жоқ әңгіме айтып кетті. Сіз оны тани қоймадыңыз. Сосын амал жоқ, оның сөзін бөліп, хабарласып тұрған кім екенін сұрадыңыз. Сөйтсе, ол тіптен басқа адаммен сөйлесуі керек екен. Нөмірді жаңылыс теріпті. Ал енді бірде сізбен әзілдесуді жөн көрген таныстарыңыздың бірі телефон соғып, өзінің аты-жөнін айтпай: «Кім екенімді тап», – деп үздіктіріп тұрып алды. Телефонмен сөйлесудің жөн-жобасын аңғара бермейтін жандар осындай іс-әрекеттердің бәрі сол хабарласып тұрған адамға қанша ыңғайсыздық тудыратынын сезсе ғой.

Мынадай жайларды да ұшырастырып қаламыз. Телефон шылдырағасын, құлаққа тосасыз. Ар жақтағы адам еш сәлем-саухатсыз: «Бұл кім?» – деп, бірден дүрс ете қалар. Немесе ай-шай жоқ: «Пәленшені шақырып жібер», – деп бұйрық райда тіл қатар. Бұндай кездерде әркімде де телефон соғып тұрған адамның мәдениеті туралы кері пікір қалатыны да өзінен-өзі түсінікті.

Телефонмен сөйлесу этикасы бойынша, қоңырау

шылдырынан кейін тұтқаны көтергенде «алло» не «иә» деп жауап береді. Әдетте, қызмет телефонына хабарласқан кезде «бухгалтерия», «редакция», «магазин», «институт» деп, иә болмаса: «Дүйсенұлы тыңдап тұр», – деп жауап қайырады. Телефон соққан адам содан кейін: «Сәлеметсіз бе, сізді мазалап тұрған Сәрсенұлы» немесе «Сәлеметсіз бе, сізді пәлен мекемеден мазалап тұр», – деп әрі қарай жұмыс жайын айтып кетеді. Егер де тұтқаны көтерген адам өзінің аты-жөнін айтып жауап бермеген жағдайда, телефон соққан адам әуелі өзін таныстырғаннан кейін ғана: «Кешіріңіз, кіммен сөйлесіп тұр екенмін», – деп ізетті түрде тіл қатады. Егер қоңырау шалған адам өзінің аты-жөнін айтуды ұмытып кетсе, телефонды көтерген адамның бұл туралы сұрауына әбден болады.

Егер ортақ қызмет телефонын көтерген адаммен емес, басқамен сөйлесу керек болған жағдайда: «Сәлеметсіз бе, Асанұлы мырзаны телефонға шақыруға болар ма екен?» – деп өтініш жасайды. Бұған: «Сәлеметсіз бе, сәл сабыр етіңіз, мен қазір оны шақырамын», – деп немесе: «Өкінішке қарай, Асанұлы жұмыс бабымен сыртқа шығып кетіп еді, оған не айтайын?», – деп жауап береді. Мұндай сәттерде телефон соғушының неге қоңырау шалу себептерін сұрап жату артық.

Қызмет телефонының жеке бас әңгімелерін талқылап жатуға арналмағанын естен шығармаған жөн. Ал кей қызметкердің өздеріне жұмыс бабымен кісілер келіп отырса да, осындай ортақ іске қатысы жоқ әңгімелер айтатыны тым ыңғайсыз көрінер еді...

Сіз мекемеге хабарласып не қызмет телефоны арқылы сөйлескен кезіңізде, мүмкіндігіне қарай басқалардың, жұмыс уақытына нұқсан келтірмеуді ойлағаныңыз жөн. Әсіресе бұл жұмыс ыңғайы тез атқарылатын жағдайларда өте керек нәрсе.

● **Көлікте.** Автобус, трамвай, троллейбус, пойызға, ұшаққа мінерде, ең алдымен оған жасы егде адамдардың, әйелдердің кіріп болуын күтеді. Егер оларға көмек қажет деп табылса, қолтықтап демеп сүйемелдейді. Жолаушылар көлігіне кіргеннен кейін есік алдында кідіріп қалмай, ілгері өтеді. Екі адамдық орынды сіз бір өзіңіздің толық алып отырғаныңыз жөн емес. Қолдағы сөмке не дорбаны адамдар аз болып, бос орындар бар кезде ғана қатардағы орындық үстіне қоюға болады. Отыратын орындар әдетте алдымен егде адамдарға, жас сәбилі ата-аналарға, мүгедектерге, әйелдерге ұсынылады. Бұл әсіресе, жас жігіттер тарапынан

жасалынуға тиіс ізет. Автобус, трамвай, троллейбустарда тамақтанбайды, салонға балмұздақ алып кірмейді. Қатты күлу, даурығып сөйлеу де әдептілік емес. Басқа жұрттың көзінше отбасындағы, қызметтегі жаңалықтарды сөз ету, бөтен әңгімелерді тыңдау жараспайды. Қол телефонмен сөйлескенде де осы жайттарды қаперде ұстаған жөн.

Алыс қашықтыққа жүретін пойызда жолаушы болудың да өз әдеп қағидалары бар. Пойызға мінгеннен кейін купесіне келген жолаушы өзіне дейін онда отырғандармен қысқа ғана, бірақ сыпайы түрде сәлемдеседі. Бірден жұртты әңгімеге тартып, қай стансаға дейін баратындықтарын сұрастыруға асығудың да қажеті жоқ. Таныстық біртіндеп барып өзінен-өзі табиғи басталып кетуі тиіс. Және екінші адамның өзі ыңғай бермесе, әр нәрсені қазбалап сұрап жату да жөн емес. Мұндай реттерде тек шығар кезде ғана бір-бірімен жылы қоштасады. Кішіпейіл адамдар (ер кісілер ғана емес, әйелдер де) әр уақытта қарт немесе дімкәс адамның жүгін вагоннан шығарысуға көмектеседі.

Әрбір купеде радио бар. Оның даусын күшейтіп, төмендетуді басқа жолаушылардан рұқсат сұрап барып қана жасауға болады. Өзін әдептімін деп санайтын жігіт таңертең және кешқұрым сол купеде өзімен бірге келе жатқан қыздардың киінуі мен ұйқыға қамдануына мұрсат беру үшін тысқа шығып кетеді.

Вагонда спирттік ішімдік ішуге әуес жандардың, сол купеде өзімен бірге келе жатқан ішпейтін адамдарға әртүрлі ыңғайсыздықтар тудыратынын естен шығармағаны жөн. Өйткені ол адамдар амалсыздан масаң адамның көпірме сөздеріне, таласқа бейімділігіне, кінәмшілдігіне, оның лебінен шығып тұрған арақ иісіне төзуге мәжбүр болады. Әдеп салты төменгі орындарды қарт, егде, жас балалы аналарға ұсынуды діттейді. Әрі мұны жолсерік те ойластырады.

Театрлар мен кино залдарында. Ең әуелі спектакльдерге, концерттерге, фильмдерге кешігіп келудің өзі әдептілік емес екенін есте ұстаған жөн. Өйткені олар өз орындарын іздейміз деп басқа адамдардың мазасын алады. Кешігіп келген адам көру залына кірген болса, ол өз орнын іздеп жатпай-ақ кез келген басқа бір бос орынға жайғаса тұрғаны мақұл.

Спектакль жүріп жатқан кездерде қасындағы көршілермен ойын барысы жөніндегі әсерлерін дауыстай

талқылап отыратын көрермендер де аз емес. Олар мұнысымен маңында отырған жұртқа кедергі жасайтындығын ескере де бермейді. Тіпті қойылып жатқан ойын тартымсыз, сізге ұнамаған болса да әдептілік салты көрерменнің оны байқатпауын талап етеді. Егер залдан шығып кеткіңіз келсе, мұны, ең дұрысы, үзіліс кезінде істегеніңіз жөн.

Актер жіберген кемшіліктерге үн қатып, өкініш білдіру, шапалақ соққан кезде, оған қоса жерді тепкілеу жараспайды. Шынайы көңілден шыққан қол соғу – сіздің ең жақсы ілтипатыңыздың белгісі. Әлденеше бөлімдерден тұратын симфониялық, камералық шығармалар, ән циклдері кезінде оларды шапалақ соғып үзбейді. Мұндай концерттер кезінде мезгілінен ертерек қол соғып қоюдан сақ болған жөн. Көрермендер нөмірге ризалықтарын орындарынан тұрып шапалақ соғу арқылы білдіреді.

Үзіліс кезінде фойеде қыдырып жүрген басқа адамдарға тесіліп зерттей қарау жөн емес. Егер жігіт театрға қызбен келген болса, оны ұзақ уақыт жалғыз қалдырмайды. Тамақтанғылары келсе дәмханаға баруға болады. Көру залы мен фойеде тамақтанбайды. Жігіт қасындағы қызға дәмханада ілтипат жасап, оның қалағанын алып береді.

Спектакльдер мен концерттер аяқталған кезде, кейде көңілге қаяу түсіретін бір жайт – сахна шымалдығы жабылар-жабылмастан, көрермендердің дүрліге көтеріліп киім ілгішке қарай ағылатыны. Бұл, ең алдымен, өз өнерлерін көрсеткен әртістерді сыйламағандық, оларға құрмет білдіруден қашқандыққа пара-пар қылыққа саяды. Расында да әр спектакль мен концерт соңынан көрермендердің әртістер өнеріне қол соғып қошемет таныту керектігін, әртістердің жұрттың қол соғуына тәжім етіп, сахнаға шығу тәртібі барын ескерсек, бұл екі жаққа да ыңғайсыздық тудырап еді. Көрермендерге тәжім етуге шыққан әртістердің көз алдында жарты жұрттың жөңкіліп кетіп бара жатқаны жараспайды-ақ.

● **Сіздің билегиңіз келді.** Демалыс күні. Бір апталық оқудан, еңбектен кейін сіздің қыдыратын, қонаққа баратын, көңіл көтергенді қалайтын күніңіз. Бәлкім, сіз бүгін мәдениет сарайларында ұйымдастырылған кештерге барғыңыз келер, дос-жарандармен ресторан, кафелерде отырғанды қаларсыз немесе жас жұбайлардың үйлену тойларына шақырылған боларсыз.

Олардың қайсысына да бармаңыз, сіз думанды музыка

үнімен ортаға шығып билеп жатқан жұртқа ұшырасарыңыз анық. Өйткені би бүгіндері әрбір көңілді кештің айырылмас серігіне айналып кеткен. Сіздің де сондай сауықты ортада билеуге ықыласыңыз ауады. Бірақ байқайсыз, би жүріп жатқан кездегі жігіттер мен қыздар арасындағы қарым-қатынастарда әлденелер жетісе бермейтін секілді. Көңіліңіз тола қоймайды. Өнебір жігіттің киімі олпы-солпы. Мына тұста бір жігіт өзімен билейтін қызды ортаға сүйрегендей жетелеп алып келеді. Сосын залда жігіттер баршылық болса да, кей жұптарда қыздар қыздармен билеп жүр. Ал жылдам музыка ойналған кездегі жағдайды айтпаңыз. Би көз алдыңызда әдемі әуенге үйлеспейтін тарсыл-гүрсілге, ебедейсіз дене қозғалыстарына айналып кетеді.

Осылардың бәріне қарап отырып, би билеудің өзіндік әдебі, қағидалары сақталса, осы орта қандай әдемілене әрі көңілдене түсер еді деп ойларыңыз да хақ. Иә, сөз жоқ, кештерде би билеудің де өзіне тән қалыптасқан сәні мен әсемдігі бар, сұлу да сырбаз өнер екенін кейде байыптай бермейміз. Енді би кезінде орындалуға тиіс сол қағидалар туралы сөз етелік.

Бірінші қағида: бір шетке жайғасып алып билеп жатқан жұртқа барлай, сынай қарап отырғаныңыз, сізді ойлы, пайымы мол адам ретінде танытады деген ой, сірә да дұрыс емес. Қайта ол, керісінше, сізді сол ортаға үйлеспейтін басы артық адам ретінде байқатуы мүмкін.

Кіммен билегеніңіз жөн? Егер де сіз қонаққа келген болсаңыз, бір биге сол үйдегі сіздердің жағдайларыңызды жасап, отырыстарыңыздың жақсы өтуін ойлап жүрген үй иесі әйелді шақыруды ұмытпағаныңыз мақұл. Егер де орталарыңыз аса үлкен болмаса, сол дастарқан басындағы әйел адамдардың бәрімен билеп өткеніңіз дұрыс. Бұл сіздің оларға деген ілтипатыңызды танытады.

Кеш қызып жатыр. Кезекті би «Қыздар вальсі» деп хабарланды делік. Кей жігіттердің «тең құқылық» мүддесін тікелей түсініп, әрбір екінші биді «қыздар биі» деп қайталағысы келетіндері де бар. Ал істің расына, жөніне келсек, қыздарға тән табиғи инабаттылық пен ізеттілікті де естен шығармаған жөн. «Қыздар биі» хабарланған кездегі ортаға шыққан жұптардың аз болатыны да осыдан.

Егер бұл би хабарланған екен, жігіт еш уақытта да қыздың биге шақырғанына қарсы болмауы керек. Екінші жағынан, қыздың өзі танымайтын адамға келіп, оны биге шақыруы да инабатқа жатпайды, ізет бойынша ол өз

достарын немесе өзімен бірнеше рет билеген адамды ғана шақыра алады.

Тағы бір кеңес: әрдайым жөнімен билеуге ұмтылыңыз. Қазір би үлгісі аса жылдам өзгеруде. Әрбір жаңа бидің ілкіде жұртты тосырката қарататыны белгілі. Оны билегенде мәселенің осы жағын да ұмытпаған жөн. Би түрінің маңайындағыларға ұнау-ұнамауы – билеушілерден. Би кезінде сөйлесу қажет пе? Қажет. Бірақ ол тым көп болып шектен шықпасын. Әрқайсымыздың есімізде жүрер жайлардың бірі – ресторандарда, тойларда биге шақырған кездерде оны қалай қабылдау тәртібі. Жігіт қызды биге шақырғысы келген болса, аз ғана басын иеді де: «Сізді биге шақыруға рұқсат етіңіз», – дейді. Бірақ осының алдында ол киімінің қонымдылығын, түймелерінің түгел салынған-салынбағанын бір байқап алады. Қыз өзінің келісімін басын изеп қана білдіреді. Билегісі келмесе қабақты түйю, жақтырмаған сыңай танытудың жігіт намысына тиетіндігін естен шығармаған абзал.

Егер қыз биге шыққысы келмесе, оны бет жүзінде ұнатпаған кейіп танытпай-ақ, тіке келіспейтінін білдірген дұрыс. Жігіт қыз келісімін алғаннан кейін оның орындығын арқасынан сүйемелдей ұстап кейін тартады да, тұруына көмектеседі. Қыз үстел жанынан шыққан соң ғана, оны қайтып орнына қояды. Сосын қызды алға өткізіп, өзі кейінірек бір бүйірге таман ілесе жүреді. Билер алдында тағы бір рет ақырын ғана басын иеді. Жігіттердің есінде болар бір жайт, ресторанда басқа үстелде отырған қызды биге шақырмас бұрын, алдымен өз үстелі басындағы қыздармен билеп алуы керек...

Егер де қыз кезекті биді басқа біреумен билеймін деп келісіп қойса, не шаршап тұрса, өзін ортаға шақырған жігітке:

«Рақмет, мен бұл биді басқамен билеуге келісіп қойып едім», немесе: «Кешіріңіз, шаршап тұрмын, дем алғым келеді», – деп ағынан жарылады. Мұндай кездерде жігіт басын бір иіп, кейін қайтады. Егер ол осы қызбен міндетті түрде билегісі келсе, екінші марте шақырады. Қыз тағы қабыл алмаса, жігітке енді шақырудың қажет еместігі өзінен-өзі түсінікті. Әрі қыздарға айтар бір жайт, себебі жоқ болса, қатарынан екі мәрте қарсылық білдіру де әдептілікке жатпайды. Қыз қарсылық білдіргеннен кейін жігіттің оның жанында отырған басқа қызды биге шақыруы да дұрыс емес. Әрі қыздың қабыл алмағанын өзіне қорлық санау да тәрбиелі

жігіт бойына жараспас қылық.

Егер қыз биде жігітпен бірге тұрса, оны шақыруға келген адам ең алдымен жігітке басын иіп: «Рұқсат етіңіз», – деп келісім сұрайды. Бұндай реттерде қанша қызғаншақ болса да, тәрбиелі адам «жоқ» демесе керек. Алайда соңғы шешім әрқашан да қыздың өзінде қалады. Егер осының алдында қасындағы жігітке қыз билегісі келмей тұрғандығын білдірсе, ол: «Менің серігім бұл биді билегісі келмейді», – деп айтуына болады. Егер қыз өзімен тұрған жігітті жалғыз тастағысы келмесе, шақырушыға сыпайы түрде билегісі келмей тұрғандығын білдіреді. Егер шақыруды қабыл алса, қыз биге шығар алдында ақырын ғана өзінің серігіне басын изейді.

Би аяқталғаннан кейін жігіт өзі соңғы рет билеген қызды шығарып салғаны жөн. Қыз келісімін берсе, ол оның сырт киімін киюіне көмектеседі. Әдетте жігіт қызды мүмкін болса үйіне дейін шығарып салады. Сондай-ақ қыз биден жалғыз қайтар болса, жігіт шығарып салуға ұсыныс жасамаса, қыз оған өзін шығарып салуын өтінуіне болады. Мұндайда жігітке уәж айту кішіпейілділікке, әдептілікке саймайды.

Көпшілік орындарда өзін-өзі ұстау мен сыпайы қарым-қатынастарды сөз еткен тарау соңында әр уақытта да есте жүруге тиіс бірқатар жүріс-тұрыс мәнерлерін де айтып өткен мақұл...

- Үлкендерге, әйелдерге ізет жасап иілгенде, әуелі денені тік ұстап тұрып, ақырын ғана бас пен кеудені қоса иеді.

- Орындыққа жайғасқан кезде тік және еркін отыру керек. Төмен мықшиып немесе орындықтың арқасына шалқая сүйеніп жату жараспайды. Орындық үстінде ырғалуға не оның шетіне жайғасу жөн емес. Орындықты қозғау керек болғанда, оны сүйретпейді, арқалығынан ұстап демей жылжытады.

- Қазіргі заманғы жиһаздар жайлы отыруға кең мүмкіндіктер әперді. Креслолар мен аласа орындықтарға отырған кезде басқа жұртқа бөгет жасамайтын болса, аяқты алға созуға немесе айқастырып тастауға болады. Алайда үлкен кісілер арасында аяқты бірінің үстіне бірін айқастыра салып отыру (әсіресе әйелдерге) жараспайды. Бұлай отыру мүмкіндігі туған кездің өзінде де үстіңгі аяқты туфлидің табаны жұртқа көрінетіндей етіп жоғары ұстау ұнамсыз.

- Үлкендер алдында жастардың екі қолымен тізесін қаусырып ұстағаны тәрбиелікке жатпайды.

- Сөйлесіп тұрғанда әңгімелесуші адамның иығынан


қағып, киімінің түймесін ұстауға, жеңінен тартқылап тұру дағдысы да жараспас болар. Таныс адамның үстіне жабысқан жіпті не қылшықты алмас бұрын одан рұқсат сұрайды.

- Біреумен әңгімелесіп тұрғанда оның жүзіне тіке қарау керек. Көпшілік бас қосқан ортада, жиналыстарда, театрларда отырғанда жөтеліп, түшкіргендей жағдай бола қалса, оған басқалардың назарын көп аудармау жағын ойластырған мақұл. Түшкіруден құтылудың жөні қиын емес. Ол үшін екі саусақпен мұрынды екі көздің арасынан қысса немесе кеңсірік пен танауды екі-үш рет уқаласа бітгі. Сондай-ақ түшкіруді демді ішке тартып, ауызды жауып тұрып басуға да болады. Көпшілік ортада, әсіресе әйелдер алдында есінеу – ерсілік. Есінеуді әдетте ауызды жауып тұрып, ауаны мұрын арқылы шығарып жоюға болады.

- Күлген кезде ауызды барынша ашу дұрыс емес. Шикылдап немесе қатты дауыс көтеріп күлген де ұнамсыз. Ең әдемі күлкіге әдетте шын жүректен шыққан жайдарылық, ақпейілділік тән.

Көпшілік орындарда әдеп салттарын атқара білудің еш қиындығы, күрделілігі жоқ. Ол біздің өмірімізде әркімнің көрген өнегесіне, тәліміне байланысты әрқалай жүзеге асып жатады. Біз тек адамдар арасындағы кейбір қарым-қатынастың дұрыс жөн-жобалары мен орынды талаптарын ғана нақтылай түскенді мақұл көрдік. Әрбір өрелі жанның тілге тиек болған сол әдеп қағидаларын орындауға ұмтылуы – күнделікті өмірімізде өзара сыйлас, ізгі қатынастардың өркен жаюына ықпал етері даусыз.

ҮЙГЕ ҚОНАҚ КЕЛДІ



Меймандостық – игі дәстүр

Жігіттің қапалысын,
Азалысын,
Жырменен жұбатпасаң,
Жазалысың.
Қонақсыз,
Той-думансыз өткен өмір,
Өмірге саналмайды қазақ үшін.
О бастан жомарт қазақ топырағы,
Ол қашан дастарқансыз тоқырады.
Мейманға нәрін беріп,
Барын беріп,
Қонақтан қалғанын жеп отырады.
Халқымның ең қымбатты төрі ме еді?!
Төрден ол қай уақытта жерінеді!
Қонақсыз қалған күні
Сол қазаққа
Бір нәрсе жетпейтіндей көрінеді.

Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, көрнекті ақын Қадыр Мырзалы «Қазақ және қонақ» деп аталатын өлеңінде халқымызға ежелден тән дарқан қонақжайлық қасиеттер туралы осылайша жырлайды.

Үйіне қонақ келсе, барын соның аузына салып, иіліп төсек, жайылып жастық болып құрмет жасайтын қазақтың жайсаң жомарттығы, атадан балаға ұласқан үлгілі дәстүрі туралы сөз – бұрыннан да ой зергерлері мадақ тұта айтып

келе жатқан және алдағы уақытта да айтыла беретін ардақты әңгімелердің бірі. Біз оны халықпен бірге жасап, оның тұрмыс-тіршілігімен біте қайнаса көрініс беріп отыратын мақал-мәтелдер мен нақыл сөздердің өзінен де көп ұшырастырамыз. Нақ-нақ түйінді ойлардан тұратын ол мақал-мәтелдер біздің алдымызға қонақты қадірлеу мен меймандостыққа қатысты бір қауым толғаныстарды көлденең тартады. «Қонақ келсе – құт», «Құтты қонақ келсе, қой егіз табады» деген нақыл сөздер қалаулы мейманға арналар дарқан пейіл табын танытса: «Қонақ аз отырып, көп сынайды», «Үйіңе қонақ келсін, алыстан сұрап келсін», «Өзі қонақ болып көрмеген, қонақты да сыйлай білмейді», «Қонақ қойдан жуас» деген қайырымдар меймандостық барысында атқарылатын қызмет пен сыйластық салттарына қатысты ой таркатады.

Осы тектес қалың мақал-мәтелдердің өзінен-ақ халқымыздың қонаққа деген ықылас, ілтипаты сонау ерте замандардан басталғаны байқалар еді. Әриіе, оның бір жағы сол дәуірлердегі қатынас қиыншылығына қатысты туындауы да кәміл. Өйткені ат пен түйені көлік етіп, көздеген жеріне жету – ол замандарда кез келген адамның қолынан келе бермейтін күрделі шаруаның бірінен саналды. Ұшы-қиыры жоқ даланы, сеңгір-сеңгір тауларды басып өтіп, нешеме қиыншылықтарды бастан кешіп келген жолаушыны қазақ «қонағым» деп атап, құрметтеп қарсы алатын болған. Одан ел-жұрттың, алыстағы туысқан-жегжаттың хабарын біліп, амандық-саулығын сұрасқан.

Қазақ мұндай кездерде «қонақтың өз несібесі бар» деп санап, оны меймандостықпен күтуге ерекше мән берген. Оған арнап қонақтың түскен дәрежесіне қарай қонақасы әзірлеген. Бұл ретте қонақ түскен үй мүмкіндігіне қарай мал сойған немесе соғым етінің қадірлі мүшелерін салып ет асқан. Ертеректе тіпті қонақасыны жөндеп бермеген үй иесі айып тартатын да болған.

Ілгеріде қонақ болу, қонақ күтудің бұдан басқа жанама болса да, келелі мәселелердің жүгін көтеретін деңгейдегі жол-жосынды атқаратын реттері де бар еді. Ел тірлігіне қатысты үлкен мәселелерді шешу, дау-дамайларды бітістіруге байланысты істің ақ-қарасын тексеретін билердің, білімдар- лардың бас қосатын ортасы да әдетте осы қонақ болудан, бір жерге жиналудан басталды. Бұл меймандос пейілдер бар жерде, ренжісу, шарпысу жағы да шектелуге тиіс деген мүддені көздейтін. Шынында да көп реттерде

қонақжай дастарқан басында қандай қиын мәселелер де өз жүйесін тауып, жақсы лебіздер, игі ниетті әңгімелер арқауы өрбіп, шиеленіскен даулардың түйіні шешіліп жатар еді.

Халық дәстүрінде қонақты сыйлау оның ең бір қадірлі де қастерлі міндеттерінің қатарында саналады. Әсіресе алыстан ат арытып, тон тоздырып келген құда-жегжат, туған-туысқанға деген пейіл ерекше. Оларға қолдағы барын тосып, жік-жапар болып, ақтарылған дарқан пейілмен қызмет жасалады. Және де бұндай қонақтар сол үйге ғана емес, бүкіл ауылдағы ағайындарға келген мейман болып танылар еді. Қонақтар өздері ат басын тіреген үйден ғана қайта қоймайтын. Оларды сол ауылдағы ағайындардың бәрінің тиісті сыбағасын беріп шақыруы парыз. Оны тек бір үйге емес, бүкіл ауылға келген ортақ қонақ деп есептейді.

Қазақ халқына тән меймандостық қасиет белгілерін халқымыздың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезов туралы естелік жазған адамдар да ерекше атап өтеді. Орыс жазушысы, аудармашы А. Н. Пантиеловтың «Жайсаң жазира жыршысы» деп аталатын естелігінде әлемге әйгілі «Абай жолы» эпопеясы авторының қонақжайлығын сөз ететін мынадай жолдар бар:

«Әуезовтың ақжарқын қонақжайлығы мен дарқан меймандостығы Мәскеуде де, Алматыда да көпке мағлұм болатын. Ол өз үйінде де, тіпті мейманханадағы бөлмесінде де жиын топтың көп болғанын ұнататын. Оның қонақтары арасында әдебиетшілерді, ғалымдарды, актерлерді, музыканттарды кездестіруге болатын.

Әуезовтың үйінде академиктер мен шопандар, туыс-жегжаттар мен бірін-бірі зорға танитыи әр тарап қауым бас қоса беретін. Ешкім де бұл үйдің тосын қонағы болып көрінген емес. Тек бір ғана нәрсе, тіпті қайдағы бір қиырдан келген бейтаныс адамдар ескі ауылдық-рулық байланыстары бойынша Әуезовтың туысымыз, ағайынымыз деп айта беретіні бізге таң болып көрінуші еді. Бірақ сонда да Әуезов оларды ағайын-туысым деп пейілдене қабылдап, лайықты сый-сияпатпен қонақ етіп жіберетін. Осы бейнетті ол рақаттана атқаратын дер едім.

– Егер біздің жарқын болашағымызға феодализмнен біреу келетін болса, ол қонақ! – дейтін Әуезов.

...Қарапайым сөзімен-ақ Әуезов қонағының көңілін тауып отыруды сүйетін және бұған мейлінше шебер еді. Қонағының көңілі қош болса, өзі де көңілді отыратын».

Халқымызға тән қонақжайлық игі дәстүр қазіргі кезде де

өз жалғасын тауып отыр. Оның үстіне меймандостық, қонаққа деген ілтипатты қатынас елдің мәдени, білім, тұрмыс дәрежесінің өсуіне орай жаңа түрлік, мазмұндық белгілермен байып келеді. Дастарқан жасаудың жол-жосығы да көптеген өзгерістермен толығып, ол өз бойына іргелі халықтардың қонақ күту этикетінен екшеліп алынған жаңа сипаттарды қабылдады.

Үйде һәм қонақта

Қазіргі өмірімізде не көп – той көп, қуаныш көп. Адамның шыр етіп дүниеге келгенін тойлайтын шілдеханадан бастап, алдағы тірлігінде қаншама той реттері күтіп тұрады десеңізші! Сүндет тойы, мектепке бару, оқу бітіру, үйлену, қоныс тойы, еңбектегі жетістіктерін атап ету... және бұған жыл сайын тойланып жататын әртүрлі мерекелерді: Наурыз, Жаңа жыл, Халықаралық әйелдер күні... мейрамдарын қосыңыз. Осылардың бәрінде де көбіне қонақ күту кәделері қоса атқарылып жатады.

Әдетте қонақта бір-бірімен көңілдері жарасқан дос, ағайын адамдар бас қосады. Олар мұндай отырыстар кезінде пейілді дастарқан басында, өзара арқын-жарқын әңгімелесетіндерін, тәуір демалатындарын, уақыттарын көңілді өткізетіндіктерін жақсы біледі. Және барлық жұрт та мұндай бас қосуларға адамдар үшін ең қымбат нәрсе – өзара араласу, қарым-қатынас қажеттілігін үйлесімді қанағаттандыратын рәуішті кездесулер ретінде де ықылас танытады.

Осы заманғы қарым-қатынастарға еркіндік, табиғилық, шынайылық, қарапайымдылық тән. Әрі бұл барша әлем этикетіне де ортақ сипаттар. Қазіргі кездің қонақжайлық салтында бұрынғыдай тапқа бөлу, жіктеу жойылды.

Адамдар әдетте бұрыннан біліс-таныс үйге шақырылған кезде, сол үйге деген ықыласты пейілдерге толы көңілмен келеді. (Әрине, ешкімнің де өзі жақтыра қоймайтын үйдің босағасын аттауға зауқы соқпайтыны белгілі). Және ол осы шаңырақтан үй иелерінің меймандостығына деген ырза көңілмен аттанатынына да сенеді. Ал егер өзі шақырған үйді бұрын көрмеген, ол адамдармен жаңадан ғана танысқан жағдай болса ше? Әрине, мұндай кезде шақырылған адамның сол ортада өзін-өзі дос-жаран, тілектес жандардың арасында отырғандай емін-еркін сезінуі, дұрыс дем алып пейілденіп қайтуы – әуелі үй иесінің ізет-ілтипатына, сосын

сол бас қосуға жиналған қонақтардың жарасты қарым-қатынастарына тығыз байланысты.

Міне, осы жерден келіп, қонақ күту мен қонаққа бару этикеті туралы әңгіме басталар еді.

Мейманды күтудің ең әуелгі шарты – есіктен аттаған жұртты ақ жарқын ашық мінезбен қарсы алу. Егер қонақ табалдырықтан бері өтпей жатып, үй иелерінің қабағы салыңқы, түсі түңіліңкі екенін көрсе: «Осылардың шақырғаны рас па?» – деген түйткіл ойға кетері де аян. Сол алғашқы көңіл күйі, жұтқан ауасы оларды үйге қайтқанша тұншықтырып бітпесіне кім кепіл. Сондықтан үй иесіне мүмкіншілігінше қонақтардың көңілін аулау жағын ойлағаны; әр нәрсені сылтауратып шапқылай бермей, олардың қасынан табылып, меймандостық танытқаны; отбасына, балаларына жекімей, кірбіңсіз отырғаны абзал. Қазақтың «Қонақ иесі мейірлі отырса, қонақ көңілді отырады», «Көңілсіз берген қымыздан көңілді берген шай артық» дегені де осыдан шыққан.

Отырыстың дұрыс өтуіне әсер ететін екінші бір жайт, ұйымдастыру мәселесіне байланысты. Бұл тұрғыда ең алдымен қонақтарды дұрыс іріктеп шақыруға көңіл бөлген абзал. Меймандардың арасында бір-біріне кірбің қабақ жандардың болмауын ойластыру қажет. Олардың қонақта отырғанда ілінісіп қалып, отырыстың шырқын бұзуы әбден мүмкін. Меймандардың жас дәрежесіндегі айырмашылықтары да адамдар арасындағы қарым-қатынастың ойдағыдай өрбімеуіне әсерін тигізіп жатады. Әдетте әртүрлі ұрпақ, әртүрлі жас өкілдері жиналатын бас қосулар дос-жарандар қауымына емес, туыс-жегжаттардың кездесуіне тән.

Кешті өткізу бағдарламасын әркім әрқалай құрады. Мәселен, үй иелері көбіне қонақтар арасында әнші не күйшінің болғанын қалайды. Бұл дәстүр халқымызда бұрыннан да бар. Тойға сыйлы қонақтар арасына сол аймаққа белгілі өнер иелерін шақырып меймандардың көңілін ән-күймен көтеру салты ілгеріден жалғасып келеді. Әрине, қазір олар сол кездегідей тек өнер көрсетуші ғана емес, қадірлі қонақтардың бірі ретінде шақырылады. Және бір ескеретін жайт, бұл ретте тек белгілі әнші-домбырашыларды іздеп жатудың да қажеті шамалы. Қайта ол үй иесімен бірге істейтін, не сол келген қонақтардың дос-жараны, қарапайым өнер адамы болса тәуір. Ән, күй тыңдау – келген меймандардың жинақы, пейілді отыруына қолғабыс

жасайды.

Кейде үй иелері қонақтардың арасында сауыққой, айтар әңгімесі тартымды адамның болғанын да ойластырады. Бұл да меймандардың көңілді, жинақы отыруы үшін жасалатын қам, өзінше бір «дастарқан мәзірі» іспетті нәрсе. Әрі осы бір тәсілді Л. Н. Толстойдың «Соғыс және бейбітшілік» романында суреттелетін сол заман салтынан да кездестіреміз едік. Мәселен, графиня Анна Павловна Шерердің сауығында бұл міндетті «өте қызықты екі адам атқарады».

«Лас асханада көрсең тәбетің шаппайтын асты әсемдеп тартуға шебер даяшы сықылды бүгінгі кеште Анна Павловнаның меймандарға ұсынған бас табағы алдымен осы виконт, содан соң аббат болды. Мортемар тобында герцог Энгиенскийдің қалай өлтірілгені салған жерден әңгіме бола бастады.

– Герцог Энгиенский өзінің кек тұтпайтын ақ көңілділігінен өлді, Бонапарттың бұған өшігерліктей айрықша бір себебі болды, – деді виконт.

– Бәсе, соны айтыңызшы, виконт, – деді Анна Павловна қуанып кетіп. – Бәсе, соны айтыңызшы, – деді тағы да.

Жарайды деген пішінде виконт сыпайы жымысып басын иді. Анна Павловна виконттың сыртынан бір айналып шығып, бар мейманды осының әңгімесін тыңдауға шақырды.

– Виконт герцогтың өзімен таныс адам ғой, – деп Анна Павловна сыбыр ете түсті. – Виконт әңгімені тамаша айтады, – деді екінші біреуге. – Жақсы қауымның адамы екені көрініп-ақ тұр емес пе, – деді тағы біреуіне. Сонымен виконт, әсем табаққа салып ыссылай тартылған дәмді астай, меймандарға мейлінше көрнекті, лайықты жағымен таныстырылды».

Дастарқан үстіндегі тартымды әңгіме, жалпы қонақта отырғандағы әңгіме – сол ортадағы негізгі қарым-қатынас құралы. Расында меймандыққа келіп, оны үн-түнсіз күйі өткізер отырысты көзге елестету де қиын. Мәжіліс сәні – жарасты әңгіме дегенде оны әрдайым туындатып, дұрыс бағыт-бағдар беріп отыратын жетекші де керек.

Кей кездерде қонақтар ортасында өрбіген әңгімелерге құлақ түрсек, мәні таяз, ұсақ тірлікті, қарақан басты күйттеген жайттарға күпсі болып жататын реттеріміз де жоқ емес. Өздерін тәрбиелі, әдепті сезінетін азаматтар тәлім-тәрбиелік мәні мол әңгіменің орнына, біреуді сынау, мінеу, кекету, біреуді күндеу сияқты ұсақ-тиекке көңіл аударып

кететін сәттері де кездесіп тұрады. Мансап, бедел, даңқ туралы ұзын-сонар әңгіме шерту адамның тәрбиелілігін танытпаса керек.

Өзіңді елден ерекше оқшау ұстауға әдеттену, біреудің қателесіп айтқан бір ауыз сөзін жоқтау немесе оны талқыға салуға бейім болу, ішімдікті орынсыз мол ішіп ақилану, қызбалану да тәрбиелікті танытпайды. Отырыста бір адамның бипаздығы мен биязылығы көпке мұрындық боп жатуы да ғажап емес. Сондықтан: «Тойға барсаң тойып бар, теріс ойды қойып бар», – деген мақалдың бар екендігін есте естен шығармаған жөн.

Адамдар шын мәнінде өздерінің көңіліне жаққан, ұнаған әңгімелерді емін-еркін сөз ете алады. Қонаққа барар алдында өзіңізді басқаларға көрсету үшін, егер шын мәнінде өзіңіз ол тақырыпты дұрыстап білмейтін не оған қызықпайтын болсаңыз, қазіргі заманғы музыканттар туралы сөз етпек ниетпен, олар туралы арнайы мақалаларды оқып дайындалудың қажеті жоқ. Отырыста бұдан басқа сізді қызықтыратын кез келген тақырыпты: адамдар арасындағы қарым-қатынастар, балаларды тәрбиелеу, дос-жарандар туралы барлық әңгімені, одан тоғышарлық сипатты алып тастап, ортаға тартуға болады. Фильмдер, спектакльдер, кітаптардың мазмұны, газет-журнал беттеріндегі пікірталастар, саяси оқиғалар мен спорт жаңалықтары да әрқилы әңгіменің арқауына айнала алады.

Қонақтар әдетте, егер олар бір мекемеде істейтін болса, жұмыс мәселелерін сөз етуге бейім келер. Үй иелерінің мұндай кездерде қонақтарға оқыстан өрбіп кеткен «өндірістік жиналысты» жабық деп жариялап, әңгімені басқа арнаға бұрып кеткені мақұл. Жұмыс туралы әңгіме сол қызмет барысында айтылғаны жөн.

Отырыс кезінде қонақтардың бірін-бірі ыңғайсыз жағдайға қалдыруы, күлкіге, мысқылға айналдыруы дұрыс емес. Әркім де өзінің пікірін қорғауға қақысы бар, бірақ оны тіке, дөрекі түрде, қарсыласын мұқату арқылы қорғауға болмайды. Егер әңгіме адамдардың ары мен намысын қозғайтын қызу таласқа айналып кетсе, тақырыпты өзгерту қажет. Әрбір таластың барлық жұртқа ортақ бір түйінмен аяқтала беруі де шарт емес. Таласушылар өз пікірлерінде қалуға болады. Алайда осы әңгіме барысында сіз соны дәлелдер табуға ұмтылып, өз көзқарасыңыздың мықты екенін байқатсаңыз, басқаларды қанша дегенмен ойланып-толғануға шақырсаңыз – оның да тәп-тәуір нәтиже екенін

естен шығармағаныңыз мақұл.

Отырыстың, әңгіме мен пікірталастың тізгіні әр уақытта үй иелерінің немесе сол дастарқан басқаруға бөлінген асабаның қолында болуға тиіс. Олар талас туа қалған жағдайда оның тігісін жатқызып, әңгімені жөн арнасына бұрып, оған араласқан жұрттың өз пікірлерін ортаға тартуына мүмкіндіктер тудырады. Әрине, бұларға ескертулер, «сөгіс» жариялаулар секілді шаралар жүйесімен емес, әдетте сыпайы түрде, ретіне қарай әзіл-оспақ арқылы қол жеткізуге болады.

Асабадан бастап басқа қонақтарға жалғасып жатқан жарасты әзіл-қалжың, күлдіргі әңгіме отырысты жандандырып, жұрттың көңілді, еркін отыруына, сол ортаға бейімделуіне септігін тигізеді. Адамдардың намысына тимей, мәжіліс кеңітер мақсатында айтылған ондай келісімді қалжың, жұртты күлкіге кенелдіретін ұтымды әзіл-оспақтар отырыстың көңілді, пейілді ұласуының басты шарттарының бірі.

Қонақтарды күту кезінде музыканың да өз орны бар. Әрине, үлкен той залдарындағыдай оркестр керек деп отырғанымыз жоқ, оны дискідегі музыка, теледидар да жақсы атқарады. Кей сәттерде, қонақтар бар кезде теледидар қойған жөн емес деген әңгімелер де айтылып қалады. Әлбетте, бұл жерде қонақтар келісімен оны бүкіл кеш бойы қосып қою керек деген әңгіменің жөні бөлек. Бірақ егер сол күні жұрт жақсы көретін хабарлардың жаңа бағдарламалары, не барлығымыз үшін тартымды тақырып қозғалып жатса, меймандарды оны көру қызығынан құр қалдырған да дұрыс болмас еді.

Әңгіме-дүкен өрбіп, қонақ күту кәделері атқарылып, меймандар сөйлеп жатқан кездер аралығында ауық-ауық ән мен күйге орын беретін секілді, асаба бір мезет бейне көшірмесі жазылып алынған әндер мен күйлерді, классикалық шығармалардың үзінділерін кіріспе сөз айтып жұрт назарына ұсынса да жарасымды шығады.

Әрине, музыка бар жерде билеуге де мүмкіндік бар. Әсіресе жастар арасында екі-үш сағаттық отырыстан кейін биге деген аңсар ауатыны да өзінен-өзі түсінікті. Мұндайда би үзілістері ұйымдастырылады. Әрі оның тым ұзақ болып кетпегені де мақұл. Үй иесі нәзік жандылар қауымының жұпсыз отырып қалмауларын қадағалайды, қыздарға жігіттерді таныстырады, өзі де билейді, өзгенің де көңілді жүруіне бас-көз болады.

Адамдардың әңгімелесу ретінің жөн-жосығына қатысты айтылатын әдеп салттарының бірінде: «Сөйлескен кезде даусыңды қасыңдағы тыңдаушың ғана еститіндей етіп сөйле», – деген жарасты қағида бар. Дәл осы ережені музыка үніне қатысты айтса да болады. Музыка да өз тыңдаушысына естілетіндей дәрежеде ойналуы керек. Әсіресе бұл көп қабатты үйлерде тұратын адамдарға ерекше қатысты. Көршілеріңіз сіздердің үйлеріңізден бар даусымен шығып жатқан музыка үнін қуана тыңдап, ырзалық білдіреді деген ойдан әсті аулақ болған жөн. Қайта олардың: «Ию-кию, бұл не у-шу», – деп ренішбілдіріп жатпасына кім кепіл. Ал шын мәнінде сіздің үйде қонақ күтудің қастерлі кәдесі атқарылып, жайдары да рәуішті әңгіме тиегі ағытылып жатыр емес пе?!

Қонақ күту кештері қызғылықты өту үшін үзіліс кездерінде әртүрлі ойындар да ойналады. Осы ретте қонақтар үзіліске шығысымен, ер адамдардың карта ойынына ықыласы ауып кететінін қолдауға болмайды. Бұл бір жағынан, карта ойынының пейілді отырыс ажарына жараспайтындығына сайса, екіншіден, ер адамдардың әйел қауымын жеке тастап, өздерінің бөлек кететіндігі де әдепке жата қоймайды.

Ал қазақ дәстүрінде тойда ойналатын ойындар көптеп саналады. Бір кездерде шағын орта, киіз үй ішіндегі отырыстарда дүниеге келіп, содан бергі уақыттар аясында өзгеріп, толығып келген ол ойындарды бұл күндері жаңғырта пайдалануға да болар еді. Жастар қауымының араласып-құраласуына, көңілді отыруына: «Сақина салмақ», «Қассың ба, доссың ба?», «Хан қалай?», «Монданақ», «Ұшты-ұшты», «Тымпи-тымпи», «Қимақ», «Санамақ», «Сұрақ-жауап», «Сыңарын табу», «Сымсыз телефон»... секілді үй-ішілік ойындарды жетілдіріп кәдеге асыру да өзінше қолқабыс берер еді деген ойдамыз.

Есте болатын тағы бір нәрсе, отырыста негізгі күшті тек ойын-сауыққа арта берген де жөн емес. Кеш бағдарламасында жоғарыда айтылып өткен қонақ күту кәдесінің бір-бірімен әдемі астасуы болсын. Әзіл-қалжың мен сөзі жарасқан ортада тек әңгіме-дүкеннің өзімен де пейілді бас қосулар жасалынып жатады. Ең басты мәселе – кешті еркін, көңілді, оралымды өткізе білуде. Қонақтарды бағдарламаның бір кезегі жалықтыра бастаса, оны екінші кезегіне ауыстырыңыз. Егер қонақтар көп отырып қалса, билеуге ұсыныс жасаңыз. Әңгімеден жалықса, музыканы

қойыңыз. Кейде сыртқа шығып сейілдеп қайтуға да болады.

Егер қонақтардың бірі ертерек үйіне қайтқысы келсе, оған жұрттың бәрінің назарын аударып жатудың қажеті жоқ. Мұндайда ол қайту себебін үй иелеріне ғана айтып, тек солардың өзімен қоштасады.

Меймандар кештің өз ерекшелігіне қарай әрқалай қайтады. Әдетте түстен кейін шақырылған қонақтардың қайту уақыты сағат 22-23 шамасы. Тек Жаңа жыл кештері мен үйлену тойлары ғана ретіне қарай біразға созылады.

Кей елдерде, мәселен Англия мен Жапонияда қонақта болған күннің ертеңіне жақсы меймандостық көрсеткені үшін үй иелеріне рақмет айтып, хат жіберу салты ілгеріден бар екен. Яғни, бұл ретте, телефон байланысы дамыған бүгінгі заманда, ертеңіне үй иелеріне телефон шалып қонақжайлылық танытқаны үшін рақмет айтудың еш артықтық етпейтіні анық. Сондай-ақ қонақ күткен үйдің белгілі себептермен кеш қайтқан мейманына ертеңіне хабарласып, қалай жеткендерін сұрауының да еш әбестігі жоқ.

Әдет, салт дегеннен шығады, «И-ли» деп аталатын этикет пен ресми салттар тәртібі туралы кітап бұдан үш мың жылдай бұрын Қытайда жарық көріпті. Сол кітаптың қонақ күту кәдесіндегі ең сыпайылық қағидаларының бірі ретінде, қонақ пен үй иесінің әуелі бір-бірінен едәуір уақыт бойы кешірім сұрап тұру керектігі айтылады екен. Бірі, осыншама мәртебелі қонақты күтуге өз басын лайық емес деп есептейтінін айтса, екіншісі, жоқ, қайта ол өзін осындай үйге қонақ болуға тұрмайтын адаммын деп дембіл-дембіл қайталап, бірінен-бірі асып түсе алмай тұратын көрінеді... Осы мысалдардың өзі де қонақ күту кәдесіне ерекше мән бере қарау салтының әлемнің әр елдерінде ежелден ұласқан дәстүрге ие екендігін көрсетеді.

Енді бірер сөз, шақырылмаған қонақтар туралы. Кейде әлдеқандай бір отырыстан немесе ресторанның шыққан жігіттердің аңсары ауып, түннің әлден уағында не елең-алаң шақта өздерін ыңғайсыз сезінбестен, достары мен таныстарының үйіне тартып кететін реттері де кездесіп тұрады. Ал олар келген кезде сол үйде біреу-міреу науқастанып жатса немесе үй иелерінің кейінге қалдыруға болмайтын асығыс жұмыстары бар болса ше? Бұндай кездерде қонақтарға ықылас-пейілдің қандай болатынын қазақта бар: «Шақырылмағаы қонаққа, шайдан артық тамақ жоқ», – дейтін мақалды айтсақ та жеткілікті. Алайда

әдептілік салты бойынша, үй иесі мұндай сәттерде де оларды қабағына кірбің ілмей қарсы алуы шарт. Егер жағдай үй иелерінің қонақжайлық танытуына шын мүмкіндік бермейтін болса, сөз арасында оны да сыпайы түрде жеткізіп, «сіздердің келгендеріңізге қуаныштымыз, алайда кезек күттірмейтін шаруалардың шығып тұрғаны» деген сыңайда ескертіп өткен айып емес. Өздерінің ыңғайсыз уақытта келгенін сезіне білген қонақтардың бұдан кейін көп аялдамауға тырысары кәміл. Хал-жағдай сұрасып, халқымыздың әдетінде бар «нан ауыз тигесін», не жеңіл тамақтанғасын олар ретін тауып қайтуды ойластырады.

Бұл ретте алыстан жолаушылап, сол үйге арнайы ат басын бұрған туыс-жегжат, ағайын адамдардың жөні бөлек. Оларға қарауға үй иелерінің мүмкіндігі келмей тұрса да қуаныш білдіріп қолдан келген меймандостық пейіл таныту парыз. «Қожасына қарай – үйі, қонағына қарай – сыны», – дейді мұндайда халқымыз.

Демек, бұл айтылғандар келген қонақтың үй иелерін қуанышқа кенелтетіні де, ыңғайсыз күйге түсіретіні де болатындығын көрсетеді. Сондықтан да біреудің үйіне бармас бұрын, оған қай уақытта бару керектігін, үй иесімен әуелі хабарласып, сұрап алу артықтық етпейді. Қонаққа ескертусіз бару – тек ол үй сіздің қай уақытта келгеніңізді де қуана қарсы алады деген сенімділік бар кезде ғана жүзеге асуға тиіс. Таңертең ертемен және түннің әлден уағында қонаққа бармайды. Ең қолайлы мезгіл сағат 12 мен 20-ның арасы.

Мейлі аз ғана уақытқа, тіпті жөн сұрасуға ғана соқсын, үй иесінің келген адаммен есік алдында, әсіресе босаға арқылы сөйлескені әдептілік емес. «Үйге кіріңіз!» – деп ілтипат жасау халқымыздың ізет салтында бұрыннан бар дағды. Егер оның үстінде сырт киімі болса, шешінуге ұсыныс жасап, содан кейін ғана бөлмеге өткізеді. (Сәл ғана уақытқа бас сұққан әйел адамдардың бұндай кездерде сырт киімін шешпеуіне де болады). Егер ер кісіге үй иелері тарапынан шешіну туралы ұсыныс түспесе, ол үйге бас киімін қолына ұстап кіреді.

Меймандостық салты үй иесінен қонаққа деген ізетті талап етеді. Бөлмеде оның жалғыз өзін ұзақ қалдырып кетпейді. Ерекше жағдайларда оған газет-журнал не сурет альбомын ұсынады, теледидар қойып береді. Мейман егер көп отырмайтын болса, оған арнайы тамақ асу жайын оның өзімен келісіп алған абзал. Ал мұндайда дұрысы – «Дәм ауыз

тию» салтымен шай беру, не үстелге жемістер қою немесе бар болса, қымыз, шұбат ұсыну.

Құтты қонаққа – тәтті тамақ

Мейман күту кәдесінде оған арнап қазан көтеру – қай халыққа да тән көнеден келе жатқан дәстүрлердің бірі. Қазақ ғұрпындағы үйге қонақ келген кезде, оған өзінің сыбағасын салып асқан тамақтан кейін ғана «жол болсын» айтып, бұйымтайын сұрауды бастайтын меймандостық салтына ұқсас жайларды біз сонау көне замандарда дүниеге келген Гомердің атақты «Одиссея» дастанынан да кездестіреміз. Онда кәрі патша Нестор өзіне келген жатжерліктерді тамақтандырып болғаннан кейін ғана жөн сұрайды. «Кәрі патша қонақтарды жылы шыраймен қарсы алды... дәмге отыруға шақырды. Ол Афинаға шарап құйған кубок ұсынып, Посейдон құдайдың құрметіне тәуеп етуін өтінді. Ас аяқталған соң Нестор жат жерліктердің қайдан келгенін сұрады. Телемах өзі Одиссейдің ұлы екенін, мұнда әкесінің тағдырын білу үшін келгенін айтты...». Осы жолдардың өзі-ақ ежелден қонақты сыйлап, мәртебе тұтудың, меймандостық көрсетудің ең басты белгісі – оған арнап дастарқан жаю ғұрпымен өлшеніп келгендігін көрсетеді.

Көне замандардан ұласқан осы салттың кейінгі бір белгілерін біз қазіргі уақыттағы дипломатиялық қатынастар тәжірибесінен де байқаймыз. Ресми ақпараттарды елге келген мемлекет басшыларының құрметіне берілген қонақасылар туралы: «Қонақасы жылы шырайлы, достық жағдайда өтті», - деп жазып жатады.

Монархтар меп корольдер заманында қонақтарды дастарқан үстіндегі тағамның көптігімен таң қалдыру бірінші кезекте тұрды. Мәселен, император Август меймандарын төрт-бес тағам түрімен сыйласа, Бургундия герцогтарының бірі оны отызға дейін жеткізіпті. Ал ағылшын королінің сарайында кейде қырық төрт тағам түріне дейін ұсынатын болыпты.

Қазақтың атақты байлары мен билері де тойлар мен қонақасылар жасаған кезде бірінен-бірі асып түсуге тырысқанын тарихи деректер дәлелдейді. Орыс ғалымы А.Левшиннің 1832 жылы жарияланған атышулы «Қырғыз-қазақ немесе қырғыз-қайсақ далаларының сипаттамасы» атты еңбегінде Кіші жүзде атақты Сырым батырдың асы берілген кезде онда екі мың бес жүз қой, екі жүздей жылқы

сойылып, бес мың шелектей қымыз ішілгендігін, немесе Орта жүз батыры Ханкелдінің асында бес жүз қой, екі жүз елу жылқы сойылғандығын баяндайды. XIX ғасырдың 70-жылдарында өзіне таныс бір байдың асында жүз жылқы, екі жүз, үш жүздей қой сойылып, отыз пұт күріш, он пұттай мейіз жұмсалғандығын Ыбырай Алтынсарин де жазады.

Барлық халықтарда да уақыт өткен сайын тамақ мөлшерінің көп болуына қойылатын негізгі талап деңгейінің біртіндеп шектеле бергенін аңғару қиын емес. Бұған халықтар мәдениетінің дамуы, ең алдымен, медициналық білімнің кеңінен тарауы, талғам мен танымның өскендігі де әсер етпей қалған жоқ. Жылдар өткен сайын қонақ күтуде рухани қарым-қатынастарға көңіл аудару бірінші қатарға шыға бастады. Бұны қазір Еуропа тұрмысында кең тарап отырған қонақ қабылдау түрлері: түстік қонақасы, дос-жарандармен өткен шағын кешкі отырыс, шайға шақыру деген атаулардан да байқауға болады.

Біздің халқымыздың қонақ күту салтында дастарқанның молдығына көңіл бөлу жағы әлі де болса басым жақтарымен көзге түседі. Алайда қазақ дастарқанында мазмұн мен форма жағынан жинақылық, еуропалық үрдістегі тағамдар мен Шығыс дәстүріндегі дәмдердің жарасымды астасуы бар екендігін айтқан жөн. Дегенмен, осындайда бірауық қонақ күту сәні – тек шектен тыс жомарттық, құстың сүтінен басқаның бәрі табылатын сірескен дастарқан деп бір жақты кете бергеніміз де жөн бола қояр ма екен.

Тұрмысымызда сыйлы қонақтарға арналған арнайы табақтар жасау бұрыннан бар дәстүр. Ол бойынша малдың он екі жілігінің және басқа мүшелерінің мәні әртүрлі. Өзінің ағайын арасындағы орны мен дәрежесіне лайық мүшелер тартылмаса, ол меймандардың наразылық білдіруге әбден қақысы болды. Сондықтан да үй иелері мұндай наразылық тумалуын алдын ала көздейтін. Ол салт бойынша сыйлы табақтарға бас, жамбас, жая, асық жілік, ортан жіліктер салынуы керек. Және бұл осы мүшелердің бәрі бір табақтан орын алады деген де сөз емес. Табақ сайын ол мүшелердің біреуі жүрсе де болды. Оның жанында басқа еттер де қосарланып жүре береді. Соның өзінде қонаққа тартылатын табақтарға сирақ, ішек-қарын, мойын омыртқа салу дұрыс емес деп есептеледі.

Қазіргі кезде де қазақтың қонағына берер негізгі асы – ет. Жағдайы келіп жатса, ол сыйлы меймандарға мал сойып, алдарына бас қояды. Оның реті болмаса, үйіндегі соғым

етінің қадірлі мүшелерінен немесе қасапшыдан әкелінген етпен қазан көтереді.

Енді бір сәт мына жазбаларға назар аударалық:

«Тағамды саусақтарыңыздың ұшымен алыңыздар, тамақты шашпай-төкпей дұрыстап жей алу да – өнер». Мұны жазған – жыл санаудың басында өмір сүрген рим ақыны Овидий.

«Таити аралының көсемі алдымен қолын жуып, аузын тұщы сумен бірнеше рет шайды... Тамақтану кезінде пышақ орнына өткір қабыршақ пен бамбуктың бір тал жаңқасы пайдаланылды. Тамақтанып болғасын ол тағы да қолын жуып, аузын шайды». Бұл – XVIII ғасырдағы әйгілі ағылшын сая- хатшысы Джеймс Куктың жазғаны.

«Сол күні менімен бірге тамақтанған Нерудің қарындасының есімі жадымда қалмапты. Ол аса сұлу, сондай бір жарасымды боянып, ұнамды киіне білетін әйел еді, оның сариі ашық-жарқын бояулармен құлпырып тұрды. Алтын мен інжу-маржан оның сымбатын одан әрі аша түскендей. Бірақ мені ең таңдандырған нәрсе – осы бір аса текті де сыпайы әйелдің тамақты қолмен жегені, қымбат жүзіктер тізілген әдемі саусақтарын майлы күріш тағамына салғаны болды». Бұны XX ғасырдың атақты ақыны, Чили елінің перзенті Пабло Неруда өзінің «Мойындаймын: мен өмір сүрдім» атты естелік кітабында жазады. Бұл оның 1950 жылы Үндістанда болған кезінде көргені.

Әдетте жұрт арасында шанышқылар төңірегінде әңгіме бола қалса, оны көбіне еуропалық мәдениеттің белгісі деп санау қалыптасқан. Бірақ келтірілген мысалдарға назар аударғанда, оның екінші жағы да көрініс бергендей болар еді. Ол әр халықтың өзіне тән қалыптасқан дәстүр, әдет ұстанатындығына саяды. Сонау ғасырлардың өзінде джунгли ішінде бөгде мәдениеттің иісін сезбей жатқан таитяндықтар тамақты шанышқы тектес құралмен жеуді дағдыға алыпты. Ал Еуропада бұл кезде оның өзі тұрмысқа енді ене бастаған құрал болатын. Атақты ақын Неруданың өзін талғам, таныммен таң қалдырған жан, Англия университеттерінде өркениеттің сан қырлы тәлімдерін үйренген үнді қызы өз елінде отырғанда күрішті қолмен жегенді жөн көреді. Демек, бұдан шығар қорытынды, шанышқымен тамақ жеудің өзін мәдениеттің әсері деп бір жақты ұғуға болмайды екен. Тамақ жеу тәртібінде одан гөрі әдет-дәстүрдің әсері басым көрінетін секілді.

Ал ол әр халықта, әрқалай орындалып жатады. Тәж-

Махал кесенесі, Жайпур шаһары секілді қайта тумас жауһарларды дүниеге алып келген үнділерді, олар шанышқы ойлап табуды білмеді деп айтуға, сірә, болар ма? Самарқанд пен Бұхараны сәндеп, Отырарды тұрғызған Орта Азия мен қыр жұрттарының да әлі күнге дейін асты қолмен жегенді ұнатуында, сол халықтардың қанына, салтына сіңген дәстүр табы жатыр.

Сөз соңында назарларыңызға «Дастарқанға келіңіз» атты үстел басында дұрыс отырып-тұру, тамақтану қағидаларын сөз ететін, әртүрлі этикет туралы кітаптардан екшеліп алынған әдеп талаптарын да қажет болар деген ниетпен ұсынып отырмыз. Онда айтылған көп жайлардың жастар қауымына берер пайдасы мол деп білеміз.

Дастарқанға келіңіз!

Сізді жаңа танысыңыз сыйлы мейман ретінде қонаққа шақырды. Әрине, сіздің үй иелеріне, өзіңізбен бірге шақырылған қонақтарға ұнағыңыз келеді, кешті жақсы өткізуді ойлайсыз. Бірақ та бөтен үйге келгеннен кейін сіз өзіңізді ыңғайсыз сезіне бастағандай болар едіңіз. Оған себеп – этикет бойынша үстел басында отырып, тамақтану ретін жақсы біле бермейтініңіз. Үстел басында өзіңізден өзіңіз қысылыңқы күйге ұшырайсыз. Қолыңыз да кенеттен ебедейсіз болып кеткендей, оны қайда сыйғызарыңызды білмей абыржисыз. Алдыңызға әкеліп қойған қол сүлгі мен майлық қағазды қалай пайдаланудың ретін таппайсыз... Шанышқы мен пышақты алған едіңіз, сөйтсе оны олай ұстамайды екен... Әрі осы кезде үстелге сіз аса сүйе қоймайтын тамақты әкеліп қойды делік. Сіз үй иелерін ренжітпеу мақсатымен түріңізде ризашылық пейіл танытқандай болып жей бастайсыз. Байқайсыз, көңіліңіз біртіндеп төмендей бергендей, сіз жайшылықтағы мінез-құлқы ұнамды, жайдары адамнан – өзінен-өзі қысылып бірдеңені бүлдіріп алмайын дегендей қуыстанып отыратын жанға айналып кеткендейсіз.

Бәлкім, кейін үйіңізге келгеннен соң да, сіз өзіңіздің сол үстел басында ортаға лайық отыра алмағаныңызға өкінесіз де, сосын ол дағдыларды қалай үйренуге болады деген сауалды да қоярыңыз кәдік.

Рас, үстел басында өзін-өзі ұстай білу, ұнасымды отырып, әдемі тамақтана білу де адамның әдеп мәдениетінің деңгейін көрсететін сипат болып табылады.

- Этикет талабы бойынша тамақтануға жайғасқанда орындықты үстелге тым жақындатудың қажеті жоқ, мұндайда сіз шынтағыңызды дастарқан үстіне қоюға икем таныта беруіңіз мүмкін... Сондай-ақ орындықты үстелден алыс қою да дұрыс емес, онда тамақтану кезінде ауызға апара жатқан дәмдердің еденге түсіп кетпеуін ойлап, тәп-тәуір әбіржуге мәжбүр боласыз.

Ең дұрысы – орта қашықтыққа қойылған орындықта өзіңізді еркіндеу ұстап, тік отыру. Кейде адамның үстел басына жайғасқаннан кейін қолын қайда сыйғызарын білмей қиналатыны бар. Осының әсерінен ол жөнсізден-жөнсіз шашын сипалап, маңдайын уқалап, иегін сүйеп мазасы кетеді. Мұндайда қолыңызды тізеңіздің үстіне қойып отырғаныңыз нағыз жөн шешім болады. Ол – сізге ретсіз қимылдар жасаудан сақтандыруға, еріксізден дастарқанды уқалайтын, нан қиқымдарымен ойнап, қасық-пышақтарды қозғай беретін әдетті жасамауға көмектеседі.

- Кейде адамның үстел үстіне бүктеліп қойылған крахмалданған қол сүлгіні қалай пайдаланудың ретін таба алмайтыны бар. Егер де сіз оны бір шетінен ұстап желпи жайып жіберіп, омырауыңызды жапқыңыз келсе, онда қателескеніңіз. Мүмкін сіз бұныңызбен бір замандағы Қайта өрлеу дәуірі адамдарының өздерінің кеудесіне бүрме көкірекшелер жапсырған киімдерін былғап алмауды ойлайтын сәттерін, сол дәуірді бейнелейтін кинолардан көрген жайларды елестетіп отырған боларсыз. Ал мұндайда дұрысы – сүлгіні тізенің үстіне қою. Онымен ерінді сүртуге болмайды, ол үшін үстелге майлық-қағаз қойылады. Үстелден тұрарда қол сүлгіні тәрелкенің оң жағына қалдырыңыз.

- Егер қонақтарға берілген тамақ сіз жақтырмайтын немесе денсаулығыңызға үйлеспейтін дәм болса, жемейтін едім, бауырым немесе асқазаным ауыратын еді... деп ақталу жөн емес, сіз бұл жөнінде сөз қозғамастан, одан тек дәм татып қана шектелуіңізге болады. Тәрбиелі үй иесі мұндайда сізді өзінің жөнсіз ұсыныстарымен мазаламайды. Сіздің тәрелкеңіз толып тұрғанын аңғармаған кейіп танытады.

Тамақтанған кезде әдетте шанышқыны сол қолға, пышақты оң қолға ұстаған дұрыс. Егер де тамақтану үстінде пышағыңыз не шанышқыңыз жерге түсіп кетсе, оны көтеріп әуре болмаңыз. Басқасын сұраңыз. Мұндайда өзіңіздің оғаштығыңызға кешірім сұрап маңайыңыздағылардың назарын аударудың да қажеті жоқ.

- Дастарқанды жасаудың да өз тәртібі бар. Пышақтарды жүзін тәрелкеге қаратып, оның оң жағына, шанышқыларды дастарқанды бүлдірмес үшін тістерін жоғары қаратып сол жағына қояды. Әдетте ыстық тамақтарға дейінгі дәмдер үшін кішігірім шанышқылар мен пышақтар беріледі.

Қасықтарды үстелге шығыңқы жағымен қояды. Ортаға қойылған ыдыстардан өз тәрелкесіне тамақ салып алу үшін оларға арнайы үлестіргіш қасықтар қойылады. Су мен шырынға, ағарғанға арналған бокалдың, кесенің орны оң жақ тұс. Одан солға қарай (егер ішімдік беріліп жатса) ішімдікке арналған рөмкелер орналасады.

- Әрбір дастарқан иесі үстел үстінің ажарлы болғанын қалайды. Бұл ретте гүлдердің де алар орны ерекше. Оны әдетте өзіне қолайлы орынға қояды. Әрі оның міндетті түрде үстелдің ортасы болуы да шарт емес. Егер үстел үстінде бос орындар болып жатса, әр жерге қойылған шағын-шағын сауыттарға екі-үш талдан кішкентай гүлдер салады. Мұндайда гүлдердің ыдыстар мен қарама-қарсы отырған адамдарды бірінен-бірі көлегейлемеуін қарастырған жөн. Жаңа жыл дастарқанына шыршаның, аршаның, қарағайдың шағын бұтақтарын қойған жарасымды.

Әрине, үстелді жасандырудың қатып қалған ережелері жоқ. Бұл жерде бәрі үй иесінің талғамына байланысты. Бірақ ол мақтану үшін, тек қымбат ыдыс-аяқ, алтын, күміс, хрустальдарды көрсету жағына ауып кетсе – ең нашары сол.

- Егер сізге ыстық сорпа берілсе, оны суыту үшін үрлеп жату дұрыс емес. Қасықпен ақырын ғана қозғай отырып, салқындауын күтіңіз. Сорпаның ішінде еттің, картоптың, тұшпараның үлкен кесегі жүрсе, оны жайлап қасықпен ұсақтайды. Тамақ ішіп отырғанда табақтың үстіне тым еңкейіп кетпеңіз. Этикет анықтамалары адамның бұндай сәттегі кейпін дән шұқыған құсқа ұқсап кетеді дегенді еске салады. Мұндайда өзіңізді-өзіңіз мүмкіндігіне қарай тік ұстауға тырысыңыз.

Еттен жасалған тағамдарды жегенде, шанышқыны сол қолға, пышақты оң қолға ұстайды. Етті шанышқымен түйрей ұстап, пышақпен кеседі. Етті түгелдей турап тастамайды, әр кесекті жеке кесіп алады. Ал жұмсақ тағамдарды шанышқының өзімен-ақ бөледі.

Шанышқы мен пышақтың екеуін де қолда ұстау керек. Өйткені пышақ шанышқымен алынатын тамақты жиыстыруға да көмектеседі. Етті кесіп жатқан кезде шанышқы мен пышақты тік емес, жантайтыңқырап ұстайды.

Ауызға тамақты көп тықпалай беруге болмайды. Мұндай кезде сөйлеу тіпті ретсіз.

Бокалды қолға алар кезде шанышқы мен пышақты табақ үстіне біріне-бірін айқастырып: шанышқының шығыңқы жағын жоғары, пышақтың жүзін солға қаратып қояды. Оларды табаққа сүйеп қоюға да болады.

Егер сіз тамақтанып болғаныңызды білдіргіңіз келсе, ыдысыңызды кейін қарай ысырмаңыз, тек оның үстіне пышақ пен шанышқыны бір-біріне қатар қойыңыз.

- Нанды ортақ ыдыстан қолмен алып, шетінен үзіп жейді. Май мен тосапты алдымен кішкентай тәрелкеге салып, содан кейін ғана нанға жағасыз.

Жемістерді арнайы жеміс пышағымен, шанышқымен жеген жөн. Алма мен алмұртты әуелі төрт не сегіз бөлек етіп турайды. Өзегін алып тастап, қабығын аршып болғасын қолмен жейді.

Өріктерді саусақпен бөліп аршып, сүйегін шығарады. Шиенің сүйектері мен жүзімнің дәнін ауыздан байқатпай қасыққа түсіреді.

Апельсинді тәрелкеге қойып, сол қолмен сүйемелдеп тұрып қабығын пышақпен тіліктеп жоғарыдан төмен аршиды. Тазартылған апельсинді тілік-тілігімен бөледі. Сүйектерін пышақпен алып тастайды. Мандариннің қабығы жеңіл аршылатын болғандықтан, оны пышақтың көмегіңіз, қолмен-ақ арши беруге болады. Егер жеп отырғанда дәндер кездесе, оларды ауыздан қасыққа түсіреді.

Шайды біреу қуып келе жатқандай, ерінді күйдіре-мүйдіре асығып-аптығып, не болмаса сораптап ішу әдептілікке үйлеспейді. Егер де үстел үстінде қант қысқыштар жоқ болса, қантты қасықпен емес қолмен алады. Майбәліш (торт) тектес дәмдерді десерт қасықтармен жейді...

- Қазақ дастарқанында спиртті ішімдік қадірлі асқа жатпайды. Егер оны әлдебір жағдайларға байланысты ұсыну қажет деп табылса, ішімдік қанша күшті болған сайын, оған арналған рөмкелер мөлшері де кішірейе түсетінін ұмытпаңыз. Этикет бойынша, арақ пен ликер шағын рөмкелерге құйылады. Коньякты жоғары ернеуі тарлау рөмкеге құяды. Ондай ыдыстардан коньяктың қош иісі әдемі сезіледі. Тәтті шараптар үшін қызғалдақтың гүлі тектес бүйірлі бокалдар қолданылады. Бірақ құрғақ шараптарға арналған бокалдар оларға қарағанда үлкенірек, ернеуі кең, сирақтары ұзын болады. Шампанға арналған бокалдардың

екі түрі бар – не биік, ие тостаған тектес жатаған.

Ішімдіктерді қонақтарға берудің де өз жөн-жосығы бар. Ақ, тәтті шараптарды әдетте 10-12 градус шамасына дейін салқындатып ұсынады. Қызыл шарап үй температурасымен бірдей болғаны жөн. Арақ 8-10 градусқа дейін салқындатылады. Коньякты берудің екі түрлі әдісі бар. Мәселен, немістер оны салқындатып ішкенді тәуір көрсе, француздар дененің температурасына дейін жылытқанды жөн санайды.

Бөтелкелерді, шампаннан басқасын, әдетте асханадан ашып әкеледі. Ішінде мұзы бар шелекшеге қойылған шампанды столдың шетіне қойып, сол ыдыста тұрған күйі ашады. Оны дыбыссыз ашуға тырысқан мақұл. Бұл үшін бөтелкені бір бүйірге жантайта ұстап, іштегі қысым жасап тұрған газды ақырындап шығарса болғаны.

Ішімдік құйған кезде бөтелкенің аузы рөмкенің ернеуіне тимеуін қадағалау керек. Шөлмекті көтерер кезде дастарқанға тамшы тамбас үшін оны сәл жантайта ұстайды. Ішімдіктерді отырған адамның оң жағынан шығып құяды. Егер келесі қонаққа бұлай жақындау қиын болса, оған бөтелкені сол қолға ауыстырып алып құяды. Ішімдік жағын басқару негізінен үй иесінің міндеті.

Шарап пен арақты рөмкеге толтырып құймайды. Әдетте оның төрттен үш не бестен төрт бөлігі толтырылады. Ішімдікке зауқы жоқ адамды қинап, зорлау әдептілік емес. Қонақ рөмкесін жұртпен бірге алмай отырса, ақырын ғана ішіп қоюды өтіруге болады, бірақ қинамайды. Егер сіз ішкіңіз келмесе «рақмет, мен ішпеуші едім», немесе «рақмет, маған жеткілікті», – дейді. Бұл орайда бокалды қолмен бүркеп жабудың қажеті жоқ. Ер адам қасында отырған әйел кісінің не ішіп отырғанын біліп, әр уақытта оның бокалы толып тұрғанын қадағалайды.

Рөмкелерді орынды-орынсыз соғыстыра беру жөн емес. Мұндайда бір-бірімен бас изесіп ішкеннің өзі де жарасымды. Егер сіздің біреумен соғысқыңыз келсе, оны үстел үстінен алысқа созбаңыз. Мүмкіндік болса, орныңыздан тұрып (қасыңызда отырған әйел адамнан кешірім сұрап), сол адамға жақындаңыз. Бокалдарды әдетте салтанатты сәттер, құттықтау сөздер айтылған кездерде ғана соғыстырады.

ТОЙЫҢА ГҮЛ АЛЫП...



Тарту. Сый. Сыйлық

*«Сен туған күн, мерекеміз,
Ән бастайық, кел екеуміз.
Ұмытпа сен, құрбым,
Есте қалсын мәңгі бұл күн...»*

«Тойыңа гүл алып» деп басталып, қайырмасы осылайша әсем әуелете сыр төгетін, жастар думандарында, әсіресе туған күн кештерінде жиі орындалатын, ұлы композитор Шәмші Қалдаяқұлы мен көрнекті ақын Мұхтар Шаханның тамаша дуэтінен туындаған бұл ән бәрімізге жақсы таныс. Одан жастық шақтың алаулы сезімдерге толы іңкәр толқынды ағысын, ынтық жандардың бір-біріне деген асыл да адал көңілдері ақтарылады.

Жігіт сүйіктісінің туған күн кешіне келді. Қолында гүл шоғы. Жүректен шыққан тартуды той иесі «жүзіне нұр толып», «көктемдей күлімдеп» қабыл алды...

Тарту... Сый.... Сыйлық...

Бұлар адамның өз өмірінде жиі еститін, жиі қауышатын сөздері. Бүгін досыңыз туған күнін тойламақ – оған қандай тарту апарған жөн болар екен деп ойлайсыз. Балалық шақты бірге өткерген ауылдасыңыз үйлену тойына шақырды – жас

жұбайларға нендей сыйлық алған жөн? Мереке жақындап қалды – барлық жақын-жұрағатқа ілтипат білдіргенді қалайсыз. Үлкен қалаларға немесе шет елге сапарға бардыңыз – отбасыңызға, балаларыңызға, дос-жаранға сыйлық іздейсіз. Сіздің қадір тұтатын үлкен ағаларыңыздың бірі өзінің мерей жасын тойламақ – оған қандай сый тартсам екен деп ойлайсыз. Басқа да той-мерекелер реті қаншама. Оқу бітіру, шілдехана, туған күн, қоныс тойы – қуанышты уақиғалардың бәрін айтып тауысу мүмкін бе, сірә?..

...Әлем әдебиетіндегі заңғар тұлғалардың бірі, орыстың ұлы жазушысы Федор Михайлович Достоевский мен қазақтың ұлы перзенті, атақты ғалым Шоқан Уәлихановтың арасындағы ғажайып достық бәрімізге де жақсы белгілі. Өмірден қыршын кеткен жас қазақ досының есімін Достоевский үнемі есте сақтап жүрді. Ол Шоқан сыйға тартқан кішкентай сандықшаны ең қымбат естелік ретінде таныды. Атақты жазушы, досы Шоқанның қаза тапқанына бір жыл өткеннен кейін, 1866 жылы әйелі А. Г. Достоевскаяға былай депті: «Мына ағаш сандықшаны көрдің бе? Бұл менің сібірлік досым Шоқан Уәлихановтың сыйлығы, сондықтан да ол маған қымбат. Сондықтан мен өз қолжазбаларымды, аса қымбатты естеліктерім мен хаттарымды осында сақтаймын».

Сыйлық әр уақытта да шын жүректен, ақ көңілден ұсынылады. Ол адал достықтың, ізгі сезімдердің, махабаттың белгісі. Ол қай уақыттарда да адамдардың бір-біріне деген шынайы қатынасын кез келген көтеріңкі лепті сөздерден де артық білдіруі мүмкін.

Егер сыйлықты таңдау үстінде сіз осындай ниет құшағында жүрсеңіз, онда сіздің өзіңіз де сыйлығыңызға достарыңыздың қалай қуанатынын сезініп, ырза пейілде болатыныңыз анық. Егер де оған немқұрайды қарасаңыз, онда мұндай сыйлық сізді де, оны қабыл алатын адамды да селқос қалдырады. Сондай-ақ сыйлықтың өз бітімі де, ол жансыз зат болғанымен, өзін сүйіспеншілікпен таңдады ма, жоқ әлде міндеттен құтылу үшін ала салды ма деген жайды да аңғартып жатады.

Тарту, сыйлықтардың пайдалы, қымбат, қажетті зат болғаны жөн бе? Этикет тәртібі бұған, әрине, мұның бәрінің төрт құбыласы түгел күйде сақталуы міндетті емес, алайда сыйлыққа әкелінген заттың өз бойында «этикалық» жүгі болғаны жөн дегенді айтады. Әрбір тарту өзін таңдаушы оның кімге арналатындығын ойлады, оны таңдауға өз

талғамын, өз ықыласын төкті дегенді байқату керек. Кейде тарту-таралғының бойында ешқандай да бағалылық не көкейден шығып жататын сипат табылмауы да мүмкін. Бірақ оны сізді аз да болса риза етуді ойлаған, сол арқылы сізге деген ізгі қасиетін білдіргісі келген адам әкелгендігі аңғарылар еді. Сізге жолығуға көптен бері көрінбей кеткен құрбыңыз келді, қолында бірер қалампыр гүлі. Бір қарағанда жай ғана нәрсе секілді, алайда басқалардың сіз туралы ойлайтыны мерейіңізді тәп-тәуір көтеріп тастағанын да байқайсыз.

Сыйлықтың пайдалылығы деген нәрсе кең ұғым. «Пайдалылықты» тек заттар мен бұйымдардың қажеттілігі деген тұрғыда түсінбеуіміз керек. Кітап пен пластинка да, қолғап пен шәйнек те, гүл мен шарап та пайдалы, өйткені бұл заттардың қай-қайсысы да өз міндетіне орай қызмет етеді. Бірақ қолғап қолға тар келсе, ол іс жүзінде пайдасыз болмай ма?

Сыйлықтың пайдалылығы әсіресе ол балаларға арналған кезде ерекше байқалады. Бөбектерді қуанышқа кенелту қиын емес – олар әрбір ойыншыққа, тәттіге, сурет кітапшасына ырзалық білдіреді. Алайда бала өмірінде ол сыйлықтардың бәрі емес, белгілі бірінің ғана әсері болуы мүмкін. Егер жеті-сегіздегі балаға глобус сыйлап, осы глобус бетінде онымен бірге бір елден екінші елге саяхат жасасаңыз, бәлкім бұл ол баланың географияға, саяхаттарға қызығуына ықпал тигізуі кәміл. Филателия туралы кітап, ол баланың коллекция жинауына әсер етіп, сол маркалармен бірге тарихқа, басқа халықтардың өміріне деген қызығушылық тудыруы мүмкін. Домбыра – оның алдағы уақытта музыка аспаптарын тарта білуге, волейбол добы мен коньки – оның осы спорт түрлерімен айналысуына итермелеуі де ғажап емес.

Әдетте сыйлықтың бағасы оны таңдау барысында да негізгі шартқа жатпайды. Ол тек әркімнің мүмкіндігіне қарай сатылып алынады. Дегенмен кейде бірнеше адамдардың ортақтасып, теледидар, тоназытқыш, кілем секілді қымбат бұйымдарды алатын реттері де бар. Мұндай ұжымдық сыйлықтарды көбіне жақын адамдарға, қоныс тойына, мерейтойларға, үйлену салтанаты секілді қуанышты жағдайлар кезінде тарту етеді.

Тағы ескеретін бір жайт, сыйлықтың бағалылығы оның қанша тұратынымен өлшенбейді. Дегенмен де кей жандардың әдемілік пен сәнділік тек қымбат заттардың бойынан ғана табылуға тиіс деген түсініктерге

мойынсұнатыны да кездеседі. Олар өздеріне жай шыныдан жасалған ыдыстар емес, неге хрусталь сауыттар, қымбат сервиздер кешенін тарту етпеген деп ренжуі де мүмкін. Ал ол шынылардың соншама ұқыпты, сәнді, әдемі формада жасалынғанын байқауды, осы сыйлықты таңдау кезінде талғам, ықылас жұмсалғанын түсіне білуді қажет деп таба қоймас. Әдетте мұндай адамдарға тек қымбат заттар ғана құнды боп есептелмек. Ал өмірге тек практикалық жағынан қараудан аулақ жандар, әрбір қарапайым тартуды өз құндылығымен бағалай алады. Ол өзіне ілтипат жасалынып әкелінген бірнеше кітапқа кез келген басқа қымбат тартулардан да артық қуануы мүмкін. Иә, сыйлықтың бағалылығы оның қанша тұратындығында емес, оның біздің көңілімізден шығатындығында. Сондықтан да біз өзімізге ұнаған тартуларға ерекше мән бере қараймыз. «Сыйланған зат сатылмайды» деген ұғым да бәлкім оның осы сипаттарына байланысты туындаған шығар.

Сіз не сыйлайсыз?

Сыйлықты талғаммен таңдау міндет. Бірақ кімнің талғамымен? Тарту етушінің бе, қабыл алушының ба? Ал егер екі адамның талғамы екі түрлі болса ше? Қай талғамды негізге алған жөн? Мұндай сәттерде ең дұрысы – сыйлықтың сізге де, оған да ұнауын көздеу. Мәселен, сіз қолөнер шеберлері жасаған дүниелерді жинауды ұнататын адамға сыйлық апарғыңыз келеді. Демек, бұл ретте сіздің өз талғамыңызға ұнайтын қолөнер бұйымдарын не зергерлік заттарды іздестіргеніңіз жөн.

Сіз досыңыздың не танысыңыздың қуанышына сыйлық таңдау ниетімен көшеге шықтыңыз делік. Жолшыбай сізге талай дүкендер кезігеді. Олардың бірінде базарлыққа лайық көркем бұйымдар сатылса, екіншісінде маталарды, үшіншісінде, спорт пен музыка тауарларын ұшырастырасыз. Сіз олардың әрқайсысынан да лайық сыйлық табуыңызға болады.

Бірақ кез келген зат сол қуаныш иесіне дәл сол орайда тартуға үйлесе ме, жоқ па деген де сауал туындайды мұндайда. Бұл жерде көп нәрсе адамдардың бір-бірімен туысқандық жағынан жақындығы, таныстық дәрежесі, олардың жасы, жұмысы мен талғамына байланысты. Егер сіз ол адаммен неғұрлым туыстық, достық жағынан аралас-құралас қатынастарда болмасаңыз, сыйлықтың да солғұрлым

пайдалылық жағы аз ескерілуге тиіс. Керісінше, туысқандық, достық қатынастарыңыз қанша жақын болса, сыйлықты таңдауда да аса бір шектеушіліктің қажеті шамалы. Бауыр адамдардың, бір отбасы мүшелерінің бір-біріне ол үшін ең қажетті деген заттарды тарту етуінің еш сәкеттігі жоқ. Алайда бұл ретте де әр мерекенің өз сипатын ескеру қажет. Мәселен, келіншегіңіздің туған күніне оған қажетті затты тарту етемін дегенді ниет етіп тым қарабайырланып кетуге де болмас... Мәселен, мұндай күндері қуаныш иесіне зергерлік бұйымдар, әдемі мата, жаңа духи, гүл сыйлаған жарасымды.

Сыйлық үшін таңдалатын заттарды қай реттерде ұсыну керектігін де білу парыз. Мәселен, әйелдерге, мейлі олар темекі тартатын болса да темекі бұйымдары, сондай-ақ күшті спирттік ішімдіктер тарту етілмейді.

Әр салтанатты жағдайдың өз реті, жолы бар. Мәселен, кей әйелдер 8 наурыз мерекесі күні асхана жабдықтарын не ыдыстарын сыйға алып тұрып, оған іштей реніш білдіруі де мүмкін. Бұл күн оның жеке мерекесі, ал мына сый: «Сенің міндетің – асханада жүру!» – деген ойды тағы да нақтылай түскендей әсер етері кәміл. Алайда сол әйелге егер жаңа тұрмысқа шыққан, не жаңа қонысқа көшкен кезде дәл осындай сыйлық ұсынылса, оны дұрыс тарту болды деп ризалықпен қабыл алары анық.

Бірақ та кейде байыпсыздықпен қалыптасқан дағды әсерінің – белгілі бір қуанышты жағдайлар кезінде соған лайық деп есептеліп кеткен сыйлықтарды ғана алуға жетелейтін реті жоқ емес. Міндетті түрде шілдеханаға – бесік-арба, қоныс тойына – аспа шам, зейнетке шыққанда – теледидар алу керек деген ұғымдар осы әдеттер ықпалына саяды. Мұндай реттерде тағы да сол әр адамның өзінің неге қызығып, нені ұнататындығы, талғамы қандай екендігі әр уақытта естен шықпай бірінші кезекте тұрса игі.

Демек, біз бір түйінге келген сияқтымыз. Ең әуелі сыйлықты таңдау кезінде адамдардың талғамы, жеке басы, қызметі ерекшелігіне, немен әуестенетіндігіне көңіл аудару керек екен. Кейде сізге тарту етілген, өткен өмір жолыңыздағы бір сәттеріңізді, елеулі уақиғаларды еске түсіретін заттар, сіздің сол кездегі тілектес, жақын адамдарыңыз бейнеленген суреттер де қайсыбір сыйлықтардан артық әсер етуі ғажап емес.

Тарту-таралғылардың арасында, әсіресе бізді рухани жағынан байытып, ой-өрісімізді өсіретін, эстетикалық

тәрбие беруге әсер ететін сыйлықтардың мәні ерекше. Мұндай сыйлардың ішіндегі ең жарасымдысы – кітап; оны кез келген адамға, кез келген реттерде апаруға болады. Соның өзінде де әр адамның өз талғамын ойластыру керек. Мәселен, біреулер классикалық шығармаларды, біреу поэзияны, енді бірі өнер туралы кітаптарды, келесі бірі тарихқа қатысты әдебиеттерді жинағанды жақсы көреді. Кітапты таңдағанда да қабыл алушының осы ерекшеліктеріне көңіл аударылады. Кейде кітапқа сөз жазып берген дұрыс па деген сауалдар да туады. Бұл әркімнің өзіне байланысты. Егер ол жазылса, бойында мәні мен салмағы бар сөз болғаны жөн. Кейде мұндай кездерде оған сол кітаптың өзінен алынған цитаталар да үйлесіп кетеді.

Гүл... Осы бір қарапайым да оңай табылатын сыйлықта қаншама сұлулық пен поэзия жатыр десеңізші! Гүлге қуанбайтын жан жоқ. Әр гүл өзіне тән әсемдігімен ерекшеленеді. Қай гүл әдемі – бір себет лалагүл (хризантема) ме, жоқ сауытқа салынған үш тал қалампыр (гвоздика) ма, немесе бір құшақ түймедағы (ромашка) мен құмыраға салынған раушан (роза), әлде сұңғақ баршынгүл (гладиолус) ме? – деген сауалға да жауап беру оңай емес. Бұл да талғамға байланысты нәрсе, біреу раушанды жақсы көрсе, біреуге сарғалдақ, енді бір адамға қызғалдақ ұнауы мүмкін.

Қарсы алулар мен шығарып салулар, кездесулер мен құттықтаулар, тойлар мен салтанаттар. Адам өміріндегі осы тектес барлық уақиғалардың қасында гүл жүреді. Гүл туралы аңыздар мен дастандар бар, көптеген халықтарда гүл рәміздік мәнге ие: бір гүлдер – махаббатты, ізгілікті, бақытты бейнелесе, енді біреулері – қайғы мен мұңды сипаттайды. Кейбір гүлдер тұтас бір елдер туралы поэтикалық түсінік береді. Голландияны – қызғалдақтар елі деп атаса, тұңғиықгүл (лотос) – Үндістанды, лалагүл (лилия) – Жапонияны еске түсіреді. Әрқилы дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар да гүлдердің бойларына белгілі бір сипаттар мен қасиеттер теліді. Үйлену тойларында ақ гүлдерді тарту етеді – ол пәктік пен адалдықтың белгісі. Әрбір адам үшін өзі жақсы көретін, оған тым ыстық, сүйікті көрінетін гүлдер бар. Ол біреу үшін тек эстетикалық әсер, ал енді біреулерге – тәтті естелік, сұлу сурет.

Мәселен, бозқараған гүлін Мұқағали Мақатаев былайша тебірене жырға қосты:

«Бозқараған...

Көрдің бе бозқараған?

Сирень иісі аңқиды боз даладан.

Бозқараған – тікенек, тікенге өскен.
Сирень гүлін ешкім де қозғамаған.
(Соның аты, біздіңше – Бозқараған).
...Бойжеткендер тойларын жасарында
Бозқараған жанатын ошағында.
...Бозқараған гүлін ап, хатқа салып,
Жіберуші ек туысқа майдандағы...»

Той иесіне ол сүйетін, жақсы көретін гүлді сыйлаңыз – оның құлпырып, жайқалған түрі ғана емес, аңқыған иісінің өзі де оның бойындағы әрқилы рәуіштегі сезімдер толқынын оятады.

Иә, гүлдердің өмірі қысқа болса да, сабақтарынан жаңа үзілген кезде олардан артық шын көңіл мен ниетті білдіретін сыйлықты табу қиын. Гүлдерді ең салтанатты жағдайларда да, отбасылық мерекелерде де, біреуді қарсы алғанда да және еш себепсіз, достардың үйіне жай келе салғанда да сыйлауға болады. Сіз бір себет раушангүл әкелесіз бе, әлде бір шоқ лалагүл тарту етесіз бе, жоқ бір тал қалампыр сыйлайсыз ба, оны өз түйсігіңіз бен әдебіңіз білсін. Әрине, сүйікті қызыңызбен кездесуге, не оны құттықтауға бара жатып, оған бір себет гүл әкелмейтініңіз белгілі, оған екі-үш тал інжугүл (ландыш) немесе қалампыр, бозқараған, шегіргүл (фиалка) сыйлайсыз. Ал той дастарқаны жайылған салтанатты үстел үстінде бір себет бозқараған немесе үлкен сауытқа салынған раушангүл қойған жарасар.

Этикет тәлімі бойынша алқызыл раушангүлдерді тек жақын адамдарға (қалыңдығына, келіншегіне, құрбысына, анасына, әкесіне, қарындасына) тарту етеді. Әйелдер әдетте ер кісілерге гүлді сирек сыйлайды. Бұл көбіне туған күн тойланғанда, ауруханаға хал-жағдайды білуге келгенде, Отан қорғаушылар күнімен құттықтағанда ғана жасалынады.

Гүлдерді тарту етуге дайындау үстінде оны талғаммен іріктеуге тырысыңыз, сыйлығыңыздың қанша жақсы бағаланатыны соған байланысты. Әдетте бір тектес гүлдерден жинақталған шоқ гүл әдемі көрініс береді. Бірнеше баршынгүлге (гладиолус) қояншөптің (аспарагус) нәзік талдарын қосқан жарасымды. Жұлдызгүлдің (астра) жеке өзі ғана емес басқа гүлдермен қосылған шоғы да тамаша. Көкшіл және ақшыл көк түсті жұлдызгүлдер, әсіресе ашық сары, қызғылт сары сарғалдақтармен әдемі астасады. Ал қанқызыл түсті, күлтелі шашақты нарғызгүлдің (георгин) жеке өзінің тұрғаны да жақсы – олар үлкен шоқ гүлдің ішінде өз қасиеттерімен байқала алмайды.

...Той дастарқанын жасау аяқталды, сіз сәнді киініп қонақтарыңызды күтіп отырсыз. Міне, есіктің қоңырауы шылдырады, сіз қонақты қарсы алуға шықтыңыз. Құттықтаулар, қол алысулар, сіздің қолыңызда – жұмбақ бума. Әрине, онда не барын тезірек білуге асықсыз. Сыйлықты қалай алу керектігі жөнінде әртүрлі пікір бар. Бірі, буманы байқатпай шетке қойып, қонақтар кеткеннен кейін ғана, саған не сыйлағанын қарауға болады деп есептейді. Енді бірі, сыйлықты сол жерде ашып көріп, оған өз көзқарасыңды білдіру керек дегенді айтады. Этикет салты осы екінші пікірге қосылады. Өйткені қонақ оны таңдау үшін өз уақыты мен талғамын арнады емес пе?! Демек оған ықылас білдірмей қалуға тағы болмайды. Оның не әкелгенін сол жерде қарап, пікір айтады. Әрине, бұл ретте егер ол сыйлық кездейсоқ өзіңізге ұнамай қалса, оны байқатпауға тырысқаныңыз мақұл-ақ. Қандай болса да рақмет айтып қабыл алған абзал. Егер ол сізді риза етіп, айран-асыр қуантып тастаса, әкелген сыйлықтары ұнағанын сезген достар да сіздің үйде пейілді отырады.

Енді этикет тәртібі бойынша қай кездерде қандай сыйлықтар тарту керек деген сауалдарға қысқаша тоқталайық.


- Туған күнге әдетте гүлдер, кітаптар, сәндік әшекейлер сыйлауға болады. Бұл сіздің кімге тарту жасайтыныңызға байланысты. Жұмыста туған күні болған адамның үстеліне гүл қойғанның өзі жеткілікті.

- Үйлену тойлары мен мерейтойларға – бұлардан қымбатырақ сыйлар тартады. Мұндайда көбіне хрусталь ыдыстар, күмістен жасалған бұйымдар, әртүрлі әсемдік заттар беріліп жатады. Ал осылардың орнына, мәселен, жас жұбайларға солардың алдағы өмірлеріне қажеті тиетін заттар мен бұйымдар сыйланғаны да мақұл. Бұл ретте жастарға бағалы да қажетті дүниелерді олардың туысқандары, достары, қызметтестері өзара бірлесіп әпере алады. Ондай сәттерде той иелерінің ата-аналарымен хабарласып, оларға қандай бұйымдар қажет екендігін, нені ұнататындығын біліп алғанның да айыбы жоқ. Ағылшындарда бар бір қағида: жас жұбайлар әуелі өздеріне керек заттардың тізімін жасап, сол бойынша олардың туысқандары мен таныстары той тартуларын дайындайды екен. Әрі керек нәрсенің бәрі – кастрөлден бастап сәнді асхана сервизіне дейін сол

сыйлықтың ішіне кіреді.

- Халықаралық әйелдер күні қыз-келіншектерге, апайлар мен шешейлерге көбіне гүл тарту етіледі. Әр осы күні жігіттер келіншектерінің қолын үй шаруашылығынан босатуға тырысады.

СӨЗІ РАЙЛЫНЫҢ – ЖҮЗІ ШЫРАЙЛЫ



Сөйлесе білу де – өнер

« – Уа, бұл қай баласың?

– Даттың баласымын.

– Қой жая алмайтын жаманнан қолақпандай ұл туды деп еді, сірә, сол болармысың?

– Болсақ болармыз, бірақ «Бір құшақ отыннан бір оқтық шыбық шығады» деуші еді. Әкем жаман болса сондай-ақ болар.

– Бала, әкең нашар болғанмен, шешең пысық еді. Күндіз келген жиырма кісіні, түнде келген жиырма кісіні ренжітпей аттандырушы еді, шешеңе тартқан боларсың.

– Шешем пысық болса, оның несін айып көрдіңіз? Әкем би болмаса да би түсетін үйі болыпты. Шешем күндіз келген жиырма кісіні, түнде келген жиырма кісіні ренжітпей аттандырса, қырық кісі екен, қырықтың бірі қыдыр деген, онда қыдыр дарыған болар. Шалдың үш түрі болады деуші еді: қазымыр шал, қадірсіз шал, қыдырма шал. Өзіңіз соның қайсысыз?

– Балам, сынайын деп айтқан сөзімді көңіліңе ауыр алып қалдың-ау! «Жаманнан жақсы туады – адам айтса нанғысыз, жақсыдан жаман туады – бір аяқ асқа алғысыз». Сен де маған шалдың үш түрін айтып, сын қойдың ғой.

Ердің қадірін өзінен сұрамас болар. Қадірсіз десең – халқымнан сұра, қыдырма десең – көршімнен сұра, қазымыр десең – кемпірім өліп, келінге қараған жетім шалмын – келінімнен сұра. Енді келген жұмысыңды айта бер.

– «Ауылыңның алдында төбе болса, ерттеулі атпен тең; ауылыңда ақылды қарт болса, жазулы хатпен тең» деуші еді. Сәлем беріп, бата алғалы келдім.

– Жарайды, балам! Жайыңа енді түсіндім. «Кісі болар баланың кісіменен ісі бар, кісі болмас баланың кісіменен несі бар?» Атқа мініп, қол бастайын деген бала екенсің, топқа кіріп сөз бастайын деген бала екенсің. Зады – ақыл жастан, асыл – тастан шығады. Азуын шалып, ақылынан танып отырған шалда не ақыл бар дейсің?! Барымды аямаспын, батамды да берермін...».

Сырым батыр жас кезінде Малайсары биге сәлем бере барған кезде ол екеуінің арасында осындай әңгіме өтіпті. Бірі – ел арасында енді ғана аты шыға бастаған от тілді, орақ ауызды жас. Екіншісі – ақыл-білімімен, ділмар шешендігімен барша елге мәшһүр кәрі тарлан. Кіші кішілік салтымен атақты бидің алдында ақыл сұрап, бата алғалы арнайы келген еді. Көпті көрген құймақұлақ би болашақта елге басшы, үлгі болуды мақсат тұтып жүрген жас талапкерге бірден ащы әзілмен тиісіп, сөз сайысқа шақырды. Оның сөз саптасын, ақыл-ойын, тапқырлығын барлап алмақ. Бала қыран да бұған дүр сілкінді. Тартынбай, тайсалмай саңқылдап тіл қатты. Парасатты қарт бірден таныды. Алдында сөз қадірін білетін, болашақта атқа мініп ел бастауға әбден лайық, жүйрік ой, жүйелі сөздің иесі отыр...

Қазақтың сөз өнері дәстүріндегі інжу-маржандардың бірі – шешендік сөздерге қатысты осы бір мысалдан-ақ халқымыздың сөз қадірі мен сөз құдыретіне ертеден мән беріп, оны әрдайым құрмет тұтып келгендігін байқау қиын емес. Әрі уәжді сөзде тұрудың, аталы сөзге инабат таныта білудің асыл үлгілері, халқымыздың талай ғасырлар бойғы тарихының мазмұнды да көркем ой сілемдері іспеттес, осы шешендік сөз өнерінің – бізге ұрпақтан ұрпаққа ауысып ажарланып, өрнектеліп жеткенінің өзі де, сол сөзге деген ел ықыласының, ардақ тұтуының белгісі деу керек. Олар «ердің құнын екі ауыз сөзбен бітіретін», жауласқанды келісімге келтіретін, күлгенді жылатып, жылағанды жұбата алатын сексен қырлы, мың сырлы сөз құдіретін терең түсіне білген халықтың асыл да айшықты мұрасы.

Қазақ халқының әр нәрсені жүйесімен ойлап, шебер де

мәнді сөйлей білу қабілеттерін олардың ізгілік, адалдық, инабаттылық қасиеттерге етене жақын екендігін қыр еліне ілгеріде саяхатпен келген, оны зерттеген адамдар да көп атап көрсетті.

Польша ұлт-азаттық көтерілісіне қатысушы, поляк революционері Адольф Янушкевич Сібірде айдауда жүрген кезінде қазақ даласын аралаған сапары туралы «Қазақ даласына жасалған саяхат туралы жазбалар» деп аталатын еңбегінде 1848 жылы Семей төңірегінде көрген мына бір жайды суреттейді. «Бұл іске біздің бірнеше күніміз кетті. Өштескен екі жақ айтысқа бар күшін салды. Ойларындағысын іркілмей айтып шарпысуларын өршіте түсті. Шешендер алма-кезек сөз таластырды. Осы бір дала Демосфендерінің қайсыбірлерінің желпіне айшықты сөйлегені соншалық, менің өзім қайран қалдым. Ежелгі Грекияда немесе Римде болса, Тоқымбай мен Бейсеке билердің өздері-ақ айрықша қошеметтің астында қалған болар еді...»

Тағы бірде ол: «Қазақтардың ақыл-ой қабілетінің жоғарылығына барған сайын көзім жетуде. Қандай жеңіл сөйлейді. Кез келгені айтайын дегенін тез түсіндіре, қарсыласының сөзіне шебер тойтарыс бере біледі. Тіпті балаларының да ақыл-есі өте тез жетіледі», – дейді.

Қазақ ауыз әдебиетін жинауда мол еңбек сіңірген әйгілі ғалым В. В. Радлов та халқымыздың сөз өнері ерекшелігіне жоғары баға берді. «Қазақ тілі – араб, парсы тілдерінің әсеріне ұшырамай, түрк тілінің түпкі таза түрін сақтап қалған тіл», – дейді ол. – Рас, мұнда да бірен-саран жат сөздердің енгені байқалады. Бірақ ол сөздер қазақ тілінің үндестік заңына бағынып бірыңғай халық тілінің қорына қосылған. Қазақ тілінің осы тазалығы мен табиғилығы, сондай-ақ көп таралғандығы бұл тілдегі мұраларды менің көбірек жинап, оған әдебиет нұсқаларынан құрастырған жинақтардың толық бір томын арнауыма себеп болды. Оның үстіне қазақтың; басқа бауырластарына қарағанда сөзге тапқырлығы мен шешендігі де маған ерекше әсер етті».

Сөз құдіретіне ежелден мән беріп, ел мен ел, адамдар мен адамдар арасындағы қарым-қатынастарда оның атқаратын ролін терең түсіне білген халқымыз әр уақытта да сөздің парқына қарауға, көпшілік арасында әр жағдайда қалай сөйлеу керектігіне ерекше көңіл қойды. Үлкендер отырған жерде олардың алдын орап арындап кетпей, инабат, ізет таныта білу, жөн-жобаға, көңілге қарап сөз айту, қажет кезде

өзінді-өзің іркіп ұстау сияқты қасиеттер халықтың дәстүрі мен тәлімінде ілгеріден жалғасып, ұласып келеді.

«Сөзі райлының – жүзі шырайлы», – дейді халқымыз. Бұл адамдар қатынасында ибалы сөзі, жарасты әңгімесі бар жандар әр уақытта жұрт арасында сыйлы, жүзі жарқын жүрер деген ойды меңзейді. Өйткені келесі бір мақал-мәтелдерде айтылатындай: «Жақсы сөз – жан азығы». «Жақсыменен сөйлессең – жаның рахаттанады», «Жаным десе – жан семіреді», «Жақсының өзі де жақсы, сөзі де жақсы». Сөз қадірін аңдамайтын, оның қадір-қасиетін байыптауға өресі жетпейтін, ауыр сөзді ойламай айтып, адамның көңілін қалдыруды сөкет көре қоймайтын жандарға да халық даналығы өз тұжырымдарын ұсынады. Және көбіне жақсы мен жаман өзара салғастырылып, қорытындыда әдепті де ізетті сөздің жөні бөлек екендігі әрдайым алға тартылар еді. Олардың бірі: «Жақсының сөзі – өлшеп пішкендей, жаманның сөзі – түйеден түскендей», – десе, енді бірінде: «Жақсының сөзі – шақпақ, жаманның сөзі – тоқпақ», – деп түйіп айтады, тағы бірде: «Жақсы байқап сөйлер, жаман шайқап сөйлер», «Аз сөз – ишарат, көп сөз – кінәрат», – делініп жатады.

Сөз құдіретіне арналған осы тектес қай мақал-мәтелді алып қарамаңыз, олар адамдар арасындағы сөйлесу, әңгімелесу реттерінің жөн-жосығы жөніндегі ережелер кодексын алға тартқандай болар еді.

Иә, сөйлесе білу – өнер.

Біз кейде күнделікті өмірде қанша адаммен тіл қатысып, қаншама адаммен сөйлесіп жататынымызға есеп бере де қоймаймыз. Ал шын мәнінде ол өз бойына талай-талай кездесулерді, талай әңгіме-дүкен құруларды біріктіріп, адамның әр ортада өзін-өзі ұстау салттарымен тығыз үйлесіп жатқан тұтас бір күрделі әлем. Адам әрдайым өз бойында «аса ұлы байлыққа – басқа адаммен араласуға ұмтылушылықты» сезінеді. Адам есейген сайын оның айналасындағы орта ұлғайып, қарым-қатынас мүмкіндігі кеңейе береді. Орта дегеніміз – отбасы, жақын-жұрағат, достар, қызметтестер. Ал қарым-қатынас ұғымы одан аумақтырақ. Күн сайын біз талай адаммен автобуста, көшеде, жұмыста кездесіп тұрамыз. Әр адаммен ұшырасу, тіпті ол тез өтетін қарым-қатынас болса да, қоғамдық бітімімізді құрайды.

«Сен» және «Сіз»

Жасы мен жолы үлкендерді қадірлеп, сыйлау дағдысы, «Сіз» деу – әдеп екені қазақ салтына бұрыннан сіңген ізет дәстүрлерінің бірі. Өзінен үлкендерге, әке-шешелеріне «Сіз» деп сөйлесу адамның инабаты мен тәрбиесін, кішіпейілділігін көрсетеді. Халық арасында әдетте жасы кішілерге, балаларға, өз құралпыластарына ғана «сен» деп айту қалыптасқан.

Адамдардың сөйлесу мәдениеті туралы әңгіме қозғалғанда, осы «сен» мен «сіздің» жөн-жосығына қатысты жайларға тоқталып кеткен де жөн. Өйткені күнделікті өмірдегі қарым-қатынастарда қай уақытта «сіз», қай уақытта «сен» деп сөйлеу керектігі жөніндегі сауалдар да ауық-ауық туындап қалып жатады.

Әрбір адамның әдептілігі оның өзгені сыйлай білуінен, жасы үлкендер мен әйелдер алдында инабат танытуынан көрінер. Сол сыпайылықтың бір белгісі – олармен «сіз» деп сөйлесу. Сондай-ақ көшеде, жұмыста, жұрт арасында жасы кіші болса да бөгде адамдарға, әлі кеңінен араласып кете қоймаған көз таныстарға әдетте «сіз» деп сөйлеседі.

Қай уақытта және кімге «сен» деп тіл қатуға болады? Бұл ыңғайда сөйлесу – негізінен жастары қатар, тең адамдар арасындағы қатынастар мен үлкендердің өздері жақсы білетін жасы кішілерге қайырылған кездерде үйлеседі. Ол сөйлеушілер арасындағы көңіл мен пейіл жақындығын, достықты, жолдастықты көрсетеді.

Егер кімде-кім айтыс, талас кезінде алдында «сіз» деп сөйлесіп отырған адамымен бірден «сенге» көшіп, осысымен қарсыласын мұқатамын деген ниетте болса, бұл оның артықшылығын емес, ұстамсыздығын, әдепсіздігін көрсетеді.

Адамдар әртүрлі. Олардың бірі тез арада-ақ «сенге» көшуге бейім болса, екіншілері бұған аса ықылас таныта қоймайды, «сенге» көшу үшін ерекше татулық, жан десетін дос болу керек деп біледі.

Өмірде қай уақытта «сенге» көшуге болады, деген қағида жоқ. Бұл толығымен адамдардың мінез-құлқына, әр ортаның жағдайына байланысты.

Әдеп салты тек «сенге» қалай көшудің жолдарын ғана көрсете алады. Мұндағы ең негізгі ереже: «сенге» көшуді үлкен – кішіге, бастық – қызметкеріне ұсынады. Ер кісі мен

әйел арасында бұл қағида шартты. «Сен» деп сөйлеуге рұқсат беру әйелдің өз еркінде, ер кісі бұл ретте «сенге» көшу туралы тек ұсыныс айта алады. «Сенге» көшу туралы өтініш жасаудан кейде сақ болған да жөн, өйткені оған қарсылық білдіру, әсіресе сол ұсынысты айтқан адам үшін ыңғайсыздық тудыруы да ғажап емес. Жас жігіт жасы үлкен жақын адамдарынан өзіне «сен» деп сөйлеуін өтінуі мүмкін. Бірақ бұл орайда да оның өзі оларға бұрынғысынша «сіз» деп тіл қата береді. Үлкенді сыйлауды дәстүр еткен халқымыздың әдеп салттары бойынша оның да «сенге» көшуі жараса қоймайды. Сондай-ақ кейде жас балалардың өз әке-шешелерін «сен» деп атайтын дағдыларға бейімделетін жағдайларын да құптай алмаймыз. «Сен» сөзінің бойында «сізге» қарағанда аз да болса еркіндік, өзімсіну, терезені тең ұстау, тіктік, туралық сипаттар бар. Сондықтан «сен» деп тұрып, «сізге» лайық сыпайылық деңгейін таныту да қиын соғады. Ал халқымыздың ең қастерлі қасиеттерінің бірі – ата-ананы сыйлау, оларды қадір тұту, ізет пен инабат көрсете білу. Оларға «сіз» деп тіл қату да сол қадір тұтудың көрінісі.

Сөз туралы сөз

Сөйлесу мәдениетінің құпияларын түйсіну, игеру ісімен адамзат сонау бағзы замандардан бері айналысып келеді. Әсіресе бұл ретте Ежелгі Грекияда өркен жайған сөз өнері дәстүрінің алар орны ерекше болыпты. Және эллиндер сөйлеу мәдениеті жайлы ілімдерін басқа халықтарға да кеңінен таратты. Грек этикеті сол замандарда халықаралық эталон дәрежесінде танылды. Тарихшы Полибидің жазуы бойынша эллиндер мемлекетіне келген алғашқы римдік елшілер жұмсақ мінезді, сыпайы гректер алдында дәрежеліліктерімен, өздерін ұстай алмайтын мінез-құлықтарымен көрініпті.

Гректер этикеті бойынша елші өзі әңгімелесіп отырған адамының сөзін бөлмей, өзіне айтылған нәрсенің бәрін төзіммен тыңдауға міндетті болды. Бірақ ол ережені білмейтін Рим елшісі гректердің Филипп Македонский сынды патшасының алдында оның сөзін бөліп қояды. Айбынды патша бұған қатты ашуланады. Алайда ол өзін-өзі іркіп, елшіге сыпайы түрде ғана былай депті: «Мен сені бұл жолы, біріншіден – жастығың, екіншіден – реңділігің, үшіншіден – римляндық болғаның үшін кешіремін».

Бірде Сократқа одан шешендік өнерді үйренгісі келген

жас шәкірт келеді. Осы мақсат үшін ол Афиныға алыстан жол азабын шегіп жеткен еді. Алайда жас жігітпен сәл уақыт әңгімелескеннен кейін Сократ оның оқу ақысын басқалардан екі есе көп төлеу керектігін айтыпты. «Неге?» Жас шәкірт осылай деп сұрақ қойған еді.

– Өйткені менің саған екі ғылымды бірдей үйретуіме тура келіп тұр, – деп жауап беріпті философ, – тек сөйлей білу ғылымын ғана емес, сабыр сақтап тыңдай білу ғылымын да.

Сөзге қонақ бермейтін мылжындардың арасындағы ең төзуге болмайтыны – өзімшіл мақтаншақтар. Олар әдетте өздерінің сөздеріне өздері рақаттанып, ешкімді елемей, маңайындағылардың оны қалай қабылдап жатқанымен жұмысы болмастан, бет алды сөйлей бергенді ұнатады. Қазақтың «Қысыр сөзге мініп, қысырақ қумас болар», дегені осындай адамдарға байланысты шыққан.

Сөз өнерінің ұлы білгірі Абай өзінің үшінші қара сөзінде бөспелік пен мақтаншақтың туралы былай дейді. «Һәмма ғаламға белгілі данышпандар әлдеқашан байқаған: әрбір жалқау кісі қорқақ, қайратсыз тартады; әрбір қайратсыз қорқақ, мақтаншақ келеді; әрбір мақтаншақ қорқақ, ақылсыз, надан келеді, әрбір ақылсыз надан, арсыз келеді; әрбір арсыз жалқаудан – сұрамшақ, өзі тойымсыз, тыйымсыз, өнерсіз, ешкімге достығы жоқ жандар шығады».

Жұрт алдында сөйлеген кезде, бас қосуларда отырғанда өзін басқалардан ерекпін, артықпын, сондықтан да басқалардан көп сөйлеуге тиіспін деп ойлау ақылсыздық. Әңгімені тек өзін көрсету, өзі ғана сөйлеу үшін бастайтын адамдар да табылады. Олар мұнысымен көбіне-көп сөзін ешкім тыңда- майтын жайға душар болып жатады.

Мұндай кездерде этикет салты мынадай қағидаларды ұсынады.

- Кез келген ортада әңгімені жөн-жосығымен айтып, жұртты жалықтырмай отыратын адамға деген ықылас ерекше. Алайда әркімге де әңгімені қысқа тұжырып, ойларының нақтылы, жүйелі болғанын ескерген мақұл. Басқаларды иландыру үшін сөзіңіз нанымды, дәл шықсын.

- «Мен бәрін білемін» деген сыңаймен оңды-солды сөз есуге құмар адамдардың мүлт кеткен жерлерін әдепті адам әдетте байқамаған сыңай танытып қабылдайды. Егер де оны түзету қажет болса, мұны кішіпейілділікпен сөз иесін

ренжітпей жасауға тырысады. Әркім де қателесуі мүмкін. Қателікті байқаған және өзінің туралығына сенген адам мұны білгішсінген кейіппен айтпауы керек. Әңгіме айтып отырған адамға:

«Сөзің жалған», «Сіз ол мәселе туралы түк білмейсіз», «Бұл әрбір жас балаға дейін белгілі нәрсе», «Өтірікті суша сапырып тұрсыз», деген сыңайдағы дөрекі сөздер мен түзету жасау көргенсіздікке саяды. Бұл ойды сыпайы түрде, басқаларды ренжітпей-ақ мына тұрғыда: «Кешіріңіз, мен сізбен келісе алмаймын», «Меніңше, сіз тура айтпай отырсыз», «Мен басқа пікірдемін», – деген тұрғыда білдірген жөн.

- Егер әңгіме барысында сізге белгілі жайлар айтылып жатса да, әңгімешінің сөзін бөлмей, оны аяғына дейін төзіммен тыңдау қажет. Егер бір жағынан сіздің әңгімеңіз жұртты қызықтырмай жатса, оны жалғастырудың жөні жоқ.

Егер сіз отырған ортада әңгіме бір тілде айтылып жатса, басқа адаммен бөтен тілде сөйлесу ыңғайсыз. Егер жиналғандар арасында жергілікті тілді білмейтін адам отырса, оған әңгімені аударып жеткізуге тырысады. Жиналған ортада сыбырласпайды, бұл басқаларды сыйламаушылық болып табылады. Егер ол жұрт ортасында айтуға болмайтын басқа әңгіме болса, елеусіз оңаша шығып кетіп айтыңыз.

- Әңгімелесіп тұрған екі адамға үшінші бір адам келіп қосылса, оның әңгімеге араласып кетуі үшін оған бірнеше сөзбен әңгіменің мазмұнын жеткізеді. Сөйлесушілерге жақындаған адам әдетте әңгіме тақырыбын сұрамайды. Оны сөзге тарту қажет болмаса сыпайы түрде: «Отбасылық әңгімелерді айтып тұр едік» немесе «Жұмыс туралы сөйлесіп тұр едік», – деп түсініктеме береді. Әдепті адам мұндай кезде өзінің аса қажет еместігін бірден байқайды. Егер қасыңызда үшінші адам тұрса, сөздерді құпиялап, жұмбақтап жатудың қажеті жоқ, ең дұрысы әңгіме тақырыбын өзгерту.

- Басқа адамдар айтқан пікірлер мен сөздерге шыдамсыздық таныту әдетте не шектен тыс қызба, не психикалық жағынан ұшқалақтардың, иә болмаса тәрбиесіз адамдардың тірлігі. Қайткен күнде де кейіннен өзіңіз бұл қылығыңызға қысылып, сол жолы қызып кетіпін, деп

ақталғаныңызбен, ол сіздің бойыңыздан өнегесіздіктен туған кінәні ақтай алмайды.

- Еш уақытта да маңайыңыздағы жұртпен дөрекі сөйлеуге үйір болмаңыз. «Рақым етіңіз», «Кешіріңіз», «Айып етпеңіз», деген секілді кішіпейілділік сөздерді жиі айтуға тырысыңыз. Бұл айналаңыздағы жұрттың сізге деген көзқарасына әсер етеді. Екі жақты сыйластық орнауға септігін тигізеді.

Қазақтың: «Сөз сүйектен өтеді», – деп айтуы бекер емес. Жөнсіз, орынсыз айтылған, ашумен шыққан сөз жүрекке мұз болып қатады. Адамды ренішке ұшыратады, қапаландырады, қасірет шектіреді. Қазіргі медицина дөрекі сөз, тіл тигізу, ренжітуден туған қайғырулардың кей реттерде денсаулыққа зиянды әсер ететіндігін, әсіресе оның жүрек-қан тамырлары жүйесі ауруларын өршітіп, күшейтетіндігін анықтап отыр.

Өзін-өзі игере білетін адам еш уақытта да балағатқа балағатпен жауап бермейді. Әдетте ол мұндай реттерде басқа орайдағы ұтымды жауап түрлерін тауып кетуге бейім келеді. Жазушы Стефан Цвейгтің мынандай бір қызық дерек келтіретіні бар. Бірде Наполеон бүкіл сарай адамдарының ортасында сыртқы істер министрі Талейранға айқай көтеріп, оны ең жаман сөздермен балағаттап: «Ұрысың, ант бұзарсың, опасызсың, ақшаға туған әкеңді де сатып жіберетін алаяқсың», – деп тілдепті. Ал император сарайының ақылды да айралы тұлғаларының бірі, Францияның бірінші дипломаты Талейран болса, бұл сәттерде селт етпестен, өзіне айтылып жатқан балағат сөздердің бәрін естімегендей тәкаппар, маңғаз күйде тұра беріпті. Наполеон ұрсып-ұрсып тоқтаған кезде, Талейран сол күйі ләм деместен кілт бұрылыпты да жып-жылтыр паркет үстінде ақсаңдай басып тысқа қарай беттепті. Тек есіктен шыға бергенде ғана, түсінген адамға Наполеонның манағы өршелене айтқан барлық сөздерінен де ауыр тиетін бір ғана жойқын сөйлемді айта салыпты. «Осындай ұлы адамның осынша жаман тәрбиеленгені қандай өкінішті», – депті де шекпенін киіп, сарайдан шығып жүре берген екен.

Әрбір адаммен сөйлескен кезде оның жан дүниесін, рухани бітімін, мінез-құлық ерекшеліктерін де ескерген мақұл. Сіздің оны дұрыс білмей жатып әзіл айтқаныңыз немесе ол қызықпайтын тақырып төңірегінде сөз қозғағаныңыз жараса қоймайды.

Әйелдермен әңгімелесе білудің де өз әдебі мен инабат салттары бар. Ежелгі Рим ақыны Овидийдің өзі әйелдермен сөйлескен кезде тілге тиек етуге болмайтын тақырыптардың бірі – олардың жасы туралы мәселе екенін айтады. «Егер әйелдің өңі тайып, жастық шағы артта қалғандығы, шашына түскен ақ талдарды ақырындап жұлып жүретіні байқалса, – дейді ақын, – еш уақытта да әйелдің жасын және ол дүниеге келген кездегі консулдардың аты-жөндерін сұрамаңыз».

Ал от тілді, орақ ауызды шешен Цицеронның пікірі бойынша, жақсы тәрбиеленген адам еш уақытта да грек тілінде сөйлей алмайтын адамдардың ортасында тұрып, оларға осы тілді білетіндігін көрсетіп мақтаныш етпейді.

Әрине, бұл жерде әңгіме барысы өзіңнің артықшылығыңды көрсетуге ұмтылма деген ойға тіреліп тұр. «Мен» деп көкірек керуге құмарлық әдептілікке, тәрбиелілікке, сірә да, жараспайды.

Бірде Нью-Йорктағы телефон компаниясы қызық тәжірибе жүргізіпті. Оның дирекциясы адамдар қандай сөзді ең жиі қолданатынын білгісі келген екен. Осы мақсатпен 500 телефон әңгімесі тыңдалады. Сонда телефон тұтқасынан ең көп естілген қандай сөз дейсіз ғой? «Мен» деген сөз. Ол 3990 рет қайталаныпты.

Еш пайдасы жоқ, бос, мәнсіз әңгіме – өз уақыттарын қалай өткізуді білмейтін еріншектер мен жалқаулардың тірлігі. Олар бос сөздерімен өздеріне ғана емес, өзгеге де бөгет жасайды. Өсек, өтірік, мақтаншақтық та әдетте осындай қысыр әңгімелерден туындап жатады.

Жақсы сөз – жанның тынысы

Сөйлесу өнері – тек тіл қатысу, әңгімелесу ғана емес, одан да мәнді, маңызды жақтары бар әлем. Ол адамның жан дүниесін ашу, түсіну өнері. Кім оны жақсы меңгере білсе, оған басқа адаммен әсерлі, рухани қатынас жасай білудің көңілге қуаныш ұялататын сәттері де белгілі.

Адамдар арасындағы ізетті де сыпайы қарым-қатынастарда бір ауыз ғана сөзбен көңілді марқайтып жүректе жылы нұр қалдыратын жандарды жұрт әр уақытта құрмет тұтып, қадірлеген. Ондай адамдар туралы әрқашан да сый-лас пейілдегі сөздер, ықыласты лебіздер айтылады.

Қазақтың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезовтың бойында осындай үлкен адамгершілік ұлағаты, кісілігі, биік сөйлесу мәдениеті болғандығын естеліктерден көп ұшырастырамыз.

Әзербайжанның әйгілі жазушысы Мирза Ибрагимов та Әуезовтың инабат пен ізгілікке толы осы қасиетін атап жазады.

«Фадеев кірген адамға тоқтала қарады да, сөзін шорт үзіп үстел жанынан шықты.

– Сау-сәлеметсіз бе, қымбатты Мұхтар, – деп келген адамның қолын қатты-қатты қысып, қуана көрісті.

«Фадеевтің осыншама ықыласы түскен бұл кім?» – деп қатар отырған Самед Вургуннан сұрадым. Оның өңі жылып қоя берді. Бұл маған таныс нұр. Өлең оқығанда, не өзіне рухани жақын адам туралы әңгімелегенде оның көзі осылай жылып сала беруші еді.

– Мұхтар Әуезов қой. Сен оны білмеуші ме едің?

Мұхтардың сөз сөйлеу, жүріс-тұрысында, өте сирек кездесетін сабырлылық бар еді. Орталау бойы сусыз жерге өскен қыр терегін еске түсіретін. Ондай теректердің тамыры тереңде жатады: не аптап ыстық, не алапат жел оны сындыра алмайды. Қайта өзегін шыңдап, бұтағын бекіте түседі.

Мұхтар бос орынға жылыстай беріп, Самедті көзі шалып қалды.

– Охо, Самед, сен де мұнда ма едің? – Ол қолын қысып сәлемдесті де, қазақша: – Жақсымысыз! – деді.

Самед жылысып, орын ұсынды. Қысқа ғана аман-саулықтан кейін менімен таныстырды. Мұхтар ынта-ықыласқа толы дөп-дөңгелек көзімен мені бір қарап өтті де, «Туады күн» романым жөнінде жақсы лебізін білдірді. Мен оның шығармаларын, әсіресе «Абайды» көңілім құлай оқығанымды айтқым кеп отырды да, жаңағы жылы сөздің қарызын қайыру деп ұғып қала ма деп, бой тарттым».

Қазақ: «Жақсы сөз – жанның тынысы», – деп бекер айтпаған. Ұлы жазушының өзіне деген жылы лебізі әзербайжан қаламгерінің көкірегінде әдемі әсер ретінде қалып қойды. Арада қанша жылдар өтсе де, ол қазақ жазушысының сол бір райлы пейілін ырзашылықпен қайта еске түсіреді.

Сөздің күдіретінде шек жоқ.

Неапольдың бір фабрикасында кішкентай бала жұмыс істепті. Ол әнші болуды армандайтын. Бірақ оның қабілетін тексерген ән мұғалімі баланың талабын қайтарып тастаған.

– Сен өлең айта алмайсың, – деген ол. – Сенде түк те дауыс жоқ.

Дегенмен де оған сенген бір-ақ адам бар еді. Ол – сол

баланың анасы, кедей шаруа әйелі болатын. Әншілік өнер-күпиялары туралы еш хабары, түсінігі жоқ болса да ұлына «сенен әнші шығады, сен әнді күннен-күнге жақсы салып келесің» дегенді айтудан жалықпайтын. Шеше байғұс ұлым тағы да біраз оқысын деген ниетпен бар тапқанын ән мұғаліміне беріп, өзі жоқшылық тауқыметін де шегеді. Ешкім баланың талантына сенбей, одан теріс айналып жатқанда, осы бір жарлы әйелдің қайырымды сөзі дүниеге ұлы әншіні алып келген еді. Біз оның есімін жақсы білеміз. Ол – Энрико Карузо.

«Жақсы сөз – жан азығы». Адамға айтылған ізгі де қайырымды сөздер әр уақытта есте жүреді, көп жылдар бойы жүректе сақталады.

Келіңіздер, бір-бірімізге ілтипатты, жылы сөздер айтайық, ағайын.

Хат жаздым, қалам алып...

Көне дәуірлер күпиясын зерттеген археологиялық қазбаларға қарағанда, хат жазысу салты ежелгі замандардан-ақ басталған көрінеді. Ол жазудың пайда болуымен бірге туып, өрістеген дағды. Ең бағзы жазудың төркіні – Азия құрлығы. Оларды біз идеографиялық жазу деп аталған айтылар ойды суреттер не шартты жазбалар арқылы білдіретін көне қытай жазуы мен шумер жазуы ретінде білеміз. Алғашында адамдар өздерінің басқаларға жолдайтын хаттарын саз балшықтан жасаған тақталарға, ағаштың қабығына, пальма жапырағына, бамбук тақтайшаларға, иленген терілерге жазды.

Ал V және VIII ғасырлар аралығында дүниеге келген көне түрк жазба ескерткіштері – Орхон-Енисей жазулары тасқа қашалып түсірілген еді. Бұл ескерткіштерде сөз болған жайлар, әсіресе Орхон жазуларындағы атқа мініп ел бастаған Білге қағанға, Күлтегін батыр мен Түйүкүк абызға арналған тарихи ерлік жырларының құрылымы, сол замандарда біздің ата-бабаларымыз арасында жазу өнерінің іргелі дәстүрі болғандығын байқатады. Әрі Күлтегін ескерткішінде: «Мынаны оқып біліндер, түрктің ендігі халқы мен бектері», Түйүкүк ескерткішіндегі: «Түрктің Білге қаған еліне арнап жаздырдым мен, данышпан Түйүкүк», деген жолдар да сол бағзы дәуірлерде түрк жұрттары арасында хат жазысу өнерінің кеңінен тарағандығын байыптатады.

Хат жазысу өнері – яғни эпистолярлық дәстүр жанр

ретінде антика дәуірінен басталады. Сол дәуірлердегі Цицеронның, Горацидің, Сенеканың хаттары эпистолярлық публицистика бастамасы еді. Кейіннен хат түрінде романдар, өлеңдер, философиялық трактаттар, әлеуметтік памфлеттер жазылды.

Ежелгі грек философы Эпикур өз хаттарында жеке философиялық ілімін насихаттады. Ежелгі римдік мемлекет қайраткері Плинидің Везувий жанартауының қалай атқылағаны жөніндегі хаты сол замандағы әңгіме үлгілерінің бірі болды.

Парсы әдебиетінің XI ғасырда өмір сүрген ұлы өкілі Низами Арузи де хат жазыса білуді үлкен өнер деп есептеді. Ол өзінің Абул Хасан Әли ханға арнап жазған «Гауһарлар жинағы» кітабының бірінші тарауында хат жазушыға мынадай кеңестер береді. «Хат алысып не хат жолдап отырып құрметті адамдар мен мәртебелі кісілерге әдепсіздік танытуға болмайды. Ал егер ол хат жазысып жүрген адам мен екеуінің арасында араздық туса, ол адам тек шектен шығар қылық жасап, бекзаттықты белден басып жатқан болмаса, бұл қаламын қайрап оның атын қаралауға құлшынбай-ақ қойсын, өйткені «сөз – сөзге, кінә – бетке» деген бар».

Қазіргі кездегідей хат жазысу салты мен оны желімделген конвертке салып жолдау тәсілі XIX ғасырдың жиырмамыншы жылдары Англияда дүниеге келіпті. Ал сол ғасырдың орта шенінде пошта маркалары пайда болған.

Ғасырлар ауысқан сайын хат жазысудың адамдар арасындағы қатынастарда алатын үлесі ұлғая түсті. Ол жаңа түр, мазмұндармен байыды. Халықтардың мәдени, білім дәрежесінің өсуі эпистолярлық өнердің де дами, өркендей түсуіне әсерін тигізді. Қоғам қайраткерлерінің, әдебиетшілердің жеке адамдарға арнай жазған хаттары кей реттерде әлеуметтік, тарихи-мәдени мән-маңызы бар шығармалар деңгейіне көтеріліп жатты. 1847 жылы ұлы сыншы В. Белинский жазған «Гогольге хат» деп аталатын эпистолярлық әдебиет үлгісінің патша өкіметінің зығырданын қайнатқан уақиға болғаны көбімізге белгілі.

Жалпы сол XIX ғасыр ауқымында эпистолярлық дәстүрдің кең қанат жайғаны айқын байқалар еді. Біз қоғам қайраткерлері, әдебиет пен өнердің әйгілі тұлғалары қалдырған эпистолярлық мұраларға назар аударғанда, оларда жеке басқа қатысты мәселелер ғана емес, келелі қоғамдық ойлардың көп қозғалатындығын көреміз. Хат жазысу өнері

бұл орайда адамның көкейіндегі сырын, өмір, тіршілік, әлеуметтік орта туралы толғанып жүрген ойларын бүкпесіз жайып салатын қатынас құралына айналғандай болады.

Сол іргелі дәстүр ізін біз қазақтың ұлы перзенттері Шоқан Уәлиханов пен Ыбырай Алтынсариннің орыс достарымен жазысқан хаттарынан да айқын көреміз. Шоқанның жазушы Достоевскиймен, ғалым Бекетовпен, аға досы Гутковскиймен, генерал Колпаковскиймен, ақын Майковпен; Алтынсариннің профессор Ильминскиймен, шығыстанушы Катаринскиймен арлы-берлі алысқан хаттары қазақ эпистолярлық әдебиетінің озық үлгілері қатарына жатады.

Шоқан мен Достоевскийдің бір-бірімен жазысқан хаттарының ішінен мына екеуіне назар аударалық. Бұл жиырма бір жасар қазақ жігіті Шоқан Уәлихановтың Омбыдан Семейге, сол қалада айдауда жүрген жазушыға жазған алғашқы хаты болатын.

«1856 жылдың 5 желтоқсаны, Омбы.

Аса қадірлі Федор Михайлович!

Сізге осы хатты жазудың реті келе кетуін пайдаланып қалу үшін асығыс қағазға түсіріп отырмын. Сіз аттанғаннан кейін Сіздің қалаңызда бір түнедім де, келесі күні таңертең жолға шықтым. Бұл күнгі кеш мен үшін сондай көңілсіз болды. Өзім өте жақсы көріп кеткен және мені де жандарына жақын тартқан кісілермен айырылысу аса айрықша қиынға соқты.

Сізбен Семейде өткізген сол бір азды-көпті күндердің маған ұнағаны сонша, қазір Сізбен тағы да қалай жолықсам екен деген ойдың шырмауында жүрмін. Менің сезім мен ықылас туралы жазуға шеберлігім жоқ, алайда оның қажеті де болмас деген ойдамын. Сіз, әлбетте, менің Сізге қалай шын берілгендігімді және жақсы көретінімді білесіз...

Мұнда Омбыға келгесін осындағы ең жақсы досымның бірі Александр Николаевич Цуриковпен ажырасатын жайт боп қалды – ол енді Сіздерге Семейге бара жатыр. Аса мейірімді Федор Михайлович! Сізге осы бір ақжүрек жанды таныстырғаным болсын, Сізге ол ұнайды және жолыққан сайын, соғұрлым тәуір көре түсесіз деп білемін. Омбы дегеніңіз өзінің өсек-аяңымен, таусылмас қысастығымен мүлдем жаман боп кеткендіктен, одан кету жайын да ойлап жүрмін. Бұл хақында Сіз не ойлар едіңіз? Кеңес беріңізші, Федор Михайлович, қайткен жөн. Дуров дімкәстанып жүр. Мұнда оған, шамасы, шенеуніктік... құйтырқы әрекеттер онша жағып жүрген жоқ сияқты – дегенмен, мұның бәрін Сізге Цуриков толық айтып береді.

Барнаулда терең ойлы адаммен уақытты қалай өткіздіңіз? Менен құпия хатшы Василий Петровичке сәлем айтыңыз. Ковригин оған ештеңе жазбайды деп ренжулі.

Әзірше сау боп тұрыңыз, Федор Михайлович. Жақында тағы көп

сөзбен ұзақ етіп хат жазамын. Жауабыңызды күтемін. Анна Андреевнаға Сіздің хатыңызды бердім: ол, байқауымша, өте разы болып қалды.

Сізге шын берілген Шоқан Уәлиханов».

Жас досының бұл хатына Достоевский де өзінің шын жүрегінен шыққан жылы сөздермен ықыластана отырып былай деп ұзақ жауап жазды.

«Сіздің хатыңызды, мейірбан достым, маған Александр Николаевич табыс етті. Сіздің қалтқысыз көңіл әрі жылы пейілмен жазғаныңыз сонша, мен Сізді тағы да нақ алдымда отырғандай әсер алдым. Сіз маған мені жақсы көретініңізді жазған екенсіз. Ал мен қымсынбай-ақ, Сізге ғашық боп қалғандығымды тура айтамын. Мен ешқашан да және ешкімге де, тіпті туған бауырыма да, тап Сізді жақсы көргендей құлай берілген емеспін, оның себебі бір құдайға ғана аян. Бұл жерде түсіндіру үшін көп әңгіме де айтуға болар еді, бірақ Сізді несіне мақтай берем! Ал, Сіз, дәлелсіз-ақ менің ақиқат айтып отырғаныма сенетін шығарсыз деймін, қымбатты Уәлихан, және осы тақырыпқа тегі 10 кітап жазсаң да, бәрібір ештеңе жеткізе алмайсың: сезім мен құштарлық дегендер, сірә де түсіндіруге келмейтін нәрселер ғой. Сізбен арбада қош айтысып айырылысқаннан кейін, біз бәріміз күні бойы көңілсіз болдық. Біз ұдайы Сізді еске алып, барынша мақтадық. Егер Сіздің бізбен бірге аттануға мүмкіндігіңіз болғанда, қандай тамаша болар еді! Сіз Барнаулда күшті әсер тудыратын едіңіз. Кузнецкіде (мен онда жалғыз болдым. NB. Бұл құпия) – мен Сіз туралы бір ханымға, ақылды, аяулы, жаны мен жүрегі жайсаң әйелге, менің ең жақын қымбаттыма көп айттым. Менің Сіз жайында көп әңгімелегенім сондай, ол тіпті көрмей-білмей-ақ, сөзім арқылы менің Сізді ең бір жарқын бояулармен бейнелегенімді түсіндіре келіп, Сізге сырттай қатты ұнатып қалды. Бәлкім, Сіз ол тамаша әйелді бір кезде көрерсіз және оның достарының қатарында боларсыз деп тілеймін. Сондықтан да мен мұны Сізге жазып отырмын. Мен Барнаулда тіптен болған жоқпын. Сонда да бал кешіне қатысып, бәрімен дерлік танысып үлгердім. Көбіне Кузнецкіде болдым (5 күн).

Сізге хатпен жазып жеткізе алмайтын көп нәрсені айтуға болар еді. Оларды бір кезде әйтеуір бір естірсіз, ал қазір, менің жан-дүниемде кенеттен, тосыннан (күттім бе, күтпедім бе), әлемдегі ең қымбаттым үшін соншама қайғы, қамқорлық пен үрей салмағы ұялаған шақта, қазір, мүлде жападан-жалғыз қалған кезімде (ал қарекет жасау қажет), тап қазір Сізге ең басты жұмыстарым мен мақсаттарымды және басқа да табандатқан екі жыл бойы жүрегімнің қайғыдан қан жылап жүргенін ашпағаныма өкінемін! Онда мен бақытты болған болар едім. Қымбатты менің досым, аяулы Шоқан Шыңғысұлы, мен Сізге жұмбақтап кеттім білем. Оларды шешемін деп тырыспай-ақ қойыңыз. Бәлкім, олардың бәрін жақын арада өзімнен естіп қаларсыз. Мүмкіндік болса, тезірек бізге келіңіз, ал сәуірде міндетті түрде. Өзіңіздің ниетіңізден айнымаңыз...».

Қандай ақтарылған көңіл, шынайы пейіл десеңізші. Екі халықтың екі ардақты ұлының өзара ұғынысуының, тамаша түсінісуінің ғажайып бір белгісі емес пе бұл?! Шоқанға деген ағыл-тегіл ықыласын бүкпесіз төккен осы ұзақ хатында ұлы психолог жазушы оның болашағына бағдар ұсынғандай ойларға да барар еді.

«Сіз өзіңізді Омбы әбден жалықтырып бітті депсіз – енді қалай болушы еді! Сіз кеңес сұрапсыз: қызметімді және жалпы жағдайымды қайтсем екен дейсіз. Менің айтарым мынау: шұғылдана беріңіз. Сіздің қолыңызда қыруар материал бар. Дала туралы мақала жазыңыз. Оның жарық көруі ақиқат (есіңізде шығар, біз бұл туралы әңгімелесіп едік ғой). Ең жақсысы, егер даланың тұрмыс-тіршілігі, өз өмірлеріңіз туралы «Жазбалар» секілді етіп орындай алсаңыз, тіптен дұрыс. Ол бәрін қызықтыра алатын жаңалық болар еді, ал Сіз, әлбетте, не жазу қажеттігін білер едіңіз (мысалы, егер есіңізде болса, Пушкин аударған «Джон Теннер» секілді). Сізге Омбыда да, Петерборда да назар аударар еді. Өзіңізде бар материалдармен, Сіз Географиялық қоғамды да қызықтырар едіңіз. Қысқасы, Омбыда да Сізге басқаша қарар еді. Онда сіз бауырластарыңызды да Өзіңіз үшін жаңа жол бар екендігімен қызықтырған болар едіңіз. Егер алдағы жазды Далада өткізбек болсаңыз, онда ұзақ тосуға тура келеді. Алайда келер жылдың I қыркүйегінен Ресейге баруға бір жылдық демалысқа сұранып шығуыңызға болады ғой. Онда бір жыл тұрсаңыз, не істеу керектігін біліп қайтар едіңіз. Бір жылға қаражатыңыз да жетер еді. Сеніңіз, оның соншалықты көп қажеті де шамалы. Бастысы, кейбір есеппен өмір сүріп, бұл істе жаңаша көзқарасыңыз болса, жетіп жатыр. Бәрі де салыстырмалы және шартты. Бұл жылы Сіз өз өміріңіздің келесі қадамын қалай жасауды шешіп алған болар едіңіз. Сіз өзіңізше қорытынды шығарып, яғни одан әрі не істеу қажеттігін шешер едіңіз. Сібірге қайтып оралғаннан кейін, Сіз өз бауырластарыңызға сондай пайдалы немесе соған жақын пікірлеріңізді (ойлап тауып, ортаға тастайтын мәселе аз ба екен) ұсынар едіңіз, олар керек десеңіз, сізді шетелге де, яғни екі жылдай уақытқа Еуропаға саяхат жасауға жіберер еді. Шамамен 7-8 жылдан кейін, өз тағдырыңызды қалыпты жолға салып алған соң, Отаныңызға айрықша пайдаңыз тиер еді. Мысалы: өз ортаңыздан жеке дара суырылып шығып, Ресейге Даланың не екенін, оның маңызын және өз халқыңыздың Ресейге қатысын түсіндіріп берген болсаңыз, сонымен қатар орыстарға туған Отаныңыздың оқымыстысы ретінде бас-көз боп отырудың өзі ұлы мақсат, қасиетті іс емес пе. Еуропаша толық білімді – бірінші қазақ екеніңізді есіңізге түсіріңіз. Оның үстіне тағдыр Сізге ұлы жүрек, асыл қасиеттер беріп, тамаша адам етіп жаратты. Тоқтап қалуға болмайды; дегеніңізге көндіріңіз, тырысыңыз, тіпті мүмкін болса, айла-құлық жасаңыз. Ал, тегі, бәрі де мүмкін екендігіне шүбәсіз сеніңіз. Қымбатты менің Уәлиханым, сіздің тағдырыңыз туралы менің құрғақ қиялға құрылған ойларым мен болжамдарыма күлмеңіз. Мен Сізді жақсы көремін, ұзақты күн Сіз туралы және Сіздің

тағдырыңыз туралы армандадым. Әлбетте, мен өз қиялымда Сіздің тағдырыңызды дұрыс арнаға түсіріп, арман бесігінде бөледім. Алайда сол қиялдарымның арасында бір шындық бар еді. Ол сіздің еуропалық білімге қолы жеткен өз халқыңыздың ішінде бірінші адам екендігіңіз. Осы жағдайдың бір өзі-ақ таңғаларлық және оны білу Сізге еркіңізден тысқары міндеттер де жүктейді. Сізге алғашқы адымды қалай жасауды шешу де қиын. Әйтсе де, міне тағы бір кеңес берейін (жалпылама) – азырақ болжаңыз және армандаңыз, мейлінше көбірек іспен шұғылданыңыз, өз мансабыңызды көтеру үшін әйтеуір бірдеңеден бастаңыз, әйтеуір бірдеңе болса да істеңіз. Түк жоқтан гөрі бірдеңенің болғаны жақсы. Сізге құдай денсаулық берсін...».

Бұл хаттар стилінен сол кезде зиялы қауым арасында кең өркен жайған эпистолярлық дәстүрдің әсерін байқау қиын емес. Шоқан мен Достоевскийдің хаттасуларында ой-өрісі, терезесі тең екі адамның пейілдене отырып сырласуы, көкейде жүрген ойларын бүкпесіз жайып салуы, ақтарылуы бар.

Ал енді сол Шоқанның 1860 жылы Петербордан үйіне, әкесіне жазған хатына көз салалық. Мұнда ол әке пайымы, ел адамының танымына лайық үрдісте, сол кездегі кітаби хат жазысу стиліне лайық сыр тарқатып, жөн сұрасады: *«Сіздің июльдің 6-сында жазған мұбәракнамаңызды оқып көп шад болдым. Көбтен хабар алмағанға хафа болып тұрып едім; инша-алла, сіздер сәлеметтіктеріңізді жіберіп тұрсаңыз көб жақсы болар еді. Бізден хал ахуал сұрасаңыз, алхамдилла, сау-сәләмат деп білесіз...»*

...Петербургға келгеннен бері өзімнің халімні бұрынғыдан жақсырақ көремін. Науасы маған жақсы, жағымды болды. Оны мұнда ашна болған ұлықтар, һам военный министр хұб біледі. Барон Ливен деген жанарал, граф Толстой, сенатор Любимов, уа гайри ұлықтар. Бұларға асқа барып жүремін... Өзім һам, бірнеше кітап тасанниф қылып (дайындап) жатырмын. Газетлерде менім хақымда көп жазған еді, есіткенсіздүр, жазады.

...Орынбордан шыққан сұлтандар бір жұма болды мұнда келгеніне. Мұқан сұлтан бәріне председатель. Бір письмоводитель бар, атын ұмыттым, һаммасы сегіз-тоғыз кісі. Падишаға бүгін көрісетұғын күн. Пристав болып келген Плотников деген – председателінің товарышы. Переводчигі қазақ төресі офицер Әлмұхамед Сейдалин. Жақып оны біледі. Ахметтікінде көрген. Бәшкен ханым сәлем айтыпты...

Апама, балаларға, барша ағайындарға сәлем айтарсыз. Жақыпқа сәлем. Әгәр Жақып Омбыға барса, сурет қылып жіберсін...».

Осы тектес хат жазу стилін біз Абайдың өз інісі Халиоллаға, Махамбеттің ізбасар батырларына жазған хаттарынан да кездестіреміз.

Қазақ әдебиетінде Мұхтар Әуезовтың, Ғабит Мүсіреповтың, Сәбит Мұқановтың және басқа

қаламгерлердің хаттары мен хаттасуларынан да сол ілгеріден жалғасқан хат жазу өнерінің игі дәстүрін, тәлімін танимыз.

Хат жазысу өнерінің қазіргі кездегі жайы қалай? Шынын айту керек, бұл орайда ғылыми-техникалық прогрестің дамуы, жаңа қатынас құрал-амалдарының молдығы, тездігі, жетілгендігі, әсіресе телефонның, ұялы байланыстың өмірге кеңінен енуінің хат жазысу үрдісіне әсерін тигізе бастағанын елемеске болмайды. Жұрт қазір бір-біріне хат жазып, амандық-саулық сұрасудың жөнін көбіне-көп телефонның мойнына артқанды мақұл көретін дағдыға ден қойып кетті...

Өз кезінде туған-туысқанмен, достармен хат алысу сағынышты байланыс құралы еді. Ауылдан қалаға, қаладан ауылға, бір облыстан екінші облысқа, қыздан жігітке, ініден ағаға жолданып жатқан хаттармен адамдардың бір-біріне деген ілтипаты, сағынышы жетіп, хабарлар мен жаңалықтар, асыға күткен жауаптар келетін. Қандай хат болсын адам одан аз да болса, әйтеуір, бір өзіне қажет жаңалық табатын. Мейлі ол оқудағы не әскердегі ұлдың хабары, не ауыл-аймақтың, отбасының сәлемі болсын, әрқайсысының өз жүгі, өз қуанышы бар еді. Олар кәдімгідей сөйлейтін, жырлайтын, сыр шертетін...

Демек, адам жүрегіне тез жол табатын хат алысулардың өміріміздегі, қарым-қатынастардағы алар орны әр уақытта үлкен күйде қалса дейсің. Өйткені хат жазысу да рухани қажеттіліктеріміздің бірі, одан да біздің тәрбиелік, мәдениеттілік деңгейіміз көрініс береді.

Енді хат жазысу кезінде, оған қойылатын этикет талаптары қандай болуы керек деген мәселеге келелік.

- Хат жазғанда ең бірінші көңіл бөлетін нәрсе – оның таза, шимай-шатпақсыз жазылуы. Тіпті бірнеше сөйлем жазған кездің өзінде де оған тұтас бір бет қағаз арналуы шарт. Хат жазылған жағымен ішіне қарап бүктеледі.

- Хаттың сыртындағы адрес дәл және ұқыпты жазылуы қажет. Әрбір пошта бөлімшесінде конверттерді қалай толтырудың үлгілері табылады. Конвертке кері адрессті жазу арқылы сіз бір жағынан хат алысып отырған адамның уақытын үнемдеуге көмектесесіз. Өйткені оның адрессті жоғалтып алуы, керек кезінде таба алмай қалуы мүмкін ғой. Сондай-ақ сіздің адресіңіз егер әлдеқандай бір себептермен хат кері қайтатын жағдай болса да керек.

- Қолыңыз анық, жазғаныңызды жұрт еркін түсінетін болсын. Бұл ретте: «Қолымның нашарлығына айып етпеңіз, мен асығыс жазып едім», – деген сөз кешірім өтіну емес, түсіндіру ғана. Асығыс едім деп салақ, түсініксіз жазылған хат сіздің өз уақытыңызды сыйлап, басқаның уақытына қиянат жасағаныңызға саяды.

- Хатты компьютермен жазып, қағазға шығарған жағдайда, оған қолмен бірнеше жол қосып, соңынан қол қоюды ұмытпайды. Өртүрлі құттықтаулар, көңіл айтулар мен алғыс айтқан хаттар да қолмен жазылады немесе соңынан болса да қолы қойылады. Бұл хат жазып отырған адамның шын пейілін, ықыласын, ілтипатын, осы уақиғаға деген оның көзқарасын көрсетеді.

- Хатты жазғанда беттің сол жақ шетінен екі елідей жер ашық қалдырылады. «Қадірлі Нұрлан мырза», не «Әке, көке, аға» немесе «Марат» деп басталатын әуелгі қаратпа сөз жолдың ортасына, беттің үстіңгі шетінен үш-төрт сантиметр төмен жазылады. Ал хаттың өзі одан екі-үш сантиметр кейін басталады.

- Ресми хаттарды (өтініш, анықтама, өмірбаян, т. б.) тек тұтас қағаздың бетіне жазады. Оның орындалған күні мен орны әрбір хаттың алғашқы бетінде, оң жақ жоғары шетке немесе хаттың соңына сол жаққа жазылады.

Егер сізге мекеме бастығының тегі белгілі болатын болса, оны «Қадірлі Бақтиярұлы!» не «Құрметті Асанұлы!» деп бастайды. Өз әріптесіне жазылар хаты «Қымбатты әріптесім!» деп те бастауға болады. Хат ішіндегі Сіз деген сөздер бас әріппен жазылады.


- Әрине хатқа қойылар талап – әдемі ақ қағаз, таза жазумен ғана шектелмейді. Ондағы ең басты нәрсе – мазмұн мен стиль. Хаттың айтар ойы анық, жүйелі болуына назар аударылғаны жөн. Сөз соңын әдетте «Сәлеммен» немесе «Шын жүректен шыққан сәлеммен» деп аты-жөнін қосып аяқтайды.

- Ашық хаттарды әдетте хат жазуға уақыт жетіспеген немесе қысқа хабар айту керек болған кезде жібереді. Ашық хатты әркім де оқып қоюы мүмкін болғандықтан, онда әуес көз қызығатын жайлар жазылмайды. Қонаққа шақыру,

мүшел жасымен, үйлену тойымен құттықтау, сондай-ақ көңіл айтуды ашық хат күйінде жібермейді. Ондай кездерде оларды конвертке салады не ұялы телефонның уатсап желісі арқылы жолдайды.

- Оқылған хаттарды кез келген жерге тастамайды. Егер хаттарды сақтағыңыз келмесе, ең дұрысы, оларды жағып жіберу. Басқаларға келген хаттарды ашып оқу, ол ең жақын адамың болса да жөн емес. Бөтенге келген хатты ол жоқта өзіндік намысы аз, тәрбиесі таяз адамдар ғана оқиды...

СӘН МЕН СЫМБАТ



Сән, сән үлгісі, сәнқойлық

Мынадай бір жағдай болсын делік. Сіз жақсы білетін бір бойжеткен көрікті көрінем деген ниетпен шашын ұстарамен тақырлап алдырып көшеге шықсын. Әрине, оның бұл қылығына әуелі таңданатыныңыз, содан кейін ренжитініңіз белгілі. Ана бір жылдары кейбір шет ел жастары арасында көрініс беріп, бет-ауыздарын әртүрлі түске бояп, қыздардың шаштарын тақырлап алдырып, мұрындарына сырға тағып жүруді әуес көрген топтарға еліктеген түрі ме екен дерсіз. «Осындай өрескел нәрсеге қалай қызығады екен?» – дерсіз тағы да.

Алайда сәл сабыр сақтаңыз. Өйткені тарих дәл осы дәстүрдің (дәлірек айтқанда сәннің) бір замандарда әйелдердің көріктілігінің бір көрінісі ретінде танылғандығын және оның қияндағы алыста жатқан елдерде емес, Ресейдегі көне Новгород мемлекетінде қалыптасқан дағды болғанын айтар еді. Халықтың санасына әбден сіңіп, көзі үйреншікті болып кеткен бұл дәстүрді жою үшін кезінде шіркеулердің де көп күш жұмсауына тура келген көрінеді.

Мұрынға сырға тағу демекші, Африканың кей

жұрттарында бар осы әдет, олардың әйелдеріне тән ең басты сұлулық белгісі болып есептеледі. Мұрынға үлкен сырға тақпаған әйел африкандықтардың түсінігінше, көзге сондай келіссіз, күлкілі болып көрінбек. Бірде саяхатшы Давид Ливингстон олардың әйелдері мұрнына неге мұндай сырға тағады деп сауал қойғанда, оған таңдана жауап беріпті.

– Сұлулық үшін, әрине. Еркектерде сақал мен мұрт бар, ал әйелдерде олар жоқ қой. Егер әйелдің мұрнында сырғасы жоқ болса, ол неге ұқсар еді. Оның да еркек сияқты аузы бар, бірақ сақалы жоқ. Тіпті күлкілі боп көрінбей ме онда!

Иә, әр халықтар мен дәуірлерде сұлулық туралы ұғымдар әрдайым бірдей бола бермеген. Мәселен, біз тістерімізді тазалаймыз. Біз үшін оның таза, аппақ болғаны әдемі көрінер. Ал кей жұрттар үшін тістің ақ болғаны – көріксіздік саналады. Мәселен, Гвинеяда тісті қара түске бояп қою сұлулықтың белгісі деп есептеледі.

Әрине, халықтар өзара араласу, байланысу барысында бір-бірімен рухани алмасулар жасайтыны заңды нәрсе. Сонау Геродоттың (ж. с. д. 484-425 ж.) жазбаларында Кіші Азияның оңтүстігінде тұратын лидиялықтардың қазіргі Иран жерін мекендеген мидиялықтарша киінгенді жақсы көретіні айтылады. Мысырда криттіктердің ыдыс-аяғы, Крит аралында мысырлықтардың ыдыс-аяғы кең түрде пайдаланылады екен.

Әйтсе де түрлі мәдениеттердің өзара алмасуындағы ең бір шәркез түс – ұлттық киімдерде. Бұл мәселеде әдетте қарама-қарсы екі көзқарас бар. Олардың бірі – барлық шеттен келгеннен, жаңадан ат-тонын ала қашатын кертартпа көзқарас. Екіншісі – шеттен келгеннің бәрін есі кетіп қабылдай беретін талғамсыздық. Алайда уақыт сыны басы артық керексіз нәрселердің бәрін өзі електеп өткізіп, ақыр соңында дұрыс деген бір ортақ жолды тауып жатады.

Әр халықтың ұлттық киімдері әдетте олардың тұрмыс-тіршілік салттарына, мекен еткен аймақтарының климатына, киім тігу материалдарына орай жүйелену, қалыптасу сатыларынан өткен. Мәселен, қазақтардың ұлттық киімі олардың негізгі кәсібі – мал шаруашылығына байланысты көшіп-қонып жүруіне ыңғайлы етіп тігілді. Оларға аяз бен бо-ранға, аптап пен аңызакқа төтеп беретін киімдер қажет болды. Сондықтан да қазақтар ілгеріде киімді малдың иленген терісінен, жұқа киізден, қойдың, түйенің жүнінен тоқылған бұйымдардан тікті. Түлкі тымақ, құндыз бөрік, қасқыр, күзен ішік секілді жылуы мол киімдер жасалды.

Бертін келе матаға жүн салып сыру әдісі шықты. Орта Азиямен, Қытаймен сауда-саттық жасаудың нәтижесінде жүн, жібек, мақта маталары келді. Ал XVIII ғасырдан бастап Ресейдің фабрикалық арзан маталарын айырбасқа көптеп ала бастады. Бұл ұлттық киімдер түрінің көбеюіне мүмкіндік жасады. Ерлер шыттан, ақ бөзден көйлек, барқыт, қыжымнан шалбар, жеңіл шапан, тақия, жалбағай киді. Қыздар ақ мата мен жібектен желбіршек көйлек, мәуіті, шұғадан оқалатқан камзол, үкі таққан керме тақия киетін болды, әйелдер басына жаулық тартып, кимешек киді. Қазақ киімдерінің пішілуі де түздік өмір салтының ыңғайына қарай бейімделді. Көбіне салт жүру қажеттілігі қыр жұртына киімді етегі ұзын, кең етіп тігуге, белбеумен буынуға мәжбүр етті. Киімнің мұндай ерекшеліктері атқа мінгенде еркін қимылдауға, тоңбауға, аяқ пен тізені қымтап отыруға мүмкіндік жасады. Жылы киімдер жеңі әдетте ұзын, қолтық жағы кең, ауыз жағы тар болып келді. Мұндай жеңдер қолдың жаурамауына жағдай жасайтын. Қонышы қара санға дейін келетін саптама етіктер салт жүргенде аяқ пен тізенің тоңбауын көздеді.

Халқымыз сонымен бірге киімдердің сәнділігі мен әсемділігіне де көп көңіл аударған еді. Киімдердің көбіне айқын түсті маталардан тігілуі, әйел киімдерінде әшекейлік элементтердің мол болуы, оларға жібек жіптермен ою-өрнек тігу, алтыннан оқа бастыру, қыз-келіншектердің шолпы, әсем сырғалар тағуы, білезіктер мен жүзіктерді, асыл тастарды сән ретінде кеңінен қолдануы қазақ жұртының ілгеріден жалғасқан талғампаздығын танытады.

Киім тарихы жөнінен бұл тектес көптеген деректерді мысалға келтіре беруге болады.

Біздің көзіміз дағдыланып кеткен кейбір киім түрлерінің әуелгі тарихы да қызық. Мәселен, галифе шалбар өзінің атын Париж Коммунасын қанға бөктіргендердің бірі, француз генералы Галифеден алады. Генерал Галифе екі бүйірі арнайы кеңейтіліп тігілген шалбарды аяғының қисықтығын білдірмес үшін киеді екен. Ал Лев Толстой киген көйлек кейіннен «толстовка» деген көйлектердің шығуына әсер етті.

Кейде жаңа сәндік үлгінің тууына кездейсоқ жағдайлардың да ықпалы тиіп жатады. Француз революциясы жылдарында гильотинада (басты шабуға арналған құрал) жазалауға кесілген қылмыскерлердің мойны ашық қалуы үшін олардың шаштарын алдымен қысқа етіп алдырады екен. Ал кейіннен ол сол бір сұсты уақиғаларға толы дәуірдің ескерткіші іспетті «а-ля-гильотина» деген

жаңа шаш қою сәніне айналыпты.

Американың әйгілі саяси қайраткері және ғалымы Вениамин Франклиннің 1767 жылы Парижге жолы түсіпті. Ол әуесқойлардың көзі өзіне түспес үшін провинциялық сүртігін оқалы шекпенге ауыстырып, үсті-басын париждіктерше ыңғайлапты. Сонда әсіресе оны опа себілген жасанды шаш аса әбіржіткен еді. «Сендер қазір кішкентай бұрымы бар және құлағы ашық қалған менің түрімді көргенде ішек-сілелерің қататыны анық», – деп жазады ол Парижден туысқандарына. Бұған дейін Франклин ұзын шашқа үйренгендіктен, құлағының ашық қалғаны оған тек ыңғайсыз ғана емес, күлкілі болып та көрінген.

Францияға жай адам санатында жолы түскен алғашқы сапарында Франклин Париж модасына қарсылықсыз мойынсұнған еді. Бірақ екінші мәрте келгенінде керісінше ол Парижді өзіне «бағындырып» алды. Бұл былай өткен.

1776 жылы екінші рет Парижге келген Франклиннің Құрама Штаттардың елшісі деген дардай атағы бар еді. Қолдарына қару алып, тәуелсіздіктің туын енді ғана көтеріп отырған америкалықтарға ықылас танытатын жұртшылықтың оларға ұқсағысы келгені де рас-тын. Әрі бұл оларға аса қиын да бола қоймаған. Өйткені париждіктердің көз алдында тірі қаһарман - Вениамин Франклиннің өзі жүрді. Бұл жолы Франция астанасына өз мемлекетінің бас өкілі ретінде келген ол Америкада жүрген кездегі келбетімен қалғанды жөн көреді. Рас, алғашқы кезде оның қарапайым ғана қоңыр шекпені мен теп-тегіс қып тараған шашы Париж жұртшылығын тәп-тәуір әбіржітіп, оған аспаннан түскен адам секілді таңдана қаратуға мәжбүр етті. Бірақ көп уақыт өтпей-ақ оған еліктеушілер көбейе түсті. Ал бірнеше күндерден кейін шаштараздардың алдын «а-ля-Франклин» үлгісімен шаш қойғысы келетіндер босатпай қойған. Кеше ғана мода мен әдеміліктің ең жоғары үлгісі болып табылатын жасанды шаштар (парикистер) қоқысқа лақтырылып жатты.

Сән, сән үлгісі, сәнқойлық!.. Иә, сәннің, сәнқойлықтың кез келген адамды таразының екі басын теңестіре алмайтын күрделі қайшылықтар алдында қалдыратын кезі де жоқ емес. Өйткені, әр сәтте де, мынау сән үлгісіне сәйкес, бірақ маған үйлеспейді; ал мынаның сәнді үлгіге еш қатысы жоқ, бірақ маған жарасып тұр деген сауалдардың өрбіп жататыны да бар. Осындайда көбіне киімнің адамға жарасу жағы емес, сән әсерінің жеңіп кететіні көбірек ұшырасар еді. Және дұрыс түйсік пен қисынды сәнге жалаң еліктеушіліктің жеңіп

кететіндігін мына мысал да айқын көрсетеді.

Франция королевасы Мария Антуанетта екіқабат шағында денесінің толғандығын байқатпау үшін кең қолтық көйлек киюі мұң екен, бүкіл Франция «екіқабат» әйелдерге толып кетіпті. «Аяғы ауыр әйел» іспеттес көріну сэнге айналыпты. Дереу бұрынғы ықшам көйлектерді жаппай сөгіп, қайтадан кеңейтіп тігу қолға алыныпты. Өйткені бұндай көйлекті кимеген әйелдер барша жұрттың алдында сәннен қалған немесе тым әрсіз киінген боп көрінер еді. Дәл осы тектес жағдайды өткен ғасырдың соңғы ширегіндегі Англиядан да кездестіруге болады. Мұнда сэнге сәл де болса ілескісі келетін әйелдер ақырын сылтып басып жүруі керектің. Неге? Өйткені сол кездегі бас сәнқой, сарып дертімен ауыратын Уэльс ханшасы дәл сөйтіп жүретін.

Қазіргі кезде мұндай мәнсіз еліктеу бізге күлкілі көрінуі де мүмкін. Алайда сән үлгісіне көзсіз еліктеген жандар ол кездерде өздерін, сірә да, күлкілі, өрескел сезіне қоймаған. Қайта олар өздерін тым сәнді, сол заманға лайық кейіптеміз деп ұғынған.

Бұлардың бәрі ежелден-ақ белгілі жайт: сән үлгісінен өзгермелі нәрсе жоқ деген қағиданы тағы да еске салып өткендей болады.

Әрине, сәнді киіну дегеніміздің – сән үлгісіне сәйкес киіну ұғымына саятыны да бекер емес. Әйтсе де белгілі бір уақыт өткеннен кейін сол сән үлгісінің адамдарға керісінше әсер ететіні де кездесіп тұрады. Қазір басына цилиндр қалпақ киіп көшеге шыққан адамға жұрттың қандай қарайтынын көз алдыңызға елестетіп көріңізші. Ал бір кездерде өзін джентльменмін деген әрбір адам басына цилиндр киіп, қолына таяқ ұстамаса, дәрежесі төмен адам ретінде саналған екен.

Әрине, мәселе тек сәнді киінуге келіп сайса, оның еш қиындығы болмас та еді. Сән үлгісі моданың бағдарын танытатын нұсқа ғана. Осы нұсқадан киімнің жас пен дене бітіміне лайықталған көптеген нұсқалары туындайды. Өйткені біреуге жарасқан нәрсенің басқа біреуге үйлеспеуі де әбден мүмкін.

Киімге қатысты маңызды талаптардың бірі ұқыптылыққа келіп тіреледі. Өйткені адамның сырт бейнесі, оның киімі ол туралы ғана емес, оның сол ортаға, айналаға деген қатыстығын, сыйластығын да білдіріп жатады.

Сырт бейнесінен ішкі әлемі, жинақылығы мен тәрбиелілігі көріне білген адамдардың бірі қазақ әдебиетінің

көрнекті өкілі Сәкен Сейфуллин болған еді. «Сәкен... айна алдында тұрып киінуді, киінген шақта айнаға денесінің жан-жағын қаратуды, галстугын әр түрде қайталап байлауды, әр түсті көйлектер мен костюмді ауыстыра киіп байқауды жақсы көретін, – деп жазады ол туралы Сәбит Мұқанов. – Сәкенде көп көйлек, көп костюм, көп пальто бола бермейтін. Саны екеу-үшеуден аспайтын бұл киімдерді Сәкен асыл бұйымдардан шебер адамдарға сәнді ғып тіктіруге тырысатын. Үйінен шығарда еуропаша сәнді киініп, оң білегіне алтын сағат байлап шығатын. Сәкеннің үйінде отырғанда, өз қорасының ішінде жүргенде Ақмола қазақтарының жеңі ұзын, қолтығы кең, сырмалы қаптал шапанын, жасыл пайымен тыстаған, алдыңғы жағын қайырып киетін қара пұшпақ жекей бөркін, қыстыгүні қонышы қара санына келетін саптамалы былғары етігін, барқытпен тыстаған түлкі тымағын киіп жүретін әдеті болатын».

Әр уақытта сырт бейнеге көңіл аударып таза, жинақы киініп жүру көп күш жұмсауды керек етпейді. Қазір әрқайсымыздың да сәнді, әдемі киінуіміз көп ретте өз басымызға, өз талғамымызға, өз біліктілігімізге қатысты болып отыр.

Адам көркі – шүберек

Адамның мәдениеті мен тәрбиелілік деңгейі әуелі оның сырт бейнесінен, киіне білуінен де көрініп жатады. Адамның өз басы қаншама кішіпейіл, ілтипатты, сыпайы болғанымен, оның үстіндегі киім олпы-солпы, өзіне жараспай тұрса, ол туралы толыққанды мақтау айту да келісе қоймайды. Өйткені адамның кескін-келбеті жайлы түсінікте оның таза, жинақы, ұқыпты киінуінің де орны бөлек. Киіне білу эстетикасының да жүріс-тұрыс эстетикасынан маңызы кем емес.

Адамның тәрбиелілігі – оның таза, ұқыпты жүруді түсінгендігімен ғана емес, осы қасиеттердің ол үшін табиғи қажеттілікке айналғандығымен де өлшенер. Әрбір жас жігіт пен қыз өзінің әр уақытта таза киініп жүруге тиіс екенін жақсы біледі. Алайда олардың арасында үстіндегі көйлегінің кір, костюмінің ұйпа-тұйпа екенін, туфлиінің былғаныш, табанының қисайып кеткенін елеместен көшеде, жұмыста жүре беретіндері де жоқ емес.

Әркімнің сыртқы бейнесі оның қалай киінгеніне,

үстіндегі костюмі, көйлегі оның дене бітіміне, келбетіне, жасына, сол ортаға, жағдайға қалай үйлесіп тұруына да тығыз байланысты.

Бірде Қожанасырдың тойға нашар шапанмен барған кезінде оған қонақ деп ешкімнің назар аудармағандығы, содан кейін Қожаның үйге қайта келіп қымбат шапанын киініп сол тойға қайта барғаны, сонда ғана оны қошеметтеп қарсы алып төрге отырғызғаны, дәмді тағамдар тартып жік-жапар болғандығы туралы хикая бізге жақсы таныс. Сонда Қожа шапанының жеңін дастарқанға тигізіп: «Ал шапаным, іш-же», – демей ме. Өзге қонақтар бұған таңырқасып: «Мұныңыз не, Қожеке?» – дегенде, олар: «Сый-құрмет шапаныма көрсетіліп отыр ғой, сондықтан да дәмді тағамды сол шапан жесін», – деген жауап алады емес пе...

Қазіргі кезде киім кию салты адамның қоғамдағы орнына, қызметіне қарай жіктелмейтінін бәріміз білеміз. Сәнді, әдемі киіну барлық адамдарға бірдей ортақ мүмкіндікке айналды.

Қазір театрда, қонақта жүрген кездерде зиялы мен жұмысшыны, ғалым мен шаруаны олардың киімдеріне қарап ажырата алмайсыз. Өйткені киім киюдің жөн-жосығы әркімнің өз еркіне, мәдениетіне қарай жүзеге асатын шаруа болды. Киім адамның қоғамдағы орнын емес, оның талғамын, модаға қалай ілесе алатындығын танытатын белгіге айналды.

Бірақ бұған қарап сәнді киім мен сымбатты тұлға адамның болмыс-бітімінің негізгі көрсеткіші деген ұғым да тумаса керек. Әр уақытта да ең негізгі нәрсе – адам. Киім қанша сұлу десек те, ол сол адамның әдептілігінің, тәрбиелілігінің көрсеткіші бола алмайды.

Әдемі де сымбатты киініп жүретін жандар бар. Бәрі де өздеріне қонымды, жарасымды. Сырттай қарап сүйсінесіз де. Бірақ та солардың енді бір сәтте көпшілік ортасында тұрғандарын елеместен аузына келгендерін айтып, орынсыз даурыққандарын, қарқылдап күлгендерін көргенде көңіл құлазыр еді. Олар мұнысымен сәнді, жарасты киіну туралы жатпай-тұрмай ойлағанымен, өздерінің әдептілігі мен мәдениеті туралы мәселені назардан қағыс қалдырғандығын көрсетеді. Бұл жерде соңғы сән үлгісімен тігілген әдемі костюм де олардың тәрбиесінде кеткен кемшін тұстарды жасыра алмай тұрады.

Кейде бұған керісінше жайлар да ұшырасып жатады. Өз басы адамдар арасындағы қарым-қатынастар жүйесін жақсы

меңгерген жан. Түр десең түр, сымбат десең сымбат бар. Бірақ киімге деген талғамы нашар. Жарасымды киінудің жөн-жосығына көңіл аударар бермейді. Ол өзіне үйлесіп тұрма, қонымы дұрыс па, онымен жұмысы жоқ, олпы-солпы күйі жүре берер. Не болмаса сән үлгілері журналында жарияланған киім түрлерін өзіне жарасу, жараспауына назар аударып қарамастан талғаусыз ала салар. Әсіресе кейбір қыздардың өздері толық, орта бойлы екендігін елеместен, ашаң қыздарға жарасатын киімдерді киініп алғандығы, немесе сәнді бола түсемін деп шектен тыс опа-далап жағынып, үлде мен бүлдеге оранатыны, ал оның сол ортаға жараспай тұратыны көзге шыққан сүйелдей байқалып жатар еді.

Бұл айтылғандардан шығар қорытынды: адамның киінуінде де түр мен мазмұн бірлігі, жан дүние байлығы мен талғамның үйлесіп жатқаны, адамның жеке басының тәрбиелілігі оның киім мәдениетімен тең көрінгені мақұл. Сонда ғана әдемі киіне білу, әдемілік ұғымы өзіне тән деңгейден танылуға тиіс.

Демек, әдемілік дегеніміз шын мәнінде тек сән талабынан шығып отыру ғана емес, одан да басқа жайларды қамтитын ауқымы кең ұғым. Бұл орайда әдемілік сөзінің мағынасы – сырбаздық, сыпайылық, сұлулық, талғампаздық деген түсініктерді де бағамдатып жатар еді. Қазақтың ел-жұртқа, ортаға ұнаған жастарды әдетте «көркем жігіт», «әсем қыз» деп қадір тұтатыны бар емес пе? Біз айтып отырған әдемілік ұғымы да сол тектес мазмұнға саяды.

Әдемілік дегеніміз – сән мен сымбаттың жарасты үйлесімі. Ол мақсатқа әдетте біздің өмір салтымызға сай келетін жөн-жобаны дұрыс аңғарып, меңгере білген жандар ғана жете алады.

Көбіміз «Париж – жаңа сән үлгілерінің дүниеге келер мекені» деген сөзді жиі естиміз. Расында да Франция астанасы – дүниежүзілік сән үлгісіне ежелден әсерін тигізіп келе жатқан қала. Ондағы нешеме қилы фирмалар жыл сайын жаңа киім үлгілерінің көрмесін жұрт назарына ұсынып отырады. Оларды әр елдерден келген сәнқойлар мен делдалдар көріп сатып алып жатады. Әрі ол сән үлгілерінің арасынан нешеме қилы ойға сыймайтын, өрескел модалар да кездесіп тұрады. Әйтсе де сіз париждіктер бойынан солардың көбіне елікпейтін сырбаздық байқар едіңіз. Олар жаңа шыққан үлгіге жөн-жосықсыз еріп кете бермейді. Үй қабырғаларындағы әртүрлі жарнамалардан, қаптаған сән

журналдарынан андағайлап тұратын ала-құла мәнердегі киімдерді Париж көшелерінде жұрт үстінен көп көре қоймайтыныңыз да содан. Өйткені француздар әрбір жаңа сән үлгісін ұтымды игеріп алып кетеді. Олар өздеріне қажетті-ау, өздеріне үйлесімді-ау, жарасады-ау деген үлгілерді ғана екшеп қабылдайды.

Бұл мәселенің бір жағы, адамдардың сән үлгісіне орынды ілесе білуіне қатысты деген ойды да аңғартар еді. Әдетте шын әдемі киіне білетін жігіт не қыздың бойынан сіз таңғаларлық ештеңе таба қоймайсыз. Бірақ сондай жарасымды, келісті. Өйткені ол бүгінгі сән үлгісінен өзіне үйлесетін белгілерді орынды таңдап алған.

Біздің әрқайсымыз өз болмысымыздан, сырт пішінімізден жақсы хабардармыз. Демек, ол әр киім үлгісінен өзіне үйлесетінін ғана ыңғайлай білуі керек. Ыңғайлы да сәнді костюм бізді еркін де пейілді сезіндіреді. Ол адамның көңіл күйінің рәуішті жүруіне әсер етеді.

Міне, сондықтан да әдемілік құпиясын әркім жеке талғамын, сырт келбеті мен бітімінің ерекшеліктерін ескере отырып өзі аша білуі керек. Және талғамның – тек сезімдер өлшемі ғана екенін де ұмытпаған жөн. Ал әдемілік дегеніміз – түр мен түстің, сән мен сымбаттың тепе-тең келісімі мен үйлесімі.

Бірде жаз кезінде көшедегі жұрттың арасынан той, салтанаттарға киюге лайық, сәнді кешкі көйлек киген жас қызды көрдік. Күнге жарқ-жұрқ етіп шағылысқан қымбат матадан тігілген көйлек оған жарасып-ақ келеді. Бірақ қанша дегенмен тек кешкі сауыққа киюге арналған киімнің көшеге шыққанға еш үйлеспейтінін байқау да қиын емес еді.

Біздің киіміміздің заты, формасы, түсі, жеке детальдары әр уақытта да өз міндет-мақсатына қарай қызмет атқарғаны мақұл. Бұны ескермеушілік әдетте ыңғайсыз, қолайсыз жағдайларға қалдырады. Киім қанша сәнді болғанымен, ол өз орны мен мезгілінде киілмесе, жеке өзіне тән әдемілігімен байқала қоймайды.

Ешкімнің де ойына шілде кезінде көшеге тонмен шығу келмейтіні белгілі. Әр климатқа, маусымға сәйкес келетін киім кию табиғи нәрсе. Әйтсе де тойға, қонаққа баруға лайықталған киімдерді жұмысқа, көшеге киетін; жолға, туристік сапарға шыққанда, спортпен айналысқанда киюге болатын киімдермен театрға, салтанаттарға баратын жандардың ара-тұра кездесіп қалатыны да жоқ емес.

Тек қымбат киінуді мақсат тұтудың да керегі шамалы.

Өйткені қымбат нәрсенің бәрі әдемі бола бермейтіні де бар. Қайта арзанқол матадан талғампаздықпен тігілген костюмнің өзі де адамға жарасымдылық телиді.

Сән үлгісіне мәнсіз еліктей беру жөн емес. Ең алдымен өзіңнің дене бітімің мен жасыңды ескеру қажет. Бірдей сәнді мата, бірдей үлгі бір қызды сәндендіріп, көріктендіргенімен, екінші қызға жараспауы мүмкін.

- Сән үлгісін әрдайым өзгермейтін нұсқау ретінде қабылдамай, одан адамға не жарасатынын, не келісетінін екшеп ала білген мақұл. Оның негізгі бағытын сақтай отырып өз жасына, ерекшелігіне қарай өзгертуге болады. Матаны таңдауда оның түрі мен түсін ескереді.

- Сәншілер әйел адамдардың әр уақытта сәнді, талғаммен киіне білуі үшін, киімнің жалпы жарасымдылығына, яғни киімдердің әртүрлі бөліктерінің бір-бірімен түсі, сапасы мен мақсатына қарай астаса білуіне көңіл аудару керектігін айтады.

Сән заңдылықтары бойынша бірөңкей орналасқан әртүрлі түстердің бәрі түгелдей әдемі көріне бермейді. Мәселен, сары түс қызғылт пен көкшіл түстерге, қоңыр түс күрең қызыл мен сұр түске келіспейді. Әдетте бір-бірімен реңдес түстер (қоңыр – қызғылтым түспен, қара – сұрмен, көк – көгілдірмен, немесе қарама-қарсы реңдер қара мен ақ, қара мен қызыл, қара мен көгілдір, қызыл мен ақ, сары мен күлгін, көк пен қызғылт сары, қызыл мен жасыл) ұнамды астасады.

Сәншілер киім жарасымдылығын құрауда олардың әрқайсының бір-бірімен үйлесім жасай білуінің үлкен маңызы бар деп есептейді. Мәселен, қыздардың жеңіл жібек көйлегі- не жакет пен свитер киген келісе қоймайды. Алабажақ коф- таның басқа матадан тігілген алабажақ белдемшемен бірге киілгені де талғамсыздықты көрсетеді.

Қыздардың аяқкиімі мен шұлықтары да көйлекке, костюмге немесе пальтоға заты мен түсі арқылы сәйкес келуі керек. Мәселен, бір киер сәнді көйлек пен аяқкиімге алабажақ қалың шұлық еш үйлеспейді. Оның есесіне олар көшеге киетін аяқкиім мен жұмысқа арналған бір түстес пальто мен көйлекке әдемі жарасады.

- Сәнді киімге зергерлік әшекейлер де әдемі рең қосады. Алайда бұл ретте оларды қай уақытта тағу керектігіне

байыпты көңіл болу керек. Мәселен, Жаңа жыл кешіне, театрға тағуға болатын әшекейлерді күнделікті тірлікте (жұмыста, кітапханада, институтта) тағу орынсыз екенін жұрттың бәрі байқай бермеуі мүмкін. Кейбір әшекейлер кеш мезгілінде жақсы көрінгенімен, күндіз тағуға жараса бермейді.

- Ер кісілердің киіміне қойылар негізгі талаптар: костюмнің өз мақсаты үшін қызмет етуі, оның дене бітімі мен жас ерекшеліктеріне сәйкес келуі, киімнің бір-бірімен жарасымдылық құрауы...

- Опа-далап туралы бірер сөз. Бұл орайдағы ортақ қағида: аз болса да саз болсын. Опа-далап жұрттың назарын аударатындай болмауы керек. Өйткені оның атқарар қызметі негізінен сырт пішіндегі кемшіліктерді жасыруға және оны әрлеуге саяды. Косметикада шамадан аспауды сезіне білу басты шарт. Күнделікті косметика жағыну тым жұқа, елеусіз көрінсін. Егер әйелдерге қасы мен кірпігін бояу шынымен-ақ керек болып жатса, онда мұны елеусіздеу ғана жасаған жөн.

- Тәрбиелі адам тек өзінің сырт түрі мен киіміне ғана назар аудармайды, әдемі жүре білуге, дене бітімін келісті ұстауға да дағдыланады. Сыншы Белинскийдің әдемі жүріс-тұрыс мәнерлерін тәрбиелеуге үлкен маңыз бере отырып, «тәуір ортада кіріп-шығуды да, тұруды да, отыруды да білмейтін» адамдарды кінәлайтыны бар. Жүрген кезде теңселіп, шайқалып не еңкіштеніп жүру, екі қолды қалтада ұстау, не оларды құлаштап сілтеу де жарасымды емес. Әркім де өзіне табиғилықпен үйлесер, бойды тік ұстайтын, тиянақты, еркін жүріске дағдылануы керек.

Сөз соңында тағы да айтарымыз, мәдениеттілік белгісі – тек сәнді киінуде, әдемілікте емес, ұқыптылық пен тазалықта, жинақылықта. Әр нәрсенің шегі бар. Шектен шығудың бәрі де ой-өріс тарлығының, байып пен талғам таяздығының салдары.

Адамдар және дүние-мүлік

Бүгіндері халықтың материалдық әл-ауқатының, тұрмыс деңгейінің өсуі көп ілгеріледі. Адамдардың материалдық қажеттерін толық қанағаттандыру мүмкіндігі кеңейді. Дүкендерден тұтыну заттары мен бұйымдардың неше түрі

табылады. Әлеуметтік-экономикалық байыптаулар бойынша да адамдар тұтынуының, жеке талап-тілектердің өсуі, үнемі өркендеп, даму үстінде отырған өмір салтының заңдылықтарына саяды. Мәселен, қазіргі кезде сәнді киіне білу, жеңіл автомобиль міну, бір кездердегідей байлыққа, дәулетке батудың белгісі, астамшылық деп қаралмайды, олар бүгінгі өмірдің талаптарына лайық үйлесімді қажеттіліктердің бірі болып отыр. Әрі дүние-мүліктерді тұтыну мөлшерінің өсуі, ол ыңғайдағы қажеттілік түрлерінің әр қилы дәрежеде көбеюі – экономикамыздың, жалпы қоғамымыздың одан әрі өрге басып дамуына әсер етіп, қолайлы жағдайлар жасайды. Сондықтан да халықтың әлауқатының өсуі мен бақуатты өмір салтының нығаюы – елдің экономикалық күш-қуат деңгейіне ең айқын баға беретін басты белгілерге саяды.

Баршамызға материалдық ынталандыру шараларының маңызы өте зор екені жақсы белгілі. Демек, әркім де сол адал еңбекпен табылған ақшаға әдемі, сәнді киімдер, қолайлы дүние-мүліктер сатып ала алады. Адам өзі ұнатып, сатып алған тұтыну заттарымен материалдық қана емес, рухани, әлеуметтік қажеттерін де қанағаттандырады.

Алайда бір аңғарылатын жайт, кейде адамдар бойында осы тұтыну қажеттігінің шамадан асып, оның әртүрлі заттар мен бұйымдарды, қоғам ұсынған мол материалдық игіліктерді шектен тыс иемденуге деген бірегей құлшынысқа ауып кететіндігі. Мұндайда адамдардың тұтыну қабілетінің өсіп, дүние-мүлікке деген артық қызығушылыққа берілуі – олардың рухани, әлеуметтік дамуымен салыстырғанда әлдеқайда асып түсіп жатады. Ал ол материалдық және рухани байланыстарда үйлесімді тепе-теңдік болмағанын аңғартады. Бұл бір жағынан молшылық, материалдық әлауқаттың өсуі, әр адамның жан-жақты жарасымды дамуына қолайлы жағдайлар жасағанымен, екінші жағынан оны дұрыс түсініп, пайымдай алмаған кезде рухани және адамгершілік мораль бағытына кері әсер ететін – дүние-мүлікке шамадан тыс қызығу дағдысы пайда болатынын да көрсетеді.

Сәнді киім, дүние-байлық үшін басын тауға да, тасқа да соғатын тоғышарлық ыңғайдағы құбылыстар әдетте адамның кісілігін аяқ асты етіп, еңсесін езеді, шынайы рухани байлықтар дүниесінен аластатады. Бір қарағанда адамдардың сәнді киініп, үйге қымбат та ажарлы заттарды алсам дегенінде еш кемшілік жоқ болғанымен, материалдық


һәм рухани байлықтар бір-бірімен үйлеспей жатса, онда, әлбетте, бұл – жақсылық емес. Өйткені жаңа киімдер мен бұйымдарды шектен тыс иеленуге ұмтылу, кейде «дүниемүлікке құмарлық дерті» деп аталатын тоғышарлық жат пиғылға әкеліп соғады.

Әдетте сирек кездесетін заттар мен бұйымдардың кей адамдар үшін жұрт арасында өз беделін көтерудің бірден-бір белгісі ретінде танылатыны бар. Сондықтан да оларға мұндай бұйымдар үшін қандай ақша болса да жұмсау өкінішті емес. Әрине, сатып алынған заттың бір мезет оның мерейін басқа адамдар алдында көтерген, биіктеткен секілді де көрінуі мүмкін. Бірақ адамға рухани қатынастар, шынайы байланыстар ауқымында тиетін пайдаға, ең таптырмайтын «қымбат» заттың «қуанышының» өзі де, сірә, ілесе алар ма?! Сәнді киім киіну, дәулетті тұрмыс құруға әркім де қарсы емес. Халықтың әл-ауқаты жоғарылаған кезеңде адамның өз алдына мұндай мақсат қоюының еш сәкеттігі жоқ. Алайда бұл, сірә, өзіндегі бардың бәрін түгелдей дерлік сол материалдық байлыққа жетуге, тұтынуға арна, дүниенің құлына айнал, деген сөз емес. Өйткені мұндайда ол өзін басқалардан ерекшелеуге тырбанып ұмтылатын тоғышарлық пайымға арқандалып қалады. Ал тоғышарлық, дүниеқұмарлық көзқарастар бақталасында кімнің байлығы мол, кімнің киімі сәнді, әдемі болса сол жеңімпаз. Олар үшін тіршіліктің бар қызығы – үстіндегі киім мен үйдегі дүниемүлік сәннен қалып бара жатса, жаңасын табу; алған киім көңілден шықпаса, одан да сәндісіне ауыстырумен шектеледі. Мұндай психологияны ұстанған адамдарға өмір дегеніміз – ұдайы жаңа заттар мен бұйымдарды біріне-бірін алмастырып, иемденумен ғана шектелетін зор дүкен іспетті болып көрінер. Алайда, өкініштісі сол, материалдық тұтынуға соншама аңсары ауып кетушілік жеме-жемге келгенде ешкімді бақытқа кенелдіре қоймайды. Сондықтан әл-ауқаттың артуын адамдардың ішкі дүниесінің баюымен, өмірдің мақсаты мен мәні жөніндегі дұрыс түсініктің қалыптасуымен ұштастыра жүргізудің маңызы зор

Тұтынғыштық қабілеттің шектен тыс асып кетуі, жеке адамның тек өз басын күйттеп, дәулетке, байлыққа ұмтылуының басым түсуі материалдық және рухани қажеттердің үйлесімсіздігіне әкеліп соғады. Сәнді заттарға, дүние-мүлікке тоғышарлық тұрғыдан еліктеп-солықтап табыну, жеке адамның рухаии жағынан таяздауына, оның адамгершілік жағынан күйреуіне бастайды.

Сондықтан да рухани және материалдық байлықтардың дұрыс арақатынаста болуы, материалдық мүмкіндіктердің молаюы, адамдардың имани және мәдени дәрежесінің артуымен ұдайы қатарласа жүріп отыруға тиіс. Себебі екіншісі біріншісінен артта қалса, адам дүниенің қожасы емес, оның құлына айналар. Адам тек қымбат киім, асыл жиһазбен жақсы болмақ емес; ол әлбетте ақыл, білім, мәдениеттілік, адамгершілік қасиеттермен бірдей үйлесіп тұрса игі.

ӘДЕП ТУРАЛЫ ТҮЙІН СӨЗ



Бұдан екі мың жылдан астам уақыт бұрын Афинының атақты қолбасшысы, аузымен құс тістеген ділмар шешен Перикл оба індетіне ұшырап, көз жұмар алдында басын сүйеп, аузына су тамызып отырған достары мен туыстары осы бір әйгілі адамның асқан ерліктері мен тамаша қасиеттері туралы әңгімелей бастапты. Шамасы, олар науқас әл үстінде, ештеңені естіп, аңғара қоймайды деп ойласа керек. Алайда Перикл кенет басын көтеріп алып:

«Сендер мені жұрттың бәрі де істей алатын игілікті істер үшін мақтап жатырсындар, бірақ мен істеген ең ұлы нәрсені ешқайсысың айтпадыңдар. Ал шынында мен өмірімде бірде-бір афинылыққа тіл тигізіп, жәбірлеген емеспін», – депті.

Ежелгі грек жазушы-моралисі әрі қоғам қайраткері Плутархтың жазуынша Афиныға аспандаған даңқ әперген, онда тамаша сәулет ескерткіштерін тұрғызуға бас болған, Акропольды өрнектеп, Парфенонды, Одеонды салғызған әйгілі мемлекет басшысы Перикл задында аса бір әдепті де тәрбиелі кісі болыпты.

«Терең білім мен табиғи дарыны сай келген Периклдің жұрт алдында сөйлеген сөздері түрі жағынан айшықты, мән-мағынасы жөнінен аса терең болушы еді, – дейді ол туралы шежіреші. – Оның жүріс-тұрысының өзі байыпты еді, киімі

мұнтаздай таза, сөзі дәйім байсалды келетін. Ешбір жан оның ашу шақырғанын көрген емес. Күндердің бір күнінде әдепсіз әлдебіреу Периклге ашуланып, жұрттың көзінше жерден алып, жерге салса керек. Ащы айқай мен долы ашу ұзақты күнге созылса да Перикл әлгі адамға тіс жарып ештеңе деген. Бірақ анау қояр болмапты. Ол кешкілік Перикл үйіне қайтқанда да соңынан ере шығып, үйіне жеткенше балағаттаумені болыпты. Перикл үйіне келгенде қас қарайып қалса керек. Ол қызметшісіне: «Қолыңа алау ұста да мына кісіні үйіне жеткізіп сал», – депті.

Осы бір мысалдың өзі-ақ әдепті, сыпайы, кішіпейіл, ізетті, инабатты бола білу қасиеттерінің адамдар арасындағы қарым-қатынастарда әуелден жоғары саналғандығын, олардың ежелден адамның кісілігін танытатын басты белгілердің қатарында есептеліп келгендігін көрсетер еді. Олар адамзат дамуымен бірге туындап, өрбіп, өрістеп келе жатқан адамгершілік қағидалары. Оларды жақсы меңгере, игере білу ілгеріден әрбір адамның басқа жұртпен, ортамен араласуындағы ең қажетті жөн-жосық пен қасиеттерге сайды.

Периклден жүз жылдан кейін ғұмыр кешкен данышпан Аристотель де, мәселен, әдепті және тәрбиелі адам ең алдымен «басқаларды ренжітуден сақ болады» деп атап көрсетті. Ал кейіннен оның ілімін дамытып, дүниеге кең танымал еткен ұлы шәкірттерінің бірі, біздің жерлесіміз Әбунәсір әл-Фараби болса, адамгершілік қарым-қатынастар туралы: «Жақсы мінез-құлық пен ақыл біріккенде ғана олар адамшылық қасиеттерге айналады», – деп жазды.

Біз осыған дейін адамдар арасындағы әдеп салттары туралы, олардың ежелден ұласқан дәстүрлері мен тарихы, әр халықтың тәрбиесіне тән озық тәлімдер үлгісі жөнінде сөз еттік. Үйде, көшеде, көпшілік арасында лайықты жүріп-тұру, жарасымды қатынаса білу әдептері тұрғысында әңгімеледік. Әйтсе де осы орайда бүгінгі күн талабына лайық этикет қағидаларын орындау дегеніміз – дұрыс амандасу, сөйлесу, қонақта ұнасымды отыра білу мәнерлерін, қай қолға шанышқы, қай қолға пышақ ұстауды үйренумен, қалай жөн киінуді, қыздар алдында қалай кішіпейілдік жасауды меңгерумен, оларды шатаспайтындай етіп атқаруға дағдыланумен бітпейтінін де еске салу абзал. Бұл ретте көп нәрсе – көбейту кестесін жаттатқандай үйретуге келмейтін, әр жағдайда әркімнің өз түйсігі мен түйініне қарай орындалуға тиіс әдептен озбау қабілетіне тығыз байланысып

жатады. Өйткені күнделікті өмірде адамдар арасындағы қатынастарда ұшырасып тұрар жайлардың бәрін алдын ала біліп, қай ретте өзін қалай ұстау керектігін алдын ала ескеріп жату, сірә, мүмкін емес.

Демек әдеп дегеніміз – ең әуелі өзгелер туралы ойлай білу қасиеті.

Әдеп дегеніміз – адамдармен қатынас барысында, әңгімелесу кезінде шамадан аспау, біздің сөзіміз не ісіміз сол сөйлесіп тұрған адамның көңіліне тимеуін ойлау, сыпайылық шегінен шықпау. Кейде біз басқа біреуге жөн ескерту жасау үстінде, ниетіміз дұрыс болса да, оны көп ойланбастан, өкпе, реніш түрінде жеткізіп жатамыз. Ал бұның бір жағынан сол адамға біздің ескертуіміздің негізгі мән-мағынаны түйсінуіне бөгет жасайтынын ескере бермейміз. Әрине, мұндай реттерде, әртүрлі жағдайларда, әркімнің жеке ерекшелігіне қарай айтылатын сөздер де бірдей болмауға керек. Әлбетте адамның психологиялық көңіл күйі де есепке алынса игі. Өйткені ол бұл ескертуді бір жағдайда дұрыс қабылдауы мүмкін. Ал екінші бір жағдайда сол ескерту, егер ол ренішті күйде немесе өзінің қателігін түсініп оны қайтсем жөндеймін деп қиналып жүрген кезде айтылса, бұл оның бойында кері әсер тудыруы да ғажап емес.

Әдеп – барлық жағдайды, соның ішінде қатынас жасап тұрған адамның жеке ерекшелігін ескеруді талап етеді.

Әдеп – басқа адамның кей жаңсақтығын байқамауды дiттейдi. Өйткені қателікті көрсетемін деп сол адамды ыңғайсыз жағдайға қалдыру да оп-оңай.

Біздің қылықтарымыздың басқа адамға қалай әсер ететіндігін қапысыз сезінуге, олардың мәнін ғана емес, одан кейін де туындайтын зардаптарды түсінуге мүмкіндік әперетін әдеп дағдысы өмір тәжірибелерінен, соның ішінде өз іс-әрекетіне, сөзіне баға беруден өрбіп, жүйеленіп жатады. Біздің әдеп деп аталатын ішкі түйсігіміз, әдетте тіршіліктің өн бойында бір жағдай әлденеше рет қайталанған шақтарда өзімізді сондай сәтте қалай ұстау керектігін, ойға, зердеге салып қиналып та жатпайды. Мұндай кездерде бұған дейінгі бойға сіңген тәрбие мен тәлім дағдысының тәжірибесінен қалыптасқан шешім өзінен-өзі әп-сәтте келе қалады.

Әдепті адам әр уақытта әңгімелесушіні ыңғайсыз жағдайға қалдыратын сауалдар қоюдан аулақ болады. Жалықтыру, мезі қылушылық, беймазалық, мейлі олар қол үшін беруді көмектесуді көздеген ықылас, ниеттен туындап

жатса да, көбіне адамға кері әсер етеді. Демек, әдеп – өзгенің ар-намысын қадірлеумен бірге, өз намысыңды ойлаудағы шама мен шекті сезіне білуді де дiттейдi.

Әдептi адам өзгенiң қайғысы мен қасiретiн өзiнiкiндей сезiне отырып, ол өзiнен қашан көмек, жәрдем сұрайды деп күтiп отырмайды. Ол әр уақытта да тiлек пен өтiнiш айтқызбай-ақ қолынан келген жәрдемiн өзi ұсынуға асығады. Өзiмен кездескен әрбiр адам туралы ол мiндеттi түрде: «Мен бұл адамға қандай жағымды, пайдалы iс iстей алар екенмiн», – деп ойланады. Өйткенi бұл оның тәрбиесiнен, тәлiмiнен бойына сiңiстi болып, ажырамас қасиеттерiне айналып кеткен, басқаны жақсы көре бiлетiн, сүйе бiлетiн адамшылығынан, әдебiнен туындап жатады.

Осы жерден келiп «тәрбиелi, мәдениеттi адам» деген ұғым шығар едi. Бiз әдетте тәрбиелi, бiлiмдi адамды «мәдениеттi адам» деймiз.

Өз бойында кездескен кемшiлiктен арыла бiлу. Бұл әрбiр адам болам, азамат болам деп құлшынған жанның қолынан келер нәрсе. Ал адам болу ұғымы, әсте, «тәрбиелi, мәдениеттi адам» ұғымына етене жақындап жатар. Ұлы Абайды тыңдайық:

«Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол,
Адам болам десеңіз...
Өсек, өтiрiк, мақтаншақ,
Ерiншек, бекер мал шашпақ –
Бес дұшпаның бiлсеңiз.
Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым ойлап қой –
Бес асыл iс, көнсеңiз».

Осы орайда орасан зор күш-жiгер жұмсауы арқасында өзi дүниеге келген ортасы ұсынған ұнамсыз тәлiмдерден бойын әбден аластатып алып, ақырында биiк адамгершiлiктiң, тәрбиелiлiктiң, мәдениеттiлiктiң озық үлгiсiне лайық парасатты адам дәрежесiне көтерiле бiлген ұлы орыс жазушысы А.П.Чеховтың туған iнiсi Николайға жазған әйгiлi хатының желiсiн назарға ұсынғанды жөн ғой деп ойлаймыз. Жазушының өз iнiсi бойындағы мiнез-құлық кемшiлiктерiн талдап көрсеткен бұл хаты бiздiң алдымызға тәрбиелi адамға ең қажеттi әдеп салттары тұрғысындағы қағидалар тiзбегiн көлденең тартқандай болар едi.

«Сенде бiр-ақ кемшiлiк бар – сен мүлдем тәрбиесiзсiң, – дейдi жазушы бұл хатында. – Тәрбиелi адам, менiңше,

мынадай талаптарға сай болуға тиісті: біріншіден, олар адамды сыйлайды, сондықтан биязы, кішіпейіл, сыпайы, әдепті келеді... Олар жоқ нәрсеге айғай-шу шығармайды: біреумен бірге тұрса міндетсінбей тұрады да, кетерінде сенімен тұрып болмайды екен деп тұлданбайды! Олар ушуды да, суықты да, күйіңкіреп кеткен етті де, мысқылы бар қалжыңды да, үйге келген бөгде адамды да кешіре біледі... Екіншіден, олар бар аянышын тек қайыршы мен мысыққа ғана білдірмейді, олар жай көзбен көрмейтін затты да аяй біледі... Олар студент достарының қамы үшін, анасының киім-кешегінің қамы үшін түн ұйқысын төрт бөледі. Үшіншіден, олар басқаның еңбегін сыйлайды, сондықтан қарызын уақтылы қайтарады. Төртіншіден, олар ақ жүрек, адал келеді де, өтіріктен ытырына қорқады: тіпті болмашы өтірік айтуды білмейді. Өтірік сөз – тыңдаушыны кемсітеді, айтушыны масқаралайды. Олар сыртқа өзгеден бетер әдемі көрінгісі келмейді де, тыста да үйдегідей байырғы бола алады: өзінен кішіге қоразданбайды. Олар көкмылжың келмейді, сұрамаған жерде сырласуға тырыспайды... Жанындағылардың құлақтарын сыйлағандықтан көбіне үндемеуге әдеттенеді. Бесіншіден, олар біреуге аяныш туғызғысы келіп, өзінен-өзі жүдеп, жұпыныланбайды: олар күрсініп, аяп, басымнан сипасын деген оймен біреудің жан дүниесінің аянышты пернелерін баспайды: олар: «мені түсінбейді» немесе «мен уақтап кеттім» деп айғай шығармайды... өйткені, осының бәрі арзан әсер туғызатын, тозығы жеткен, ескі, алдамшы тәсілдер. Алтыншыдан, оларда жылпостық жоқ. Оларда атақты адамдармен таныс болу сияқты... алдамшы бриллиантқа әуестену жоқ. Олар тиындық жұмыс істеп, жүз сомдық папкені қолтығына қысып жүгірмейді, өзгелерді жібермеген жерге мені жіберді деп мақтанбайды... Шын дарын көмескілеу, көрмелерден аулақтау, көзге аз түсетін жерде отырады... Жетіншіден, олар бойында дарыны болса, сол дарын үшін тыныштығын, әйелдерді, шарапты, тіршілік әбігерін пида етеді. Олар дарынын мақтан ете біледі... Се-гізіншіден, олар өз бойындағы эстетикалық сезімді мәпелей біледі. Олар киімшең жата кетпес болар, қабырғадағы қандаланы көріп, қапырық ауаны жұтып, кір-қожалақ еденде жүріп күн көре алмайды. Олар нәпсінің жетегінде кетпей, сол нәпсіні адамгершілік жолға сала алады... Олар жол-жөнекей арақ сіміріп, дарақыланып жүре алмайды, өйткені олар тек қолы бос кезінде, әлдеқалай жағдайда ғана аздап ішеді... Өйткені

дені саудың – жаны сау... Тәрбиелі адам дегеніміз, міне, осы...».

Иә, тәрбиелілік, мәдениеттілік деген терең ауқымды, кең мағыналы ұғым. Әрбір адамның күнделікті тіршілігінің өзін тәрбиелілік ұғымынан бөле-жара қарау, сірә, мүмкін емес. Оның басқа жұртпен қарым-қатынасы, жүріс-тұрысы, киген киімі, сөйлеген сөзі, бәрі-бәрі, ол адамның қаншалықты адамшылығы, тәрбиесі, мәдениеті бар екенін, оның әдеп салттары әлемінен қаншалықты хабардар екенін танытады. Егер адамның білімпаздығы, оның басқалармен қатынаса білуіндегі іс-әрекетіне үйлеспей жатса, ол сол адамның рухани келбетінің, мәдениетінің өлшемі бола алмайды.

Сондықтан да біз этикет, әдеп қағидалары туралы әңгімені қорыта отырып айтарымыз, шынайы мінез-құлық мәдениеті – сол адамның кей әдеп нормаларын сақтағанынан емес, оны күнделікті өмірдегі қарым-қатынастар мен тіршілік аясындағы адамгершілік, имани тәрбие қағидастарына ұнасымды үйлестіре білуімен бағаланады. Кей жандар әдептілік, сыпайылық салттарын жақсы меңгереді, әрдайым жан-жақты білімдарлығымен көзге түседі. Алайда дәл сол жандар біздің өміріміздің адамгершілік нормаларын бұзып жатса, оларды мәдениетті деп атау әлбетте лайық емес. Өйткені, олардың әдебі, этикеті мұндайда сөзі бір басқа, ісі бір басқа екіжүзділігімен, жалғандығымен байқалар еді. Ал нағыз мәдениеттілік – адамның болмысы мен іс-әрекеті, ішкі мәні мен сыртқы сәні жарасымды астасып, біздің өмір салтымыздың адамгершілік тәлімдеріне жүйелі сәйкесіп жатқан кезде ғана айқын күйінде көрінбек...

ҮШІНШІ БӨЛІМ

ЖОЛЖАЗБАЛАР



СЕНА ҮСТІНДЕГІ СЫРБАЗ ҚАЛА



Таныс әрі бейтаныс Париж

«Париждің сындарлы бітім бойына
тамаша жарасқан
жауһар шығармалардан түзілген»
Ле Корбюзье.

Бүкіл Парижді жалғыз алмамен дүрліктіргім келеді.
Поль Сезанн

«Париж – әманда сенің жадында жаңғырып жүрер мереке». Бұл жас жігіт шағында біраз уақыт Парижде өмір сүрген Эрнест Хемингуэйдің қаламынан туған сөз. Атақты жазушы өмірінің кейінгі кездеріне дейін Парижді өзінің екінші үйіндей сезінетіндігін, оған ауық-ауық оралуға аңсары ауа беретіндігін сыр етіп айтады екен. Ол осында тұрғанда қала көшелерін жаяу жүріп сейілдегенді, кербез шаһардың сырбаз тіршілігін әсерлене пайымдағанды, оның ұядай сүйкімді кафелерінде отырып көкірегінен құйылып шыққан құнарлы ойларын қойын дәптеріне түсіргенді ұнататын болған. Өзінің Парижде өткізген сол бір күндерін бақытты шақтарым деп есептеген.

Париждің ғасырлар бойы қалыптасқан сан қырлы сымбатты келбеті мен оның өзіне ғана тән қайталанбас

болмыс-бітімі ол туралы сөз қозғаған қаламгерлердің қай-қайсысының да айрықша назар аударатын басты ерекшеліктері қатарында.

Париж...

Байқап отырсам, мен де көптен бері Сена үстіндегі осы сырбаз қаланы көруге іштей дайындалғандай сезімде жүріппін...

Әуелде, ол балалық шағымызда санамызға саяси реңі бар Париж коммунасы, баррикадалар, Гаврош есіміне қатысты ұялап еді.

Кейінірек француздың ұлы жазушылары – Бальзак пен Гюгоның, Золя мен Флобердің кейіпкерлері күн кешкен сырлы Париж ретінде көлденең тартылды.

Ал, берірек жылдарда, ол әлемдік бейнелеу өнерінің ұлы шеберлері – Делакруа мен Сезанн, Ван-Гог пен Тулуз-Лотрек, Мане мен Роден, Пикассо мен Модильяни... өмір сүрген, Лувр музейі мен Нотр-Дам соборы, суретшілердің терсіңді мекендері – Монмартры мен Монпарнасы бар әрі таныс, әрі бейтаныс Париж қалпында ынтықтыра берген...

...Біз таң алагеуімде Мәскеудің Шереметьев әуежайынан Парижге ұшып шықтық. Біз деп отырғаным, «Спутник» Халықаралық жастар туризмі бюросының ұйымдастыруымен Францияға келе жатқан бір топ қазақстандық жастар делегациясы. Арада төрт сағаттай уақыт өткенде, стюардесса ұшағымыздың Париждегі Шарль де Голл аэропортына қонуға бет алғандығын хабарлады.

* * *

Бастилия қамалы, Бастилия түрмесі біздің әрқайсымыз үшін тарихтан жақсы белгілі. Бір кездері король билігінің символы ретінде танылып, саяси тұтқындарды ұстайтын қамал-түрме атанған, еркін де рухты ой иесі Вольтердің өзі екі рет отырып шыққан осы түрмені 1789 жылғы Ұлы Француз революциясы кезінде көтерілген халық іргетасына дейін қиратып жоқ еткен. Қазір сол қамалдың орны Бастилия алаңы деп аталады. Оның қақ ортасынан 1830 жылғы революция құрбандарына арналған, ұшар басына Бостандықтың қанатты рухының алтын жалатқан шағын мүсіні орнатылған биік колоннаны көресіз. Бастилия қамалы қиратылған 14 шілде күні кейіннен ресми түрде ұлттық мейрам ретінде жарияланып, жыл сайын осы күні алаңда халықтың салтанатты шеру жасау дәстүрі қалыптасқан.

Міне, сол Бастилия алаңының түбіндегі осы аттас

кафеден түстік ішіп шыққаннан кейін, біздің жолбастаушымыз Армель де Мушерон Парижбен бірінші таныстықты Эйфель мұнарасынан бастайтынымызды хабарлады. Армель бізді әуежайдан қарсы алғанда, өзін қазақстандық жастар делегациясын Францияда қабылдап алған Жастардың демалысы мен каникулын ұйымдастыру одағы тарапынан тағайындалған гид екендігін таныстырған еді. Жас қыз өзінің Сорбонна университетінің орыс тілі кафедрасында тыңдаушы екенін, бізбен бірге жүру оның орыс тілін жатық сөйлеуге үйренуіне көп септігін тигізеді деп ойлайтынын да ықыластана білдірген.

Эйфель мұнарасы. Әркімнің-ақ Париж жөнінде сөз қозғалғанда осы мұнара туралы сұрамайтыны кемде-кем десе де болады. Мұнара француз астанасының ажырамас символы іспеттес. Онсыз Парижді, Парижсіз оны елестету мүмкін емес сияқты. Париждіктердің де оны аса құрмет тұтып, «Мадам Ла Тур» («Мұнара ханым») деп әспеттей атауында әлемге әйгілі сәулет ескерткішіне деген сүйінішті пейілдің белгісі жатыр. Кез келген газет дүңгіршегінен не кәдесый жаймасынан Эйфель мұнарасын металл мен пластмассадан жасалынған әртүрлі ұсақ нұсқалар, қаламсаптар түрінде көруге болады. Ол Париждің туристерге көлденең тартар басты мақтаныштарының бірі.

Бір кітаптан: «Эйфель мұнарасына шыққанда бүкіл Парижді құшағыңа алғандай боласың» деп оқығаным есімде қалыпты. Расында, мұнараға көтерілгенде дәл сондай күй кешетінің анық. Үстіңгі көру алаңынан бүкіл Париж алақанда жатқандай байқалады. Мынау аяқ астындағы Марс алқабы, Сена өзені, оның ар жағында Трокадеро жотасы, Шайо сарайы, әрірек тұста осы заманғы зәулім үйлер тізілген Дефанс аймағы, сәл оңға бұрылсаң Монмартр дөңі, ондағы Сакрекер базиликасының боз күмбезі, мына жақта Мүгедектер үйі, Монпарнас, ондағы осы аттас, қаладағы ең зәулім үй, Юнеско үйі, қарсы тұста Салтанат қақпасы, одан оңға қарай Елисей аландарының сұлбасы. Назарды осы бағытпен жылжыта берсеңіз, Сена өзенінің бойында созыла түсіп жатқан Луврдің ұзын үйі, содан соң Сите аралындағы Париж Құдай-Ана (Нотр-Дам) соборының еңселі бітімі көзге шалынады.

...Нотр-Дам соборы алдындағы Парви алаңы туристердің ең көп жиналатын жері. Әртүрлі тілде сөйлейтін гидтердің алаң ортасында жатқан қола тақтаны француздардың «жер кіндігі» деп атайтыны, Парижден тарайтын жолдардың

қашықтығы осы арадан басталатыны, Париждің басты рәміздерінің бірі Нотр-Дам туралы туралы үндесе шыққан сөздері естіледі...

Егер Парижді Еуропаның жүрегі деп есептейтін болса, Париждің жүрегі әу баста осы жерде, Сите аралында дүрсіл қаққан. Осы Нотр-Дам соборы тұрған аралда Франция астанасының іргесі қаланып, шаңырағы көтерілген. Бұдан екі мың жылдай уақыт бұрын көне Галлияны жаулап алған римляндықтар Сите аралындағы мекенді Лютеция деп атайды. Осы жерден Юлий Цезарь Рим империясы жаңа отарының іргесін қалай бастайды. Аралдың өзінде билеушіге арналған сарай мен римляндардың бас құдайы – Юпитерге бағышталған храмдар тұрғызылады. Ал, Сенаның сол жағалауына басқа да тұрғын үйлер, гладиаторлар шайқасатын арена, театр, монша, ақсүйектердің мекен-жайлары салынады. Ол жағалау көп ғасырлар бойы Сите аралымен екі ағаш көпір арқылы байланысып тұрды. Сондай-ақ аралдан оң жағалауға өтетін көпір де бар екен. Ол бетте негізінен құлдар мен осы маңдағы галл тайпасының қалдықтары, Цезарь келгенше аралда күн кешкен *париизи* жұрты тұратын. Кейіннен ол Франция астанасының атауына ұласқан.

Үшінші ғасырдың соңында Шығыс Еуропадан келген шапқыншылар бұл кезде әлсірей бастаған Рим империясының әскерлерін қиратып, Лютецияны жаулап алады. Олар храмдар мен сарайларды тонап, қаланың тұрғындарын қырады. Осы жойқын шапқыншылықтан кейін мың жылға жуық уақыт бойы көне Лютецияның орнында тек ормандар шулап, римляндықтар тұрғызған сәулетті құрылыстар жел мен судан мүжіліп, апаттарға ұрынып, күйреп, құрып жатты.

Он екінші ғасырлардан бастап аралда француздардың арғы ата тектері – галл тайпаларының мекен-жайлары қайтадан ірге көтере бастайды. Ал орта ғасырларда Париж 200 мың тұрғыны бар кеңқолтық қалаға айналып та үлгерген еді.

Қазіргі кезде Франция өмірінде елеулі үлес салмағы бар Парижде, одан өсіп шыққан іргелес қалалармен қоса есептегенде (Үлкен Париж) 10 миллионнан астам халық тұрады. Бұл бүкіл ел халқының жиырма пайызы деген сөз.

Париждің кіндігін кесіп, бесігін тербеткен Сите аралы, әсіресе, оған Эйфель мұнарасы жағынан келгенде, ерекше сымбатымен байқалады. Ол нақ бір Сена өзенін қақ жарып

келе жатқан алып кеме секілді көрініс берер.

Бәлкім, сондықтан да болар, Париждің қалалық гербінде көп жұрт ойлайтындай Нотр-Дам соборы немесе Эйфель мұнарасы емес, толқын үстінде ойнақши жүзген шағын кеме бейнеленген. Онда латынша «Толқындар оны соғады, бірақ ол батпайды» деп жазылған. Кеудесіне адамзат ұлылығының көрінісі іспетті, әлемдік сәулет өнерінің тамаша туындысы Париж Құдай-Ана соборын қондырып алған Сите аралы – көне Лютеция, міне, екі мың жылдан астам уақыт өтті, асау Сенаның адуынды толқындарына батпай, заманалардың желі мен селіне бой бермей «жүзумен» келе жатыр...

Әдетте Парижді «ашық аспан астындағы музей» деп атайды. Бұл бір қарағанда әсірелеу сияқты көрінгенімен, оның шындыққа саятын жақтары да жоқ емес. Қаламен танысу үстінде оның әрбір үйі, әрбір тасы тарих тереңінен, заманалар ағымынан сыр тарқатып тұрғандай сезінетінің бар. Париж өзінің тамаша архитектуралық ансамбльдері, сан қилы ескерткіштерімен бірге, тек Франция астанасының өзіне ғана тән қайталанбас бедері қалыптасқан сырбаз келбетімен үйіріп алады.

Париждің көшелері мен алаңдары қанша араласаң да, сірә, жалықтыра қоймайтындай. Ылғи ынтықтыра беретіндей. Сондай-ақ кейде олардың саған бұрыннан таныс, бір кездерде көрген, жақын болып кеткендей жылы ұшырайтын сәттері көп. Ана бір, жан-жағын көне үйлер қоршаған алаң, мына бір тар көше, мына собор, мына ескерткіш,.. бәрі де осыған дейін көзтаныс жайлар секілді көлденең тартылады.

Бірнеше жүз жылдар бойы салынып, әртүрлі ұрпақтар мен шеберлердің қолтаңбасы қалған әлемдік сәулет өнері тамаша үлгілерінің бірі Нотр-Дам соборына келгенде, Гюгоның кейіпкерлері – құныс Квазимода мен жас ару Эсмеральда туралы мұңлы сыр еске түседі. Өзінің сегіз ғасырдай өмірінде нендей оқиғаларға куә болмады бұл собор. Француздар солардың ішіндегі ең маңыздылары ретінде, онда Наполеон Бонапарттың тәж кию рәсімі мен 1944 жылы 26 тамызда гитлершіл басқыншылардан Францияның азат етілуіне арналған салтанаттың өткендігін атайды.

Мына желекжолда бір кездерде Мопассан мен Золяның кейіпкерлері кездескен. Малерб алаңынан сені Дюма-әкеге арналған ескерткіштің сырт жағында еркін де өр қалыпта жайғасқан Д'Артаньянның қола мүсіні күтіп алады. Гранд-

Опера театрына бас сұққанда, қазір Флобер кейіпкерлері кездесе кететіндей сезінесің. Сена жағалауындағы қаз-қатар тізілген букинистік жаймаларға Анатолий Франс пен Эрнест Хемингуэй келіп кітап ақтаруды ұнататын...

Париждің оңтүстік ауданы Монпарнаста жүргенде, гид оның кафелері – әйгілі ақын-жазушылардың, суретшілердің бас қосатын сүйікті мекендері болғанын айтады. Мынау «Күмбез» кафесінде Пикассо мен Матисс, Модильяни мен Бракттың іздері қалған. Монпарнас желекжолындағы 89 нөмірлі үйде Ромен Роллан тұрған. Сите аралының қарсы тұсындағы Сен-Шермен мекенінде ақын Гийом Аполлинер өмір сүріп, қайтыс болған үй бар. Вольтер жағалауындағы 13 нөмірлі үйдің бесінші қабатында Делакруаның шеберханасы орналасқан, ал 27 нөмірлі үйде 1778 жылдың 30 мамырында Вольтердің өзі дүниеден өткен. Сен-Клу дөңіндегі Рейнуар көшесінде бір кезде Бальзак тұрған үй қазір жазушының мемориалды мұражайы...

Иә, Франция астанасының ғасырлар бойы қалыптасқан сырбаз келбеті, тамаша сәулет үйлесімдері, ескерткіштерімен танысу үстінде ол сені, осылайша, әдебиет пен мәдениет тарихының мағыналы беттерін қайтадан ақтарып өткендей әсерге бөлейді.

Келісім алаңын Париждегі ең сымбатты архитектуралық ансамбль деп атайды. Оған бір бүйірден арғы тұсында Салтанат қақпасы айқын көрініп тұрған қаладағы ең көрнекті Елисей алаңдары келіп тірелсе, оған қарсы тұстың-шыңы аз моп-момақан Тюильри бағы жатады. Алаңның теріскей жағы сән-салтанатты Король көшесіне ұласса, күнгедей маңдай тұстан Бурбон сарайының колонналары сап түзейді.

* * *

Парижге келген адамның Монмартр дөңіне көтерілмейтіні кемде-кем. Париждің үстінен асқақтай кеуде керіп тұрған көне Монмартр Еуропадағы жұрт ең көп келетін орындардың бірі.

Монмартр, ондағы Тертр алаңы суретшілердің сүйікті мекені. Онда туристерді қаптаған суретшілер қарсы алады. Қиылып суретінді салып беруге тілек білдіреді. Егер ықыласың ауса, аздан кейін сен құны он франк тұратын, өзіңе жартылай ұқсап, жартылай ұқсамайтын портретінді аласың. Нағыз ел аралауды кәсіп еткен турист үшін, оның

ұқсау, ұқсамауы басты шарт емес, оларға сурет астында «Париж. Монмартр» деген жазу тұрса болғаны. Суретшілердің де көздейтіні, осы.

Туристер Монмартрді аралау кезінде гидтер аузынан қай үйді әйгілі постимпрессионист-суретшілер Ван-Гог пен Тулуз-Лотректің мекен еткенін, қай үйде кубизм ағымының кіндігі кесілгендігін, қай кафеде Морис Утриллоның өз суреттерін бір шөлмек шарапқа айырбастап күн көргенін естиді.

Гидтер жіпке тізгендей етіп, Монмартрде қанша шіркеу бар екенін, XVIII ғасырда төбенің 25 жел диірменінің сықырына бөленіп тұрғанын, XIX ғасырдың басында Наполеон әскерлерін тықсырта қуып Парижге ат басын тіреген орыс казактарының қаладағы тамақтанатын орындарға келгенде, тезірек жүрек жалғау үшін оның қожайынына «Тез, тез!» («быстро, быстро») деп асықтыруынан, француздарда шағын дәмханаларды «бистро» деп атаудың қалыптасқанын, дәл осы жайды «Катрин апай» ресторанында орнатылған ескерткіш тақтадан оқып алуға болатындығын айтар еді.

Сондай-ақ Монмартр төбесі – Париж коммунасының ең алғашқы туы тігілген жер. Француз премьері Тьер 1871 жылдың 1 наурызында Бордо қаласында Бисмаркпен өткен келіссөзде өздері қоқан-лоққылықпен ашқан лаңды соғыста пруссиялықтардан жеңілгендігін мойындап, Францияны Пруссияға тізе бүктіріп берді. Ол келісім бойынша Париж астана атағынан айрылуы керек-тін. Жау ел жүрегі Парижге бет алған. Осыдан кейін-ақ француз патриоттарының басқыншыларға тойтарыс беруге дайындығы басталады. Олардың басты қорғаныстарының бірі осы Монмартрде орналасады. Төбеге жүз жетпіс бір зеңбірек әкелініп, қазір Сакре-Кер соборы тұрған жерге батарея табан тірейді. Ал, төбенің етегіндегі осы күнгі Клиши бульвары мен Пигаль алаңына баррикадалар құрылады. Тьердің 18 наурызда көтерілісшілерден зеңбіректерді тартып алмақ болған талабы орындалмайды. Пруссиямен келіссөздің бұзылғандығына бұлқан-талқан күйге түскен оның төбеге қарай жіберген солдаттары патриоттар жағына шығып кетеді. Осы күні түгелдей көтерілген Париж халқы Ратушаға басып кіреді. Тьер Версальға қашады да, қаладағы өкімет Ұлттық гвардияның орталық комитетінің қолына көшеді. Париж коммунасы жарияланады.

Әйтсе де, коммунаның басшылары жеңістен кейін тіке

Версальға аттанып, оны басып алуды ойламай, қателік жасаған еді. Көп кешікпей Тьер қайта күш жинап, коммунаға, ел жүрегі Парижге, қарсы шабуылға шығады. Қаланы қоршаған Бисмарктің полктері оларға жол ашып берген. Келісім алаңы мен Монмартрде, көшелер мен алаңдарда құрылған баррикадалар кескілескен шайқастар майданына айналады.

Версальдықтар қаладағы алты жүз баррикаданы рет-ретімен снарядпен атқылап, күйрете бастайды. Коммунарлар ақырында Бельвилл, Республика көшелерімен шегіне-шегіне келіп, Пер-Лашез зиратына дейін жетеді. Зираттың сұр қабырғалары, бейіттегі ескерткіштер коммунаның қиян-кескі шайқастар жүргізген соңғы баррикадалары қызметін атқарады. Бірақ күш тең емес еді. Версальдықтар зиратқа үш жерден шабуыл жасап, 1871 жылдың 28 мамырында, оның солтүстік шығыс қабырғасында ақтық сәттерге дейін арпалысқан қырық жеті коммунарды оққа жығады. Олар сол қабырғаның түбіндегі бауырластар моласына жерленген.

...Біз осы қабырғаның алдында тұрмыз. Шырмауық тектес өсімдіктің жасыл сабақтарына көмкерілген дуалдың бетіне «Коммуна құрбандарына» деген қарапайым сөз бен «1871 жылдың 21-28 мамыры» деп жазылған. Жанында алқызыл гүлдер жатыр. Бұл қабырға бүгіндері 72 күн ғана өмір сүріп, жалын атқан Париж коммунасына, коммунарлар ерлігіне бас иіп қайтатын қастерлі орын.

Пер-Лашез – «марқұмдар қаласы». Зираттағы самсаған ескерткіштерден тұратын тарам-тарам жолдармен жүргенде, Франция тарихын тағы бір шолып өткендей әсер аласың. Адамзат дамуының рухани байлығына өздерінің бедерлі қолтаңбаларын қалдырып кеткен ұлылар тыныстап жатқан шағын-шағын құлпытастар мен мүсіндердің жанында тұрғанда, олар әркімді де ерекше сезім-күйге түсірер: Мольер, Делакура, Россини, Шопен, Бальзак, Бизе, Доде...

Сондай-ақ, зираттан аса бір сән-салтанатпен салынып, қымбат мәрмәр тастардан сомдалған зор ескерткіштерді де көптеп кездестіруге болады. Олар атақты бай адамдардың, өнеркәсіп алпауыттарының, банк қожаларының бастарына қойылған белгілер. Айшықты да сәулетті ескерткіштердің маңдайшаларына иелерінің аты-жөндері жазылған. Алайда, олар еске ештеңе түсіре қоймас. Әшейін, жұрт үшін мәлімсіз фамилиялар тізбегі ретінде ғана қабылданар. Уақыттың ешкімнің ырқына көнбейтін қатал бұйрығы да. Кезінде дүниені шайқап өтіп, байлықты суша сапырған,

миллиондарының деміне піскен адамдардың бұл дүниеден баз кешкеннен кейін көзден ұшып, көңілден таса болуы оп-оңай екен. Ал, оның есесіне бастарына қарапайым құлпытастар қойылып, ғұмырлары сән-салтанатқа, байлыққа бөленбей-ақ өткен жандардың есімдері жылдар, ғасырлар алмасқан сайын биіктеп, асқақтана берер. Өйткені, олар – сондарына халқы қастерлейтін, ұрпақтар әрдайым әспеттеп еске алатын асыл қазына, рухани мұра тастап кеткендер, елдіктің, ерліктің туын жоғары ұстап, адалдықты, азаматтықты ардақтап өткендер.

Әсте, ақындар мен жазушылар, суретшілер мен философтар, революциялар мен коммунарлар Парижінің, ауқаттылар мен алпауыттар, фабриканттар мен миллионерлер Парижін санадан тысқары қалдырып, маңдай тұстан атой беретіндігі де осы себеп-салдарлардан туындап жатса керек.

Луврдың нұрлы қойнаулары

Париждің талай ғасырлар мен кезеңдер бойында әлемдік бейнелеу өнерінің бас орталығы атанып, мәдениеттің санқилы ағымдарының керегесін қалап, уығын шаншумен келе жатқан әйгілі мекен екендігі баршаға мәлім. Өнер тарихы, Жаңаша дәуірдің бейнелеу өнері туралы сөз қозғағанда, Парижді атамай, не оны еске алмай кету мүмкін емес. Олар ажырамастай бірігіп кеткен ұғымдар іспетті. Париждің көне бөліктері: Латын кварталы мен Монпарнаста, Монмартр мен Сите аралында суретшілердің нешеме ұрпақтарының сырлы қолтаңбалары қалыптасып, ұлы туындылар дүниеге келген. Дауылпаз романтик Делакруа, дүлдүл реалист Курбе, атақты импрессионистер Мане мен Моне, Ренуар мен Писсарро, постимпрессионистер Сезанн, Тулуз-Лотрек, осы заман өнерінің әйгілі өкілдері Матисс, Синьяк, Пикассо, Модильяни... атпал мүсіншілер Роден мен Майоль өмір сүріп, олардың бедерлі іздері қалған қала бұл.

Парижде бейнелеу өнеріне арналған әлденеше музейлер бар. Олар әлемдік өнер тарихының ежелгі дәстүрлерінен бүгінгі күнге дейінгі даму белестерін сом-сом күйінде пайымдата алады.

Лувр – аса үлкен шаңырақ. Оны әдетте әлемдегі өнер туындылары қойылған ірі төрт музейдің бірі ретінде есептейді. Ол төрттіктің қатарына Петербордағы Эрмитаж, Мадридтегі Прадо, Нью-Йорктегі Метрополитен Гарден

музейлері кіреді. Луврдің бір өзінде он мыңнан астам бөлмелер мен залдар бар. Музей алты бөлім бойынша – Көне дәуір, Мысыр, Шығыс өнері, Көркем қолөнер заттары, Мүсін, Кескіндеме болып жүйеленген.

Осыдан жеті жүз жылдай бұрын Лувр француз корольдерінің қымбат дүниелері, архивтері мен қарулары сақталатын қорған-қамал болған. Кейіннен ел әміршілері мекендейтін сарай міндетін атқарды. Ал оның музейге айналуы Ұлы Француз революциясымен тығыз байланысты. 1791 жылдың мамырында Ұйымдастыру мәжілісі Луврде «Ғылым мен өнер ескерткіштерін жинақтау туралы» қаулы шығарады да, екі жылдан кейін оның салтанатты түрде ашылу рәсімі өтеді. Музейдің әуелгі негізін корольдің жекеменшігі, атақты отбасылар мен шіркеулердің коллекциялары құраған.

Мен Луврді көруге көптен ансары ауған әрбір адам үшін осы музейде ол ынтыға, қауышатын үш ұлы туынды бар деп айтар едім. Оларды әдетте Луврдің бас жауһарлары деп те атайды. Расында да жыл санауға дейінгі ғасырлардың ұлы шеберлері сомдаған қанатты жеңіс тәңірісі «Самофракий Никасы» мүсінінің серпінді самғауына, махаббат нен сұлулық тәңірісінің символы «Милос Венерасының» әсем де әсерлі келбетіне, Леонардо да Винчи «Джокондасының» тылсым түзілістеріне байыптай назар аударғанда, оларда өмірдің сырлы сипаттарының соншама мәнді тұжырымдалғанын сезінбеу мүмкін емес. «Ника» – адамзат рухының асқақтығы, «Венера» – болмыстың мәңгіліктігі туралы ой түйіндетсе, «Мона Лиза» – өмірдің жұмбақ та қастерлі құпиялары хақында еңіз-теңіз ой толқытады.

«Ника» жоғарыға көтерілетін кең басқыштың бұрылысында тұғыр үстінде тұр. Қанатын кере жайған мүсін бейнесінен аса бір жойқын күшті, шамырқанысты рухтың қуаты лек-лек күйде тарап жатқандай.

«Милос Венерасы» музейдің антикалық бөлігіндегі ұзын дәліздің төр жақ тұсында орналасқан. Ол алыстан өзінің бозғылт бітіммен сұр қабырғалар ортасында жеңіл қалықтап тұрғандай көрініс береді. Ал жақыннан көз салғанда, махаббат тәңірісінің мәрмәр мүсіні нақ бір қан тамыры лүпілдеп соққан тірі бейнедей әсерлендіреді. Сұлулықты, өмір ләззаты мен іңкәрлік сезімін бар тылсым құдіретімен сомдай білген аты мәлімсіз көне заман ұлы мүсіншісінің шеберлігі бас идірмей қоймайды.

Осындайда бір кездері осынау ғажайып өнер

туындысына ақын Генрих Гейнениң соншама табына ғашық болғандығын еске аласың. Шығармашылық өмірінің көп жылдарын Парижде өткізіп, осы қалада көз жұмған Гейне, қартайып шау тартқан шағында Луврге келіп, «Венера» мүсінінің қарсы алдында ұзақ отырғанды ұнатады екен. Жай отырмайды, мүсінге телміре қарап пора-пора боп жылайды екен. Алапат рухты ақын, поэзия майталманы Гейнениң соншама елжіреуіне не себеп? Бәлкім, ол осынау мүсінге қарап, сонау қимас сәттері көп жастық шағын, махаббат, қызық мол жылдарын еске түсіріп, айта алмай кеткен сырларын, ұсынса қолы жетпеген армандарын аңсайтын шығар, мынау қамшы сабындай қысқа өмірдің өтіп бара жатқанын, ал махаббат тәңірісі Венераның сол мәңгілік сұлу күйінде қалатындығын ойлайтын болар...

Луврдің екінші қабаты Үлкен галерея деп аталатын залдар тізбегінен тұрады. Олар кескіндеме туындыларына арналған. Қайта өркендеу дәуірінің ұлы өкілдері – Леонардо да Винчи, Рафаэль, Корреджо, Тинторетто, Тициан, Джорджоне, Веронезе, Караваджоның шығармалары қойылған залдардың алғашқыларының бірінде «Джоконда» тұр. Ол зал әрдайым жұртқа толы. Луврге жолы түскен әрбір адамның арнайы көргісі келіп, ерекше ықыласы ауатын туындысы бұл. Маған кейде Луврді «Джоконда» ұғымынан, «Джоконданы» Лувр ұғымынан бөле-жара қарауға келмейтін секілді көрініп те кетеді. Олар бір-бірінсіз тұра алмайтын іңкәр ғашықтардай тым жақын, тым қойындас ұғымдар.

Музейдегі бронды әйнекпен қоршалған жалғыз сурет. Әйнектің ар жағынан жүзінен мейірім шуағы мөлдірей төгіліп тұрған жас келіншек, көрерменге өзінің әлемге әйгілі жұмбақ жымысымен көз тігеді. Барлық уақытта да, осыдан бес ғасырдай бұрын дүниеге келген кезінен бастап, бүгінгі күнге дейін өзіне сұқтанғандарға қалай көз тігіп келсе, дәл сол қалпында, әркімді де еріксіз үйіріп алатын сырға толы ғажайып жымысымен, жанарына ұялаған бейкүнә қалпымен, назды еркелігімен үйіріледі.

«Армысың, Мона Лиза! – деймін ішімнен. – Леонардоның аққулы, әні, асыл туындысы. Міне, сенімен де жүзбе-жүз кездестім»... Манайымнан таңданыс аралас үндер, гидтердің француз, ағылшын, неміс... тілдерінде феномен сурет туралы ақырын ғана айтып жатқаны естіледі. Әрине, олардың, бұл туындыны Леонардоның қартайған шағында төрт жыл уақытын сарп етіп салғандығы, суретте флоренциялық көпес Франческо дель Джоконданың әйелі

Мона Лиза Герардинидің бейнеленгені, сондықтан да оның кейде «Мона Лиза» деп аталатыны түсіндіріліп жатқаны кәміл. Суретші туындысының ең басты құдіреті, ұлылық құпиясы, оның жұмбақ жымыясында екендігі; Леонардо осы жымыя арқылы нені білдіргісі келді деген сауалдың нешеме замандар бойы қайшы пікірлер арқауына негіз болып келе жатқандығы; біреулер оны сұлулықтың символын танытатын бейне деп ұққаны; ал енді біреулердің ол жымыястан суретші өмір сүрген кезеңнің әділетсіз тірлікке деген мысқылды қалпын пайымдағаны түсіндіріліп жатқаны ақиқат.

«Джоконданың» жанынан кеткің келмейді. Айналасоқтап шыға алмайсың. Ол тұрған залдағы басқа суреттерді шолып өткеннен кейін, оған қайта тағы да айналып соғасың, тағы да көруге ықыласың ауады. Ал «Мона Лиза» болса, сені әрдайым дәл сол: мыңдаған, миллиондаған адамдардың ғажаптана көз салатын, әркімді өз танымына қарай сұлулық, әсемдік, тіршілік, жақсылық, асыл қасиеттер, мынау ағынды өмір туралы ойға шомдыратын қалпында, жұмбақ жымыясымен қарсы алады. Сен тағы да өзінді риясыз риза ететін, әдемі әсерлерге бөленесің, көрермен мен сурет арасындағы тылсым құпиялы сырлы байланысты сезінесің...

* * *

Лувр коллекцияларының құндылығы мен байлығы көпке белгілі. Үлкен галереяның келесі залдарынан сізді «Фламанд» мектебінің суретшілері – Рубенс, Ван-Дейк, Рембрандттың қолтума туындылары қарсы алады. Дюрер, Хельс, Гойя, Брейгельдермен, францияның импрессионистерден басқа барлық ірі суретшілерінің шығармаларымен қауышасыз.

Лувр маржандарының бірінен саналатын Делакруаның зор туындысы «Баррикададағы Бостандық» өзінің алапат рухымен әсер береді. «Данте қайығы» мен «Хиостағы қырғынның» түпнұсқалары суретшінің ұлы дарынын бар сыр-сипаттарымен көлденең тартады.

Музейде сан сипатты бейнелеу өнерінің қазыналары мол-ақ. Әйтсе де, бұл Луврдің негізгі сыпаттамасы емес. Музейдің басты қасиеті – оның экспонаттарының кереғар контрастармен орналасуында. Мәселен, Делакруаның алаулы шығармаларына жақын жерден – оған қарама-қайшы қолтаңба иесі, суреттерінен салқынқанды тиянақтылық пен

тап-тұйнақтай ұқыптылық аңғарылатын, негізінен портреттерге құлай берілген Энгр дүниелерін ұшыратасың. Испандық Эл-Греконың «Дарға асу», «Әулие Людовик» шығармаларындағы алапат экспрессия мен темпераменттің, суреткерлік қиялдың жойқын қуаты жанында, оның отандасы әйгілі шебер Рибераның өзі ұтылып тұрғанын байқайсың.

Осы ретте біздің испан кескіндемешілерінен сәл ұзамай жатып үшінші қабатта Марк Шагалдың көрмесіне тап болуымыз да Луврдің осы ерекшелігіне сай күтпеген базарлық ретінде танылған еді. Күтпеген дейтініміздің себебі, Луврде тек бұрын өткен, бүгінде бұл дүниеде жоқ суретшілердің туындылары ғана қойылады. 1971 жылы оның залында Пикассоның 90 жасқа толуына арналған көрменің ұйымдастырылуы – бұл қағиданың тұңғыш рет «бұзылуы» болатын. Одан кейін бұл «заңсыздық» қайталанбаған еді. Жолымыздың болғаны шығар, біз Лувр өміріндегі екінші оқыс уақиға – әлі көзі тірі суретші көрмесінің ашылуына дөп келіппіз.

Көрме 1920 жылдан бері Францияда тұрып еңбек етіп жатқан, түбі Беларусь жеріндегі Витебск қаласын мекен еткен жебірей ұлтынан шыққан суретші Марк Шагалдың 90 жасқа толуына арнайы ұйымдастырылған екен. Бұның қазіргі заман бейнелеу өнерінің әйгілі өкілдерінің біріне деген аса үлкен құрмет екендігі өзінен-өзі белгілі. 1974 жылы Мәскеудегі Пушкин атындағы музейде Шагал шығармаларының көрмесі ашылып, оған Франциядан суретшінің өзі келіп қатысқанын естігенім бар-ды. Енді, міне, Луврде оның шығармашылығымен толығырақ жүздесудің сәті түсті. Суреттерден әлдеқандай бір қиялдағы дүниелер туралы шамырқанысты сырларды, жан-дүние толқуларын, құйынды сезім иірімдерін шебер бейнелеген қылқалам қарымы аңғарылады. Қиял-ғажайып ертегілердегі кейіпкерлер мен заттар іспетті ұшып жүрген алқызыл түсті періштелер, жалт-жұлт еткен жасыл балықтар, алтын сары ормандар, көкшіл құстар, қызыл барқыт аспандар Шагалдың алабөтен фантазиясының өзгеге ұқсамайтын қолтаңбасының жемісі. Оның көркем образдары қарапайым, сонымен бірге көзге соншама таңсық сырлар.

Осы таңсықтық Шагалды кейде шығармашылық өмірінің бастапқы кезеңінде айрықша тәнті еткен суретшілер, өзінің ұлы ұстаздары - импрессионистерге, замандасы Пикассоға да біршама ұқсатар еді.

Импрессионистер музейі Луврден сәл-ақ жерде. Екі араны шулы Париждің қақ ортасындағы ың-шыңсыз мекен, Тюильри бауы бөліп жатыр. Келісім алаңына іргелес тұрған бір кезде аксүйектердің крокет ойнайтын екі қабатты үйі бұл күндері мұражайға айналдырылған. Ондағы бейнелеу өнері тарихындағы аса бір айшықты кезеңдер – импрессионизм мен постимпрессионизм ағымдары өкілдерінің туындылары жинақталған коллекция ерекше әсер қалдырады.

Мен бұл ретте, әсіресе, музейдегі Эдуард Мане, Эдгар Дега, Клод Моне, Ренуар шығармалары жөнінде айрықша айтар едім. Импрессионистердің көшбасшысы болған Маненің «Олимпия» мен «Көгалдағы түстік асы» музейдің шоқтығы биік мақтаныштары. Деганың «Шарап» пен «Биші репетициясы», Моненің бір Руан соборының әр түрлі күн мезгілдері кезіндегі көріністерін жасаған сериялары өзгеше назар аудартатын туындылар. Моненің сериялары демекші, біз осының алдында Нормандияда, Сенаның теңізге құяр тұсына жақын жердегі бір замандарда готикалық қала даңқына иеленген Руан қаласында болғанбыз. Моненің тамаша суреттері сол қаладағы норманд готикасының саңлақ ескерткіші Руан Құдай-Ана соборын да бейнелеген еді. Ол салған «Руан соборы» сериялары жиырма композициядан тұрады.

Импрессионистер музейінде Сезанн, Ван-Гог, Гоген, Тулуз-Лотрек сынды әйгілі постимпрессионистердің әрқайсысына жеке-жеке бөлімдер арналған. Олар қашанғыдай ғажап қолтаңбаларымен байқалады. Әлемдік бейнелеу өнері тарихында аса мәнді орын алатын осы суреткерлер шығармашылығымен таныстық үстінде олар ұстанған постимпрессионизм деп аталатын айшықты мәнер тұрғысында ойлайсыз, оның қай кезеңде өз бет-бедерін қалыптастырғанын еске аласыз...

Өткен ғасырдың соңғы ширегі мен біздің ғасырымыздың басындағы француз бейнелеу өнері қадау-қадау боп бой көтерген сан-саналы ағымдарымен әйгіленді. Рухани ой дәрежесінде ескі мен жаңаның, көне дәстүрлер мен енді тамыр жая бастаған соны әдістер арасында қым-қуыт айтыстар өрбіген. Монмартр мен Монпарнасты жайлаған қалың суретшілер әулеті өнердің алдағы тағдыры, болашағы жайлы әртүрлі бағыттардың қазығын ұстаушылардың қызыл кеңірдек салғыласуларына, қызу шайқастарына куә болды.

Талас, тартыс... Кімді-кім...

Бір ағым құпталып, бір ағым күйреп: азғана мерзім ішінде Париж Парижбен әлденеше рет келісіп, Париж Парижбен әлденеше рет керісіп жатты. Ақыры, көпшілік бір тұжырымға табан тірегендей. Көркемдікті, ойлылықты, әсемдікті бейнелеу – ғасырлар бойы бұзылмас қағидадай болып келе жатқан мүдделерден басқаша да жүзеге асырыла алады екен. Өмірді, болмысты дәл күйінде, айна-қатесіз көшіре салу, сырт ұқсастық өмірдегі бірден-бір шынайы шындық емес. Табиғатты, дүние құбылыстарын жай ғана айнытпай салудан гөрі, оны суретшінің өмір танымымен, түйсік қуатымен, асыл толғаныстарымен бейнелегені, өрнектегені жөн. Яғни бұл ретте түрлі тәсілдермен бояу қолданыстарында соны көзқарас, бейнелеу әдістерінде бұрын неғайбыл болып келген соны мәнерлер ашылатыны анық.

Бұл – көркемөнер тарихында негізінен жиырмасыншы ғасырдан бастап қана өрісті дамуға ие болған Жаңаша дәуір өнері алға ұстануға керек басты концепциялардың бірі еді. Бейнелеу әлеміне тосын сымбатты кескіндеу тәсілдерін алып келген постимпрессионизм сынды көркемдік мәнердің белең беріп, кереге жаюы да осы ғасырлар алмасуы қарсаңындағы дулы да шулы кезеңде жүзеге асты. Өзінің реалистік мәнердегі тосын танымдық қуатымен, биік рухты бұлқынысты бітімімен Жаңаша дәуір өнерінің тұңғыш перзенті ретінде танылған оның дүниеге келуі, сол шақтың жарқын қолтаңбалы ұлы суретшілері: Поль Сезанн, Винсент Ван-Гог, Поль Гоген, Тулуз-Лотрек есімдерімен тығыз байланысты.

Өнер өлкесіне импрессионизм әдісінің белді өкілдері – Мане, Дега, Роден, Моне, Ренуар, Писсарро секілді зергер суреткерлердің біразының соңын ала, біразымен иық тірестіре келген бұл тұлғалардың өрелі шығармашылығы кейінгі ұрпақтың жаңашыл суретшілерінің пейілдене тәлім алатын сырлы қайнарларына айналды.

...Қазіргі заман өнерінің шығармалары Парижде бірнеше жерде шоғырланған. Олармен, негізінде Қазіргі заман өнерінің ұлттық музейі мен Париж музейінде, сосын жақында ғана бой көтерген Жорж Помпиду атындағы Мәдениет пен өнердің ұлттық орталығы (қысқаша Бобур орталығы) деп аталатын, қазіргі заман мәдениетінің сан қырлы салалары бір жерде бас қосқан, өзі батыл архитектуралық шешімдермен салынған жаңа ғимаратта

танысуға болады.

Жиырманшы ғасыр өнерінің топ бастаушылары Марке, Пикассо, Утрилло, Синьяк, Сера, Боннар, Модильянидің реалистік мәнердегі картиналарына кең орын берген музей залдарында модернистік үрдістегі Брак, Кандинский, Вазарелли, Делон, Сулаж, Дали секілді суретшілердің туындылары да араласа орналасқан...

1978 жыл.

АЛЬПІНІҢ КҮНГЕЙІ МЕН ТЕРІСКЕЙІ

(Австрия жазбалары)



Еуропаның қақ ортасында жатқан табиғаты әсем Австрияда туристер назар аударатын жайлар көп-ақ. Сізді тау қойнауларындағы үзіліп түскен көздің жасындай мөлдір көлдер мен көненің көзіндей болып қалған ескі қорғандар, сүңгідей қаздыған готика ансамбльдері бір гажаптандырса; қарлы шыңдарға өрмелеп кететін Гросглоккнер асуындағы автомобиль жолына, Тирольдағы «Еуропалық көпірге» тағы бір таңданбай өте алмайсыз. Шығыс Альпінің күнгейі мен теріскейіне бөктеріле жайғасқан тау республикасын аралау сапарында сізге әрі көне, әрі жас елдің қатқабат көріністері қатар ұшырасады... Көгілдір Дунай мен ежелгі Зальцбургтің шулы көшелері, ұлы композиторлар Моцарт, Бетховен, вальс тәңірісі Штраус өмір сүрген «шырын Вена» мен кезінде монархтар, императорлар өмір сүрген салтанатты сарайлар бір ойға жетелесе; Инсбруктегі олимпиялық стадиондар, Маутхаузеннің сұсты күзет мұнаралары, жалт-жұлт етіп мың құбылған от әріпті магазиндер мен отельдер, кока-кола жарнамалары басқа бір ойларға алып кетеді...

Вена силуэттері

...Ымырт үйіріле туристер мінген «ИЛ-18» ұшағы Венаның халықаралық «Швехат» аэропорына келіп қонды. Сәл самал соғып тұрғаны болмаса, ауа райының осыдан төрт сағат бұрын ғана ұшып шыққан Ленинградтан өзгешелігі шамалы. Ауада жауыннан кейінгі таза иіс бар. Аэропорттың жұмыртқадай әдемі үйінде бізді қарсы алған «Феникс» туристік фирмасының адамдары да көп кідірткен жоқ. Амандық-саулықтан кейін сыртқа қарай ала жөнелді. Аздан соң біз мінген ұзынбел автобус әлгінде ұшақтың әйнегінен көз салғанда қалың шамдары жарқ-жұрт еткен күйі оң жақта қалған Венаға қарай бет алды.

... Австрияның астанасын аралап жүргенде бір заманда императорлар, әйгілі әскербасылар, атағы жер жарған ғұламалар мен ұлы музыканттар мекендеген қаланың бойынан талай ғасырлардың қадау-қадау белгісін көргендей боласыз. Туристерді әрдайым әр алуан дәуірден қалған архитектуралық ескерткіштердің көптігі таңғалдырады. Олардың бені бүгінгі Венаның бетке тұтар мақтанышы – Ринг деп аталатын орталық көшенің бойында орналасқан. Ринг неміс тілінде «сақина» деген мағынаны білдіреді. Қаланың дәл ортасындағы бұл айналма кең көше бір кездегі ескі қала қорғанының орнына салынған.

Ал Рингтің ішкі жағында негізінен көне қала жатыр. Жалпы Австрия астанасында көнеге деген ерекше ұқыптылықты аңғару қиын емес. Қаладағы көшелер мен алаңдар өздерінің ескі атауларын өзгертпеген күйі тұр. Осы көшелердің аттарына қарап-ақ Венаның он сегіз ғасырлық тарихын шолып шығуға болатындай.

Жалпы Вена қаласының пайда болуы жыл санаудың бас шеніндегі римдіктер негізін қалаған әскери лагерьден басталады. Ол қалашық кейіннен «халықтардың ұлы қоныс аударуы» кезеңіндегі ірілі-уақты соғыстардың әсерінен жер бетінен жоғалып кеткен. Одан соң қалашық тұрған жерде төрт жүз жылға жуық қалың орман шулаған. Осыдан кейін ғана бұл мекенге ел қайтадан тұрақтап, ол қазіргі Виен деген атауына ие болады. Ал XII ғасырдың басында Виен биік дуалдары бар қамалға айналады. Шаһар көлемі бірте-бірте ұлғая берген. Қала үйлері бір кездерде тұрғындарының малдары жайылатын қамал маңындағы орманды, шалғынды жерлерге де салына бастайды. Қазір қаланың қақ ортасындағы «Жылқылар шалғыны», «Бозторғайлы дала», «Аюлы диірмен» деген көше аттары сол замандарды еске түсіреді.

Ақырында қала бүгінгі күнгі 2 миллион халқы бар Вена дәрежесіне дейін өскен. Австрия халқының саны 7,5 миллионнан аспайтынын ескерсек, екі миллиондық Венаның ел өмірінде маңызды рөлін аңғару қиын емес.

Әрбір туристік топтың Венамен таныстығы қаланың маңындағы Каленбергтен басталады. Бұл Шығыс Альпінің Дунайға жетіп, кілт кідірген жоталарының бірі. Каленберг – жалаңаш төбе деген сөз. Біздің автобус Венаның орталығын қақ жарып өтіп, қала шетіне шықты да, аздап соң мүлгіп тұрған Вена орманының арасымен ширатыла салынған

айналма жолмен жоғары қарай өрлей бастады. Каленбергтің төбесінде машиналарға арналған үлкен аялдама мен католиктік шіркеу терезелері қала жаққа қараған ресторан орналасқан. Басқышпен жоғары көтеріліп, бақылау алаңына шыққанымызда, қарсы алдымызда бүкіл Вена алақандағыдай көрініп жатты.

Соборлардың готикалық мұналары мен соғыстан кейін салынған жаңа үйлердің аппақ қабырғалары нұсқаланып, бүкіл жазықтықты алып, көсіліп жатқан үлкен қаланың сол жағында тілшедей болып Дунай көрінеді. Осыншама биіктіктен қарағанда, оның үлкендігі аса байқалмайды да. Өзенге кесе-көлденең тасталған алып көпірлер де сіріңкенің қорабындай ғана боп көрінеді.

...Кезінде Австрияны билеп-төстеген императорлар өмір сүрген сарайлар бұл күндері туристік фирмалардың еншісіне берілген. Олардың қайсысына бармаңыз, әр алуан тілдерде түсінік беретін гидтердің жетегінде жүрген топ-топ туристерді көресіз.

Қала шетіндегі Шенбрунн сарайының маңы да әртүрлі маркадағы автобустарға ығы-жығы толы. Біздің автобус сол қалың үйірдің бір жерінен саңылау тауып, тұмсық тіреді. Бұл сарай кезінде Австрия императорының жазғы резиденциясы болған. Шенбрунн – кәусар бұлақ деген мағынаны білдіреді. Ежелден келе жатқан аңыз бойынша бір веналық аңшы қалың орман арасында аң аулап жүріп адасып кетеді де, жол таба алмай әбден талықсып, шөлден қаталаған шақта суы мөлдір бұлаққа жолығады. Бұлақ суын ішкеннен кейін аңшының бойына жаңадан күш-қуат қосылған.

Міне, осы кәусар бұлақтың басына кейіннен табиғатпен етене үйлескен әсем де ғажайып архитектуралық ансамбль тұрғызылған. Көпті көрген туристердің айтуына қарағанда, Шенбрунн – Париж маңындағы кішігірім Версаль секілді.

Сарайға қарап Австрия императорларының да Франция корольдерінен қалыспауға тырысқанын байқамасқа болмайды. Ол шынында сұлулығымен ғажаптандырады. Барокко үрдісімен салынған аппақ ғимарат өзінің қас шеберлер қолынан шыққан туынды екенін айтқызбай-ақ аңғартып тұр.

Ал сарайдың ішін аралағанда әр дәуірде өмір сүрген императорлар салтанатының елесін байқау қиын емес. Мария-Терезаның қабылханасы, Франц-Йосифтің жатын бөлмесі, еменнен жасалған керуеттер, хрусталь шамдар, күміс көзелер, алтын жалатқан орындықтар, бөлмелердің бір

қабырғасын алып жатқан зор зер портреттер... Мына бір бөлмедегі үстел үстінде Наполеон өзінің бұйрықтарын жазған. Еуропа картасын қайта сызуға ұмтылған ол бұйрықтардың тарих тереңіне кеткеніне қанша заман. Ал үстел сол жалтыраған, мұнтаздай күйінде тұр. Оны Шенбруннге кіру үшін жеті шиллинг төлеген кез-келген адамның ескерткіш үшін суретке түсіруге қақысы бар. Мына бір темір керуетте Наполеонның ұлы қайтыс болған. Қатардағы басқа бөлмелерде нешеме «мәртебелі жандар» салтанатпен өмір сүріп, көз жұмған. Олардан қалған белгілер – осы жансыз қабырғалар, креслолар, үлкен-үлкен портреттер ғана.

Біз Венаға келген күні қолымызға қаланың картасы тиген еді. Турист үшін одан артықтың керегі шамалы. Картаның берті әртүрлі белгілерге лық толы. Мынау қақ ортада тұрған мұнараның суреті Әулие Стефан соборы, мынау әйгілі опера үйі, мынау Хофбург сарайлары, мына үйде Бетховен тұрған... Дунайға дейін созылып жатқан мына бір ұзын көше Пратерштрассе деп аталады. Осы көшенің орта шеніндегі бір үй жұлдызшамен белгініпті. Бұл үйде Штраус өзінің әйгілі вальсі «Көгілдір Дунайды» жазған. Композитордың шамырқанысты шабытына таңғаласыз. Жүдеу ғана кірпіш үй. Терезеден шаң басқан сүреңсіз көше ғана көрінеді. Ал Штраус болса осы үйде отырып-ақ Дунайдың мың бүктетілген толқындарын көз алдына елестетіп, сезіне білді.

Дунай жағасындағы мейрам күндерінде веналықтардың тайлы-таяғына дейін қалмай келіп, көңіл көтеретін жері – Пратер саябағы жай күні тып-тыныш. Саябақтың ортасындағы адамдар мініп айналатын алып доңғалақ қыбырсыз тұр. Сан түрлі аттракциондардың сұлбалары балалар ойнайтын үлкен тақырда ұмыт қалған ойыншықтар секілді байқалады.

Бірнеше бұрылыстан кейін автобус қаланың шет жағындағы Флорисдорф ауданына келіп жетті. Бірден көзге байқалар нәрсе, бұл жерде қаланың орталығындағыдай жалт-жұлт қымбат магазиндер, биік үйлер, қаптаған туристер көрінбейді. Бірыңғай ғана салынған үйлер, трамвай жолдары, арзанқол дүкендер. Бұл жұмысшылар ауданы. Осында 1934 жылы ақпанда Орталық Еуропадағы фашизмді тоқтатуға тырысқан алғашқы қарулы көтерілістің қантөгісті шайқастары жүрген.

Мен қолымдағы картаға қарадым. Онда Флорисдорфтегі бірде-бір үй жұлдызшамен белгіленбеген екен. Басқа бір

аудандағы кішігірім қамал іспеттес үлкен үй де картадан көрінбеді. Сол отызыншы жылдары Вена жұмысшыларының отбасылары тұрған бұл үйді фашистер қамалды атқылағандай зеңбірек оғының астына алған.

Бұның бәрін біз жол бастаушымыз Адольф Адольфович Мацектен естідік.

...Осы ретте өзіміздің жол бастаушымыз жайлы айта кету жөн сияқты. Австрия жеріне аяқ басқан замат туристерді қарсы алған ақбурыл шашты, жасы алпыстардағы етжеңді кісі өзін сіздердің гидтерің мен боламын деп таныстырғанды.

Ертеңіне әңгімелесіп отырып, біз оның өмір тарихына жақсы қанық болдық. Адольф Мацек Венада туып-өскен. Ұлты чех болғанымен, ол өзін толыққанды австриялықпын деп санайды. Біраз жыл Мәскеуде тұрған. 1935 жылы еріктілер қатарында республикалық Испанияны қорғауға аттанған. Республика жеңіліске ұшыраған соң Францияға өтіп, онда фашистердің концлагеріне түскен... Содан тек 1945 жылы гитлерлік Германия тізе бүккеннен кейін ғана Австрияға қайта оралған. Венадағы мұнай өндіру басқармасында жұмыс істеген. 1970 жылы зейнетке шыққан.

Ал гид болып жүрген себебі «Феникс» фирмасында жол бастаушылар штаты барлық туристік топтарды қамтамасыз ете алмайтын болғандықтан, фирма басшылары кейде орысша түсінісетін туристер келгенде, оған өтініш жасайды екен. Зейнетке шыққалы бері ол екі-үш рет туристерге гид болып үлгерген.

Біз алғашқыда жол бастаушылық негізгі кәсібі емес екен, сапар барысында қызықты ештеңе айта алмайтын шығар деп іш жиып қалып едік. Бәрі бекер болып шықты. Екі апталық сапар кезінде Адольф Мацек ақсақал туған отаны – Австрияның тарихы мен бүгінгі өмірін бес саусағындай білетіндігімен танылып, көңілімізден шыға білді.

Ринг. Бейқам жеткіншектер. Фильмдер не айтады

...Рингтің бойы ығы-жығы халық. Олардың арасында қолдарынан фотоаппараттарын ұстап, көше бойындағы істік мұнаралы соборлар мен еңселі тұғырларға орнатылған сансыз ескерткіштерге аңтарыла қарап жүрген әр елдерден келген туристер де баршылық. Біз де солардың біріміз. Бірнеше адам қаланы жаяу араламақ ниетпен әлгінде көшеге шыққанбыз.

Қолымыздағы картаға қарап қойып, Рингтегі бетке тұтар ғимараттармен танысып келеміз. Мынау сол жақта қалып бара жатқан қоңырқай үй – әйгілі Вена университеті. Осы білім ордасының Еуропа ғылымында алар оны ерекше. Оны бітірген он екі адам Нобель сыйлығының лауреаты атанған. Сол жақтағы біршама жерді алып жатқан зор архитектуралық кешен Хофбург деп аталады. Бір кездері ол Габсбургтер әулетінің императорлық сарайы болған. Ал қазір ол түгелдей музейге айналған. Бұл жерде ұлттық кітапхана, этнографиялық мұражай, сурет галереялары, концерт залдары бар. Осы көп музейлерді айналып өтіп, Рингке қайта беттегенде батырлар алаңына душар боласыз. Бұл алаңда Австрия тарихында есімдері әйгілі әскербасылардың ескерткіштері орнатылған.

Хофбургтің сол жақ тұсындағы кішігірім саябақтағы Моцарт ескерткішінің маңы әрдайым туристерге толы. Көшенің бұл бөлігі Оперринг деп аталады. Яғни, ол «Операның жанындағы ринг» деген сөз. Міне үлкен көшелердің қиылысында тұрған әлемге әйгілі Опера үйі де көрінді. Ринг жаңадан пайда болғанда, оның бойында алғашқылардың бірі болып тұрғызылған ғимарат та осы Мемлекеттік Опера үйі екен. 1868 жылы салтанатты түрде ашылған театрда бір жылдан кейін Моцарттың «Дон Жуаны» қойылған. Содан ән өнеріндегі әлемдегі ең әйгілі отаулардың бірі – Вена опера театрының даңқына көп жұрт қанық. Соғыс кезінде қатты бүлінген опера үйінің екінші рет салтанатты ашылуы 1955 жылы өткен.

Рингпен тағы да ілгерілеп жүре берсеңіз, алдыңыздан қалалық орталық саябақ көрінеді. Тыныштыққа мүлгіп тұрған бұл жер веналықтардың демалатын сүйікті орындарының бірі. Жағалай тізілген орындықтарға жайғасқан жұрт бір-бірімен жай ғана әңгімелесіп, не кітап оқып, әйтпесе күннің шуағына қыздырынып, үнсіз отырғанды тәуір көреді. Құм шашылған шағын алаңшаларда ойнап отырған кішкентай балалардың қасында жем теріп көгершіндер жүреді.

Осы саябақтың қақ ортасында Штраусқа орнатылған ескерткішке Венаға келген туристердің соқпай кетпейтіні кемде-кем. Онда вальстер королі мың құйқылжыған музыка иірімдері арасында тұрғандай бейнеленген.

Венада не көп, кафе көп. Әсіресе олар Рингке келіп құйылып жатқан көшелердің – сансыз штрасселер мен гасселердің бойында молдап кездеседі. Жұрт оларға аяқ

суытып отыру үшін, демалу үшін келеді. Бір стакан кофе, саптыаяқ сыра, не сап-салқын кола-колаларды ұрттап қойып, сырттағы машина жүрісінен, үздіксіз шуылдан жырақ жерде уақыт өткізеді.

Біз де көшелерді аралай-аралай шаршаған соң сусын ішіп, сәл демалып алмақ ниетпен бір кафеге бас сұқтық. Жерге сұғына енген зал қара-көлеңкелеу екен. Қарауытқан қабырғаларға май шам іспеттес шырағдандар ілінген. Ішімдік ішуге бәрі де үйлесіп тұр. Әйтсе де, жалпы Венадағы сияқты мұнда да бірде-бір мас адамды көрмейсіз. Отырған адамдардың дені жастар. Шаштарын өсіріп жіберген жігіттер мен қыздар кола-кола немесе сыраны ұрттап қана қояды. Оқта-текте үстел басында отырғандардың біреуі орнынан тұрады да, музыкалық аспапқа жақындап өзіне ұнаған пластинканы таңдаған соң, тиын тастап түймені басады. Дауысын ақырындатып қойғандықтан, күйсандықтан шыққан музыка жағымды естіліп, тіпті айғай-сүреңі мол дейтін джаз да адамды мезі етпейді.

Біздің қатарымыздағы үстелде екі жас жігіт жайғасыпты. Екеуі де жайбарақат күйде үнсіз отыр. Анда-санда алдарында тұрған кішкентай шөлмектегі сырадан ұрттайды. Ештеңеге қызықпайтын, тек өздерімен өздері болып отырған қалып бар. Ақырында бізбен бірге жүрген Вильнюс университетінің неміс тілі пәнінің мұғалімі Эльвира Букевичуте арқылы сұрақ қойдырдық. Олар біз қойған сауалдарға ықыласпен жауап бергісі келетіндіктерін байқатты: екеуі де жұмысшы екен. Зауытта жұмыс істейді, екеуі де он тоғыз жаста. Екі жылдан бері өздері жалақы табады. Бүгін демалыс болған соң, уақыт өткізу үшін кафеге келген. Болашақ туралы? Олар болашақ жайлы ойлауға өздерін әлі жас деп біледі. Әлден өйтіп бас қатырудың керегі не? Екеуі де кәсіподақ мүшелері, бірақ та олар үшін өздерінің әлеуметтік жағдайлары туралы, бір күні тәуір жалақыдан айырылып қалатыны жөнінде ойлануға да әлі ерте сияқты. Олардың осында отырғанына үш сағатқа жуық уақыт өткен. Мүмкін бүгін киноға да баратын шығар, бірақ қазір сағат бес қана, ал кино жетіде басталады. Шамасы соған дейін кафеде қалулары мүмкін.

Кафеден шыққаннан кейін Кунстлерхаузге (Өнер үйі) соққан едік. Ғимараттың екі қанатында тізілген тас мүсіндердің тұғырларында Микеланджело мен Леонардо да Винчи, Рафаэль мен Веласкес, Тициан мен Рубенстің

есімдері жазылған. Өнер үйінің басқыштары мен тас жақтауларында шашырап-шашырап жайғасқан бір топ жастарға көзіміз түсті. Мүмкін олар біреулерді күтіп отырған шығар. Жо-жоқ, оған да ұқсамайды. Енді не істеп отыр? Бақсақ, осылайша бос отыру олардың әдеттеріне сіңген жай екен. Олар бір-бірімен әңгімелеспестен де, үн-түнсіз күйі әртүрлі автомашиналар ағылып жатқан көшеге, арлы-берлі өткен қалың жұртқа мағынасыз ғана көз тастап отыр. Бәрінің де өңдерінде сол бір бейқам қалып. Талайдан бері қайшы да, тарақ та тимеген шаштары иықтарына жөнсіз төгіліп жатыр. Үстерінде әдейі ескіртіп кигендей киімдер.

Мен солардың арасынан ең жақын орналасқан жеткіншекке бажайлай назар салдым. Оның үстінде тор сызықты сары-жасыл күртесі, әбден өңі тайған көкшіл шалбары бар. Аяғында қалың табанды сандал. Мойнына қызыл шүберек орап алыпты. Мейлінше өсіріп жіберген шашы жауып кеткен бет-жүзінен бір қыбыр еткен қозғалыс байқалар емес. Көзі сөніп қалған жанартау секілді, от жоқ. Жан-жағына мағынасыз ғана назар салады. Венада есірткі қабылдайтын жастар баршылық дегенді естіген едім. Мүмкін мына жеткіншек те солардың бірі шығар деген ой келді.

...Вена түнге қарай әдемі-ақ. Үйлердің астыңғы қабаттарын түгелдей алып жатқан дүкендер мен ресторандар сан түрлі жарықтармен құбылып, көздің жауын алады. Жарқ-жүрқ етіп жұртты шақырып, көше бойларында ілінген жарнамаларда әр түсті от әріптер мен суреттер ойнақтайды. Солардың арасында көпшіліктің көбірек үйірілер тұсы кинотеатрлар. Венадағы ең үлкен кинотеатрлар Рингтің маңында орналасқан. Олардың денінің негізгі репертуары атыс-шабысқа толы Батыста шыққан ковбой фильмдер мен порнографиялық дүниелерден тұрады. Кинотеатрлар алдына ілінген жарнамалардан көрермендерді анадайдан шақырып, өбісіп тұрған жандардың бейнелерін кездестіру аса қиынға түсе қоймайды. Осы суреттердің астынан сізді «ең мықты киноға, еркін махаббаттың нағыз биік үлгілерін көрсететін секс фильмді» көруге шақырған сөздерді оқисыз. Фильмнің «ең қызық» жерлерінен үзік-үзік көріністерді іліп қойған киножарнамалардың алдында тұрған әлгіндегідей жігіттер мен қыздар нақ бір дүкендегі мүліктерді қарағандай суреттерге бейқам көз салады. Сәлден соң жап-жас жеткіншектер мен қыздар қол ұстасқан күйі сол фильмдерді

көруге кіріп бара жатады.

Опера үнінен Әулие Стефан соборына дейін созылып жатқан ең қымбат дүкендер мен ресторандар орналасқан Кернтнерштрассе көшесін кейде «веналық Бродвей» деп те атайды. Кешке қарай бұл көшемен жастар қыдыруға әуес. Кернтнерштрассе бойында көне католик соборларымен қанаттас жатқан көшелердің қиылысында өткен-кеткенге сұқтана көз салып, мини-көйлек киген қыздар тұрады. Олар өздерін кәдімгі қызметте жүргендей сезінеді. Өйткені, олар да басқа өз кәсібі бар жұрт сияқты, мемлекетке тиесілі табыс салығын төлеп тұрады.

Мейманханаға бірге қайту үшін тобымыздан кейіндеп қалған бір-екі жігітті күтіп, көше бойындағы орындықта отырғанымызда, қасымызға таяққа сүйенген егде кісі келіп жайғасып, бізге жылыұшырай қарады.

– Вена үнемі шетелдіктерге толы, – деді ол жымия тіл қатып. – Оған таңданудың да қажеті жоқ. Басқа қай жерде өмірдің рақатын сезінуге болады.

Сосын ол Венаның ежелден қалыптасқан «шырын өмірінен» дәлелдер келтіріп, біраз жайларды айтып тастады.

– Венаны әруақытта да шат көңілді жұрт мекендеген, – деді ол. – Сіздер «Нур нихт худелн» деген веналық ескі нақылды естулеріңіз бар ма? Ол Вена тіршілігінің ежелден келе жатқан жазылмаған заңы: «Тек асықпау керек, тек саспау керек». Түсіндіңіздер ме?..

Сәлден кейін біз онымен қоштасып орнымыздан тұрдық. Жолда үлкен кітап дүкенінің әйнек сөресінен жалт-жұлт еткен мұқабамен қапталған үлкен кітапқа көзім түсті. Оны тысында да – Дас зюсе Виен! – Шырын Вена! деп жазылыпты.

Кернтнерштрасседегі жалт-жұлт өмірді насихаттаған сән-салтанатты дүкендер мен мың жұбылған жарнамалардың қасынан өтіп бара жатып, менің есіме мана Кунстлерхаузде көрген бейқам жеткіншіктер мен қыздар түсті. «Нур нихт худелн!», «Дас зюсе Виен!».

Ескерткіштердің де түр-түрі бар.

Музыка тәңірілерінің мекені

– Венаны толығырақ білгісі келген әрбір адам қалалық бейітке міндетті түрде соғып кетуі керек, – деді бізге жол бастаушымыз Адольф Мацек. – Өйткені, ол Венаның бетке тұтар басты ескерткіштерінің бірі. Мен қазір сіздерді сол

бейітке алып барамын.

Қаланың шетінде орналасқан Венаның орталық бейіті алуан түрлі ескерткіштердің музейі секілді. Бұнда да Еуропадағы әйгілі бейіттегілер сияқты зор мәрмәр мавзолейлер мен салтанатты мүсіндер ансамблі ауқаттылар мен ақсүйектердің, сарай маңындағы дворяндардың бастарында орнатылған. Жол бастаушымыз аса бір салтанатпен салынған мавзолейдің бірін австриялық сыра королі Маутнер Маркхофтың басына қойылған ескерткіш деп таныстырды. Ең қымбат құрылыс материалдарынан атақты шеберлердің қолымен тұрғызылған осындай кесенелер негізгі аллеяның бойында ұзыннан ұзақ созылып жатыр.

Ал шеткерірек тұстағы қарапайым ғана тас текшелердің астында Венаның орташа жұрты мен кедей-кепшігінің өкілдері тыныстауда. Әлеуметтік теңсіздіктің белгісі бейітте де байқалады.

Арагідік тап арасындағы күрестің де сұсты ескерткіштері көзге шалынады. Мынау 1927 жылы жазалаушылар қолынан қаза тапқан жұмысшылардың моласы. Мына бір үлкен ескерткіштің астында 1934 жылы фашистердің оғынан шейіт болған жұмысшылардың денесі қойылған...

Қалалық бейіттегі негізгі аллеяның соңғы жағында өңшең ұлы музыканттар: Бетховен, Шуберт, Брамс, Штраустар әулеті жерленген орын бар. Осы жерде Бетховен мен Шуберттің арасында Моцарттың да ескерткіші тұр. Бірақ та оның астына ешкім де көмілмеген. Атақты композитордың сүйегі бұл жерде емес, ескі бейіттегі кедейлерге арналған белгісіз молада жатыр. Оның қалай қайтыс болғаны да әлі күнге дейін беймәлім. Осы күнге дейін оның сүйікті әйелі Констансаның неге өзінің ұлы күйеуін ақтық сапарға шығарып сала алмағаны да мәлімсіз. 36 жасында дүниеден озып кеткен музыка данышпанының өлімі туралы Бетховеннің бүкіл Венаға, бүкіл Австрияға лағнат айтқандай: «Моцартты соңғы сапарға бірде-бір ит те шығарып салған жоқ!» – деген сөзі бар.

Бұрын Вена жайлы сөз қозғала қалса, менің көз алдыма музыка әуені шалқыған қала елестеуші еді. Бәлкім бұл осы қалада бір кездерде әйгілі композиторлардың тұрғандығы жайлы хабардар болғандығымнан да шығар, мүмкін, студенттік жатақханадағы көрші қыздардың бөлмесінен ылғи да естіліп жататын Штраустың «Ғажайып көгілдір Дунайы» мен «Вена орманының ертегілері» әуендерінен

жинақталған әсері де болар. Тіпті осы «Вена» деген әсем сөздің өзі де маған көптен таныс жүрек тебіренерлік әннің бір жолы секілді байқалатын.

Венаны аралап жүргенде әйгілі музыканттардың ескерткіштері мен есімдерін жиі кездестіруге болады. Университет алаңындағы көне үйлердің бірінде белгі тақта қағулы тұр. Онда «Осы үйде қазынаның ақшасымен әнші бала Франц Шуберт тұрған» деген жазу бар. «Әнші бала» есейгеннен кейін әйгілі музыкант болғанымен де ол үнемі жоқшылықтың құрсау шеңгелінен шыға алмаған. Романтикалық ән романстардың авторы Шуберт өзінің тағдырласы Моцарттан да жас кезінде көз жұмған.

Зальцбургте дүниеге келіп бес жасында музыкалық шығармалар жаза бастаған, сегіз жасында алғашқы симфониясын, он бірінде опера жазған, он үш жасында Италиядағы Болонья академиясының профессоры атанып, ал он төрт жасында тек еңбегі сіңген ірі ақсүйектерге ғана берілетін Рим папасының орденіне ие болған Вольфганг Амадей Моцарт та өмірден жоқшылық көріп өткен. Ғажайып опералар мен симфониялардың авторы – Венада өмір сүрген жылдары үнемі жетіспеушіліктің тауқыметін тартқан.

Моцарттың опералары Австриядағы неміс тілінде жазылған тұңғыш ұлттық опералар болатын. Әрі оның «Фигароның тойы», «Дон Жуан», «Ғажайып флейта» сияқты опералары әлемдік музыка өнерінің шоқтықты туындылары қатарынан әлі күнге дейін түспей келеді.

Венадағы Әулие Стефан соборының артындағы қысқа ғана көне Домгасс көшесіндегі үйде Моцарт өмірінің соңғы жылдарын өткізген. 1787 жылы осы пәтерде ол Германиядан келген өзінің 17 жасар шәкірті Людвиг ван Бетховенмен кездескен. Олар бірлесіп қызықты сабақтар да бастаған. Бірақ көп ұзамай оның талантты шәкірті Бонн қаласындағы ауру шешесінің қалін білуге аттанып кетеді. Ол Венаға қайтып оралғанда, ұстазының қайтыс болғанын естиді.

Қаланың шет жағындағы Пасквалати көшесінде 1804-1815 жылдар аралығында Бетховен тұрған үй бар. Осы үйдің төртінші қабатындағы шағын екі бөлмелі пәтерде ол өзінің жалғыз операсы «Фиделионы», төртінші, бесінші, жетінші симфониялары мен әлемге әйгілі шығармаларын жазған. Осы үйдің маңында Бетховенді пір тұтатын жас Шуберт те мекендеген. Бірақ та олар бір-бірімен еш уақытта таныспаған. Жас композитор алып рухты музыкантпен жақындап тіл қатысуға бата алмаған. Кейде саңырау Бетхо-

вен Вена көшелерімен ешкімді байқамастан тұңғыық ойларына көміліп, серуендеп жүргенде, Шуберт оның соңынан ақырын ілеседі екен. Одан кейін Бетховен үйіне келіп, рояльда ойнауды бастайды. Ал Шуберт болса терезе түбінде тұрып, данышпанның музыкасын есі кете тыңдайды екен. Сол кезде әуендерінен от өрген Бетховенді алғаш танығандардың бірі осы Шуберт болған. Бетховеннің дүлей рухты музыкасы оның көп замандастары үшін түсініксіздік тудырған еді. Бір естелікте веналықтардың айран-асыр таңданысын тудырып, сонау Италиядан Бетховенге тағзым ету үшін атақты Россинидің келгендігі туралы дерек те бар.

Ал «Вальс тәңірісі» Штраустың әуезді музыкасы австриялықтардың ұлттық мақтанышы. Оның әуендері айналмайтын бірде-бір мейрам, тойды кездестіру қиынға соғады. Штраустың «...Көгілдір Дунайын» Австрияда ресми емес екінші мемлекеттік гимн ретінде де бағалайды. Композитордың оперетталары да ел театрларының репертуарынан түспейді.

...Венаның орталығына қарай беттегенде, қай тұстан көз салса да биік үшкіл мұнараны көруге болады. Бұл Әулие Стефан соборы. Ішкі қаланың қақ ортасында тұрған бұл собордың құрылысы XIII ғасырдың орта шенінде басталып, 1433 жылы аяқталған. 200 жылға жуық уақыт салынған готика архитектурасының хас үлгілерінің бірі өзінің ғажаптығымен таңғалдырады. Собор түгелдей тастан қаланған. Тіпті оның биіктігі 147 метрлік сүңгі мұнарасының жіңішкерген жоғары тұсына шейін кілең тастан өрілгендігін айтады.

Собордың ішіне кірген кезде таңданысыңыз одан әрі күшейе түседі. Әлдеқандай бір ертегідегі дүниеге енгендей әсерде қаласыз. Жай ғана ақшыл түсті тастан осыншама сұлулықты жасауға болады дегенге сенгіңіз де келмейді. Әртүрлі формаларда қашалған тастар біріне-бірі жалғаса өріліп, сонау жоғарыға барып, әдемі түйісіп жатыр. Собордың ортасында епископтардың уағыз айтатын зор тұғыры тұр. Ол басында тұтас жартастан ойылып алынған. Тұғырдың беттеріне түсірілген жібек кестенің іздеріндей мың құбылған нәзік бедерлерді көріп, тағы да зергер құдыретіне тәнті болмасқа шараңыз жоқ.

Еуропа архитектурасының бұл хас үлгісінің бірін – тастан өрілген Құдыретті симфония деп те атайды. Стефан соборының нақты авторы кім екендігі де белгісіз. Оны бір ғана сәулетші емес, сәулетшілердің әлденеше ұрпағы

тұрғызған. Бұл пәниден көне замандарда талай данышпан сәулетшілер мен зергерлер өткен. Бірақ барлық халықта олардың бәрін де тарих көшінің толқыны жұтып қойған.

Әулие Стефан соборынан шыға берістегі шағын алаңда шекесіне кішігірім мүсін орнатқан бағанаға «Део патри креатор» деп жазылған. Бұл латын тілінен аударғанда «Құдай – отанның жарылқаушысы» деген сөз. Ағаш тұғыр осыдан екі ғасырға жуық уақыт бұрын Венаның аса жойқын оба ауруынан құтылғанына орай орнатылған. Ұлы Моцарт бүкіл қаланы буып алған осы оба кезінде жоқ болып кетті, деген жорамалдар да айтылады.

Австрияда әзілкеш музыкант Августинге телінетін көп аңыздар кездеседі. Солардың бірі осы обаға байланысты. Бірде түнгі көңілді тойдан мас күйінде қайтып келе жатқан Августин өзінің сырнайымен бірге обадан қаза тапқан адамдарды тастаған үлкен шұңқырға түсіп кетеді. Жұмсақ жерге құлағаннан кейін, тіке ұйқыға басқан ол азанда орнынан аман-сау тұрып түк білмегендей жөніне жүре берген көрінеді. Осыдан кейін де ол көп жылдар бойы өмір сүрген. Міне, осы тақылеттес көңілді әзілге толы аңыздардың бәрін веналықтар бір ғана адам әзілкеш Августинге телиді. Ол веналықтар үшін Голландиядағы – Уленшпигель, Орта Азия халықтарындағы — Қожанасыр, қазақтағы — Алдар Көсе сияқты кейіпкер. Августин жөнінде әңгімелерден ежелден көңілді ежелден ойнақы Венаның бір қасиетін байқайсыз.

Обаға орнатылған ескерткіштің оң жақ тұсындағы әртүрлі сабындар мен иіс сулар сататын парфюмерия дүкенінің маңдайшасында «Нойн тойфель» — «Тоғыз шайтан» деп жазылыпты. Таңданудың да реті жоқ. Вена жұрты үшін бұндай атаулар таңсық емес...

Маутхаузен

...Дунайды кесе-көлденең аттап жатқан үлкен көпірден өткен соң, біздің автобус солға қарай бұра тартты. Сәлден соң алдымыздан шыға келген жол нұсқағыш тақтадағы жазуға көзіміз түсті... «Маутхаузен».

Сыртқа ентелей көз саламыз. Венадан шыққалы бері жолдың екі жағында көріп келе жатқан мұнтаздай күтілген егістіктер мен шоғыр-шоғыр ормандары бар жерлерден айырмашылығы шамалы. Мұнда да сол біртегіс орылған көкжасыл шалғын, егістіктер, желкілдеген дала гүлдері,

күреңіткен шыршалар. Сол жақта аунап ағып Дунай жатыр. Ал, оң жақта үлкен дөңнің тіп-тік қабырғасы көзге ұрады. Сол төбенің бергі астындағы кішкентай мекеннің аты — «Маутхаузен».

Жалғыз ғана көшеден тұратын елді мекенді басып өткеннен кейін жол кішігірім орманға бір сүңгіп шықты да, дөңнің басына карай көтеріле берді. Аздан соң ол бұрыш-бұрышында күзет мұнаралары сорайып, үстінде тікенек сымдар жүргізілген сұсты тас қабырғаларға келіп маңдай тіреді.

Біз лагерьдің қақпасына жақындадық. Лагерь алдында әр елдердің осы тозақта қаза тапқан өз отандастарына арнап тұрғызылған үлкен монумент-ескерткіштері тұр. Қабырғаға қағылған тақтада Маутхаузен ажал лагерінде қанша адамның қаза тапқаны жазылған. Фашистер билігі кезінде «Бұл лагерьде 122 мың 767 жанның өмірі үзілген. Олардың арасында 32 мың 180 кеңес азаматы, 30 мың 203 поляк, 12 мың 923 венгр... бар еді», деп басталған тізім әрі карай созыла береді.

Екінші дүниежүзілік соғыстан қалған Еуропадағы Освенцим, Дахау, Бухенвальд сияқты ажал музейлерінің бірі осы...

Бір сәт жол бастаушымыз Адольф Мацектің сөзі құлақ түргізді.

– Мен мына кісіні бұрын екі-үш рет келгенімде де байқаған едім, – дейді ол, билет сатып тұрған жасы егделеу, қараторы өңді, арық денелі, сәл еңкіштеу кісіні нұсқап. – Бір жерде көрген сияқтымын. Бірақ қайда кездестіргенімді есіме түсіре алар емеспін.

– Ал сіз жақындап жөн сұрасып көрсеңіз қайтеді, мүмкін бір жерде кездескен де боларсыз.

– Расында да, сөйлесейінші...

Ол билет үлестірушіге жақындап келіп, әлденелерді сұрай бастады. Ана кісі бас шұлғып жатыр. Бір уақытта екеуі құшақтаса кетті. Біз де оларға жақындадық.

Жол бастаушымыздың көзінде жас үйіріліп қалыпты. «Отыз алты, отыз жетінші жылдары Испанияда бірге соғысқан екенбіз. Аты – Мануэль Гарсиа. Ол 19-бригада құрамында болыпты, ал мен 21-бригадада болғанмын. Бәсе, қайдан көрдім деп жүрсем»...

Аздан соң Гарсианың аузынан өзі туралы әңгімені естідік.

Бұдан қырық жылдай уақыт бұрын Гитлер дүниежүзілік

соғысқа енді қамданып жатқанда, қазір бұрынғы лагерь «кацетте» билет үлестіріп тұрған адам, генерал Франконың тізесінде кеткен өз отанын тастап шығуға мәжбүр болған. Ол басқа да республикалық Испанияның солдаттарымен бірге Францияға өтеді. Ал, ол елге гитлершілдер кіргеннен кейін оны фашистер ұстап алып, концентрациялық лагерьді салу үшін осы Маутхаузенге әкелген. Онымен бірге лагерьдің алғашқы тұтқындары мен құрылысшылары болып сегіз мың испандық келген екен. Олардың жеті мыңы лагерьде мәңгілік көз жұмған. Ал, Мануэль соғыс біткеннен кейін енді музей ретінде ашылған Маутхаузенге қайта оралған.

Мануэльден лагерьге бұрынғы тұтқындар келіп тұра ма деп сұрадық.

– Иә, тұтқындар да, осында қаза тапқандардың туысқандары да келіп тұрады. Бірде Маутхаузенде бүкіл отбасысы қайтыс болған адамның келгені есімде. Мен оның өз аяғымен лагерьге қалай кіргенін көрдім, ал қайтарда оны қолтығынан сүйемелдеп, алып шықты.

Мануэль сәл үнсіздіктен кейін:

– Бұл жерге бұрынғы жендеттер де келеді, бірақ олар лагерьден ондай азапқа түспей-ақ шығады, – деді.

– Сіз кімдерді айтып тұрсыз, – деді сәл түсініксіз.

– Бұрынғы эсэсовшілер, – деп жауап берді ол жай ғана. – Бұдан бірнеше жыл бұрын лагерьге крематорияның бастығы да келіп кеткен?!

Сосын Маутхаузен «музейінің» билет үлестірушісі мынандай оқиғаны айтты. Дәл осындай жаздың бір күнінде осы біз тұрған бөлмеге жүріс-тұрысынан, киген киімінен ауқатты кісінің кейпі аңғарылатын адам кірген. Оның музейге кіруге билет сұрағысы келген болуы керек, бірақ та жанары Мануэльмен түйісіп қалғанда кілт кідірген. Ол Мануэльді, Мануэль оны таныған еді. Крематорияның бұрынғы бастығы Мартин Ротпен әйтеуір бір сәттіліктердің арқасында осы эсэсовшінің пешіне тап болмаған бұрынғы тұтқын бір-біріне бетпе-бет біраз сәт тұрып қалған.

– Сонда оның жауапкершіліктен қорықпағаны ма?

– Жауапкершіліктен, – деді Мануэль таңданған кейіппен.

Сосын ол неге Мартин Роттың Маутхаузенге турист ретінде келіп жүргеніне түсінік берді. 1945 жылы американдықтар фашистердің мұндағы өздері куә болған жауыздықтарынан шошынып, лагерь басшыларына іздестіру жариялаған. Солардың арасында бұрынғы крематория бастығы да бар екен. Бірақ оны кейіннен ғана тапқан. Ол

сотта өз қолыммен ешкімді де өлтірген жоқпын, тек қаза тапқандардың денесінен ауру тарамасын деп өртегенім рас деп мойындаған. Бастықтардың бұйрығын ғана орындағанын айтып, ақталған. Тіпті кейіннен оның соңғы күндері (алдынала жауапкершіліктен сескеніп) әдейі екі жебірейді құтқарғаны анықталғанда, сот оны еш жазасыз босата салған. Содан бері оны ешкім мазалаған емес. Тып-тыныш өмір сүріп келеді. Батыс Германияда сыраhana ашып, бай адамға айналған. Сондықтан да ол Гитлердің қызметінде жүріп өткізген күндерін еске алу үшін Маутхаузенге келіп кетуге аса арланбайды да, қорықпайды да...

Осыны айтты да шашы қудай болып ағарып, денесі еңкіш тартқан кісі қайғыға, азапқа толы жанарын терезеден көрініп тұрған ұзыннан-ұзақ созылған барақтарға тікті.

...Одан кейін біз астынан ылғал ұрып тұрған лагерь барақтарын аралап кеттік: Қабырғаларда ілінген сансыз суреттер. Олар осында қаза тапқан әр ұлт өкілдерінің бейнелері: поляктар, орыстар, француздар, испандар, жебірейлер, австриялықтар, кавказдықтар, орта азиялықтар... Олардың бәрі де жер шарының әр ендігінде, әр бойлығында туып, әр тілде сөйлеп, әр ортада тәрбие алғандар. Бірақ та осы бір-біріне ұқсамайтын адамдардың тағдыры тым ұқсас аяқталған. Олардың бәрі де осындағы крематория пешінде өртеніп, күлге айналған.

...Біз олардың арасынан жанары ойлы егде адамның суретін де көрдік. Оның астына «Профессор, әскери ғылымдардың докторы, Совет Одағының Батыры, генерал-лейтенант Карбышев Дмитрий Михайлович» деп жазылған. 1945 жылы ақпанның 17-нен 18-не қараған түні оны гитлершілдер сақылдаған аязда далаға жалаңаш шығарып, денесі әбден мұз бағанаға айналғанша үстіне суық су құйып қатырып өлтірген. Осы азаптау өткен жерге белгі қойылып, лагерьдің алдына Карбышевтің үлкен мүсіні орнатылыпты.

Маутхаузеннен аттанарда біз Мануэль Гарсиаға елден ала барған кәдесыйды ұсындық. Ол оны қабылдап тұрып, көзіне жас алды. Сосын Испан антифашистерінің әдетінше басын иіп, жұдырығы түюлі оң қолын жоғары көтере қоштасты.

Автобуска міне бергенде манадан бері түнеріп тұрған аспанда жай ойнап, жаңбыр төгіп кетті. Бәріміз де үн-түнсізбіз. Әлгінде лагерьде көрген әсерден, дуалдарға қағылған суреттердегі қабырғалары аштықтан арсиған бейнелерден, адамдарды өртейтін көмейлері кең крематория

пештерінен, сыз барақтарда рухтары қалған елестерден арыла алмай келеміз.

Адольф ақсақалда да үн жоқ. Сонау жылдары концлагерьде көрген азаптарын қайта сезініп, шейіт болған қандыкөйлек бауырларын еске алды ма, қиналыс үстінде. Үнемі төс қалтасында жүретін дәрісін қайта-қайта ауызға салып, талмап отыр.

Маутхаузен сонау жылдары Еуропаны буып алған гитлеризм індетінің неге әкеліп соқтырғанын жұртқа паш етіп тұрған музей іспеттес. Сонымен бірге, ол австриялықтарды да әрқашан қырағылыққа, олардың басына қатер бұлтының қайтып үйірілмеуіне үндейтіндей. Австрия фашистік Германияның бірінші құрбандығы болған мемлекет. Бұл елдің адамдары 1938 жылдың 12 наурызы күні таң әлетінде 200 мыңдай бақайшағына дейін қаруланған гитлершілдердің тәуелсіз елді жаулап алғанын жақсы біледі. Оны Гитлер «Австрия ұлы Германияның бөлінбес бір бөлшегі, біз туысқан халықтармыз» деген сылтаумен (аншлюс) өзіне қаратып алған-ды.

Содан Австрия жеріне бостандық 1945 жылы ғана қайта келді. Ал 1955 жылдың қазанында Австрия бейтарап мемлекет ретінде жарияланды. Көптеген австриялықтар аншлюс пен фашистердің жеті жылдық үстемдігінен сабақ алса да, ел арасында кейде басқа да кертартпа пиғылдар байқалып қалады. Олар «біз немістермен бауырлас халықпыз» деген пікірлерді көлденең тартады. Жаңа аншлюс үшін кол көтеретін адамдар да жоқ емес екен.

Австриядағы Браунау қаласындағы Гитлер дүниеге келген үйдің қасында біреулер осы ефрейтордың балалық шағы мен өмірін бейнелейтін суреттерді таратқан көрінеді. Елдегі кітап дүкендерінен Гитлер жайлы жазылған кітаптарды еркін сатып алуға болады.

Кітап шығарушылар мен баспа қожайындары «ондай туындылар біз үшін ақша табудың көзі ғана. Әйтпесе, біздің басқа ештеңемен жұмысымыз жоқ», – деген сылтау айтады. Кітаптар ғана емес, австриялық экрандарда «Гитлердің жастық шағы», «Гитлердің соңғы күндері» деген атаулар да ұшыраса бастаған. Көп фильмдерде фюрердің өміріне «терең бойламақ» ниетпен оның тағдырына Шекспир трагедияларының элементтерін енгізіп бейнелейтін де көрінеді.

Тіпті Маутхаузеннен 30 километр жердегі Ардагглер қаласында екі жас жігіт бір үйдің үш қабатын алып жатқан

көрме ұйымдастырыпты. Онда гитлерлік армияның дүниежүзілік соғыс кезіндегі әскери формалары мен неше түрлі қару-жарақтың түрлері кең қамтылып, әйнек сөрелерде Гитлердің емірбаяны, вермахттың крестері мен тулары қойылыпты. Жас жігіттердің бұл көрме тұрғысында ақталуы да оңай: «Біздің саясатпен жұмысымыз жоқ, бізге тек бизнес қана керек», – дейді олар).

...Нәсер жаңбырды қақ жарып келе жатқан автобус іші жым-жырт... Адольф ақсақал дәрі талмап отыр.

Меймандос мекендер. Гросглоккнер асуы. Зальцбург әуендері. Ақ олимпиада астанасы

Туризм Австрия үшін ең басты пайда көзі. Табиғаты әсем жерге орналасқан Альпі республикасы Еуропадағы туризмі ерекше дамыған елдердің бірі. «Феникс» фирмасының біздің қолымызға берген кішкентай жолсерік анықтамасында «Австрияда шетелдіктер үшін 50 миллионнан астам қонатын төсек-орын табылады» деген сөйлемді кездестірдік. Оған иланасыз да. Елдің қай жерінде де қаптаған туристерді ұшырастыруға болады. Біздер секілді топ құрап, автобустармен жүрген көп жұрттан басқа, өздерінің «оппель», «форд», «фиат», «мерседес», «ягуар» секілді көліктерімен келіп, осы елде жазғы демалыстарын өткізіп жүрген жеке отбасылар да мол. Олардың дені Австрияға жақын елдер – Батыс Германия, Италия, Швейцария, Голландиядан келеді. Туристер әйтеуір бір елді мекенге ат басын тіреп тұрып, қонатын жер туралы бас ауыртып жатпайды. Олар үшін кез-келген қалашықта орын табылады. Тіпті халқы мың адамға жетпейтін, бар-жоғы бір көшеден ғана тұратын мекендердің өзінде де әлденеше мейманхана, әлденеше ресторан, магазиндерді кездестіресіз.

Олардың иелері де осы әрлі-берлі өткен туристердің арқасында өмір сүріп отыр. Мейманханаларда қонақтарды күтуде де мін жоқ. Сізді сыпайы күліп қарсы алып, асты-үстіңізге түсіп күтіп, сыпайы жымыспен шығарып салады. Олардың негізгі қызметі де осы. Өйткені туристер болмай қалса, ол жайлардың да күні қараң. Өздерінен-өздері дөңгелеп келіп жатқан ақшаның тоқтап қалғанын кім жақсы көреді дейсіз?

Әрі бар қызметтің денін сол мейманхана не ресторан иелерінің өздері қоса атқарады. Қай жерге аяқ суытуға тоқтамаңыз, қожайынның өзінен бастап табақ көтеруге

жарайтын кішкентай балаларына дейін қонақтарды күтуге араласып жүргенін көресіз. Біз үш күн түнеген сұлу Трауензее көлінің жағасында орналасқан курортты қала Гмундендегі мейманхана иесі – он баланың әкесі, жасы қырық бестердегі Рудольф Грабнермен осы жөнінде әңгімелескенімізде: «оның ешқандай сөкеттігі жоқ. Өйткені сырттан адам жалдайын десең, оған жалақы беруден басқа, сол үшін мемлекетке салық та төлеуің керек, әрі бізде артық-ауыс ақша да көп бола бермейді. Мысалы, мен мейманхананы жақында ашқан едім. Оны салуға алған несиені қайтаруым керек. Сонымен бірге соңғы кездерде азық-түліктің бағасы да қымбаттап кетті, ол тағы қосымша шығын емес пе?» – деп жекеменшік өмірдің біраз мәселесін көлденеңдетіп-ақ тастады.

Австрия жолдарын қалай мақтасаң да лайық. Бүкіл елді торлап жатқан тақтайдай тегіс асфальт жолдармен қатты жылдамдықпен келе жатқан күннің өзінде, автобус үстінде емес, көк жүзінде ың-шыңсыз ұшқан үлкен ұшақта отырғандай әсер алатыныңыз бар. Машина теп-тегіс жолда еш селкілсіз сызып қана отырады. Алаңсыз кітап оқуға ғана емес, қойын дәптеріңізге жазулар түсіруге де әбден болады,

Тарау-тарау жолдар туристерді елдің табиғаты әсем талай жерлеріне бастап алып барады. Барлық жерде де машина үшін даңғыл жолдар салынған. Сол жолдар бірде тау қойнауларындағы үзіліп түскен көздің жасындай моншақ көлдерді кемер белбеудей айнала өтіп жатса, бірде туннельдерге сүңгіп кетіп, Альпіде көп кездесетін сансыз сарқырамаларға, үлкенді-кішілі пансионат, мейманханаларға, тау басына тартатын аспалы жолдарға алып барады. Енді бірде олар ақ басты шыңдарға қарай өрмелейді.

Автомобиль жолы жайлы айтқанда Австрияның бетке тұтар мақтаншытарының бірі – Орталық Альпідегі ең биік Гросглоккнер асуындағы жолды атап өтпей кету мүмкін емес. Еуропадағы әсем трассалардың бірі, елдің күнгеі мен теріскейін Альпіден асып түсіп жалғастырып жатыр. Ұзындығы 48 километрлік бұл автомобиль жолы биіктігі 3000 метрлік асу арқылы өтеді.

Біздің автобус жоғары қарай ыңырана көтеріліп келеді. Асу басына жақындаған сайын әлгінде ғана етекте көк шалғынның арасынан өткеніңізге сенуіңіз қиын. Жолдың екі жағында қалыңдығы 10 метрдей сіреу қар жатады.

Ақырында асу басына шықтық. Айнала аппақ. Жан-жақтан қар басқан шыңдар анталайды. Төменге көз салсаңыз, сонау етекте қалықтап жүрген бұлттарды көресіз. Бұл жерден де «туристік өнеркәсіптің» бөлінбес бөлшегі кәдесый дүкендерін кездестіруге болады. Бәрі де түсінікті, әркімнің-ақ осыншама биіктікте, аппақ шыңдардың ортасында тұрғанда, тым болмаса сол маңның көріністері бейнеленген түрлі-түсті бояулы суреттері бар ашық хаттарды сатып алу әуестігін тежей алмай, дүкендерге бас сұғары ақиқат.

Қайтадан төменге ылдилаймыз. Бірте-бірте қардың да қалыңдығы жұқарып, күн тиіп, жалаңаштанған жерлерден қаптаған бәйшешектер көріне бастады. Аздан соң қалың бозғылт тұман ішімен жылжыдық. Ол әлгінде жоғарыдан көз салғанда етекте жатқан бұлттар. Содан кейін ғана бәкене шыршалар кездесіп, Альпі шалғыны басталды.

* * *

...Австрияның Батыс Германиямен дәл шекарасында тұрған көне Зальцбург қаласының сұлулығына теңеу тапқысы келгендер оны «Құрғақтағы Венеция» деп те атайды.

Оның ортағасырлық шошақ төбелі шатырларына, барокко үрдісіндегі мұнаралары мен субұрқақтарына, көне соборлардың күмбездеріне карап жүріп, бір неміс жазушысының бұл қаланың өңінен «симфонияның әуенін естігендей боласың» деген тұжырымына ден қоймасқа лажыңыз жоқ. Осы пікірдің дәлеліндей, қалада талай жылдардан бері халықаралық музыка фестивальдері өткізіліп келеді.

Қала тұрғындарының мақтан тұтатын тағы бір ерекшелігі, бұл қалада бүкіл әлем тәнті болған Моцарт дүниеге келген. Моцарттың туған үйі көне қаланың орталығына таман тұстағы көшеде. Бір кездері Моцарттар тұрған төрт бөлмелі үй бұл күндері музейге айналған. Музейдің азғана мүліктерінің ішіндегі ең қымбатты зат атақты шебер Страдивари жасаған скрипка. Талай дәуірлер өтсе де өзінің күміс үнінен ажырамаған, кезінде Моцарт ойнаған ғажап скрипка әйнек сөрениң астында тұр. Оны жылына бір-ақ рет алып шығып, Зальцбургте өтетін әлемдік скрипкашылар конкурсының жеңімпазына тартқызады екен.

Зальцбургте көне қаладан әрі қарай жалғасып жатқан

биік төбенің басында ортағасырлық үлкен қорғанның қабырғалары көрінеді. Оған туристер рельспен жүретін шағын вагоншалармен көтеріледі. Қамалда осы қорғанның негізін қалаған епископтың храмы бар. Онда күн сайын екі рет жергілікті халық «өгіз-орган» деп атайтын орган аспабы ойнайды екен.

Жыл сайын халықаралық музыкалық фестивальдар өтіп тұратын фестиваль үйі – Фестхаузді аралап жүрміз. Ондағы жазғы театрдың құрылысы ерекше. Бұл жерде бұрын атбегілердің шеберлік мектебі тұрған. Кейіннен архитектор Холцмейстер бұрынғы манежді қоршап жатқан жартасты ойып, әдемі ложалар жасап, ашық аспан астындағы театрды дүниеге алып келген. Айнала қоршаған жартастардың әсерінен бе, бұл ашық театрдың акустикасында мін жоқ.

Сонымен бірге Фестхауз кезінде дүмше ойдың зардабына да ұшырапты. Отыз сегізінші жылы аншлюстен кейін Гитлер өзінің нөкерлерімен Фестиваль үйін аралап жүріп, театрдың үлкен залына келгенде «қабырғалар сүреңсіз екен, гипспен қайта өңдеу керек» деп бұйрық береді. Фюрер айтып тұрған соң, амал бар ма, құрылысшылар қабырғаларды төрт тонна гипспен әрлейді де тастайды. Бұдан залдың көрінісі ғана емес, акустикасы да кұриды. Тек соғыстан кейін ғана ол гипсті қырнап тастауға тура келген....

Ал суретші Файстауэрдің адамдарды, жануарларды, құстарды бейнелеген фрескалары тұрған залға келгенде Гитлер: «Бұл ұлы Германияның идеясына жат туындылар, сылап тастау керек», – деп тапсырады. Кім білсін, фрескалардың сылақ астында қалуы да кәдік еді, тек сол кезде Зальцбургте өмір сүрген италиялық суретші Альберто Сусадтың арқасында ғана олар аман қалады. Суретші қырық күн бойы жұмыс істеп, фрескаларды бөліп алған. Олар соғыстан кейін ғана өз орнына қайтадан орнатылған.

...Зальцбургтен кейін тіке *Тироль* жері басталады. Әркім-ақ тұмса табиғаттың нілі бұзылмай тұрған бұл аймаққа бірден-ақ ғашық болары анық. Альпінің маңғаз шыңдары қоршаған тау елі өзінің көкжасыл сұлу ормандарымен, шүйгін шалғындарымен, әсем табиғатымен әйгілі. Тироль жері қысқы спорт үшін де таптырмайтын орын. Ал тирольдықтар шаңғы десе ішкен асын жерге қоятын халық. Тіпті бұл жерде «Тироль елінің нәрестесі аяғын тәй-тәй баспастан бұрын шаңғымен жүруді үйренеді» деген мәтел де бар көрінеді.

Өзіндік тарихы, дербес шежірелі өнері, тіршілігі бар тау

халқы мекендеген бұл аймақтың астанасы – Инсбрук, жұртшылыққа қысқы олимпиялық ойындардың астанасы ретінде әйгілі. Қарлы шындардың етегіне қона салған Инсбрук қаласы көркем-ақ. Шаһардың бір шетіндегі биік төбенің басында Наполеонға қарсы халық көтерілісін бастаған тирольдықтардың ұлттық батыры Андреас Хоферге орнатылған үлкен ескерткіш тұр. Наполеон өз билігі кезінде Тирольді Пруссияға қосқысы келеді де, Австрия императоры оған келісімін береді. Бірақ та, олар сол халықтың өзі бұны қалайтын-қаламайтындығын сұрамаған еді. Тирольдықтар ол келісімге жаппай көтеріліспен жауап қатып, оны шаруадан шыққан генерал Андреас Хофер басқарады. Батырды ақырында өз көмекшілерінің бірі опасыздықпен жауға ұстап берген. Оны қазір осы ескерткіш тұрған төбеде дарға асқан.

Қала маңында орналасқан олимпиялық мекенді басып өтіп, шаңғышылардың үлкен трамплині орналасқан төбеге шыққанда бүкіл Инсбрук алақандағыдай көрінеді. Төбе үстіндегі биік тас тұғырда 1964 жылғы олимпиада жеңімпаздарының есімдері жазылған. Инсбрукке келген әрбір адамның қала түбіндегі терең шатқалға көлденең салынған Еуропадағы ең биік көпірге соқпай кетуі мүмкін емес. Биіктігі 199 метр зәулім көпір, ені 800 метрлік шатқал үстінде қалықтап тұрғандай әсер береді. «Еуропалық көпірден» еткеннен кейін тіке тарта берсеңіз Италия таяқ тастам-ақ жерде тиіп тұр.

...Біз мінген «Мерседес-Бенс» маркалы ұзынбел автобус «Еуропалық көпірді» жанай өтіп, елдің екінші бір шетіндегі Венаға қарай бет түзеді. Екі күннен кейін Венадағы өзімізге таныс мейманхананың алдына келіп тоқтаған автобустың спидометріне көз салсам, Австрия жерін айналып өткен екі апталық сапар кезінде үш мың километр жолды артқа тастаған екенбіз...

1974 жыл.

АНАДОЛЫ АСҚАН ЕЛ



...Түркия Республикасына арнайы бет түзеген іскер топ пен журналист-қаламгерлерден тұратын делегацияны Алматыдан алып шыққан ұшақ бірер сағаттан кейін-ақ Қап тауын кесіп өтіп, түрік аспанына сүңгіді. Биік-биік қыраттардың, ұқыпты қолдың ізі бар егіс алқаптарының, ылғи бір қызыл шатырлы қыстақтар мен қалалардың үстінен ұшып келеміз.

... Төменде көлбеген осынау көрініске қарап отырғанда, бірауық ойға өз-өзінен осы адырлы-қыратты аймақ үстімен, біз бет алған бағытқа қарай ежелгі замандардан бермен арылы-берілі талай рет жапырыла өткен жойқын көші-қондар мен қоныс аударулар оралып, көз алдыға сол көне дәуірлер суреттері көлбеңдегендей хал да кешеді екенсіз...

* * *

Алып Еуразия құрлығының Қарпат тауларынан Хинганның құз жоталарына дейін созылып жатқан ұшы-қиырсыз жалпақ далалық аймағында дүниеге келіп, қанаты қатайған көшпелі өмір салтының әлемдік өркениет дамуындағы, әсіресе халықтардың шығу тегін зерделейтін тарихтағы соқталы орны әуелден әбден мойындалған ақиқат. Талай заманалар бойы өріс қуалаған, мал тұяғына ілесіп, ұшқан құстың қанаты, жүгірген аңның аяғы талатын алыс қашықтықтарға толқын-толқын боп, ерсілі-қарсылы ауысып жататын түздіктер, сол үздіксіз көші-қон барысында жол-жөнекей ұшырасқан отырықшы жұрттармен араласқа түсіп, тұтас құрлықтардың этникалық картасын әлденеше мәрте қайта өзгертті; әйдік деген мемлекеттердің тізесін қалтырататын алып империялар құрды; бір халықтың мәдениетін екінші халыққа дәнекер боп ұластыру үстінде өздері де әлемдік мәдениетке өлшеусіз үлестерін қосты.

Жыл санауға дейінгі мыңжылдықтар мен бергі мыңжылдықтарда Батыс пен Шығысты қақ ортасынан

қаусырып жатқан алып қапсырма секілді осы апайтөс аймақ үстінде сақ, ғұн, түрк сынды түздік империялар мен ұлыстардың ат дүбірлетіп, халықтардың әлденеше ұлы қоныс аударуларының тізгінін ұстағаны тарихтан белгілі. Түрк тілді дүниенің жалы ерекше күдірейіп, айбыны асқан сол ғасырлардан кейін де бұл Ұлы Далада әлденеше қуатты ұлыстар мен қағанаттар ғұмыр кешті. Солардың бірі – IX-XI ғасырларда Сырдарияның орта ағысынан Еділге дейінгі байтақ аймақты қоныс етіп, аясына қазіргі қазақ халқының құрамына енетін көптеген ру-тайпаларды біріктірген Оғыз мемлекеті еді. Бұл ұлыс билеген жер көлемінің кең құлаштығы X ғасырдағы мұсылман тарихшыларының бүгінгі қазақ даласын «Мафазет әл-Ғұз» («Оғыз қонысы») деп атағанынан да байқалады.

Далалық ұлыстар тарихнамасында көп ұшырасатын бір жайт, олар әлдебір сыртқы күштердің шабуылына ұрынып, өз жерінен ығысар болса, сол үдере қозғалған бағытында жолай кездескен елдерді де әрі қарай серпілтіп, жылы қонысынан көтеруге мәжбүр ететіндігі. XI ғасырдың орта тұсында қазақ даласының теріскей шығыс жағын мекендеген түрк тілдес ұранқай (қимақ) тайпасы да Жетісуға қарай жылжып, осы маңға енді ғана Қидан жерінен келіп қоныстана бастаған күн-қидандарға (қарақытайларға) соқтыққан еді. Олар да тиісінше, өздерінен батысқа қарай жатқан қыпшақтарды ығыстырды. Ал қыпшақтар болса, өз ретінде сол кезеңде ішкі қайшылықтарға бой алдырып, әлсіреп тұрған, талайдан бергі қоңсысы боп келе жатқан Оғыз мемлекетінің жеріне топан судай қаптады да, оларды батысқа қарай қозғалуға мәжбүр етті. Жолай кездескеннің бәрін ұмар-жұмар бүктеп, қосып ала кететін сұрапыл қар көшкіні сияқты ұласпалы құбылыс еді бұл. Оғыз түрктерінің теріскей бөлігі, сондарынан өкшелей жылжыған қыпшақтардан ығыса-ығыса отырып, ақыры Каспий мен Қара теңіздің теріскейін жайлаған, өздері сияқты түрк тектес 13 баулы пешенектерге барып ұрынды. Қамсыз пешенектер олардың екпініне төтеп бере алмады. Ұрыс сала шегініп отырып, бір тобы Дунай төңірегіне қарай ойысып, Византия түбінде ат ойнатты, келесі тобы өздерімен ауылы аралас мажарлармен бірге қазіргі Венгрия жеріне табан тіреді. Оғыз түрктерінің күнгеі бөлігі болса, Иран, Ирак, Алдыңғы Азияға қарай бет алды. Осы жойқын көші-қонның нәтижесінде бүгінгі түрікмен, әзербайжан, түрік, ғағауыз халықтарының әуелгі ұйысу, қалыптасу сатылары

басталады.

Ал Оғыз мемлекетінің атажұртында қалған тайпалар бұдан былай «Дешті қыпшақ» (Қыпшақ даласы) деп аталған мекенде өзі сынды түрк тілдес тайпалармен бірге қым-қиғаш араласып, кейіннен қазақ, өзбек, қарақалпақ халықтарының құрамына сіңіп кетті.

Еуразияның далалық аймағындағы түз жұрттарының сонау шығыстан басталып, Византия іргесінде аяқталған кезекті ұлы қоныс аударуының өзі-ақ жалпақ дүниені осылайша бір сапырылыстырып өткен еді.

Қазақ тарихының түп-тегінде Оғыз түрктері дәуірінен қалған із жетерлік. ХХ ғасырдың өзінде Махмұд Қашқари «Арал теңізі – оғыз-қыпшақтың құтты қонысы», «оғыз-қыпшақ біртұтас таза түрк тілінде сөйлейді», – деп жазып кеткен туыстық нышандары сол дәуірлерден бізге жеткен қария сөздерден, байырғы эпсаналардан сом-сом түрде ұшырасады. Түрк тектес халықтардың басын біріктірген Оғыз мемлекеті кезінен, одан да ілгері замандардан бізге данағәй Қорқыт абыз туралы сала-сала аңыздар, Сыр жағасындағы Жент, Отырар, Шәуілдір, Сығанақ, Сауран, Баршынкент, Жаңакент сияқты көне шаһарлардың аттары, ғажайып кесене-күмбездер, қасиетті жәдігерлер жетті. Бүкіл түрк халықтарына ортақ ата шығармалар болып табылатын «Оғыз-нама», «Қорқыт ата кітабы», «Көрұғлы» сынды асыл мұраларда қазақ жерінің жағрапиялық атаулары маржандай болып сайрап жатыр.

Оғыз түрктерінің бір бөлігі Сырдан оңтүстік-батысқа қарай ойысқан кезде қазіргі түрікмен жерінде олармен қарға тамыр *қынық* тайпасынан шыққан Салжұқ әулеті де енді етек-жеңін жиып келе жатыр еді. Салжұқтар бұл шамада Ғазнауи әулетінің қоластына қарайтын. Қатарларына туысқандары келіп күшейгеннен кейін, олар осыған дейінгі өздері бағынышты болып келген Ғазнауи әулетіне қарсы шауып, оны елеулі соққыға ұшыратты. Тоғрұлбек бастаған салжұқтар біртіндеп әуелі Иран жерін, содан соң Иракты, Сирия мен Әзербайжанды жаулап алып, аз уақыт ішінде айбары үстем мемлекетке айналды. Ал 1055 жылы салжұқтардың тұңғыш сұлтаны атанған Тоғрұлбек Араб халифатының астанасы Бағдадқа басып кірді.

Салжұқ әулетінен шыққан айбынды қолбасшы Алып-Арыслан тұсында, олар талай заман азуын айға білеп, басқа иеліктеріне қоса бүкіл Кіші Азия түбегін (бүгінгі Түркия жерін) өз қарамағына қаусырып отырған атышулы Византия

империясына жорық жасап, 1071 жылы Манзикерт түбінде олардың әскерін бет қаратпай жеңді. Осыдан кейін-ақ салжұқ сарбаздарының тау суындай екпініне тоқтау болған жоқ. Бүкіл Кіші Азия немесе Анадолы жері (ол гректің «анатоли» – «күншығыс» деген сөзінен шыққан) көп ұзамай салжұқтардың қол астына қарап, он жыл өтер-өтпестен түрік жауынгерлері Егей мен Мәрмәр теңізінің жағасында ат ойнатты. Алайда олардың бұл екпінін Бірінші Крест жорығы қайтарып, Шығыс Анадолыға дейін шегінуге мәжбүр еткені мәлім. Дегенмен салжұқтар арада біраз уақыт өткеріп барып, ақырын-ақырын бір кездегі өз иеліктерін қайтарып ала бастады. Айбынды әулеттің бір бұтағы Кіші Азия жерінде Ұрым сұлтандығын құрды. 1116 жылы Кония шәһарын (көне Иконион) өз астанасы етіп жариялады.

Ұрым (Кония) сұлтандығы аз мерзім ішінде маңайындағы елдерді ықтыратын айбары бар, жалы күдірейген мемлекетке айналды. Алайда арада жүз жылдан астам уақыт өткенде, олардың шырқы тағы бұзылды. 1243 жылы Анадолы аймағы шығыстан қаптай жеткен түз халықтарының кезекті жойқын көші-қоны іспетті – Шыңғысхан ұрпақтарының жорығына ұшырады. Олар да бір кездегі салжұқтар тәрізді, Кіші Азия түбегіне тау суындай қаптап, Ұрым сұлтандығын өздеріне тәуелді әлденеше иеліктерге бөліп жіберді.

Алайда дәл осы XIII ғасыр басында Анадолы жеріне, оның алдыңғы ғұмырына, этникалық бітіміне ерекше үлес қосатын жаңа көші-қондық толқындар да жетіп еді. Шыңғысханның Қазақ жері мен Кіндік Азияға жорығы кезінде осы аймақтарда бұрыннан мекендейтін көптеген түрк жұрттары шапқыннан ығысып, Кіші Азияға қарай босқан болатын.

Сол кезеңге арналған тарихи мұраларда *қаңлы* жұртының (бір деректерге қарағанда *қайы* тайпасының) Есенбұға деген қарт көсемі өзіне қарасты 50 мың үйді ертіп, Анадолыға қарай бет алғаны айтылады. Ұзақ жол, ауыр сапардың салдарынан Есенбұға жолшыбай қайтыс болады. Содан кейін көшті оның баласы Сүлеймен әрі қарай жалғастырыпты. Алайда Евфрат дариясынан өтерде ол да атымен суға кетеді. Сонда Сүлейменнің үлкен ұлы: «Бұл бір сәтсіз жол болды, бір жылда атамыздан да, әкемізден де айырылды, енді қайтпасақ болмас», – деп, көштің бір бөлігін кері алып қайтқанда, кіші ұлы Ертіұғрыл тұрып: «Атамыз бен әкеміз тірі болса, бұл жолдан қайтпас еді, мен

де қайтпаймын», – деп Анадолияға көшті жеткізіп, жұртын орнықтырған екен, дейді.

Шәкәрім қажының жазуынша, Кония патшасы Ғалайәддин моңғол әскеріне қарсы соғысқан кезде, оған осы Ертұғрылдың болысқанын жазады. Ғалайәддин соған разы болып, Ертұғрылға Асқұд-Қараша тау, Томаншы деген жерлерді бөліп беріп, өзін әскербасы еткен көрінеді. Ал 1281 жыл шамасында Ертұғрыл өзіне бөлінген иеліктерді біраз ұлғайтып барып көз жұмғанда, оның тағына баласы Осман отырады. Дәл осы Осман есімінен бастап тұсау кесетін сұлтандар әулетінен Анадолия жерінде ірге көтерген әйгілі Осман империясының көп ғасырлық тарихы тізбектеледі. Өзінің дәуірлеген кезінде, солтүстігі – Қырымнан Мажарстанға дейін созылып, оңтүстігі – Мысыр мен Либияны, батысы – Әл-Жәзәйр мен Тунисті, шығысы Месопотамияны түгел қамтыған зор аймаққа әмір жүргізген бұл көп ұлтты әйдік империя, 600 жылдай жалғанды жалпағынан баса ғұмыр кешіп, XX ғасырдың басында ғана тарих көшінен кетті.

1923 жылдан Осман империясының орнында өркен жайған мемлекет – Түркия Жұмһурийеті (Республикасы) деп аталады.

* * *

Ұшақ Анкараның «Есенбұға» әуежайына келіп қонғаннан кейінгі ең алғашқы әсерлердің бірі – әуежай қызметкерлерінің қазақ құлағына жағымды түрік тілінде жаппай сөйлеп жүргендігі болған. Бұрынғы одақтың, оның ішінде Қазақстанның қай әуежайына бармаңыз, тек бір ғана орыс тілінің үстемдік еткеніне әбден жадыланып кеткен басымызды, бізге тектес тілдің де дәл осындай үстем тіл дәрежесінде екендігінің алғашқы мысалының өзі әрі қызықтыра, әрі қызғандыра қабылдатқан еді.

Дегенмен бір апталық сапар барысында қамыстай қалың түріктің ішінде таңымыз атып, күніміз батып жүргесін, бұл ілкідегі нәумез сезімнен де арылып, елдегі бар тіршіліктің бас тұтқасына айналған, экономиканы екпіндетіп әкеткен туыс тілдің бұл дәрежеге жету жолдарын байыптауға да мүмкіндік алдық.

Ел аралау үстінде бізбен кездескен ғалымдардан, журналистерден, жолбастаушыларымыздан түрік тілінің де дәл қазіргідей салтанатты деңгейге бірден жете қоймағанын

естідік. Әр дәуірде оның басынан да талай шырғалаң, дүрбелең күндер өтіпті. Алғашқы Ұрым сұлтандығы кезінде, ел билеушілері негізінен қара шаңырағы Иран жерінде орныққан «Ұлы Салжұқ» әулетінің бір бұтағынан тарағандықтан, қоғамдық өмірге, әсіресе мәдениет, әдебиет, ағарту салаларына парсылық әсер аса жойқын байқалыпты. Конияға жиналған оқымыстылардың дені парсылар болғандықтан, сұлтан сарайында парсы мәдениеті жетекші орын алып, парсы тілі әдеби тіл міндетін атқарған.

Кония сұлтандығының екінші дәрежедегі тіл мәртебесі – араб тілінің үлесіне тиген еді. Бүкіл діни істер, мешіттегі мінәжаттар, медреседегі сабақтар осы тілде жүргізілетін. Ал түрікше болса, үшінші дәрежедегі тіл міндетін ғана атқарды. Оны тек Анадолының қарапайым жұрты ғана пайдаланыпты. Тіпті сол кезде сарай маңындағылар өздерін «ұрымдар», ал малшылар мен шаруаларды кемсітіп «түріктер» деп атайды екен.

Тарихта бір заңдылық бар. Ол – бөтен жұрт тарапынан жүргізілген әрбір басқыншылыққа қарсы күрес барысында кез-келген халықтың ұлттық намысы оянатындығы туралы ақиқат. Кіші Азияға моңғол жорығы болып өткеннен кейін түрік тілінің де еңсесі жазылып, ол біраз уақыт мемлекеттік ресми тіл дәрежесіне дейін көтеріліпті. Алайда Осман билігі дәуірлеген кезде ол тағы да екінші кезектегі тіл дәрежесіне сырғиды. Ол қайтадан қара бұқараның ғана тіліне айналып, әдеби және ресми тіл мәртебесін «османлыша» деген құрама тіл атқарады. Грамматикалық құрамы түрік тілдеріне тән үрдістерді сақтағанымен, араб пен парсы тілдері грамматикасының да ерекшеліктерін бойына сіңіріп, сол тілдердің сөздері айрықша мол енген, ол «османлы» тілін жай халық түсіне қоймайтын еді. Әрі қалың бұқара сөйлейтін түрікшенің өзі де әр аймақ бойынша бір-бірімен кәдімгідей ерекшеленетін әркілі диалектілерден тұрды.

Түрікшені ұлттық тілге айналдыру жолындағы елеулі талпыныс ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап, қайтадан қолға алынады. Ол кезге дейін қарапайым түріктердің өзі де шыққан тегі мен тілінен қашықтағаны, сөздерінде араб, парсы ықпалының молдығы сонша, өзінен: «Түріксің бер?» – деп сұрағанда, «Жоқ, мұсылманмын», – деп жауап беретін жағдайға жеткен еді. «Түрік» атауы да сонау Ұрым сұлтандығы кезіндегідей «доғал», «ақыл-ойы төмен адам» мағынасында қолданылатын. Екі ғасыр аралығындағы осындай алмағайып шақта әсіресе «жаңа

османлылар», олардан кейін «жас түріктер» деп аталатын ұлтшыл ағым өкілдері түрік тілін бөгде сөзден тазарту, ұлт намысын ояту үшін көп жұмыстар жүргізді. Ел атауын «ислам», «осман» сөздерінен арылтып, оны «Түркия» деп атау мәселесін алғаш көтерген де солар еді.

Алайда «тіл саясатындағы» ең үлкен бетбұрыс түрік ұлт-азаттық қозғалысының көсемі Мұстафа Кемал Ататүріктің (1881-1933 ж.ж.) революциясынан кейін басталады. Түрік ұлтының өркендеуін оның рухани оянуымен тығыз сабақтастыра жүргізуді басты мақсат етіп ұстанған кемалшылар ең әуелі мәдениет пен халық ағарту ісіне ерекше мән берді. Бұл ретте білім алуды жеделдетудің, түрік тілін тазартудың, бәрін жаңадан бастаудың жолы ретінде араб әрпін латын жазуына ауыстыру таңдалып алынды. Бір қызығы, түріктердің бұл жазуға ауысуы (1929 ж.) Кеңес одағындағы түрк тілдес республикалардың да латыншаға ауысуымен қатар келді. Алайда кеңес елдері он жылдан кейін жалт бұрылып, орыс әліпбиіне ауысып кетті де, түріктер сол латыншасын әбден жетілдіріп, бүгінде бүкіл елде тұратын 60 миллионнан астам халықты таза түрікшеге тәрбиелеуге, әлемдік өркениет игіліктеріне жедел үн қосуға септесетін әмбебап тілге айналдырды.

* * *

Түркияның оңтүстік-батыс бетін барқыт суымен шайып жатқан Егей теңізінің жағасындағы Ізмір қаласына барғанымызда, сол шаһар маңындағы шүйгінді сайда жарқыратып ақ орда күмбездеп, бие байлап отырған Шеризат Доғры сынды бауырымыздың үйіне арнайы ат басын тіреген едік. Бұл кісі қазақтардың Шығыс Түркістаннан Анадолыға дейін жеткен азапты көшімен 1950 жылдарда келгендердің бірі. Түркия қазақтарының ішіндегі беделді де дәулетті адамдардың қатарына жатады. Осы жерді қыруар ақшаға сатып алып, дүниеде қазақ деген халық барын түрік жұртына паш ету үшін арнайы жобамен бетоннан көлемі жиырма-отыз қанат үйдің шамасындай үлкен ақ орданы, іргелестіре салған қосымша жайлармен бірге тұрғызып, ішін дәл киіз үй секілді малындыра жасаулатыпты.

Шеризат ағамыз Ізмір зиялылары алдында үлкен беделге ие адам. Қазақстаннан бір топ қаламгерлер мен өнер адамдарының келгендігі жөніндегі хабар құлақтарына тие

салысымен, Измірдегі Егей университетінің бір топ ғалымдары, түрік газеттерінің тілшілері үстімізге сау етіп жетіп келді. Кең шаңырақ астында кілем үстіне жайылған көлдей дастарқанды айнала отырып, бауырсақ, ет, палаудан дәм таттық, шай, қымыз іштік. Алтынбек Қоразбаев пен Қаршыға Ахмедияров орындаған, әсіресе үй иелерін аса ынтызарлыққа бөлеген, қазақ әндері мен күйлерін тыңдадық.

Ара-арасында әңгіме-дүкен де қызып жатыр. Егей университетіндегі түрік тілі мен әдебиеті бөлімінің меңгерушісі, профессор Фиктар Түркменмен әңгімеміз бірден жарасып кетті. Профессор «Ана тілі» үнқағазының бір жағынан түрктану ыңғайындағы да газет екенін білгеннен кейін шешіле сөйлесті.

Сөз өз-өзінен тіл, жазу, тарих мәселесіне қарай ойыса бермей ме мұндайда.

– Біз бәріміз бір анадан туып, түрк деген бір халықтан тарағанбыз, атажұртымыз біреу, сіздерді сол «ана ватаннан» («атамекеннен» – *автор*) келіп отырған бауырларымыз деп білеміз, – дейді оқымысты. – Осындайда бір тектен шыққан жұрттардың бір-бірін қиналыссыз түсінетін тіл, ортақ жазуы болғаны әбден керек.

– Бұрын бәріміз араб жазуын қолданған кезде осыған жуық жағдай болды емес пе? – деймін мен.

– Иә, ол кезде араб жазуы бүкіл түркілердің басын қосатын құрал болған еді. Мәселен, Қырымда Ғаспыралы деген кісі шығарған газетті бүкіл түркілер түсініп оқи береді екен.

– «Тәржіманды» айтып отырсыз ғой. Оны шығарған ұлы ұстаз, қырым татары Ысмағұлбек Ғаспыралы туралы біз өз газетімізде үлкен мақала жарияланғанбыз.

– Әп, бәрекелді!..

Профессор бұл хабарды аса таңданыспен қабылдады. Арғы жағында отырған «Тәржіман» газетінің (Түркияда 1961 жылдан бері шығатын 500 000 тиражы бар беделді басылым да осылай аталады) тілшісі Әли Хайадивиге бұл жаңалықты жылдам-жылдам айтып, жеткізіп жатыр. Ол да жылы пейіл танытып, кәдімгідей үйіріле қалды. Сол жерде профессор Түрікменнің өтініші бойынша мен ол мақаланы салып жіберетін болып келістім...

Әңгіме қайтадан түрк халықтарының жазуы мәселесіне ойысты.

– Араб жазуы арқылы жеткен табыстар көп-ақ. Бірақ біз одан гөрі латыншаны қолайлы көреміз, – дейді ол. – Себебі

араб әрпін қолданғанда, көсіліп жазуға оның асты-үстіне қойылып жататын нүктелер мен дәйекшелердің өзі біраз қолбайлау болады. Ал латыншада ондай жоқ. Оның бүгінде бүкіл дүниежүзілік жазуға айналып отыруы да бекер емес. Әрі оның әріптері түрк халықтарының дыбыс жүйесіне де дәл келеді. Егер де барлық түркітер осы жазуға ауысса, онда ол біздің кең араласып-құраласуымызға, тілмашсыз түсінісуімізге көп қолқабыс берген болар еді. Қазір бізге мәселенің дәл осы жағы қолбайлау болып отырған сияқты. Сіздердің кириллица жазуларыңызды Түркияда түсінбейді, біздің жазуды сіздер жүгіртіп оқи алмайсыздар. Бәріміз бір халық болсақ та, идеологияның, бөлек жазудың зардабынан бөтен жұрттар секілді екі жаққа бөлініп жатырмыз.

– Ақыры бүкіл түркітердің бір жазуға ұйысуы керек болса, неге бірден өзіміздің төл әліппеміз – Орхон-Енесай жазуларын қайта жаңғыртып қабылдамаймыз.

– Бұл да ойымызда жоқ емес. Бірақ оған әлі ерте. Ол үшін ең алдымен барлық түркітер латын жазуына түгел көшіп, оны әбден меңгеріп, озық ғылыми-техника тіліне айналдырып алғаннан кейін, 100 жыл өте ме, 200 жыл өте ме, біртіндеп ол жазуымызға қайта ауысып алуға болады. Оны ұмытып кеткеніміз жөн емес. Өйткені, ол бар түрк халықтарының ата жазуы, төл әліпбиі...

Қазіргі кезде түрк тілді тәуелсіз мемлекеттердегі тілші-ғалымдардың да сөз тиегіне айналдырып, болашақта қай жазуға көшкеніміз жөн деп көтеріп жүрген мәселесіне түрік оқымыстылары тарапынан айтылар пікір осы тектес. Бұрынғы Кеңес одағы деп аталатын империя құрамында өмір сүрген түрк халықтарына орыс жазуы не үшін таңылғаны, нендей мақсат көзделгені белгілі. Және ол тілі біртекті, дыбыс үндестігі ортақ халықтарды өзара алшақтандыратын жеке-жеке әліппелер де жасатқызып, бірін-бірі түсінбейтін халге жеткізді. Орысқа бағыныштылық бізді ұшпаққа шығарады деп имандай сеніп келгендігіміздің ақыры қалай болғанын көріп отырмыз. Енді ел боламыз десек, етек-жеңімізді жинап, жан-жағымызға байыппен қаранатын кезіміз келді. Сондайда бізге шын бауырмалдықпен, жанашырлықпен, түбі бір туысым деп емірене қарайтын ел Түркия секілді. Бүгінгі күні әлемнің ең дамыған елдерінің қатарына көтерілген Түркия ұстанып отырған латын әрпі міне осы тұрғыдан алғанда да барлық түрк халықтары үшін ортақ дәнекерлік міндет атқаратындай көрінеді.

Кезінде Түркия елі үшін де арабшаны латыншаға аудару оңай түсе қоймаған еді. Бұл реформаны жүзеге асыру үшін Кемал Ататүріктің өзі құрған тіл қоғамы қыруар жұмыс атқарды. Сол кездегі есеп бойынша түрік тіліндегі араб-парсы сөздерінің үлесі 60 пайыздай болған екен. Тіл қоғамы бөгде сөздердің орнын алмастыратын таза түріктік мағыналарды диалектілерден, басқа туыс тілдерден, көне жазба ескерткіштерінен іздеді. Ал егер тіптен табыла қоймаса, қолдан жаңа сөздер (неологизмдер) жасалды. Соның арқасында кейінгі 50 жылда түріктің байырғы атауларындай болып кеткен көптеген тапқыр сөзжасамдар дүниеге келді. Мәселен, таза орыс сөзі «самолетті» біз сол күйінде алғанымыз белгілі. Ал, түріктер болса, еуропалық «аэроплан» сөзін алмастыру барысында, оны «ұшақ» деп өзгерте қойды. Құлаққа әдбен сіңіп қалған «мектептің» түбі арабша болғасын, «оқул» деген сөзге, «мұғалім» – «әгретменге», «мақала» – «аязыға» ауыстырылды. Сол сияқты арабша «истиклял» болып келген «тәуелсіздік» ұғымын – түріктер бүгінде «бағымсызлық», «инкилапты» (революция) – «деврим» дейді.

Осындай шаралардың арқасында қазіргі кезде түрік тіліндегі араб-парсы сөздерінің үлесі 20 пайызға дейін төмендеп, таза түріктік сөздер 65 пайызға жоғарылады. Қалғандары батыстан келген ғылыми-техникалық сөздердің үлесіне тиеді. Түріктер «киноны» – «синема», «газетті» – «газете», «мәдениетті» – «күлтүр», «ракетаны» – «рокет»... деп атайды.

Тілдік қордағы бұл елеулі өзгерістердің өзіне қатысты қиыншылықтар болмауы да мүмкін емес. Қазіргі түрікшенің бұрынғыдан өзгергені сонша, ғасыр басында жазылған шығармаларды бүгінгі заман оқырманы арнайы аударып бермесе көп түсіне де алмайды екен. Алайда түрік оқымыстылары тіл реформасының көздеген мақсаты орындалғанын айтады. Бүгінгі түрікше баяғысындағыдай қалың бұқарадан алшақтап кеткен кітаби тіл емес, ел тұрғындарының сөйлеу тіліне тығыз қабысып жатқан жанды тілге айналған.

* * *

Теріскейін – Қара теңіз, күнгейін – Ақ теңіз (түріктер Жерорта теңізін осылай атайды) шайып жатқан Кіші Азия түбегін аралау үстінде ондағы тарихи ескерткіштердің

көптігіне ғажаптанбау еш мүмкін емес. Ол – көне замандардағы неше қилы өркениеттердің кіндіккесті мекені. Эллада аңыздарындағы Троя қаласы, әлем кереметтерінің санатына енген Эфес Артемидасының ғибадатханасы, Галикарнас мавзолейі, Немруд тауындағы Антиох ескерткіштері, Капподокия үңгірлері де осы құтты аймақта. «Герострат даңқы», «Ахиллес өкшесі», «Троя аты», «Гордий күрмеуі», «Тантал азабы» секілді қанатты сөздердің туындауына қатысты оқиғалар дүниеге келген жер бұл.

Анкара қаласындағы мұражайда Анадолыда ірге көтерген алғашқы қуатты империялардың төлбасысы, жыл санауға дейінгі екі мың жыл бұрын ғұмыр кешкен, бітімінде арғытүрктік нышандар кездесетін Хетт мемлекетінен қалған мұрағаттар қойылған. Егей теңізінің маңындағы зәйтүн тоғайларын заулаған көлік үстінде кесіп өтіп келе жатқанда, осы маңда ж. с. д. XIII ғасырда грек тайпалары «ахейлер» мен «данайлардың» қуатты одағы өмір сүргені еске түседі. Трояны күйреткен де осы тайпалар болатын. Ж. с. д. I мыңжылдың басында Кіші Азияда Фригия, Лидия, Урарту, Понтий патшалығы секілді құл иеленуші мемлекеттер пайда болды. Сәл шығысқа қарай, Каспийдің күнгейіндегі Үрмиә көлінің төңірегінде арғытүркітердің бір атамекені болған Манна елі жатыр. Одан оңтүстік бетте ежелгі Шумер өркениетін жалғастырған Бабыл мен Ассирия мемлекеттері орналасты. Ж. с. д. VIII-VII ғасырларда бұл ұлыстар шығыстан жеткен сақ тайпаларының шабуылына ұшырады. Жыл санауға дейінгі 546-шы жылы Анадолы жеріндегі Лидия мемлекетін парсылардың патшасы Кир тас-талқан етті. 200 жылдай уақыттан кейін Дарий бастаған ол парсыларды Ескендір Зұлқарнайын (Македонский) күйрете жеңіп, бүкіл Анадолыны өзіне қаратып алды. Кіші Азияға – жаңа қоныстанушылар, гректер мен македониялықтар ағылды. Ескендірдің империясы күйрегеннен кейін, ол бірнеше грек тілді патшалықтарға (Вифиния, Пергам, Писидия, Пагфлагония) бөлініп кетті. Одан кейін Анадолыға Еуропадан келген галаттар (кельт тайпасы) аялдап, «зәкір тастады». Олардың астанасы болған «Анкара» – сол «зәкір» деген сөзден шыққан делінеді. Жыл санаудың бастапқы ғасырларында Кіші Азия Рим империясының қарамағына еніп, IV ғасырдан кейін одан бөлінген Византия империясына қарады. Анадолыда түгелдей грек мәдениеті мен тілі өркендесе де византиялықтар өздерін «эллин» емес, Рим кезіндегілей «ромейлерміз» деп атайтын. Түріктердің

осы күнге дейін гректерді «ұрымдар» деп атауының мәнісі сонда.

Византияның астанасы – Босфор бұғазының жағасындағы ұлы қала Константинопольді Османның тұқымы Махмет II-ші 1453 жылы қиян-кескі шайқастардан кейін жаулап алып, оны өз империясының бас қаласына, атақты Ая-София храмын – бас мешітіне айналдырды. Ыстамбұл – Константинопольдің түрікшеге бейімделген атауы. Сол Византия мен Осман заманынан қалған ғажайып ескерткіштер мен мұрағаттарға сіз ұлы қала Ыстамбұлды аралап жүргенде қадам басқан сайын ұшырасасыз...

* * *

Анадолы жерінің көне дәуірлерден бергі тарихына үстірт көз жүгіртіп өткеннің өзінде-ақ бұл аймаққа әрқилы жұрттар мен тілдердің талай рет, толқын-толқын сапырылысқа түскенін байқар едіңіз. Ностра тілдерінің әуелгі бір құнарлы кіндігі болған бұл өңірден ж. с. д 16 мың жылдар шамасында батысқа қарай үндіеуропа тілдері, шығысқа қарай – алтай, орал, сино-кавказ тілдері тарағаны мәлім. Әлденеше мыңжылдықтарға созылған кең ауқымды үдерістер барысында, олардың талайы жойылып, бір-біріне сіңісіп, жұтылып жатты. Түркілер XI ғасырда, өздерінің алғашқы ностралық, түпкітүркілік атамекендері – Кіші Азияға қайта оралған кезде, онда әлденеше тілдік топтарға жататын, әртүрлі дінді ұстанатын халықтар мекендейтін. Алайда біртін-біртін олар мемлекет басындағы ұлт – түріктердің тілін қабылдай бастады. Бұл жерде Осман империясы көкке көтере қастерлеген ісләм дінінің де әсер-ықпалы болмай қойған жоқ. Империя тарапынан басқа діндегілердің мұсылмандыққа өтіп, түрікше сөйлеуге бет бұруы мейлінше қолдау тауып, ондай адамдарға биліктің ең жоғарғы сатысына дейін көтерілуіне кедергі жасалмады.

Осман империясына қарайтын жердің XX ғасыр басында Түркия деп аталып, Түркия Республикасының жариялауынан бері де елдің ұлттық құрамының ара салмағы күрт өзгерді. Түрік жерін бөлшек-бөлшек үлестіріп алмақ болған Антанта елдерінің шапқыншылығына қарсы ұлт-азаттық көтерілісін бастаған Мұстафа Кемал басқыншыларды Анадолыдан қуып шыққаннан кейін, іле-шала Грекиямен келісімге отырды. Ол бойынша әр ел өздерінде тұратын халықтарды өзара

алмастыруға мәміле жасады. Соның нәтижесінде жүз мыңдаған түрік – Түркияға, миллионнан астам грек – Грекияға өтті. Кейіннен мұндай келісім Югославия, Болгария мемлекеттерімен де жасалды. Осындай мүдделі жұмыстардың арқасында Осман империясы кезінде азшылықта болған түрік халқы, Түркия Республикасы кезінде басым көпшілікке айналды.

Қазіргі кезде елдің бүкіл тұрғындары өздерін тек түрікпіз деп атап жатса, ол осы мемлекеттің Конституциясынан туындап жатқан қағидаға саяды. Мәселен 1924 жылы қабылданған бірінші Конституцияда бұл мәселе: «Түркияның бүкіл тұрғындары өзінің дініне және ұлтына қарамастан азаматтық тұрғыдан келгенде түріктер», делінсе, соңғы үшінші Конституция (1982 ж.) «Түркия мемлекетімен азаматтық байланысы бар әрбір адам – түрік», – делініп нақтылана түседі. Яғни, ұлттық белгі толығымен азаматтық арқылы танылады.

Біз жөн сұраса қалған адамдар «Түркияда қандай халықтар тұрады?» деген сауалымызға, «60 миллионнан астам түрік халқы тұрады» деп тұжыра айтып жатса да, арнайы анықтамалық әдебиеттерде олардың ұлттық құрамы да көрсетіліп тұрады екен. Мәселен, кей мәліметтер бойынша түріктер – 50 миллиондай, күрдтер – 8 миллион, арабтар – 700 мың, армяндар – 180 мың, гректер – 150 мың, шеркестер – 40 мың, грузиндер – 30 мың, лаздар – 20 мың, жебірейлер – 10 мыңдай болыпты. Қалғандары – 300 мың делінген.

Осы соңғы сан мөлшерінің ішіне әзербайжан, түрікмен, қырым татары, құмық сияқты бірқатар түрк халықтары да енеді. Олар өздеріне тіл, тек жағынан жақын болғандықтан, түрік халқының құрамына тез сіңуде. Бұған анықтамалық әдебиеттерде ХІХ ғасырдың орта шенінде түрікмен халқы Кіші Азия түбегі тұрғындарының 15 пайызын құрағандығы туралы мәлімет барлығын айтсақ та жеткілікті.

Түркия халқының құрамына, оның азаматтығын қабылдаған 10 мыңнан астам қазақ халқы да енеді. Олардың алғашқы легі түрік жеріне 1950 жылдары Қытай, Тибет, Үндістанды басып өткен азапты сапардан кейін жеткен еді. Кейіннен біздің еліміздегі 30-жылдардағы аштықтан, қырылудан қашқан қазақтардың екінші легі – Иранның, үшінші легі – Ауғанстаннан келген. Қазақтардың қай-қайсысы да Түркия мемлекетінің қиын күндерде құшақ жая қарсы алған мәрттігіне, қамқорлығына дән риза. Қытай

коммунистерінің зорлығынан қашып, осы ғасырдың қақ ортасында «ақтабан-шұбырындыға» ұшырап, қырылып жатқан қазақтарға олардың атажұрты Қазақстан Кеңес отаршылдығының ыңғайынан шыға алмай, түк көмек көрсетуге шамасы келмеген кезде, Түркия сынды мемлекеттің бауыры езіліп шақырып алып, басынан – пана, қолына – жұмыс бергені, ұрпақтан-ұрпаққа айта жүретін жақсылық.

Бүгінде қазақтар Түркияның әр жерінде-ақ кездеседі. Дегенмен олардың дені Ыстамбұл түбіндегі Қазақкент деп аталатын орамда тұрады. «Қазақ түрктерінің уақыфы (қоры)» деген қауымдастыққа ұйысқан олар, бүгінде Түркия мен Қазақстан арасында кейінгі кездері күшейе бастаған ынтымақтастық қарым-қатынастарға көп үмітпен қарайды.

Ыстамбұлға Қазақстанның тұңғыш Президенті келген кезде, оны әуежайдың бас қақпасы алдында күтіп алып, қолдарын көкке жая «Аллаһу акбар!», «Аллаһу акбар!» деп күңіреніп тұрып, үш ақсарбасты құрбандыққа шалып, айды аспанға бір-ақ шығарған қазақтар да солар. Қадірлі ақсақалдары бар, дүниежүзілік бизнестің қыр-сырларын әбден меңгеріп алған сайдың тасындай жігіттері бар Түркия қазақтары тәуелсіздік алып отырған Қазақстанның өркендеуіне қол ұштарын беруге шын пейілмен ынтық. Ыстамбұлда тұратын қазақ іскерлерінің бір өкілі, біраздан бері екі ел арасындағы кәсіпкерлік байланыстарды жүргізіп жүрген, бұрынғы журналист Қызырбек Қайротолламен Ізмірден Ыстамбұлға дейін бірге ұштық. «Бойнгтың» жұмсақ креслосында жайғасқан қалпымызға әңгімелесіп келеміз.

– Бұрын жұпыны ғана ел дәрежесіндегі Түркияның кейінгі онжылдықта сонша өркендеуіне қол жеткізіп, «Таяу Шығыс елдерінің Жапониясы» деген атаққа ие болуының сыры неде деп ойлайсыз, – деймін мен оған.

– Мен айтар едім. Өскелең ұлт болу үшін ең алдымен қан бірлігі, тіл бірлігі, ой бірлігі, іс бірлігі болуы керек. Мен осының бәрі Түркияның қазіргі қалпында бар деп айта аламын. 1983 жылдан Премьер-министр болып үкімет басына келген Тұрғыт Өзалдың еркін нарықты экономикаға негізделген қайта құру реформасы дәл осы сипаттарға бап келісті. Бар халық бір кісідей ортақ мақсатқа жұмыла кіріскен кезде ғана іс өнеді. Ал Түркия соған қол жеткізді. Оның экономикасының өсу қарқыны 1990 жылы 12 пайызға теңесті. Бұл өте жоғары көрсеткіш. Түркия жақын жылдарда Ортақ рынок елдері қауымдастығының қатарына

қабылдануға әзір отыр. Қазақстан да осы Түркияның жолымен жүрсе жаман болмас. Бұл орайда мен ең бір тиімді жол – қандас түрік елдерінің экономикалық одағын құру деп білемін. Сонда жаңағы айтқан төрт бірлік те бұл тұрғыдан өз үйлесімін табар еді...

Уәжді сөзге ұйығаннан басқа не амал бар мұндайда...

1991 жыл.

БАЙЫРҒЫ САҚТАР БАРҒАН ЖЕР



Бүйірінде «Иран-Эйр» – деген жазуы бар «ТУ-154» ұшағы Алматыға жұма күні екінді ауа келіп қонды да, іңір түсе Тегранға қайта ұшты.

Бұл да болса өз қолы өз аузына жеткендіктің бір белгісі. Әйтпесе осыдан үш-төрт жыл бұрын ғана шетелге шығар болсақ, жер түбіндегі Мәскеуді айналып, ұбап-шұбап жүрмеуші ме едік. Әрі қазақ үшін сол кездерде бүгін біздің жолымыз түскелі отырған осы Иранға немесе Түркияға бару орындалмас қиял сияқты да еді ғой. Өйткені: «Ол жақта нең бар, емешегің үзіліп не іздеп бара жатырсың», – дейтінді айтпай-ақ ұқтыратын зіл қабақ тәртіп, секемшіл айбат тұратын алдында кесе-көлденеңдеп. Төл тарихыңа қатысы бар талай соқпақтарға түсуді, тегі бір туыс жұртыңа араластырмауды көздеген, реті келсе өтенінді ұлтыңмен қосып қылғымай жұта салуға даяр, обыр саясат қалай мүлтіксіз қызмет етті десеңізші.

Басқаның отары кезімізде өзге мәселелермен қатар Иран елі мен Қазақ жері арасындағы сонау көне замандардан ұласқан байланыстардың оқта-текте тиіп-қашты әңгіме арқауына айналғаны болмаса, көп жұртқа беймәлім қалып келгені де рас. Ал бағзы тарихқа байып беріп үңілер болсақ, бұл бірінен соң бірі суыртпақталып тарқатылатын тұңғыық

дүниеге жетелейді.

Ол қарым-қатынастардың сүбелі бір кезеңі, сонау баба сақ дәуіріндегі ж. с. д. VIII-VII ғасырларды қамтиды, дейді кәрі тарих деректері. Байкөл мен Балқан арасын алып жатқан Ұлы Дала төсін мекендеген сақ жұрттары бүгінгі түрк халықтарының арғы ата-бабалары екені белгілі. Бұған олардан қалған талай асыл мұрағат даусыз айғақ. Кезінде еуроөктемшіл көзқарасты бағдаршам қылып ұстап алған ғалымдар оларды үнді, иран тілділер деп ғылыми айналысқа түсіріп жібергенімен, алдағы күндерде бұл қателіктің жөнделетіндігінде күмән жоқ. (Осы ретте Түркия ғалымдарының сақтарды талайдан түрк тектес деп зерттеп келе жатқанын айта кету де артық болмас).

Иран тарихында сүбелі орны бар мемлекеттің бірі – ж.с.д. VII ғасырда оның солтүстік-батыс тұсында өркен жайған әйгілі Мидия патшалығы. Ал дәл осы мемлекеттің дүрілдеген даңқына далалық сақтардың тікелей қатысы бар. Тарихта ж. с. д. VIII ғасырдың соңында Ұлы Даланы мекен еткен *қамар* (кимерия) жұртының шығыс жақтан Иран жеріне жорықпен жеткені белгілі. Көне дүние зерттеушілері сол *қамарлардың* соңын ала-мала, ж. с. д. VII ғасырдың басында Еуразия даласынан «олармен туыстас» *сақ (скиф)* жұрттарының да Иранның теріскей-батысына ат басын тірегені, Үрмиә көлінің маңына қоныстанғаны айтылады. Ал сол көлдің оңтүстік бетіндегі аймақтарда тегі мен тілі жағынан «сақ пен қамарларға жақын», әуелі Манна (Мана), кейіннен ғана барып Мидия елі деп аталған құрама жұрт жайлайтын еді. Ол ел ат құлағында ойнайтын сақ пен қамар жауынгерлерінің көмегіне сүйене отырып, өздерін талай уақыт билеп-төстеп келген Ассирия езгісіне қарсы көтеріледі де, атамекендерін басқыншылардан азат етіп, тәуелсіз мемлекет атанады. Тіпті күшейе келе азуын айға білеген сол Ассирияның өзіне де қарсы шапқыншылық жасағысы келеді. Алайда бұл кезде Ассирия патшалығымен құда-жекжат боп одақтасып қалған сақ-скифтер солардың жағына шығып кетеді де, мидиялықтар жеңіліс табады. Нәтижесінде Мидия мемлекетін 28 жыл бойы Мадай (Матай) патша бастаған *сақ-ішқұздар* (іш оғыздар) билейді. Осы кезеңнен бастап бүгінгі арғы түрк жұрттардың қатысуымен өркен жайып, дәуірлеген құрама мемлекет жаңа көсемнің есімімен Мидия (Мадай) атала бастаған екен. Тарихта Мидияның бұдан кейін қайтадан еңсе көтеріп, өз билігін қолына алуы Қияқсар (Киаксар, мидияша – Уахшатра) патшаның тұсында. Ол сақ-

скифтерді тақтан тайдырып, бүкіл мидиялық рулардың басын қосқан іргелі мемлекет құрған. Қуаттанғаны сонша, айналдырған 30-40 жылдың ішінде өзінің ата жауы Ассирияға жойқын жорық жасап, астанасы Ниневияны шауып, жермен-жексен етеді. Урарту мен Эламды, Каспийдің түстігі мен шығысында жатқан қыруар аймақты қоластына бағындырған астам мемлекеттің біріне айналады.

Ал бұл кезде сақ-скифтердің бір бөлігі мидиялықтардың құрамына сіңіп, сол манда тұрақтанып қалса, екінші бөлігі Еуразия даласына, Каспий мен Қара теңіздің теріскейіне қарай көшіп кеткен еді...

Парсы деген елміз, Иран деген жерміз

Алматыдан Абайдың 150 жылдығына арналған салтанатқа қатысу үшін Иранға барған ғылым мен мәдениет қызметкерлерінің шағын тобы бұл елде аттай бір апта болды.

Бізге Абай мен парсы әдебиетінің классикалық дәуірі арасындағы тығыз байланыс жақсы мәлім. Семейдегі Ахмет Риза медресесінде үш-ақ жыл оқыса да бала Абайдың парсыша, арабша тіл сындырып үлгергеніне таңданбасқа лаж жоқ. Өлең жазуға алғаш талпыныс жасаған кездерінің өзінде «Физули, Шәмси, Сәйхали, Науаи, Сағди, Фирдоуси, Хожа Хафиз – бу хәммәси»... деп шығыстың ұлы ақындарынан медет сұраған шәкірт Абайдың осы Шығыспен байланысын талай уақыт біздің көрмегенсіп, ол туралы көбіне тізгін тартып, қаймыға айтып келгенімізді қайтерсіз. Ал ол Абайды әлемге әйгілі Абай еткен үш қайнар көздің бұрқырап төгілген бір бұлағы еді ғой. Ол қайнар көздің ең негізгісі – дала мәдениеті тудырған қазақтың байтақ ой-санасы болса, қалған екеуі – шығыс, батыс әдебиеттері кейіннен қосылған әсер-ықпалдарға саяды. Осы үш қайнаркөзді бір бойына сыйғыза білген қазақ данышпаны ғұмыр бойы Шығыс ғұламаларының сан-салалы тарихи, діни, дүниетанымдық, философиялық еңбектерінен сірә қол үзбеген. Оның өлеңдеріндегі, «Қара сөздеріндегі» ғақлиялардың көбінде Шығыс пен Ұлы Дала пәлсапасының, ақыл-ойының ағыл-тегіл үйлесімі бар.

Ендеше 1995 жылы ЮНЕСКО деңгейінде тойланған Абай салтанатының Иранда өтуінің де өзінше жөні бар еді. Дегенмен бұл орайда осы елдің өзгелерге деген қарым-қатынасына тән бір ерекшелікті айтпай кетпеске және болмайды. Ол – Иран мемлекетінде бұрынды-соңды басқа

елдің қайраткерлеріне арналған мерейтой шараларының өтпегендігі. Абай күдіреті, Иран елінің Қазақстанға деген ықыласты пейілі бұл қалыпқа өзгеріс енгізген тұңғыш оқиға ретінде танылды.

Әрине, бұл жерде Қазақстанның Иран Ислам Республикасындағы елшісі, белгілі қоғам қайраткері, әдебиетші Мырзатай Жолдасбековтің еңбегі ерекше болғаны өз-өзінен түсінікті. Басқаға көп құлай бермейтін Иран елінің басшылығына Абайдың Қазақ еліндегі орнын, қадір-қасиетін шын таныту үшін Мырзакеңдей әмбебап азамат керек-ақ екен мұндайда. Алматыдағы Абай тойына Иранның сыртқы істер министрі Ә. Велаятидің арнайы келуі, көне парсы елінде Абайдың 150 жылдық салтанатын өткізуге үкіметтің мұрындық болуы, ақын шығармаларының парсы тілінде жарыққа шығуы, алдымен Қазақстанның, содан соң сол елдегі қазақ елшісінің бедел-абыройына да тікелей қатысты. Осы ретте Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының президенті, академик Кенжеғали Сағадиев бастаған ресми делегация Сыртқы істер уәзірлігінде болғанда, Велаяти мырзаның өзі біздің елшімізді ерекше қадір тұтатынын, оған риза екенін атап айтқанда, кәдімгідей жоталанып қалғанымызды да жасырғымыз келмейді.

Ел астанасы Тегран шаһарындағы қазіргі заман өнерінің орталығы деп аталатын әсем ғимаратта өткізілген Абайдың 150 жылдығына арналған салтанатты жиын біз күткендегіден әлдеқайда асып түсті. Кең залға лық толған теһрандықтар Мырзакеңнің, Кенжекеңнің, сондай-ақ Иранның Мәдениет және ісләм бағдары министрі Мірсәлімнің, сол уәзірліктің бас кеңесшісі Шердустың Абай туралы сөздерін ерекше ынта қойып тыңдады. Әсіресе доктор Әлиасқар Шердустың Абай туралы толғана сөйлеп тұрып, ақын өлеңдері мен қарасөздерін парсы тілінде әдемі маһаммен оқыған сәттерінде, қазақ ақынының дана ойларына ирандықтар тарапынан «бәрекелді» айтылғанына куә болдық. Ал Қаршыға, Бекболат, Рамазандар күй төгіп, ән шырақатқан кезде, жиналған жұрттың қазақ музыкасының күдіретіне таң-тамаша қалғанын көрсеңіз. Өмірі қазақ домбырасы мен қобызын, әнін естімеген жұрт Ұлы Даладан жеткен қасиетті әуенді ерекше бір ықыласпен қабылдап, ұзақ-ұзақ қол соқты. Біздің үш жігіт те аянып қалған жоқ, халықтың өтініп сұрауы бойынша, сол залда ертеңіне тағы да концерт қойып берді. Бұл жолы зал тіптен аузы-мұрнына шыға толған еді. Кинокамерамен түсіріп жатқандар

қаншама.

Осы орайда ирандықтар жүрегін жаулап алған қазақ әуенінде олардың көне тарихының терең тұңғығынан жеткен ортақ бір үндес сарындар сілемі болуы мүмкін-ау деген ой да келер еді қаперге.

Өйткені сонау сақтарға дейін де, одан кейін де Иран мен Ұлы Дала мәдениеттері арасындағы қарым-қатынастардың, сірә, үзілмегеніне тарих куә.

Иранның көне діні болып есептелетін Заратуштра (Зәрдүш) ілімінің кіндік кескен мекені Тұран жері екендігі туралы ақиқатты былай қойғанда, парсылардың өздерінің «біз әуелде сол Тұран жақтан келген тайпалар екенбіз» дейтіні бар. Сол көшпен жеткен үндіиран тілді тайпалар «*ари*» деп аталыпты да, содан Иран (Ариан – Арийлер елі) деген атау қалыптасқан. Үндіеуропа тілдерінің бір өкілі алмандарды (германдарды) кешегі екінші дүниежүзілік соғысқа киліктірген Гитлердің өздерін «тегі биік арилерміз» деп арандатып жүргенінің түп-төркіні осы Тұраннан шыққан арилерде жатыр.

Ал парсы атауы тұңғыш рет Ассирия жазбаларында ж. с. д. IX ғасырда ұшырасады екен. Әуелі қазіргі Иранның теріскей батыс бетінде Парсуа деп аталатын жерді мекендеген бұл осы аттас ел біртін-біртін оңтүстікке қарай жылжу үстінде ірілене отырып ж. с. д. VII ғасырда бүкіл оңтүстік пен оңтүстік шығыс аймақтағы, бір кездерде әйгілі Элам мемлекетінің атажұрты болған аумақты иемденген Парсы патшалығына айналады. Ол әсіресе Ахемен көсемнің баласы I Кир (Құрыш) билеген жылдары ерекше дәуірлеп, осыған шейін өздеріне билік жүргізген, әлгіндегі Мидия мемлекетіне қарсы жорыққа шығып, ж. с. д. 550 жылы оның астанасы Экбатанды басып алады. Жас парсы мемлекеті осылайша бірер жылда бұрынғы Мидияға қараған бүкіл территорияны, Парфияны, Арменияны, Лидия патшалығын, Кіші Азия жағалауындағы барлық грек қалаларын, Бабылды, Орта Азияның бірқатар аймақтарын өзіне қаратады.

Иран мемлекеті де өзінің дүниеге келген кезін, тарихтағы жасын, осы Парсы патшалығынан бастайды. Соған байланысты 1971 жылы Иран өз мемлекеттігінің 2500 жылдығын атап өтті.

«Азия әміршісі» атанған Кирдің қалай қайтыс болғанынан көбіміз хабардармыз. Парсы патшалығы әбден дәуірлеген кезде Кир Тұрандағы сақ-массагеттерді де бағындырып алғысы келеді. Алайда парсылар Мауераннахр

жерінде болған қанды қырғында сақ ордасының көсемі Тұмар ханым (Томирис) бастаған әскерден күйреп жеңіліп, Кирдің өзі сол шайқаста қаза табады. Тұмар ханым оның кесілген басын ұстап тұрып: «Іздегенің қан еді, ал іш ендеше», – деп саба толы қанға батырып жіберген екен, дейді көне тарих... Бұл шамамен ж. с. д. 503 жыл.

Бұдан кейін де иран, парсы жұртының Тұран, Кіндік Азия аймағындағы елдермен байланыстары еш үзілмеген. Тарлан тарих ж. с. д. II-I ғасырлар бедерінде даланы жайлаған сақ жұрттарының Тұранды көктей өтіп, парсы жеріне жойқын қоныс аударуы болғанын да айтады.

Осы ретте тіпті парсы тілі әбден өркендеп, ол тілде классикалық әдебиеттер туындап жатқан орта ғасырларда Иран елін билеген әулеттердің көбіне-көп түрк жұрттарынан шыққандығы да назар аударарлық, қызықты бір дерек екендігіне тоқтала кеткен ләзім.

Мәселен, XI ғасырдың екінші жартысы мен XII ғасырдың бірінші жартысында Иранды билеген *Ұлы Салжұқ* әулетінің шыққан тегі әуелде Сырдарияның орта ағысын мекендеген оғыз жұрттарынан еді. XIII ғасырда Иран Шыңғысхан империясының қоластына қарады. XIV ғасырдың отызыншы жылдары Хулагу хан билеген сол елхандар мемлекеті ыдырап, оның орнына бірнеше феодалдық ұлыстар орнайды. Солардың бірі Хулагумен бірге Иранға келген *Жалайыр* әулеті құрған мемлекет еді. Елдің Батыс бөлігіне 70 жылдай иелік еткен сол жалайырлар 1410 жылы түрк тайпасынан шыққан *Қарақойлы* әулетінің Қара Жүсіп бастаған әскерлерінен жеңіліс тауып, тарих сахнасынан кетеді. Құрамына Әзербайжан, Иран, Арменияны қосып алған ірі Қарақойлы мемлекетінің билігі де көпке созылмайды. 57 жылдан кейін оны тағы бір оғыз-түрк әулеті *аққойлылар* талқандайды. Тақ үшін бірін-бірі қырып жатқан заман-ай десеңізші. Әйтпесе осы Қарақойлы да, Аққойлы да қазіргі қазақ жерінен, Сыр бойынан кеткен тайпалар. (Олардан қалған сілемдердің бір ізін біз қазақтың Ұлы жүзіне кіретін дулат, ысты тайпаларындағы *қарақойлы, аққойлы* руларының атауларынан да байқағандай болар едік).

Тарихқа үңілсек, 1503 жылы Иран билігін Аққойлы әулетінен *қызылбастардың* алғанын көреміз. Он екі сайлы қызыл бас киім киюіне байланысты осылай аталған бұл жұрт та түрк тайпаларынан құралған бірлестік еді. Қазақтың батырлық жырларындағы қызылбастар осылар. Екі жарым ғасыр бойы Сефеуи әулеті билеген бұл мемлекетті тарихта

әуелгі астанасы Тебриз болғандықтан, Батыс Иранда құрылған әзербайжан мемлекеті деп те атайды. Алайда Сефеуи әулетінен шыққан қызылбас билеушілері соңыра бүкіл парсы жерін жаулап алғаннан кейін Ираншаһ атала бастайды. 16 ғасырдың соңында парсы елінің астанасын да Исфаханға көшірген осы әулет.

Байқап отырсақ, Иранның өткен тарихында Тұраннан, Қазақ даласымен ілгектесіп жатқан жайлар көп-ақ. Ендеше, осы уақытқа дейін бөтен елдің бодауында ілесіп, бір замандарда баба сақтардан бастау алып, Ұлы Абайға дейін жалғасқан сабақтастықты үзіп тастағанымызға жөн болсын. Теріскейдегі көршілеріміздің реті келсе біздің Иранға әлі де жақындастырғысы келмейді-ақ. Қазақстанды басқа Кіндік Азия елдерімен бірге өз ықпалынан шығармас үшін кіммен болса да табан тіресуге даяр астам елдің бұл ретте «ісләм фундаментализмі» дегенді сылтау етуге бейіл тұратыны бар. Дегенмен мәселенің төркіні дәл соған тіреліп жатпағаны да өз-өзінен түсінікті.

Ісләм елі мен Қазақстан

Иран – ісләм дінін қатаң ұстанатын мемлекет, заңдары қатал, ешкімді қия бастырмайды деген сыңайдағы әңгімелерді естігеніміз рас. Алайда ісләмді идеология қылып ұстаған осы елде жүрген бір апта ішінде біз соншама шектен асып жатқан қатаңдық көрмедік. Рас, әйел, қыз қауымының үсті-бастарына түгел қара жамылғы тектес киім киіп жүретіні әуелде көзімізге сәл оғаштау көрінгенін жасыра алмаймыз. Дегенмен оған да келе-келе көз үйренді. Сол киім үлгісімен жүріп-ақ кеңселерде, қоғамдық орындарда, сауда саласында, ерлермен қатар қызмет істейтін жолы жіңішке жандарды көрдік. Бұйығып, мұнайып жүргені шамалы.

Біз жөн сұрасқан адамдар кезінде Иран Ісләм Республикасы басшысының бұл қатаң шараға халықты тәртіпке шақыру үшін барғанын айтады. Әйтпесе сол Ісләм революциясына дейін Иран жұрты, әсіресе жастар жағы әбден байырғы дәстүрден кете бастағанға ұқсайды. Америкалық, еуропалық еркіндік идеологиясының бүлдіргі ықпалы шығыстық ділге үйлеспейтін көптеген ұнамсыз қылықтардың өрістеуіне жол ашып берген. Бір сөзбен айтқанда, қазір барша Қазақстанды жаулап алған ұлттық дәстүрімізге қайшы былапыт шапқыншылық сол кезде Иранның да басына түскен...

Содан бері Иранда спирттік ішімдік сатуға тыйым салынған. Арақты татып алмайтын елдің жөні бөлек екенін халықтың аса тәртіптілігінен де байқау қиын емес. Көшеден орынсыз айқайласқан, бір-бірімен керілдескен жұртты көрмейсіз. Төңіректің бәрі әдепке, ізетке толы қарым-қатынас. Ың-шыңсыз сыпайы тірлік.

Теледидар бағдарламасы құранмен басталып, құранмен аяқталады. Қазақ теледидарын жаулап алған, ұлтымыздың санасын мүжіп бара жатқан жалаңаштанған тірлік, атыс-шабыс жоқ. Оқушыларға, жастарға лайықталған танымдық жарыстар, қызықты дәрістер, спорт жарыстары көп пе деп қалдық. Киноларында негізінен Иран жұртының тұрмыс-тіршілігі.

Иранда заң қабылданса, ол орындалуға тиіс. Қайшы келдің бе жауап бересің. Осындайда Қазақстанда қаншама заңның қабылданып, көбінің аяқсыз қалып жатқаны еске түседі екен. Бұдан пәленбай жыл бұрын құдайдан сұрап алғандай болған Тіл заңымыздың еш бабы жүзеге аспастан табанға тапталып қалғанын Иран жұрты білсе, таң-тамаша қалатын шығар.

Өз елінде ісләм қағидаларының күшімен тәртіпті жолға қойған Иран – тәуелсіздігін енді алған Қазақстан жаққа да қарайлап қояды. Мұнайы арқылы байып алған мемлекет өзінде өндіретін қыруар жеңіл өнеркәсіп бұйымдарын, артық азық-түлік өнімдерін өткізетін базар іздейді. Бұл ретте Еуропа мен Азияның ортасында көпір боп жатқан, қазба байлығы мол Қазақстан үшін де Иранның арзан тауары өте қажет. Ақтаудан Каспий теңізі арқылы танкермен Иранға мұнай жеткізсек, дейді қазақ жағы. Алдын ала келісілген жобалар бойынша ол Иран жағалауындағы мұнай айыратын зауыттарда тазаланып, басқа жаққа тасылмай сол теріскей аймақтың өзінде пайдаланыла береді. Ал Қазақстаннан жеткен мұнайдың аумағындай көлем Иранның Парсы шығанағында өндірілетін мұнайы есебінен әлемдік мұхит жолына, қазақ мұнайы боп шығады. Тегін су жолын тиімді пайдалану, Қазақстанның теңізге шығуы дегеніңіздің көкесі осы.

Осы сапар барысында екі ел арасындағы мәдениет пен білім саласына қатысты бірқатар ынтымақтастық мәмілелерге де қол жеткізіліп қайтты. Оларда бүкіл Шығыс әлеміне ортақ игіліктерді бірлесе игеру үшін тәжірибелер, ақпараттар алмасу, екі елге қажетті мамандар мен студенттер оқыту, өнер фестивальдеріне шақыру, көрмелер

ұйымдастыру мәселелері қаралған. Қазақстан Мәдениет министрінің орынбасары Есмұқан Обай, Білім министрінің орынбасары Есенкелді Медеу, Қазақстан елшілігінің жауапты хатшысы, парсыша майын тамызып сөйлейтін жас маман Асхат Оразбай мырзалар белсене араласып жүріп дайындаған ол мәмілелер Үкімет тарапынан тез қолға алынып орындалып жатса, нұр үстіне нұр. Өйткені талай уақыт бойы екі арада дорба да жүрмей, жорға да жүрмей, қатынасы тоқтап қалған елдердің бірлесе көтерер ортақ мәселесіне – осы мәдениет, білім саласы да жатады.

Бұл сөзімізге дәйек боларлық бір мысалды өз басымыз сол Абайдың 150 жылдық салтанаты өткен қазіргі заман өнері орталығында көрген едік. Ішкі құрылымы ерекше бір сәулеткерлік шеберлікпен орындалған орталықтың көрме залдары ішек секілді бірін-бірі қуалап кетеді екен. Қабырға жағалай осы заманғы сурет туындылары ілінген. Нешеме заманауи «измдеріңіздің» бәрі осында. (Ісләм діні сурет салуға қарсы дегеніңіз бекер екен). Шынымды айтсам, Иранның қазіргі заманғы бейнелеу өнері дәл осындай дәрежеге дейін шарықтап кеткен деп сірә ойламаппын. Және де таза шығыстық, ирандық қолтаңба, қанық бояу, тосын шешімдерге толы туындылар. Егер осы көрмені Қазақстанға әкелсе, не қазақ суретшілерін Иранға алып келіп көрсетсе, ол туындылардың талай ізденістерге арқау болатыны күмән тудырмайды.

Тарих, пәлсапа саласындағы байланыстарды қозғар болсақ, мұнда да бірлесіп зерттейтін талай тақырыптар бар емес пе?! Тіпті Сақ және Иран қарым-қатынастары деген мәселені-ақ алалық. Парсы, Еуропа ғалымдары сақтарды иран тілі десе, біз түрк тілді деп «Есік жазуын» көлденең тартамыз. Бәлкім, сол жазудың үлгісі Иранда да бар шығар?.. Зәрдүш ілімі Иранда зерттеледі екен. Ал сол ілім өзі дүниеге келген Тұран жері тұрғындарының көне мәдениетімен қалай қабысады?... Абай және Иранның діни пәлсапасы деген тақырып ше?... Бұлар әшейін бер жағы ғана, ал аржағы түпсіз қазына, тармақталып, кете береді емес пе?!

Осы жерде академик Кенжеғали Сағадиевтің осы сапар барысында: «Қолға алар болса, Шығыстану мен Әдебиет институттары атқарар талай жұмыс шығып тұр-ау», – дегені еске түседі.

Пайыз сұрамайтын ел. Күдіксіз көші-қон

Иранда 60 миллионнан астам халық тұрады. Ресми емес деректер бойынша соның алпыс пайыздайы ғана парсылар екен. Одан кейінгі ең саны көп халық – эзербайжандар. Ресми емес деректер бойынша олардың саны 20 миллиондай. Қалғандары иран тобына жататын – күрдтер, гиляндар, лурлар, мазандарандар; түрк тілдес – түрікмендер, қашқайлар, афшарлар, т. б.

Елдің мемлекеттік тілі – парсы тілі. Бүкіл іс қағаздары, ресми хаттар, оқу орындарындағы дәрістер тек мемлекеттік тілде жүргізіледі. Үкіметтік телерадио мен бұқаралық баспасөздің тілі де осы. Басқа азшылық ұлттардың тілдерін олар тығыз қоныстанған мекендердегі жергілікті ақпарат құралдарында пайдалануға рұқсат беріледі. Ал мектептерде тек мемлекеттік тілге қосымша ретінде ғана оқылады.

Иран елінің конституциясында тұжырымдалған заң осы. Әлгінде айтқанымыздай, бұл мемлекетте заң қабылданса, ол орындалуға тиіс. Әрі ол мүлтіксіз атқарылып та жатыр.

Елдегі эзербайжан ұлтының саны – бар халықтың үлесіне шаққанда 25 пайыздай. Эзербайжан ұлты қалың қоныстанған Батыс Иран уалаяттарында болған жоқпыз. Бірақ Тегранда да олар біршама бар ма деп қалдық. Жо-жоқ, олар көшеде эзербайжанша сөйлеп жүр демейміз. Еститініңіз тек парсы тілі. Теграндықтардың дені шеттен келген мейманды ағылшыншаға жетелейді. Оны да қайбір жарытып біліп жатырмыз. Дымымыз құрығасын, қазақшаға басамыз. Сонда алдыңыздағы адам эзербайжан болса, ол өзінен-өзі саған ілесіп, түсінісіп жүре береді. Әйтеуір көп адамның ішінде бір эзербайжан табылары анық. Сенің «түрки, эзербайжан» деген сөзіңді естисе, парсылардың өзі де саған оны сол төңіректен іздеп тауып береді.

Егер де біздің елмен салыстырар болсақ, Ирандағы эзербайжандардың пайыздық мөлшері Қазақстандағы орыс жұртының үлесінен артық. Тиісінше парсылар да қазақтар сияқты – саны басым ұлт. Бірақ екі елдегі айырмашылық жер мен көктей емес пе?

Тіл заңымыз жүзеге аспайтын, Мәскеуден көрсетілген әр сеске, арандатушы баспасөзі қоздатып жіберетін әр сөзге «ләппай, тақсыр» деп құлдық ұра жөнелетін осы жалпақшешей қалпымызда тұра берсек, қазақ тілінің жағдайы бұдан әрі құлдырамаса, әй, өрге басуы неғайбыл шығар.

Баяғыдан тәуелсіз болған ел қандай бақытты! Иран зиялыларының парсы тілінің дәл осындай дәуірлеп тұрған жағдайына да көңілі толмайды екен. Олар жақында Иран Ислам Республикасының Парламентінде парсы тілін қорғаудың жаңа шараларын бекітуді ұсыныпты. Алғашқы оқылымда мақұлданған бұл жоба бойынша елде шетелдік сөздерді, атауларды қолдануға қатаң тыйым салынады. Тегранда көрсеткіштер, көше аттары негізінен екі тілде – парсы, ағылшын тілінде жазылғанын көргенбіз. Енді бұл заң қабылданғаннан кейін ол тек парсы тілінде ғана жазылады. Бұл шара – Иран халқының басты ұлттық белгісі, мұсылман әлемінде екінші тіл болып саналатын парсы тілінің тазалығы мен өзіндік ерекшелігін қорғау мақсаты үшін қабылданып отыр делінген заң жобасында.

Ал бүкіл түрк әлемінің атажұртында қалған ең таза түрк тілі – қазақ тілінің жағдайы қазір кісі жыларлық халде.

Иран елінде жүргенде біз риза болған жеріміз – ондағы алты мыңдай ғана қазақтың өз тілін жоғалтпағаны еді. Каспийдің түстігінде Мазандаран уалаятының жұмақ тектес Гөрган, Бәндәр-Түркәман, Гомбад қалаларында жинақы тұратын қазақтар титтейінен парсы тілді ортада өсіп, мектепті парсыша бітірсе де, қазақшаға ағып тұр. Кедір-бұдыры шамалы-ақ. Парсы әйелдері бүркеніп алатын қара жамылғыны біздің апа-қарындастарымыз, қыздарымыз кимейді екен. Киімдері кәдімгі қазақша, баста орамал, үстерінде ұзын етек көйлек, қызылды-жасылды камзол. Гөргандағы мәдениет сарайында өткен салтанатты жиында осы шараны ұйымдастырушы ирандық азаматтардың оларды зал ішінде «бір бөлек» отырғызып қойғаны болмаса, жүріс-тұрыстары, өздерін ұстаулары, салт-санамыз бұзыла қоймаған әнебір жылдардағы инабатты апаларымызды, жеңгейлер мен қыздарымызды еске түсіреді.

Алыстағы қандастарымыздың мінбеден айтылған қазақ сөзін, сахнадан Сәбит Оразбай сынды күмбір көмей әнші толғаған жырларды, Қаршыға, Бекболат, Рамазан өнерлерін тамашалаған кездегі ақтарылған сезімдерін тілмен жеткізу қиын.

Кезінде туған жерден кеңестің тепкініне ұшырап, шұбырындымен кеткен ел, енді сол атажұртқа біртін-біртін көшеміз деп отыр. Қазіргі көші-қон барысына көңілдері толады. Бұлар Қазақстанға барса қиналып қалатынын да біледі. Бірақ «көппен көрген ұлы той, атамекенге жетсек өлмеспіз. Бұл мемлекетте де жерге қарап отырған ел емеспіз»

ғой, үй-жайымызды сатып, сол қаржыға алғашқы кезде бірдеңе қылып күн көріп, ілініп кетерміз», дейді.

Ал осыны Қазақстаннан көшкен орыстарға қатысты өмірі басылмайтын байбаламмен салыстырып қараңыз. Олар да дәл Иран қазақтары сияқты атамекендеріне қайтып жатыр емес пе? Жоқ, атай көрмеңіз, Мәскеу мен өзіміздің орыс тілді баспасөз үшін олар «қазақтар қудалағасын, орыс тіліне мемлекеттік мәртебе берілмеген соң кетіп жатыр»... Түймедей себептен түйедей пәле іздеген қайран жалақорлық-ай десеңізші...

Біздің Ираннан көшетін қандастарымыз Қазақстан мен Иран арасында күшейе бастаған байланыстардан көп үміт күтеді. Ертеңгі күні екі елдің ортасында темір жол жүріп тұрса, Ақтау мұнайы Иранға құйылып жатса, сол кәсіпкерлік пен сауданың көрігін қыздыруға парсы тілінде сайрап тұрған біз де араласып кетсек, кәніки, дейді. Біразы қазірдің өзінде Иран мен Қазақстан арасындағы алыс-беріске кірісіп те кетіпті.

Осы ретте Білім уәзірлігіне де бір құлаққағыс. Қазақстанға көшіп келіп жатқан сол қазақтардың парсы тіліне судай балаларын неге Шығыстану факультеттеріндегі парсы бөлімдеріне дайындамасқа. Олар жинақталып отырған жерлерде неге парсы тілін шет тілі ретінде оқытпасқа. Мұғалімдері өз араларынан табылар еді ғой. Бұлар ертеңгі күні Иранға барып жұмыс істеуге, ғылыми зерттеулер жасауға дайын тұрған болашақ мамандар емес пе?

Иран қазақтарының арасында жоғары және арнаулы оқу орындарын бітірген біршама қандастарымыз да бар екен. Парсы тілі мен әдебиетінің мамандары да ұшырасады. Шығыстану институтына сұранып-ақ тұрған жоқ па солар?..

1995 жыл.

АЛТАЙДЫҢ АРЖАҒЫНДАҒЫ РУХЫ АСҚАҚ ЖАУҒАРЛАР



Түрк халықтарының байырғы майлы жұрттарының бірі, көне тарихымыз бен өркениетіміздің талай құнды жауһарлары сақталып қалған Моңғолстан өңіріне ат ізін салу, ондағы рухы асқақ көне түрк жазба ескерткіштері – Күлтегін, Білге қаған, Тонұқық бітіктастарына тәу етіп қайту көптен көкейде жүрген арман еді. Жолдың сәтін салды. Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы Моңғолияның Баянөлгий аймағында өзінің кіші құрылтайын өткізетін бодлы да, ол шараға баратын делегация құрамында «Ана тілі» газеті атынан қатысудың орайы келе қалғаны. Моңғол елінің шетіне тұяқ іліктірген соң, әрі қарай Орхон жәдігерлеріне барып қайтудың реті табылатынына сенімім берік. Себебі, Өлгийде оған қалай жетудің жөнін айтып, сілтеп жіберетін көрнекті түрктанушы, көне түрк жазба ескерткіштерінің білікті зерттеушісі, көптен таныс-біліс Қаржаубай Сартқожаұлының бары көңілге демеу. Әрі ана бір жылдары Моңғолия қазақтарының көші-қон мәселесімен Қазақстанға соғып жүрген іссапарлары кезінде осы ниетімді білдіргеніме, «Баянөлгийге келсейші, ар жағын көре жатармыз», – дегені есте.

Дүниежүзі қазақтарының кіші құрылтайы өткен бес күн Байбесік қазақтарын бір желпіндіріп тастады. Бағдарламада

көзделген шаралар аяқталғаннан кейін, Қазақстаннан келген делегация аптасына бір рет қана қатынайтын ұшақпен Алматыға қайтты да, Ұланбатырға апаратын ұшақтың кесте бойынша келер күнін күткен мен Баянөлгийде қалдым. Орхон ескерткіштеріне тек Моңғолия астанасы арқылы ғана айналып жетуге болады.

Сол Ұланбатыр ұшағын, одан кейін көне түрк жазба ескерткіштеріне барып оралған соң, Алматыға ұшатын әуе көлігін күткен күндерім бос кеткен жоқ. Қаржаубаймен кең отырып әңгімелесудің, Моңғолия жеріндегі халқымыздың тас бетіне жазылған төл қазыналары, өзім тәу етіп қайтқан ескерткіштер туралы жөн сұрасып, молынан пікірлесудің сәті түскен.

* * *

Адамзат дамуында өзіндік сүбелі орны бар Алтай төңірегі, түрк текті жұрттар үшін әуелден қасиетті мекен, құтты қоныс. Көне тілімізде «алтын» деген мағынаны білдіретін бұл байтақ аймақтың тау-тасы, өзен-көлі, жазығы мен төскейі сыңсыған тарих, қадау-қадау ата-баба іздері.

Әсіресе ел-жұртымыз үшін ерекше етжақын асыл жауһарлар Шығыс Алтайдың арғы бетіндегі Орхон, Енесай, Селеңгі өзендерінің құйқалы алқаптарында жатыр. Тарихқа түрк жұрттарының VI–VIII ғасырлардағы дәуірлеген заманының тапжылтпас айғағындай боп бүгінге жеткен «көне түрк жазба ескерткіштері» деп аталатын ол жәдігерліктердің ұлтымыз үшін ғана емес, күллі әлем дәрежесіндегі салмағы тым биік.

Ол жазулар туралы әңгіме қозғалғанда, әшейінде кеудесіне нан пісіріп жүрер талай менменсіген астам пиғылдылардың мысы басылады, өздері бұған дейін кем санауға үйренген, түп-тегі киіз туырлықты елдерден тарайтын ұлттарға, олардың тарихына қанша жақтырмай тұрса да басқаша көзбен қарауға мәжбүр болады...

Түрктанушы ғалымдарымыздың талай уақыт бойы Орхон-Енесай мұраларын тек еуропа, орыс зерттеушілері шығарған еңбектер бойынша ғана оқып, ол жазудың асқақ үлгісі Моңғолия жерінде жатқанын біле тұра, ат ізін сала алмағаны да бұрынғы бодандық қалпымыздың бір дәрменсіздігіне саятын. Бұл ретте ол жаққа бару үшін, әлбетте, Мәскеудің рұқсаты керек, ал, Мәскеуде оны зерттейтін түрктанушылар жеткілікті, қазаққа қайдан үлес

тисін дегендей шарасыздыққа мойынсұнушылық сәттерінің ұшырасқанын да жасыруға болмас...

Алайда, құдай ондап, дәл сол жылдарда Моңғол Ғылым академиясының Тарих институтында ғылыми қызметкер болып істейтін қазақ жігіті Қаржаубай Сартқожаұлы атамекенінен жырақта жүрсе де, көне түрк жазуы жөніндегі өзіндік төл мектебінің іргесін ың-шыңсыз қалау үстінде еді. Қазақстан ғалымдары байырғы жазуымыз туралы дайын еңбектер негізінде құлаш-құлаш мақалалар жазып, аудармалар жасап, кітаптар шығарып, диссертациялар қорғап жатты. Ал Баянөлгий аймағында қазақ мектебінде оқып, Ұланбатыр университетінің моңғол тілі мен әдебиеті факультетіне түскен ол, 12 тіл білетін Ч. Лувсанжав деген ұстазының ықпалымен 1-курстан көне түрк жазуларын зерттеуге ден қойып, С. Маловтың көне түрк жазуларына арналған атақты еңбегін жастанып жатып оқыды. Жаз шыға моңғол жерінің түкпір-түкпірін кезіп, жазу іздеп, мүсінтас қарап кетуді дағдыға айналдырды. Бәлкім, жолы болғандығы да шығар, сол жылдары Моңғолияға бірлескен кеңес-моңғол тарихи-мәдени экспедициясы эпиграфиялық отрядының жетекшісі болып көрнекті түрктанушы-тарихшы Сергей Кляшторный келіп жүрді. Ал экспедицияның моңғол жағынан қосылған бір мүшесі, көне түрк жазуын жақсы танитын, қиындыққа көнбіс қазақ Қаржаубай Сартқожаұлы еді.

Әлбетте, сол эпиграфиялық отряд құрамына 1976 жылдан бастап қатысқан он шақты маусым ол үшін аса үлкен ғылыми машық, тәжірибе мектебінен өту кезеңі болған-ды. Обалы не керек, Кляшторный тарапынан басқаның еңбегін пайдалануға деген сәл сұғанақтық пиғыл байқалғаны болмаса, ол осы жылдары жас қазақ зерттеушісін эпиграфиялық зерттеудің сан сипатты сырына әбден қанықтырды. Егер бүгінде Қаржаубайды Моңғолиядағы 60 жерде бар жүз қаралы көне түрк жазу ескерткіштерінің теңдесі жоқ білгірі ретінде мойындар болсақ, мұны әу бастағы Кляшторный жұмыс істеген ғылыми орта берген тәлімнің тиянақтылығына қатысы бар сәттілік деп те ұққанымыз мақұл.

Сексенінші жылдардың соңы мен тоқсаныншы жылдардың басында диссертациясын қорғау, ғылыми жұмыстарын шығару машақатымен, одан соң Баянөлгий қазақтарының атамекенге көшуіне қатысты мәселелермен Алматыға ауық-ауық соғып тұратын Қаржаубай кейінгі

кездерде көп көрінбей қалды. Саясатқа қызу араласып кетті дегенді еститінбіз...

Осы сапар алдында ғана білдім, ол былтырдан бері Баянөлгий аймақтық халық өкілдері құрылының төрағасы болып сайланыпты. Бұл біздегі мәслихат дегенге келеді. Бірақ халық өкілдері (депутаттары) құрылының дауысқа салып әкімді орнынан алып тастайтын хұқы бар. Яки, Қаржаубайды аймақтың бірінші басшысы десе де болады, деген Моңғолияның жергілікті басқару жүйесін білетіндер.

* * *

Таулы өңірдің күні құбылмалы. Таң ата сіркіреп қана басталған жаңбыр эне-міне тоқтайтын шығар деген үмітті үзіп, ұзақты күнге себелеген ақ жауынға ұласты. Бауырынан дым бүріккен қара бұлт аспанды тұтастыра төбеден төніп тұрып алсын. Алдында ғана жаздың жаймашуағына шомған аймақ орталығына тап бір күздің қара суығы түскендей болды.

Қаржаубай да Байбесік қазақтарының үрдісінше жаз шыға қала шетіндегі өздері қолдан соғып алған тоқал тамның ауласына сегіз қанат ақбоз үйін тігіп отырады. Жаңбыр жауып тұрғандықтан түнлігі жабық киіз үй іші алакөлеңкелеу. Екеуіміздің кешеден бері басталған әңгімеміз – көне түрк ескерткіштері төңірегінде.

«...Көне түрк жазуларын терең оқып, біліп, тану үшін тек тіл маманы, лингвист болу, оқу тәсілін біліп алу ғана аздық етеді, – дейді Қаржаубай. – Оны әртүрлі мамандықтан хабары мол табанды зерттеуші ғана игере алады. Біріншіден, ол ең әуелі *түрктанушы-тілші* болуы шарт, яғни байырғы жазуымызды, тілін, грамматикасын білуі керек. Сонымен қатар, сол заман тарихын бүге-шігесіне дейін байыптайтын *тарихшы* болғаны жөн. Оған қоса *археология, геральдика* ғылымын игерсін. Содан соң *этнографияны, палеоэтнографияны*, күллі түрк халықтарының *этномәдениетін, этнопсихологиясын*, сол заман *пәлсапасын* зерделеген жан болсын. Міне, осы салаларды түгел меңгергенде ғана барып, одан мықты эпиграфшы, көне түрк жазуының бес аспап білгірі шығады».

Қаржаубайдың экспедицияда жүрген кездерінде бастан өткергендерінің өзі – бірталай хикая.

...Жаз шыға Ұланбатырға С. Кляшторный жетеді. Бұлар жол таңдамайтын ГАЗ-66 жүк машинасына керек-

жарақтарын тиеп алады да, тартып кетеді. Тау-тас, дала кезіп, жергілікті тұрғындардан «қай жерде бітіктас (бітік – көне түркше – жазу) қай жерде мүсін тас, ою тас барын» сұрастырады. Іздегендері табылып жатса, өзінше қуаныш. Кейде талай күнгі сарсылыстың нәтижесіз аяқталатынын қайтерсіз. Жазу табылған кездердегі мерейленуінің өзі бір төбе. Мұндайда салмақ тағы да Қаржаубайға түсер еді. Көзі нашар көретін Кляшторный жазуды Қаржаубайға оқытады. Беттерінде жазуы бар тастардың көбі әдетте қалың шөптің, қорыстың, су түсіп кеткен саздың арасында болар. Ондай жерлерде шыбын-шіркей, маса да қалың. Жазуды тазалап, көшіруге дайындап, танып, қағазға түсіріп болғанша бет-ауыз, екі қолды түгел шағып бітеді. Содан екі-үш күнге дейін үсті-басыңның күп боп ісіп жүргені.. Көнерген, танылуы қиын әріптерді екі күн оқығаннан кейін, үшінші күні көздің қызарып кететіні және бар.

Күзге қарай күн суып кетер. Талай рет салқын жаңбыр астында калды. Қаншама суық та тиді.

Бірде Селеңгі өзенінің бойында жүргенде, су астындағы оппаға батып кете жаздағаны да бар. Жүргізуші екеуі машиналармен өзеннен өте берген еді, асты босап тұрған тұс екен, төменге тартып ала жөнелді. Бір жағы судың ағыны да ығыстырып әкетіп барады. Жалма-жан киімін шешініп, мойынға ілді де, кабинаның терезесінен секіріп, арғы бетке өтті. Аржағында көрініп тұрған ауылға барып жағдайды айтып еді. Моңғолдар мұндайда қандай қайырымды. Дереву үш өгізді әкеліп, машинаны тартып шығарды...

Экспедицияларда бастан кешкен нешеме тауқыметтің өзі де денсаулыққа әсер етпей қоймайды екен. Денені талай рет буған суықтың зардабынан құтылу үшін біраз жыл емделуге де тура келді. Қазір оқта-текте қысып-қысып қоятын қолқа демікпесі де сол жылдардан қалған белгі...

Қаншама қиындықты бастан кеше жүріп жиып-тергендерін, Моңғолия жеріндегі күллі көне түрк жазу ескерткіштерінің суреттері мен жазуларының көшірмелерін, аудармаларын атлас-жинақ ретінде бұдан біраз жыл бұрын дайындаған екен. Бірақ соны әлі шығара алмай жүр. Әуелі алып-ұшып бастырмақ боп Алматыға әкелмей ме, сөйтсе оны қаржысы жоқ адамның шығаруы қиынның қиыны екен... Одан болмағасын Түркия жағы қызығушылық танытып, шығарамыз деп уәде берген екен, бірақ әлі хабар жоқ көрінеді.

Қаржаубай шамырқана сөйлеп отыр.

«Түрк қағанаты замандарында дүниеге келген бұл жазулардың ең жақын мұрагері бүгінгі қазақтар – түрк жұрттарының ішіндегі қыпшақ тобы. «Үсте – Көк Тәңірі, Аста – Қара Жер жаралғанда» деп төгілетін жыр жолдарын қалай ғана жатсына аларсыз. Сөйте тұра сол Қазақстанда оны зерттеуге деген көзқарас салқындау болған соң, бәрін жылы жауып қойсам ба деп те жүргем. Кейінгі жылдарда саясатқа араласып кеткенімнің бір себебі осыдан да шығар. Бірақ кешелері ғана Қазақстан Премьер-министрінің орынбасары Иманғали Тасмағамбетов бастаған делегацияның Моңғолияға арнайы келіп бізге тым етене ескерткіштердің көшірмелерін алуға келісім жасап қайтқаны, мені серпілтіп тастады. Қай ескерткіштің қай жерде тұрғаны, қандай жазу жазылғанын мен бес саусағымдай білемін ғой. Мұндай ұлы іс шын қолға алынған екен, ең алдымен әлгі Түркияда жатыр деген атлас кітаптың қолжазбасын қайтып аламын. Ондағы суреттер қара түсті болатын. Ақыры шығарғасын дұрыстап шығарайық. Ол бітіктас жазуларының бәрін түрлі-түсті суретпен қайта түсірейік. Мақтануға лайық мұрамыз бар екен. Неге оны жұрт таңғалатындай етіп, жарқыратып шығармасқа. Иманғали ініммен сөйлескенімде, Қазақстанда көне жазу ескерткіштерін зерттейтін орталық ашатындай мақсат барын байқадым. Осы дүниелерді сол орталық арқылы шығаруымыз керек. Қазақ ұлттық университетіндегі Алтай Аманжоловтың дәріс беруімен тәрбиеленіп жатқан студенттер болашақта сол орталықта істеуге лайық әмбебап маман боп шыққаны мақұл. Бәлкім бұл үшін оның оқу бағдарламасын қайтадан қарау керек те болар. Әрі ол орталық тек қана көне түрк жазуларын ғана емес, орта ғасырлардағы өзге жазба ескерткіштерімізді, байырғы мәдени мұраларымызды да зерттейтін кең құлашты ғылыми мекемеге айналғаны жөн емес пе? Ендеше бұндай үлкен істі алып жүретін мамандар да бір бойына әртүрлі сапаларды жинақтаған бесаспап ғалым болғаны, шәкірттерін де солай тәрбиелегені абзал.

Дәл осындай орталық ашылып жатса, жұмысымды бүгін тастап, атамекенге кетер едім. Мен ең алдымен ғалыммын, қаламгермін. Тағдырдың оң көзімен қарағаны шығар, кезінде Моңғолиядағы көне мәдени мұраларымызды зерттеудің мол мүмкіндігі маған тиіпті. Енді оны өз мұрагеріне — қазақ халқына бар айшығымен жеткізуіміз керек емес пе?

Моңғолия жеріндегі түрк заманында қашалған мүсінтастар да аса мол. Олар менің санауым бойынша – 800-

дей. Тас бетіне түскен ою-өрнектеріміз қаншама. Айнақатесіз қазақ ою-өрнектерінің дәп өзі. Солардың бәрін суретке түсіріп алып, альбом етіп шығару қажет. Ол орталық үшін бір Моңғолияның өзінде осыншама зерттеу нысаны жатыр. Үлгеріп жатсаң атқаратын іс ұшан-теңіз дегеннен басқа айтар сөз жоқ менде...»

* * *

Көне түрк жазу мұрағаттарының арасындағы ең көрнектілері – Білге Қаған, Күлтегін, Тұйұқұқ ескерткіштері. Моңғолияға жолы түскен түрктанушылар, зерттеушілер реті келсе, осы үшеуіне соғып қайтсам деп армандайды. Арнайы тегістелген тастардың төрт жағына да бәдізделген бітіктерді – ата-бабаларымыздың сонау VI-VIII ғасырлардағы дәуірлеген заманы туралы, қағандары, батырлары мен бектері, дүбірлі жорықтары, неше түрлі жұрттар мен байырғы өмір салттарымыз туралы қадау-қадау мәліметтер беретін тарихи толғау, ерлік пен мадақ жырлары десе де болады.

Қазақтың батырлық жырларының рухымен үндес келетін, сол замандағы ақындық, шешендік дәстүрдің нақты көрінісіндей боп бізге жеткен бұл асыл қазына – өзіміздің төл жазуларымыз екенін ойлаудың өзі қандай мақтаныш.

Бұл ескерткіштерге қалай барудың бар жөн-жобасын Қаржаубайдан егжей-тегжейімен сұрап, жол картаға түсіріп алғаннан кейін Ұланбатырға бет алғанбыз. Өлгийден Моңғолия астанасына дейін ұшақ үш жарым сағаттай ұшады екен. Жолаушылардың дені — Байбесік қазақтары. Арасында Өлгий арқылы Ұланбатырға іссапармен бара жатқан «Қазақ энциклопедиясының» бас редакторы, академик Әбдімәлік Нысанбай, бұрындары Моңғолия үкіметінде жауапты жұмыстар атқарған, қазір алматылық іскер азамат Төлеубай Нығарбайұлы, Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының бас маманы Ботакөз Уатқан сияқты Қазақстаннан келгендер де бармыз.

Ұшаққа мінгеннен кейін: «Ұланбатырға да жетермін-ау, ары қарай ескерткіштерге қалай барып қайтар екенмін», — деген ой мазалай бастасын мені.

Алдында Қаржаубай «Моңғол академиясында менімен бірге істейтін қазақ жігіті бар, хабарлассаң көмектеседі»

деп айтқан-ды. Алайда бәрі ойда-жоқ жерде шешіле қалмасы бар ма? Арқа жағымда жайғасқан жігіт Ботакөздің танысы екен. Есімі – Қожаберген. Ұланбатырда тұрады. Кәсіпкерлікпен айналысады. Әңгіме үстінде сапарымның мәнісіне қаныққаннан кейін: «Көлігім бар, ескерткіштерге мен алып-барып қайтайын» деп өзінен құлшына кеткені...

Ертеңіне ертелеп, таңғы алты кезінде-ақ Ұланбатырға ең жақын орналасқан ескерткіш – астанадан 40 шақырымдай жердегі Түйүкүк бітіктасына қарай шығып кеттік. Оңтүстік-шығысқа беттеген тас жолмен жүре берсеңіз, біраздан кейін Налайх деп аталатын кеншілер қалашығына жетесіз. Негізінен қазақ шахтерлері еңбек ететін мекенге жетер-жетпестен солға бұрылып, дала жолына түстік. Оң жағымызда бұрын кеңестік әскери әуе күштері орналасқан қалашық қалып барады. Қара жол соның етек жағымен айналып, арғы беті тау қойнауына ұласатын жалпақ көкжасыл төскейді бойлай созылып жатыр. Ілгері қарай сұғынып, біраз жүргесін, осы маңнан көрініп қалуға тиіс еді ғой деп елендеп келе жатқанымызда, делбеде отырған Қожаберген «әні» деп қалды. Анадай тұста биік екі бағана тасы шаншыла көрініп бітік ескерткіштері тұр еді...

Жусан иісі алабөтен бұрқырап тұрған даланың беті дүбірге толып жүре бергендей болды. Ата-баба тарихында Түрк қағанаты (552–745) деп аталған мемлекеттің қасиетті бір мекені ғой бұл. Екінші қағанат кезінде «Көк түрктер» деген атпен әйгілі болған бұл ел өздерін түрк-қыпшақпыз деп те атаған. Айналадан Көктүрк ұлысының даңқын асырған Құтлық (Елтеріс), Білге, Қапаған қағандар, Күлтегін сынды көк семсерлер, Түйүкүктай ақылгөй даналар рухы лек-лек ескендей.

Сол Екінші Түрк ұлысы үш бірдей қағанының бас кеңесшісі, ақылман биі болған Түйүкүктай абызға арнап қойылған айшық белгі, «мәңгі тасыңыз» осы. (Білге Қаған, Күлтегін жазуларының авторы Йоллық тегін ескерткіш ұғымын «беңгу таш» – «мәңгі тас» деп атайды). Қаржаубайдың түсіндіруінше, Түйүкүк есімінің өзі Түй (түйғын, көсем) – үкүк (ақылман, абыз, білімдар), яғни «Көсем абыз» деген мағынаны береді екен. Кезінде (552 ж.) Бумын қағанның бас болуымен шаңырағы көтерілген Түрк қағанатының екі ғасырдай дәуірлеп тұрып *«бектерінің, халқының түзік болмағанынан, табғаш жұртының*

тепкісіне көнгендігінен, арбауына сенгендігінен, інілі-ағалының дауласқанынан, бекті халқының жауласқанынан елдігі жойылып, қағандығынан айырылғаны» («Күлтегін жазуы») тарихтан белгілі. «Бек ұлдары құл болып, сұлу қыздары күң болған» сол мүсәпір заман елу жылға созылады да азаттық аңсаған түрк халқы Ашина текті Құтлық бектің басшылығымен Табғаш (Қытай) езгісіне қарсы көтеріліп, «*Үсте Көк Тәңірісі, түрктің қасиетті жері, суы қолдап*», жығылған туын қайта көтеріп, тәуелсіз елге айналады. Сонда Құтлық бектің қасында бағыт-бағдар беріп жүрген ақылгөйдана – осы Тұйұқұқ еді. Түп-тегі аналық Ашида бұтағынан тарайтын, жас кезінде «*табғаш елінде білім алып, ілім меңгерген*» Тұйұқұқты Көк түрк ұлысының бас абызы, ақылман көсемі десе де болады. Қалыптасқан ата-баба дәстүрі бойынша Қаған тағына аталық Ашина тұқымдары болмаса, Тұйұқұқ секілді аналық Ашида тектілер отыра алмайды. Сөйтсе де ол Екінші Түрк қағанатын бірінен соң бірі билеген үш бірдей — Құтлық (Елтеріс), Қапаған, Білге қағандарды аузына қаратып, ақыл-кеңесін тыңдатқан, туған халқының абырой-даңқы үшін жанын аямаған ұлы тұлға боп өтті бұл дүниеден.

Ол тарих мынау қарсы алдымда тұрған аппақ бағана тас бетіне де бәдізделіп жазылған. «*Елтеріс қаған білік иесі, батыр болғасын табғаштармен он жеті жыл соғысты, Қытандармен жеті (рет) соғысты, оғыздармен бес (рет) соғысты, сонда ақылшысы тағы мен едім, жақтаушысы да мен едім, Елтеріс – қағанға, түрк Бөгі қағанға... Білге қағанға, Қапаған қағанға (дем беріп) түн ұйықтамадым, күндіз отырмадым. Қызыл қанымды төктім, Қара терімді жүгірттім, күш-қуатымды бердім, мен өзім ұзақ жорықтарды да бастадым. Осындай қайрат көрсеткеніміз үшін, менің де қайрат бергенім үшін... Ел тағы да ел болды, халық та қайта халық болды*», – деп толғайды білгір Тұйұқұқ.

Көк түрк мемлекетінің жарты ғасырдай дәуірлеген кезеңіне куә болған Тұйұқұқтай қарт абыз, дүниеден озар шағында бітік тасқа түсіру үшін ұрпағына айтар өсиет іспетті ағыл да тегіл жыр төгіпті осылай. Әрі қарай осы сөздердің иесі өзі екенін нақтылап; «*түрк Білге қаған еліне (арнап) жаздырдым, мен білге Тұйұқұқ*», – дер еді тағы да.

...Ақсұр гранит бағаналарды қайта-қайта айналып, төрт қырының бар бетіне жоғарыдан төмен қарай жол-жол боп бәдізделген әріптерді саусақ ұшымен сипай тәу етіп біраз

жүрдім. Бір мың үш жүз жылдан астам бұрынғы қасиетті бабаларымыз жазып қалдырған, күллі түрк жұрттары үшін теңдесі жоқ асыл-мұра, ғажайып ескерткішке алақаның тиіп тұрғанына сенер-сенбес күй кешеді екенсің бірауық.

Түйүкүқтың екі бітіктасындағы жазудың бәрі көне түрк тілінде. Ұзына бойы созылған қаз-қатар 62 жол бітік жазуда Көк түрк мемлекетінің шаңырағы көтерілгеннен бастап, кейінгі кезеңдеріне дейінгі тарихы баяндалады. Өзі көсем, өзі шешен Түйүкүқтың сол заман бедеріндегі атақ-абыройының аса зор болғанын бағана тастар бетіндегі жазулар ғана емес, ескерткіш алдынан түп-тура шығысқа қарай сап түзеп созылған балбал тастар тізбегі де айқындап тұрғандай *(Қаржаубай балбал ұғымын тастан қашалған мүсіндер емес, тізбектелген жай қалқа тастарға қолдану дұрыс дейді. Өйткені көне түрк жазуларында балбал деп, сол қалқа тастар аталған. Ал адам бейнесі тұлғаланған тастарды мүсінтас деп атаған жөн).*

Өлгийде жүргенде Қаржаубайдан бұл балбалдар тізбегінің мәнісін сұрағанымызда: «ол Түйүкүқты жерлеуге сырт елдерден, басқа жұрттардан келген адамдардың санын көрсететін белгі», – деп айтқаны бар-ды. Моңғолия жеріндегі ешбір ескерткіште дәл Түйүкүк балбалдарындай көп тас жоқ. Бір ретте Қаржаубай сол тізбек бойын жағалап бес шақырымға дейін жүріп, 580 балбалды санап шығыпты. Сонда да шетіне жете алмаған, тастар әрі қарай тауға өрлеп жалғаса берген. Осыдан-ақ Түйүкүқты жерлеу үшін «ой, бауырымдаған» көңіл айтушылар қанша ел мен жерден келгенін, оның халықаралық атақ-даңқының қандай болғанын байқай беріңіз.

Тағдырға не дауа. Моңғолия жеріндегі осы баға жетпес ескерткіштерді өзгеге өктем қарайтын кеңес одағы атанған елдің қызыл әскері сынақ алаңына айналдырғанын қайтерсіз. Іргесінде тұрған сол әскери бөлім «айдалада тұрған не тас» деп оны нысана ретінде де пайдаланыпты. Оңтүстік беттегі ұзын бітіктас шекесіндегі оқ тиіп ойылып түскен жер соның айғағы. Балбал тастар тізбегінің де танкі табанына салынып әбден ойрандалғаны көзге анық көрініп тұр.

...«Арманымыз атажұрт боп аңсап жүрген кезіміз, 1978 жылы ақын Олжас Сүлейменов Моңғолияға ақын-жазушылардың бас қосуына келді дегенді естіп, қолын алмақ боп, ол жатқан «Ұланбатыр» қонақ үйіне іздеп бардым, — деп еске алады Қаржаубай. — Алдынан шығып, «Ассалаумағалейкум, Олжас аға»,— деп амандасып

жатырмын... Жөн сұрау барысында менің немен айналысып жүргенімді білгеннен кейін, сол ескерткіштерді көргісі келетінін айтты. Ертіп барайын дедім. Түйүкүк басына екі «Волга» машинасымен келдік. Қасындағы бір мажар ақыны, сосын жаңылыспасам, Санги деген жазушы болды. Олжекең бітіктасты құшақтап біраз толқыды. Көне түрк әріштерін таниды екен. Жанындағыларға оқып беріп жатыр, «Дұрыс па?» – деп сұрап қояды менен. «Дұрыс», – деймін. Сонда ғой: «Мынау сіздің орыстарыңыздың атқан жері», – деп ескерткіштің оқ тиіп ойылып түскен жерін көрсеткенім. Түсі бұзылып қатты кейіді... Сол сапардан кейін ақын ағамыз көне түрк жазу ескерткіштерін қорғау шараларын қозғап, біраз қимылдады емес пе? Ол мәселе ЮНЕСКО назарына ілініп, сол тараптан Моңғол үкіметіне ресми өтініш жасалып, біраз шаралар жүзеге асты. Ескерткіштердің айналасы қоршалып, қорғауға алынды».

Түйүкүк кешенінің басқалардан бөлек бір ерекшелігі – оның табанына тақта-тақта көк тас төселгені. Бағзыдағы ата-бабаларымыз аяқ басқан тастар үстімен аралап жүрміз. Биік бітіктастың оңтүстік-шығыс тұсында тік тұрған адамды бейнелеген бір мүсінтас, түстігінде жүгініп отырған екі мүсін, шығыс бетте құлаған бір мүсінтас жатыр. Бәрінің бастары жоқ. Сынған. Бір деректе оларды Көк түрктер мемлекетіне қатты өшіккен ұйғырлар қиратты десе (Л. Гумилев «Көне түрктер»); Қаржаубай Сартқожаұлы «Ұйғырлар емес, кейіннен сол Үшінші біріккен түрк қағанатын (780-жылдан Тоғыз оғыз қағанаты) талқандаған қырғыздар еді», — дейді. Себебі, әуелі *ұйғырмыш* (ұйыдық, ұйыстық) деген мағынаға сәйкес *«ұйғыр»* деп аталған бұл одақтың кезінде де дәл Көк түрк дәуіріндегідей бітіктастарды бәдіздеу дәстүрі үзілмеген. Құрамына қарлық, қыпшақ, басмыл, тоғыз байырқу, едіз, оғыз сияқты басты-басты түрк тайпаларын топтастырған сол Үшінші біріккен (ұйысқан) қағанат кезінде тұрғызылған Мойын-Шор, Тариат, Тәс ескерткіштерінің тілі мен үрдісі Көк түрк заманынан еш аумады.

Осы қағанатқа кейіннен ғылыми еңбектер жазылу кезінде атау болып кеткен «ұйғыр» сөзіне келсек, оған ұйғыр тайпасының еш қатысы жоқ, 840-жылы Енесай қырғыздарынан жеңілгесін «Тоғыз оғыз қағанаты» құрамындағы едіз бен оғыз тайпалары оңтүстікке, Тұрфан жаққа ығысып, сол өңірді жаулап алған кезде жергілікті ел оларды «ұйысқан елден келгендер, ұйғырлар» деп

қабылдаған. Бірте-бірте сол аймақтағы жұрт өздерін билеген ел атына көше бастайды, «ұйғыр» деп аталады. Түрктенеді...

Түйүкүк кешеніндегі назар аударарлық тағы бір нысан — төр жақтағы құлпытас. Кезінде төрт құбыласы теп-тегіс тақта тастармен қоршалып, үсті де дәл сондай төрт бұрышты жалпақ қалқа таспен жабылған, бүгінде бей-берекет шашылып жатқан құлпытас көне жерлеу дәстүрлерімізден де сыр аңғартқандай болады. «Бес тастың астында қалғыр» деген қазақтың ескі сөздерінде бар қарғыс, сонау түрк заманындағы жерлеу ғұрпынан қалған белгі емес пе екен», – дейді бұл жөнінде Қаржаубай. Назар аударарлық деп отырғанымыз, сол құлпытас қақпағының бетіндегі әсем өрнектің бүгінгі қазақ оюынан еш өзгешелігі жоқтығы...

* * *

Ұланбатырдан батысқа қарай беттеген қасқа жол қаладан ұзасымен-ақ біріне-бірі мінгесе жалғасқан көк жондар үстін қуалап ілгері сұғына берді. Бір дөңестен асып түссең, алдыңнан дәл сондай екінші жон шығады. Екі жағымыз да малға жайлы құйқалы өріс. Оқшау-оқшау отырған киіз үйлер. Төңірегі бытырай жайылған төрт түлік.

Неге екенін қайдам, бұрын Моңғолия десе, менің көз алдыма шөлейтті дала, өзіміздің көп жерге ұқсайтын тықыр аймақ елестейтін еді. Ал шындығында оңтүстік жағындағы Құбы шөлі болмаса, негізінен табиғаты әсем жер екеніне келгелі көз жетіп жатыр. Өлгийден Ұланбатырға дейін ұшқанымызда Ханғай жотасының (көне түркше Өтүкен тауы) теріскей жағымен өткен едік. Үш жарым сағаттай жол бойы тек көгілдір орман, жасыл төскей, бұраңбел өзендер үстімен қалықтадық та отырдық. Ұланбатырдың тұрған жері де қарағайлы тау бөктеріндегі көрікті тұс екен. Іргесінде ернеуінен шіреп Толы (Доғалы) өзені ағып жатыр...

«Бәсе, көне түрк өркениетінің дамуына қолайлы өңір осындай болса керек еді ғой», – дегенбіз іштей. Бабаларымыздың құтты қонысы болған сондай мән-маңызы үлкен аймақтың бірі – Өтүкен қойнауындағы Көкшіл Орхон өзені бойы. Моңғолияның қақ ортасындағы Арханғай аймағы деп аталатын осы өңірде Көк түрк заманының басты жазба ескерткіштері – Білге қаған, Күлтегін бітіктастары тұр. Оған Ұланбатырдан 400 шақырымдай жол жүріп барып қана жетесіз.

...Біресе көк жондардың үстін қуалап, біресе бөктер

жағалап ентелеген тас жолмен үш жүз шақырымдай жер жүргеннен кейін көлігіміз оңға бұрылып тастақты дала жолына түсті. Бұл кезде табиғат бітіміне де өзгеріс енген. Өтүкен жотасының сілемдеріне іліккелі, екі жақ беттен ойдым-ойдым ормандар көбірек ұшыраса бастады. Бір қарағанда біздің Қарқаралы, Көкшетау табиғатына да ұқсайды.

Хашаат сұмынынан еткеннен кейін Орхон даласы басталады. Соның Көкшіл Орхон өзеніне жақын тұстағы Көшөө Цайдам (ескерткішті шалқар дала) деп аталатын жерінде әлемге әйгілі қос мәңгітас кешені жатыр...

Бұл ескерткіштердің ғылыми ортаға кеңінен танылу тарихының өзі бір хикая. Оны тұңғыш рет 1889 жылдың жазында Ресей географиялық қоғамы Шығыс Сібір бөлімшесінің Иркутскіден келген ғылыми экспедициясы ашқан екен. Ал оның жетекшісі бір кездерде қазақтың Шоқан сынды ардақтысына етжақын дос болған Н.М.Ядринцев еді. Әуелден-ақ *«басқа жерлерде кездеспейтін аса көрнекті мұра» «моңғолдарға дейін бұл өңірде көне мәдениеті бар халықтың өмір сүргенін дәлелдейтін ескерткіш»* деп қабылданған жаңалық ғылыми ортаны бірден елең еткізді. Іле-шала фин ғалымдары ұйымдастырған экспедицияны басқарып А.Гейкель, орыстың академиялық экспедициясын басқарып В. Радловтар келді...

Алғашқы экспедициялар деректеріне қарағанда, зор екі бітіктас ұзынынан түсіп құлап жатыпты. Күлтегіннің тасы сау, ал Білге қаған үш бөлікке бөлініп кеткен екен. Әу баста алып тасбақа мүсіні үстіне арнайы ойық жасап орнатылғанымен, ескерткіштер құлаған кезде ауыр салмақтан тасбақалар да быт-шыты шығып, жарылған.

Әрине, зерттеушілердің назарын ерекше аударған басты жайт – төртбұрышты бітіктастардың үш жағының түгелдей беймәлім ойма жазулармен, бір жағының қытай иероглифтерімен толтырылғаны еді. Бұл тектес ойма жазулар ғалымдарға одан жүз жылдан астам уақыттан бері Өб, Енесай өзендері бойынан табылып жүрген тас бетіне түскен таңбалар арқылы да белгілі болатын. Бірақ, олардың қай тілде жазылғаны жөнінде құпия со бойы ашылмай келген-ді. Оны герман руналарымен ұқсастығына қарап ескі гот жазуы, әйтпесе кельт жазуы немесе скандинав, әлде грек, тіпті, көне славян жазуы болуы мүмкін деген түрлі-түрлі болжамдар жасалып жататын. Фин-угор халықтарының көне замандардағы мұрағаты деген үзілді-кесілді ұйғарымдар да

айтылып қоятын...

Көшөө Цайдам ескерткіштеріндегі таңбалар да сол тектес еді. Бірақ ол соншама көптігімен, бір таста ұйыса тұруымен таңғалдырған. Және бір ерекшелігі, оның бір жағында қытай иероглифтері бар еді. Ғалымдар осының өзіне талайдан сыры ашылмай келген құпияның кілтін табуға көмектесетін шығар деген үлкен үмітпен қарады. Алғашқы экспедициялар дайындап жариялаған беймәлім жазу мәтіндеріне көп ғалым көз майын тауыса үңілген болар-ау. Бірақ та оқу кілтін ашудың бақыты – даниялық тілші-ғалым, Копенгаген университеті салыстырмалы тіл білімі кафедрасының профессоры Вильгельм Томсеннің үлесіне тиеді. Ол екі ескерткіштегі таңбаларды салыстыра келе, әуелі барлығы 38 әріп бар екенін, оңнан солға қарап оқилатынын табады. Жиі қайталана беретін таңбаларға назары ауып, оларды қытай мәтініндегі **Күлтегін** және **Білге** деген адам аттарымен сәйкес келетінін байқайды. Көп ұшырасатын төрт таңбадан **Тәңірі** деген сөз болжайды, дәл сондай тағы бір төрт таңбадан — **түрк** деген сезді шығарады... Бұдан соң Томсен үшін әрі қарайғы шаруаның еш қиындығы жоқ еді...

Бұл ешқандай да батыс жұрттарынан қалған белгі емес, сонау бір көне ғасырларда Еуразиялық Ұлы Дала төсін дүбірлеткен Түрк қағанаттары заманында дүниеге келіп, кеңінен қолданылған жазу өнерінің ескерткіштері екені әлем ғылымын дүр сілкіндірсін. Және қандай. Әншейін сөз басын құрастыра салған таңбалар емес. Сол дәуірлердегі түрк жұрттарының құнарлы сөз саптасынан, биік пайымынан, дүниетанымынан, өмір салтынан, ерлік, батырлық жорықтарынан хабар беретін құдіретті ой ағыны, биік поэзияға толы жыр үрдісі, Түрк жұрттарының мерейі мен абыройын бірден аспандатып жіберетін асыл жауһарлар...

В. Томсен тапқан оқу әдісі белгілі болғаннан кейін 1897 жылы Е. Клеменц ашқан Түйүкүк ескерткішіндегі, 1912 жылы В. Котвич Ихе-Хошоту аймағынан кездестірген Күлі-Шор мәңгітасы, 1909 жылы Г.Рамстедт Селеңгі өзені алабындағы Моғоин шине-ус дейтін жерден ұшырастырған Мойын-Шор ескерткіштеріндегі жазуларды оқу еш қиындық туғызбаған. Сөйтсе, олардың бәрінде де негізінен бір заман оқиғалары әр қырынан баяндалады екен.

Бірақ сол ескерткіштер арасындағы ең сөзі аумақтысы да, тұрқы мен сәулеті жағынан көлемдісі де Күлтегін мен Білге қаған бітіктастары болып табылады, Ол — осы екі тұлғаның

Көк түркілер тарихындағы сүбелі орнына тікелей қатысты. Білге мен Күлтегін — Екінші Түрк қағанатының шаңырағын қайта көтерген (682 ж.) Құтлық (Елтеріс) қағанның бел балалары. Құтлық қаған қайтыс болған кезде (691 ж.), олар жас болады да, хан тағына әкелерінің інісі Қапаған отырады. Талай жыл Көк түркілер елін билеп, оның даңқын асыруға үлес қосқан Қапаған қаған 716 жылы жау қолынан қаза тапқанда, тақ билігі заңды мұрагер Білгеге қайта оралады. Жас қаған әкесі Құтлықтың қасында жүріп Көк түрк ұлысын орнатты, содан бері бас ақылгөй-кеңесші болып келе жатқан, әрі өзінің қайын атасы Түйүкүк абыздың бұрынғыдай қасында кеңесші боп жүргенін қалайды. Інісі Күлтегін батырға бас қолбасшылық жүктеледі. Білге қаған — Түйүкүк — Күлтегіндер тізе қоса ел басқарған сол он бес жылдай уақыт Көк түрк халқына құт боп қонады. *«Ханымыз, бабамыз құраған халықтың атақ-даңқы жоқ болмасын деп, түрк халқы үшін түн ұйықтамадым, күндіз отырмадым, інім Күлтегінмен бірге... елдің басын өліп-тіріліп құрадым, сонша үлкейттім. Бірлескен халықты от-сусыз қалдырмадым»*, — дейді Білге қаған інісі Күлтегін басына қойылған бітіктаста. *«Түрк қағаны Өтүкен қойнауында отырса елде мұң жоқ»* екеніне көз жеткізген, халықтың басы ұйысып, ел тәуелсіздігі нығайған жылдар еді бұл кезең.

Көк түрк қағанатының ордасы Өтүкенде болды десек, ол тұрған жер осы Білге мен Күлтегін ескерткіштері орналасқан аймаққа, дәлірек айтсақ, қырық шақырымдай-ақ жердегі моңғолдардың көне астанасы Қарақорым төңірегіне келіңкірейді. Қарақорым жанында көне түрк заманынан қалған алып тасбақа мүсінінің тұруы да бекерден-бекер емес дегенді айтады тарихшылар. Көне дүние танымында тасбақа — мәңгіліктің, мықтылықтың нышаны. Ендеше, Шыңғыс ханның өз астанасын ырым қылып, Көк түркілер ордасының жұртына орналастыруы әбден мүмкін.

Алайда мәңгілік ештеңе жоқ. 731 жылы қырық жеті жасында Күлтегін дүние салады да, інісінің қазасына қабырғасы сөгілген Білге қаған Табғаштан (Қытайдан) арнайы шебер бәдізшілерді шақыртып, басына ерекше жай салдырып, өрнектетіп мәңгітас жаздыртады. Қытай деректерінде: *«Табғаш императорының Күлтегінге мүсін орнату, арнайы салынған храмның төрт қабырғасына шайқас суреттерін бейнелеу, тасқа жазу түсіру үшін он саусағынан өнер тамған алты бәдізшіні жіберуге бұйрық бергені»*, — айтылатыны бар. Күлтегін жазуында бұл дерек:

«Жай тұрғызуға, өрнек салдыруға, бітіктас орнатуға Табғаш қазанының шебері Уаң Сенұң келді», делінеді. Зор ескерткіш-кешеннің құрылысы екі жылға созылып, 733 жылдың соңында ғана аяқталады. Көк түрк жұртының өкінішіне қарай, інісінің соңынан Білге қаған да бұл пәниде көп тұрмайды. Келесі жылдың соңына таман зымиян жаудың алдап берген уынан ол да дүниеден озады. Табғаш императоры бұл жолы да Білге қаған ескерткішін тұрғызу үшін өз шеберлерін жібереді. Мұны екі бітіктастағы жазудың авторы Білге қағанның туысы ақын Йоллық тегін де мәңгітас бетінде: *«Табғаш қазанынан келген шеберлер менің сөзімді бұзбай бәдіздеді»*, – деп атап көрсетеді.

Көшөө Цайдам ескерткіштерін ғалымдар алғаш тапқан кезде зор бітіктастар жерде құлап жатқан еді дедік қой. Зерттеушілер назары қатты ауғаннан кейін Күлтегін тасы 1896 жылы қайта тікейтілген екен. Қирап қалған тасбақа қайтадан пайдалануға жарамайтын болғандықтан, бітіктас жай тұғыр үстіне ғана орнатылады. Ол сол қалпымен күні бүгінге дейін жетіп отыр. Тек 1961 жылы үстіне жай түсіп, оңтүстік жағына зақым келген. Оның сынған бөлігін 1982 жылы Қаржаубайлар Моңғол академиясының тарих институтына апарып қойған. Білге қаған ескерткіші болса, сол бұрынғыдай үш бөлінген күйі жатыр. Алғашқы кездердегі экспедициялардың жазуды түгел көшіру үшін зіл батпан тастарды әрі-бері аударыстырғанның өзінен де оған біраз зиян тигені анық.

Орхон даласының бел ортасындағы ескерткіштер тұрған маңда тас атаулы жоқ. Сонда бұлар қайдан әкелінді деген сауал туады ғой. Бұл жөнінде Қаржаубай мынадай қызық әңгіме айтады:

«Мені де осы сауал көптен қызықтырып жүрген. Сұрастыра келе Орхонның бас жағына қарай, Көшөө Цайдамнан 60 шақырымдай жерде сондай тастарды дайындаған орын бар дегенді естідім. 1982 жылдың жазы еді. Қарақорымнан жоғары өрлеп барып, әлгі жердің тұсына келіп, арғы бетке өтейік десек, қатты тасыған өзен мүмкіндік беретін түрі жоқ. Амал жоқ, сол жерге жүргізуші екеуіміз шатыр тігіп, үш күн күтіп жаттық. Тасқынның тоқтар емес, оның үстіне жаңбыр басталып кетсін. Төртінші күні: «Қой, бұлай жатқанымыз болмас, атпен өтейік» деп, маңайдағы ауылдан ат сұрап әкеліп, өзенге қойып кеттім. Бес жүз метрдей ығып барып арғы бетке өттім-ау, әйтеуір. Әлгі көздеген жеріме барсам, қашалып дайындаған неше түрлі

тастар со күйі жатыр. Қырлары жонылып, тегістелгені де баршылық. Бір таңғаларлығы, дәл Күлтегіннің бітіктасындай тасты да көрдім. Тағы бірі дайындалып жатқан кезде жарылып кеткен болуы керек, қақ бөлініпті...

Бабаларымыз 60 шақырымдай қашықтықта дайындалған сол тастарды қысты күні мұз үстімен табанына жұмыр бөренелерді кезек-кезек алмастыра салып отырып жеткізген ғой...»

Көне түрк жазба ескерткіштеріне әсіресе әуелден-ақ дербес ел, байрағы биік мемлекет болып келе жатқан Түркия ғалымдары көптен назар аударумен келеді. Олардың бұл салада атқарған жұмыстары қыруар. Түрік ағайындар Күлтегін ескерткішінің көшірме нұсқасын 1990 жылдың өзінде-ақ Кония қаласындағы Салжұқ университетінің алдына апарып орнатып қойған. Өзара уағдаласқан келісімге сәйкес Моңғол жерінде көне жазба ескерткіштерін ғылыми-зерттеу, қалпына келтіру жұмыстарын жүргізуді қолға алған. Түрік-моңғол ғалымдары бірлесе атқаратын бұл шаруаның басы Күлтегін кешенін қалпына келтіру шараларынан басталыпты.

Барлық қаржысын Түркия мемлекеті көтеріп отырған осы үлкен бағдарлама бойынша Күлтегін мен Білге қағанның биіктігі төрт метрге жуық зор ескерткіштері баяғы, алғаш салынған кездегі қалпына келмек, үстерін жапқан барық (храм) кейіптес күмбезі көтерілмек, онын қабырғаларын өрнектеу (бітіктастағы жазуда «жай салдырдым, өрнектедім» демей ме), бастары сынған мүсіндерді түгендеу, түзеу жұмыстары жүргізілмек. Сонда, Орхонның қарсы бетіндегі Қарабалғасұн (Көне Ордабалық кенті), өрдегі Қарақорым қаласының жұрты бар, бәрі қосылып тамаша туристік маршрут дүниеге келмек...

Демек, алдағы ғасырда тегіміз ұқсас, киіз туырлықты туыс ел — Моңғол жерінде баба тарихымыз мұрағаттарын Түрк жұрттарының Қағбасындай дәрежеге көтеріп; дүние жүзіне танытудың жарқын бағдарлары жасалып жатыр. Әлемнің әр тұкпірінен келген тәу етушілерді Арханғай аймағындағы Күлтегін, Білге қаған ескерткіштері бас боп тұратын ашық аспан астындағы мұражайлар тізбегі бір тандандырса, түбінде Түйүкүк ескерткіші бар Ұланбатыр қаласының өзіндегі көне түрк жазба мұрағаттары тағы бір ғажаптандырады анық. Себебі шағын жазба ескерткіштеріміздің бірқатары бүгінде Моңғол Ғылым академиясының қорында. Қаржаубай Сартқожаұлы қайта

оқып, көп түзетулер енгізген Тариат (Терх), өзі тауып оқыған Тэс бітіктастары да сонда...

Ал біздің ұлтымыз үшін ең мәндісі, Қазақстан үкіметінің жап-жақсы бастаған істі аяқсыз қалдырмай, бабаларымыз өрнектеген басты-басты жазба ескерткіштердің көшірмесін жасап, астана төріне әкеліп орнатуы болса керек. Мемлекетаралық келісім бар, енді оны сиырқұйымшақтатып жібермей, тез орындалуына үміт артамыз да...

* * *

Ұланбатырдан Өлгийге қайта оралғасын, Қаржаубаймен тағы пікірлестім. Сапар барысында туған кей сауалдарға қатысты жауаптарды алып жатырмын. Бірер жылдардан бері саясатқа араласып, Баянөлгий аймағының ел басқару тізгінін ұстап жүрген азамат Моңғолиядағы көне жазба мұраларымызға қатысты әңгімеге келгенде қамшы салдырмайды. Ағып тұр. Бар саналы ғұмыры, өмір салты осы елдегі байырғы мұраларымызды зерттеуге бұрылып кеткен Қаржекеннің балаларына қойған аттары да Йоллық тегіннің жыр жолдарындай естіледі. Зайыбы Жәлей екеуі Толқынбегім, Есілтегін, Бүбібегім, Жантегін, Елтегін есімді ұл-қыздарды өсіріп жатыр.

Байқаймын, Қазақстан мен Моңғолия арасында көне түрк жазба ескерткіштерін бірлесе зерттеуге, көшірмесін алуға келісім жасалғанына көп үміттеніп отыр. Талай жылғы еңбегім зая болмас па екен деп күдікбасты боп жүрген ғалым, атамекен жаққа кәдімгідей елендеп қалыпты.

Жай, қарақан басының қамы емес, Моңғолияда жатқан байырғы тарихымызға тікелей қатысы бар мұрағаттарымызды ел-жұртымызға түгендеп жеткізуге кеңінен кіріссем бе деген ойдан туындаған мазасыз елендеу...

1997 жыл

* * *

Р. С. Содан бері де міне, ширек ғасырдай уақыт өтіпті. Қаржаубай 2001 жылдың көктемінде Моңғол Ғылым академиясының Баянөлгийдегі бөлімшесі боп саналатын Ғылыми-зерттеу орталығында қызмет істеп жүрген жерінен Еуразия Ұлттық университетінің сол кездегі ректоры, белгілі түрктанушы Мырзатай Жолдасбековтың арнайы шақыруымен Астанаға қоныс аударды. Эпиграфика зертханасының меңгерушісі болып бекітілді. Талай жылдан бері бел шеше атқаруды армандап жүрген зерттеулеріне

қызу кірісіп кетті. 2002 жылы біраздан дайын тұрған «745-760 жылдардағы Біріккен түрк қағанаты» атты орысша жазылған еңбегін «Фолиант» баспасынан жарыққа шығарды. 2003 жылы «Күлтегін» баспасынан «Орхон мұралары» атты тарихи-деректану еңбегінің 1-ші кітабы оқырманға жол тартты. Жыл сайын Моңғолияға арнайы экспедициялармен барып, жаңа зерттеулер жасап, бұрынғы мәліметтерді толықтырудың нәтижесінде, 2005 жылы М.Жолдасбеков екеуінің терең екішеуден, қайта зерделеуден өткізген, ғылымилығы жағынан аса жоғары еңбегі – «Орхон ескерткіштерінің толық атласы» жарық көрді. Онда ескерткіш мәтіндерінің бұрын қате оқылып келген жерлері түзетілді, жаңа транскрипциясы, аудармасы, түсініктемелері жасалды, бітіктас кешендерінің тыңғылықты археологиялық сыпаттамалары, фото, сызба суреттері берілді. Көне түрк жазуының шығу тегі, фонетикасына қатысты докторлық диссертациясын қорғады. Профессор. 2010 жылдан бастап, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Түрктану және алтайтану ғылыми-зерттеу орталығының директоры. 2019 жылы «Орхон ескерткіштерінің толық атласы» деп аталатын үш томдық толайым еңбегі жарық көрді...

1997 жыл.

БАЛБАЛДАР ӘР ҚИЫРҒА КӨЗ САЛАДЫ



Будапештің көлігі ығы-жығы көшелерінде тұсаулы аттай кібіртіктеп келе жатқан жеңіл мәшинеміз қала сыртына шығысымен тізгінді босатып қоя берді. Сәлден кейін-ақ тақтайдай тегіс жолдың қос қапталын жүгері, жүзімдік, пісте, көкөніс алқаптары кезек-кезек алмастыра бастады. Сала-сала танаптардан диқанның ұқыпты қолының табы аңғарылады. Тап-тұйнақтай боп жұтынған желкілдеген ырыздық.

Беталысымыз – оңтүстік, қолымыздағы картада Кішкүншақ, Надкүншақ деп белгіленген өңірлер. Қазақ құлағына жылы естілетін бұл атаулардың төркіні талайымызға бұрыннан таныс. Олар – өзін сонау бір ерте-ерте ғасырларда осы аймақта ат дүбірлеткен қыпшақ жұртының ұрпағымын деп, бар арманы атамекен қазақ жері мен Еуропа төріндегі туыстар арасын байланыстыру боп өткен терең ғұлама Іштуан Қоңыр мен оның үзеңгілестері айта-айта жүретін – «Кіші Қыпшақтық», «Ұлы Қыпшақтық» жерлері. Бір замандарда құман-қыпшақтар қоныстанған, әлі де солардың ұрпақтары ғұмыр кешетін осындай аймақтар бар екенін бұрын сырттай естісек, енді міне сол мекендерге өзіміздің де жолымыз түсіп келе жатқан жағдайымыз бар.

* * *

Мажарстан 1996 жылы ел тарихында айтулы орны бар дүбірлі мереке рухымен тыныстауда еді. Ол – венгр (өздері – мадияр, мажар деп айтады) жұртының қазіргі Отанына қоныс аударып, орнығуының 1100 жылдығы. Кәрі тарих

көшінде халықтардың талай-талай ұлы қоныс аудару толқындары өткен. Сондай толқындардың әлденешеуін байырғы ата-баба мекені – Орал тауының баурайы, Есіл мен Тобыл арасы болған мажарлар да бастан кешіпті. Олар өздерінен төрт-бес ғасыр бұрын Еуропаға қарай жылжыған ғұндардың, одан кейінгі замандардағы бұлғарлардың, ауарлардың ұлы көшін қайталай, жол-жөнекей ұзақ-ұзақ тұрақтай, әлденеше мекен ауыстыра жүріп Дунай төңірегіне дүркін-дүркін қоныстаныпты.

Осы жерде Мажарстанның халықаралық қатынаста Хунгария (Венгрия) деп аталуының сол замандағы тегі түріктік Оноғұр тайпалық одағынан туындағанын да ескере кеткен жөн. Зерттеушілер Еділ бойын жайлаған бұлғарлар да осы бірлестікке енгенін айтады. Он елді топтастырған сол одаққа өздері жеті рудан тұратын мажарлар да кіріпті. Олардың негізгі толқыны 895 жылы Шығыс Карпаттан асып, қойнауы құт Альфельд жазығына құйылғанда, төңірегіндегі елдер оноғұрлар келді деп қабылдаған ғой. Сол жылдан оноғұр (венгр), мажар жұртының жаңа отанындағы төл тарихының жылнамасы басталады. 1886 жылы сол көші-қонның 1000 жылдығы ерекше салтанатпен аталып өткенінің бір белгісін, сіз Будапештің қақ төріндегі Батырлар алаңы деп аталатын тынысы кең тұстан көре аласыз. Алаңның қақ ортасындағы ұшар басында қанатты періште бейнесі бар зәулім тас тұғырдың етек жағында салт атты жеті адамның тұлғасы сомдалған. Олар әлгі айтқан жеті рудың көсемдері. Бәрінің алдында мажар елін талай ғасыр билеген корольдер әулетінің негізін қалаушы Арпад көсем. Басқа көсемдердің тұсына жазылған есімдерден де олардың шыққан тегінің көне тарихымызбен қабысып жатқан сипаттарын байқағандай боламыз. Қалған көсемдердің есімдері – Елед, Құба, Таш, Тайтен, Онд, Конд, – деп аталады.

Дәйектері аса тиянақты болмаса да ғылымда мажар тілін фин-угор тобына жатқызу қалыптасқан. Алайда бұл түйінге қосыла қоймайтын ғалымдардың үндері де кейінгі кездерде батыл шығыңқырап жүр. Себебі соңғы зерттеулер бойынша, мажар тіліндегі түбір сөздерде түрктік негіздің фин-угор тілдеріне қарағанда көбірек кездесетіні басым-басым байқала бастағанға ұқсайды. Әйгілі түрктанушы замандасымыз Іштуан Қоңырдың да осы уәлі түйінді тиянақтайтын дәйектері мол еді, дейді оның үзеңгілестері.

Әрине 1100 жыл деген аз уақыт емес, Осы тым ұзақ кезең аралығында Еуропаның кіндігіндегі ылғи бір тегі бөлек

жұрттардың арасына сыналап кіріп қонған түз жұртының талай ауыс-түйістерді бастан кешкені, оның түпкі тілінен біршама алшақтағаны да кәміл. Бірақ соған қарамастан, мажар тілінің құрамында түрк тілді негізге ұқсас талай сөздердің сақталып қалғаны бұл халықтардың әу баста бір-біріне онша бөтен болмағанын байқатып жатады. Басқа-басқа, зерттеушілердің айтуынша, бір ғана қазақ тілі мен мажар тілі арасында өзара ұқсас 600-дей сөздер бар екен. Қазақтың «*ата, ана, кіші, бөпе, алма, сақал, бақа, тауық, ешкі, сабын, кендір, ұршық, төбе, арқан, қайық*», ж. т. б. сөздерінің мажарша да дәл сондай мағынада айтылуын, сірә кездейсоқтық, дей аларсыз ба?

Мақұл, тіл – бір-бірінен алшақтап кеткендіктен, бұл тұрғыдағы пікірлерді әлі де тиянақтай түсетін тұстардың кездесуі заңдылық делік. Бізді таңғалдырғаны – Мажарстан мұражайларындағы көне этнографиялық белгілердің тым ұқсастығы болған еді. Ел тарихының VIII-IX ғасырларға қатысты мұрағаттарына бөлекшелеу үңілеміз ғой баяғы. Сонда бір аңғарғанымыз, сол дәуір белгілерінің негізінен біздің тұрмыс-салтымызға тән нышандардан бөлекшелігі шамалы екен. Көшпелі өмірдің бір ерекшелігі, оның тіршілік салтына тән тұрмыстық заттар, бірнеше мыңжылдықтар бойы айтарлықтай өзгеріске түсе қоймайды. (Алтайдағы Пазырық обасынан табылған жыл санауға дейінгі мұрағаттардың қазақ тұрмысында әлі де ұшырасып тұратынын еске алыңыз). Мың жылдан астам уақыт бұрынғы мажар жұрттарының көне археологиялық қазындылардан жинақталған жәдігерліктердің бітім-болмысынан да жылқы бұғалықтап, күбі піскен, киіз туырлықты жұрттың үндес тіршілігі мен мұндалайды.

Дүниеде ерлік көп. Мажар халқы үшін ұрпақтан-ұрпаққа ұластырып айта жүрер ең үлкен ерлік – олардың өз тілін, ұлтын сақтап қалу жолындағы жанқиярлығы деу ләзім. Тарлан тарих көшінде Еуропа кіндігіне талай жұрт қоныс аударған, бірақ солардың көбі өздерінің келген жеріне, жұртына суша батып, құмша сіңіп кетті. Тілінен де, тегінен де жұрдай болды. Мажарлардың да дәл осындай кепті бастан кешуі әбден мүмкін еді. Алайда Арпад әулетінен шыққан княз Гезенің (X ғасыр) көреген саясаты дүйім бір халықтың жер бетінен жоқ боп кетуінің алдын орады, дейді тарихшылар. Алғашқы жүз жыл бойы төңірегіндегі католиктік Еуропа елдеріне талай шаңды жорықтар жасап, ұлын – құл, қызын – күң еткен айбарлы жаугерлер елі бола

тұра, сол мадиярлардың маңайындағы жұрттардың өмір салтына бейімделмесе болмайтындығына да көңіл аударады кінәз Гезе. Оның бұл бағытын баласы, кейіннен қасиетті Иштван атын алған Байық (975-1038 ж.) әрі қарай жалғастырып, өз билігі кезінде, қанша қарсылыққа ұшыраса да мажарлардың христиан дініне енгізуді батыл жүргізеді, көрші елдермен тату қатынастық үшін Герман ханзадасының қарындасына үйленіп, анау-мынау емес, көп билеуші дәті барып тілдесе бермейтін Рим папасының (I Сильвестр) қолынан тәж киіп, таққа отырады. Бір орталықтан бағындырылатын батыс мәдениетіне бейімделген мемлекетті құрудың тұсауын кескен сол 1000-шы жыл – дербес Мадияр мемлекетінің уығы шаншылған сәті де болып есептеледі. Мажарстанның негізін қалаған Қасиетті Иштван мерекесі деп аталатын бұл ұлттық мейрам жыл сайын 20 тамыз күні тойланады.

Әрине жаңа мекенге қоныстанған түздік жұртты басқа өмір салтына күрт бұрудың оңай болмайтындығы өз-өзінен түсінікті. Әуелде Көк Тәңіріне табынған ел, хандары қанша күштесе де христиан дінінің уағызшыларына талай жыл көнбей жүріпті. Сол тайталастың Дунайға төніп тұрған биік жартас үстіндегі ескерткіш тарихынан да аңғарасыз. Күштеп таңылған христиан дінін қабылдағысы келмеген мажарлар Венециядан арнайы келген Геллерт ныспылы епископ-миссионерді осы жартас басынан өзенге атып жіберіпті. (Кейіннен сол биік құз үстінде Қасиетті Геллертке арналған зәулім ескерткіш орнатылған).

Қайталап айтсақ айып емес, мажарлардың жаңа мекендегі 1100 жылдық тарихы – нағыз бас шайқататын тарих. Олар роман-герман елдері мен славян халықтарының қақ ортасында қалғанына қарамастан, Дунай мен Тиса алабында өздеріне дейін мекендеген жұрттарды да ықпалына иіре отырып, біртұтас мажар ұлтына айналды. Түпкі негізі Есіл мен Еділ арасында қаланған қасиетті ана тілін «қанаттыға қақтырып, тұмсықтыға шоқтырмастан» мың жылдық сынақтан аман-есен өткеріп, күллі халқы ардақ тұтатын киелі ұғым дәрежесіне жеткізді. Біле білген адамға ана тілін қалай сақтау, қастерлеу керектігіне Мажарстан мысалы – тамаша өнеге. Осындайда өз атамекенінде тапжылмай отырса да бүгінгі күні түрк тілдерінің ішіндегі ең таза да құнарлы тіл деп есептелетін қазақшамызды орыстандыру бодауына беріп қойған мүшкіл халіміз жан қынжылтады-ақ. Біз үйренбесек, күн көре алмайтындай

көрінетін орыс тілі мажарлар арасында нан сұрап жеуге де жарамайды екен. 45 жыл Ресейдің ықпалында болып «социализм құруды» бастан өткергенімен, ана тілін мейлінше ардақтайтын ел бөтеннің әсеріне еш мойынсұнбапты. Жастарды былай қойғанда, негізгі ғұмыры «социализм көзінде» өтті дейтіндердің өзі, орысша жөн сұрасқанымызды түсінбей талай діңкелетті. «Ұғынысқың келсе, талай аласапыраннан аман алып шыққан өз тілімде сөйле, білмесең үйрен», – дейді біздің баяғы тарихи туыстарымыз...

* * *

Кішкұншақ (Кіші қыпшақтық) өңіріне бойлаған сайын жер сипаты көзімізге кәдімгідей жылыұшырай бастады. Төңірек біртін-біртін далалық реңге ауысты. Табиғаты Жетісудың жазық аймақтарына келіңкірейді. Шөптері де ұқсас. Арық-арықтың бойында кәдімгі көк жиде. Бірақ күні біздегідей өткір емес, жұмсақтау.

Түздік жұрттардың Карпат тауынан асып түскен замат, малға ыңғайлы ұшы-қиырсыз осы жазыққа тұрақтап қалғанының да мәнісі осында-ау. Мұнда қазақ даласының қар суырған бораны мен аңызға ыстығы жоқ. Қысы жылы, жазы қоңыржай.

Тарихта Карпаттан асқан тағы бір ірі көш XIII ғасырдағы Шыңғысхан немерелерінің жорығы кезінде өткені айтылады. Ол Дешті Қыпшақтағы атамекенінен Бату қолбасшының тегеуіріні ығыстырған Қотан ханның 60 мыңдық қолы еді...

Кезінде Ертіс пен Днепр арасындағы Ұлы Даланы жайлаған қимақ, қыпшақ, құман тайпаларының, XI-XIII ғасырларда қақ ортасын Еділ өзені бөліп жатқан Батыс және Шығыс Қыпшақ бірлестіктеріне жіктелгені тарихтан белгілі. Батыс Қыпшақ жерін мекендеген қыпшақтардың теріскейдегі орыс кінәздіктерімен аралас-құраластағы, ілікшатыстығы жылнамаларға түскен. Орыс деректеріне «половец» деген атпен кірген бұл халықты Еуропа жұрттары «куман» деп атайтын. Ғалымдар арасында осы «құман» – «құба» сын есімі болса керек деген байламдар да бар. Яғни қазақ шежіресіндегі «Құба қыпшақ» деген атау сол жұрттың түр-түсіне қатысты айтылған болуы керек. Бұл бір жағынан Н.Гумилевтің: «половец» сөзі оларды шаштарының сары түсіне сәйкес «полова» – «туралған сабанға» ұқсатуынан шыққан дейтін пікіріне де үйлеседі... Сонау ғасырлардағы

қыпшақтарымыз сары шашты, құба өңді болғанының бір дәлелі – Мажарстандағы қыпшақтар. Олардың рең, бет сүйек құрылысы бүгінгі қазақтан өзгешелеу. Атамекенде қалған қазақтардай моңғолдық тұрпатқа ауысу әсеріне көп ұшырамағандары бірден білініп тұрады.

Қотан ханның бірер ғасыр бұрынғы мажарлар секілді, өзіне қарасты ел-жұртты бастап, Карпаттан асқан кезі – 1239 жыл еді. Сол шақта Мажарстанды билеп отырған король ІҮ Бела онымен мәмілеге келіп, жау шабатын шығыс жақ бетке қоныстануға рұқсат береді. Әрине бұл жерде корольдің құба қыпшақтарды тау суындай тасқынды Бату жорығына тосқауыл ретінде елдің шығыс шекарасында қалқан қылып ұстағысы келгендігі де анық...

Алғашқы кезде түбі бір мажарлар мен қыпшақтар арасында кей түсініспеушілік оқиғалар болғанға да ұқсайды. Алайда жауынгер қыпшақтардан өздеріне көп қауіп төне қоймайтынын білгеннен кейін, мажар билеушілері қыпшақ хандарымен құда-жекжаттық қатынастарға барып, ілікшатыстықтарын да күшейтеді. Мәселен, сол Беланың ұлы ІҮ Иштван қыпшақ Қотан ханның қызы Жайхан атты аруға үйленіп, оның атын Эржебет деп те қайта қойған көрінеді.

Мажарстан қыпшақтары мекендеген жердің Кішкүншақ, Надкүншақ деп аталатынын сөз басында айттық. Осы аймақтарда ғұндардың (қыпшақтардың) қай тұстарды мекен еткенін, «кун» (күн) сөзі қойылған жер атауларына қарап-ақ оңай білуге болады. Картаға ғана қарағанның өзінде дәл сондай онға жуық елді мекенді табасыз. Олар: Кішкүнхалаш, Кішкүнмайша, Қүнкедиеш, Қүнсентмиклош, Қүнмадарош, Кішкүнфеледхаза, Кішкүнлахаса, Қүнсентмартон... деп тізбектеліп жатыр. Бұған Бас Кішкүн облысының орталығы, аудармасыз-ақ түсінетін Кешкемет (Ешкі емет), Іштуан Қоңырдың туған жері Қарсақ атын қосыңыз. Тарихты құрметтеу деген осындай-ақ болар. Атам заманғы аттар со күйі, ел тарихының көне беттерін парақтатып отырғандай әсер қалдырады.

Мажарлар «кун» атайтын «құмандар» (құба қыпшақтар) тарихына үнілсек, олар әу баста Батыс Қыпшақ бірлестігіне енген тайпа атауы ретінде көрініс береді. Сол кездерде *құман* тайпасының құрамына *құманлы*, *бұржоғлы*, *шортан* (*жортан*) рулары енген көрінеді. Ал ортағасырлық тарихшылар жазбаларында Қыпшақ ордасындағы тайпалардың құрамында *тоқсоба*, *иетиоба*, *елбөрілі*, *қанғароғлы*, *анджоғлы*, *бұржоғлы*, *дурут*, *құлабаоғлы*,

жортан, қарабөріккі, қотан тайпаларының болғаны айтылады. Бір қызығы осы рулардың біразының атаулары (*шортан, бұржоғлы, тоқсоба*) дәл сол күйінде мажар қыпшақтарының арасында әлі күнге дейін сақталып отыр. (Бұржоғлының Мысырды билеген мәмлүк сұлтаны Байбарыстың руы болғанын да еске түсіріп қойыңыз).

Шежіре тарқатудың халық тарихына қаншама қатысы бар екенінің бір мысалы осы. Мажар қыпшақтарында бұдан басқа да *алаш, тазлар, кішшеркеш, нодшеркеш* рулары кездеседі екен. Бұл тайпалар бізге бір замандардағы Батыс Қыпшақ ұлысының атамекенінде отырған, кейіннен Қазақ Ордасы құрамындағы Кіші жүз бірлестігіне кірген рулар ретінде де жақсы таныс. Бұржоғлыны – беріш, тоқсобаны – байбақтыдан тарайтын – тоқсоба, алашты – алаш, кіші, үлкен шеркештерді – шеркеш, тазларды – таз деп білсек, туысқандық тамырларының ортақ екені шүбәсіз анықталып жүре береді. Бір ғана айырмашылық, ол замандардағы «қыпшақ» атауы бүгінгі «қазақ» сөзінің тура баламасы еді. Іштуан Қоңыр ана тілін үш ғасыр бұрын ұмытқан, құманбыз, қыпшақпыз дейтін өз ағайындарының түп-тегі, ең жақын туысы қай халық екенін шарқ ұрып іздеп жүргенде, оны балалардың санамақ ойыны арқылы ғана тапқаны бар ғой. «*Бір дегенім – білеу, екі дегенім – егеу...*» деп басталатын қазақтың әр баласы білетін санамақты Қоңыр бала кезінде үлкендерден естіген екен. Ру аттарын салыстырғанда да сол туыстықтың тарихи жағы да өз-өзінен шыға келеді емес пе?

Зерттеуші, Мажар мемлекетінің Қазақстандағы елшісі, біз басқаратын «Ана тілі» газетіне бірнеше мақалалары жарық көрген Жүсіп Торманың айтуынша, бүгінгі күні Мажарстандағы 10 миллионнан асатын Мажар ұлтының 12 пайызын қыпшақтар құрайды. Осы елге қоныстанғаннан кейін христиан дінін қабылдаған (көбісі протестант) қыпшақтар өздерінің ана тілін біразға дейін ұмытпай келген. Алайда елді түріктер билеген заманда қыпшақтардың түріктермен туыс тілдес сөйлегені мажарлар тарапынан біраз қатыңқы көзқарас, сенбеушілік тудырғанға ұқсайды. Осы жағдайдың салқыны қыпшақтарды жаппай мажарша сөйлеуге мәжбүрлеп, тілдің жұтылуын кәдімгідей тездетіп жіберген. Ақырында өздері да мажар ұлтының құрамына сіңіп кеткен. Жеке ұлт ретінде саналмайды. Салыстыру ретінде Мажарстанда шағын ұлттар есебінен кіретін сығандардың 600 мыңдай, немістердің 200 мыңдай, хорваттардың 80 мыңдай, словактардың 110 мыңдай екенін

айтсақ та айып емес. Олардың бәрінің де шағын ұлттарға қатысты құқықтары қорғалады.

Мажар қыпшақтарының сонау кезеңде қандай тілде сөйлегенін, сол дәуірден қалған жалғыз тілдік белгі – «Біздің атамыз» («Отче наш») атты христиандық дұғадан да білуге болады. Будапеште тұратын түріктанушы-студент, Қоңырдың мажар шәкірті Дәуіт Қараның (Давид Шомфои) аузынан оны сол қалпында естігенде, бүгінгі қазақшадан айырмашылығы шамалы-ақ екенін байқадық. Дунай мен Тиса бойында әлденеше ғасыр қолданыста болған қазақ тілі бүгінгі күндері кей тұрмыстық лексика атауларында ғана қалғаны болмаса, ұмытылған. Мажар қыпшақтарының тілдеріне көңіл аударып жүрген қазақ суретшісі Саламат Өтеміс сол туыстарымыздың қазіргі кездегі сөздік қорынан – *қанжыға, барақ (ит), шолақ, бұтақ, шуақ, сүттіген, тымырсық, тезек* т.с.с. сөздерді ұшырастыруға болатынын айтады.

Марқұм Іштуан Қоңыр Мандоки көзі тірі кезінде қыпшақ балаларына қазақша үйретуді қолға алып, радио арқылы сабақтар да берген еді. Алайда ірі ғалым өмірден озғаннан кейін, бұл іс жалғаспай қалыпты. Мажар тілінің төрт құбыласы түгелденіп, шарықтап тұрған қазіргі жағдайында қазақ тілін үйренуге тілек білдірушілерді табу да оңай шаруа емес, әрине. Осы орайда, тегі мажар бола тұра Қоңырды ерекше қадірлейтін Дәуіт Қара секілді жас жігіттердің қазақшаға деген ұмтылысы бізді ерекше таңғалдырды. Қазақ қана емес, қырғыз, тыба, хақас, алтай тілдерінде, сондай-ақ ағылшынша, французша, немісше, монғолша таза сөйлейтін, шын мәнінде үлкен ғалым боп өсіп келе жатқан 27 жастағы студенттің қабілет-қарымынан болашақтағы екінші Қоңырды көргендей әсер алдық. Қазақшалап өлең жазу дәрежесіне дейін жеткен сол Дәуіт, егер ата-аналар тілек білдіріп жатса, қыпшақтар көп қоныстанған Қарсақ қаласына барып балаларға қазақша да үйретер едім дегенді айтады...

Қарсақ – Надқұншақтағы шағын қалашық. Қоңырдың отаны. Біз бұл мекенге Кішкүншақ өңіріндегі Кішкөреш, Калача, Кечкемет қалаларын аралаған екі күндік сапардан кейін асыға беттеп едік. Асығуымыздың себебі де жоқ емес. Бұл қалаға кіреберіс күре жолдың бойына 1995 жылы *қолдан құйылған балбал іспетті мүсіндер* орнатылғанын естігеміз, соны тезірек көрсек дейміз.

Қалаға жақындап қалған кезде біздің жанымызда екі күннен бері жолбасшы боп жүрген Илона ханым оң жақты

нұсқап: «Әне ескерткіш», - деп қалды. Қазақ даласында көп кездесетін жатаған көктөбенің бірі. Үсті самсаған мүсінтас. Сырттан қарағанда балбал емес, биік-биік ескерткіш боп көрінеді. Көліктен түсіп, төбешікке қарай беттедік. Жолдағы көрсеткіш тақтада, бұл құмандардың ескі қорымы, оның басына 1995 жылы орнатылған ескерткіш-балбалдар осы аймаққа бұдан 750 жыл бұрын келген жұрттардың көнеден бүгінге дейін жалғасқан тарихынан сыр аңғартатыны жазылған. Қорым үстіндегі балбал үлгісінде жасалған тастан құйылған биік мүсін тоғыз. Ортадағы үлкен балбалдар Надқұншақты («Ұлы қыпшақтық» жерді) бейнелесе, олардың төңірегіндегі беттерін әр тұсқа бұрып тұрған балбал мүсіндер Надқұншақтағы алты қыпшақ қаласына қарайды. Әрқайсысының қолында сол өздері көз тігіп тұрған қалалардың гербтері...

Кейін білдік, бұл мүсіндер туындыгері – Қарсақ қаласында тұратын мүсінші, Қоңырдың рухтас шәкірттерінің бірі Шандор Дьерош екен. Ол қаладағы өлкетану мұражайының жанындағы Қоңырға арналған барельефтің де авторы.

Қыпшақтар көп қоныстанған Надқұншақтағы байырғы мекендердің бірі болған Қарсақ мұражайында – осы өңірдегі құман-қыпшақтар тарихына, этнографиясына байланысты мағлұматтар мен мұрағаттар өте көп. Мұражайдың негізін Қоңырдың ұстазы – атақты түрктанушы Дьюпа Немет қалапты. Мұражай қызметкерлері тарапынан қазіргі атқарылып отырған үлкен шаруа – «Біздің шығыстық мұра» сериясымен шығатын кітаптар екен. Осы күнге дейін екі томы басылыпты. Бірінші кітап – Қоңырдың еңбектері болса, екінші кітап – құмандардың осы аймаққа келу тарихына, археологиясына арналған. Андрош Палочицидің зерттеулері. Енді дайындалғалы отырған үшінші том – ... «Қазақ әдебиетінің антологиясы» деп аталады.

Қазақстаннан барған үш журналшы – «Қазақстан әйелдері» журналынан Шәрбану Бейсен, «Казахстанская правда» газетінен Динара Шұғабаева және осы жолдардың авторы алдымызда шабыттана сөйлеп тұрған Қарсақ мұражайы меңгерушісінің орынбасары, этнограф-ғалым Юлия Өкірашне ханымның әңгімесін әрі қызыға, әрі тандана тыңдаймыз. Еуропаның төрінде қазақ-қыпшақ байланыстары жөнінде зерттеулер жүргізіліп жатқаны біз үшін тосындау жаңалық. Юлия ойын еш ірікпейді: «Біз мажар қыпшақтары – қазақ халқының ең батыста жатқан бір сынығымыз.

Ендеше, Қазақстанды – атамекеніміз, қазақтарды – туысымыз, дейтін ынтазар ұмтылыс тек біздің тарапымызбен шектеліп қалмаса екен. Қазақстан да бұл тұрғыда атажұртқа лайық қамқорлығын көрсетсе екен», – дейді...

Әрине, ғылымы мен білімі дүниежүзілік деңгейде өрістеп отырған Мажарстанның көрнекті ғалымдары ретінде танылған Немет пен Қоңыр үрдісінде тәрбиеленген Юлия ханымның атажұртқа артып отырған үміті түсінікті. Ол «қазір жойылып, жұтылып бара жатқан мажар қыпшақтарының тарихын, әдет-ғұрпын, қазақ жерімен байланысын зерделеп үлгерейік, реті келсе сақтап қалудың амалын қарастырайық, ертеңгі күні кеш болуы мүмкін», деген түйінге жетелейді.

Мемлекеттің, ғылыми орталықтардың қазақтануға шындап көңіл аударатын кез расымен жеткен сияқты. Сонда алғашқы кезектерде атқарылар бір шаруа – Еуропаның қақ төрінде әлденеше ғасыр ғұмыр кешкен қыпшақтардың тарихы мен мұраларын зерттеу болса екен, дейсіз. Осы мақсат жолында қазірден түрктануға бейім қазақ жастарын Будапеште, мажар жастарын Алматыда оқытуды қолға алса тіптен ғанибет болар еді-ау. «Қазағым, қазағым» деп оны тани түсуге ынтазар ел бар екен, ендеше оларға қарай біз де пейіл аударалық.

Ондағы қыпшақтар ғана емес, Мажарстан мемлекетінің өзі де қазір Қазақстан десе елеңдеп қалады. Олар бізді атажұртта отырған ел деп таниды. Халықтың жағдайын жақсартуға қолқабысы тиіп жатса, туыстықты алға тартып сөйлегеннің еш айыбы жоқ. Қазақстанның кен байлықтары Мажарстанды қызықтырып отырса, мажарлардың сапасы жоғары жеңіл өнеркәсіп, тамақ өнімдері Қазақстанға да әбден қажет.

Қазақ жері мен Мажарстанның мың бір жүз жылдық тарихында қайта-қайта парақтататын ортақ беттер көп. Үндес оқиғалар қаншама. Солардың бірі – мажарлардың 1956 жылғы азаттық жолындағы күресі. КСРО басқыншылығы мен коммунистік билікке қарсы көтерілген халықты кеңес әскерлері аяусыз басып-жаншыған сол жылы 2,5 мыңдай адам құрбан болып, 35 мың адам сотталған, түрмеге қамалған, 200 000 мыңдайы шетелге бас сауғалаған. Әр мажардың көкірегінде шемен боп қатып қалған осындай жауыздық, арада 30 жыл өткенде, әр қазақ көкірегінде 1986 жылы желтоқсанда да қайталанды емес пе?

...Әртүрлі тарихи жағдайларға байланысты ара қатынасы

талай-талай ғасырлар бойы үзіліп қалған қазақтар мен мажарлар енді-енді бір-біріне туыс қолдарын созып жатыр. Алматыда Мажарстан мәдениетінің күндері өтсе, Мажар жеріне қазақ елінің өкілдері көбірек келетін болды. Будапештен 50 шақырымдай жердегі Қыпшақ ауылы деп аталатын арнайы жайлауда Иштван Шудар атты мажар кәсіпкері Қазақстаннан жеткізілген жабы тұқымды бір үйір жылқыны бағып, бие сауып отыр...

Мың жыл бойы аралары алшақтап кеткен туыс жұрттар бір-бірімен қайта табысып жатыр. Әрдайым бауыр іздеп, алыстағы ағайынның жағдайын сұрастырып жүретін елміз ғой, аңсап күткен бұл қауышуларымыз ұзаққа созылғай!..

1996 жыл.

МАЗМҰНЫ

Б.Сарбалаұлы. Жарылқаптың жолы (Алғы сөз орнына)..... 5

Бірінші бөлім

БУЫРҚАНҒАН БОЯУЛАР.....23

I. ПАРИЖДІ ДҮРЛІКТІРГЕН ЖАЛҒЫЗ АЛМА .

1. Буырқанған бояулар 25
2. Тал түсте атылған тапанша 38
3. Таңсық мекен туралы таңсық сыр 50
4. Мүсін патшалығының падишасы 67

II. ЭВКЛИД КЕҢІСТІГІ

1. Дүлей рухты дию 77
2. Қызыл ат 96
3. Дала сиюталары 114

III. ЗАМАН ЖӘНЕ СУРЕТКЕР

1. Ақ көгершін 128
2. Ғасырдың ең ұлы һәм ең... ұнамсыз сәулетшісі..... 142
3. Гуттузоның күрескер өнері 156

IV. АТАМЕКЕН НАҚЫШТАРЫ

1. Шеберханада шертілген сыр 168
2. Дәуір, қоғам, ұлт рухы..... 177
3. Маңдай тер 191

Екінші бөлім

ӘДЕП ӘЛЕМІ204

- Этикет және әдеп салттары туралы бастау сөз..... 205
- Сәлем – сөздің анасы 211
- Ассалаумағалайкүм! Бонжур! Чао! Хау ду ю ду!
- Сәлеметсіз бе! 211
- Кішіпейілділік – кішілік емес, кісілік 215
- Адамның күні адаммен 222
- Әдептен озбайық..... 222
- Көшеде, жұмыста, жұрт арасында..... 231
- Үйге қонақ келді 242
- Меймандостық – игі дәстүр 242
- Үйде һәм қонақта 245
- Құтты қонаққа – тәтті тамақ..... 253
- Дастарқанға келіңіз! 256
- Тойыңа гүл алып 261
- Тарту. Сый. Сыйлық 261
- Сіз не сыйлайсыз?..... 264
- Сөзі райлының – жүзі шырайлы 270
- Сөйлесе білу де өнер 270
- «Сен» және «Сіз» 274
- Сөз туралы сөз 275
- Жақсы сөз – жанның тынысы..... 279
- Хат жаздым, қалам алып 281
- Сән мен сымбат 290
- Сән, сән үлгісі, сәнқойлық 290
- Адам көркі – шүберек 295
- Адамдар және дүние-мүлік 300
- Әдеп туралы түйін сөз..... 304

Үшінші бөлім
ЖОЛЖАЗБАЛАР

Сена үстіндегі сырбаз қала	311
Альпінің күнгейі мен теріскейі	327
Анадолы асқан ел	349
Байырғы сақтар барған жер	364
Алтайдың аржағындағы рухы асқақ жауһарлар	376
Балбалдар әр қиырға көз салады	395
Мазмұны	406

Бейсенбайұлы Жарылқап

Шығармалары

1 том



Пішімі: 60x90/16. Қаріпі: Times New Roman
Офсеттік басылым. Шартты б.т. 27.69
Таралымы 500 дана.

«Өрнек» баспасының баспаханасында
басылды